



TURKOLOGY

ТҮЙМЕБАЕВ Ж.  
САҒИДОЛДА Г.

**АЛТАИСТИКАНЫҢ  
ТАРИХИ-ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ  
НЕГІЗІ**

ТҮРКІТАНУ  
СЕРИЯСЫ



**TURKOLOGY**

**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ**  
**Гүлғайша САҒИДОЛДА**

# **АЛТАИСТИКАНЫҢ ТАРИХИ-ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ НЕГІЗІ**

**Фонетика. Морфология**

**ТҮРКІТАНУ  
СЕРИЯСЫ**



**«Қазығұрт» баспасы**  
**Алматы, 2015**

**ӘОЖ 80/81**

**КБЖ 81.2**

**Т 87**

*Баспаға Халықаралық түркі академиясы және  
Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеттің  
Ғылыми кеңесі ұсынған*

**РЕЦЕНЗЕНТТЕР:**

Ф.ғ.д., академик Ә.Т. Қайдар

Ф.ғ.д., профессор Ш. Жалмаханов

Ф.ғ.д., профессор С. Боранбаев

**ТҮЙМЕБАЕВ Ж., САҒИДОЛДА Г.**

**Т 87** **Алтаистиканың тарихи-лингвистикалық негізі. (Фонетика. Морфология). / Ж. Түймебаев, Г. Сағидолда. Екінші басылым. – Алматы: «Қазығұрт», 2015. – 408 бет.**

**ISBN 978-9965-22-515-4**

Еңбекте алтаистика ғылымының қалыптасу және даму тарихына шолу жасалып, алтай семьясын құрайтын түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур, сондай-ақ корей және жапон тілдерінің грамматикалық құрылым-құрылысындағы сәйкестіктер мен ортақтықтар, ұқсастықтар мен өзіндік ерекшеліктер, олардың тарихи қалыптасуы, дамуы мәселелеріне қатысты ғылыми көзқарастар мен теориялық қағидаттар жинақталып беріледі. Алтай тілдері семьясына енетін ірі тілдік топтарға қатысты аса ауқымды тілдік материалдар ғылыми лингвистикалық сараптамадан өткізіледі.

Кітап алтаистика, түркітану, моңғолтану, маньчжуртану, тұңғыстану салаларымен айналысатын мамандарға, студенттер мен ізденушілерге арналады.

**ӘОЖ 80/81**

**КБЖ 81.2**

**ISBN 978-9965-22-515-4**

© Түймебаев Ж., Сағидолда Г., 2015

© «Қазығұрт» баспасы, 2015

---

## АЛҒЫ СӨЗ

---

Азия және Шығыс Еуропа елдерінде, Балқан түбегінен Магданға, Таймырдан Парсыға дейінгі ареалда, Рюкю аралдарында (Жапония) кең таралған, жалпы саны 380 млн. адам сөйлейтін (2004, бағалау) 60 астам тілді қамтитын алтайлық ірі тілдік қауымдастықтың тарихи-мәдени, ғылыми-дәйектемелік және мифтік-поэтикалық әлемі лингвист-филолог, тарихшы, этнограф, археолог, мәдениеттанушы ғалымдардың қаншама ұрпағының кемел ақыл-ойы мен ғылыми санасының, кәсіпқойлық қызығушылығы мен кәсіби мамандығының өзегі болып келеді.

Алтайлық халықтардың басынан өткерген этникалық, тарихи-мәдени және тілдік процестерді диахрондық және синхрондық тұрғыдан зерттеудің Еуразияның геосаяси кеңістігі тарихындағы маңызы ерекше. Себебі алтайлық этнолингвомәдени ареал өте ерте кезден-ақ әртүрлі тілдердің, әрқилы мәдени дәстүрлер мен діни көзқарастардың, сан алуан тұрмыстық-шаруашылықтық өмір салттарының өзара қарым-қатынасқа түскен орны. Бұл ареалда адамзаттың рухани-діни ұстанымдарының өзегі – пұтқа табыну, тәңірлік таным, буддизм, манихейство, несторианство, ислам, христиан сияқты діни көзқарастар жүйесі, адамзат өркениетінің құрамдас бөлігі саналатын жазу-сызу мәдениетінің иероглифиялық, квадраттық, руникалық, әріптік жүйелері мен соғды, уйғыр, манихей, араб, брахми т.б. сан алуан түрлері орын тепті және олар тілде, мәдениетте, өнерде өз із-таңбасын қалдырды.

Бір жағынан, алтай семьясын құрайтын түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур және корей, жапон тілдерінің өзара байланысы, екінші жағынан, осы тілдердің фин-угор, палеоазия, енисей,

самодей, үндіеуропа (иран, тохар, санскрит т.б.), тибет, қытай т.б. тілдермен тікелей жанасуы немесе мәдениетаралық деңгейдегі қарым-қатынастары негізінде алтайлық геосаяси кеңістіктің лингвистикалық картасының тарихи арқауы қалыптасты. Демек алтайлық этнолингвомәдени ареалдың дербес геосаяси кеңістік ретіндегі даму тарихын, қазіргі жай-күйін зерттеп зерделеуде алтаистикалық бағыттағы зерттеулер айрықша маңызды рөл атқарады.

Алтаистика XIX ғасырдың басында орал-алтай тіл білімі шеңберінде салыстырмалы-тарихи тіл білімінің бір тармағы ретінде пайда болды. Оның тұғыры XVIII ғасырда швед ғалымы Й.Страленберг «татар тілдері» деп атаған орал және алтай тілдерінің туыстық байланысы туралы «орал-алтай гипотезасын» дәйектеуге қатысты Р.Раск, М.Мюллер, М. А.Кастрен, В.Шотт сияқты белгілі оралтанушы-алтаист ғалымдардың зерттеулері негізінде қаланды.

XIX ғасырдың оныншы жылдары үндіеуропа тіл білімінде тарихилық принципін басшылыққа алған тарихи-генетикалық тіл білімінің жетекші салаға айналуы орал-алтай тіл білімінің қарқындап дамуына зор ықпал етті. Тіл білімінде младограмматикалық бағыттың пайда болуы және туыстас тілдерді салыстырмалы-тарихи тұрғыдан зерттеудің әдіс-тәсілдерінің біршама жетілдіруінің нәтижесінде XIX ғасырдың аяғында орал-алтай тіл білімі оралтану және алтаистика болып екіге бөлінді<sup>1</sup>.

XX ғасырдың ортасында Г.Й.Рамстедт пен Н.Поппенің және олардың ізбасарларының іргелі зерттеулерінің нәтижесінде алтай төркіндес түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур және жапон, корей тілдерінің шығу тегін арнайы зерттейтін салыстырмалы-тарихи тіл білімінің саласы – алтаистиканың дербес пәндік тұғыры қаланды.

Компаративист-алтаист ғалымдардың қай-қайсысы болмасын түркі, моңғол тұңғыс-маньчжур, сондай-ақ жапон, корей тілдерінің басын қосатын тіл бірлестігінің «алтай тілдері семьясы», «алтай тіл бірлестігі» деп аталуын қолдайды, сондай-ақ алтай тілдерінің арасында типологиялық және ареалдық жақындықтың

<sup>1</sup> Киекбаев Дж. К вопросу о родстве урало-алтайских языков // Некоторые вопросы урало-алтайского языкознания. -Уфа, 1970.- С.4-22.

бар екенін де, тілдераралық қарым-қатынастың нәтижесінде пайда болған кірме элементтердің аса мол екенін де жоққа шығармайды. Әйтседе салыстырмалы-салғастырмалы, салыстырмалы-тарихи зерттеулердің нәтижесінде айқындалған алтай тілдерінің материалдық және құрылымдық-типологиялық ортақтығының, алтай тіл бірлестігінің, алтайлық тілдік топтараралық байланыстардың табиғаты туралы проблема салыстырмалы-тарихи алтаистиканың, тіптен шығыстанудың лингвистикалық бағыттарының орталық және басты мәселесі қалпында қалып отыр.

Алтай тілдерінің фонетикалық жүйесін, морфологиялық және синтаксистік құрылысын, негізгі сөздік қорын зерттеу арқылы түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур тілдерінің өзара туыстығын, сондай-ақ осы тілдерге жапон және корей тілдерінің жақындығын айқындауды, алтайлық тілдердің о баста бір ғана негіз тілден – жалпыалтайлық тектілден таралғанын дәлелдеуді мақсат еткен дәстүрлі алтаистиканың басты проблематикасы ұзақ жылдар бойына алтай тілдеріне ортақ тілдік заңдылықтар мен алтайлық тілдік топтараралық сәйкестіктерді айқындау, алтайлық тектілді қайта жаңғырту болып келеді.

Алтай тіл бірлестігінің табиғатына қатысты әртүрлі ғылыми көзқарастар алтаистика ғылымында ортодоксалдық алтаистикалық, антиалтаистикалық, неоалтаистикалық бағыттардың қалыптасуына арқау болды. Алтаист ғалымдардың көпшілігі алтай семьясына енетін барлық тілдерді жалпыалтайлық бір ғана тектілден өрбіген генетикалық туыстас тілдер қатарына жатқызатын болса, енді бір топ ғалымдар алтай тілдері геналогиялық тұрғыдан туыс емес, тек құрылымдық-типологиялық тұрғыдан жақын тілдер деп біледі және ортақтықтардың сырын тілдік кірмелікпен байланыстырады. Сондай-ақ түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур, сондай-ақ жапон, корей тілдеріндегі ұқсастықтарды ареалдық сипаттағы құбылыстар деп санайтын, ал алтайлық ортақтықтың табиғатын тілдік одақпен түсіндіретін көзқарас та орын алады.

Алтаистиканың ғасырдан астам даму тарихында әртүрлі ағымдар мен бағыттардың болуына, әрқилы ғылыми көзқарастар мен ой-тұжырымдардың орын алуына қарамастан, О.Бетлинг,

И.Гомбоц, Г.Винклер, О.Доннер, В.Преле, Г.И.Рамстедт, Н.Поппе, Дж.Клоусон, Н.Н.Поппе, М.Рясянен, Б.Я.Владимирцов, В.Л.Котвич, Л.Лигети, Е.Д.Поливанов, Г.Дерфер, М.Номуры, К.Томсон, А.М.Щербак, А.Дилячар, Д.М.Насилов, А.М.Позднеев, Т.М.Розин, О.П.Суник, В.А.Аврорин, Д.Шинор, Н.А.Баскаков, Т.А.Бертагаев, Г.Д.Санжеев, В.И.Рассадин, Б.Х.Тодаева, А.Рона-Таш, В.И.Цинциус, С.А.Старостин, Л.Р.Концевич, А.В.Дыбо, О.В.Мудрак, П.Бенедикт, А.А.Бурыкин, А.Вовин, А.Г.Шайхулов және т.б. компаративист-алтаистердің іргелі еңбектері алтаистиканың ғана емес, сонымен қатар түркітану, моңғолтану, тұңғыс-маньчжуртану, жапонтану, корейтану сияқты салалардың әрқайсысының салыстырмалы-тарихи бағытта іштей саралана, салалана зерттелуінің ғылыми теориялық-методологиялық тұғырына алынып, ғылыми зерттеудің салыстырмалы-тарихи әдісі тілдік талдаудың сан алуан амал-тәсілдерімен толықтырылды.

Алтаистиканың ғылыми-теориялық және методологиялық тұғырына алынатын тұжырымдар мен қағидаттар, ғылыми ұғымдық аппарат пен аса ауқымды лингвистикалық материалдар түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур, жапон, корей тілдік топтарының әрқайсысының ішкі жүйесін құрайтын тілдік топшалар мен жекелеген тілдердің, тіптен сол тілдерде сөйлейтін халықтардың этникалық тарихына қатысты зерттеулердің ғылыми дәйектемелік, әдіснамалық және фактологиялық арқауына алынып келеді. Мұны ХХ ғ. екінші жартысында алтаистикалық зерттеулердің қажеттілігі мен аса маңыздылығына қатысты айтылған және әлі күнге шейін өзінің өзектілігін жоймаған пікірлерден байқауға болады. Мәселен, О.П.Суник алтаистикалық зерттеулер бойынша қатаң айтылған сыни пікірлердің (көп жағдайда ғылыми негізсіз) орын алуына қарамастан, ХХ ғ. соңғы ширегінде белгілі алтаист-компаративист ғалымдардың күшімен алтай тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасының (фонетика, морфология), салыстырмалы-тарихи лексикологиясының (этимологияның) негізі қаланғанын, тілдік дереккөздердің шет-шекарасын кеңейтудің нәтижесінде жекелеген тұжырымдарды қайта қарау және нақтылау, зерттеудің әдіс-тәсілдерін жетілдіру, ұсынылған реконструкцияларды тереңдету, тектілдік үлгілер мен архетиптер жүйесін қайтадан қарастыру

сияқты маңызды ізденістер жалғастырылып жатқанын айтады. Ол: «Алтаистиканың көкейтесті мәселелерін жете зерттеудегі, әсіресе алтай тілдері ортақтастығының түп-тегін айқындаудағы қиындықтарға қарамастан, тарихилық ұстанымына негізделетін алтаистикалық бағыттағы зерттеулерсіз тарихи түркологияның, моңғолтану мен тұңғыс-маньчжуртанудың көптеген мәселелерінің шешімін табу мүмкін емес» – дейді<sup>1</sup> Алтай тілдерінің негізгі топтарының (түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур) лексикасында, фонетикасы және грамматикасында ортақ элементтердің бар екені еш дау тудырмайтынын атап айта келіп, А.Н. Кононов бұл тілдік фактілерді түркі және басқа да алтай тілдерінің дауыссыз, дауысты дыбыстарының және морфологиялық құрлымының көне қалып-күйін айқындауға пайдалануға болатын «ақиқат шындық» ретінде қабылдау қажеттігін ұсынады. Ол тек түркі тілдеріне қатысты мәліметтерге, атап айтқанда, көне жазба ескерткіштерге, диалектілер мен қазіргі әдеби тілдерге сүйеніп, түркілік тектің сұлбасын қайтадан жаңғырту мүмкін емес екенін, себебі түркі тілдерінің фонетикалық және грамматикалық құрылымы б.з. V ғ. бергі уақыт ішінде айтарлықтай өзгеріске түсе қоймағанын қадап айтады<sup>2</sup>.

Алтай және фин-угор тілдерінің белгілі маманы Л.Лигети «алтай тілдері» деп аталатын тілдер арасындағы генетикалық байланыс туралы гипотезадан бас тартуға мәжбүр болған күннің өзінде алтаистикалық бағыттағы зерттеулерді тоқтатудың еш негізі жоқтығын, мұндай жағдайда тілдер арасындағы интенсивтік қарым-қатынастарды және алтай тілдері дамуының терең заңдылықтарын түсіндіру алтаистикалық зерттеулерде көзделетін басты мақсатқа айналатынын, «осы мақсатқа түркітанушылардың да, моңғолтанушылардың да, тұңғыс-маньчжур тілдерінің мамандарының да жеке дара қол жеткізулері мүмкін емес» екенін ескертеді<sup>3</sup>.

Алтай тіл бірлестігіне енетін әрбір тілдің, тілдік топтар мен топшалардың, тілдік бұтақтардың тек өзді-өздеріне ғана тән ерек-

<sup>1</sup> Суник О.П. К актуальным проблемам алтаистики // Вопросы языкознания. – М., 1976. – №1.

<sup>2</sup> Кононов А.Н. Тюркская филология в СССР. 1917-1967. – М., 1968. – С. 22.

<sup>3</sup> Лигети Л. Алтайская теория и лексикостатистика // Вопросы языкознания.- М., 1971.- №3.- С.21-33.



шеліктерін, дара болмыс-бітімдерін, дербес тарихи даму барысында түзілген ерекше қасиеттерін алтай тілдерінің барлығына ортақ заңдылықтармен, жалпыалтайлық жүйені жаңғырту, қайта қалпына келтірумен ұштастыру дәстүрлі алтаистиканың назарынан тыс қалып келді. Соңдықтан жалпыалтайлық негізгі – тектілікті реконструкциялау және алтай тілдеріне ортақ заңды сәйкестіктерді айқындаудың тар құрсауынан шығып, алтай семьясын құрайтын барлық тілдер мен диалектілерді олар қалыптасқан әлеуметтік-мәдени, ареалдық-географиялық, тарихи-лингвистикалық ортамен тығыз байланыста, кешенді зерттеу – ХХІ ғасырдағы салыстырмалы-тарихи тіл білімінің алтаистика саласындағы жаңа сапалық деңгейде шешімін табуға тиіс міндеттері қатарына жатады. Осы орайда алтай тілдеріндегі материалдық ортақтықтарды контактологиялық бағытта зерттеудің рөлі ерекше деуге болады.

Этногидік бірлестіктерді лингвоконтактологиялық тұрғыдан қарастыру зерттеудің өзіндік әдістемесін талап етеді. Зерттеудің қазіргі жағдайында бір тілден екінші бір тілге немесе керісінше енген, я болмаса, бір тілден екінші бір тілге еніп, әбден сіңісіп барып, қайтадан о бастағы төл тілдік ортасына тұрпат межесі мен мазмұн меже тұрғысындағы азды-көпті өзгерістермен «оралған» кірме элементтерді айқындап, тілдераралық қарым-қатынастың фактісі ретінде тізіп қою жеткіліксіз. Кірме элементтердің әртүрлі тарихи дәуірлердегі әрқилы себептерге байланысты (геосаяси, миграциялық, әлеуметтік, мәдени т.б.) ену жолдарын ашалап, мән-мазмұнын ашу үшін қоғамтану және гуманитарлық бағыттағы ғылым салаларына жүгінуге тура келеді. Бұл, бір жағынан, белгілі бір тілдің тарихын зерттеп зерделеуге қажет қосымша деректердің дәйектемелік күшін арттыратын болса, екінші жағынан, сол тілде сөйлейтін халықтың және онымен қарым-қатынас жасаған көршілес халықтардың тарихын дұрыс бағамдауға жетелейді. Мәселен, ХХ ғ. 50ж. айрықша қарқынмен дамуға бет бұрған әлеуметтік лингвистикада тіл қоғамдық-әлеуметтік феномен тұрғысынан зерттеледі. Мұнда белгілі бір тілдің этноәлеуметтік қауымдастықтар (этникалық топтар, ұлыстар, халықтар) арасында атқаратын біріктіруші, ұйыстырушы, біртұтастандырушы қызметтері мен нақты этногенетикалық қауымдастықтың (этностың)

ұлттық дербестігін даралаушы қызметі «тілдік контакт теориясы» деген атпен белгілі тілдераралық қарым-қатынастың жалпы теориясымен сабақтастырылып, экстралингвистикалық жағдаяттарға және тілдік ахуалға байланысты белгілі бір қоғамның полиэтикалық кеңістігінде орын алатын қостілділік, көптілділік құбылыстары тілдердің өзара араласу, кірігу процесінің негізі тұрғысынан сарапталады. Әртүрлі тілдердің өзара қарым-қатынасы, бір-біріне әсер-ықпалының психологиялық және әлеуметтік аспектілерін зерттеу тілдік субстрат теориясының классикалық теориясына басқаша келуге жетелейді. Осы тұрғыдан алғанда алтайлық ірі тілдік топтардың әрқайсысының ішкі жіктелісін түзетін жеке тілдердің өзіндегі, мәселен, қазақ, қырғыз, қарайшай-балқар, өзбек, ұйғыр т.б. түркі тілдеріндегі, қалмақ, бурят, халха, ордос, хамниган, моңғор, дунсян т.б. моңғол тілдеріндегі, эвенкі, эвен, нанай, ульчи, орочи, орок тұңғыс-маньчжур тілдеріндегі субстраттық кірме қабаттардың қалыптасу арналарын іздестіруді және осы тіл өкілдері арасында тарихи, географиялық, саяси, әлеуметтік, мәдени т.б. жағдайларға байланысты орын алған қостілділік, көптілділік құбылыстарын этнолингвоконтактологиялық тұрғыдан кешенді зерттеудің қажеттігі туындайды. Демек, XX және XXI ғасырлар тоғысында қалыптасқан этнолингвистика, лингво-фольклортану, этнопсихоллингвистика, лингвомәдениеттану, паралингвистика, когнитивтік лингвистика т.б. пәнаралық сипаттағы ғылыми бағыттардың бүгінгі таңдағы жетістіктері компаративист-алтаистердің жаңа легін тың идеялармен қанаттандырып, алтайлық тілдік топтар (түркі және моңғол, түркі және тұңғыс-маньчжур, түркі және корей-жапон, моңғол-тұңғыс-маньчжур және жапон-корей т.б.) және олардың құрамына енетін жекелеген тілдераралық контактологияның интердисциплинарлық ғылыми статусын айқындап, ғылыми-методологиялық және эмпирикалық тұғырын бекітуге мол мүмкіндік берері сөзсіз.

Зерттеу нысанына алынатын фактологиялық материалдарды тіл мен тарих ғылымдарының тоғысында, тарихи-лингвистикалық деректану және лингвоконцептологиялық аспектіде қарастыру тіл тарихын халық тарихымен сабақтастырып қана қоймайды, алтайлық халықтарға ортақ рухани-мәдени әлемнің құндылықтар жүйесінің қалыптасу тарихын кешенді зерттеуге жол ашады.

Сайып келгенде, бұл міндеттер ХХІ ғасырдағы алтаистика ғылымына түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур және жапон-корей сияқты ірі-ірі тілдік топтардың өзара байланысы, өзара қарым-қатынасы мәселесін осы тілдерде сөйлейтін халықтардың этногенезімен, тарихымен, дәстүрлі-тұрмыстық мәдениетімен, дүниетанымдық көзқарастар жүйесімен, рухани-мәдени мұраларымен сабақтастыра зерттейтін интердисциплинарлық тұрпат дарытады. Мұндай жаңа тұрпаттағы алтаистикалық зерттеулерді бастау үшін, ең алдымен, салыстырмалы-тарихи және құрылымдық парадигмалар аясында жүргізілген «алтайлық ортақтық» мәселесіне байланысты аса ауқымды зерттеулерді лингвистикалық сараптамадан өткізу; алтай тіл бірлестігінің бастапқы жағдайындағы ортақ тілдік үлгілерді ретроспектикалық тұрғыдан қайта жаңғыртуларға қатысты ғылыми қағидаларды жүйелеу қажеттігі туындайды. Бұл ретте алтай тілдерінің грамматикалық құрылымының типтері мен дыбыстық жүйесіне жасалатын алыс реконструкциялар алтаистикалық бағыттағы зерттеулерде көзделетін басты мақсат, қол жеткізетін соңғы нәтиже болмауы керек. Мұндай қайта жаңғыртулар алтай тілдерінің құрылымдық жүйелерінің дамуы процесіндегі өзіндік ерекшеліктер мен ортақ заңдылықтарды айқындаудың құралына, тетігіне айналуы қажет. Сонда ғана алтаистика салыстырмалы-тарихи тіл білімінің құрамдас бөлігі ретінде алтай семьясын құрайтын тілдерді іштей тілдік топтар, тілдік бұтақтар, тілдік топшалар, жеке-жеке тілдераралық деңгейлерде жете зерттеудің пәндік тұғырына алынары сөзсіз. Осындай келелі мәселелер алтаистика ғылымының қалыптасу және даму тарихына шолу жасай отырып, түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур, сондай-ақ корей және жапон тілдерінің грамматикалық құрылым-құрылысындағы сәйкестіктер мен ортақтықтарды, ұқсастықтар мен өзіндік ерекшеліктерді, олардың тарихи қалыптасуы мен дамуы мәселелеріне қатысты ғылыми көзқарастар мен теориялық қағидаларды жинақтап, жүйелеп беру, соның негізінде алтай тілдерінің морфологиялық құрылымы туралы біртұтас лингвистикалық ілім қалыптастыру мұраты көзделетін зерттеуіміздің өзектілігін айқындайды.

## АЛТАИСТИКАНЫҢ ПӘНДІК НЕГІЗДЕМЕСІ

### §1. Алтаистиканың ғылыми пәндік негіздемесі және тарихилық принципі

Алтаистиканың гуманитарлық және лингвистикалық пәндер арасындағы орны мен мәртебесі оның пәндік теориясының ғылыми негізінен туындайды. Пән теориясы сол пәннің ғылыми маңыздылығымен, қарастыратын мәселелерімен, пәндік белгілерімен және нысанымен, зерттеудің әдіс-тәсілдерімен, ғылыми концептуалдық ұғымдық аппаратымен негізделеді. Мұнда пәннің концептуалдық аппараты интегралдық (дифференциялауға кері ұғым) пәндік модельдің сыңарлары ретінде пәндік парадигманы құрайды және пәннің белгілі бір ғылым саласы ретіндегі ғылыми мәртебесін айқындайды.

Ғылыми пәннің нысаны дегеніміз – субъектінің танымдық және зерттеу әрекетінде назарға алынатын ақиқат шындық болмыстағы заттар, құбылыстар мен процестер, яғни зерттеудің нысаны – субъектінің танымдық-зерттеу әрекеті бағытталған нәрсе. Басқаша айтқанда, зерттеу нысаны дегенді субъектінің танымдық-зерттеу әрекеті мен шындық болмыс арасындағы қарымқатынастың «нәтижесі» деп те түсінуге болады. Ал зерттеу пәні дегеніміз – сол нысаннан іздестірілетін теориялық білім, яғни мән-мағына, мазмұн. Осы тұрғыдан келгенде, алтаистика пәнінің

жалпы мазмұны оның кешенді интердисциплинарлық және лингвистикалық болып келетін екі жақты белгі-нышанымен сипатталады. Басқаша айтқанда, алтаистикадың пәндік белгісін:

1) Еуразия құрлығының алтайлық ірі ареалын мекендейтін көптеген халықтардың этникалық қалыптасу тарихын, тілдік, діндік және ділдік, рухани және мәдени арқауын комплексті зерттейтін шығыстану ғылымының бір саласы ретіндегі интердисциплинарлық кешенділік;

2) сан ғасырлық этносаралық және мәдениетаралық қарым-қатынастың тарихи іздерін лингвистикалық факторлардан іздестіретін лингвоконтактологиялық болмыс;

3) алтай тілдерінің қалыптасу, даму тарихын зерттейтін салыстырмалы-тарихи талданым;

4) алтай тіл бірлестігіне енетін тілдердің қазіргі жай-күйінің салыстырмалы-синхрондық және типологиялық-салғастырмалы сипаттарына қатысты лингвистикалық білімді қалыптастыратын даралық бітім айқындайды.

Алтаистиканың зерттеу нысанына түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур, сондай-ақ корей және жапон тілдерінің сөз қазынасы құрамындағы, дыбыстық жүйесіндегі, грамматикалық құрылым-құрылысындағы өзіндік ерекшеліктер мен ұқсастықтар, сәйкестіктер және олардың тарихи қалыптасуы, дамуы алынатын болса, алтай тілдерінің өзара байланысы мен қарым-қатынасының тарихи сипаттамасын беру – бұл ғылым саласының пәндік арқауын құрайды. Алтай тілдерінің қалыптасу, даму тарихының лингвистикалық және экстралингвистикалық тетіктерін тілдік топтараралық, жекелеген тілдераралық деңгейде зерттеуде басты әдіс ретінде тарихи салыстыру әдісі қолданылады. Ал пәннің жалпы мазмұны оның қарастыратын өзекті де басты мәселелерінен туындайды.

Алтаистика, ең алдымен, лингвистикалық компаративистиканың диахрондық бағытын ұстанатын іргелі теориялық пән болып саналады. Сондықтан салыстырмалы-тарихи алтаистикада қолданылатын «тарихилық ұстанымы», «туыстастық діңгегі», «генеалогиялық ағаш», «тектіл», «тектілдік негіз», «тектілдік құбылыстар», «тіл бірлестігі», «генетикалық бірлестік» немесе

«генетикалық тілдік қауымдастық» «ареалдық бірлестік» немесе «ареалдық қауымдастық», «тілдік одақ», «тілдераралық қарым-қатынастар», «глоттогенез», «этногенез», «этногенетикалық туыстастық», «этногенетикалық шоғыр», «бөлшектелу заңдылығы», «тектілдік қалып-күйді қайта жаңғырту», «қалпына келтірілген тектілдік формалар», «ішкі реконструкция», «сыртқы реконструкция», «хронологиялық тереңдік» т.б. көптеген ұғымдар мен терминдер үнді-еуропа диахрондық лингвистикасының ғылыми ұғымдық аппаратының негізінде қалыптасқаны сөзсіз. Демек алтаистика пәнінің ғылыми ұғымдық аппаратының, метатілінің, әдістемелік амал-тәсілдерінің жетілдірілуі, сонымен қатар айқындалған тілдік заңдылықтарды түсіндірудегі пікірлердің дәйектемелік күшінің теориялық негізі ХІХғ. 10-20 жылдары қалыптасып, ХІХғ. екінші жартысында қарқындап дамуға бет бұрған орал-алтай тіл білімімен тығыз байланысып жатады. Ал орал-алтай тіл білімінің қалыптасуына сол кездегі үнді-еуропа салыстырмалы-тарихи тіл білімі және оның қол жеткізген жетістіктері игі ықпалын тигізгені белгілі.

XVIIIғ. соңында жаратылыстанушылар Карл Линней және Жан Батиста Ламарктардың ашқан жаңалықтарының әсерімен пайда болған тарихилық/эволюционизм принципі ХІХғ. басында тілдің табиғаты мен болмысын түсіндіру мәселесінде түбегейлі өзгерістерге жетеледі. Бұл ұстаным бойынша тілдің уақытпен кеңістік шеңберінде тарихи дамуға қабілетті құбылыс екені тілге тән басты қасиет ретінде танылды.

ХІХғ. 10-20 жылдары тіл туралы еуропалық ғылым дамудың екі жарым мың жылдыққа созылған дәуірін аяқтап, дербес ғылым саласы ретінде мүлдем жаңа сапалық деңгейге көтерілді. Тіл білімі филология, философия, логика тәрізді ғылым салаларынан іргесін ажыраттып, тілдің табиғатына, қызметіне, құрылымына, дамуына қатыстының барлығын өзінің зерттеу нысанына түбегейлі айландырды және зерттеудің лингвистикалық әдіс-тәсілдерін нақтылады. Тарихилық принципінің тіл біліміне енуі әрбір жеке тілді зерттеудің маңыздылығына жол ашты. Ендігі жерде ғалымдар нақты бір тілдің тілдік топ ішіндегі орнын анық-

тауға, оның өзіне ғана тән индивидуалдық ерекшеліктеріне, даралана даму жолын айқындауға айрықша назар аудара бастады. Сөйтіп тілдер арасындағы жалпылық, ұқсастық, ортақтық мәселесі ғана емес, тілдер арасындағы айырмашылықтар, нақты бір тілдің дамуының әр кезеңдеріне тән қалып-күйі зерттеле бастады. Бұрыннан келе жатқан тілдердің көптігі мен сан алуандығы туралы идея мен тілдердің өзгерістерге түсе отырып, дамитыны туралы жаңа идеяның тоғысуы барысында компаративистикалық жаңаша көзқарас қалыптасты. Үнді-еуропа тілдерінің фактологиялық материалдарына негізделген лингвистикалық компаративизм тарихи-генетикалық мақсат көздеді, салыстырмалы-тарихи әдісті ғылыми зерттеудің басты әдісіне айналдырды<sup>1</sup>

XIX ғасырдың бірінші жартысында тарихи сипаттаудың амал-тәсілдері мен ғылыми озық идеялардың мол қорын жинақтаған тарихи-генетикалық тіл білімі теориялық тұрғыдан айрықша кемелденді. Мәселен, Расмус Кристан Раскінің (1787-1832) «Исланд тілінің шығу тарихы жайлы» (1818 ж.) еңбегінде көрініс тапқан адамзаттың нәсілге, тайпаға, руға, топқа бөлінетіні сияқты олардың тілдерінің де сан алуан түрге еніп, тарамдала таралатыны; тілдер шеңберлей емес, сперальдық тұрпатта циклдік дамуды бастан кешіретіні, яғни түбірді шектеуші аналитикалық типтен аффиксалдық типке, онан соң қайтадан аналитикалық типке ауысу арқылы тіл үздіксіз даму үстінде болатыны; тілдердің сөз жағынан бір-біріне ұқсастығы тіл туыстастығының кепілі бола алмайтыны; бір тілден екінші тілге сөздердің ауыса беретіні; тілдердің генетикалық тегін айқындаудың критерийлеріне туыс тілдерге ортақ байырғы сөздік қордың жалпы элементтері, дыбыстық алмасулардағы басты заңдылықтар, грамматикалық жүйедегі ұқсастықтар алынуы қажет екені жайлы қағидаттар салыстырмалы-тарихи және типологиялық тіл білімінің, фин-угор және алтай салыстырмалы-тарихи тіл білімдері негіздерінің қалануына игі әсерін тигізді. Егер Р.Раск ішкі және сыртқы реконструкция тәжірибесін алғаш рет жүзеге асырып, үнді-еуропалық макротілдік топқа енетін тілдер тізімін алғашқылардың бірі бо-

<sup>1</sup> *Нерознак В.П.* Метод сравнения в синхронном языкознании: К основаниям лингвистической компаративистики // Изв. АН СССР. Сер. лит. и яз. – 1986. Т. 45, № 5.

лып ұсынған болса, Франц Бопп үнді-еуропалық тілдер негізінде компаративистика тарихында бірінші рет морфологиялық сызба құрастырды. Ол 1816 жылы санскрит тіліндегі етістіктердің жіктелу жүйесін грек, латын, герман, парсы тілдерімен салыстыра зерттеген еңбегі арқылы аталған тілдердің туыстығын дәлелдеді. Кейін бұл тілдерден жинақтаған материалдарын иран, славян, балтық, армян тілдері фактілерімен толықтыра келіп, 1833-1849 жылдары «Үнді-еуропа тілдерінің салыстырмалы грамматикасын» жазды.

Тіл тарихын зерттеуге деген талпыныс XVII-XVIII ғасырларда да болды, бірақ ол кездерде тіл фактілері хронологиялық жолмен емес, бір-бірінен мейлінше алшақ жатқан дәуірлерге тән фактілер жүйесіз салыстырылып, тілдік құбылыстар, көбінесе жорамалдарға негізделіп түсіндіріліп келген болса, Я. Гримм «Неміс тілі грамматикасы» (1819-1837 жж.) және «Неміс тілінің тарихы» (1848 ж.) тәрізді іргелі зерттеулерінде тілдегі өзгеріс-құбылыстардың қай-қайсысы да оның бірте-бірте дамуының табиғи нәтижесі екенін тарихи салыстырудың баспалдақты, хронологиялық жолы арқылы дәлелдеді, тіл тарихының қоғам тарихымен байланыстылығына, тілдік құбылыстарды зерттейтін тіл тарихының лингвистика құрамында болу қажеттілігіне назар аударды.

Я.Гриммнің славян тіл білімінде салыстырмалы-тарихи әдістің негізін салушылардың бірі Ф.И.Буслаев (1818-1897) тұжырымдарының қалыптасуына ықпалы өте күшті болды. Ф.И.Буслаев қазіргі орыс, көне славян және басқа да үнді-еуропалық тілдердің деректерін өзара салыстырды, тіл тарихының халық тарихымен, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, наным-сенім, аңыз-әпсаналарымен сабақтастығын өзектеуге тырысты. Тарихилық пен салыстыру Ф.И.Буслаев түсінігінде уақыттық және кеңістіктік амал-тәсілдерге ажыратылды.

Славян тілдері тарихын дәуірлеу және славян тілдерінің үнді-еуропа тілдері арасында алатын орны туралы мәселе А.Х. Востоков (1781-1864) зерттеулерінде («Славян тілін пайымдау», 1820ж.) қарастырылды. Әдістеме тұрғысынан салыстырмалылығымен,



мақсат тұрғысынан тарихилығымен ерекшеленетін А.Х. Востоков зерттеулері арқылы славистиканың тарихи сөзжасам, лексикология, этимология, морфонология секілді салаларының теориялық және методологиялық тұғыры қаланды.

XIX ғ. бірінші жартысында үнді-еуропалық салыстырмалы-тарихи тіл білімі көптеген жетістіктерге қол жеткізді. Атап айтқанда: салыстырудың біршама маңызды элементі саналатын грамматикалық көрсеткіш (флексия) анықталып, салыстырмалы-тарихи зерттеулердің негізгі формалары мен әдістері пайда болды, тілдік заңдылық ұғымы қалыптасты; тілдің әртүрлі деңгейлерін қамтыған сәйкестіктер жүйесі айқындалып, тілдераралық туыстық байланыс анықталды және тілдердің қандай нақты генетикалық бірлестікке (топқа, топшаға, тармаққа, бұтаққа, семьяға) жататыны айқындалды; ғылыми этимологияның негізі қаланып, үндіевропалық тілдер семьясының ядросы анықталды; үнді-еуропа тілдері қатарына келт, славян, армян, албан, прус тілдері қосылды; үнді және иран, италий және келт, балтық және славян тілдерінің арасындағы генетикалық жақындықтың деңгейін айқындауға қатысты алғашқы тәжірибелер сәтті шығып, славян-балтық, славян-герман, келтгерман, келт-италий сияқты нақты тілдік топтар арасындағы екі жақты қатынастар зерттеле бастады; ірі диалектілік аймақтар айқындалды; тілдераралық деңгейде айқындалған сәйкестіктер негізінде тілдік көрсеткіштерді инвентаризациялау, жинақталған материалдарды жүйелеудің компендиумы жасалды; тілдік топтор және тілдік семьяларға қатысты салыстырмалы-тарихи грамматикалар, этимологиялық сөздіктер жарық көре бастады; анықталған тарихи-лингвистикалық мәліметтер негізінде тектілдік қалып-күйдің моделін құрастыру, яғни тектілдерді қайта жаңғырту қолға алынды<sup>1</sup>.

Үнді-еуропа тіл біліміндегі мұндай жетістіктер XIX ғасырдың алғашқы жартысында «алтай гипотезасының» (орал-алтай гипотезасы) өзектеліп, орал-алтай тіл білімінің теориялық іргетасының қалануына, оның сипаттамалы, салғастырмалы, салыстырмалы-тарихи бағыттарының қалыптасуына игі ықпал етті.

<sup>1</sup> Звемнцев В.А. История языкознания XIX-XX веков в очерках и извлечениях. -М., 1964. Ч. 1.

В.Шотт, Г.Винклер, А.Боллер, А.Алквист, В.Банг, М.А.Кастрен т.б. зерттеулері негізінде орал (фин-угор және самоед) және алтай (түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур) тілдерінің өзара туыстық байланысы мәселесі ғылыми зерттеудің нысанасына алынып, орал-алтай тіл бірлестігінің шеңберін палеоазиаттық, үнді-еуропалық, кавказдық т.б. тілдер негізінде кеңейтуге талпыныс жасалды. Орал және алтай макротілдік топтарының әрқайсысының ішкі бұтақтары арасындағы туыстық қатыстылық салыстырмалы-тарихи тұрғыдан терең зерттеле бастады. Бір жағынан, фин-угортанудың айрықша қарқынмен дамуы, екінші жағынан салыстырмалы-тарихи алтаистиканың іргетасының қалануы жалпыорал-алтайлық тектілі, жалпыоралдық тектілі, жалпыалтайлық тектілі қайта жаңғырту проблематикасын ғылыми зерттеудің күн тәртібіне қойды.

**§ 2. Алтаистиканың концептуалдық – ұғымдық аппараты: «тектіл» ұғымы және алтайлық тектілдің глоттохронологиялық мерзімі мәселесі.**

Тілдердің генетикалық туыстастығына қатысты гипотезалардың дәйектемелік негізі үшін «тектіл» мәселесінің маңызы зор екені туралы Б.А.Серебренников былай дейді: «Тілдердің генетикалық туыстығын айқындауда ең алдымен, бастау арнасы, шығу тегі бір, бір ғана тілден – тектілден тарамдалып, пайда болған тілдер ғана туыс бола алатынын ескеру керек. Лингвистика тарихында «тілдердің туыстығы» ұғымын басқаша түсіндірулер де орын алады. Бұл мәселеге арналған бірқатар зерттеулерде тілдердің генеалогиялық топтастырылуының негізін қайта қарау, тектілі қайта жаңғыртудан бас тарту, тіптен «генетикалық туыстық» ұғымын «тілдік одақ» ұғымымен және туыс тілдер тобының дамуындағы конвергенция құбылысымен алмастыру керектігі жөніндегі ұсыныстар да кездеседі. Сондықтан да кейбір ғалымдар тілдердің генетикалық туыстығы ұғымының өзін нақтылау қажеттігін алға тартады». Б.А.Серебренников тілдердің туыстығын дәлелдеу үшін жалпытектілдің сұлбасын (схема) жаңғырту,

мұнда, ең алдымен дауысты және дауыссыз дыбыстардың тектіл деңгейіндегі жүйелі желісін қалпына келтіру келтіру қажеттігіне назар аударады және шығу тегі бір тілдерде де типологиялық ұқсастық болатынын, ол тектілде болған типологиялық қасиеттердің тарихи жалғастығы екенін айтады, ал бергін келе қалыптасқан типологиялық ортақтықтар тілдердің генетикалық туыстастығының кепілі бола алмайтынын ескертеді<sup>1</sup>.

Осыдан 200 жыл бұрын пайда болған салыстырмалы-тарихи тіл білімінің дамуы барысында екі немесе одан да көп тілдердің генетикалық байланысын зерттеудің және туыстықты дәлелдеудің берік тәртібі қалыптасты. Ғылыми жорамал болуына қарамастан, белгілі бір тілдік семьяның ең бастапқы, түптегі саналатын тектілдің жүйесін оның мұрагерлері болып табылатын қазіргі тілдердің материалдары негізінде жаңғыртудың бұлжымас қатаң әдістемесі жасалды деуге болады. Әйтседе ғылымда тектіл және оны жаңғырту туралы түсініктерге үнемі өзгертулер енгізіліп отырады. Оның басты себебін, біріншіден, зерттеушілердің зерттеу нысаны туралы түсініктеріндегі өзгерістермен, яғни бұрындары назардан тыс қалып келген тілдік құбылыстардың зерттеу нысанына алынуының нәтижесімен (мәселен, соңғы 25-30 жылда көптеген жетістіктерге жеткен тарихи акцентология); екіншіден, тілдік материалдар ауқымының үнемі толықтырылып, кеңейіп отыруымен түсіндіруге болады<sup>2</sup>.

Тектілдік модельдің теориялық негіздемесін ХІХ ғ. орта тұсында алғаш рет А. Шлейхер салды. Ол «Компендиум по сравнительной грамматике индоевропейских языков» (1861-1862) атты танымал еңбегінде Ч.Дарвиннің тірі организмдердің эволюциялық дамуы теориясына сүйеніп, үнді-еуропа тілдерінің «туыстық дінгегі» немесе «шежіре ағаш» түрінде дамығаны туралы теорияны ұсынды: «Языки, возникшие первыми из праязыка, мы называем языками-основами; почти каждый из них дифференцируется в языки, а языки могут далее распадаться на диалек-

<sup>1</sup> Серебренников Б.А. Проблема достаточности основания в гипотезах, касающихся генетического родства языков // Теоретические основы классификации языков мира. Проблемы родства. - М., 1982. - С.6-17.

<sup>2</sup> Дыбо В. А., Пейрос И. И. Проблемы изучения отдаленного родства языков // Вестник Российской Академии Наук. - М., 1985. - № 2. - С. 55-66.

ты и диалекты – на поддиалекты. Все языки, происходящие из одного праязыка, образуют языковой род, или языковое дерево, которое затем делится на языковые семьи, или языковые ветви»<sup>1</sup>.

Тілдердің тектілік жағдайы, қалып-күйі туралы теорияның даму тарихында мынадай үш түрлі конструктивтік парадигма орын алады:

1) «Шлейхер парадигмасы» деп аталған «туыстастық діңгегі – шежіре ағаш» туралы теория және оның кейіннен «тектіліктің тілдік ақиқат-шындық» ретінде қабылдануына негіз болуы; «Шлейхер парадигмасының» Б. Дельбрюк, Ф.Ф. Фортунатов зерттеулерінде «тілдің белгілі бір уақыт аралығындағы даму күйі», «тілдердің біртіндеп, рет-ретімен, жүйелі дамуының тарихи этаптары» тұрғысынан жалғастық табуы;

2) тектілікті «диалектілік континуум» ретінде түсіндіретін И.Шмидт және Г.Шухардттың «толқын теориясы»;

3) тектілікті «генетикалық тұрғыдан әр алуан тіл бірлестіктерінің өзара қарым-қатынастарының нәтижесі» тұрғысынан қарастыратын Н.С. Трубецкойдың «аллогенетикалық теориясы».

Тіл білімі тарихында тектілікті қайта жаңғыртудың мүмкін еместігі және қажетсіздігі туралы пікірлер де орын алады. Француз ғалымы А.Мейе салыстыру арқылы үнді-еуропалық тектілікті емес, тіптен б.э. IVғ. халықтық латынды жаңғырту, яғни жоғалып кеткен тілдерді қайта қалпына келтіру мүмкін емес деп біледі. Оның көзқарасын Б.Террачини, Дж. Бонфанте, Дж.Девото, В.Пизани сияқты неолингвисттер қолдайды. Тектілікті жаңғыртудың мүмкін екенін Н.Я. Марр да мойындамайды. Ол ортақ тектілікті туралы идеяны ғылыми фикция деп санайды<sup>2</sup>. Әу баста үнді-еуропа тілдерінің материалдары негізінде қалыптасқан тектілікті қалып-күйді қайтадан қалпына келтіру, жаңғырту теориясы қазіргі таңда үнді-еуропалық емес тіл бірлестігін құрайтын тілдердің материалдары негізінде тарихи компаративистиканың аралық

<sup>1</sup> Звегинцев В.А. История языкознания XIX-XX веков в очерках и извлечениях. -М., 1964. Ч. 1. – С.109.

<sup>2</sup> Нерознак В. П. Праязык: реконструкт или реальность? // Сравнительно-историческое изучение языков разных семей. Теория лингвистической реконструкции. – М., 1988. – С. 26-43.

салалары бойынша (кавказтану, түркология, фин-угортану, африкан тіл білімі т.б.) жалғастық табуда<sup>1</sup>.

«Тектіл» терминіне лингвистикалық сөздіктерде екі түрлі анықтама беріледі: бірінші мағынада «тектіл» ұғымы гипотезалық сипаттағы дерексіз модель тұрғысынан айқындалады: «Тектіл (негіз тіл) – тарихи-салыстырмалы реконструкцияның нысанына алынатын өзара генетикалық байланыстағы тілдердің ішіндегі ең көнесі: бір семьяға немесе бір топқа жататын барлық тілдердің бастауы, қайнар көзі ретінде танылатын абстрактылы модель. Мысалы: жалпыорыстық тектіл; жалпыславяндық тектіл; славян-балтық тектілі; үнді-еуропалық тектіл»<sup>2</sup>. Екінші мағынада «тектіл» тарихи өткен заманаларда шынында да болған түпкі тілдің жағдайы, қалып-күйі тұрғысынан анықталады: «Тектіл, негіз тіл, бабалар тілі... Тілдерді семьяға топтастыруда қарастырылатын тілдің шығу тегіне қатысты аталатын тіл. Мәселен, латын тілі француз тілі үшін тектіл болады ... Мұнда мұрагер тіл жаңа тіл болып саналмайды, бар болғаны түпкі тілдің эволюциялық дамуының жаңа күйін көрсетеді»<sup>3</sup>.

<sup>1</sup> Климов Г.А. Введение в кавказское языкознание.- М., 1986; Кумахов М.А. Сравнительно-историческая фонетика адыгских (черкесских) языков.-М., 1981; Лингвистическая реконструкция и древнейшая история Востока.-М., 1984 г. Ч. 5; Серебренников Б.А., Гаджиева Н.З. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков: Синтаксис / Под ред. Э.Р.Тенишева.- М.: Наука, 1986; Старостин С.А. Праенисейская реконструкция и внешние связи енисейских языков // Кетский сборник: Антропология. Этнография. Мифология. Лингвистика. -Л., 1982; Порхомовский В.Я. Афразийские языки. Чадские языки // Сравнительно-историческое изучение языков разных семей: Задачи и перспективы. -М., 1982; Охотина Н.В. Языки банту // Сравнительно-историческое изучение языков разных семей: Задачи и перспективы.-М., 1982; Хайду П. Уральские языки и народы. -М., 1985; Щербак А.М. О ностратических исследованиях с позиции тюрколога // Вопросы языкознания, 1984.- № 6; Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков: (Имя). -М., 1977; Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. М., 1970; Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков: Фонетика / Под ред. Э.Р.Тенишева.-М.: Наука, 1984.-484с.; Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков: Морфология / Под ред. Э.Р.Тенишева.-М.: Наука, 1988.-560с; Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков: Лексика/ Под ред. Э.Р.Тенишева.-М.: Наука, 2001; Региональные реконструкции/ Под ред. Э.Р.Тенишева.-М.: Наука, 2001; Пратюркский язык. Картина мира пратюрков / Под ред. Э.Р.Тенишева.-М.: Наука, 2004; Дыбо А.В. Лингвистические контакты ранних тюрков. Лексический фонд. Пратюркский период.- М., 2007.

<sup>2</sup> Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. -М., 1966. – С.344.

<sup>3</sup> Марузо Ж. Словарь лингвистических терминов. -М., 1960. – С.223.

Қазақ тіл білімінде орыс тіліндегі «праязык» терминіне қатысты «ата тіл», «тектіл», «төркін тіл», «түптіл» деген терминдік қолданыстар орын алады және оған тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде мынадай анықтама беріледі: «*Ататіл* (тектіл, төркін тіл) – диалектілері туыс тілдер тобының шығуына негіз болған тіл. Мазмұны жағынан белгілі тілдер негізінде анықталған жалпытипологиялық заңдылықтарға сай келетін, нақты кеңістікте, белгілі бір тарихи әлеуметтік ортада өмір сүрген тіл ретінде қаралады. Тегі бір тілдер дамуында ататіл ұғымы нақты сипат алып, өзгеріп отырады. Мысалы, бірқатар роман тілдері үшін латынның сөйлеу тілі ататіл болған. Осы күнгі түркі тілдерінің ататілі көне түркі тілі болса, көне түркі тілі үшін ататіл қызметін Алтай заманындағы ататілдің бір диалектісі атқаруы мүмкін. Сөйтіп, «ататіл» дегеніміз диалектілері туыс тілдер тобының шығуына негіз болып отыратын тарихи ұғым болып табылады. «Ататіл» ұғымы тегі бір тілдердің генетикалық тұрғыда бір негізге саятын басты қасиеттері мен белгілерін қамтиды. Оның кейбір көріністері көне тіл құбылыстары ретінде қазіргі тілдерде сақталуы мүмкін»<sup>1F</sup>

В.П.Нерознак «тектіл» ұғымын белгілі бір тарихи дәуірлерде өмір сүрген тілдің көне формасы емес, тілдің тарихқа дейінгі дамуы туралы біздің біліміміздің кеңеюін қамтамасыз ететін ғылыми конструкт тұрғысынан қарастырылуы қажет өте күрделі мәселе екенін алға тартады. В.Н.Нерознак пікірінше: «Тектіл» үнемі тарихи даму үстінде болатын білім моделі. Тілдің тарихқа дейінгі даму этаптары туралы біздің біліміміздің өзі үнемі даму үстінде болатындықтан, тектілдік модель туралы білім парадигмасы да үнемі өзгеріп, жетілдіріліп отырады. Білім моделі ретінде «тектіл» қазіргі заманғы тарихи-салыстырмалы тіл білімінде кеңінен қолданылып отырған генетикалық реконструкцияның (ішкі және сыртқы) әртүрлі тәсілдеріне, сонымен қатар синхрондық-типологиялық тіл білімінің барлық жетістіктеріне сүйенері сөзсіз»<sup>1</sup>.

<sup>1</sup> Нерознак В.П. Праязык: реконструкт или реальность? // Сравнительно-историческое изучение языков разных семей. Теория лингвистической реконструкции. – М., 1988. – С. 26-43.

Компаративистикада осыдан он мыңдаған жылдар бұрынғы тілдік құбылыстарды реконструкциялаудың мүмкін еместігі, тіптен мұндай талпыныстың өзі бос әурешілдік болатыны туралы скептикалық көзқарастар да орын алады. Мәселен, мажар лингвистісі П.Хайду тектілдік құбылыстарды жаңғартуға қазіргі заманғы компаративистиканың әдіс-тәсілдерінің шамасы жетпейді, сондықтан да бұл бағыттағы ізденістер сөзсіз сәтсіздікке ұшырайды деп біледі. П.Хайдудың пікірінше, орал және тағы басқа тілдер арасында кездесетін морфологиялық, лексикалық параллельдердің табиғатын моногенездік туыстықтан да, тіптен кірмеліктен де емес, бір ғана «тілдік одақтың» мүшелері ретіндегі өзара «квазитуыстық байланыстармен» түсіндіру қажет<sup>1</sup>. Дейтұрғанмен тектілдік құбылыстарды жаңғыртуға қатысты мұндай пікір қайшылықтарының орын алуына қарамастан, қазіргі таңда алтаистикадың ең басты, ең негізгі ғылыми ұғымдық аппараттарының бірі – «алтайлық тектіл» және оның шынайлығы, тектілдің қайта жаңғыртылған модельдер арқылы көріну формасы мәселесі төмендегідей үш түрлі әдіснамалық тұғырдың кешенділігі негізінде айқындалуда:

- 1) фонетика-фонологиялық, морфологиялық, синтаксистік, лексика-семантикалық жаңғыртудың (реконструкция) барлық амал-тәсілдерін қамтитын дәстүрлі салыстырмалы-тарихи әдіс;
- 2) тілдік бірліктердің құрылым-құрылысының сан алуан түрін ескеретін типологиялық мәліметтер;
- 3) генетикалық және ареалдық-генетикалық тіл бірлестіктерінің табиғатын көп белгілік классификациялар негізінде түсіндіретін тіл ортақтығы теориясы.

Алтаистикалық бағыттағы зерттеулерде алтайлық тектіл жорамал тұрғысындағы дерексіз модель емес, белгілі бір тарихи дәуірде өмір сүрген, қазіргі түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур, сондай-ақ корей, жапон тілдерінің шығуына негіз болған түпкі тіл тұрғысынан өзектеледі. Ғалымдар алтайлық тектілдің өмір сүрген немесе ыдыраған мерзімін ХХ ғасырдың 50 жылдары М.Сводеш ұсынған, кейіннен С.А. Старостин жетілдірген глоттохронологиялық әдіске сүйеніп жорамалдайды.

<sup>1</sup> Хайду П. Уральские языки и народы. М., 1985. – С.169.

Тілдер тобының тектілдік қалып-күйінің эволюциялық дамуының глоттохронологиялық кезеңдерін сөздік қордың сақталу деңгейі негізінде есептеп шығаруға болатыны туралы М.Сводеш пікіріне сүйене отырып, Б.Базылхан алтайлық тектілдің сатылай даму кезеңдерін: 1) біздің жыл санауымыздан бұрынғы 1750 миллион жылдан 800-950 мың жылға созылған «ым-тіл дәуірі»; 2) біздің жыл санауымыздан бұрынғы 800 мың жылдан 40 мың жылға (немесе 760 мың жылға) дейін созылған «келте сөз дәуірі»; 3) біздің жыл санауымыздан бұрынғы 40 мың жылдан 10 мың жылға дейін (немесе 30 мың жылға) созылған «күрделі сөз дәуірі» деп үшке бөліп көрсетеді және бұл жорамалды V (дауысты) және CV (дауыссыз және дауысты) типтегі түбір морфемадан VC, VCC, VC VC, VCCV, CVC, CVCV, CVCC, CVCVC типтегі көптеген түбір сөздердің туындауымен дәйектейді<sup>1</sup>.

Алтайлық тіктілдің ыдырау мерзімін айқындау мәселесі орал және алтай тілдерінің ортақтастығына қатысты *орал-алтай теориясымен* де, Еуразия және Солтүстік Африкадағы тілдерді тілдік макросемьяға біріктіріп, оларды осыдан 12-14 мың жылдар бұрын өмір сүрген болжам ретіндегі бір ғана «ностратикалық тектілден» таратын *ностратикалық теориямен* де сабақтастырылады. Себебі тарихи-этнологиялық сипаттағы және тарихи-лингвистикалық зерттеулерде алтай тілдерінің және ол топты құрайтын тілдерде сөйлейтін халықтардың шығу төркіні, түптегі мәселесі мынадай ретроспективтік бағытта зерделенеді: *түркі тілдері және түркі халықтары; моңғол тілдері және моңғолдар; түңғыс-маньчжур тілдері және түңғыстар мен маньчжурлар; корей тілі және корейлер; жапон тілі және жапондар тарихы < алтай тілдері және алтайлық халықтар < орал-алтай тілдері және олар-алтайлық этногенетикалық қауымдастықтар < ностратикалық тілдер және постратикалық этностар.* Басқаша айтқанда алтайлық тектіл проблематикасы алтай, орал-алтай және ностратикалық тілдердің генетикалық ортақтастығы мәселесімен тығыз байланысып жатады.

Ностратикалық тілдер туыстастығы теориясы орал және алтай тілдері арасындағы генетикалық байланысты да, сонымен қатар

<sup>1</sup> Базылхан Б. Алтай төркіндес тілдердің ортақтығы туралы мәселе // ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. № 2 (96). – Алматы, 1996. – Б.3-12.



алтай тілдерінің ортақтығын да бір мезгілде дәйектейтіндігімен маңызды саналады.

*Ностатикалық теория* үнді-еуропа, орал, алтай, дравид, картвель, афро-азиялық тілдер семьяларының алыс туыстық қатынасын салыстырмалы-тарихи тұрғыдан дәйектеу мақсатын көздейді. Ностратикалық тілдер туралы гипотезаны және «nostratic» терминін алғаш рет 1903 жылы дат ғалымы Х.Педерсен ұсынды. Ал өткен ғасырдың 60 жылдарында В.М. Иллич-Свитычтың (1934-1966) ностратикалық тілдер арасындағы фонетикалық сәйкестіктерді айқындап, ностратикалық тектің дыбыстық жүйесін жаңғыртуы, ностратикалық тілдердің этимологиялық сөздігін түзуі ностратикалық гипотезаның тарихи компаративистиканың табан тірер ғылыми теорияларының біріне айналуына арқау болды. Б. Долгопольский, В.А. Дыбо, С.А. Старостин т.б. ғалымдар зерттеулері арқылы одан ары жетілдіріле түскен ностратикалық тілдер туыстастығы теориясымен қазіргі таңда дүниежүзінің ірі-ірі орталықтары айналысуда.

Ностратикалық тілдер туыстастығы өзара генетикалық туыстық қатыстылықта саналатын морфемалардың (түбір және аффиксалдық) кең көлемдегі корпусын қамтиды. Мұнда түбір морфемалардың құрамы негізгі сөздік қордағы түбірлерден құралады және басты элементарлық ұғымдар мен реалийлердің атауларынан (дене мүшелері, туыстық қатынастар, табиғат құбылыстары, қарапайым әрекеттер мен процестер т.б.) тұрады. Өзара алыс туыстық қатыстылыққа қарамастан, үнді-еуропалық, оралдық, алтайлық, дравидтік, картвелдік, афро-азиялық алты текті арасында грамматикалық морфемалар (сөзжасамдық және сөз түрлендіруші) жүйесінің ең тұрақты саналатын бөліктерінде, атап айтқанда сілтеу, сұрау, жіктеу есімдіктерінде және шығу тегі жіктеу есімдіктеріне барып саятын жіктік жұрнақтарында, сондай-ақ есім сөз түрлендіруші аффикстер жүйесінде генетикалық тепеңдік орын алады. Бұл тілдік семьялар үшін көптеген алғашқы сөзжасам аффикстері де генетикалық ортақ болып саналады<sup>1</sup>

Туыс тілдер семьясын кеңейту идеясының пайда болуының өзіндік себептері де жоқ емес. Біріншіден, әр түрлі семьяға жата-

<sup>1</sup> Дыбо В. А., Пейрос И. И. Проблемы изучения отдаленного родства языков // Вестник Российской Академии Наук. – М., 1985. – № 2. – С. 55-66.

тын көп тілдерді ортақ бір тектілге біріктіру тарихи перспективаның кеңістіктік-хронологиялық шеңберін кеңейтеді. Екіншіден, макросемьяда туыс тілдердің саны көп болған сайын, сол тілдердегі архаизмдердің сақталуының сапалық деңгейі жоғары болады, сонымен қатар жаңа фонетикалық заңдылықтардың және грамматикалық құрылымның көне элементтерінің айқындала түсуіне жол ашылады. Бұл жаңа тілдердің тарихы жөніндегі мәліметтерді нақтылап, кеңейтуде, туыс тілдердің эволюциялық даму жолдарын ашалауға мүмкіндік туғызады. Үшіншіден, генуинді тілдердің анықталуы осы тілде сөйлейтін халықтардың ежелгі заманда өмір сүрген аймағын табуға көмектеседі.

Түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур, корей және жапон сияқты бес ірі тілдік топтан құралатын алтай семьясы орал және дравид тілдерімен бірге ностратикалық макротілдік құрылымның шығыс бұтағын құрайды. Оның континентальдық (түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур) және аралдық (корей және жапон) болып екіге бөліну кезеңі, яғни ыдырау мерзімі глоттохронологиялық мәліметтер бойынша б.з.д. V мыңжылдықтармен өлшенеді. Соңғы кездері алтай семьясының аралдық бөлігіне эскалеут, айн, нивх тілдерін қосу тенденциясының орныға бастауы, сондай-ақ сиу, майя, ацтек сияқты үндістер тілімен лексикалық, ал кечуа, аймара тілдерімен грамматикалық тұрғыдағы ұқсастықтардың табылуы оны ең көне шығыстық ностратикалық тілдік семья деп тануға жетелеп отыр. Ал алтай және орал тілдері арасын жалғастыратын аралық тектіл қызметін орал-юкагир тектілдік топ атқарады және бұл топқа юкагир-чуван тілдері енеді. Орал семьясын ғалымдар шамамен б.з.д. V-III мыңжылдықтарда ыдырады деп біледі.

Алтайлық тектілдің іштей ыдырауы Г.И.Рамстедт пікірінше, б.з.д. II ғасырлардан, В.Котвич пікірінше, б.з.д. I мыңжылдықтардың басынан, ал Л.Лигети пікірінше, б.з.д. II – III мыңжылдықтардан басталады. С.А.Старостин алтайлық тектілдің ыдырау мерзімін б.з.д. VII мыңжылдықтар деп көрсетсе, О.П.Суник б.з.д. X мыңжылдықтар деп біледі. Ал «Алтай тілдерінің этимологиялық сөздігінде» (2003) жинақталған 2000 лексикалық изоглосстың салыстырмалы бөлінісі және лексикостатистикалық талдау нәти-

жесі бойынша алтай семьясының 3 тілдік бұтаққа ыдырау мерзімі төмендегідей тоқтатылады:

1) *Батыс бұтақ* (түркі-моңғол), б.з.д. 4-мыңжылдықтар ортасында түркі және моңғол болып 2 бөлінді;

2) *Орталық бұтақ* (тұңғыс-маньчжур) б.з.д. IV ғ. ыдырады;

3) *Шығыс бұтақ* (жапон-корей), б.з.д. 3-мыңжылдықтардың орта шенінде корей және жапон-рюкю болып екіге жарылады<sup>1</sup>.

Алтайлық тектілдің әртүрлі бұтақтарға бөліну мерзімін Дж. Киекбаев осыдан 10-6 мың бұрын деп есептесе<sup>2</sup>, В.М.Иллич-Свитыч: «Алтайлық тектіл б.з.д. V-IV мыңжылдықтарда ыдыраған үнді-еуропалық тектілге дейін іштей тілдік бұтақтарға ажырап кетті» – дейді.<sup>3</sup>

Белгілі шығыстанушы-археолог И.Л.Кызласов алтайлық халықтардың әу бастағы ортақтығы, біртектестігі мәселесін археологиялық тұрғыдан бағамдай келіп: «Алтай тілдерінің туыстық байланысын қолдаушылардың өзі алтайлық тектілдің ыдыраған кезін б.з.д. IIғ. басынан Iғ. дейін, IIғ.-дан IIIғ. дейін, ал кейде б.з.д. X-VIII мыңжылдықтарды, тіптен палеолит дәуірін көрсетіп, әртүрлі белгілейді. Қайсы бір әдебиеттерде нақты мерзімсіз «алтай дәуірінен» соң бірден Орталық Азияның саяси тарихымен ұштастырылатын «хун дәуірінің» (б.з.д. IIIғ.) хронологиялық кезеңі көрсетіледі. Бұған қарағанда тілдік дамудың және өзара байланыстардың жазу пайда болғанға дейінгі кезеңдерін нақты тарихи оқиғалармен дәйектеп, хронологиялық терең құбылыстардың мерзімін жорамалдауға болатындай өзіндік әдістер алтаистикада әлі күнге жоқ деуге болады. Алтай тіл бірлестігінің қалыптасу дәуірін уақыт пен кеңістік шеңберінде айқындау және оны тарихи тұрғыдан түсіндіруге тырысу алтайлық проблеманы тудырады» – дейді<sup>4</sup>.

<sup>1</sup> [http://ru.wikipedia.org/wiki/Алтайские языки](http://ru.wikipedia.org/wiki/Алтайские_языки): Материал из Википедии – свободной энциклопедии.

<sup>2</sup> Киекбаев Дж. Введение в Урало-Алтайское языкознание.-Уфа, 1972. С. 20-24.

<sup>3</sup> Иллич-Свитыч В.М. Опыт сравнения ностратических языков: (семитохамитский, картвельский, индоевропейский, уральский): Введение. Сравнительный словарь.-1971. Вып.1. – С. 69.

<sup>4</sup> Кызласов И.Л. Археологический взгляд на проблему первоначального единства алтайских народов // Еуразияшылдық идеясы контексіндегі Қазақстан түркітануы: мәселелері мен болашағы. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары.-Астана, 2009.-Б. 36-49.

**§ 3. Алтаистиканың концептуалдық-ұғымдық аппараты: «глоттогенез», «этногенез», «этногенетикалық туыстық», «этногенетикалық шоғыр», «тілдік атажұрт» ұғымдары**

Тектілдік қалып күйді қайта жаңғарту, қалпына келтіру мәселесінде «глоттогенез», «этногенез», «этногенетикалық туыстық», «этногенетикалық шоғыр», «тілдік атажұрт» ұғымдарының ара жігін ажыратып, олардың әрқайсысының *тектіл* туралы ғылыми түсінікке қатысын нақты айқындап алудың маңызы зор.

Адамзаттың табиғи дыбыстық тілінің қалыптасу процесіне қатысты болып келетін глоттогенез (грек. *glotto* «тіл», *genesis* «шығу тегі») мәселесі тілдің пайда болуының философиялық, әлеуметтік және психологиялық мәнін ұғынумен байланысты туған жалпыадамзаттық проблеманың жалғасы болып табылады. Глоттогенез негізінен антропологиялық циклдер (әлеуметтік антропология және этноантропология) аясында қарастырылатын және таза лингвистикалық құралдардың көмегімен шешілмейтін проблема болып саналады.

Лингвистикада глоттогенез адамзат қоғамы қалыптасуының ең бастапқы кезіндегі еңбектің рөлі және оның ойлау мен сөйлеудің туындауына әсері мәселесімен байланысты сөз етіледі. Компаративист ғалымдар адамзаттың табиғи дыбыстық тілі қалыптасуының өте ерте кездердегі сатысын жаңғырту проблемасының белгілі бір тілдер тобының шығу тегіне байланысты болып келетін тіл ортақтастығы проблемасына, тектілдік қалып-күйді реконструкциялауға еш қатысы жоқ екенін, тіптен компаративистиканың айналысатын мәселесі емес екенін баса айтады. Сондықтан да Э.А.Макаев, Г.А.Климов, В.К.Журавлев, В.П.Нерознак зерттеулерінде тектілді жаңғарту мәселесі мен глоттогенез арасына шектеу қою қажеттілігіне айрықша мән беріледі<sup>1</sup>.

Тілдің тектілдік қалып-күйін қайта жаңғырту, қалпына келтіру этногенез мәселесімен тікелей байланысып жатады. Әсіресе, ХХғ. 70 жылдары бой көрсеткен антрополог В.П. Алексеевтің эт-

<sup>1</sup> Макаев Э.А. Общая теория сравнительного языкознания. – М., 1977; Климов Г.А. Введение в кавказское языкознание. – М., 1986; Журавлев В.К., Нерознак В.П. Проблемы реконструкции праязыкового состояния // Slavica XVIII. – Debrecen, 1981.

ногенетикалық шоғыр туралы теориясының орны ерекше. Ол этногенетикалық шоғыр ұғымына: «шығу тегі бір халықтардың өзара бірігуінің кез келген формасы» деген анықтама береді<sup>1</sup>. Этногенетикалық типология аясында қалыптаса бастаған этногенетикалық туыстастық теориясы тілдердің шығу тегіне байланысты А.Шлейхердің туыстастық ағашы теориясын еске салады.

В.П.Алексеев этногенетикалық шоғырды оны құраушы халықтардың туыстық жақындығына байланысты этногенетикалық ағаштар мен этногенетикалық түптерге бөледі. Ол этногенетикалық түптерді «одан әрі бөлінбейтін құрылымсыз және аморфтық бірлестік» ретінде анықтайды, ал құрылымдық тұрғыдан іштей жіктелетін бірлестіктер қатарына этногенетикалық бұтақтар мен этногенетикалық бағананы жатқызады. Этногенетикалық бұтақтар ұғымына «шығу тегі бір халықтар тобы» деген анықтама бере отырып, В.П.Алексеев: «егер бұтақтар арасында туыстық жақындық анықталған жағдайда олар өзара этногенетикалық бағанаға бірігеді» – деп біледі<sup>2</sup>

Этникалық топтардың (ру, тайпа, ұлыс, этнос, ұлт, халық) шығу тегіне және өзара туыстық байланысына қатысты болып келетін этногенетикалық бағананы қалпына келтіру, қайта жаңғырту проблемасы лингвистикалық деңгейде алыс туыстықты айқындауға тікелей қатысы бар мәселе. В.П.Нерознак ретроспективтік реконструкцияда «этногенетикалық бағаналар» ұғымы тектілік макросемьялармен, этногенетикалық бұтақ ұғымы белгілі бір тілдер семьясы үшін ортақ пішін, бірыңғай түр-түрпат ретінде көрініс беретін тектілмен өзара байланыста болып келетінін айтады<sup>3</sup>.

Сайып келгенде, этникалық бірлестіктердің типтері мен түрлерінің құрылымдық таксономия (этнос, этникос т.б.) және кеңістік шеңберінде таралу (этникалық аймақ, аудан, ауыл т.б.) тұрғысынан жете зерттеле бастауы, сондай-ақ этникалық бірлестіктердің о бастағы тектік түрпатын қайта қалпына келтіруге

<sup>1</sup> Алексеев В.П. Этногенез. – М., 1986. – С. 88.

<sup>2</sup> Алексеев В.П. Этногенез. – М., 1986. – С. 72.

<sup>3</sup> Нерознак В. П. Праязык: реконструкт или реальность? // Сравнительно-историческое изучение языков разных семей. Теория лингвистической реконструкции. – М., 1988. – С. 26-43.

қатысты қолданылатын этногенетикалық бағыналар, түптер, бұтақтар т.б. ұғымдардың этнография саласында кеңінен қолданыла бастауы этнографияда лингвистикалық теорияларға ден қоюшылықтың бар екенін көрсетеді.

Халықтың этникалық қалыптасу тарихы мен сол халық сөйлейтін тілдің тарихы өзектесіп, бірге өріледі десек, алтайлық халықтардың әрқайсысының этногенезі мен алтай семьясын құрайтын әрбір тілдік бұтақтар мен тілдік топтардың, тілдік топшалар мен олардың құрамындағы жеке тілдердің қалыптасу тарихы арасындағы байланысты зерттеу – тарихи-лингвистикалық деректерге негізделген терең этимологиялық талдауларды қажет ететін айрықша ауқымды да күрделі мәселе екені сөзсіз.

«Этнос пен этнос тілі тарихи бір мезгілде, бір географиялық ортада және белгілі бір әлеуметтік жағдайда қалыптасатынын ескерсек, тілдік факторлар этностың халық болғанға дейінгі және одан кейінгі тарихын айқындауға қажет»<sup>1</sup>, ал тарихи факторлар тілдердің тектестігін, тарихи өзара байланысын, қарым-қатынасын, бір-бірімен араласуын, бір-біріне тигізген ықпал-әсерін анықтауға қажет дереккөз қызметін атқара алатынымен құнды.

Алтай семьясын құрайтын түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур, жапон, корей тілдерінің әрқайсысының базистік лексикасында сақталған жалпыалтайлық сөздер мен сөз тұлғаларынан тыс, алтайлық ономастикалық кеңістіктің жалпы сипатын танытатын этнонимдер, антропонимдер мен топонимдер, алтайлық ареалдың өлкелік ерекшелігін сипаттайтын диалектизмдер, жер-жерді мекендеген ру-тайпалардың, ұлыстар мен ұлттардың ата кәсібіне қатысты қалыптасқан кәсіби лексика, алтайлық ареалда сақталған жазу-сызу түрлері мен жазба ескерткіштер – осылардың бәрі де алтайлық этногенетикалық қауымдастықтар пен олардың тілдерінің қалыптасу тарихынан мол мағұлмат беретін тарихи-лингвистикалық деректер болып табылады.

Алтайлық халықтардың этникалық қалыптасу тарихы мен олардың тілдерінің тарихы арасындағы сабақтастық «тілдік ата жұрт» туралы ғылыми түсінікке, яғни этнос (ру, тайпа, ұлыс, ұлт, халық) және оның тілі ең алғаш пайда болған тарихи-географиялық

<sup>1</sup> Қайдаров Ә.Т. Қазақ тілінің тарихи лексикологиясы: проблемалары мен міндеттері // Қазақ тілінің өзекті мәселелері. - Алматы, 1998. - Б. 52.

орта – «алтайлық атамекен» туралы ұғымға жетелейді. Түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур, корей және жапон тілдерін біріктіретін макротілдік топтың «алтай» аталуының өзі осы семьяға жататын тілдердің шыққан жері – атажұрты Алтай болғанын меңзейді. Дейтұрғанмен қазіргі Солтүстік Қытай, кезінде Хун-шань мәдениетінің ошағы болған Маньчжурия территориясын алтай халықтарының түпкі мекені санау да орын алады. Мәселен, белгілі фин ғалымы Юха Янхуненнің пікірі бойынша, барлық алтай тілдері о баста Маньчжуриядан шықты. Корей түбегіне арғыжапон және арғыкорей (протокорей) тілдерінің таралуын Маньжуриямен байланыстыра отырып, Юха Янхунен<sup>1</sup>: «Корей түбегінде қатарласа өмір сүрген когуре және силла тілдерінің біріншісі генетикалық тұрғыдан ертежапон тіліне, ал силла тілі арғыкорей тіліне жақын болды. Осылайша корей тілінде жапондық субстрат қалыптасты» – дейді

Алтаистикада «алтайлық атажұрт» ұғымына қатысты «б.з. дейін Алтайды (Солтүстік Қытайды) Пазырық мәдениетін ұстанған үнді-еуропалық тайпалар мекендеді, ал алтайлықтар Сібірді б.з.д. II ғ. глазов мәдениеті тұсында игере бастады» деген пікірмен қатар, «Алтай-Саян таулы қыраттары, Енисей және Лена өзендері, Байкал көлі сияқты ірі-ірі су тораптары енетін Сібір өлкесін алтай халықтарының төл мекені, ата жұрты» – деп тану да орын алады.

«Тілдік атажұрт» ұғымы лингвистер мен тарихшылар тарапынан зерттеудің ғылыми ұғымдық аппаратына «уақыт пен кеңістік шеңберінде өзгеріске ұшырап отыратын тілдік жағдаят», «тілдің өмір сүруінің лингвоэкологиялық ортасы және лингвотарихи отан» ретінде ендірілгенімен, шынайы әрі заңды тарихи-лингвистикалық фактор тұрғысынан ғылыми дәйектемесі жеткіліксіз концепция болып саналады. Сондықтан да тек алтай тілдерінің ғана емес, үнді- еуропа, славян (висло-одер, карпат, днепр, дунай), грек (кіші азия, балкан) т.б. тілдердің «атажұрты, шыққан мекені» туралы концепцияларда да бір-біріне кереғар, бірін-бірін жоққа шығаратын пікірлер орын алады<sup>2</sup>.

<sup>1</sup> Great S. Altaic languages //http://Community. Livejournal.com/terra linguarum. 03. 08. 2005.

<sup>2</sup> Нерознак В. П. Праязык: Реконструкт или реальность? // Сравнительно-историческое изучение языков разных семей. Теория лингвистической реконструкции. – М., 1988. – С. 26-43.

**§ 4. Алтаистиканың концептуалдық-ұғымдық аппараты:  
«тілдік одақ» ұғымы және тілдераралық қарым-қатынас  
мәселесі**

Алтай тілдеріндегі конвергенттік типологиялық және тілдераралық қарым-қатынастың нәтижесінде пайда болған материалдық ұқсастықтардың пайда болу себептерін айқындау, алтай тілдері арасындағы типологиялық немесе материалдық жақындықтың бастау көзін анықтау – тарихи алтаистиканың өзекті мәселелерінің бірі. Бұл мәселе, өз кезегінде, Еуразияның аридтық алабында (шығыста Үлкен Хинганнан батыста Волганың төменгі сағасына дейін созылған) және Ұлы Даланың солтүстігі мен оңтүстігіндегі іргелес территорияларда таралған, генетикалық тұрғыдан туыстас та, туыс емес те сан алуан тілдерді қамтитын Орталық Азия ареалының лингвистикалық келбетін сипаттайтын ұғымдардың бірі «тілдік одақ» туралы ғылыми түсінікке барып саяды. Себебі Еуразияның далалық белдеуінде ертедегі тұрғындардың мыңжылдықтар бойына жалғасқан тілдік ареалдарының қалыптасу процесі жүрілді, Орталық Азияның тарихи тереңінде түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур, орал т.б. халықтардың қалыптасуына негіз болған көптеген тайпалық одақтар пайда болды.

Еуразияның далалық алабында дәстүрлі түрде алтай семьясына біріктірілетін түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур тілдерінің иран, тибет-син, орал және енисей-кет тілдерімен тығыз араласқұраластықтағы қарым-қатынасы жүзеге асты.

Орталық Азиядағы барлық тілдердің (қазіргі кезде белгілі) көпғасырлық және интенсивтік қарым-қатынастары, бір-біріне тигізген өзара әсер-ықпалы иран, түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур т.б. тілдердің құрылымында түбегейлі өзгерістердің пайда болуына жетеледі. Сондықтан түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур сияқты алтай тілдерінің өзара қарым-қатынасын, әсер-ықпалын, сондай-ақ олармен тарихи қарым-қатынасқа түскен орал (фин-угор және самоед), енисей, үндіиран, шығыс иран, син-тибет т.б. тілдердегі типологиялық ұқсастықтарды айқындау және



олардың пайда болу себептерін, бастау-арналарын, өзіндік сипаттарын лингвомәдени, лингвотарихи, лингводеректанымдық тұрғыдан дәйектеу қазіргі заманғы алтаистиканың басты міндеттері қатарына жатады. Бұл, ең алдымен, алтай тілдерінің әр бір тобындағы интерференция құбылысын (лат. *inter* «өзара», *ferio* «тиісу» – қостілділік жағдайындағы тілдердің бір-біріне әсері) және әртүрлі тарихи мерзімдегі кірмеліктің көлемін, орны мен хронотопын нақты анықтау үшін қажет. Осы тұрғыдан алғанда әртүрлі деңгейдегі құрылымдық-типологиялық параллельдер қатары түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур тілдеріне және олардан географиялық тұрғыдан сәл алшақ жатқан фин-угор, кеңірек алғанда орал тілдеріне, сондай-ақ жеке-дара оқшау жатқан корей және жапон тілдеріне қатысты *тілдік одақ* ұғымын қолдануға мүмкіндік береді<sup>1</sup>.

Егер «Шлейхер парадигмасы» деп аталған «туыстастық діндегі – шежіре ағаш» туралы теория тілдердің генеалогиялық классификациясын жасауда, тілдерді туыстық жақындығына қарай топтастыруда негізге алынған болса, ареалдық тығыз қарым-қатынастар нәтижесінде тілдердің жақындасуы, бір-бірімен араласуы, бір-біріне кірігуі, соның негізінде тілдік топтардың пайда болуы мүмкін екені туралы Н.С. Трубецкойдың «аллогенетикалық теориясы» тілдік қауымдастықтың, тіл бірлестігінің жаңа типі – *тілдік одақ* туралы ұғымның туындауына негіз болды.

Н.С.Трубецкойдың пікірінше, тілдерді генетикалық тұрғыдан бір тілдік бірлестікке біріктірудің сыртында, ұзақ мерзімге созылған көршілік қарым-қатынастар мен жеке дара қатарласа, жарыса (параллель) дамудың нәтижесіндегі ұқсастықтарға қарап топтауға болады. Ол мұндай генетикалық ұстанымға негізделмеген тілдік топтарды «тілдік одақ» деп атауды ұсынады.

«Ареалдық тілдік қауымдастық» деп те атауға болатын тіл бірлестігінің жаңа типін айқындай отырып, Н.С. Трубецкой тілдік одақтар жекелеген тілдер арасында ғана емес, ірі-ірі тілдік макротоптар (семья) арасында да болатынын, генетикалық тұрғыдан жақын емес тілдік семьялардың өзі бір географиялық және

<sup>1</sup> Туймебаев Ж.К., Егоров Н.И., Чеченов А.А. Актуальные проблемы исследования языков Центральной Азии. Туранский языковой союз. – Кокшетау: «КТУ», 2009. -108 стр.

тарихи-мәдени зонада түйісуі, қиысуы, соның негізінде тілдік семьялар одағы пайда болуы мүмкін екенін айтады<sup>1</sup>. Демек ХХ ғасырдың 80-90 жылдарынан алтай тілдеріндегі ұқсастықтарды, сәйкестіктерді, ортақтықтарды ареалдық құбылыстармен, тектілдің аралас сипатымен, яғни тілдік одақпен түсіндіру орын ала бастады десек, ол идеяның қайнар көзі ХХ ғ. басында айтылған Н.С.Трубецкойдың аллогенетикалық теориясы, яғни тілдік одақ туралы пікірінде жатыр деуге болады.

Қазіргі заманғы лингвистикада «тілдік одақ» – белгілі бір географиялық кеңістіктегі тілдердің бір-бірімен көп замандар бойы үзіліссіз және үздіксіз жалғасқан интенсивті қарым-қатынастарының, конвергенттік дамуының нәтижесінде пайда болған ареалдық-тарихи тіл бірлестігінің типі тұрғысынан анықталады. Ареалдық тілдік ортақтастықтың ерекше типі ретінде *тілдік одақ* тілдік жүйенің дыбыстық, морфологиялық, синтаксистік, стилистикалық, дискурстық деңгейлеріндегі ұқсастықтардың, сонымен қатар лексика және фразеологиядағы белгілі бір ортақтықтардың жиынтығымен сипатталады. Басқаша айтқанда, *тілдік одақ* және ол тәріздес ареалдық тілдік топтар генеалогиялық тұрғыдағы *тілдік семьялармен* салыстырғанда екіншілік құрылым болып табылады.

Генетикалық туыстас тілдер тобына, тілдік семьяларға тән заңдылық болып табылатын тарихи-фонетикалық сәйкестіктер ареалдық тіл бірлестіктері үшін міндетті болып саналмайды. Тілдік одақтар құрамына әртүрлі тілдік семьяларға жататын туыс емес тілдер де, әртүрлі генетикалық жақындықтағы туыс тілдер де енеді. Сондықтан да тілдер тобының бұл типінің табиғаты о бастағы генетикалық туыстастықпен емес, тілдердің өзара жақындасуы құбылысымен, әу бастағы гетерогенді идиомдардың конвергенцияға ұшырауымен, Р.О.Якобсон сөзімен айтқанда «тілдердің туысқандай болып кетуімен» түсіндіріледі.

Тілдік одақтар өте ертеден немесе тарихи белгілі бір дәуірлерден қазіргі кезге дейін жалғасып келе жатқан әр алуан типтегі тілдік және этникалық контактілердің белсенді үдерістерінің нә-

<sup>1</sup> Трубецкой Н.С. Вавилонская башня и смешение языков // Евразийский временник. -Берлин, 1923. Кн. 3. – С.114.

тижесінде қалыптасады. Шығу тегіне қарай әртүрлі тілдік семьялар мен тілдік топтарға, топшаларға топтастырылатын тілдерді *тілдік одақтарға* бірігуге жетелейтін конвергенция тек өте тығыз тілдік және этномәдени қарым-қатынастар барысында жүзеге асады. Сондықтан да *тілдік одақтар* ол одаққа кіретін әртүрлі тілдердегі ортақ элементтерді, сонымен қатар әртүрлі тілдерде сөйлейтін халықтардың рухани және материалдық мәдениетінің төлтума болмысын танытатын белгілердің жиынтығынан тұратын әр ареалға тән өзіндік ерекшеліктерді де қамтиды.

Алтаистика ғылымындағы неоалтаистикалық бағыт өкілдері Орталық Азиядағы бірқатар тілдер мен тілдік семьялардың мыңжылдықтар бойына жалғасқан қарым-қатынастарының барысында, перманенттік конвергенцияның нәтижесінде пайда болып, тарихи қалыптасқан этнотілдік қауымдастықты атау үшін «Тұран тілдік одағы» деген терминді қолдануды ұсынады. «Тұран тілдік одағы» мәселесі зерттеудің салыстырмалы-тарихи, салғастырмалы-типологиялық, ареалдық-географиялық әдіс-тәсілдерін тіл фактілерін талдаудың контактологиялық амалдарымен тоғыстыруды қажет ететін күрделі лингвистикалық нысан екенін айтады.

Тұран тілдік одағының қалыптасуына жетелеген шешуші факторлар ретінде:

1) иран, түркі, моңғол тілдерінің тарихи ұзақ уақытқа созылған өзара, сонымен қатар син-тибет, урал және т.б. тілдермен қарым-қатынастарын, ықпал-әсерлерін;

2) бір-бірімен қарым-қатынасқа түсуші тілдердің әу бастағы типологиялық ұқсастықтары мен генетикалық тектестігін;

3) этномәдени, шаруашылықтық-экономикалық және әлеуметтік-саяси сипаттағы тарихи жағдайларды;

4) тілдердің тарихи дамуына тигізетін терең субстраттық және үстіңгі адстраттық катализаторлардың әсерін атап көрсетуге болады<sup>1</sup>.

XXI ғ. басында алтаистикада «Тұран тілдік одағының» манифестациялануы және оның археология, тарих, тіл білімі ғылым-

<sup>1</sup> Түймебаев Ж.К., Егоров Н.И., Чеченов А.А. Актуальные проблемы исследования языков Центральной Азии. Туранский языковой союз. – Кокшетау, 2009.- С.13-14.

дарының интеграциясына, ареалдық, компаративтік, контактологиялық, контрастивтік бағыттағы зерттеулердің тоғысына негізделген перспективасының айқындалу себебін өткен ғасырлардағы ғылыми нәтижелерді сүзгіден өткізіп, алтаистикалық көзқарастар жүйесін концептуалдық тұрғыдан қайтадан бағамдауды қажет етіп отырған алтаистикалық заманауи проблемалармен түсіндіруге болады.

«Тұран тілдік (этнолингвомәдени) одағы» манифестациясы – Ресей, Қытай, Қазақстан, Моңғолия, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Әзербайжан, Түркия, Иран т.б. елдеріндегі шығыстанушы, алтаист, түрколог, моңғолтанушы, иранист т.б. мамандардың қызығушылығын тудырып отырған аса ауқымды ғылыми жаңа доктрина ғана емес, қазіргі заманғы этностараралық, тілдераралық, діндераралық қарым-қатынастардағы өзара ықпалдастық пен ынтымақтастық, мәмлелерлік пен келісімге келушілік мәселелеріне тікелей қатысы бар көптеген өзекті мәселелерді қарастыруды діттейтін ғылыми жоба. Себебі әртүрлі тілдер мен әрқилы мәдениеттер арасындағы қарым-қатынастардың қалыптасу заңдылықтары мен нәтижелерінің тарихи түп-тереңіне үңілу – Еуразия құрлығында орналасқан елдерде қоғамдық-саяси және азаматтық көзқарастар жүйесін қалыптастыруға ат салысатын, мемлекеттік тіл саясатын жүргізетін, мемлекеттераралық қарым-қатынастарды жүзеге асыратын дипломат, саясаткер, аймақтанушы, дінтанушы т.б. мамандар үшін маңызды мәселе екені сөзсіз.

Қорыта айтқанда, «Тұран тілдік одағы» манифестациясы ХХІ ғ. алтаистика ғылымының алдына Қаратеңіз, Қырым және Кавказдан басталып, батысында Еділдің орта сағасы, Орталық Азия және Ауғанстан территориялары арқылы Сібірге және Моңғолияға ұласатын, онан әрі шығыста Тибетке дейін жалғасып жатқан Орталық Еуразияның әртүрлі регионьында тарихи әрқилы дәуірлерде орын алған және қазірде интенсивті жүріліп отырған этнотілдік және мәдени контактілердің көне және қазіргі заманғы типтерін интердисциплинарлық деңгейде кешенді зерттеу міндетін қояды.

## § 5. Салыстырмалы-тарихи алтай тіл білімінде қолданылатын басты әдіс-тәсілдер

Салыстырмалы-тарихи тіл білімі – тіл дамуының тарихи заңдылықтарын, тілдердің генетикалық және тарихи өзара байланысын, әлемнің лингвистикалық картасының қалыптасу жолдарын, халық тарихын оның тілінің тарихымен ұштастыра зерттейтін іргелі ғылым саласы. Оның аясына лингвистикалық түркология, моңғол компаративистикасы, тұңғыстану және маньчжуртану, жапонтану және корей тіл білімі сияқты жеке ғылым салалары да, осы ғылым салаларын бір арнаға тоғыстыратын салыстырмалы-тарихи алтай тіл білімі де енеді.

XIX ғ. алғашқы жартысында Ф.Бопп, Р.Раск, Я.Гримм, А.Х.Востоков, В.Гумбольдт, А.Кун, О.Шрадер, О.Бетлинг, П.Шафарик, А.Шлейхер, Ф.Миклошич т.б. ғалымдардың іргелі зерттеулері арқылы қалыптасып, дүниежүзілік ауқымда қарқынды дамуға бет бұрған салыстырмалы-тарихи тіл білімінің келелі табыстары, сондай-ақ XIX ғасырдың 70-80 жылдары бой көтерген жасграмматизм бағыты өкілдерінің жетістіктері туыстас тілдердегі параллель элементтер арасында немесе жеке тілдегі белгілі бір элементтің әртүрлі тарихи қалып-күйлері арасында заңды түрде қайталанатын дыбыстық сәйкестіктерді қамтитын «дыбыстық заңдылық» ұғымын туыстас тілдерді зерттеуде қолданатын қатаң ғылыми-әдіснамалық тұғырға айналдырды. Дыбыстық заңдылық ұғымына негізделетін салыстырмалы-тарихи әдіс үнді-еуропа тілдерінің тілдерінің салыстырмалы-тарихи фонетикасы мен морфологиясының құрылымдық жүйесінің жасалуын және ол тілдердің сөз қоры құрамының ғылыми этимологиясын қамтамасыз етті<sup>1</sup>.

Үнді-еуропа тіл білімінің ізімен XX ғ. алғашқы ширегіне дейін алтай тілдерін зерттеуде негізінен салғастырмалы, кейіннен салыстырмалы әдіс қолданылып келген болса, XX ғ. екінші жартысынан алтаистикада зерттеудің басты әдіс-тәсілі ретінде классикалық салыстырмалы-тарихи әдіс орнықты. Бұған тілдің эволюциялық дамуы және оның тарихилығы мәселелерін көтеріп,

<sup>1</sup> Мельничук А.С. Проблематика реконструкции в сравнительно-историческом языкознании // Актуальные вопросы сравнительного языкознания. -Л.,1989. – С.21.

түркі тілдерін зерттеудің әдістемесін салыстырмалы-тарихи әдіспен жақындастырған В.А.Богородицкий, Е.Д.Поливанов т.б. орыс ғалымдарының зерттеулері зор ықпалын тигізді. Ал монголистикада салыстырмалы-тарихи әдістің кеңінен қолданыс табуы Г.Рамстедт, Б.Я.Владимирцов зерттеулерінен бастау алады.

Алтай тілдерінің (түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур, сондай-ақ жапон және корей тілдері) өзара байланысын, қарым-қатынасын зерттеуде, сонымен қатар тарихи-салыстырмалы алтай тіл білімі қалыптасуы мен дамуының өзегін құраған «алтай гипотезасын» тексеру мақсатында, алтай тілдерінің бір-біріне тигізген өзара әсер-ықпалының әртүрлі аспектілерін айқындауда зерттеудің негізгі әдістері ретінде салыстырмалы-тарихи, ареалдық және типологиялық әдістер кешені пайдаланылады.

Салыстырмалы-тарихи әдісті ғылыми зерттеудің басты құралы етіп пайдаланатын тарихи-генеологиялық бағыттағы салыстырмалы-тарихи тіл білімі, яғни компаративистика сипаттамалы тілдік базаны зерттеуші іргелі пәндердің (типологиялық лингвистика, ареалдық лингвистика) бірі болып табылады. Ол өзінің методикасы мен проблематикасы жағынан типологиялық және ареалдық лингвистикалық зерттеулерден мүлдем өзгеше болып келеді. Осы орайда Р.Якобсонның тұжырымдамасына жүгінетін болсақ: генетикалық әдіс тілдік туыстыққа, типологиялық әдіс негізінен тілдердегі изоморфизмге, ареалдық әдіс тілдік «тумаластыққа» яғни тілдердің «жақындасу, жанасу, кірігу» процесіне қатысты болып келеді<sup>1</sup>. Демек, ортақ бір генетикалық дәстүрден тарамдалуы барысында, яғни дивергенция құбылысының нәтижесінде пайда болған ұқсастықтарды зерттеудің лингвистикалық түсіндірмесі «тілдік семья» ұғымына, тілдердегі бір-біріне тәуелсіз, қатарласа дамудың нәтижесінде пайда болған ұқсас құбылыстар «тілдердің типологиялық классы» ұғымына, ал тілдердің бір-бірімен қарым-қатынасқа түсуі, жанасуының нәтижесінде туындайтын конвергенттік процесс барысында қалыптасатын ұқсастықтар «тілдік одақ» ұғымына жетелейді<sup>2</sup>.

<sup>1</sup> *Якобсон Р.* Типологические исследования и их вклад в сравнительно-историческое языкознание // Новое в лингвистике. Вып. III. – М., 1963. – С.97.

<sup>2</sup> *Тронский И.М.* К вопросу о сравнительно-историческом методе в языкознании // Уч. зап. ЛГУ. №. 156. – Л., 1952. – С.17.

Салыстырмалы-тарихи әдіс жекелеген тіл семьялары мен туыстас тілдер тобының тектілдік қалып-күйін танытатын тілдік модельдерді қайта жаңғырту, ірі макротоптар мен туыстас тілдер тобының топшаларға, одан әрі жеке тілдерге бөліну процесі және олардың ары қарайғы дербес дамуын зерттеуде, сондай-ақ белгілі бір генетикалық тілдік бірлестікке енетін тілдердің салыстырмалы-тарихи сипаттамасын жасауда басты құрал қызметін атқарады. Оның құрамына: тіл бірліктерінің генетикалық шығу тегін айқындау; өзара салыстырылушы тілдердің әртүрлі деңгейлерінде орын алатын жүйелі сәйкестіктер мен сөзжасамның, сөз құрылымының қалыпты үлгіден ауытқуын (анамалия) анықтау; тектілдік тұлғаларды (архетип) модельдеу; тілдің бастапқы және аралық қалып-күйін жаңғырту, қалпына келтіру; тілдік құбылыстардың хронологиялық және кеңістіктегі таралымдық шегін (локализация) айқындау; осылардың негізінде тілдердің генеалогиялық классификациясын жасау және оны қайта қарау, өзгертулер мен толықтырулар енгізу амалдары енеді.

Қазіргі заманғы компаративистиканың әдіснамасы о баста бір ғана негіз тілден – тектілден тараған туыстас тілдердің тарихын зерттеуде қолданылатын салыстырмалы-тарихи әдіске негізделеді. Көптеген амал-тәсілдер жиынтығынан тұратын бұл әдістемелік инструментарий тілдік семьялардың даму тарихы туралы білім жүйесін салыстырмалы-тарихи грамматика түрінде қалыптастыруға қызмет етеді. Г.А. Климов салыстырмалы-тарихи әдістің құрамына енетін сан алуан амал-тәсілдердің ішінен ең бастылары қатарына мыналарды жатқызады: а) тілдік фактілерді генетикалық тұрғыдан теңдестіру; ә) тілдік туыстықты негіздеу; б) архетиптерді (тектілдік формаларды) жаңғырту; в) тілдік құбылыстарды хронологизациялау және локализациялау; г) тілдік семьяның салыстырмалы-тарихи грамматикасы жасалуының логикалық біртұтастығына қызмет ететін тілдерді генетикалық тұрғыдан топтастыру<sup>1</sup>.

Салыстыру тәсілі – тілді біртұтас жүйе тұрғысынан қарастыруға негізделеді, көбінесе туыс тілдер жүйесінің тарихи дамуындағы заңдылықтарды фонетика-фонологиялық және морфология-

<sup>1</sup> Климов Г.А. Основы лингвистической компаративистики. – М., 1990. – С.6.

лық деңгейлерде анықтауда, дәлірек айтқанда генетикалық тегі бір сөзтүрлендіруші формалар мен сөзжасам тәсілдерін, түбір морфемалар мен қосымшалар құрамындағы дыбыстар мен фонемаларды зерттеуде қолданылады. Салыстырудың негізіне әдетте ежелгі жазу дәстүрі бар тіл алынады. Мысалы, үнді-еуропа тілдері үшін санскрит тілі, түркі тілдері үшін – көне түркі тілі, моңғол тілдері үшін – көнемоңғол жазба тілі, маньчжур тілдері үшін – чжурчжэн жазба тілі, жапон тілі үшін – кандзи жазба тілі, корей тілдері үшін – ха гыль, ханчча жазба тілі. Көне жазба ескерткіштерінің сыртында осы күнгі тілдер мен диалектілердің мәліметтері де тіл тарихын зерттеуде фактологиялық материалдар қызметін атқара алады.

Салыстырмалы-тарихи әдіске сүйенетін тарихи-генетикалық зерттеулердің нақты нәтижелері салыстырмалы-тарихи, салыстырмалы және тарихи грамматикалар, сонымен қатар тарихи және этимологиялық сөздіктер түрінде жарық көреді.

Салыстырмалы-тарихи зерттеу ретроспективтік, яғни тілдің қазіргі күйінен бастапқы күйіне қарай, немесе проспективтік, яғни тілдің бастапқы күйінен қазіргі күйіне қарай екі түрлі бағытта болуы мүмкін. Бұл бағыттардың қай-қайсысы үшін тілдің бастапқы және аралық күйін танытатын тілдік модельдерді жаңғырту, қалпына келтіру, сондай-ақ туыстас тілдердің байырғы сөздік қорларына ортақ тіл бірліктері ретінде әбден сіңісіп, кірігіп кеткен тым ерте дәуірлердегі, немесе көне замандардағы кірме элементтерді айқындау және олардың таралуын шектеу – ең көкейтесті мәселелер болып саналады.

Үнді-еуропа компаративистикасының тәжірибесі салыстырмалы-тарихи зерттеулерде сөзжасамдық және сөзтүрлендіруші деңгейлер арасындағы тарихи қатынастарды ескеру қажеттігін көрсетеді.

Салыстырмалы-тарихи әдіс туыстас тілдердегі сөздер мен формаларды диахрондық теңдестіруде қолданылатындықтан, оған қосымша тәсіл ретінде сөздер мен формативтерді этимологиялық тұрғыдан талдауды пайдалану қажеттігі туындайды.

Компаративистиканың даму тарихында салыстырмалы-тарихи әдісті типологиялық, квантативтік, филологиялық, модельдеу,



контрастивтік, ареалдық-географиялық т.б. көптеген әдістермен тоғыстыру арқылы тілдердің о бастағы бір негіз тілден тарамдалуы мен диалектілік мүшелену барысын қайта жаңғырту және тіл бірлестігін құрайтын тілдер арасындағы ареалдық байланысты анықтау тәжірибесі орын алады.

Салыстырмалы-тарихи алтай тіл білімінде тілдік талданымға түсетін фактологиялық материалдардың арқауын қазіргі тілдер, көне жазба ескерткіштер тілі, диалектология, топонимия, этнонимияға қатысты материалдар, сонымен қатар туыс емес тілдердің мәліметтері құрайды.

Көне тілдер және фин-угор, семит-хамит, үнді-еуропа тілдерінде, сонымен қатар маньчжур, моңғол сияқты алтайлық тілдерде кездесетін түркілік кірмелікке, немесе керісінше, түркі тілдеріндегі араб, парсы, славян, моңғол т.б. кірме элементтерге қатысты жинақталған арнайы әдебиетке жүгіну де алтай тіл ортақтығына тән тілдік құбылыстардың реконструкциясын жасауға және шартты түрдегі хронологиясын нақтылауға мүмкіндік береді.

Орал және алтай тілдері семьяларына, сондай-ақ ностратикалық тілдік қауымдастыққа енетін тілдердің материалдарын пайдалану түркітану мен моңғолтануда, тұңғыстану мен маньчжур тіл білімінде, жапонтану және корейтануда тіл-тілдің тектілік және аралық кезеңдердің хронологиялық тереңдігін анықтауға; тектілікке барып саятын тілдік құрылымдар мен әрбір тілдің жеке дара дамуы барысында пайда болған тілдік құрылымдар арасына қатаң шектеу қоюға; тілдік құбылыстардың типологиялық ерекшеліктерін анықтауға белгілі дәрежеде өз ықпалын тигізеді.

«Салыстырмалы-тарихи зерттеулердің әдіс-тәсілдері мәселелері түркологияда аса маңызды. Мұнда негізінен көне формаларды анықтаудың критерийлерін тоқтатуға, жаңғыртылған архетиптерді бір хронологиялық жазықтықта орналастырудың амалдарын табуға, дыбыстардың, сөздердің, формалардың пайда болуының шартты түрдегі хронологиялық әдісін жетілдіруге, жаңадан пайда болған тілдік құбылыстардан көне реликтілік құрылымдарды ажыратуға, тілдік жүйедегі бұрыннан келе жатқан төл ерекшеліктерді анықтауға және оларды басқа тілдердің әсерімен

пайда болған ерекшеліктерден шектеуге айрықша назар аударылып отыр» – дей келіп, Н.З. Гаджиева салыстырмалы-тарихи бағыттағы зерттеулерде салыстырмалы-тарихи, типологиялық және ареалдық әдістерді кешенді пайдаланудың нақты ғылыми нәтижелерді қамтамасыз етудегі мүмкіндігі ерекше екенін атап көрсетеді. Ол: «Бір-біріне жақын және алыс туыстық қатысы бар тілдердің, сондай-ақ тарихи дәуірлерде өзара қарым-қатынасқа түскен тілдердің типологиялық ерекшеліктерін айқындауға бағытталатын типологиялық талдау салыстырмалы грамматиканың әртүрлі мәселелерін зерттеуде кеңінен пайдаланылады. Тілдік топтарға және бірнеше тілге тән типологиялық ерекшеліктер сол тілдер барып саятын негіз тілдің – тектілдің типологиялық қасиетінің жалғасы саналады. Сондықтан типологиялық талдаудың туыстас тілдер материалдарына негізделуі тектілдік архетиптердің хронологиясын болжауға, тектілдің тым көне және ертеректегі қалып-күйін айқындауға белгілі дәрежеде септігін тигізеді» – дейді<sup>1</sup>.

Тарихи-генетикалық әдістің көмегімен тұтас жүйе оның құрылым-құрылысы емес, тілдік жүйенің элементтері ғана генезис тұрғысынан біржақты салыстырылады және олардың қазіргі тіл жүйесіндегі функциясы ескерілмейді. Тілдердің тарихилығына негізделетін генетикалық әдіс бір тілдік семьяға енетін, ортақ бір тектілден өрбіген туыстас тілдердің элементтерін салыстыруға мүмкіндік бергенімен, тұтас тілдік жүйелердегі типтік ұқсастықтарды, сондай-ақ сол тілдердің басқа да тілдермен болған қарым-қатынасының нәтижесін жан-жақты, толық ашып көрсете алмайды. Осы орайда типологиялық зерттеулердің кейбір нәтижелері тілдер туыстығын зерделеуде белгілі бір алдын алушы межелік қызмет атқарып, қазіргі заманғы компаративистиканың тәжірибелерінде алыс реконструкцияларда, яғни төркіндес тілдердің материалдары бойынша тек тұлғаны қалпына келтіру ісінде салыстырмалы-тарихи қайта жаңғыртудың тұғыры ретінде қолданылады<sup>2</sup>.

<sup>1</sup> Гаджиева Н.З. Актуальные вопросы тюркского сравнительно-исторического языкознания // Актуальные вопросы тюркского сравнительного языкознания. – Л., 1989. – С. 173.

<sup>2</sup> Актуальные вопросы тюркского сравнительного языкознания. – Л., 1989. – С.7.

Салыстырмалы-тарихи зерттеулерде типологиялық түрленімдер мен тілдік универсалия әдісін пайдаланудың маңызы зор. Өйткені жекелеген әлем тілдерінде сол тілдің өзіне ғана тән ерекшеліктерінің сыртында барлық тілдер үшін типологиялық ортақ құбылыс болып саналатын тілдік процестер мен заңдылықтар орын алады<sup>1</sup>.

Лингвистикалық компаративизмнің бір саласы болып табылатын лингвистикалық типологияның басты мақсаты – тілдердің құрылымдық және функционалдық қасиеттерін олардың арасындағы қарым-қатынастың генетикалық сипатына еш тәуелсіз салғастырмалы-салыстырмалы тұрғыдан зерттеу. Тілдер типологиясы тарихи-генетикалық тіл білімінен онтологиялық (зерттеу пәнінің сипатына қарай) және эпистемологиялық (зерттеудің ұстанымдары мен амал-тәсілдеріне қарай) тұрғыдан түбегейлі айырмашылықта болып келеді. Лингвистикалық типология үшін тұрпат және мағына жағынан бірдей түсіп жататын сәйкестіктерді іздестіру маңызды емес, ол тілдерді тек тұрпат меже тұрғысынан немесе тек мазмұн меже тұрғысынан ғана салғастырумен шектеле алады.

Тілдертипологиясы тілдік жүйенің біртұтастипологиясы және тілдік кіші жүйелердің типологиясы болып екіге ажыратылады. Кіші жүйелер типологиясы негізінен фонологиялық, морфологиялық және синтаксистік жүйенің әр түрлі аспектілерін қарастырады. Әрбір тілдік типте басымдылыққа ие жалпы сипат және қандай-да бір өзгеріске бейімділік қасиет болады.

Зерттеудің мақсатына қарай типология инвентаризациялық (типтік құбылыстарды түгендеу және тексеру), импликациялық (айқын емес), таксоманиялық (жүйелеу), квантативтік (сапалық белгілердің статистикалық қалпына қатысты) болып бөлінеді. Тілдің типтік белгілерінің белгілі бір уақыт аралығында түгелдей өзгеру эволюциясын зерттейтін тарихи типология типологиялық сипаттамалар және генетикалық туыс тілдер семьясы (тілдік топтар) арасында корреляциялардың (өзара қатыстылық, өзара байланыс) болу мүмкіндігін қарастырады.

<sup>1</sup> Поливанов Е.Д. Введение в языкознание для востоковедческих вузов. -Л., 1928; Серебренников Б.А. О лингвистических универсалиях // Вопросы языкознания, 1972. №2. -С. 3-16.

Ареалдық лингвистика – тілдік құбылыстардың кеңістіктегі таралуын, тілдераралық және диалектілераралық қарым-қатынасты зерттейтін лингвистикалық компаративизмнің саласы. Оның басты мақсат-міндеттері аясына: тілдік құбылыстардың таралу шегін изоглосстар шоғыры негізінде анықтау арқылы тілдер мен диалектілердің шет-шекарасын географиялық картаға түсіру; тілдік одақтардың және тектілдің диалектілерінің таралу ареалын анықтау; тілдік одақ шеңберінде қарым-қатынасқа түскен тілдердегі типологиялық корреляттарды анықтау; нақты бір тілдің көне диалектілік бөлінісін айқындау; белгілі бір аймақ ауқымында өзара қарым-қатынасқа түскен тілдердің ареалдық сипаттамасын жасау; тілдік қарым-қатынастың заңдылықтарын ашу; топонимикалық және гидронимикалық ареалдарды белгілеу; ареалдық байланыстағы субстраттардың рөлін анықтау; территориялық тұрғыдан бір-бірімен жақын жанасушы тілдердің этнолингвистикалық және әлеуметтік лингвистикалық типологиясын жетілдіру сияқты мәселелер енеді. Ареалдық зерттеулердің нәтижелері лингвистикалық және диалектологиялық атластарда көрініс табады.

Лингвистикалық география – ареалдық лингвистикада қолданылатын басты әдіс болып саналады. Лингвистикалық география әдісі тілдік контактының, басқаша айтқанда тілдердің өзара қарым-қатынасының нәтижелерін табуға және ол нәтижелерді тектілдік реконструкцияларды түзетуде, жөндеуде қолдануға мүмкіндік береді. Сонымен қатар географиялық – ареалдық әдістің көмегімен әртүрлі бағыттағы диалектілік зоналар арқылы өтетін изоглосстарды айқындауға болады. Мәселен, түрікмен, салар, әзербайжан тілдеріндегі оғуз және қапшақ элементтерін; моңғол және тұңғыс-маньчжур тілдеріндегі түркизмдерді, түркі тілдеріндегі моңғол элементтерін; бір-бірінен алыс жатқан әртүрлі диалектілік топтардағы паралель түрленімдерді, нұсқаларды (модификация) т.б.

Диалектілераралық және тілдераралық изоглосстар біршама көне тіл бірлестіктерін, олардың арасындағы қарым-қатынасты және туыстық байланысты айқындауға мүмкіндік береді. Лингво-

географиялық, яғни ареальдық әдісті бір географиялық аймақта бір-бірімен тығыз қарым-қатынасқа түскен жақын туыс тілдердегі, алыс туыстық байланыстағы, тіптен, мүлдем туыс емес тілдердегі құбылысты зерттеу үшін де пайдалануға болады. Соңғы кездері диалектология саласында біртұтас тілдік массивтер мен жеке жүйелерді анықтау үшін лингвогеографиялық әдіске жататын инструменталдық тәсіл қолданыла бастады.

Лингвистикалық компаративизмнің жаңа саласы контрастивтік лингвистикада екі немесе бірнеше тілдерді өзара салғастыра отырып, олардың құрылымдық деңгейлерінде орын алатын ұқсастықтар мен айырмашылықтарды айқындау; туыс емес тілдерді типологиялық тұрғыдан топтастыру; ана тілмен салыстыру арқылы жат тілдің өзгешелігін бағамдау мақсаты көзделеді және мұнда салғастыру негізінен синхрондық бағытта жүріледі. Контрастивтік лингвистикада дәстүрлі грамматика мен фонетиканың, құрылымдық грамматиканың, фонология және лексикологияның, генеративтік грамматиканың амал-тәсілдері қолданылады.

Контрастивтік әдіс белгілі бір тілдің фонологиялық және морфологиялық, лексика-семантикалық, сөзжасамдық жүйесіне сол тілмен қарым-қатынасқа түскен туыстас немесе төркіндес, я болмаса құрылым-құрылысы мүлдем бөтен тілдерден енген кірме элементтерді анықтауда тиімді саналады. Тіптен туыс тілдердің әрқайсысының және олармен тарихи кезеңдерде қарым-қатынасқа түскен әр түрлі тілдердің салыстырмалы-тарихи грамматикаларының мәліметтерін бір арнаға тоғыстырудың, әсіресе әр тілдегі кірмелікке қатысты лингвистикалық деректерді біріктірудің тектілдік формаларды айқындауда маңызы зор десек, тілдераралық контактологияның синхрондық бағыты екі немесе бірнеше тілдердің қазіргі кездегі қалып-күйін салыстыру мен салғастырудан бастау алары сөзсіз.

Белгілі бір аймақ ауқымында өзара тарихи қарым-қатынасқа түскен тілдерді салыстыру-салғастыру барысында олардағы типологиялық және материалдық ұқсастықтарды айқындаумен шектелмей, ол ұқсастықтардың табиғатын, себеп-салдарын,

шығу тегін түсіндіру үшін салғастырмалы-типологиялық әдіс салыстырмалы-тарихи, яғни компаративтік, ареалдық-географиялық, контактологиялық әдіс-тәсілдермен ұштасуы, толықтырылуы және тереңдетілуі қажет<sup>1</sup>.

Салыстырмалы-тарихи әдісті типологиялық, ареалдық, контрастивтік әдістермен тоғыстыра отырып, түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур, сондай-ақ жапон және корей тілдерінің әрқайсысының фонологиялық, морфологиялық, лексикалық, синтаксистік жүйелерінің эволюциясын зерттеуге бағытталған этимологиялық ізденістер біртіндеп арғыалтайлық жүйені, әу бастағы жалпыалтайлық негіз тілдің элементтерін реконструкциялауға жетелейтіні сөзсіз.

## § 6. Реконструкция тәсілі – салыстырмалы-тарихи әдістің құрамдас бөлігі

Реконструкция (лат. *re-* «жаңғырту» мәніндегі қосымша, *constructio* құру) – тілдік құбылыстар мен формалардың тіл дамуының бұрынғы кезеңдері мен тектілдік күйіне тән түр-түрпатын, әртүрлі деңгейдегі жүйелік қатынастарын қайта жаңғырту үшін жеке тілдердің өз ішінде, тілдер тобы мен семьялар арасында қолданылатын тәсілдер жиынтығы. Тектілдік формалардың моделін жаңғыртудың негізінде туыс тілдердің тарамдала дамуына ұйтқы болған о бастағы негіз тілдің құрылымдық жүйесін қайта қалпына келтіру мәселесі қаншама көкейтесті болғанымен, «реконструкцияда көзделетін түпкі мақсат, негізгі мүдде – тіл жүйесіндегі тарихи өзгерістерді ашып көрсету, соның негізінде олардың бастапқы негіз тілге – тектілге қатысын айқындау; тіл деңгейлерін (диахрондық фонология, морфология, лексикология, синтаксис) тарихи сипаттау; тілдің эволюциялық дамуының жалпы теориясын жасау сияқты жалпы лингвистикалық проблемалардың шешімін табу болып табылады»<sup>2</sup>.

<sup>1</sup> Түймебаев Ж.К., Егоров Н.И., Чеченов А.А. Актуальные проблемы исследования языков Центральной Азии. Туранский языковой союз.-Кокшетау, 2009.- С.87.

<sup>2</sup> Қалиев Ф. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. -Алматы, 2005. – Б.261.

«Реконструкция үшін зерттеудің бастапқы сатысында көне тілдер мен ескі (архаикалық), яғни жорамал ретіндегі тектілдің қасиеттері, ерекшеліктері біршама сақталған деп саналатын тілдердің материалдары лингвистикалық талдаудың арқауына алынатын болса, кейіннен басқа да тілдердің фактологиялық материалдары талдауға түседі. Қажет жағдайда тілдік семьяның жекелеген бұтақтарының тектілдерін жаңғыртуға тура келеді. Зерттеу барысында тілдік құбылыстардың, тілдік формалардың ең көне тұрпаты туралы бұрынғы түсінік өзгеріп, соның салдарынан тектілдің моделін басқаша етіп, қайтадан құрастыру қажеттігі туындап отырады» – дейді алтаист-түрколог В.А.Дыбо<sup>1</sup>.

Салыстырмалы-тарихи әдістің құрамдас бөлігі саналатын *реконструкциялау* тәсілі фактологиялық тілдік материалдардың жеке тілдің өз ішінде, немесе жақын туыс тілдер аясында, я болмаса төркіндес тілдер ауқымында, тіптен гипотетикалық алыс туыстық қатыстағы тілдер шеңберінде қамтылуына қарай *ішкі және сыртқы* реконструкция, *алыс және жақын* реконструкция, сондай-ақ тіл деңгейлеріне қарай *фонологиялық* реконструкция, *морфологиялық* реконструкция, *семантикалық* реконструкция, *синтаксистік* реконструкция болып бөлінеді.

Белгілі бір тілдің даму тарихының әр түрлі кезеңдерін танытатын тіл фактілеріне, бір тілдің өз ішіндегі тіл бірліктерін салыстыруға негізделетін ішкі реконструкцияда бір тілдік факт екінші бір тілдік фактіге жетелейтін дереккөз қызметін атқарады. Мұнда тілдік құбылыстардың ассоциативтік байланысы ескеріледі, яғни диахрондық талдау үшін синхрондық талдау пайдаланылады. Әдістемелік тұрғыдан біршама қиыншылық тудыратын мәселелердің қатарына «тіл ортақтастығы» дәуірі мен «ортақ тілдің жеке тілдерге ыдырап, дамудың дербес жолына түсу дәуірлері арасындағы өзгерістерді анықтау жатады. Мұндай кездерде тектілдік ортақтықтың ерте кезеңдеріндегі қалып-күйі мен тектілдің дербес тілдерге ыдырау, бөлшектену қарсаңындағы күйін сипаттайтын аралық этаптарға, яғни «өліара кезеңдерге» назар аударған орынды. Тіл дамуының аралық этаптарын анық-

<sup>1</sup> Дыбо В. А., Пейрос И. И. Проблемы изучения отдаленного родства языков // Вестник РАН. – М., 1985. № 2. – С. 55-66.

тау ішкі реконструкцияның көмегімен жүзеге асырылады. Өйткені тіл-тілдегі «көнениң көзін», «қалдық, сарқыншақ» тұлғаларды, шағын парадигмалар мен ерекше құбылыстарды анықтап, оларды ерте кездердегі тілдік құбылыстармен байланыстыратын, сөйтіп жойылып, жоғалып кеткен тіл белгілерін жаңғыртуға мүмкіндік беретін *ішкі реконструкция* жеке, дербес тілдің тарихын қалпына келтірудің негізгі тәсілі болып табылады.

«Түркі тілдері ғана емес, сол сияқты кез келген тілдік топтың салыстырмалы-тарихи грамматикасын жасауда шешуші рөл атқаратын *сыртқы реконструкция* жақын туыс немесе туыстас, төркіндес тілдердегі гомогенді тіл бірліктерін өзара салыстыруға негізделеді. Мұндағы көзделетін мақсат – шартты түрде алғандағы ең көне форманы – архетипті анықтау және соның негізінде *тектілді*, немесе *негіз тілді* жаңғырту. Бұл өте көне заманаларға барып саятын тектілдің бірліктерін «тірілту» деген сөз емес, мұндағы мәселе онтологиялық категорияларды көрсететін модельдер туралы болмақ. Фонетикалық және грамматикалық жүйелердің қайсыбір бөліктерінің даму барысының біркелкі емес сипатына, сонымен қатар тілдік өзгерістердің қайталанып келетін тұрақты заңдылықтарына сүйенетін *сыртқы реконструкция тәсілі* тектілдің фонемдік және морфемдік құрамын гипотезалық тұрғыдан қайтадан қалпына келтіруге және оның қазіргі тілдердегі эволюциясын бағамдауға мүмкіндік береді» – дейді Э.Р.Тенишев<sup>1</sup>

Қазіргі компаративистиканың практикасында талданатын материалдардың сипатына қарай бір-бірімен сабақтастықта, бірін-бірі толықтыра отырып, кешенді қолданылатын лингвистикалық реконструкцияның *сыртқы реконструкция*, *ішкі реконструкция* және *филологиялық әдіс* сияқты үш тәсілінің базалық негіздері мен өзара айырмашылықтары туралы Г.А. Климов былай дейді: «Сыртқы реконструкция генетикалық туыстық байланыстағы бірнеше тілдер немесе диалектілер жүйелерінің фактологиялық мәліметтеріне сүйенетін болса, ішкі реконструкция біртұтас тілдік немесе диалектілік жүйеге негізделеді, ал филологиялық

<sup>1</sup> Тенишев Э.Р. О методах и источниках сравнительно-исторических исследований тюркских языков //Избранные труды. Книга первая. –Уфа, 2006.- С.22-23.



әдіс қандайда бір тілдің немесе диалектінің жазба ескерткіштерінің мәліметтерін арқау етеді»<sup>1</sup>.

Ішкі реконструкциямен салыстырғанда сыртқы реконструкцияның орындалу тетіктерінде қалыптасқан тіптік үлгідегі біркелкілік орын алады. Мәселен, ең алдымен, генетикалық туыстық жақындығы бар тілдердегі материалдық және мағыналық тұрғыдан ұқсас немесе сәйкес болып келетін бірліктер өзара салыстырлады және олардың материалдық ортақтығының жүйелі корреспонденциясы (дыбыстық сәйкестіктер, дыбыстардың бір тілде барлық позицияда сақталып, екінші тілде редукцияға ұшырауы, т.б.) айқындалады. Сонан соң салыстырылушы бірліктердің тұрпат межесі мен мазмұн межесіндегі қатыстылықтың хронологиясы белгіленіп, бастапқы архетип анықталады. Ал ішкі реконструкцияның сыртқы реконструкциядан айырмашылығы – оның орындалу амалдарының әртүрлі болып келетіндігінде. Басқаша айтқанда ішкі реконструкция тіл фактілерін сипаттауы жағынан екі басқа болып келетін әдістемелердің жиынтығынан, атап айтқанда, тіл құрылысының жойылған звеноларын жүйелі түрде қалпына келтіру әдістемесі мен тілдің құрылым- құрылысында сақталып қалған «көне дәуір іздерін», «қалдықтарды» талдау әдістемесінен құралады.

Көне жазба дәстүрі бар тілдерді зерттеу үшін тиімді саналатын *филологиялық әдіс* – ішкі реконструкция әдістемесінің бір түрі. Ол көбінесе тарихи жазба ескерткіштердің хронологиялық шектеулігіне байланысты тіл тарихын зерттеуде қолданылады. Әйтседе әртүрлі тарихи кезеңдерге жататын көне жазба мұралары бар тілдердегі архетиптердің хронологиясы мен кеңістіктегі таралу шегін біршама нақты анықтау үшін филологиялық әдіске салыстырмалы-генетикалық зерттеулер де жүгінеді. Мысалы, үнді-еуропа тілдерінің әртүрлі топтары үшін санскрит, көнепарсы және авест тілдерінде жазылған мәтіндерді талдаудың маңызы зор<sup>2</sup>.

Э.Р.Тенишев тектілдік форманы жаңғыртудың түркі тілдерінің тарихы үшін айрықша маңызын: «Тектілдік сұлбаны (схема) ре-

<sup>1</sup> Климов Г.А. Основы лингвистической компаративистики. М.: Наука, 1990.- С.10.

<sup>2</sup> Климов Г.А. Основы лингвистической компаративистики. М.: Наука, 1990.- С.83.

конструкциялаудың танымдық ғана емес, ғылыми-әдіснамалық маңызы зор. Ол жекелеген түркі тілдерінің тарихын зерттеуде бастапқы нүкте қызметін атқаруы керек. Тілдегі кез келген дыбыстың немесе тілдік форманың жалпы сипатын, дыбыстық немесе тұрпаттық өзгерістердің бағытын айқындау үшін олардың о бастағы көне қалып-күйін білу керек. Онсыз түркі тілдері тобына енетін қандай да бір тілдің тарихын зерттеу мүмкін емес» – деп атап көрсетеді<sup>1</sup>.

Архетиптердің (тектілдік формалардың) фонетикалық құрылысын жаңғырту арқылы тектілдің фонологиялық жүйесінің құрылымын қалпына келтіру мүддесі көзделетін фонологиялық реконструкция әдісі туралы Г.Хёнигсвальд былай дейді: «Шынын айтқанда, реконструктивтік әдісті қолданғанда, біздер нақты хаттамаға түсірілген фонетикалық жазбаға сүйеніп емес, еншілес тілдерде жүрілетін фонетикалық өзгерістердің нәтижесіне негіздеп, тектілдің фонемдік жүйесін сипаттаймыз»<sup>2</sup>.

Тектілдік фонологиялық жүйені қайта жаңғырту тілдераралық дыбыстық сәйкестіктердің фиксациясын жасаудан басталады. Фонологиялық реконструкция әдісі арқылы дыбыстардың тарихи алмасуларының, дыбыстық сәйкестіктер мен тарихи дыбыс өзгерістерінің себеп-салдарларын жақын туыс немесе туыстас, алыс төркіндес тілдераралық деңгейде, тіл дыбыстарының даму заңдылықтарына сай айқындауға, соның негізінде о бастағы тектілдік фонемнің дыбыстық қасиетін жаңғыртуға болады. Жаңғыртылған, қалпына келтірілген деп танылған архетиптердің дәйектемелік күшінің негізсіздігі, қисынсыздығы тілдің фонетикалық субстанциясында орын алатын объективті процестерді, яғни диахрондық сипаттағы фонетикалық заңдылықтарды ескермеуден туындайды.

Морфологиялық реконструкция әдісі – тектілдің морфологиялық жүйесін жаңғырту мақсатында қолданылады. Сөздің, сөз тұлғасының ішкі морфемдік құрылымын оның дыбыстық құрылымымен байланыста қарастыратындықтан, морфологиялық

<sup>1</sup> Тенишев Э.Р. О методах и источниках сравнительно-исторических исследований тюркских языков //Избранные труды. Книга первая. –Уфа, 2006.- С.18-22.

<sup>2</sup> Hoenigswald H.M. The principal step in comparative grammar // Language, 1950, vol. 26. №3. – P. 363-364.

реконструкция фонологиялық реконструкциямен тығыз байланысып жатады. Тектілдің морфологиялық жүйесін реконструкциялау оның әр элементінің белгілі бір грамматикалық семантика арқалауына байланысты, сондай-ақ «грамматикалық аналогия» деген жалпы атпен белгілі көптеген факторлардың морфологиялық жүйедегі өзара қарым-қатынасына қатысты біршама күрделі болып келеді. Тектілдің морфологиялық жүйесін жаңғырту барысында жекелеген морфемдерді реконструкциялауға ғана емес, сөзтүрлендіру мен сөзжасам парадигмасын да қайта келтіруге де айрықша назар аударылады.

Осы кезге дейін салыстырмалы-тарихи синтаксистің ең басты екі проблемасы – тектілдік синтаксистік жүйе және тектілдегі сөзтіркестері мен сөйлемдер жиынтығы, оларды реконструкциялау мәселесінде қалыптасқан ортақ бір пікір жоқ деуге болады. Сондықтан реконструкция мәселесі синтаксис саласында біршама қиындықтар тудырады. Ол туралы Н.З.Гаджиева, Б.А.Серебренниковтар былай дейді: «Бұл салада нақты да айқын әдіс жоқ. Әсіресе синтаксистік архетипті жаңғырту мәселесі қиындау. Бір қарағанда генетикалық туыс тілдер тобына тән сөздер мен дыбыстық сәйкестіктерді білудің негізінде синтаксистік архетиптерді реконструкциялауға болатын сияқты көрінгенімен, сөзтіркестері мен сөйлем модельдерінде тұрақты лексикалық құрамның болмайтыны, ол құрамның үнемі өзгеріп, ауысып отыратыны синтаксистік реконструкция жасауда біршама қиыншылықтар тудырады». Дейтұрғанмен «синтаксистік архетиптерді оның морфологиялық негізіне сүйеніп анықтауға болатыны», «тарихи морфологиясыз туыс тілдер тобының тарихи синтаксисі болуы мүмкін емес» екені ғалымдар назарында болары сөзсіз<sup>1</sup>. Н.З.Гаджиева синтаксистік архетиптерді анықтаудың мынадай тәсілдерін көрсетеді<sup>2</sup>:

1. Зерттеу үшін таңдалынып алынған синтаксистік конструкцияның «сан есім + зат есім», «барыс септігіндегі зат есім +

<sup>1</sup> Гаджиева Н.З., Серебренников Б.А. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Синтаксис. – М., 1986. – С.17-19.

<sup>2</sup> Гаджиева Н.З. Актуальные вопросы тюркского сравнительно-исторического языкознания // Актуальные вопросы тюркского сравнительного языкознания. Л.: Наука, 1989.- С. 163-167.

етістік» сияқты құрылымдық типін анықтау – алғашқы дайындық этап болып саналады;

2. Морфологиялық сипатына қарай нақты құрылымдық моделді анықтау, мәселен, *-ган + зат есім*: тат. *килгэн кеше* «келген кісі», қаз. *қайтқан шал* «өмірден өткен шал» т.б.;

3. Нақты құрылымдық модельдің туыс тілдердегі таралу шегін айқындау;

4. Морфологиялық реконструкцияға жүгіну – синтаксистік конструкцияның тарихи стратиграфиясын тоқтатуға көмектеседі;

5. Жазба ескерткіштер материалдарын пайдалану;

6. Аглютинативтік тілдердің құрылысын, түркі тілдері тобына тән типологиялық ерекшеліктерді ескеру;

7. Құрылым-құрылысы бөтен тілдердің синтаксистік құрылысының кейбір типологиялық ерекшеліктеріне жүгіну.

Қазіргі тілдердегі сияқты тектілде де басты функционалдық бірлік түбір емес, сөз (лексема) болғаны даусыз. Демек, қайта жаңғыртылған тектілдің шынайлығы үшін реконструкцияның нысанына түбірлер емес, мүмкіндігінше нақты мағына арқалаған сөз-негіздер алынуы тиіс. Сонымен қатар қазіргі тілдердегідей тектілдерде сөзжасам тетіктері болды, сөздің семантикалық өзгерісі орын алды десек, тектілдің лексикасын қайта жаңғырту сөздің ең бастапқы мағынасын реконструкциялауды және ол мағынаның өзгеріске түсуін түсіндіруді қажет етеді. Тектілдің лексикалық құрамын анықтау да семантикалық реконструкцияның техникасын жетілдіре түсуді талап ететін күрделі мәселе болып саналады. Лексикалық макрожүйенің құрылымын түзетін семантикалық белгілердің ішінен бастылары саналатын функционалдық, формалдық, немесе топографиялық белгілерді бөліп алу арқылы тіл тарихы үшін маңыз бар сөздерге семантикалық сипаттама беруге болады<sup>1</sup>.

Тарихи семасиологияның тәжірибесі сөз мағыналарының өзгеруін талдауды тілде сөздің ішкі реттілікке бағыныштылығы туралы пікірден бастаудың тиімділігін көрсетеді. Сөз мағынасы өздігінен өзгермейді, лексикалық топтың (өрістің, макрожүй-

<sup>1</sup> Дыбо А.В. Семантическая реконструкция в алтайской этимологии. -М., 1996. -С.19.

йенің) мүшесі болғандықтан, семантикалық макрожүйеде немесе семантикалық өрісте жүрілетін процестердің әсерінен сөз мағыналық жақтан өзгеріске түседі. Осы орайда тарихи семасиологияда қолданылатын лексика-семантикалық реконструкция әдісін тектілдің лексикалық құрамын жаңғыртуда қолданудың маңызы зор

Лексика-семантикалық реконструкция әдісі – лексикалық өрістің құрылым-құрылысын және тілдің жазба тарихы барысындағы өзгерістерді айқындау үшін қолданылатын амал-тәсілдер жиынтығы. Әдістің ең басты тәсілдеріне лексикалық бірліктерді дистрибуттық және компоненттік талдау, лексеманың әртүрлі кезеңдердегі қалып-күйін салыстыру амалдары жатады<sup>1</sup>.

Компаративистердің басым көпшілігі салыстырмалы-тарихи фонетиканың, салыстырмалы-тарихи морфологияның, тарихи семасиологияның қол жеткізген жетістіктеріне сүйеніп, сонымен қатар тілдің тарихи дамуының эксралингвистикалық және лингвистикалық факторларын ескере отырып, салыстырмалы-тарихи әдістің сан алуан амал-тәсілдерін (ішкі және сыртқы реконструкция, филологиялық әдіс, фонологиялық реконструкция, морфологиялық реконструкция, синтаксистік реконструкция, лексикасемантикалық реконструкция т.б.) типологиялық және ареалдық әдістермен тоғыстыру арқылы жасалған терең этимологиялар негізінде жалпытектілдік лексикалық қорды қалпына келтіруге болады деп санайды.

Тілдерді тарихи-генетикалық зерттеу алыс және жақын туыс тілдер арасындағы салыстыруларды этимологиялық өңдеуден өткізуге негізделуі қажет. Мұнда тіл дамуының кез келген хронологиялық деңгейінде кірмеліктің болуы мүмкін екені ескерілуі тиіс. Өзара туыстас немесе төркіндес тілдердің тектілдік немесе аралық кезеңдердегі қалып-күйінің реконструкциясы сол тілдердің этимологиялық сөздіктерін жасаумен, яғни олардың лексиконын қалпына келтірумен айқындалады. Туыс тілдер арасындағы байланыс жақын болған сайын қалпына келтірілген тектілдік архетиптердің басым бөлігі түбір және сөзжасамдық аффикстер тұрғысынан генетикалық сәйкес түсіп жататын

<sup>1</sup> *Blanar V. Lexicalno-semanticka rekonstrukcia. -Bratislava, 1984. – S. 82-112.*

біртұтас лексемдер үлесіне тиеді. Керісінше, тілдер арасындағы туыстастық алыстаған сайын компаративист түбір-негіздерді салыстырумен, яғни түбірлік деңгейдегі салыстыруға негізделетін алыс этимологиямен шектеледі<sup>1</sup>.

Тілдік құбылыстардың кеңістік пен уақытқа қатысы мәселесі салыстырмалы-генетикалық зерттеулердің маңызды аспектілерінің бірі саналады. Тектілдік архетиптерді және олардың иерархиясын (сатылы бағыныштылық) анықтау тілдік өзгерістердің уақыт-мерзім тұрғысынан жүйелілігіне қатысты болатын хронология ұғымын қолданғанда ғана мүмкін болатындықтан, хронологизациялау тәсілі тілдік құбылыстың жоғары жиілігі немесе сирек кездесуі, өзгеден оқшаулығы, құбылыстың тұрпат межесінің бірдей еместігі, тілдік құрылымда тұрақты элементтердің қайталанып кездесуі, аналогия бойынша процесстің біркелкілігі, формативтердің контаминациясы т.б. сияқты мәселелермен тығыз байланысып жатады.

Тілдерді генетикалық тұрғыдан зерттеуде басшылыққа алынатын тарихилық принципінен туындайтын мәселелердің бірі – «тілдік атажұрт» ұғымымен астасып жататын *тектілдік ареалды оқшаулау* (локализация) мәселесі.

Тектілдік ареалды локализациялау тәсілі: 1) тектілдік лексемдік архетиптерді семантикалық талдау; 2) қазіргі туыстас (еншілес) тілдердің ареалдық бөлінісін талдау амалдары негізінде жүзеге асырылады және талдау нәтижелері экстралингвистикалық сипаттағы факторлармен дәйектеледі. Локализация әдісі лингвистикалық және экстралингвистикалық критерийлердің көмегімен тектіл иесінің өмір сүрген жерін, тарихи-мәдени ортасын, өзге жұрттармен болған «тарихқа дейінгі» қарым-қатынасының іздерін анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеудің лингвистикалық тұғырына сол ортаға ғана тән реалийлерге жасалатын семантикалық талдау алынатын болса, экстралингвистикалық мәліметтер археология мен салыстырмалы мифологияның деректеріне негізделеді.

Глоттохронологиялық әдістің негізіне базалық лексиканың құрамында болатын өзгерістердің шапшаңдығы (барлық тілдер-

<sup>1</sup> Климов Г.А. Основы лингвистической компаративистики. – М, 1990.- С.106.

де шамамен бірдей), жиі қолданылатын 100 сөзден 1000 жылдан соң байырғы сөздік қорда 86 сөз сақталып қалатыны туралы ортақ есеп алынады. Қазіргі таңдағы салыстырмалы-тарихи зерттеулерде М.Сводештің глоттохронологиялық әдісін қолдану кең өріс алууда.

Глоттохронология үшін тілдердің туыстық деңгейін сипаттайтын «тілдер отбасы (linguistic family)», «тілдік бағана (linguistic stock)» терминдерін және алыс туыстық қатынастардың сипаттамасына қатысты *фила (fil)* ұғымын ғылыми айналымға енгізе отырып, М.Сводеш арнайы формуланың көмегімен олардың бір-бірінен іргесін ажыратқан уақытын, дербес өмір сүру мерзімін есептеп шығаруға болады деп біледі. М. Сводештің пікірі бойынша: «туыс тілдер тобындағы жеке тіл дегеніміз – құрамындағы ортақ сөздердің пайызы жас жағынан алғанда 500 жылдық мерзімге сәйкес келетін оның белгілі бір жағдайдағы қалып-күйі. «Тілдік отбасының» жасы, яғни тілдік семьяны құрайтын тілдердің жалпытектілдік қалып-күйде болған кезінің мерзімі 2500 жылдан кем емес (қазіргі кезде 3000 жыл). Тілдік бағына – 5000 жыл, микрофил – 7500 жыл, мезофил – 10 000 жыл, макрофил – 10 000 жылдан көп уақытты қамтиды»<sup>1</sup>. «Глоттохронология – алтай тілдерінің барлық тобы үшін тілдік дивергенция құбылысының уақыт-мерзімін белгілеуге қатысты сыналған лексикостатикалық әдіс. Оның көмегімен туыстас тілдердің жас шамасын анықтау мүмкін болғанымен, нақты дыбыстар мен тілдік формалардың даму барысын айқындау мүмкін емес» – дейді Э.Р. Тенишев<sup>2</sup>.

Қорыта айтқанда, тіл бірліктерінің қалыптасу, даму, өзгеру тарихын зерттеу арқылы тектілдің жалпы сұлбасын жаңғырту және оның аралық кезеңдерінің өзіндік ерекшелігін айқындау – компаративистикада қолданылатын салыстырмалы-тарихи әдістің алуан түрлі амал-тәсілдерін одан ары жетілдіре түсуді талап ететін күрделі мәселе. Салыстырмалы-тарихи әдіс генеалогиялық тұрғыдан түп негізі бір ғана негіз-тілге, тектілге барып саятын туыс немесе төркіндес тілдердің даму тарихына қатысты

<sup>1</sup> Swadesh M. Perspectives and problems of American comparative linguistics. – Word, 1954, № 10. – P. 326.

<sup>2</sup> Тенишев Э.Р. О методах и источниках сравнительно-исторических исследований тюркских языков //Избранные труды. Книга первая. –Уфа, 2006.-С.22-23.

көптеген міндеттерді шешуге қызмет ете отырып, ең соңында тілдер тобының тарихи дамуы жайлы жүйелі білімді орнықтыру үшін пайдаланылатын ғылыми әдістемелік құрал – салыстырмалы-тарихи грамматика түрінде көрініс береді.

Салыстырмалы-тарихи алтай тіл білімінде алтай тілдерінің генеалогиялық туыстастық мәселесі жалпыалтайлық тектіл, ататүркі немесе түркілік тектіл, атамоңғол немесе моңғолық тектіл, ататұңғыс-маньчжур немесе тұңғыс-маньчжурлік тектіл тәрізді ұғымдармен сипатталады. Бұлардың қай-қайсысы да алтай төркіндес тілдердің қазіргі жай-күйін өткендегі тарихымен байланыстыра қарастырумен, алтайлық тілдердің өзара туыстық байланысының дәрежесін көрсете алатын ең көне форманы қайта жаңғыртумен астасып жататын ұғымдар. Ал ең көне форма туралы Г.Д.Санжеев былай дейді<sup>1</sup>: «... любое «пра-» окажется лишь промежуточным между известным (либо лежащим на поверхности языковых явлений, либо устанавливаемым методами сравнительно-исторического анализа ) и тем далеким прошлым, судить о природе которого пока не дано».

О.П.Суник өзара жақын туыстық қатыстағы тілдер тобының (мәселен, түркі тілдерінің) тектілдік негізін айқындауда жаңғыртылған, қайта қалпына келтірілген жалпыалтайлық ең көне форманы пайдаланбау, оларға сүйенбеу мүмкін еместігін алға тартса<sup>2</sup>, Э.Р.Тенишев алтайлық тілдерге қатысты материалдар жалпытүркілік тектілдік қалып-күйдің мерзімдік тереңдігін анықтауға, тектілге барып саятын тілдік құрылымдар мен әрбір түркі тілінің жеке дара даму барысында пайда болған тілдік құрылымдар арасына қатаң шектеу қоюға, жалпытүркі тіліндегі және жекелеген түркі тілдеріндегі тілдік құбылыстардың типологиялық ерекшеліктерін анытауға мүмкіндік беретінін, ал урал-алтай тілдік одағы және ностратикалық тілдік қауымдастыққа қатысты деректерді түркі тілдеріндегі әртүрлі құбылыстардың тектілдік қалып-күйін тексеру үшін пайдаланудың маңызы зор екенін атап көрсетеді<sup>3</sup>.

<sup>1</sup> Санжеев Г.Д. Монгольские языки //Сравнительно-историческое изучение языков разных семей.-М., 1981.-С.331.

<sup>2</sup> Суник О.П. К актуальным проблемам алтаистики //Вопросы языкознания, №1. 1976.

<sup>3</sup> Тенишев Э.Р. О методах и источниках сравнительно-исторических исследований тюркских языков //Избранные труды. Книга первая. -Уфа, 2006.-С.23.



Қазіргі таңда алтаистика саласында тілдік дереккөздер ауқымын кеңейте түсудің, жекелеген тұжырымдар мен қағидаттарды, ұсынылған тектілдік үлгілер мен архетиптер жүйесін қайта қараудың, ғылыми зерттеу әдістемесін одан әрі жетілдірудің нәтижесінде алтай тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасының (фонетика, морфология), салыстырмалы-тарихи лексикологиясының (этимология) негізі толығымен қаланды деуге болады.

## § 7. Алтай тілдерінің салыстырмалы – тарихи тұрғыдан зерттелуінің ғылыми-теориялық маңызы

XXғ. екінші жартысындағы алтаистикалық постулаттар, атап айтқанда, «жалпыалтайлық тілдік деректердің көмегімен түркі тілдеріне, моңғол тілдеріне, тұнғыс-маньчжур тілдеріне жататын қазіргі тілдердің әрқайсысында сақталып қалған «көненің көздерін», «өткен дәуір сарқыншақтарын» анықтауға болады» – деген Г.Д.Санжеевтің<sup>1</sup>, «тек «алтайлық» материалдар негізінде ғана бұл үлкен тіл бірлестігіне енетін тілдердің әрқайсысының фонетикалық жүйесіне, морфологиялық құрылым-құрлысына реконструкция жасауға болады» – деген А.Н.Кононовтың<sup>2</sup>, «алтай тілдерінің фактологиялық материалдары негізінде түркілік тек тілдік формаларды жаңғыртуға, қалпына келтіруге болады» – деген А.М.Щербактың<sup>3</sup> пікірлері салыстырмалы-тарихи алтай тіл білімі үшін әлі күнге өз маңызын жоғалтқан жоқ. Бұл мәселе тіл білімінің салыстырмалы-тарихи парадигмасы аясында өрістеген классикалық алтаистикалық кезеңде де, құрылымдық-жүйелілік парадигма аясында өрбіген неоалтаистикалық бағыттың туындау кезеңінде де, XXI ғасыр басындағы, яғни қазіргі кездегі антропоцентристік парадигма шеңберіндегі ғылыми зерттеулердің пәнаралық кешенділікке бет бұрған тұсында да алтай тобы тілдерінің зерттелу жағдайының әрқилылығына байланысты өзекті қалпында қалып отыр.

Алтай тілдерінің фонологиялық, лексикалық, морфология-

<sup>1</sup> Санжеев Г.Д. Сравнительная грамматика монгольских языков. - М., 1953. -С. 116.

<sup>2</sup> Кононов А.Н. Тюркская филология в СССР (1917-1967). -М., 1968. -С. 21.

<sup>3</sup> Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. -Л.,1970. -С. 22.

лық, синтаксистік жүйелеріндегі ортақтықтар мен ұқсастықтардың табиғатын айқындау мәселесінде түркі және моңғол тілдері бойынша жинақталған аса мол эмприкалық материалдарды алтаистер өздерінің ғылыми көзқарастарын дәйектеудің тұғырына алады. Оның басты себебін түркі және моңғол халықтарының этномәдени және тілдік байланыстарының тарихы Орталық Азияны мекендеген көптеген халықтардың этногенезімен, этникалық мәдениетінің тарихымен тығыз сабақтастықта өрілетінімен, түркі және моңғол халықтарының сан ғасырлық тарихи, этномәдени және тілдік қарым-қатынастарының «тіл тарихы мен этнос тарихы» мәселесіндегі айрықша маңызымен, көшпелілер мәдениетінің және түркі өркениетінің адамзаттық құндылықтар жүйесіндегі алатын орнымен түсіндіруге болады. Сондықтан да түркі-моңғол тілдік байланысы орал-алтай тілдерінің ішкі классификациясы, В.Шотт, М.А.Кастрен, Ф.И.Видеман, Ю.Немет, Б.Коллиндер, Г.Винклер сияқты ғалымдардың орал-алтай тіл бірлестігі туралы ғылыми көзқарастары, Орал-алтай тілдерін біріктіретін тілдік белгілер мен заңдылықтар, уралистика және алтаистиканың дербес ғылыми пән ретінде қалыптасуы, алтай семьясының ішкі жіктелісі, алтаистиканың даму тарихындағы «алтай гипотезасының» рөлі мен маңызы, ортодоксалдық алтаистика және оның белді өкілдерінің шығармашылығы (Г.И.Рамштедт, Н.Поппе, Б.Я.Владимирцов, Е.Д.Поливанов, М.Рясянен, В.И.Цинциус т.б.), классикалық (ортодоксалды) алтаистикадағы дағдарыс және кірмелік теориясы (Дж.Клоусон, А.Ронаташ, Г.Дерфер, А.М.Щербак), неоалтаистикалық бағыттағы зерттеулердегі алтайлық тілдік одақ және алтай тілдері аралық контактология мәселесі сияқты аса ауқымды және өте күрделі проблематикалардың орталық, ең негізгі мәселесі ретінде ғылыми зерттеудің күн тәртібінен екі ғасырға жуық түспей келеді.

Алтаистиканың өзекті проблемаларын зерттеуге Қазақстан ғалымдары да белгілі дәрежеде үлес қосып келеді. Мәселен,

С.Кенесбаев<sup>1</sup>, Ш.Сарыбаев<sup>2</sup>, Ә.Т.Қайдар<sup>3</sup> еңбектерінен бастау алатын дәстүрлі классикалық бағыт Б.Базылханның қазақ және моңғол тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасына<sup>4</sup>, көне түркі және моңғол жазба тілдеріндегі түбір морфемалардың құрылымына<sup>5</sup>, қазақ-моңғол лексикографиясына<sup>6</sup>, Г.Сағидолданың қазақ және моңғол тілдерінің топонимикалық жүйелері арасындағы сәйкестіктерге<sup>7</sup>, қазақ-моңғол салыстырмалы-салғастырмалы фразеологиясына<sup>8</sup> қатысты зерттеулерінде жалғастық тауып, орныға түскен болса, түркі және моңғол халықтарының этнотілдік байланыстарының тарихын алтаистика ғылымының қалыптасу, даму үдерісі тұрғысынан қарастырған Ж.Қ.Түймебаев зерттеулері арқылы<sup>9</sup> Қазақстан топырағында неоалтаистиканың негізі қаланып, түркі-моңғол контактологиясы қазіргі заманғы алтаистиканың бір бұтағы ретінде саралана дамуға бет бұрды. Демек, түркі және моңғол тілдеріне ортақ фонетикалық заңдылықтар мен сәйкестіктерді, лексикалық қорды, синтаксистік

<sup>1</sup> Кенесбаев С.К. К вопросу тюрко-монгольской языковой общности (на материале некоторых грамматических явлений казахского языка) // Проблема общности алтайских языков. -Л., 1971.

<sup>2</sup> Сарыбаев Ш.Ш. К вопросу о монгольско-казахских языковых связях // Вопросы истории и диалектологии казахского языка. Вып.2. -Алма-Ата, 1960. Сарыбаев Ш.Ш. Монгольско-казахские лексические параллели // Проблема общности алтайских языков. -Л., 1971.

<sup>3</sup> Қайдаров А.Т. Уйгурско-монгольские языковые связи в области фонетики // Исследования по уйгурскому языку. Кн.2. – Алма-Ата, 1970.

<sup>4</sup> Базылхан Б. Краткая сравнительно-историческая грамматика монгольского и казахского языков: Автореф. ... дисс.канд. филол. наук. – Алма-Ата, 1974; Базылхан Б. Аффиксальные морфемы в монгольском и казахском языках //Stadia Mongolica. Tom X. (18)7. -УБ., 1986.

<sup>5</sup> Базылхан Б. Эртний түрк бичээсний хэлний үгийн бүтэц. -УБ., 1984.

<sup>6</sup> Базылхан Б.Монгол-казах толь. – УБ.-Өлгий,1984.

<sup>7</sup> Сағидолда Г. Түркі (қазақ) және моңғол халықтарының тарихи-мәдени байланыстарының топонимияда бейнеленуі. – Алматы, 2000.

<sup>8</sup> Сағидолда Г. Поэтикалық фразеологизмдердің этномәдени мазмұны (қазақ және моңғол тілдері материалдары бойынша). – Алматы, 2004.

<sup>9</sup> Түймебаев Ж.К. Теоретические принципы и критерии историко-генетического разграничения тюркско-монгольских лексических параллелей: Автореф. ... докт.филол. наук. Астана, 2008; Түймебаев Ж.К. Становление и развитие алтайской теории и алтаистики. Туркестен, 2006. Түймебаев Ж.К. История тюрко-казахско-монгольских этноязыковых взаимоотношений. -Астана, 2008; Түймебаев Ж.К. Казахско-монгольские лексические параллели. Материалы к Этимологическому словарю казахского языка. – М., 2005.

құрылымды айқындау түркі тілдерін салыстырмалы-тарихи тұрғыдан зерттеу мен компаративистикалық моңғолтанудың қол жеткізген табыстарымен тығыз байланыста болып келеді.

**Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи тұрғыдан зерттелу барысы.**

XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басында түркітану саласында түркі тілдерін салыстырмалы-тарихи тұрғыдан зерттеуге қажет барлық жағдай жасалған еді. Бұл кездегі түркологиялық зерттеулер негізінен филологиялық сипатта болғанына қарамастан, салыстырмалы-тарихи зерттеулердің іргетасын құрайды. Бұл кезеңде түркі жазба ескерткіштерінің табылуы мен оқылуына, көне қолжазбалардың жариялануына, жаңа тілдер мен диалектілерді анықтауға, түркі тілдерін топтастырудағы басты ерекшеліктерді анықтауға, соның негізінде түркі тілдерінің классификациялық схемасын жасауға, оны қайта қарап, толықтырулар мен өзгертулер енгізуге айрықша назар аударылды<sup>1</sup>.

В.Гренберг, Х.Педерсон, Н.Ф.Катанов еңбектерінде түркілік тектілік негіз және оны дәуірлеу, түркілік тектіліктің дыбыстық жүйесін, грамматикалық құрылымын реконструкциялау мәселесі көтерілмегенімен, жекелеген дыбыстардың эволюциясына және түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасына қатысты (есім мен етістік жүйелері аралық қатыс (соотношение), атрибутивтік және предикативтік байланыс, есім және етіс жұрнақтарының генезисі т.б.) көкейтесті мәселелер алғаш рет белгіленді. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасының ірге тасын қалаған О.Н.Бетлингтің «Якут грамматикасындағы» (1851) есім парадигматикасына қатысты тұжырымдары тек түркологиялық ғана емес, сонымен қатар үнді-еуропа салыстырмалы грамматикасы саласындағы еңбектердің тұғырына алынды.

<sup>1</sup> Радлов В.В. Гармония гласных и её значение для развития языков // Verhandlungen des funften internationalen Orientalisten Congress.- Берлин, 1882; Корш Ф.Е. Классификация турецких племен по языкам // Этнографическое обозрение. Кн. 84–85. №1–2. – Петербург, 1910. – С. 114–127; Самойлович А.Н. Некоторые дополнения к классификации турецких языков. – Петербург, 1922; Серебренников Б.А. К проблеме классификации тюркских языков// Вопросы языкознания, 1951. №4.; Малов Е. Древние и новые тюркские языки // Изв. АН СССР, 1952. 131; Benzing J., Menges K.N. Classification of the Turcic Languages // Philologiae Turcicae Fundamenta. – Wiesbaden, 1959. T. I. – S. 1-10. 1952; Баскаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков. – М., 1969.

XX ғасырдың екінші жартысынан түркі компаративистикасы айрықша қарқынмен дами бастады. Түркі тілдерінің тарихын зерттеудің әдіснамасын үнді-еуропа тілдері тарихын зерттеудің әдістемесімен жақындастыру барысында (Ф.Е.Корш, Е.Д.Поливанов, М. Рясянен, В.А.Богородский) зерттеудің салғастырмалы, ареалдық әдістері салыстырмалы-тарихи әдіспен тоғыстырылды, соның нәтижесінде түркі тілдерінің фонетикалық жүйесінің эволюциялық даму жолын айқындауда, жекелеген түркі тілдерінің тарихи дамуын негіздеуде біршама жетістіктерге қол жеткізілді. Мәселен, В.А.Богородский жекелеген түркі тілінің немесе, түркі тілдері тобының фонетикалық даму тарихын жаңғырту үшін лингвистикалық география әдісін қолданудың қажеттігін түркі тілдері салыстырмалы-тарихи грамматикасының қысқаша этюдтерінде түркілік тек тілдік негізге қатысты дәлелдеп берді<sup>1</sup>.

XXғ. 50 жылдарынан бастап Кеңестік түркологияда түркі тілдері дамуының ішкі заңдылықтары мен тілдік құбылыстардың динамикасын ашуға бағытталған ұжымдық сипаттағы ғылыми зерттеулер жарық көре бастады. Мұндай түркі тілдерінің фонетика, морфология, синтаксис, лексика сияқты салаларын жеке-жеке қарастырған фундаментальды зерттеулер қатарында Н.К.Дмитриевтің жетекшілігімен жасалған «Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы бойынша зерттеулерін» (1955) атап айтуға болады.

XX ғ. 50-80 жылдары жекелеген фонетикалық және грамматикалық құбылыстардың табиғатын айқындауға және олардың тектік тұлғасын жаңғыртуға байланысты жалпытүркологиялық сипаттағы көптеген еңбектер пайда болды. 1969 жылы «Көне түркі тілі сөздігінің», 1974-1978 жж. «Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігінің» бірінші, екінші томдарының жарық көруі, «XIV ғ. түркі тілдерінің салыстырмалы сөздігінің» дайындалуы түркологияда салыстырмалы-тарихи әдістің лингвистикалық ғылыми зерттеудің ең ұтымды әдісі ретінде орнығуына, түркі

<sup>1</sup> Богородский В.А. Введение татарское языкознание в связи с другими тюркскими языками. -Казань, 1953.

тілдерінің салыстырмалы лексикологиясының қалыптасуына айтарлықтай ықпал етті. Реконструкция тәсілін этимологиялық талдаулардың өзегіне айландырудың нәтижесінде түркі тілдерінің салыстырмалы фонетикасы, салыстырмалы морфологиясы, салыстырмалы синтаксисі жасалынды, түркі жазба ескерткіштері бойынша арнайы грамматикалар жазылып, түркі поэтикалық тілінің тарихи дамуы өзектелді.

XX ғ.соңы түркі тілдерінің жеке дара салалана дамыған тілтаным ғылымдарының жетістіктері, Еуразия даласынан табылған жазба ескерткіштерді және түркі халықтарының әдеби тілдерінің даму тарихын зерттеуде қол жеткізген табыстары қортындыланған кезең болды. XX-XXI ғасырлар тоғысында түркі тілдерін салыстырмалы-тарихи, тарихи-типологиялық, лингвоконтактологиялық зерттеудің нәтижесінде Э.Р.Тенишевтің жауапты редакторлығымен «Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасының» 6 томдығы<sup>1</sup>, Н.А.Баскаковтың «Историко-типологическая фонология тюркских языков» (М.: Наука, 1988. -208 стр), Э.Н.Наджиптің «Культура и тюркоязычная литература мамлюкского Египта XIVв.» (Туркестан, 2004. – 291стр), К.М.Мусаевтың «Языки и письменности народов Еуразии» (Алматы, 1993. – 242 стр.), А.В.Дыбоның «Лингвистические контакты ранних тюрков. Лексический фонд. Пратюркский период» (М., 2007. – 223стр) т.б. көптеген іргелі зерттеулер жарық көрді.

Ә.Т.Қайдар, Р.Сыздық, Т.Томанов, Б.Әбілқасым, А.Аманжолов, Ә.Құрышжанов, Ә.Ибатов, А.Айғабылов, Б.Сағындықов, К.Ш.Құсайын, Е.З.Қажыбеков, Қ.Сартқожа, Ж.Манкеева, М.Қ.Ескеева, М. Сабыр т.б. қазақ лингвистерінің тіл тарихына,

<sup>1</sup> Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков: Фонетика / Под ред. Э.Р.Тенишева. – М.: Наука, 1984. – 484стр.; Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков: Морфология / Под ред. Э.Р.Тенишева. – М.: Наука, 1988. – 560 стр; Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков: Лексика / Под ред. Э.Р.Тенишева. – М.: Наука, 2001-822стр.; Региональные реконструкции / Под ред. Э.Р.Тенишева. -М.: Наука, 2001. 762стр; Пратюркский язык. Картина мира пратюрков / Под ред. Э.Р. Тенишева. – М.: Наука, 2004; Гаджиева Н.З. Серебрянников Б.А. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков: Синтаксис / Под ред. Э.Р.Тенишева. – М.: Наука, 1986. – 284стр.

қазақ лексикасының тарихи-этимологиялық негізіне, руникалық және ортағасыр түркі жазба ескерткіштерінің тіліне арналған зерттеулері түркітануға қосылған қомақты үлестер ретінде бағаланады.

Жалпытүркілік тектілдің дауыстылар мен дауыссыздар жүйесін, сондай-ақ кейбір грамматикалық тұлғаларды реконструкциялау мәселесі Г.И.Рамстедт, Ж.Дени, Н.Н.Поппе, В.Л.Котвич, Л.Лигети т.б. алтаист ғалымдар зерттеулерінде жалпыалтайлық жүйені жаңғырту тұрғысынан өзектелді.

XXI ғ. антропоцентрлік парадигмасы ендігі жерде түркітануда жинақталған өте бай фактологиялық материалдары игеруде және оларды зерттеуде пәнаралық кешенділікке бет бұруды міндеттейді. Зерттеудің сан алуан әдіс-тәсілдерін тоғыстыра отырып, тілдің морфонологиялық деңгейіндегі тектілдік тұлғаларды, көне синтаксистік конструкцияларды анықтау және олардың дәуірлік сипаттамасын жасауда классикалық үрдісті жалғастыру; түркі тілдерінің лексикалық құрамындағы тарихи қалыптасқан екіжақты, біржақты кірмелікті айқындау және олардың хронологиялық сипаттамасын беру; «тілдегі адам факторына» негізделетін антропологиялық ұстанымды басшылыққа ала отырып, жалпытүркілік дүние моделін сомдау; түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи фразеологиясының, сондай-ақ салыстырмалы паремиологиясының дербес пәндік негізін қалыптастыру; түркі тілдерін когнитивтік-концептуалдық, паралингвистикалық, психоллингвистикалық, социоллингвистикалық, лингвогносиологиялық, паралингвистикалық аспектілерде зерттеу тәрізді көптеген өзекті мәселелерді күн тәртібіне қойып отыр.

**Моңғол тілдерінің салыстырмалы-тарихи бағытта зерттелуі.**

XIX ғ. екінші жартысында моңғолтануда тарихи-этнографиялық бағыт үстемдік етті. Бұл кезде көне моңғол жазба тілі мен моңғол тілінің тірі «сөйленістерін» (наречие) өзара салғастыруға назар аударылды. Салғастырмалы зерттеулерде анықталған тілдік өзгешеліктер, сондай-ақ қолданыстағы

моңғол «сөйленістері» мен көне моңғол жазба тілі тіл дамуының әртүрлі деңгейлері ретінде тарихи тұрғыдан қарастырылмады. Тіптен монголистер арасында моңғол «сөйленістері» бір ғана тілдің, айталық, көне моңғол жазба тілінің әртүрлі формада қолданылуы дегенге барып саятын көзқарас үстем болды да, калм.*búrú*, бур.*buru* халх.*b'áru*, көнемоңғ. *biragu* «бұзау» сияқты сөздердегі вариацияның кездесу себебін ашу назарға алынбады. Мәселен, А. Боброников «Грамматика моңғольско-калмыцкого языка» (Казань, 1849) атты еңбегінде калмақ тілі мен көне моңғол жазба тілі арасындағы байланысқа қатысты былай дейді: «Я вижу в ней не грамматику двух языков и не грамматику двух наречий, но грамматику одного и того же монгольского языка, но только рассматриваемого в двух письменностях, монгольской и калмыцкой, или, что почти одно и то же, я вижу в ней грамматику книжно-разговорного монгольского языка. Монгольское письмо передает нам не какое-нибудь древнее произношение долгих гласных, а то же самое ныне и существует». А.Боброниковтың пікірінше, көне моңғол жазба тіліндегі *agu* созылыңқы [u:] дыбысының орфографиялық берілуі, демек бұл пікір бойынша *qaru:l* «күзетші, қарауыл» сөзі *qaraj ul* тұрпатында еш қолданылмады дегенге барып саяды.

Моңғол тілдерінің тірі «сөйленістері», көнемоңғол жазба тіліне ХІХ ғ. орта шеніне дейін алтай гипотезасын негіздеуге байланысты назар аударылып келген болса, ХІХ ғасырдың екінші жартысынан моңғолтануда дағдарыс орын алады. Бұл кезең туралы Б.Я.Владимирцов былай дейді: «ХІХ ғасырдың екінші жартысынан, яғни А.М.Позднеевтің «Лекции по истории монгольской литературы» атты (М., I т. Спб, 1896; II т. 1897; III т. Владивосток, 1908) еңбектерімен сипатталатын кезден бастап монголистер шығыстанудың аралас салалары саналатын түркітану мен тибеттанудан, тұңғыстану мен маньчжуртанудан қол үзіп, өз зерттеулерін ішке қарай бағыттады»<sup>1</sup>.

<sup>1</sup> Владимирцов Б.Я. *Mongolica*. Об отношении монгольского языка к индоевропейским языкам Средней Азии.- Зап. коллегии востоковедов, I. – Л., 1925. – С.306.



Лингвистикалық бағыттағы моңғолтанушылар (Ц.Ж.Жамцарано, А.Д.Руднеев) көбінесе фольклорлық-диалектологиялық сипаттағы зерттеулермен айналысты. Олар ойрат, бурят және моңғол тілдерінің (халха) диалектілерін зерттеуге ден қойды, аса мол фольклорлық материалдар жинақтады және афган моголдары сөйленістері туралы азды-көпті мағұлмат берді. Сөйтіп ХІХ ғ. соңы ХХ ғ. бас кезінде моңғолтану саласында Г.Рамстедт іргетасын қалаған таза лингвистикалық жаңа бағыттың қалыптасуына жол ашылды. Г.Рамстедттің салыстырмалы зерттеулеріне дейін моңғолтану моңғол халықтарының тарихын, этнографиясын, тілін, әдебиетін, саяси құрылымын жалпылама түрде зерттеген кешенді сипаттағы пән болып келді<sup>1</sup>.

Г.Рамстедт зерттеулері<sup>2</sup> негізінде іргесі қаланған жаңа бағыттағы моңғолтанудың жетістігі – Б.Я.Владимирцовтың айтуынша, моңғол тілдерінің түркі және тұңғыс-маньчжур тілдерімен туыстастығын негіздеуінде болса, кемшілігі – моңғол тілдерінің зерттелу деңгейінің төмендігінде еді. Моңғол тілдерінің ішкі заңдылықтарының тарихи даму барысының терең зерттелмеуі, филологиялық мәтіндер мен моңғол жазба ескерткіштері тілінің ғылыми дәйектемелік негіз етілмеуі салыстырмалы-тарихи әдісті моңғолтануда қолдануға кедергі келтірді. Бұл жағдай түркі, моңғол және тұңғыс-маньчжур тілдерінің фактологиялық материалдарын кең ауқымда тарихи тұрғыдан салыстыруға, алтай тіл бірлестігінің табиғатына тереңдеп баруға қол байлау болды. Сондықтан да ХХ ғ. басындағы Г.И.Рамстедт зерттеулерінде моңғол тілдерінің тарихи фонетикасына, тарихи морфологиясына қатысты нақты деректер орын алмады<sup>3</sup>.

<sup>1</sup> Владимирцов Б.Я. *Mongolica*. Об отношении монгольского языка к индоевропейским языкам Средней Азии.- Зап. коллегии востоковедов, I. – Л., 1925. – С.306-307.

<sup>2</sup> Ramstedt G.J. *Mogholica*. Beiträge zur kenntnis der moghol-sprache in Afghanistan // MSFOu XXIII, 1906; Ramstedt G.J. Über mongolische pronomina JSFOu. XXIII. -Helsingfors, 1906; Рамстедт Г.И. Сравнительная фонетика монгольского письменного языка и халхасско-ургинского говора. – Санкт-Петербург, 1908; Рамстедт Г.И. Этимология имени ойрат // Сборник в честь семидесятилетия Г.И.Потанина. – Санкт-Петербург, 1909.

<sup>3</sup> Владимирцов Б.Я. Монгольский сборник рассказов из Pancatantra. – Прага, 1921. – С.49.

Лингвистикалық моңғолтануға қосқан Б.Я.Владимирцов үлесі ерен. Оның зерттеулері арқылы монголистика сапалық жаңа деңгейге көтеріліп, салыстырмалы-тарихи әдіс моңғол тілдері мен диалектілерінің тарихи даму барысын айқындаудың, олардың туыстас және құрылым бөтен туыс емес тілдермен тарихи байланысын дәйектеудің басты құралына айналды. Б.Я.Владимирцовтың «Турецкие элементы в монгольском языке» (1911), «О частицах отрицания при повелительном наклонении в монгольском языке» (1916), «Монгольские рукописи и ксилографы» (1918), «Сборник рассказов из Pancatantra» (1921), «О двух смешанных языках» (1923), «Об одном окончании множественного числа в монгольском языке» (1926), «Географические имена орхонских надписей в монгольском языке» (1929), «Заметки к древнетюркским и старомонгольским текстам» (1929), «Сравнительная грамматика монгольского письменного языка и халхасского наречия» (1929), «Арабские слова в монгольском» (1930) т.б. зерттеулері бай да аса ауқымды диалектологиялық материалдар мен моңғол жазба тілінің тарихына қатысты филологиялық сипаттағы зерттеулерге ғана емес, сонымен қатар әр түрлі моңғол жазба ескерткіштері тілін мен көне мәтіндерді талдауға да негізделді.

Б.Я.Владимирцовтың лингвистикалық моңғолтануға қосқан үлесі туралы Г.Д.Санжеев: «Б.Я.Владимирцов бұрындары моңғол тілдерінің ішкі шеңберінен аса алмаған моңғолтануды ғылыми арнасы ұшан-ғайыр кеңістікке алып шықты. Ол моңғол тіл біліміне нақты салыстырмалы-тарихи және қатаң филологиялық сипат дарытты және моңғол тілдерінің тарихи даму барысын моңғол тілдерін өзара, сондай-ақ Еуразияның басқа да тілдерімен тығыз байланыстырып, тереңдеп зерттеудің дұрыс бағытын сілтеді» – дейді<sup>1</sup>.

Б.Я.Владимирцовтың көне моңғол жазба тілінің дамуын: 1) белгісіз кезеңдерден XIV ғ. дейін; 2) ортамоңғол кезеңі (XIV-

<sup>1</sup> Санжеев Г.Д. Б.Я.Владимирцов – исследователь монгольских языков // Филология и история монгольских народов. – М., 1958. – С.14

XVI ғ.); 3) XVI ғ.- дан қазіргі кезге дейін (көне моңғол жазба тілі Ішкі Моңғолияда қазір де қолданылады) деп хронологиялық тұрғыдан дәуірлеуі<sup>1</sup> моңғол тілдерінің қазіргі «сөйленістерін», сондай-ақ халха сөйленісіне негізделіп дамыған қазіргі моңғол тілін зерттеуде, тілдік архетиптерді анықтауда, тіл дамуының көне-, орта-, жаңа кезеңдеріндегі қалып-күйін сипаттауда кеңінен қолданылады.

Егер Г.Рамстедт үшін көне моңғол жазба тілі XII-XIII ғасырдағы моңғол диалектілері негізінде қалыптасқан жазба тіл ретінде олардың сол кездегі айтылуын көрсете алған тіл болса, XX ғ. монголистикасында көне моңғол жазба тілі моңғол «сөйленістеріндегі» белгілі бір тілдік құбылыстардың өзіндік ерекшеліктерін айқындау үшін керек, қазіргі моңғол тілдеріндегі моңғолдық тектілік тұлғаларды реконструкциялауға қажет салыстырулардың эталонына айналды. Оның басты себебін «XIII ғ. көне моңғол жазба тілінің орфографиясы мен тілдік тұлғалары көп жағдайда моңғол тектілінің немесе соған жақын қалып-күйді (прамоңғол) көрсете алатынымен түсіндіруге болады»<sup>2</sup>.

Моңғол тіл білімі тілдік құбылыстар бойындағы тарихи өзгерістерді зерттеуде көне моңғол жазба тіліндегі ескерткіштердің сыртында монах Пагваның 1260 жылы тибет әліпбиі негізінде құрастырған және жүз жылдан аса қолданысты болған квадрат жазумен жазылған мұраларға, сондай-ақ монах Зая-пандидтің көне моңғол әліпбиіне негіздеп 1648 жылы жасаған «тод бичиг» жазулы ойрат жазба тіліне жүгінеді. Бұл жазба тілдердегі ескерткіштер қазіргі моңғол тілдері фонетикалық жүйелерінің XIII ғасырдың соңынан XVIII ғ. аралығындағы ортамоңғолдық күйін таныта алатынымен айрықша маңызды саналады. Моңғол тілдері дамуының орта дәуірін көрсете алатын дереккөздер қатарын араб және қытай жазба ескерткіштерінде кездесетін моңғол тілінің материалдары да толықтырады.

<sup>1</sup> Владимирцов Б.Я. Сравнительная грамматика монгольского письменного языка и халхасского наречия. Введение и фонетика. 2 изд. – М., 1989.

<sup>2</sup> Санжеев Г.Д. Сравнительная грамматика монгольских языков. – М., 1953. – С. 116-117.

XX ғасыр моңғол тіл білімі моңғол әдеби тілдерін (бурят, қалмақ, халха-моңғол, яғни қазіргі моңғол тілі) және моңғол диалектілерін көне моңғол жазуымен және тибет әліпбиіне негізделіп жасалған квадрат жазуымен жазылған ескерткіштермен, ойрат жазба тілінің материалдарымен салыстыра қарастырған, сондай-ақ моңғол тілдерінің салыстырмалы фонетикасы, моңғол жазба ескерткіштері тілі, қазіргі моңғол тілдері және оның говорлары т.б. бойынша жарық көрген зерттеулердің молдығымен сипатталады. Г.Й.Рамстедт, Н.Поппе, Б.Я.Владимирцов, М.Левицкий, А.Мостарет, С.Е.Мартин, Л.Лигети, Г.Д.Санжеев, Е.А.Бертагаев, В.И.Рассадин, Б.Х. Тодаева, Ц.Д.Номинханов т.б. моңғолтанушы ғалымдардың іргелі зерттеулері XX ғасырдағы моңғолтану ғылымның лингвистикалық саласына қосылған орасан зор үлестер ретінде бағаланады.

Лингвистикалық түркологияда маңызды саналатын «ротацизм» және «ламбадаизм» мәселесі моңғолтануда көтерілмейді. Мәселен, түркі-моңғолға ортақ сөздер тұрғысынан алғанда, чуваш тілінде [r] және [l], ал басқа түркі тілдерінде [z] және [s] түрінде көрініс беретін дыбыстар моңғол сөздерінде [r] және [l] болып келеді. Мысалы: чув. *sir*, көне моңғ. *ziru-* «сызу», кырғ. *dzaz-* «жазу» немесе чув. *cul*, көне моңғ. *cilagin*, кырғ. *tas* «тас». Демек алтаистикалық деңгейде [z] және [s] дыбыстарының алғашқылық рөлін, сондай-ақ олардың моңғол «сөйленістерінің» көне дәуірінде мүлдем кездеспейтінін ескеретін болсақ, бұл [r] және [l] дыбыстармен келген моңғол сөздерінің түптегін «түркілік ортамен» байланыстыруға болады. Басқаша айтқанда моңғ. *ziru-* «сызу» және *cilui* «тас» сөздерін [z] және [s] дыбыстарының [r] және [l] дыбыстары болып өзгеуін бастан кешірген түркизмдер деп санауға болады. Сонымен, XXғ. моңғол компаративтістері моңғол «сөйленістерін» зерттеуде көптеген табыстарға жетті, әсіресе жетістіктер салыстырмалы-тарихи фонетика саласында көп болды деуге болады және жалпыалтаистикалық маңызы зор нақты нәтижелер ретінде мыналарды атап көрсетуге болады:

- моңғол тілдеріндегі созылыңқы және дифтонг дауыстылардың пайда болу, даму процесі айқындалды (ГСГ → Г•Г → ГГ → Г:). Мысалы: көне моңғ *χagan* ← \**qagan* → кв.-жаз. *qa'an* → халх. *χān*;

- қазіргі қалмақ тіліндегі дауыстылардың лабиальдық дистормониясы көне моңғол жазба тілі қалыптасқан кезден жалғасып келе жатқаны айқындалды. Мысалы: *dolān* ← \**dolugon* → халх. *dolō* [i] дауыстысының [dz~z] ← [z] → [dz~z] және [ts~s] ← [c → [ts~zs] африкаттар дивергенциясына байланысты сынуы айқындалды. Мысалы: \**zirgal* → халх. *džargal*, бур. *žargal* «бақыт» немесе \**čina-* → халх. *t» sana-*, бур. *šana-* «қайнату».

XXI ғасырдағы лингвистикалық моңғолтанудың салыстырмалы-тарихи бағыты алдындағы өзекті мәселелерге: күні бүгінге дейін салыстырмалы деңгейде жүріліп келген моңғол «сөйленістерінің» лексикасы мен грамматикасын тарихи арнаға бұру; салыстырмалы-тарихи монголистикадағы монғор, моғол, дагур, дунсян, баонь сияқты маригинал моңғол тілдерінің орны мен маңызын айқындау және осы тілдерге тигізген араб, қытай, парсы тілдерінің әсер-ықпалын зерттеу; реликт тұлғаларды анықтау және олардың моңғол тілдері мен сөйленістеріаралық салыстырмалы-тарихи сипаттамасын жасау; тұңғыс-маньчжур, түркі және басқа да тілдерде кездесетін ерте кездердегі монголизмдерді айқындау; түркі және моңғол, тұңғыс-маньчжур және моңғол, моңғол және жапон, моңғол және корей тілдері арасындағы айырмашылықтарды жүйелі зерттеу сияқты мәселелерді жатқызуға болады.

**Тұңғыс-маньчжур тілдерін салыстырмалы-тарихи тұрғыдан зерттеудегі маньчжур жазба тілінің орны.**

Тұңғыс-маньчжур тілдерін зерттеу ісі орал-алтай тілдерінің өзара туыстастығы немесе жалпыалтайлық тектіл мәселесіне қатысты түркі және моңғол тілдерін зерттеу барысында «қосымша тілдік материал» ретінде қолға алынып, орал-алтай тілдері семьясының мүшесі ретінде оралтану мен алтаистикадағы көптеген мәселелердің басын ашуға септігін тигізетін дереккөз қызметін атқарды.

Тұңғыс-маньчжур тілдері (эвен және эвенкі) туралы алғашқы деректер XVII ғасыр соңына қарай пайда болды (Н.К.Витзен). XVIII ғасырда Д.Г.Мессершмидт, С.П.Крашенинников, Я.Линденау, Г.Ф.Миллер, И.Биллингс, П.С.Паллас және басқалардың еңбектері арқылы тұңғыс-маньчжур тілдері бойынша фактологиялық материалдар жинақталды. Тұңғыстану-маньчжуртану ғылымының қалыптасуында М.А.Кастрен зерттеулерінің, әсіресе оның тұңғыс тілінің грамматикасы мен сөздігінің (А.А.Шифнердің толықтырулары енгізіліп, жарық көрген) маңызы зор болды.

XIX ғ. екінші жартысы XX ғ. басында маньчжуртану зерттеуде ірі жетістіктерге қол жеткізілді. Бұл кезеңде маньчжур тілі бойынша В.П.Васильев, И.И.Захаров, А.О.Ивановский, А.М.Орлов, позднее А.В.Гребенщиков, В.Котвич, А.М.Позднеев, П.П.Шмидт тәрізді көрнекті ғалымдардың фундаменталды еңбектері жарық көрді, Амур бойы тұңғыс тілдерін зерттеуге Р.К.Маак, К.И.Максимович, Л.И.Шренк, кейіннен С.Леонтович, Л.Я.Штернберг, В.Г.Богораздар ат салысты, чжурчжэнь ескерткіштерін филологиялық тұрған зерттеуге В.Грубе үлес қосты.

Ленинградта тұңғыстану-маньчжуртану мектебі қалыптасып, КСРО-дағы барлық тұңғыс-маньчжур тілдері бойынша материалдар жинақтау және оны өңдеу ісі қолға алынды. Эвенк тілі бойынша А.Ф. Бойцова, Г.М. Василевич, В.А. Горцевская, В.Д. Колесникова, О.А. Константинова, Е.П. Лебедева, А.Н. Мыреева, А.В. Романова, эвен тілі бойынша В.Д. Лебедев, К.А. Новикова, Л.Д. Ришес, В.И.Цинциус, нанай тілі бойынша В.А.Аврорин, Н.Б.Киле, С.Н.Оненко, Т.И.Петрова, Л.И.Сем, О.П.Суник, негидаль тілі бойынша В.Д. Колесникова, О.А. Константинова, Е.М. Мыльникова, В.И. Цинциус, удэгей тілі бойынша И.В. Кормушин, О.П. Суник, Е.Р. Шнейдер, ороч тілі бойынша В.А. Аврорин, Е.П. Лебедева, В.И. Цинциус, ульч тілі бойынша Т.И. Петрова, О.П. Суник, орок тілі бойынша К.А. Новикова, Т.И. Петрова, Л.И. Сем тәрізді тұңғыстанушылар зерттеулер жүргізді,

1975 жылы В.И. Цинциустың жалпыредакторлығымен 2 томдық «Тұңғыс-маньчжур тілдерінің салыстырмалы сөздігі» (Л.: Наука, 1975. Т.1; Л.: Наука, 1977 Т.2) жарық көрді. Тұңғыс-маньчжур тобы тілдерінің фонетикасын, морфологиясын, синтаксисін, лексикасын салғастырмалы және салыстырмалы-тарихи тұрғыдан зерттеуге арналған бірқатар іргелі зерттеулер пайда болды.

Тұңғыс-маньчжур тобы тілдерін тарихи тұрғыдан зерттеуге Й.Бенцинг, Г.Дёрфер, Ё.Икегами, К.Г.Менгес, Н.Н.Поппе, И.Футаки, Д.Синор, К.Ямамото т.б. шетелдік ғалымдар да үлес қосты.

Алтайлық тектілдің дамуы туралы схемадағы тұңғыс-маньчжур тілдерінің орнын айқындауда лингвистер көбінесе маньчжур жазба тіліндегі ескерткіштерге жүгінді.

Маньчжур әдеби тілі XVII ғ. бірінші жартысында моңғол әліпбиін маньчжур тіліне ыңғайлап қолдану барысында қалыптасып, XVIII және XIX ғасырларда жетілдірілген жазба тіл қызметін атқарды. Солтүстік шығыс Азияның соңғы 300-400 жылғы тарихи-мәдени өмірінен мол мағұлмат беретін, кезінде ксилографиялық басылыммен және қолжазба күйінде таратылған аса құнды 1000-ға жуық маньчжур жазба ескерткіштері Санкт-Петербург, Мәскеу қалаларының, сондай-ақ ҚХР Цицикар кітапханаларының сирек кітаптар қорында сақталып, бізге жетіп отыр. Олардың арасынан қытай тіліндегі түп нұсқадан аударылған 800-дей жазба ескерткіштердің материалдары П.П.Шмидт, А.В.Гребенщиков, В.Л.Котвич, П.Г.Меллендорф, Б.Лауфер тәрізді ғалымдар зерттеулерінде қолданыс тапты.

Маньчжур жазба тілін зерттеуге А.Л.Леонтьев, С.В.Липовцев, А.М.Владыкин, Т.М.Розов, И.К.Россохин, А.М.Орлов, В.П.Васильев, И.И.Захаров, А.М.Позднеев, А.О.Ивановский, П.П.Шмидт, А.В.Гребенщиков сияқты орыстың белгілі маньчжуртанушы ғалымдары ат салысты. Ресейлік маньчжуртану мектебінің негізін қалаушы лингвистер А.М. Орловтың, И.И. Захаровтың маньчжур тілінің грамматикасы бойынша XIX ғ. екінші жартысында жарық көрген зерттеулері әлі күнге өз маңызын жоймаған құнды еңбектер қатарына жатады. Олардың грамматикаларында морфологиялық

тұлғалар және олардың синтаксистік қызметі біртұтастықта, яғни грамматикалық формалардың мағыналары олардың синтаксистік мазмұнымен тығыз байланыста қарастырылады<sup>1</sup>.

Маньчжур тілі Еуропалық ғалымдар тарапынан XVIII ғ. бірінші жартысынан бастап, иезуит Жербильонның латын тілінде құрастырған маньжур тілінің грамматикасынан (Париж, 1787) кейін зерттеле бастайды. XIX ғасырда жарық көрген С.Габелен, Дж.Шмидт еңбектерінде<sup>2</sup> маньчжур жазба тіліне айрықша назар аударылады.

Қытайда маньчжур династиясының құлауына байланысты маньжур тіліне деген практикалық қажеттілік азайып, тұңғыс тілдеріне және оның маньчжур тіліне қатысы жайлы мәселеге арналған теориялық сипаттағы лингвистикалық зерттеулерден қойыла бастайды.

Маньжуртану саласында тұңғыс тілдерінің (нанай, негидадь, ороҷ, орок, солон, ульч, удэгей, чжурчжэнь, эвенк, эвен) маньчжур тілдеріне қатысы жайлы мәселені бірінші болып П.П.Шмидт қозғады. Ол өзінің «Маньчжур тіліндегі қытай элементтері» («Asia Major», vol. VII, fasc. 3, Leipzig, 1932. P 576) атты еңбегінде «Маньчжур және тұңғыс халықтарын (тілдік тұрғыдан алғанда) бір халық деп қабылдайтын қате түсінік орын алады. Шындығына келсек, Амур дариясы маньчжурлар мен тұңғыстарды бір-бірінен бөліп тұратын шекара бола алады. Амурдың арғы бетіндегі сибилер – тұңғыстар емес, таза солтүстік маньчжурлар» деп Дүнбейдің солтүстігін мекендейтін, біразы XVIII ғ. Шынжан өлкесіне қоныс аударған сибилердің маньчжур тілінің солтүстік диалектісінде сөйлейтін халық екенін айтады.

Маньчжур және тұңғыс тілдері арасындағы айырмашылықтар мен өзіндік ерекшеліктер В.И.Цинциус, Й.Бенцинг, О.П.Сунник, В.А.Аврорин, Б.Болдырев, А.А.Бурыкин т.б. тұңғыстанушы лингвистер зерттеулерінде, ал тұңғыс-маньчжур тілдерінің моң-

<sup>1</sup> Орлов А.М. Грамматика маньжурского языка. СПб, 1873; Захаров И.И. Грамматика мань-журского языка. – СПб, 1879.

<sup>2</sup> Gabelentz C.H. Elements de la grammaire mandchoue. -Altenbourg, 1832; Schmidt J. Der Lautwandel im Mandschurischen und Mongolischen. -Peking, 1898.



ғол немесе түркі тілдерімен байланысы мәселесі ХХ ғасырдың көрнекті лингвистері Б.Я.Владимирцов, Н.Н.Поппе, В.Котвич, Л.Лигети, Ф.Фукс, Е.Ауэр, К.Менгес, Г.Дерфер, А.М.Щербак, Дж.Норман, Д.Синор, К.Крипс, Г.Д.Санжеев т.б. зерттеулерінде, тұңғыс-маньчжур тілдерінің жапон-корей тілдеріне қатысы мәселесі Г.Рамстедт, А.Вовин, Л.Хью, Ким Донсо, Дж.Кинг зерттеулерінде әр қырынан сөз етіледі.

Маньчжур жазба тілі пайда болғанға дейін маньчжур тілінің солтүстік-маньчжур диалектісімен қатар оңтүстік-маньчжур диалектісі де өмір сүрді. Маньчжур әдеби тіліне (жазба тілге) негіз болған оңтүстік-маньчжур диалектісінде сөйлеген маньчжурлар қытайлармен тығыз аралас-құраластық барысында біртіндеп өздерінің туған тілін түбегейлі жоғалтып, қытай тілінде сөйлейтін жұртқа айналды. Қазіргі кезде оңтүстік-маньчжур диалектісі тек ғана маньчжур жазба ескерткіштері негізінде қайта жаңғыртуды қажет ететін «өлі» тілге айналған болса, аздаған сибилен сөйлейтін солтүстік диалектіден басқа маньчжур тілінің «тірі» сөйленістері жоғалып, жойылып бара жатқан тілдер болып саналады<sup>1</sup>. Оларды сақтап қалу және жүйелі түрде жан-жақты зерттеу қазіргі маньчжуртану саласындағы лингвоэкологиялық күрделі проблематика ғана емес, алтаистика ғылымының да басты міндеттері қатарына жатады.

Тұңғыс-маньчжур тілдері сөз қазынасының ең көне қабаттын құрайтын жалпыалтайлық лексиканы одан кейінірек тарихи дәуірлердегі, әсіресе моңғол тілінен енген кірме сөздерден ажыратып алу кей жағдайда мүмкін бола бермейді. Сөз қорының қалыптасуына самодий, түркі тілдерімен болған қарым-қатынастың тигізген әсері өз ізін қалдырғаны сөзсіз. Эвенкі және эвен тілдерінде якут тілінің элементтері көптеп орын алса, бурят және эвенкі тілдері арасындағы тарихи қатынас жалғасуда, ал маньчжур тілінің кірме қабатында қытай тілінің элементтері

<sup>1</sup> Петров А.А. Из истории изучения тунгусо-маньчжурских языков // Вопросы истории и культуры северных стран и территорий, 2011, №3(15); 2012, №2(18).

көптеп кездеседі<sup>1</sup>. Мұның сыртында маньчжур тілінің өзі Амур-бойы тұңғыс тілдеріне біршама ықпал еткені сөзсіз.

**Корей және жапон тілдерінің алтай тілдеріне қатысы туралы мәселенің зерттелу барысы.**

Корей және жапон тілдерін өзге де алтайлық тілдермен (түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур) салыстыру-салғастыру өз бастауын ХІХ ғ. соңы ХХ ғ. басындағы (орал-) алтай семьясының құрамын нақтылауға байланысты О.Н.Бетлинг, Г.Винклер сияқты оралтанушы-алтаистер зерттеулерінен бастау алады.

Корей жарты түбегі (КХДР, Оңтүстік Корея), Қытай, Жапония, АҚШ, Ресей және Орта Азия сияқты территорияларда таралған корей тілі мемлекеттік деңгейдегі (Сеуль және Пхеньян диалектілері) және аймақтық статустағы диалектілерден (Чхунчхон, Канвон, Кёнсан, Хамгён, Хванхэ, Чолла, Чеджу) құралады. Қазіргі корей тілімен туыстық жақындықтағы Силла, Пэкче және Когурё сияқты ортағасырлық патшалықтар тілдері «өлі тілдер» санатына жатады. Корейтануда Когурё тілін жапон тілімен байланыстыратын пікірлер орын алады.

Корей тілінің алтайлық тілдермен туыстық байланысы мәселесі алтаистика саласында пікірталас тудырып келе жатқан даулы мәселелердің бірі саналады. Г.И.Рамстедт, Н.Поппе, Е.Д.Поливанов, С.Э.Мартин, К.Менгес, Дж.Стрит, С.Р.Рамзой, С.Розен, А.А.Холодович, В.И.Цинциус, Ю.Н.Мазур, Т.Г.Бугаева, С.А.Старостин, Хаттори Сиро, Ли Ки Мун т.б. ғалымдардың зерттеулері арқылы өзектелетін корей тілінің алтай тілдері семьясындағы орны туралы ХХ ғ. 80 жылдары корейтанушы Л.Р.Концевич былай дейді: «...көптеген дәйектемелердің күмән тудыратынына, дыбыстық реконструкциялар мен этимологиялық талдаулардың жеткіліксіздігіне қарамастан,

<sup>1</sup> Суник О.П. Тунгусо-маньчжурские языки: Введение // Языки народов СССР. – Л., 1968. Т.5. – С. 54; Аврорин В.А. Новые исследования по языкам народностей Севера // Известия АН СССР, ОЛЯ. 1957. Т. XVI. Вып. 5. – С. 469-477; Романова А.В., Мыреева А.Н., Барашков П.П. Взаимовлияние эвенкийского и якутского языков. – Л.: Наука, ЛО, 1975. – 211 стр.

салыстырмалы-тарихи зерттеулердің нәтижесінде корей тілі алтай тіл бірлестігінің мүшесі нақты статусқа ие бола бастады»<sup>1</sup>.

Корей тілінің басқа тілдермен қарым-қатынасы мәселесіне қатысты Н.Поппе: 1) корей-жапон; 2) корей-дравид; 3) корей-қытай; 4) корей-үнді-еуропа; 5) корей-алтай тәрізді бес түрлі гипотезалық деңгейдегі көзқарастар жүйесі орын алатынын айтады. Ол корейтанушылар арасында корей тілінің алтай тілдерімен тектестігі туралы гипотезаны қолдайтындар саны өзге көзқарастағы ғалымдарға қарағанда басым екеніне тоқтала келіп, XIX ғ. соңы XX ғ. басында жарық көрген Астон<sup>2</sup> зерттеулерінде негізінен корей және жапон тілдерінің аглютинативтік сипаты мен түбірлік деңгейдегі ұқсастықтарына назар аударылғанын, мұнда түбір деңгейіндегі ұқсас сөздердің арасында корейден жапонға енген, немесе екеуіне де қытай тілінен енген кірме элементтермен қатар, туыстыққа барып саятын сөздер де көптеп кездесетіні туралы мәселе қозғалғанын айтады. Дженсен, Копелман, Юнкер зерттеулері корей тілінің үнді-еуропа тілдеріне қатысы мәселесіне арналған болса, корей және моңғол тілдеріаралық сәйкестіктер ең алғаш Едкинс зерттеулерінде корей және қытай, моңғол және қытай сәйкестіктерін айқындау барысында бой көрсетеді<sup>3</sup> Қазіргі кезде корей-моңғол тілдік байланысы мәселесі моңғолтанушы Б.Сумьябаатар зерттеулерінде ортағасыр жазба ескерткіштері негізінде зерттелуде.<sup>4</sup>

Г.Д.Рамстедт, Е.Д.Поливанов, Ли Сан-оак, А.Вовин, Ким Ванхан, Итабашы Ио, С.А.Старостин зерттеулерінде корей және жапон тілдерінің алтай семьясына қатысы мәселесі

<sup>1</sup> Концевич Л.Р. Корейский язык в алтаистических исследованиях: некоторые итоги и перспективы//Тезисы и доклады XXIX сессии ПМАК (PIAC). – М., 1986. – С.141-144.

<sup>2</sup> Aston W.C. A Comparative study of the Japanese and Korean Languages. – JIRAS n.s. 11 (1879), 317-364; Kanazawa S. The common origin of the Japanese and Korean Languages. – Tokyo, 1910.

<sup>3</sup> Poppe N. Introduction to altaic linguistics. Otto Harrassowitz- Wiesbaden, 1965. – S.127.

<sup>4</sup> Sumiyabaatar B. The history of relationship between mongolia and korea in the middle age.- Seoul, 1992; Sumiyabaatar B. The unique monument of the protomongolian language and script (co-creation). – Ulaanbaatar, 1987.

көтерілетін болса<sup>1</sup>, жапон-корей туыстастығын жақтайтын С.Мартин зерттеулерінде көнежапон және ортағасыр корей тілдеріне ортақ 300 түбір айқындалады<sup>2</sup>.

Жапон тілінің алтай семьясына қатысын айқындауға бағытталған зерттеулердің басы XIX ғ. соңғы ширегінде жарық көрген Роснидің «Жапон және фин тілдерінің туыстық байланысы»(1875), «Түркі тілі грамматикасын жапон грамматикасымен салыстыру» (1885) тәрізді еңбектерге барып саяды. Жапон тілінің алтай тілдерімен туыстық байланысын негіздеуге арналған Г.Д.Рамстедт, Е.Д.Поливанов, В.Прёле, С.Мартин, Р.Миллер, Н.А.Сыромятников, Мураяма Ситиро, Одзава Сигэо т.б. ғалымдардың зерттеулері алтаистика саласына қосылған қомақты үлестер болып саналады.

Н.А.Сыромятников жапон тілін индонезия, тагал, фин-угор т.б. тілдермен салыстыра-салғастыра зерттеп, көнежапон тіліндегі орал-алтай қабатын айқындаған болса<sup>3</sup>, Мураяма Ситиро зерттеулері жапон-моңғол тілдік байланысына<sup>4</sup>, Э.Г.Азербайев, Хо Сонму зерттеулері жапон-түркі тілдік байланысы мәселесі-

<sup>1</sup> *Ramstedt G.J. A comparison of the Altaic languages with Japanese (1924) // Suomalais-Ugrilainen Seuran Aikakauskirja 55, 1951; Ramstedt G.J. Two words of Korean Japanese (1926) // Suomalais-Ugrilainen Seuran Aikakauskirja 55, 1951; Поливанов Е.Д. К вопросу о родственных отношениях корейского и «алтайских» языков // Статьи по общему языкознанию. – М., 1968; Lee Sang-oak. The Theory of Altaic Language and Korean. KJ., Vol.22:1, pp.14-19; Vovin A. Pre-Hankul Materials, Koreo-Japonic and Altaic // Korean Studies. V.24 2000; Kim, Bang-han. The Relationship between the Korean and Japanese Languages. Kyoto sangyo daigaku kokusai gengo kagaku kenkyujo shoho 2:4 (1981:9): 173-184; Kim, Bang-han. The Relationship between the Korean and Japanese Languages. – Hangul 173-174 (1981:12): 657-667; Itabashi, Yo. A Comparative Study of the Old Japanese and Korean Nominative Case Suffixes i with the Altaic Third Person Singular Pronouns // Central Asiatic Journal, 37:1-2 (1993): 87-119; Itabashi, Yo. The Origins of the Japanese Genitive Case Suffix n/no/na/nga and the Old Korean Genitive Case Suffix \*i in Comparison with Manchu-Tungus, Mongolian, and Old Turkic // Central Asiatic Journal, 35:3-4 (1991): 231-278, Старостин С.А. Алтайская проблема и происхождение японского языка. – М., 1991. - С. 80.*

<sup>2</sup> *Martin S.E Lexical Evidence Relating Korean to Japanese // Language, N 2. 1966.*

<sup>3</sup> *Сыромятников Н.А. Об урало-алтайском слое древнеяпонского языка // Народы Азии и Африки. № 2, 1967; Сыромятников Н.А. О лексике общей у японского с индонезийском и тагальскими языками // Вопросы японской филологии. Вып.,1. – М., 1970.*

<sup>4</sup> *Murayama Shichiro. Mongolisch und Japanisch: ein Versuch zum lexicalischen Vergleich. Collectanea Mongolica.- Wiesbaden, 1966..*

не арналады<sup>1</sup>. А.Старостиннің алтайлық тектілдің фонологиялық жүйесін қайта жаңғырту, қалпына келтіру бағытындағы зерттеулерінде жапон тілінің алтай тілдері семьясына қатысы мәселесі өз шешімін тауып, жапон тілінің алтайлық тегі дәйектеледі<sup>2</sup>.

XXI ғасыр басында С.А.Старостиннің басқаруымен «Алтай тілдерінің этимологиялық сөздігі» жарық көрді<sup>3</sup>. 3000-дай тектілдік негіз қамтылған бұл сөздік «арғыалтай тілі», яғни алтайлық тектіл бойынша жарық көрген ең ірі лексикографиялық дереккөз болып саналады. Сөздік алтай семьясының құрамы түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур, жапон, корей тәрізді бес тілдік топтан тұратынын дәлелдеген және лингвистикалық бағыттағы алтаистиканың салыстырмалы-тарихи алтай тіл білімі тұрғысындағы пәндік мәртебесін бекіткен іргелі еңбек болып табылады.

<sup>1</sup> Азербайев Э.Г. Некоторые вопросы японско-тюркских языковых связей // Изв. АН Каз ССР. Серия филол., 1974.-№4; Азербайев Э.Г. Вопросы тюрко-японских языковых связей (Фонетиколексическое исследование). Автореф. дисс. ... канд. филол. наук.-Алма-Ата, 1975; Азербайев Э.Г. О фонемном составе древнеяпонского, чувашского языков и языка тюркских рунических памятников // Советская тюркология.-Баку, 1983.№1; *Kho, Songmo.* On the Contacts between Korean and the Turkic Languages I. // *Memoires de la Societe Finno-Ougrienne* 158 (1977): 139-142.

<sup>2</sup> Старостин С.А. Алтайская проблема и происхождение японского языка. – М., 1991. 190 стр.

<sup>3</sup> *Starostin S., Dybo A., Mudrak O.* Etymological Dictionary of the Altaic Languages. – Leiden; Boston: Brill, 2003. – Vol. 1. – P. 858. (A-K); Vol. 2. – P. 859-1556. (L-Z); Vol. 3. – P. 1557-2096.

## АЛТАИСТИКАНЫҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ-ТАРИХИ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ДЕРБЕС САЛАСЫ РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ

### §1. «Алтай гипотезасы» және алтай тілдерін топтастыру мәселесі

Алтаистиканың дербес ғылым саласы ретінде қалыптасып, дамуының тіндік өзегін «алтай гипотезасы» немесе «алтай теориясы» деп аталатын алтай тілдерінің генетикалық туыстық байланысына қатысты ғылыми идеялар мен көзқарастардың, тұжырым-пікірлердің жиынтығы құрайды.

XXғ. басында түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур, корей, жапон сияқты тілдік топтардың тіл ортақтығын, өзара байланысын, бір-біріне қатысын зерттейтін компаративисттік алтаистиканың қалыптасуына «алтай теориясы» арқау болды.

«Алтай теориясы» өз бастауын XVIII ғасырдың бірінші жартысында пайда болған орал-алтай тіл білімінен, орал-алтай семьясын құрайтын тілдердің генеалогиялық классификациясын жасауда негізге алынған «орал-алтай гипотезасынан» алды. А.М.Щербак: «алтай гипотезасының (*resp. орал-алтай*) кең таралуына түркі, моңғол және тұңғыс-маньчжур тілдерінің құрылым-құрылысының барлық деңгейін (фонетикалық, морфологиялық, лексикалық және синтаксистік) қамтитын таза линг-

вистикалық мәліметтерді «әу бастағы бір ғана баба тілге», яғни болжам ретіндегі «алтайлық тектілге» барып саятын генеалогиялық туыстықтың кепілі ретінде қабылдау, сондай-ақ фин-угор тіл әлемінің шет-шекарасын кеңейтуді көздеген субъективтік факторлар әсер етті» – дейді<sup>1</sup>.

XVIII ғасырдың алғашқы жартысында швед офицері Йоганн фон Страленберг Ресейдің шығыс бөлігін және Сібірді, Қара теңіз бен Каспий теңізінің аралығын мекен еткен көптеген халықтарды тілдік тұрғыдан «татар» деген жалпы атауға біріктіріп, оларды іштей: 1) фин-угор халықтары, барабиндер және гундар; 2) түркі-татарлар; 3) самодийтер; 4) моңғолдар және манджурлар; 5) тұңғыстар; 6) Қара теңіз және Каспий теңізінің аралығында өмір сүретін тайпалар деп 6 топқа жіктейді<sup>2</sup>.

Й.Страленбергтің «татар» деп атаған топқа біріктірілген тілдер арасындағы «генетикалық туыстық байланыс» идеясы кейіннен «орал-алтай гипотезасы» деп аталды және оны зерттеу ісі Р.Раскының «Скиф тілдері», М.Мюллердің «Тұран тілдері» туралы сипаттамалы-салыстырмалы еңбектерінен басталып, В.Шотт, М.А Кастрен, Ф.Е.Видеман, О.Бётлинг, Г.Винклер, Е.Д.Поливанов, Г.И.Рамстедт, Б.Коллиндер т.б. оралтанушы-алтаист ғалымдардың зерттеулерінде жалғасын тапты.

Р.Раск «скиф тілдері» деп атаған топқа Гриландияда, Солтүстік Америкада, Азия және Еуропаның солтүстік бөлігінде, Кавказда таралған тілдерді, сонымен қатар Испания мен Галлиядағы ежелгі тілдерді (үнді-еуропалықтар қоныстанғанға дейінгі) жатқызды. Ол топ моңғол, тұңғыс, түркі, фин-угор (оралдық), самодий тілдерінің сыртында эскимостардың, полиазиаттықтардың, кавказ халықтарының, Испания мен Еуропада жойылып кеткен яфеттік тұрғындардың тілдерін де қамтыды<sup>3</sup>.

М.Мюллер көптеген тілдердің аглютинативтік сипаттамасын негізге ала отырып, Страленберг пен Раск атаған топтарға сиам, тибет, дравид, малай тілдерін қосты және бұл топты ги-

<sup>1</sup> Щербак А.М. О методике исследования языковых параллелей (в связи с алтайской гипотезой)// Вопросы языкознания, №6. 1960. – С.271

<sup>2</sup> Strahlenberg F. Der Nord und Ostlich Theil von Europa und Asia, von Philipp von Strahlenberg.- Stockholm, 1730.

<sup>3</sup> Rask R.K. Den skitiske Sproget.-Kopenhagen, 1834

потезалық тұрғыдан «түркілердің отаны» саналатын Ішкі Азияның бір бөлігі – Тұран атауына байланысты «Тұран тілдері» деп атады. Аса ауқымды территориядағы сан алуан тілдерді қамтыған, әрі үнді-еуропа тілдері, немесе семит тілдеріне қарағанда тілдік белгілері нақты айқындалмаған «Тұран тілдерін» зерттеуде М.Мюллер өзгеше әдіс-тәсілдерді қолдану қажеттігін айтты. М.Мюллер тіл феноменіне саяси сипат дарытып, үнді-еуропа мен семит тілдерін *political languages*, Тұран тілдерін тек «көшпенділердің тілдері» (*nomadic languages*) деп атады және *nomadic* тілдердің арасындағы байланыс *political* тілдерге қарағанда әлсіз деп білді. Сондықтан ол *nomadic* тілдерге қарасты «тілдік семья» терминін сирек қолданды, оның орнына «тілдік топ» деген терминге жиі жүгінді<sup>1</sup>. Жалпы алғанда, М.Мюллердің Тұран тілдері жайлы көзқарасы нақты да айқын болмады және лингвист компаративистер тарапынан қолдау таппады. М.Мюллер тұсында «Тұран тілдер» тобына жатқызылған тілдердің зерттелу деңгейі де өте төмен болды.

«Орал-алтай гипотезасының» салыстырмалы-тарихи тұрғыдан негізделуі ХІХ ғ. 30 жылдары жарық көрген неміс ориенталистісі В.Шотт (1802-1889) зерттеулерінен басталады. В.Шотт 1836 жылы Берлинде жарық көрген «*Versuch uber die tatarschen Sprachen*» («Татар тілдерін зерттеу тәжірибесі») атты еңбегінде орал-алтай тілдеріне «алтай» немесе «чуд-татар тобы» деген жалпы атау бере отырып, іштей ол топты: 1) орал тілдері (фин-угор және самодий); 2) түркі тілдері; 3) моңғол тілдері; 4) тұңғыс-маньчжур тілдері деп төрт ірі тілдік топқа бөледі. В.Шотт туыстық байланысы жағынан ең жақын тілдерге самодий пен фин-угор тілдерін жатқызды. Оларды «финдік» немесе «чудтық» деп, ал түркі, моңғол, маньчжур-тұңғыс тілдерін «татар тілдері» деп атаған В.Шотт «чуд-татар тобы» тілдерінің әртүрлі тармақтары өзара жақындық дәрежесі бойынша сатылана байланысады деп білді.

«Алтай тілдері» терминін ХІХ ғ. орта шенінде ғылыми айналымға енгізіп, Шығыс Еуропа мен Сибирде таралған типология-

<sup>1</sup> Muller M., *Essays I*, Leipzig, 1869. The languages of the Seat of War in the East, With a Survey of three families of languages, Semitic, Arian, and Turanian, London-Edinburgh. -Leipzig, 1855.



лық тұрғыдан бір-біріне жақын болып келетін көптеген тілдердің атажұртын «Алтаймен» байланыстырған, фин, самодий, тұңғыс, түркі, моңғол тілдерінің туыстық байланысын ғылыми негіздеуді көздеген алғашқы зерттеулер аса көрнекті оралтанушы-алтаист М.А.Кастреннің еншісіне тиеді.

М.А.Кастрен «Алтай тілдері» деп атаған тілдік топты іштей:

1. Орал тілдері (фин-угор және самодий тілдері); 2. Алтай тілдері (түркі, моңғол және маньчжур-тұңғыс тілдері) деп екіге бөледі және «Орал-алтай мәселесінде мен үнемі моңғолдарға немесе татарларға барып тірелемін. Менің бұл тілдердің өз арасындағы және олардың фин, самодий тілдерімен ұқсастығын дәлелдегім келеді. Татар (түркі) және моңғол тілдері арасында туыстық байланыс бар екені күмәнсіз, бірақ оны дәлелдеп шығу үшін көп уақыт пен қажырлы еңбек қажет» деп түркі және моңғол тілдерінің өзара туыстық байланысына айрықша назар аударады<sup>1</sup>.

А. М.Кастрен ғылыми айналымға енгізген «алтай» ұғымы екі түрлі мағынада қолданылады: А.М.Кастрен зерттеулеріндегі «алтай» – «орал-алтай тілдері» деген мағынаны білдіретін болса, қазіргі кезде «алтай тілдері» деген атау түркі, моңғол, маньчжур-тұңғыс, корей және жапон тілдеріне қатысты қолданылады<sup>2</sup>.

В. Шотт, М.А.Кастрен еңбектері «Алтай гипотезасының (Орал-алтай)» жүйелі түрде ғылыми тұрғыдан зерттелуіне жол ашты. Лингвистер *фин-угор-самодий* немесе *моңғол-тұңғыс-түркі* топтарындағы фонетикалық және морфологиялық сәйкестіктерге қызығушылық танытты, олардың арасындағы туыстық байланыстың алыс-жақындығын зерделеуге, соның негізінде алтай тілдері классификациясына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге талпынды. Мәселен, Г.Винклер орал-алтай тілдерін екіге бөлді: бірінші топқа фин-угор-самодий-тұңғыс-жапон тілдерін, екінші топқа моңғол-түркі тілдерін жатқызады. Ол маньчжур тілі жапон мен фин-угор-самодий тілдері арасын байланыстырушы

<sup>1</sup> Castren M.A. Über die Personalaffixe in den Altaischen Sprachen, Kleinere Schriften. – St. Petersburg, 1862; Castren M.A. Reiseberichte und briefe aus den Jahren 1845-49. – St.Petersburg, 1856.

<sup>2</sup> Poppe N. Introduction to altaic linguistics. Otto Harrassowitz- Wiesbaden, 1965. -S.127.

«көпір» қызметін атқарады, тұңғыс тілі басқа тілдерге қарағанда фин-угор тілдеріне жақын деп білді.<sup>1</sup>

Ал жапон тілін орал-алтай тілдері тобына қосу мәселесі М.А.Кастреннің замандасы О.Н.Бетлингтен басталып, Г.Винклер зерттеулерінде<sup>2</sup> көрініс берді. Кейіннен Е.Д.Поливанов, Г.И.Рамстедт зерттеулерінде алтай тобының корей-жапон бұтағына байланысты қайта жаңғырған бұл проблема С.А.Старостин, Н.А.Сыромятников, Э.Г.Азербайев, С.Е.Мартин т.б. алтаистер тарапынан қолдау тапты.

XIX және XX ғасырлар тоғысында оралтанудан іргесін ажыратып, ғылыми дамудың дербес жолына түскен қазіргі заманғы компаративистикалық алтаистиканың негізін Г.И.Рамстедт салды. Ол орал және алтай тілдері арасындағы туыстық байланыс туралы пікірлерге қарсы болды және алтай тіл бірлестігінің құрамын түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур сияқты негізгі тілдік топтармен, сондай-ақ корей және жапон (көне жапон) тілдерімен шектеп, бұл тілдер арасындағы байланысты генетикалық туыстықпен дәйектеді.

Алтай тілдерінің шығу тегін бір негізден – арғыалтай тілінен өрбіткен Г.И.Рамстедт постулаты Н.Поппенің, Б.Я.Владимирцовтың салғастырмалы-салыстырмалы және салыстырмалы-тарихи зерттеулері барысында одан әрі жетілдіріліп, ендігі жерде, алтай тілдерінің тармақаралық байланыстарының жақындық деңгейін айқындауға, «арғыалтай тілінен ең алдымен түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур тілдерінің қайсысы бөлініп шықты?» деген мәселелерге көңіл қойыла бастады. Мәселен, Б.Я.Владимирцов: «Түркі және моңғол тілдері өзара өте жақын туыстық байланыста болып келеді. Олардың тегі о бастағы ортақ тіл – жалпымоңғол-түркі тектіліне барып саяды. Ал жалпымоңғол-түркі тектілі мен қазіргі тұңғыс-маньчжур тілдерінің арғы ататегі болып табылатын жалпытұңғыс-маньчжур тектілі екеуі алтай тектілінен таралады» дей келіп, алтайлық тектілдің бұтақтануының, тарамдала дамуының мынадай үлгісін ұсынады<sup>3</sup>:

<sup>1</sup> Winkler H. Uralaltaische Volker und Sprachen. – Berlin, 1884; Das Ural-altaische und seine Gruppen. – Berlin, 1886.

<sup>2</sup> Winkler H. Der ural-altaische Sprachenstamm, das Japanische. -Berlin, 1909.

<sup>3</sup> Владимирцов Б.Я. Сравнительная грамматика монгольского письменного языка и хал- хасского наречия. 2-ое изд.-М.,1989.


**Алтайлық тектіл:**

**1. Жалпы- моңғол-түркі:**

а) Жалпы-моңғол ; ә) Жалпы-түркі;

**2. Жалпы- тұңғыс.**

Ал Н.Н.Поппе алтай тілдерін Г.Й.Рамстедт ізімен моңғол тілдері, тұңғыс-маньчжур тілдері, чуваш-түркі тілдері және корей тілдері деп топтай келіп, алтай тілдері дамуының мынадай сызбасын ұсынады:



Н.Поппе алтай тілдерін құрайтын топтардың әрқайсысын іштей жіктеп, *санта, моңғур, дагур, могол, ойрат, бурят, могол, халха, дари-ганга, чахур, урат, харчин-түмүт, хорчин, ужимчин, ордос* тілдерін моңғол тобына; *жучен, манчу, голди, улча, орочи, ороки, удэхэ* тілдерін маньчжур тобына, *нэридал, эвенк, ламут, солон* тілдерін тұңғыс тобына жатқызады. Түркі тілдерін *чуваш тілі және түркі*

*тілдері* тобы деп екіге бөліп, түркі тілдерін іштей *якут тілі, тува-хакас тобы, қыпшақ тобы, шағатай тобы, түркмен тобы* деп топтастырады және алтай тілдеріне жатқызған тілдік топтар мен тілдерге арнайы тоқталып, олардың әрқайсысына жеке-жеке лингвистикалық сипаттама береді<sup>1</sup>. Сондай-ақ алтайлық негіз тіл – тектілдің бөлінуі туралы Н.Н.Поппе: «алтайлық негіз тіл – тектілден ең алдымен түркілік тектіл бөлініп шықты, ал моңғол және тұңғыс-маньчжур тілдері бір тектіл құрамында ұзақ уақыт бірге дамыды» – деген пікір айтады<sup>2</sup>.

Алтаистиканың орал-алтай тіл білімі құрамында, кейіннен дербес ғылым саласы ретінде даму барысында оралтанушы және алтаист ғалымдар ұсынған үлгілер мен топтастыруларға сүйене отырып, Н.А.Баскаков орал-алтай тіл ортақтастығын: **орал тілдері және алтай тілдері** деп екі ірі макротопқа бөледі, олардың мынадай ішкі классификациясын ұсынады:

### Орал-алтай тіл бірлестігі

#### I. Орал семьясы

1. *Фин-угор бұтағы*:  
фин тобы;  
угор тобы.
2. *Самодий (самоед) бұтағы*:  
самоед тобы;  
юкагир-эскимос-алеут тобы

#### II. Алтай семьясы

1. *Түркі-моңғол бұтағы*:  
түркі тобы;  
моңғол тобы.
2. *Тұңғыс-маньчжур бұтағы*  
тұңғыс тобы;  
маньчжур тобы
3. *Жапон-корей бұтағы*:  
1) жапон тілі;  
2) корей тілі.

Н.А.Баскаков алтай тілдерінің іштей тарамдала, жеке дара дамуы алтайлық ру-тайпалар мен ұлыстардың тарихи бірігуі мен тұтасуы, қайтадан бөлінуі процестерімен қатар жүрілгендігіне

<sup>1</sup> *Poppe N. Introduction to altaic linguistics. Otto Harrassowitz- Wiesbaden, 1965. – S.7.*

<sup>2</sup> *Poppe N. Vergleichende Grammatik der altaischen Sprachen. – Wiesbaden, 1960. T.1: Vergleichende Lautlehre. – S.8.*

назар аударады және алтайлық тілдік бұтақтардың ішкі жіктелісі туралы былай дейді: «Рулар мен тайпалардың, тайпалық одақтардың өзара бірігуі мен біртұтастануы, ол тұтастықтың қайтадан тарамдала бөлінуі барысында алтай тілдері алдымен, *түркі-моңғол, тұңғыс-маньчжур* және болжамдық тұрғыдағы *жапон-корей* сияқты үш негізгі тілдік бұтақтарға ажырады. Ары қарайғы тұтастану процесінің нәтижесінде *түркі-моңғол* бұтағы – кейіннен *батыс хун* және *шығыс хун* болып екі жарылған *түркі тілдері тобына* және іштей ойрат-қалмақ, халха-моңғол, бурят және моңғол болып бөлініске түскен *моңғол тілдері тобына* ажырады. *Тұңғыс-маньчжур* бұтағы – эвенк және нанай-голд бөлімшелерінен тұратын *тұңғыс тобына* және *маньчжур тобына* (маньчжур және чжурчжень) бөлінді. Ал жапон және корей тілдерін біріктіретін *жапон-корей бұтағы*, ғалымдардың айтуынша, алтайлық диалектілердің көршілес тілдермен (алтай тілдеріне жатпайтын) аралас-құраластығының нәтижесінде пайда болған. Сондықтан да алтаистика саласындағы салыстырмалы-тарихи зерттеулер негізінен түркі, моңғол және тұңғыс-маньчжур тілдерімен шектеледі де, оралтануда юкагир-эскимос-алеут тобының жеке зерттелетіні сияқты жапон-корей ортақтығын өзінше оқшау қарастыру үрдісі<sup>1</sup> орын алады».

## § 2. Алтай тілдерінің генеалогиялық туыстастығы мәселесіне қатысты ғылыми көзқарастар жүйесі

Түркі, моңғол, тұңғыс маньчжур тілдерінің генеалогиялық тектестігі мәселесі, яғни «Алтай гипотезасы» алтаист лингвистер арасында алтай тілдерін бір негіз-тілден өрбітетін дәстүрлі алтаистикалық, алтай тілдеріндегі материалдық ортақтықты осы тілдердің көп ғасырлық тығыз қарым-қатынасынан іздестіретін антиалтаистикалық, сондай-ақ алтай тілдерінің өзара генетикалық байланысын жоққа шығармағанымен, Орталық Азия ареалында тарихи қалыптасқан тілдік одақтарды тереңдеп зерттеудің алтай тіл бірлестігі проблематикасына тікелей қатысы бар маңызды мәселе екенін зерттеудің күн тәртібіне қойған неол-

<sup>1</sup> Баскаков Н.А. Алтайская семья языков и ее изучение. -М., 1981. -С. 14-16.

таистикалық көзқарастардың қалыптасуына жетелеген басты теориялық концепция болып саналады.

Г.И.Рамстедт, Н.Н.Поппе, Б.Я.Владимирцов, Е.Д.Поливанов, сияқты компаративистикалық дәстүрлі алтаистиканың негізін қалаған ғалымдар және олардың ізбасарлары (Н.А.Баскаков, П.Аалто, О.Прицак, К.Г.Менгес, В.И. Цинциус, В.М. Иллич-Свистыч, М.Р Федотов, С.А.Старостин т.б.) алтай тілдерінің генетикалық туыстастығы туралы тұжырымдаманы топтараралық деңгейде анықталған фонетикалық, морфологиялық сәйкестіктер мен арғыалтайлық тұлғаларды қайта жаңғырту бағытындағы этимологиялық зерттеулер негізінде дәйектейді.

Салыстырмалы алтай тіл білімі және моңғолтану салаларының дамуына айрықша үлес қосқан В.И.Котвич түркі, моңғол және тұңғыс тілдерінің фонетикалық, морфологиялық және лексикалық деңгейлерінде орын алатын ұқсастықтар мен сәйкестіктердің жалпы көлемі пайызға шаққанда: түркі-моңғол тілдері тобы мен тұңғыс-маньчжур тілдері арасында 10% лексикалық, 5% морфологиялық, ал түркі және моңғол тілдері арасында 25% лексикалық, 50% морфологиялық сипатта болып келетінін айта келе, алтай семьясының негізінде типологиялық ұқсастықтар жатыр деп біледі<sup>1</sup>.

В.И.Котвичтен басталатын алтай тілдерін типологиялық тұрғыдан зерттеу – алтаистикадағы айрықша маңызды бағыттардың бірі. Өйткені типологиялық ұқсас тілдер ретінде алтай тілдері бір ғана тектілге барып саятын генетикалық тілдік бірлестікті құрайды деп санауға да болады. Алтай тіл бірлестігіне енетін тілдер арасындағы типологиялық ұқсастықтарға: сингормонизм заңдылығының орын алуы; сөздің басқы шенінде бірнеше дауыссыздардың қатар келмеуі; түбір-негіздің біршама тұрақтылығы; сөздердің аглютинативтік тәсіл арқылы жасалуы және түрленуі; атау септігінің полифункционалдық қызмет атқаруы; род категориясының жоқтығы; тәуелдік категориясының болуы; септік парадигмасының аксиалдық сипатта болып келуі; көптік (жинақтық) мағынаның жекеше тұлғада кездесуі; сұраулық демеуліктің болуы; бағыңқының

<sup>1</sup> Котвич В.И. Исследование по алтайским языкам. – М., 1962. – С.351.

басыңқының алдында келуі (конструкция); нақты нысанның табыс септігімен көмкерілуі; сан және сын есімдер анықтауыш қызметін атқарғанда өзінен кейінгі сөзбен қиыса байланыспауы; есім, есімшелі және көсемшелі конструкциялардың көмегімен жасалатын сөйлемдерде бағыңқы сөйлемдердің аналогтарының кездесуі сияқты тілдік құбылыстарды жатқызуға болады<sup>1</sup>.

И.Бенцинг, Д.Шинор, Г.Дерфер, А.М.Щербак, Б.А.Серебренников, Г.Д.Санжеев, Л.Лигети, Дж.Клоусон, А.Ронаташ т.б. алтай тілдеріаралық өзара кірмелікті дәстүрлі алтаистикалық концепцияға қарсы қоятын антиалтаистикалық бағыт өкілдері: «Түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур және жапон, корей тілдерін жорамал түріндегі алтайлық тектілдің «мұрагерлері»деп санауға болмайды. Олардың арасындағы дәстүрлі алтаистика айқындаған материалдық ортақтықтарды компаративтік тұрғыдан тереңдеп зерттеп, жете тексерген жағдайда ұқсастықтар мен сәйкестіктердің, ортақтықтардың барлығы дерлік бір тілден екінші тілге енген біржақты кірме, немесе өзара кірме, я болмаса бір тілден келесі бір тілге, немесе керісінше неше мәрте қайталана енген кірме элементтер болып шығады» деген көзқарасты жақтайды.

Алтайлық ареалда әрқилы тарихи дәуірлерде әртүрлі деңгейде орын алған этнолингвомәдени сипаттағы контактологиялық процестерді кірмелік теориясымен ұштастыратын неоалтаистикалық бағыт өкілдері (В.И.Рассадин, Ж.Қ.Түймебаев, Н.И.Егоров т.б.) жалпыалтайлық негіз тіл туралы постулат өз шешімін табу үшін, ең алдымен көне, өте көне, ерте, өте ерте дәуірлерден келе жатқан кірме элементтерді толық анықтап алу қажеттігін алға тартады.

Сонымен, қазіргі заманғы алтаистика саласында алтай тіл бірлестігінің құрамы негізінен түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур және жапон, корей тілдері сияқты бес тілдік топпен шектеліп, тарихи-салыстырмалы зерттеулердің нысанына осы тілдер арасындағы ұқсастықтар мен сәйкестіктер, ортақтықтар алынады. Әйтседе түркі, моңғол және тұңғыс-маньчжур және жапон-корей тілдерінің материалдық жақындығын о бастағы тектілдік негізден, типологиялық ұқсастықтардан және тілдераралық қа-

<sup>1</sup> Языки мира: Тюркские языки. – М., 1996. – С.8.

рым-қатынастан іздестіретін ғылыми-көзқарастар қайшылығы күні бүгінге дейін толастамай келеді.

Пікір қайшылығы алтайлық 5 тілдік топтың өзара жақындық қатысына, жекелеген тілдік бұтақтараралық өзара байланыстың табиғатына, алтай тілдерінің ата жұртын – төл отанын анықтауға, жалпыалтайлық (арғыалтайлық текті) ортақ тілдің өмір сүрген хронологиялық дәуірін тоқтатуға, арғыалтайлық тектілік формаларды қайта жаңғыртуға, тілдік кірмелік құбылысының екіжақты, үшжақты бағыттарына т.б. мәселелерге байланысты да орын алады. Мәселен, ХХ ғ. 80-90 жылдардағы Пол Бенедик, Юха Янхунен, Г.Дерфер, С.Е.Мартин, А.Вовин, В.И.Рассадин, А.А.Бурыкин сияқты алтаистердің ой-тұжырымдарына кеңінен тоқтала келіп, Грит Серпент ХХІ ғасыр қарсаңында алтаистика ғылымында орын алған маңызды тұжырымдамалар ретінде<sup>1</sup>:

– жапонтанушылар арасында Пол Бенедиктің жапон тілінің австронезийлік шығу тегі туралы пікірінің дәйексіздігі С.А.Старостин, К.Крипс тарапынан қатал сынға ұшырағанына қарамастан, «жапон тілінің австронезийлік те, алтайлық та тілдермен генетикалық байланысының жоқтығы және бұл тілдердің жапон тіліне әсері субстраттық және адстраттық құбылыстардың нәтижесі» екені туралы теорияның кеңінен тарала бастауын;

– алтайлық тілдік одақтың атажұрты деп Маньчжурияны көрсету, жапон тілін алтайлық тілдерге қатысы жоқ, дербес жапон-рюкю тілдік семьясына жатқызу, «жапон тіліндегі моңғол және тұңғыс тілдерінен енген кірме элементтерді алтайлық тілдік одақ тұсындағы құбылыс» деп тану, моңғол-тұңғыс-маньчжур бұтағын жеке дербес тілдік семья деп қарастыру сияқты мәселелердің көтерілуін (фин лингвисті Юха Янхунен);

– антиалтаистикалық бағыттың белді өкілдерінің бірі Г.Дерфердің ХХғ. 90 жылдары түркі-моңғол-тұңғыс-маньчжур бағытындағы біржақты тілдік кірмелік туралы позициясын қайта қарап, «түркі тілдерінде тым көне моңғолдық, моңғол тілдерінде өте ертедегі тұңғыстық, ал моңғол-тұңғыс тілдерінде самодийлік тілдік кірмелік қабаттардың орын алатынын мойындауын»;

<sup>1</sup> *Great Serpent. Altaic languages* // [http://Community.Livejournal.com/terra\\_linguarum](http://Community.Livejournal.com/terra_linguarum). 2005. 03.08.



– жапон-корей туыстастығын жақтайтын С.Е.Мартиннің бұл тілдік бұтақты тұңғыс тілдерімен салыстырудың қажеттігі туралы пікірінің қолдау тауып отырғанын;

– А.Вовиннің алтай семьясының бестілдік тармақтан тұратын құрамынан бас тартып, оның тек «шығыс алтайлық» бұтағына енетін тілдер туыстығын (жапон-корей-тұңғыс-маньчжур) жақтауын;

– А.А.Бурыкиннің «алтай тілдерінің бес тармағы арасындағы туыстық байланысты дәлелдеуге болатыны, бұл тілдер қатарына нивх тілін де қосуға негіз бар екені» туралы пікірін;

– В.И.Рассадиннің «алтай семьясын тек түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжурлық құраммен қалдыру, онда да түркі және тұңғыс-маньчжур тармақтары арасындағы туыстық байланыстың түркі-моңғолға қарағанда біршама жақындығы» туралы көзқарасын атап көрсетеді. Алтаистиканың мұндай басты, ең негізгі проблемаларына қатысты қызу пікірталастар, негізгі ұстанымдар және олардың уәжділігі, әр бағыт өкілдері тарапынан жасалған ұсыныстар мен келтірілген дәлелдердің, пікір-пайымдаулардың сапасы мен тиімділігі мәселелері – аргументация теориясы (XXI ғ. тіл біліміндегі жаңа бағыт) тұрғысынан түсіндірілетін дәйектемелік сараптаманы қажет етері сөзсіз.

Қорыта айтқанда, XVIII ғ. басында «алтай гипотезасы» (кеңірек алғанда «орал-алтай гипотезасы») деген атпен белгілі болған түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур және фин-угор, самодий тілдерінің генетикалық туыстастығы туралы идеяның – ғылыми жорамалдың XX ғасырдың орта тұсынан бастап «алтай теориясы» деп аталатын «әртүрлі деңгейдегі, аса ауқымды лингвистикалық материалдарды қамтыған, ғылыми фактілермен дәйектелген ғылыми білімге айналуының»<sup>1</sup> нәтижесінде алтаистика ғылыми-теориялық және методологиялық тұғырнамасы жетілген салыстырмалы-тарихи сипаттағы дербес пән деңгейіне көтерілді. Кез келген ғылым саласы тәрізді алтаистика да өз басынан қалыпта-

<sup>1</sup> Кызласов И.Л. Археологический взгляд на проблему первоначального единства алтайских народов//Еуразияшылық идеясы контексіндегі Қазақстан түркітануы: мәселелері мен болашағы. – Астана, 2009.- С. 36-49.

су, даму, тоқырау және қайта өрлеу кезеңдерін басынан өткерді десек, бір ғасырдан астам уақыт аралығында жинақталған аса ауқымды ғылыми зерттеулерге, қордаланған ғылыми білімге сүйеніп отырып, алтаистика ғылымының қалыптасу, даму кезеңдерін былайша жіктеуге болады<sup>1</sup>:

1. **Эмприкалық материалдардың жинақталу кезеңі;**

2. **Орал-алтай теориясының қалыптасу, даму және құлдырау кезеңі,** яғни ХІХ ғасырдың бірінші жартысында В.Шотт, А.Боллер, М.А.Кастрен т.б. ғалымдардың орал және алтай тілдерінің жекелеген топтары арасындағы туыстық қарым-қатынасты болжаған алғашқы тәжірибелік зерттеулерінің пайда болуымен, алтай гипотезасының, кеңірек алғанда орал-алтайлық ғылыми жорамалдың күн тәртібіне қойылуымен, жинақталған эмприкалық лингвистикалық материалдардың ғылыми айналымға түсе бастауымен сипатталады.

3. **Дәстүрлі немесе ортодоксалдық алтаистикалық кезең** классикалық алтаистикалық бағыттағы ғылыми зерттеулермен қатар түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур тілдерінің генетикалық туыстастығы туралы «алтай гипотезасына» деген скептикалық көзқарастағы ғылыми зерттеулердің пайда болуымен сипатталады.

4. **Дәстүрлі алтаистикалық еңбектерде айқындалған құрылымдық элементтерді осы тіл иелерінің тығыз әрі ұзақ мерзімдік қарым-қатынастарының нәтижесі деп танудың барысында ХХ ғ. екінші жартысында классикалық алтаистика дағдарысқа ұшырап, екі жақты тілдік кірмелік теориясы белең алады, компаративтік алтаистиканың дамуында жаңа кезең басталады. Бұл кезеңді неоалтаистиканың қалыптасу кезеңі деп санауға болады.**

5. **Алтаистика дамуының қазіргі кезеңі** алтаистикаға деген қызығушылықтың қайта оянуымен, ортодоксальдық және неоалтаистикалық бағыттардың қатарласа орын тебуімен, яғни алтайлық контактология мен салыстырмалы-тарихи алтаистикаға қатысты зерттеулердің қайта жаңғыруымен сипатталады.

<sup>1</sup> Түймебаев Ж. Становление и развитие алтайской теории и алтаистики. – Туркестан, 2006. С.7-10.

Алтаистиканың қалыптасуы мен дамуындағы осындай кезеңдерде зерттеудің күн тәртібіне қойылған теориялық проблемалардың шешілу жағдайын түркология, моңғолтану, тұңғыс-маньчжуртану салаларындағы қол жеткізген нәтижелермен, жапон-корей тілдерін «алтаистикалық» контексте қарастыруға қатысты жетістіктермен сабақтастыра қараудың маңызы зор. Бұл алтаистика ғылымының өткенін қорытындылап, бүгінгі таңдағы өзекті мәселелерін анықтап, алдағы міндеттерін айқындап алуға, соның негізінде алтаистикалық зерттеулердің жаңа ғасырда сапалық жаңа деңгейге көтерілуіне белгілі дәрежеде ықпалын тигізері сөзсіз.

### § 3. Алтаистиканың қалыптасу, даму кезеңдері: эмпирикалық материалдардың жинақталу кезеңі (XVII- XVIII ғғ.)

Еуропалық ғылыми ортада Еуропа мен Шығыс елдері арасындағы дипломатиялық және сауда-саттық қарым-қатынастарға байланысты шығыс тілдеріне, соның ішінде алтай тілдеріне деген қызығушылық өте ерте кезден-ақ болды.

XVII ғасырдан бастап Еуропада алтайлық халықтар және алтай тілдері туралы мәліметтерді жинақтау жолға қойылып, практикалық мақсат көздеген еңбектер жариялана бастайды. Мұндай еңбектер қатарына И.Мегизердің түрік тілі (1612), М.Тевеннің моңғол тілі (1671), П.Верби мен М.Тевеннің маньчжур тілі (1680) бойынша грамматикаларын жатқызуға болады.

1692 жылы Амстердамда Николас Витсенның (1641-1717) «Солтүстік және Шығыс Тартария» атты әйгілі еңбегі жарық көреді<sup>1</sup> Мұнда алғаш рет түркі (якут, татар), моңғол (қалмақ, бурят), тұңғыс (эвенкі, эвен), сондай-ақ Ресейдегі кейбір фин-угор және палеоазиат тілдері туралы мәліметтер беріледі. Николас Витсен 1664-1665 жылдары Мәскеуде Голландия елшілігінде қызмет етеді және сол кезде жинақтаған Ресей империясы құрамындағы халықтардың тілдері туралы материалдарын кейіннен орыс

<sup>1</sup> Witsen N. North and East Tartarye. Amsterdam, 1692; Изд.2-ое.-1705; Изд.3-е-1785.

тілшілері арқылы алдырған мағұлматтармен үнемі толықтырып отырады. Н.Витсеннің «Солтүстік және Шығыс Тартариясы» сол кездегі еуропалық ғылыми ортаны бұрындары беймәлім халықтар және олардың тілдерімен таныстырып қана қойған жоқ, сондай-ақ «Солтүстік пен Шығыстағы көптеген халықтардың тілдері туралы жаңа мағұлматтарды жинақтаудың қажет әрі маңызды екенін көрсеткен еңбек болды»<sup>1</sup>.

XVII ғасырдың атақты энциклопедист-ғалымы Г.В.Лейбниц (1646-1716) орал-алтай тіл бірлестігіне енетін бірқатар тілдер бойынша материалдар жинақтау, жүйелеу және зерттеу ісіне зор үлес қосты. Н.Витсеннің «Солтүстік және Шығыс Тартариясымен» жақсы таныс болған Г.В.Лейбниц Н.Витсен және оның ресейлік корреспонденттері арқылы сол кездегі Ресейде қолданылатын барлық тілдердің үлгілерін жинақтауға, Солтүстік Азия халықтарының тілдері туралы жаңа мәліметтер алып тұруға тырысты.

1712 жылы қызмет бабымен Ресейге қоныс аударған Г.В.Лейбниц Ресей империясындағы халықтардың тілдері бойынша материалдар жинақтау қажет екенін айтып, I Петр патшаға және оның тараптастарына өтініш білдіреді. Оның бұл идеясы XVIII ғасырда «Барлық тілдер мен сөйленістер сөздігінің» («Словарь всех языков и наречий») жасалуына арқау болады. Сол кезде аз танымал тілдер бойынша шынайы мәлімет алу үшін Г.В.Лейбниц бір ғана мәтінді (христиан дұғасы «Отче наш») әр түрлі тілдерге сөзбе-сөз аударуды және ең жиі қолданылатын сөздер тізімін жасауды ұсынады. Г.В.Лейбниц идеясы XVIII ғасырда Ресейде қолжазба және баспа түрінде жарық көрген «Отче наш» мәтінінің аудармасы бойынша жасалған салыстырмалы сөздіктердің құрастырылуына негіз болады. Осылайша Г.В.Лейбниц өзінің идеялары мен қажырлы еңбегі арқылы көп ұлтты Ресей тілдеріне деген ғылыми қызығушылықты оятып, шығыстағы аз халықтардың тілдері бойынша лингвистикалық материалдарды жинақтау бағдарламасын айқындап береді, тіл арқылы халық

<sup>1</sup> Насилов Д.М. Алтаистика XIX века // Тюркологический сборник. 1977. – М., 1981. – С.150-155; Насилов Д.М. Из истории алтаистики // Советская тюркология. – Баку, 1977. № 3. – С.77-93.

тарихын бағамдауға болатыны туралы көзқарастың орнығуына үлес қосады<sup>1</sup>.

Г.В.Либниц Ресейдегі «түземдіктер» (жергілікті жұрттардың) тілдерін топтастыруға талпыныс жасайды. Оның 1708 жылы Убрихқа жазған хатындағы: «Мен Скифияда кең таралған 3 тілді білемін: 1) орыстар, словактар, поляктар, богемдер (яғни, чехтар) сөйлейтін сармат тілі; 2) түріктер, қалмактар, моңғолдар сөйлейтін татар тілі; 3) лапондар, финлянддықтар, венгрлер қолданатын фин тілі. ... Самодий, мордва, черкес және черемис, сібір тілдерін қай топқа жатқызарымды білмеймін» – деп келетін сөздерін келтіре отырып, Д.М.Насилов Г.В.Либництің алтай тілдері туралы көзқарасын бағамдау үшін сол кездердегі терминологияға көңіл аударудың қажеттігін айтады.

XVIII ғасырда «татар» термині түркі, моңғол және басқа да «шығыс» тілдерін атау үшін қолданылды. Демек Г.В.Либниц «татар тілдері» деп түрік және өзге де түркі тілдерін, «моңғол тілдері» деп қалмақ және басқа да моңғол тілдерін атады. Басқаша айтқанда Г.В.Либниц қолданған «татар» терминінің мазмұны қазіргі «алтай тілдері» деген терминге біршама жақын келеді. Ал XVIII ғасырда еуропа жұртшылығы қазіргі түріктерді «османдықтар» деп атағанын ескерсек, Г.В.Либниц қолданған «түрік» терминін «түркі халықтарының тілі» деп түсінуге болады. Сонымен қатар Г.В.Либниц «Codex Sumanicus» ескерткіші тілінің негізін алғашқылардың бірі болып «татар» тіліне жататын «куман тілінің үлгісі» деп дұрыс анықтады.

Эмпирикалық материалдардың жеткіліксіздігі салдарынан Г.В.Либниц классификациясы нақты да толық болмады. Дейтұрғанмен шынайы тілдік фактілерді салыстыруға негізделгендіктен сол кездегі тіл білімі үшін бұл үлкен жетістік еді.

Г.В.Либництің лингвистикалық идеяларының практикалық тұрғыдан жүзеге асуына I Петр патшаның заманындағы Ресей империясының солтүстік пен шығысты игеру бағытындағы саясатының әсері зор болды. Ресейдің геосаяси жағдайы шығыспен тікелей байланыста екенін жақсы түсінген I Петр шығыс халықта-

<sup>1</sup> Насилов Д.М. Из истории алтаистики // Советская тюркология. - Баку, 1977. № 3. - С.77-93

ры және олардың тілдерін зерттеуді Ресей ғылымы алдына приоритетті міндет етіп қойды. Осыған орай Ресейдің түпкір-түпкірін зерттеу үшін арнайы экспедициялар ұйымдастырыла бастайды.

Бірінші Петр патшаның тапсырмасы бойынша жасақталған алғашқы ірі экспедициялардың бірі – Д.Г.Мессершмидттің 1720-1727 жылдар аралығындағы Сібір өлкесін зерттеу бағытындағы экспедициясы болды. Д.Г.Мессершмидт Сібірді мекендейтін көптеген халықтардың тарихы, этнографиясы, археологиясы және тілі туралы аса құнды, айрықша мол материалдар жинақтап, Санкт-Петербургке жеткізеді. Оның экспедициялық материалдары арасында якут, чулым-түркі (кюэрик), барабин, қалмақ, бурят, моңғол, эвен, эвенкі т.б., сондай-ақ орал, палеоазиат тілдері бойынша күні бүгінге шейін өз маңызын жоймаған, осы тілдердің XVIII ғасырдағы күй-жағдайын көрсете алатын жазба деректер молынан кездеседі.

Йене және Галле университеттерінде білім алған Д.Г.Мессершмидт жас кезінен классикалық тілдерді оқып үйренуге ден қояды. Сол кездегі Галледегі шығысқа және шығыс тілдеріне деген қызығушылық ғалымның филологиялық көзқарастарының қалыптасуына ықпал етеді. Д.Г.Мессершмидт өзіне таныс тілдердің тарихи-генетикалық байланыстарын бағамдауда өзінше ой түйіп, өз классификасын ұсынады. Ол ертеректе халықтардың 4 тобы болды деп санайды: 1) ертедегі гұндар мен сақтар; 2) арабтар, сарматтар және скифтер; 3) азиялық об скифтері; 4) шығыс немесе солтүстік-шығыс скифтер.

Д.Г.Мессершмидт бірінші топқа – остяктарды, вотяктарды, черемистерді, вагуличтер мен коңдарларды, екінші топқа – татар, башқұрт және якуттерді, ал үшінші топқа – қалмақтарды, моңғолдарды, тұңғыстарды, «мансурларды» (яғни маньчжурларды), «танғұттарды» (яғни қалмақтар мен моңғолдармен діні жағынан бірдей тибеттіктерді), төртінші топқа – камчадалдарды, ламуттарды, коряктарды, юкагирлерді жатқызады. Д.Г.Мессершмидт Сібірді мекендейтін халықтар туралы мәліметтерді өте ертедегі авторлардан іздестіреді<sup>1</sup>.

<sup>1</sup> Насилов Д.М. Алтаистика XIX в. // Тюркологический сборник, 1977. Изд. «Наука». Глав. ред. восточ. лит. -М., 1981. – С. 150-156.

Орталық Азия мен Сібір өлкесіндегі түркі және моңғол тілдерін зерттеуде XVIII ғасырдағы лингвистикалық тұрғыдан аса маңызды еңбектер қатарына Ф.И.Страленбергтің неміс тілінде жарық көрген «Ұлы Татария және Сібір патшалығы жөнінде алдын-ала мәлімет» («Предварительное сообщение о Великой Татарии и Сибирском царстве». 1726 г.) және «Еуропа және Азияның солтүстік және шығыс бөліктерінің тарихи-географиялық сипаты»<sup>1</sup> атты әйгілі еңбектері жатады. Ф.И.Страленбергтің «Еуропа және Азияның солтүстік және шығыс бөлігі...» еңбегі 1738 жылы Лондонда ағылшын тілінде, 1757 жылы Амстердамда француз тілінде, 1780 жылы испан тілінде жарық көреді. Ф.И.Страленберг (еңбегінің Еуропада кеңінен танылуы мен әр тілде таралуының себебін Ресейдің Солтүстік соғыста жеңіске жетуіне байланысты оған деген еуропалықтардың қызығушылығының артуымен түсіндіруге болады. Ф.И.Страленберг еңбегінің қысқартылған нұсқасы 1738 жылы орыс тілінде Самарада (В.Н.Татищевтің өкімімен)<sup>2</sup>, кейіннен 1797 жылы Санкт-Петербургте «Историческое и географическое описание полуночно-восточной части Европы и Азии» деген атпен жарық көрді<sup>3</sup>.

Ф.И. Страленберг Шығыс Еуропа мен Солтүстік Азияны сол кездегі Батыс Еуропада орныққан түсінік бойынша тек «татарлар» ғана емес, сонымен қатар басқа да халықтардың мекендейтінін анықтады және оларды 6 топқа біріктірді:

I. Біртұтас диалектіні құрайтын Обь-венгрлік және фин халықтары. Олардың арғы тегі ғұндар немесе ундар. Бұл топқа венгр, фин, вогуль, мордова, черемис, пермяк, вотяк, остяк тілдері енеді;

II. Төменде аталған 3 халықпен бірге түркілер, кырым, өзбек, башқұрт және түрікмен татарлары бір диалектіні құрайды. Ол үш халық мыналар: Тобыл, Тюмень, Таре қалаларында тұратын Сібірлік мұсылман татарлары, якуттер және чуваштар;

<sup>1</sup> Der Nord und Ostlich Theilvon Europa und Asia, von Philipp von Strahlenberg, - Stockholm, 1730

<sup>2</sup> Кононов А.Н. История изучения тюркских языков в России: Дооктябрьский период. -Л., 1972. - С.49.

<sup>3</sup> Новлянская М.Г. Филипп Иоганн Страленберг: Его работы по исследованию Сибири. - М.; -Л., 1966. - С.88-90.

III. Бір-бірінен бірнеше жүз шақырым алыс тұратын төмендегі 6 халық бір диалектіні құрайды, самодий тілдеріне жатады: 1) самодийтер (архангелдік, печорлық); 2) остяктар (сібірлік, обылық, нарымдық); 3) самодий-тавғыйлықтар (Солтүстік мұзды мұхит жағалауын, Енисей және Лена өзендері аралығын мекендейтін);

IV-V. Мұнда халықтар мен олардың тілдерін бірнеше топқа біріктіреді:

(А). Бір жартысы діни наным-сенімі бойынша біріктірілетін, енді бір жартысы көне бірлестіктен таралатын халықтар: (1). Қалмақтар (олар мен моңғолдардың діни және диалектісі ортақ); (2). Маньчжурлар (қытай татарлары ...); (3). Тангуттар (яғни тибеттер) Далай-Ламаға бағынады қалмақтар мен моңғолдармен діни ортақ.

(Б). Сібір губерниясына қарасты әр түрлі тілде сөйлейтін 7 халық орысқа бағынады. Тұңғыстар тілдерінде үш түрлі айырмашылық болғанымен, олардың тілі бір ғана диалектіге барып саяды. Ал соңғы төртеуінің тілінде ортақтық өте аз: (1). Камасиндіктер; (2). Ариндықтар; (3). Жылқылы тұңғыстар; (4). Бұғылы тұңғыстар; (5). Итті тұңғыстар; (6). Коряктар (солтүстік шығыс Камчатка); (7). Курилдер (оңтүстік-шығыс Камчатка).

VI. Қара теңіз және Каспий теңіздері аралығын мекендейтін әр басқа тілде сөйлейтін 5 халық. Әйтседе олардың кейбіреулерінің тілі қырым-татарларына жақын болып келеді: (1). Аварлар немесе акарлар; (2). Құмықтар, басқаша айтқанда қайтактар; (3). Құбачиндер; (4). Черкестер, басқаша айтқанда Гюрчи (грузин)-черкестер; (5). Құралылар. Бұл топтамасына Ф.И.Страленберг өз еңбегінің IV («О Tabula Polyglotta») бөлімінде тоқталып, жан-жақты түсіндіреді<sup>1</sup>

Ф.И.Страленбергтің жоғарыдағы тілдер мен халықтарды 6 топқа жіктеп, алғаш рет осы тілдер арасындағы типологиялық ұқсастықтарды көрсетеді. Ф.И.Страленбергтің бұл классификациясы орал және алтай тілдерін топтастырудағы ең алғашқы бастама-тәжірибе болды. Бұл классификацияның негізінде

<sup>1</sup> Der Nord und Ostlich Theil von Europa und Asia, von Philipp von Strahlenberg.- Stockholm, 1730. – S. 55-72.



кейіннен орал-алтай тіл бірлестігі туралы теория пайда болды. Ф.И.Страленберг тіл зерттеушісі емес еді. Сондықтан оның еңбегінде толық аяқталған лингвистикалық концепциялар, әсіресе түркі, моңғол және тұңғыс-маньчжур тілдерінің туыстастығын меңзейтін «алтаистикалық» постулат орын алмады.

1724 жылы Санкт-Петербуркте Ресей ғылым академиясының құрылуы Ресейдің шығыс аймақтарын зерттеу ісін жеделдетіп, ірі-ірі ғылыми экспедициялардың жасақталуына жағдай тудырды. Ресей империясы құрамындағы халықтар бойынша лингвистикалық материалдар жинақтау «академиялық» экспедицияларға қосымша міндет ретінде тапсырылды.

XVIII ғасырдың соңғы ширегінде 285 сөздің 149 «азиат» тілдерінде баламасы берілген «Барлық тілдер мен сөйленістердің салыстырмалы сөздіктері» («Сравнительные словари всех языков и наречий», СПб., 1787) жарық көрді. Г.Л.Х.Бакмейстер бастаған энтузиасттердің көмегімен жинақталған сөздіктің материалдарын II Екатерина патшаның қолдауымен энциклопедист-ғалым П.С.Паллас (1741-1811) өңдейді. Сөздікте алтай тілдерінен 20 шақты түркі тілдері мен диалектілері, тұңғыс-маньчжур тілдерінен – эвенкі тілінің 7 диалектісі, эвен тілінің 2 диалектісі, сонымен қатар маньчжур тілі, моңғол тілдерінен – моңғол тілі, қалмақ және бурят тілдері көрініс тапты. 1790-1791 жылдары аздаған өзгертулер мен толықтырулар енгізілген Сөздіктің екінші басылымы жарық көрді.

Сонымен, XVIII ғасыр соңында алтай тілдері бойынша негізінен лексикалық материалдар жинақталды және олардың басым көпшілігі түркі тілдерінің үлесіне тиеді. XVIII ғ. соңы XIX ғ. басында бұрындары жарық көрген түрік тілінің грамматикаларынан басқа да чуваш (1769), татар (1778, 1801) сияқты түркі тілдері бойынша грамматикалар пайда болды. Моңғол тілдерінен қалмақ тіліне қатысты бірқатар вокабулярлар жарық көрді. Тұңғыс-маньчжур тілдерінен тек маньчжур тілі лексикалық, аздап та болса грамматикалық материалдар негізінде, ал эвенкі және эвен тілдері аздаған сөздер тізімі арқылы таныла бастады<sup>1</sup>.

<sup>1</sup> Булич Н.Н. Очерки по истории русской литературы и просвещения с начала XIX века. Т. I и II. СПб., 1902-1905.190-3-232, 365-520.

Екі ғасыр тоғысында Батыс Еуропа тіл біліміне қандай алтай тілдері таныс болғанын И.Х.Аделунгтың (1732-1806) төрт томдық «Митридат немесе жалпы тіл білімі» атты еңбегі (Adelung J.Chr. Mithtidates oder allgemeine Sprachenkunde ... – Berlin, 1806-1817. Т. I-IV) көрсете алады. Еңбектің Солтүстік және Орта Азия туралы бөлімінде көптеген тілдер тобынан мынадай тілдер мен халықтар ажыратылып аталады: 1) түркі-татар халықтары және олардың тілдері (18 тіл мен диалектілер) – Н.Витсен, П.С.Паллас, П.И.Рычков, И.И.Георги, Ф.Ф.Беллинсгаузен тәрізді ғалымдардың материалдарына және түрік тілінің грамматикаларына (24 атау) сүйеніп анықталған; 2) моңғол халықтары және олардың тілдері (моңғолдар, яғни халхалар, ордостар, түмэттер, қалмақтар, буряттар) – сөздердің жекелеген тізімдері негізінде анықталған; 3) маньчжур халықтары және олардың тілдері (маньчжурлар, Селенге және Байкал маңындағы тагурлар немесе дагурлар, 8-дей диалектіде сөйлейтін тұңғыс ламуттар және басқа да тайпалар: Амур сағасындағы тілдері беймәлім гияяктар, Сахалиндегі орочилер; 4) корейлер. И.Х.Аделунгтың пікірі бойынша, түркі, моңғол және маньчжур халықтары тілі, сыртқы кескін келбеті жағынан бір-біріне ұқсамайтындықтан, оларды еш қиындықсыз ажыратып тануға болады<sup>1</sup>.

Қорыта айтқанда, XIX ғасырда қарқынды дами бастаған салыстырмалы-тарихи тіл білімі және оның бір саласы – алтаистиканың қалыптасуының фактологиялық базасын XVIII ғасырда жарық көрген батыс еуропалық ғалымдардың зерттеулері, далалық экспедициялар барысында жинақталған Ресей империясы құрамындағы әр алуан этностар мен олардың тілдері жайлы мәліметтер құрайды. Демек, тіл білімінде салыстырмалы-тарихи бағыттың орнығуына дейін, яғни XVII және XVIII ғасырлардағы «түркі, моңғол және тұңғыс-маньчжур тілдері арасында туыстық байланыстың болуы мүмкін екені» туралы жекелеген пікірлерді «ғылымға дейінгі» интуитивтік жорамалдар деп санауға болады.

XIX ғасырдың алғашқы ширегінде Р.Раск, Ф.Бопп, Я.Грим, А.Х.Востоков және олардың ізбасарларының іргелі зерттеу-

<sup>1</sup> Насилов Д.М. Алтаистика XIX в. // Тюркологический сборник, 1977. Изд. «Наука». Глав. ред. восточ. лит. -М., 1981. – С. 150-156.

лерінің жарық көруі үнді-еуропа семьясы құрамындағы тілдерді салыстырмалы-тарихи тұрғыдан зерттеудің әдіс-тәсілдерін орнықтырып, мақсат-міндеттерін анықтауға жол ашты. Үнді-еуропа компаративистикасында салыстырмалы-тарихи зерттеулердің бағыт-бағдарының айқындалуы лингвистика ғылымына ендігі жерде әр түрлі тілдер мен тілдік макротоптар арасындағы туыстық қатынасты айқындауды, белгілі бір тілдің нақты бір тілдік топ немесе тіл бірлестігі құрамына ену-енбеуін фактологиялық материалдар негізінде дәлелдеуді, тілдердің грамматикалық құрылысы мен лексикасын тарихи тұрғыдан тереңдеп зерттеуді міндеттеді.

XIX ғасыр басында салыстырмалы-тарихи әдісті саналы түрде түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур және фин-угор тілдерін салыстыра зерттеуге қолдану кең өріс ала бастады. Соның негізінде түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур және фин-угор тілдері бір тілдік макротопқа – орал-алтай семьясына топтастырылып, олардың арасындағы туыстық байланысты салыстырмалы-тарихи тұрғыдан өзектеуге мүмкіндік туды.

#### § 4. Алтаистиканың қалыптасу, даму кезеңдері: *орал-алтай тіл бірлестігі мәселесі*

XIX ғ. бірінші жартысында түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур тілдері бойынша негізінен лексикалық материал жинақталып, ғылыми айналымға түсе бастады. Түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур тілдерінің фин-угор және самодий тілдерімен генетикалық туыстығы мәселесі ғылыми зерттеудің күн тәртібіне қойылып, «Орал-алтай гипотезасы» жария етілді. Орал-алтай тіл бірлестігінің құрамына палеоазиат және басқа жүйеге жататын тілдерді енгізіп, оның шет-шекарасын кеңейтуге талпыныс жасаған зерттеулер жарық көре бастады. Осылайша салыстырмалы-тарихи тіл білімінің жеке саласы – орал-алтаистиканың тұғыры қаланды.

Түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур тілдерінің материалдық ортақтығына негізделген алтайлық көзқарастың негізін қалаушы-

лар ретінде әдетте Орал және Сібірдің бірқатар тілдерін скиф тобына біріктірген Р.Раскіні (1787-1832), сол тілдерді «татар тілдері» тобына топтастырған Ф.И. Страленберг пен Ж.П. Абель-Ремюзаны (1788-1832) атайды.

Алтай тілдерінің ортақтығы жайлы көзқарастардың қалыптасуында француз ориенталисті Ж.П.Абель-Ремюзаның 1820 жылы Париж қаласында шыққан «Татар тілдері жайлы зерттеулер....» атты еңбегінің әсер-ықпалы айрықша болды. Ол түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур, сонымен қатар тибет және басқа да шығыс тілдерін атау үшін сол уақытта қалыптасқан жалпы термин «татар тілдерін» емес, «тартар тілдері» формасын таңдап алады.

Ж.П. Абель-Ремюза өзіне таныс шығыс-түркі немесе ұйғыр, моңғол, маньчжур, тибет тілдері бойынша тарихи және лингвистикалық материалдарды жалпылауға, сондай-ақ ұйғыр, моңғол, маньчжур, тибеттердің жазу жүйелерін бір-бірімен және басқа да шығыс жазбалармен салғастыруға талпынады. Ол алғашқы үш графикалық жүйелердің түпнегізі Орталық Азияға несториан миссионерлері арқылы келген сириялық жазба деген қорытындыға келеді. Негізінен аталған халықтардың тарихы мен жазу тарихын сипаттаған Ж.П.Абель-Ремюзаның еңбегі таза лингвистикалық зерттеу емес еді. Жеті бөлімнен тұратын бұл еңбекте мынадай мәселелер қарастырылады: «Жалпы тартарлар және олардың әр түрлі атауларының шығу тегі»; «Сиро-тартар әліпбиі»; «Өткен замандарда тартарлар қолданған кейбір жазулар»; «Маньчжур тілінің орфография, грамматика, этимологиясы»; «Моңғол тілі және оның диалектілері туралы»; «Ұйғыр деп аталатын шығыс түркілер» (көне ұйғырлар, себебі, Ж.П.Абель-Ремюза Парижде сақтаулы «Бақтияр-наме», «Мирадж-наме» көне ұйғыр ескерткіштерін қолданған); «Тибеттіктердің тілі»<sup>1</sup>.

Шығыс түркілер, моңғол, маньчжурлар арасындағы туыстық байланыс мәселесінде Ж.П.Абель-Ремюза тілдер туыстығының көрсеткіші ретінде ең маңызды және қажет түсініктерді білдіретін (туыстық қарым-қатынасты білдіретін сөздер, азық-түлік,

<sup>1</sup> *Abel-Remusat. Recherches sur les langues tartares, ou Memoires sur differents point de la grammaire et la des Mandchous, des Mongols, des Ouigoures et des Tibetains*7-Paris, 1820.T.I.

табиғат құбылыстары атаулары т.б.) сөздер мен түбірлерде ортақтықтың болуы шарт деп білді. Аталған тілдерде мұндай атаулардың көбісі сәйкес келмегендіктен, ол тілдердің грамматикаларын салыстырып, Ж.П.Абель-Ремюза олардың туыстастығы грамматикалық белгілердің аналогиясында, яғни «логикалық» (грамматикалық формалардың құрылуының логикасы) туыстықта деп білді. Осының негізінде ғалым шығыс түркілердің, моңғолдар мен маньчжурлардың тілдеріне ортақ кейбір белгілерді анықтады: агглютинация, түбірдің тұрақтылығы, морфемалардың жалғануындағы реттілік, етістіктің жіктелуінің ерекшелігі, сөйлемдегі баяндауыштың орны, анықталушы мен анықтауыштың өзара орналасу реті және т.б. Бұл алтай тілдерінің типологиялық ұқсастығын меңзеген алғашқы пікірлердің бірі еді.

Ж.П.Абель-Ремюза шығыс-түркі, моңғол, маньчжур тілдеріне тән ортақ сөздерге де назар аударады. Ортақ сөздердің сауда, мәдениет, дін т.б. салаларына байланысты ұғымдарды білдіретін екіншілік аталымдар екенін байқаған ғалым, «бұл сөздер бір тілден екінші тілге әр түрлі қарым-қатынастар (соғыстар, саяси байланыстар, сауда қарым-қатынасы, дін т.б.) барысында ауысқан» деген ойға келеді және шығыс түркі, моңғол, маньчжур және тибет тілдерінің туыстастығы туралы пікірді теріске шығарады. Ж.П.Абель-Ремюзаның еңбегінде тілдерді салғастыра зерттеудің арнайы әдістемесі орын алмаса да, қарастырылған тілдерді типологиялық ұқсастық пен бір-біріне ауысқан сөздер қатары біріктіретінін зерттеуші дұрыс аңғарады<sup>1</sup>.

1823 жылы Парижде неміс шығыстанушысы Г.Ю.Клапроттың (1783-1835) «Көптілді Азия»<sup>2</sup> атты И.Хр. Аделунгтың «Митридатты» дәстүрін жалғастырған еңбегі жарық көрді. Оның И. Хр. Аделунгтың анықтағышынан айырмашылығы – шығыс тілдері бойынша қолданылған эмпирикалық материалдың сапалық деңгейінің жоғары болуында еді. Кітапқа қосымша ретінде берілген салғастырмалы кестелерде Г.Ю.Клапрот әр бір тілді азиаттық және азиаттық емес әр түрлі тілдермен,

<sup>1</sup> Насилов Д.М. Из истории алтаистики // Сов. Тюркология. – Баку, 1977. – № 3. – С. 78-79.

<sup>2</sup> *Klaproth J. Asia Polyglotta. Paris, 1823; 2-e изд. – Paris, 1831 + Sprachatlas.*

сондай-ақ жақын туыстықты нақтылау үшін туыстас тілдермен салыстырады. Г.Ю.Клапрот барлық моңғол диалектілері мен түркі, тұңғыс тілдері арасында сөздердің түбірлері және грамматикалық құрылым жағынан көптеген ортақтық бар екенін байқады. Бұған қарап ғалым «өте ертеден бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста болған үш тіл өзара араласып кетуі әбден мүмкін» деген қорытындыға келеді. Демек, Г.Ю.Клапроттың сәуегейлікпен айтылған пікірі қазіргі алтаистикадағы басты концепциясының бірі – түркі, моңғол және тұңғыс-маньчжур тілдері аралық қарым-қатынас, олардың бір-біріне әсер-ықпалы туралы теорияға сай келеді<sup>1</sup>.

Ф.И. Страленбергтің атақты еңбегінің жарық көргеніне бір ғасырдан астам уақыт өткен соң орал-алтай және Еуропа мен Азияның басқа да халықтарының туыстығы мәселесін дат ғалымы Р. Раск көтерді. Ол «скиф» тілдері тобына Ф.И.Страленберг атаған «татар» тілдерін ғана емес, сонымен қатар фин-угор, самодий, түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур тілдерін, сондай-ақ гренландықтардың, палеоазиаттықтардың, Кавказ халқының, Батыс Еуропаның субстрат тілдерін де біріктірді. Р.Раск Санкт-Петербургта болған кезінде жазған «Фин тілдік тобы» туралы трактатында фин-угор тілдерін чуваш, кавказ және т.б. тілдермен қоса, дәстүр бойынша «скиф» тілдеріне жатқызады, «Көне скандинавиялық немесе исландиялық тілдердің азияттық тілдермен байланысы жайлы зерттеулерінде» түрік және маньчжур тілдеріне назар аударады. Р.Раск «грамматикалық құрылымдағы ортақтықтар негізінде, яғни тілдің агглютинативті сипатына қарап, Азияның бірқатар тілдерін бір топқа біріктіруге болады» деп санайды<sup>2</sup>.

Еуропа мен Сібірдің солтүстік-шығыс бөліктерінде кездесетін типологиялық ұқсас көптеген тілдердің әу баста шыққан жері – «атажұрты», «төл отаны» – Алтай деп жорамалдаған М.А. Кастрен және В. Шотт зерттеулері негізінде ХІХ ғасырдың ортасында «Алтай» термині ғылыми айналымға түсіп, алтай тобы тілдерін орал-алтай теориясы шеңберінде салыстырмалы-тарихи тұрғыдан зерттеу ісі жолға қойылды.

<sup>1</sup> Насилов Д.М. Из истории алтаистики //Советская тюркология. – Баку, 1977. № 3. – С. 77-78.

<sup>2</sup> Насилов Д.М. Из истории алтаистики //Советская тюркология. – Баку, 1977. № 3. – С. 77.

Орал және алтай тілдерінің генетикалық туыстығы туралы идеяны жақтаған алғашқы ғалымдардың бірі – Берлин университетінің профессоры В. Шотт (1802-1889) болды. Ол өзінің «Татар тілдерін зерттеу тәжірибесі»<sup>1</sup> еңбегінде чуд және татар (яғни орал-алтай) тілдерінің классификациясын беріп, орал, түркі, моңғол, тұңғыс тілдеріндегі лексикалық және грамматикалық сәйкестіктерді көрсетеді. Сол замандағы ғалымдар сияқты В.Шотт та «татар» тілдеріне түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур тілдерін жатқызды және бұл тілдерді «Орталық Азия тілдері» (Hochasiatischen) деп атады. Ол маньчжур тіліне көп көңіл бөлді. В. Шотт аталған еңбегінде Орталық Азия тілдеріндегі материалдық жақындықтың мәнін ашқысы келді және грамматикалық формалар осы тілдердің тектік негізін (генуинность) дәйектей алады деп санады.

Ж.П.Абель-Ремюза «аналогиялық» немесе «логикалық» (бұл терминдер тілдердің типологиялық ұқсастығын білдіреді) деп атаған «тілдердің рухани туыстастығы» мен лексикалық және грамматикалық ортақтыққа негізделетін «генетикалық туыстықтың» ара жігін В.Шотт айыра білді.

В.Шотт өз зерттеулерінде басты ұғымдарды білдіретін сөздердің татар және чуд тілдері арасында сәйкес келмеуі олардың туыстық байланысын жоққа шығара алмайтынын, тіптен үнді-еуропа және семит топтарының ішіндегі өте жақын туыстықтағы тілдерде де адам дене мүшесі атаулары, ас-тағам атаулары, табиғат құбылыстары атаулары әр түрлі болып келетінін тілге тиек етті. Ол алтай тілдері арасында ұғымдарды емес, оларды білдіретін сөздерді салыстыру керек деп білді. Мұнда сөз мағынасының фонетикалық тұрпатындағы жылжымалық пен мағынадағы динамиканы ескере отырып, түбірге айрықша мән беру керектігін айтты. «Егер сөздің сыртқы тұрпаты мен мағынасы бір тілде заңды түрде көрініс беріп, келесі тілде ол сөздің шеңбері тұйықталса, немесе сол тілдің заңдылықтарына бағынбай тұрса, мұндай сөз біріншіден екіншіге енген кірме сөз болуы мүмкін. Сондай-ақ екі тілге ортақ түбір кездескен жағдайда, сол түбірдің қандай-да бір туынды формасы бұл екі тілдің бірінде ғана болуы

---

<sup>1</sup> Schott W. Versuch uber dia Tatarischen Sprachen.-Berlin, 1836.

мүмкін» – деп В.Шотт «алтайлық» тілдердегі кірмелікті анықтаудың критерийлерін алғаш рет ұсынды. Бұл тұжырымдаманы дәйектеу үшін В.Шотт түркі және моңғол тілдеріне ортақ *elci* (жалп.түрк. *elči*, қаз. *elši*, ортағ.моңғ. *elči*, х-моңғ. *elč*,) сөзін алады және моңғол тілінде екі тілге ортақ *\*el ~ \*elĕ* «тайпалар одағы» түбірі бар екенін айтады (Сал: жазба моңғ. *ilege-*, х-моңғ. *ilgē-*, бур. *el'ge-* «жіберу», «бағыттау»). Алғаш рет алтай тілдері тобындағы чуваш тілінің орнын, сондай-ақ алтай семьясына тән *r ~ z* және *l ~ s*, түрк. *j- ~ моңғ. n-* дыбыстық сәйкестіктерін (түрк. *jaš ~ моңғ. nasun*; түрк. *jaz ~ моңғ. nar (an)*; түрк. *јарақ ~ моңғ. nawč*), кейіннен көптеген тілдерде *-z /-s ~ -t /-d ~ -k* дыбыстарына алмасқан жалпыалтайлық көптіктің *\*r-* көрсеткішін анықтау да В.Шотт үлесіне тиеді.

В. Шотт алтай тілдерінің жеке топтары арасында туыстық қатынас сол кезде белгілі болған «үндігерман» (қазіргі терминологияда үнді-еуропалық) тілдері арасындағы байланысқа қарағанда біршама алыстау болып келеді деп білді. Сонымен қатар зерттеуші түркі, моңғол, тұңғыс тілдері тарихи ретроспективада өте ерте заманда Орталық Азияда жойылып кеткен қандай да бір тектілге (ғалым оны «hochasiatische Ursprache») барып саюы мүмкін екенін айтты. Басқаша айтқанда В. Шотт алтай тілдерінің генетикалық туыстығын манифестициялаған алғашқы ориенталисттердің бірі болды. Ол түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур тілдеріаралық материалдық ортақтық олардың өзара қарым-қатынастарының ұзақ уақытқа созылуының нәтижесінде пайда болған деген болжамға үзілді-кесілді қарсы шықты. Алтай тілдері арасында ұзақ мерзімге созылған қарым-қатынас туралы туралы ол: «мұндай жағдайлар бұрындары туыс болмаған тілдердің туыс тілдерге айналуына себепкер болуы мүмкін емес» деп жазды<sup>1</sup>.

Фин-угор тілдерін тереңдеп зерттей отырып, В.Шотт алтай тіл бірлестігінің шекарасын туыстас фин-угор тілдері арқылы кеңейту қажет деген қорытындыға келеді. Ол «түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур тілдерінің өзара қарым-қатынастарын сөз еткенде, сырт көзге бірден шалынатын қарапайым аналогияны немесе

<sup>1</sup> Schott W. Versuch uber dia Tatarischen Sprachen.-Berlin, 1836. – P. 20.



кірме сөздерді емес, дыбыстық жүйелердің, түбір мен грамматикалық формалардың шынайы туыстығын қарастыру қажет... Осы орайда фин тілдері орал-алтай тілдерінің идеалы ретінде танылуы тиіс» – деп жазады<sup>1</sup>.

В. Шотт орал-алтай тіл бірлестігі туралы түсінік пен негізгі қағидаттарды «Алтай немесе фин-татар тілдері семьясы туралы»<sup>2</sup> еңбегінде сөз етеді. Мұнда ол бұрындары орал-алтай тілдеріне қатысты чуд және татар тілдері деп қолданған терминдерін «алтай тілдері», «алтай тілдері семьясы» терминдерімен алмастырады. Жалпы фонетикалық сипатта жазылған бұл еңбекті орал-алтай тілдерінің алғашқы салыстырмалы фонетикасы деп атауға болады. Кіріспе бөлімінің біршама бөлігі «фин» (яғни фин-угор), «татар» (яғни «алтай») тілдеріне жалпы сипаттамалар беруге арналады. Мұнда нақты бір тілдер бойынша пайдаланылған материалдардың көлемі мен тілдер саны олардың сол кездегі зерттелу деңгейіне тікелей байланысты болды. Осы еңбегінде В. Шотт орал-алтай тілдерінің лексикасын тибет, қытай, жапон және бірқатар үнді-еуропа тілдеріндегі сөздермен салғастырады. Мұндай алыс тілдераралық салғастырулар В. Шоттың орал-алтай тілдері бойынша басқа да салыстырмалы-тарихи зерттеулерінде көптеп кездеседі.<sup>3</sup>

В.Шотт «Алтайлық штудиялар» (*Altäische Studien oder Untersuchungen auf dem Gebiete der Altai-Sprachen*) деген атпен бір топтамаға біріктірген бес мақаласы Берлин академиясы тарапынан жарық көрген еңбектерде он екі жыл бойы жарияланды (Schott, 1859 (1860); 1861; 1866 (1867); 1869 (1870); 1871(1872)). Бұл топтамаға енген мақалаларында В.Шотт септік жалғаулары, есімдіктің разрядтары, тәуелдік тұлғалары, жіктіктің жаққа қатысты қосымшалары, диминутивтік тұлғалар т.б грамматикалық

<sup>1</sup> Schott W., 1849. *Über das Altaische oder Finnisch-Tatarische Sprachgeschlecht / Preussische Akademie der Wissenschaften. Philologisch-historische Abhandlungen 1847.* – Berlin. 1847. – P. 463-464.

<sup>2</sup> Schott W. *Über das Altaische oder Finnisch-Tatarische Sprachgeschlecht / Preussische Akademie der Wissenschaften. Philologisch-historische Abhandlungen 1847.* – Berlin. 1847; P. 281-427; жеке түптемесі: Schott W. *Über das altaische oder finnisch-tatarische Sprachengeschlecht.* – Berlin- 1849..

<sup>3</sup> Schott, W., *Altäische Studien oder Untersuchungen auf dem Gebiete der Altai-Sprachen, Berlin 1860.*

формаларды сол кездегі өзіне белгілі орал-алтай тілдері бойынша салғастырады. Мұнда сөздердің нақты бір семантикалық тобы шеңберіндегі түбірлік салғастыруларға айрықша ден қойып, соның негізінде салыстырылушы тілдерде басты, негізгі мағына арқалайтын дыбыстық кешендерді анықтауды көздейді. Әйтседе В.Шотт мақалаларында сөздің түбір элементтерін тым ұсақтап, бөлшектеп тастау орын алады<sup>1</sup>. Сондықтан В.Шотт еңбектері салыстырмалы-тарихи тіл білімінің дамуының келесі кезеңдерінде жиі сынға ұшырады. Мәселен, О.Бетлинг оның сөздерді түбір тұрғысынан талдау тәсілі туралы былай дейді: «Мен Шотт мырза сияқтылардың ...фин-татар (орал-алтай) түбірлерін бұл тайпаның бірде біреуінің тегін толық зерттемей тұрып салыстыруға мүлдем қарсымын; бір тектен таралған жекелеген сөздерді басқа бір текке барып саятын сөздермен салыстыру арқылы анықталған ұқсастықтың ештеңеге дәлел болып жарытпайтынына көзі жетпей тұрып тілдерді салыстыруды; өзара ұқсас болып келетін сөздердің өзінде кейбір дыбыстардың өзгеше болып келуін тұтас бір тілдік топқа немесе оның белгілі бір мүшесіне тән болатын заңдылықтармен түсіндірмей, дыбыстық өзгеріске қай тілде болмасын өзді-өздігінен, оп-оңай бола салатын құбылыс сияқты қарауы; салыстырылушы сөздердің түбірін еш қиындықсыз ажыратып, оларды тек орал-алтай тілдері аясында ғана емес, тіптен қытай, тибет және үндігерман тілдерімен де салыстыруды және олардың ортақ тегін айтуға мәжбүр болып отырғанын білдіруді; тілдерді салыстыру үшін өте аз және қанағаттандыралықтай емес сөз тізілімдерінің (реестр) алынуын зерттеудің мүлдем бұрмаланған, теріс жолы деп санаймын»<sup>2</sup>. О. Бетлинг әр тілді жеке-жеке тереңдеп зерттеп алып, соның негізінде «бастапқы формалар, түбірлер мен грамматикалық жалғауларды» қайта жаңғырту үшін тарихи-салыстыруларды жүзеге асыруды ұсынады.

Эмпирикалық материалдың аздығы мен салыстырмалы-тарихи тіл білімі қалыптасуының алғашқы кезеңдеріндегі теориялық базаның әлсіздігінен туындаған кемшіліктеріне қарамастан,

<sup>1</sup> Насилов Д.М. Из истории алтаистики // Советская тюркология.-Баку, 1977. № 3.-С.84-86.

<sup>2</sup> Бетлинг О.Н. Словарь санскритского языка. – СПб., 1853. -С. 423-424.

В.Шоттың еңбектері орал-алтай және алтай тілдерін компаративтік зерттеу саласындағы маңызды бастама болды. Ғылыми ортаға жақсы танылған В.Шотт зерттеулерін аралас мамандықтар бойынша лингвистер, тіл білімі бойынша жалпы теориялық еңбектердің авторлары, халықтар мен тайпаларды классификациялауда этнографтар мен тарихшылар кеңінен пайдаланды.

Орал-алтай гипотезасы бастапқыда зерттелуші тілдердің типологиялық ортақ белгілеріне негізделсе, В.Шотт өзінің қорытынды пікірлерін орал және алтай тілдерінің морфологиялық құрылым-құрылысын ескере отырып, лексикалық сәйкестіктер негізінде жасады. Орал және алтай тілдерін, өзінің қолданған терминологиясы бойынша айтқанда «чуд» және «татар» тілдерін салыстыра-салғастыра зерттеуде В.Шотт басқа тілдердің материалдарына жүгінді.

В.Шотт зерттеулерімен бір мезгілде эстон тілінің маманы Ф.Видеманның «Чуд халықтарының ежелгі территориясы мен олардың Орталық Азия халықтарымен тілдік туыстығы жайлы» деген<sup>1</sup> іргелі еңбегі жарияланды. Онда Ф.Видеман фин-угор (өзінің терминологиясы бойынша «чудтық») халықтарының Орталық Азияны мекендейтін алтайлық халықтармен тілдік тұрғыдан туыстас болып келетінін дәлелдеуге тырысты. Ф.И.Видеман «чуд» тілдері мен түркі, моңғол, маньчжур тілдерінің грамматикалық құрылымын салыстырудың арқылы олардың арасындағы «ежелгі және терең туыстықты» анықтауға ден қойды, орал-алтай тілдерін үнді-еуропа тілдерінен ерекшелеп, айырып тұратын бірқатар грамматикалық және фонетикалық сипаттағы ұқсастықтар мен ортақтықтарды көрсетті: дауыстылардың үндестігі, род грамматикалық категориясының жоқтығы, аффикстер мен көмекші сөздердің постпозициясы, есімдердің септелуі мен етістіктердің жіктелуіндегі біркелкілік, тәуелділік категориясының болуы және т.б.<sup>2</sup>

Орал-алтай тілдерінің «ежелгі туыстық байланысын» анықтау мәселесі Г.Кельгреннің (Чельгрэн) «Орал-алтай тіл бірлестігіне

<sup>1</sup> *Wiedermann F. Über die frühren Sitze der tschudischen Volker und ihr Sprachverwandtschaft mit den Volkern Mitteleasiens. – Reval, 1838.*

<sup>2</sup> *Насилов Д.М. Алтаистика XIX в. // Тюркологический сборник, 1977. – С. 80 – М., 1981.С. 150-156.*

байланысты фин тілінің басты ерекшелігі» (1847) атты зерттеуінде де көтерілді. Ж.П.Абель-Ремюзаның, Я.Шмидтің, В.Шоттың еңбектерімен жақсы таныс болған Г.Кельгрэн фин тілінің «ішкі заңдылықтарын» венгр, түркі, моңғол, маньчжур тілдерімен салыстырып, олардың арасындағы «ежелгі туыстық байланысты» айқындауға талпынды. Г.Кельгрэн салыстырылушы тілдердің ортақтығы: фонетикалық деңгейдегі – дыбыстар үндестігі мен буындар ырғағынан; морфологиялық деңгейдегі – зат есімдердің септелуінен, сын есім, есімдік, етістіктердің кейбір формаларының жасалу тәсілдерінен, көптіктің көрсеткіштерінен және т.б. көрінетінін айта келе, орал-алтай бірлестігі өте ерте дәуірлерде, тілдердің грамматикасы дамымаған және грамматикалық тұлғаларға өте жұтаң кезде ыдырады деп санайды<sup>1</sup>.

XIX ғасырдың ортасына қарай фин ғалымы М.А.Кастреннің орал-алтай тіл білімі саласында айрықша із қалдырған іргелі зерттеулері жарық көреді. Ресейдің шығыс аудандарына жасаған саяхаты барысында М.А.Кастрен орал және алтай тілдері бойынша мол материал жинақтап, сол материалдары негізінде әйгілі «Солтүстік саяхаттар мен зерттеулерін»<sup>2</sup> жазады. Осы еңбегінде, сондай-ақ басқа да зерттеулерінде<sup>3</sup> М.А.Кастрен орал және алтай тілдерінің туыстығы жайлы өз көзқарасын ғылыми тұрғыдан дәйектеу мақсатын көздеді.

М.А.Кастрен өзіне дейін «скиф», «Тұран», «чуд-татар» аталған тілдік топтың құрамын алғаш рет *фин-угор, самодий (самоед), түркі, моңғол және тұңғыс-маньчжур* тілдерімен шектеді және оларды «алтай тілдері» деп атады. М.А.Кастрен осы тілдерді алтай семьясына топтастырудың лингвистикалық алғы шартын (критерий) айқындады, яғни тілдер арасындағы туыстық байланысты дәлелдеу үшін морфемалардың сәйкес келуін маңызды деп білді. Ол белгісіз немесе өте аз зерттелген тілдердің ешқандай дәйектемесіз бір топқа біріктіріле салғанын құптамады, тілдерді топтастырудың негізіне бір

<sup>1</sup> Kellgren H. Die Grundzuge der finnischen Sprache mit Rucksicht auf den ural-altaischen Sprachstamm. – Berlin, 1847.

<sup>2</sup> Castren M.A Nordische Reisen und Forschugen.-SPb, 1845-1849.-Bd. I-V

<sup>3</sup> Castren M.A. Reiseberichte und briefe aus den Jahren 1845-49, St. Petersburg, 1856; Castren, M.A. De affixes personalibus Linqvarum Altaicarum.-Helsingfors, 1858.

ғана алютинативтік грамматикалық құрылымның алынуының дәйектемелік күші әлсіз деп тапты. Самодий, фин-угор, түркі, эвенк, бурят-моңғол және палеоазиат тілдеріне қатысты аса мол фактологиялық материалдарды жинақтап, олардың бір қатарына лингвистикалық сипаттама берген М.А.Кастрен: «бұл тілдердің арасында үнді-еуропа семьясының жеке бұтақтары арасындағыдай айқын көрініп тұрған жақындық болмағанмен, фин, самодий және түркі тілдері арасында ұқсастықтардың бар екені анық байқалады. Ол ұқсастықтар жоғарыда аталған тілдерді бір семьяға біріктіруге негіз бола алу, алмауын тектеп тексеру – болашақтың ісі»<sup>1</sup> деп алтайлық тілдер арасындағы ұқсастықтар табиғатын тереңдеп зерттеудің қажеттігін алға тартады. Ол: «...мені аса қызықтыратын моңғолдар мен татарларды зерттеймін, мен аталған тілдер мен фин тілінің арасындағы туыстықты ғана емес, олардың самодий тілімен де туыстығын дәлелдегім келіп тұрады. Олардың туыстығы жайлы еш күмәнім жоқ, алайда, қонымды дәлел табу үшін, әрине, қажырлы еңбек пен уақыт қажет» деп орал-алтай теориясын жақтайтын көзқарасын ашық білдіреді<sup>2</sup>. Фин халқының о баста мекен еткен жерін, «ата жұртын» Алтаймен байланыстырған ғалым: «фин тілі Алтай тауында тұратын немесе Алтай тауынан шыққан барлық халықтар тілімен азды-көпті туыстық қатынаста болып келеді. Біздің тіліміз (яғни, фин) самодий және түркі тілдеріне көбірек ұқсайды, алайда моңғол және тұңғыс тілдерімен де ұқсас тұстар молынан табылады. Тілдердің мұндай туыстығы финдердің Алтайда өмір сүргенін дәлелдейді»<sup>3</sup> деп жазады.

М.А.Кастрен репрезентативті эмпирикалық материалды өңдеуге аса сақтықпен қарайды. Ол фин және алтай тілдерінің арасындағы шынайы туыстастық мәселесі бойынша зерттеулерді жалғастыру түркі және моңғол тілдерін жетік зерттеумен тікелей байланысты болатынына ерекше назар аударады: «...аралық

<sup>1</sup> *Castren, M.A. Uber die Personalaffixe in den Altaischen Sprachen, Kleinere Schriften, -St. Petersburg, 1862, – P. 152.*

<sup>2</sup> *Кастрен М.А. Путешествие по Лапландии, Северной России и Сибири: 1838 – 1844, 1845-1849 Текст. / М.А. Кастрен. – М., 1860. – 228. 274.*

<sup>3</sup> *Кастрен М.А. Путешествие по Лапландии, Северной России и Сибири: 1838 – 1844, 1845-1849 Текст. / М.А. Кастрен. – М., 1860. – 228. 437.*

тілдерді (түркі, тұңғыс) грамматикалық және лексикалық тұрғыдан терең зерттемей тұрып, зерттеу шеңберін кеңейту мүмкін емес. Ал біз болсақ, әлі күнге дейін фин тілінің сипатын, басты заңдылықтарын білмейміз, бұл жағдайда біз осы X тілін моңғол Z тілімен қалай салыстырамыз»<sup>1</sup>.

М.А.Кастрен орал-алтай тілдері арасындағы ортақ белгілердің ең маңыздысы қатарына: алтай тілдерінің агглютинативтік сипатын; сөз алды қосымшасының (префикс) жоқтығын, тек жұрнақтардың (суффикс) орын алатынын; көмекші сөздердің (предлог) болмауын, тек демеуліктердің (послелог) орын алатынын; сөздердің ұқсастығын; дауысты дыбыстар алмасуының болмауын және түбірдегі дауыстының кейінгі буындардағы дауыстылардың сипатын айқындауын; сөз басында және сөз соңында екі дауыссыздың түйіспеуін; септік қосымшаларының жекеше және көпшеде сәйкес келуін жатқызды<sup>2</sup> М.А.Кастрен атап көрсеткен бұл белгілерге қарап, ғалымның орал-алтай теориясы жайлы лингвистикалық көзқарастары негізінен осы тілдер арасындағы типологиялық ұқсастықтарға негізделгенін байқауға болады.

Орал-алтай теориясын түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасының негізін салған көрнекті орыс ғалымы О. Бетлинг<sup>3</sup> қолдады. Ол фин-угор, самодий (самодий) және түркі тілдері арасында сәйкестіктер бар екенін байқады және үнді-еуропа тілдеріне қарағанда орал-алтай тілдерінің арасындағы жақындықтың сипаты біршама алыстау екеніне назар аударды.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап алтай (орал-алтай) семьясының құрамын анықтау кезінде В.Шотт, М.А.Кастрен т.б. ғалымдар зерттеулерінде көрсетілген Еуразия тілдерінің арасындағы туыстық байланыстарды нақтылау және осы тіл ортақтығына енуі мүмкін тілдерді іздестіру бағытында жүрілді. Осыған байланысты орал-алтай тілдері тобына кейбір кавказ, дравид, жапон, енисей (кот, кет, арин, ассан), палеоазиялық (соның ішінде юкагир тілін), чукот (лауроветлан), эскимос, американ тәрізді

<sup>1</sup> Кастрен М.А. Путешествие по Лапландии, Северной России и Сибири: 1838 – 1844, 1845-1849 Текст. / М.А. Кастрен. – М., 1860. – 228. 291.

<sup>2</sup> Понне Н. Урало-алтайская теория в свете советского языкознания // Известия АН СССР, 1940. № 3. -С.81.

<sup>3</sup> Bohtling O. Uber dia Sprache der Jakuten.-SPb., 1851.

тілдерді біріктіруді көздеген зерттеулер пайда болды<sup>1</sup>. Сонымен қатар орал-алтай тілдерін оның құрамындағы жекелеген тілдерді басқа жүйеге жататын тілдермен салғастыру арқылы кеңейтуге де бірнеше рет талпыныс жасалды. Мәселен, кейбір зерттеулерде алтай (түркі және моңғол тілдері арасындағы) тілдері мен шумер тілі арасындағы туыстықтың бары да жорамалданатын болса<sup>2</sup>, Е.Д.Поливанов және Г.Й.Рамстедт зерттеулерінде түркі, моңғол және тұңғыс-маньчжур тілдері корей және жапон тілдерімен салғастырылады<sup>3</sup>. Кейбір зерттеушілер алтай тілдерінің лексикасын, морфологиясын, синтаксисін Америкадағы үнді тайпаларының тілімен салғастырудың негізінде олардың арасында айтарлықтай ұқсастықтар бар екенін анықтайды. Мәселен, Б. Феррарио кечуа үнділерінің тілін түркі тілдерімен салғастырып, олардың арасындағы лексикалық және грамматика деңгейіндегі жақындықтың барын айтқан болса, Г.Демюзель еңбектерінің бірін түркі және америкалық үндістер тілдері арасындағы байланысқа мәселесі арнады. Ол түркі және кечуа тілдеріндегі дыбысталуы мен мағынасы ұқсас бірқатар тізімін сөздердің беріп, бірден алтыға дейінгі сан есімдердің гомогендігі жайлы пікір білдіреді. С.Викандер түркі тілдері мен майя тілінің арасында дыбысталуы мен мағынасы жағынан ұқсас болып келетін бірнеше сөздерді тапқанын жазады. Бұл сөздердің параллельдері моңғол, тұңғыс-маньчжур және т.б. Орталық Азия және Қиыр Шығыстың тілдерінен де табылатынын айта келе, С.Викан-

<sup>1</sup> *Caldwell R.* A comparative grammar of the Dravidian or South-Indian family of languages. 3-rd ed. – London, 1913; *Bouda K.* Dravidisch und Uralaltaisch // Ural-Altische Jahrbucher. Wiesbaden, 1953. – Bd. XXV. – Н. 3-4. – S. 161-173; *Winkler H.* Der ural-altische Sprachenstamm, das Japanische.- Berlin, 1909; *Ramstedt G.J.* Einführung in die altaische Sprachwissenschaft, Bd 1–3, Hels., 1952–66., *Karгер Н. К.* Кетский язык // Языки и письменность народов Севера. -М.-Л., 1934. – Ч. III. және т.б.

<sup>2</sup> *Hommel F.* Ethnologie und Geographie des alten Orients (Handbuch der ... III, 1, 1), Munchen, 1926.

<sup>3</sup> *Поливанов Е.Д.* К вопросу общетурецкой долготе гласных // Бюллетень 1-го Средне-Азиатского гос.ун-та. – Ташкент, 1924. – № 6.; *Поливанов Е.Д.* К вопросу о долгих гласных в общетурецком праязыке // Доклады АН СССР. – Сер. В. – М.; Л., 1927. – № 7. – С. 151-153; *Ramstedt G.J.* A comparison of the Altaic languages with Japanese (1924) // *Suomalais-Ugrilaisen Seuran Aikakauskirja* 55, 1951; 1928; *Ramstedt G.J.* The nominal postpositions in Korean // *Memoires de la Societe Finno-Ougrienne.* – Helsinki, 1933, – Vol. 67. – P. 459-464. 1949; 1951; 1954.

дер майя тілі ертеректе алтай бірлестігінің құрамында болған деген қорытындыға келеді<sup>1</sup>.

Сонымен ХХ ғ. ортасына қарай орал-алтай тіл бірлестігінің шекарасы солтүстік-батысында Скандинавиядан оңтүстік-шығыста Жапон аралдарына дейін, оңтүстік-батыста Кіші Азиядан солтүстік-шығыста Чукот түбегіне дейін созылды. Әйтседе, көп жағдайда, орал-алтай тіл әлемінің шекарасының бұлайша кеңеюінің таза ғылыми себептері, айқын уәждемелік негізі болмады.

Оралтану-алтайтануға қатысты ғылыми әдебиеттерде орал-алтай және үнді-еуропа тілдері арасында өте көне замандардағы туыстық байланыс болуы мүмкін екендігі жайлы да пікірлер кездеседі. Оралтанушы-алтаист ғалымдардың біразы туыстық байланыстар тек орал және үнді-еуропа тілдерінің арасында болуы мүмкін десе, енді біразы алтай тілдері мен үнді-еуропа тілдері арасында туыстық байланыс бар деп жорамалдайды.

Оралтану-алтайтануда орал тілдері мен түркі тілдерінің туыстығын алға тартатын орал-түркі теориясы да орын алады. Ю.Немет соңғы еңбектерінің бірінде орал және түркі тілдері арасындағы лексикалық ұқсастықтарды келтіре отырып, өзінің бұл мәселеге қатысты көзқарасын былай білдіреді: «Орал-түркі тілдерінің туыстығын растайтын дәлелдер жеткілікті. Бұл жердегі ең маңыздысы, шешушісі (дауыстылар үндестігі мен ортақ синтаксистік элементтерден басқа) – жоғарыда берілген лексикалық ұқсастықтар. Алайда орал-түркі тілдерінің моңғол-тұңғыс тілдерімен туыстық байланысы мәселесіне келсек, байырғы сөз қорында сәйкестіктің бары әзірге байқалмайды. Менің ойымша, аталған тілдердің бір-бірімен туыстық байланысы болуы мүмкін, бірақ айқын емес. Осы тілдер арасында лексикалық сәйкестіктердің анықталмай жатуының себебін – тарихқа дейінгі үдеріс-

<sup>1</sup> *Ferrario B.* Altaic Parentage of Some American Languages. – 1938; *Dumezi G.* Remarques sur les six premiers noms de nombres du turc // *Studia Linguistica*. – 1954. – Vol. VIII. – № 1. – P. 1-15; *Wicander S.* Maya and Altaic. Is the Maya group of a language related to Altaic family? I // *Ethnos*. – 1967. – Vol. 32. – P. 141-148; II // *Ethnos*. – Stockholm, 1970. – Vol. 35. – P. 80-88; III // *Orientalico Suescana*. – Stockholm, 1970-1971. – Vol. 19-20.. – P. 186-204; *Ramstedt G. J.* The nominal postpositions in Korean // *Memoires de la Societe Finno-Ougrienne*. – Helsinki, 1933, – Vol. 67. – P. 459-464. *Kalmukisches Worterbuch*. – Helsinki, 1935. (LSFU, 3).



тердің қазірге дейін зерттелмеуімен, сондай-ақ моңғол, әсіресе маньчжур тілдерінің басқа тілдерден хронологиялық және географиялық тұрғыдан оқшаулығымен түсіндіруге болады»<sup>1</sup>. Керісінше, кейбір зерттеушілер фин-угор және самодий тілдері мен тұңғыс-маньчжур тілдері арасында тығыз байланыс бар деп санады<sup>2</sup>.

Арғыалтай тілі (алтайлық текті) және оның сыртқы әлеммен байланысы мәселесіне қатысты зерттеулерде ежелгі қытай тілінің алтайлық тілдер әлеміне, соның ішінде түркі тілдеріне әсерін анықтауда біраз нәтижелерге қол жеткізіліп, «алтайлық атажұрттың» шығыс локализациясы теориясы пайда болды<sup>3</sup>. Бұл мәселе кейіннен венгр ғалымы Б.Мункачи зерттеулерінде<sup>4</sup> арғыалтай (праалтай) тілінің алдыңғы азиялық аймақтармен байланысы негізінде өзектелсе, осы аймақ ауқымында өте ерте кездерде жекелеген алтай тілдеріне енген көне лексика Х.Шёлдтің, кейіннен К.Г.Менгестің еңбектерінде қарастырылады<sup>5</sup>.

Орал және алтай тілдерінің арасындағы генетикалық байланыс мәселесімен айналысқан зерттеушілердің көбі бұл тілдердің әр топ ішіндегі туыстығын ғана емес, сонымен қатар орал (фин-угор, самодий) және алтай (түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур) тілдері арасындағы өзара туыстастықты жақтады және оларды орал-алтай семьясына біріктіретін ортақ белгілер қатарына:

- фонетика саласында: 1) дауыстылар үндестігі немесе сингармонизм; 2) дауыссыздар ассимиляциясының ортақ заңдылықта-

<sup>1</sup> Немет Ю. Специальные проблемы тюркского языкознания в Венгрии // Вопросы языкознания. – М., 1963. – № 6.

<sup>2</sup> Winkler H. Des Uralaltaische und seine Gruppen. – Berlin, 1885.; Japaner und Altaier. – Berlin, 1894.; Die uralaltaische Sprachstamm; das Finnische und das Japanische. – Berlin, 1909. – 316 S.; Die altaische Volker- und Sprachenwelt. – Leipzig; Berlin, 1921.; Die altaische Sprachen. – Berlin, 1924.

<sup>3</sup> Schmidt P. Der Lautwandel in mandschu und mongolischen // Peking Oriental Society Journal. – Peking, 1898. – Bd. 14.; Ramstedt G.J. Turkin kielen alkuperasta // Suomalainen Tiedeakademia Esitemat ja poytakirjat. – Helsinki, 1935. -S. 73-80.

<sup>4</sup> Munkacsi B. Seelenglaube und Totenkult der Wogulen// Keleti Szemle. – Budapest, 1905. Bd. VI; Munkacsi B. Vogul nepkoltesi gyutemeny. II/2, 3. Istenek hosi enekei, regei es idezo igei.- Budapest, 1910-1921.1904.

<sup>5</sup> Skold H. Ein sumerisches Wandwort in Asien // JF. – 1926. – Bd. 43; Menges K.H. Zwei altmesopotamische Lehrwörter im Altaischen // Ural-Altäische Jahrbücher. – Weisbaden, 1953. Bd. XXV. – S. 299-304.

ры; 3) сөз негізіндегі ұяң дауыссыздардың тұрақтылығы; 4) сөз басында бір ғана дауыссыздың болуы немесе сөз басында және сөз аяғында бірнеше дауыссыздардың қатар келмеуі, яғни тоғыспауы; 5) сингармониялық параллелизмдердің дифференцияланған лексикалық мағынада кездесуі; 6) сөз тіркестерінде екпіннің анықтауышқа түсуі;

- морфология саласында: 1) сөз түрлендіру мен сөзжасамда жұрнақтар агглютинациясының басым болуы; 2) демеуліктердің болуы; 3) артиклдердің жоқтығы; 4) грамматикалық род категориясының жоқтығы; 5) тәуелдік категориясының болуы; 6) салыстырмалы шырайдың жасалуында шығыс септікті конструкциялардың кездесуі; 7) басқа тілдерде «ие болу» етістігінің орнына жұмсалатын конструкцияларды тәуелділік конструкциясының алмастыруы; 8) тәуелдік септіктің болуы; 9) жекеше және көпше түрдегі есімдерге бірдей аффикстердің жалғануы; 10) етістік формаларын жасайтын жұрнақтардың көптігі; 11) сұрақтың агглютинативті бөлігінің болуы (яғни, сұраулық демеуліктің орын алуы); 12) көптік идеясының жекеше тұрпатта берілуі; 13) жіктеу есімдіктерінің сілтеу есімдіктерімен генетикалық байланысы; 14) белгісіздік немесе негізгі септіктің әр түрлі қызмет атқаруы.

- синтаксис саласында: 1) синтагманың анықтауыш және толықтауыш мүшелерінің анықталушы және толықтырылушы сөздердің алдында келуі; 2) анықталатын сан есімнің жекеше және көпшемен қиыспауы; 3) сұрақ конструкцияларында сұрау мәнді шылаулардың болуы; 4) бағыныңқылы сөйлемдердің орнына есімшелі және көсемшелі орамдарды қолдану; 5) табыс септігімен көмкерілген сөзге логикалық екпін түсіру; 6) материал мағынасын беретін зат есімдерді морфологиялық қосымшалармен көмкермей-ақ анықтауыш ретінде қолдану; 7) анықтауыш қызметінде жұмсалған сан есім мен сын есімнің өзгеріске түспеуі және т.б. атап көрсетеді. Орал-алтай тілдерінің көбіне ортақ бұл белгілер фин-угор, самодий, түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур және басқа да тілдердің ти-пологиялық ұқсастығын дәйектеуге негіз бола алғанымен<sup>1</sup>, орал және алтай тілдері арасындағы генетикалық туыстастықты дәлелдеу үшін жеткіліксіз болып саналады.

<sup>1</sup> Баскаков Н.А. Алтайская семья языков и ее изучение. – М.: Наука, 1981. – С. 30-31.

Оралтану-алтайтану компаративтік пән ретінде әу бастан-ақ екі түрлі бағытта дамыды: бір жағынан орал-алтай гипотезасының ғылыми негізін дәйектеу, алтай (орал-алтай) тіл бірлестігінің шет-шекарасын оның құрамындағы жекелеген тілдерді басқа жүйедегі корей, жапон, палеоазиат, юкагир, чукот (лауроветлан), эскимос, тіптен шумер және американдық үнділерінің тілдерімен салғастыру арқылы кеңейту бағытындағы зерттеулер жарияланса, екінші жағынан орал-алтай гипотезасының ғылыми шынайылығына күмән келтірген зерттеулер де болды.

Салыстырмалы-тарихи тіл білімінің қарқынды дамуына, тілдераралық және тілдік семьялар арасындағы туыстық байланысты айқындау мен дәлелдеудің алғы шарттары (критерий) мен әдіс-тәсілдерінің жетіле түсуіне, жаңа эмпирикалық материалдардың жинақталып, фактологиялық мәліметтердің қолданысқа енуіне, тілдераралық типологиялық параллельдердің анықталуына және біршама жүйеленуіне байланысты, ХІХ ғасырдың соңғы ширегінде тілдердің генетикалық байланысын аса ауқымды тілдік шеңбер аясында анықтауды көздеген зерттеулер, соның ішінде, орал-алтай тілдерінің генетикалық туыстастығы идеясын жақтаушы лингвистердің көзқарастары сынға алына бастады. Бұған ХІХ ғасырдың 70-жылдарынан басталатын салыстырмалы-тарихи тіл білімінің младограмматикалық кезеңі өкілдерінің зерттеулерінің де әсер-ықпалы болды.

ХІХ ғасыр соңына қарай младограмматизм арнасында фонетиканы, морфологияның, сөзжасамның, синтаксистің мәселелерін тереңдете зерттеген Карл Бругман, Герман Остгоф, Бертольд Дельбрюк, Герман Пауль, Генрих Иоганн Хюбшман, Август Лескин, Фридрих Бехтель, Адальберт Беценбергер, Герман Коллиц, Иоганнес Шмид, Вильгельм Шульце, Карл Адольф Вернер, Хольгер Педерсен т.б. ғалымдардың көптеген еңбектері жарық көрді, көне және жаңа үндіеуропе тілдерінің этимологиялық сөздіктері пайда болды (Кристиан Корнелиус Уленбек, П. Хорн, В. Прельвиц, Эмиль Буазак, А. Вальде, Уитли Стокс, Альфред Хольдер, Гнут-Олоф Фальк и Альф Торп, Ф. Клуге, З. Файст, Эрих Бернекер, Александр Григорьевич

Преображенский, Густав Майер). Жекелеген тілдер мен тілдік топтардың (көне үнді-еуропа, иран, грек, латын, италий, кельт, герман, славян, балтық) салыстырмалы-тарихи грамматикалары, сондай-ақ көнегрек, иран, кельт, герман, италий диалектілерін сипаттаған іргелі зерттеулер пайда болды. Үнді-еуропа тіл білімінің сапалық жаңа деңгейге көтерілуі ХІХ ғасырдың екінші жартысында фин-угор тілдерінің компаративтік тұрғыдан қарқынды зерттелуіне біршама әсер етті.

ХІХ ғасыр соңындағы алтай тілдерінің зерттелу жағдайы туралы Ю.Немет былай дейді: «Орал-алтай тіл семьясының орал бұтағы бағытындағы зерттеулер жылдар бойы ғылыми әдістердің жетілдіруіне сай жүргізілуде, ал алтай тілдері жайлы әдебиеттерде ғылыми тұрғыдан ескерерліктей дүниеліктер әрең табылады десек те болады. Тіптен алтай тілдері өзара туыс па, әлде олардағы ұқсастық өзара кірмелікке барып сая ма? деген мәселенің басы ашылған жоқ. Олай болса орал-алтай байланыстарының анықталмағаны айтпаса да түсінікті»<sup>1</sup>.

Орал тілдері бойынша жаңа да тың материалдың жинақталуы мен салыстырмалы-тарихи зерттеулердің молаюы, ал алтай тілдерінің зерттелу барысында айтарлықтар нәтижелердің болмауы орал-алтай гипотезасын жақтаушылар қатарының сиреуіне, біртіндеп орал және алтай тілдері аралық туыстық байланысты жоққа шығаратын ғылыми көзқарастың қалыптасуына әкелді.

Орал-алтай тіл бірлестігі туралы дау туғызатын репрезентативтік эмпирикалық материалдар жинақталып, ендігі жерде орал (фин, угор, самодий) және алтай тілдерін (түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур) әр топтың өз ішінде салыстырмалы-тарихи тұрғыдан қарастырудың қажеттілігін алға тартқан ой-пікірлер пайда болды. Мәселен, Н. Андерсон: «Мен орал-алтай тілдерінің барлығын салғастыру мүмкіндігіне қарсы емеспін, тіпті бұл гипотезаны жақтауға болатын дәйектердің барын да білемін. Соған қарамастан ол тілдердің туыстығы туралы мәселе тұтастай ал-

<sup>1</sup> Немет Ю. Специальные проблемы тюркского языкознания в Венгрии // Вопросы языкознания. – М., 1963. – № 6. – С. 126-127.

ғанда, өз шешімін тапты дей алмаймын. Ендеше, мүмкіндік пен шынайылықты шатастырмау қажет дегім келеді»<sup>1</sup>.

XIX ғасырдың орта тұсында еш даусыз мәселе ретінде қабылданған «орал-алтай гипотезасы» ғасыр соңында дағдарысқа ұшырады да, оның орнын фин-угор, самодий тілдері арасындағы туыстық идеясына негізделген «орал теориясы» және түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур тілдерінің генетикалық байланысын дәйектеуге бағытталған «алтай теориясы» болып екіге ажыратылған ғылыми теориялар басты. Осылайша XX ғ. басында оралтану және алтаистика салалары ғылыми дамудың дербес жолдарына түсті. Әйтседе «орал-алтай гипотезасы» мәселесі алтай тілдерінің генетикалық туыстастығын дәйектеуге, орал және алтай тілдеріаралық лексикалық параллельдердің табиғатын түсіндіруге, орал тілдерінің үнді-еуропа тілдеріне және алтайлық тілдердің әрқайсысына қатысын айқындауға, ностратикалық тіл бірлестігі құрамын анықтауға бағытталған зерттеулерде қайта-қайта жаңғырып, күні бүгінге дейін жалғасып келеді.

XX ғасырдың алғашқы жартысында орал және алтай тілдері арасындағы генетикалық туыстық байланыстың негізсіздігі туралы пікір классикалық алтаистиканың негізін қалаушы Г.И. Рамстедт зерттеулерінде<sup>2</sup> айқын көрініс берсе, А. Соважо орал-алтай тілдері арасындағы туыстық байланыс тұрмақ, түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур сияқты алтай тілдерінің ортақ бір негізден шыққаны туралы мәселенің басы ашылмағанын алға тартады<sup>3</sup>.

Д.Синор орал немесе фин-угор тілдеріне алтай тілдері арасынан тек түркі тілдерінің туыстық қатысы болуы мүмкін екенін айтса<sup>4</sup>, Б.Коллиндер орал тілдерін үнді-еуропа тілдерімен жақындастыруға ұмтылады<sup>5</sup>. Ю.Немет, М.Рясянен және басқа ға-

<sup>1</sup> Anderson N.J. Wandlungen der anlautenden denta. Ien Spirans im Ostjakischen. – St. Peterbs, 1893.

<sup>2</sup> Ramstedt G.J. Über den Ursprung der turkischen Sprache // Sitzungsberichte der Finnischen Akademie der Wissenschaften. – Helsinki, 1935. – S. C. 91.

<sup>3</sup> Sauvageot A. Recherches sur le vocabulaire des langues ouralo-altaï» ques. – Paris, 1930. –P. 142.

<sup>4</sup> Sinor D. Le problem de la parente ouralo-altaï» ques // Revue de Geographie Humaine et d» Ethnographie. – Paris, 1948. – Vol. 1. – № 1. – P. 68-69

<sup>5</sup> Collinder B. Zur indo-uralischen Frage // Sprakvetenskapliga sallskapets I Uppsala forhandlingar. Uppsala Universitets Arsskrift. – Uppsala, 1954. – Bd. 10.

лымдар өз зерттеулерінде орал және алтай тілдеріне ортақ 300-дей лексикалық сәйкестіктерді келтіріп<sup>1</sup>, олардың көбісі орал және алтай тілдерінің ежелгі, тым ерте дәуірлердегі қарым-қатынасы барысында бірінен-біріне енген өзара кірмелер немесе орал-алтай тілдері тобына басқа жүйедегі тілдерден енген кірме сөздер, кей жағдайда, осы тілдердің өте алыс туыстық қатынасын меңзейтін архаикалық элементтер, я болмаса кездейсоқ сәйкестіктер екенін анықтайды.

Қазіргі таңда үнді-еуропалық, оралдық, алтайлық, дравидтік, картвелдік, афразиялық сияқты алты тектіл арасындағы генетикалық ортақтықты айқындауға, олардың әрқайсысының глоттохронологиялық ыдырау мерзімдерін тоқтатуға, макросемьялар арасындағы алыс туыстық қатыстылықтың көрсеткіштерін нақтылауға, сондай-ақ ностратикалық макротілдік құрылымның шығыс бұтағын құрайтын алтай, орал және дравид тілдерінің тектілдік негіз деңгейіндегі өзара туыстастығын қалпына келтіруге т.б. мәселелерге байланысты «орал-алтай гипотезасы» «ностратикалық тіл бірлестігі» контексінде қайта жаңғыруда<sup>2</sup>.

## § 5. Алтаистиканың қалыптасу, даму кезеңдері:

### XX ғ. бірінші жартысындағы дәстүрлі (ортодоксалдық)

#### алтаистикалық кезең

Алтай тілдерін (түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур) салыстырмалы-тарихи зерттеу алтаистиканың орал-алтай тіл білімінен бөлініп, жеке дара даму жолына түсіп, дербес ғылыми пәнге айналған тұстан басталады.

<sup>1</sup> *Nemeth J.* Az urali es a torok nyelvek osi kapcsolata // *Nyelvtudományi Közlemények.* – Budapest, 1928-1930. – 47 kot. – Sz. 1. – 62-84; *Rasanen M.* Uralaltaische Forschungen, I: Die uralaltaische Urheimat im Lichte der Wortforschung und der Archäologie // *Ural-Altische Jahrbücher.* – Wiesbaden, 1953. – Bd. XXV. – Hf. 1-2. – S, 19-27; *Рясянен М.* Материалы по исторической фонетике тюркских языков. – М., 1955. – 220 стр.; *Рясянен М.* Об урало-алтайском языковом родстве // *Вопросы языкознания.* – М., 1968. – № 1. – С. 43-49.

<sup>2</sup> *Дыбо В. А., Пейрос И. И.* Проблемы изучения отдаленного родства языков // *Вестник Российской Академии Наук.* – М., 1985. № 2. – С. 55-66.

XXғ. басында Й.Буденц, А.Алквист, В.Банг, О.Доннер, А.Боллер, Б.Коллиндер т.б. белгілі фин-угортанушы ғалымдардың іргелі зерттеулерінің нәтижесінде салыстырмалы фин-угортану өзінің даму деңгейі жағынан үнді-еуропа тіл біліміне жақын келді. Ал алтаистика салыстырмалы-тарихи тіл білімінің саласы ретінде қалыптасуы үшін «алтай гипотезасы» аталған ғылыми жорамалға сәйкес түркі, моңғол және тұңғыс-маньчжур тілдерінің өзара туыстық байланысы мәселесі белгілі бір эмпирикалық материалға, нақты лингвистикалық әдістемеге және лингвистикалық ұғым-түсініктерге негізделуі, теориялық тұрғыдан жан-жақты зерттелуі және фактологиялық материалдар негізінде дәйектелуі қажет болды. Сондықтан алтай тілдерінің өзара байланысын, қарым-қатынасын егжей-тегжейлі зерттеу, ол үшін, ең алдымен, осы тілдерге ортақ нақты фонетикалық заңдылықтар мен сәйкестіктерді анықтау мәселесі басты мақсат ретінде зерттеудің күн тәртібіне қойылды.

Алтаистикадың дербес ғылым саласы ретінде қалыптасуының алғашқы кезеңдерінде ол мақсаттың орындалуы да мүмкін емес еді. Себебі алтай тіл бірлестігінің негізгі үш тілдік топтарынан тек түркі тілдері бойынша ғана азды-көпті лингвистикалық материал жинақталған еді де, моңғолтану бойынша тек моңғол жазба тілі жайлы мәліметтер болмаса, жалпы моңғол сөйленістері, яғни «тірі тілдер» мүлдем зерттелмеген еді. Ал тұңғыс-маньчжур тілдері бойынша материал тіптен «жоқтың қасы» болды. Сондықтан XIX ғасырда Ресейдегі шығыстанушылар нақты тілдер мен жазба ескерткіштерді зерттеуге бет бұрды да арнайы алтаистикалық зерттеулер жүргізілмеді. Алтайтанымдық мәселелер ара-кідік жалпылама сөз болғаны болмаса, орал-алтай тілдерін арнайы салыстыру ісіне көңіл бөлінбеді. Ресей түркітанушылары түркі және моңғол тілдерінің алтай (немесе орал-алтай) семьясына жататынын мойындап, өздерінің практикалық жұмыстарында аталған тілдердің материалдарын салғастыруға жиі жүгініп отырғанымен, бұл мәселемен нақты айналыспады. Мұны Қазан университетінің шығыс бөлімі студенттеріне оқылған Н.И.Ильминский дәрістерінен байқауға болады. «Вступи-

тельное чтение в курс турецко-татарского языка» деп аталатын курсыңда Н.И.Ильминский: «түрік-татар тілдері (яғни, түркі тілдері)» құрамына маньчжур, моңғол, фин тілдері кіретін орал-алтай семьясына жатады... бірақ ертеден-ақ орал-алтай семьясы тілдері көптеген тарамдарға бөлініп кетті ...»<sup>1</sup> деп жазады. Н.И.Ильминский сол кездегі «түркітанудың жақын таңдағы міндеті – салғастырулар мен классификацияларды бастауға арқау етілетін жекелеген түркі сөйленістерін монографиялық тұрғыдан сипаттау және жинақталған фактологиялық материалды түбегейлі өңдеу»<sup>2</sup> деп көрсетті.

XIX-XX ғасырлар тоғысында алтаистикалық зерттеулердің қарқынды дамуына қажет алғышарттар қалыптаса бастайды. Түркі руникалық ескерткіштерінің табылуы мен оқылуы, ұйғыр жазбаларының белгілі болуы, түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикаларының жасалуы (О.Н.Бетлинг, В.В.Радлов, Н.Ф.Катанов), бұрындары белгісіз тілдер мен диалектілердің ашылуы мен сипатталуы нәтижесінде түркі тілдері бойынша мол эмпирикалық материалдық қор жинақталады. Фин-угор және үнді-еуропа тілдері материалдары негізінде салыстырмалы-тарихи зерттеулер теория саласында айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізеді. Бұл алтай тілдерінің салыстырмалы-тарихи тұрғыдан қарқынды зерттелуіне оң әсер етеді.

XX ғ. алғашқы жартысында Г.Й.Рамстедттің алтай тілдерінің орал тілдерімен генетикалық байланысын теріске шығарып, алтай тіл бірлестігінің құрамын *түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур* тілдік топтарымен шектеп қана қоймай, оның шет-шекарасын корей және көне жапон тілдерімен кеңейткен «алтай гипотезасы» жайлы постулаты оның ізбасарлары Н.Поппе, Б.Я.Владимирцов тәрізді көрнекті моңғолтанушы ғалымдар тарапынан қолдау тауып, ортодоксалдық алтаистиканың тұғыры қаланады.

Рамстедт-Поппенің «алтай гипотезасын» басты ұстанымға алған түркі тілдері бойынша М.Рясяненнің салыстырмалы

<sup>1</sup> Ильминский Н.И. Самоучитель русской грамоты для киргизов. – Казань, 1861. – С.3.

<sup>2</sup> Ильминский Н.И. Самоучитель русской грамоты для киргизов. – Казань, 1861. – С.20-21.



грамматикасы<sup>1</sup>, моңғол тілдері бойынша Б.Я.Владимирцовтың<sup>2</sup>, Н.Поппенің<sup>3</sup> салыстырмалы грамматикалары, тұңғыс-маньчжур тілдері бойынша В.И.Цинциустың салыстырмалы фонетикасы<sup>4</sup> сияқты іргелі зерттеулер пайда болды. Бұл еңбектерден кейін Г.Й.Рамстедт пен Н.Поппенің жарты ғасыр бойына «алтай теориясы» негізінде жүргізілген зерттеулерінің қорытындысы іспетті еңбектері<sup>5</sup> жарық көріп, дәстүрлі алтаистика ғылыми дамудың ең биігіне көтерілді.

Алтай тілдері бойынша салыстырмалы-тарихи зерттеулер орал-алтай тіл білімінің көрнекті өкілі Г.Винклердің еңбектерінде<sup>6</sup> біршама толық қамтылады, француз түркітанушысы Ж.Денидің «Түркі, моңғол және тұңғыс тілдері» атты еңбегінде<sup>7</sup> алтай тілдері және олардың басқа тілдерге қатысы жайлы жалпы мәлімет беріледі. Алайда Г.Й.Рамстедт, В.Л.Котвич, Н.Н.Поппе зерттеулері салыстырмалы-тарихи тіл білімінде алтай тілдерінің барлық деңгейлері мен аспектілерін қамтыған іргелі еңбектер болып қала береді.

Дәстүрлі алтаистиканың толыққанды ғылыми пән ретінде қалыптасуы атақты фин шығыстанушы ғалымы Г.Й.Рамстедттің

<sup>1</sup> *Rasanen M. Materialien zur Lautgeschichte der turkischen Sprachen.* – Helsinki, 1949. (SO, XV). 249 S.; 1957; *Рясянен М. Материалы по исторической фонетике тюркских языков.* М.: Изд-во иностр. лит-ры, 1955. – 220 стр.

<sup>2</sup> *Владимирцов Б.Я. Заметки к древнетюркским и старомонгольским текстам // Доклады АН СССР. Сер. В. – Л., 1929. – С. 287-288.*

<sup>3</sup> *Poppe N.N. Khalkha-mongolische Grammatik, mit Bibliographie, Sprachproben und Glossar.* -Wiesbaden, Franz Steiner Verlag GmbH, 1951; *Poppe. N.N. A fragment of the Bodhicaryavatara from Olon Sume // HJAS, 17, N3-4, 1954; Poppe N.N. The Turkic loan words in Middle Mongolian // Central Asiatic Journal, 1955 vol.*

<sup>4</sup> *Цинциус В.И. Сравнительная фонетика тунгусо-маньчжурских языков. – Л., 1949.*

<sup>5</sup> *Ramstedt G.J. Einführung in die altaische Sprachwissenschaft, «Introduction to Altaic Linguistics», 2 volumes.* -Helsinki: Suomalais-Ugrilainen Seura, 1952—1957; *Рамстедт Г.Й. Введение в алтайское языкознание. Морфология/ пер с нем.- М., 1957; Poppe N.N. On some Altaic Loan Words in Hungaraian // American Studies in Uralic Linguistics. Uralic and Altaic Series, 1. – Bloomington, 1960. – P. 139-147; Poppe N.N. Introduction to Altaic Linguistics. – Wiesbaden, 1965. – Vol. XIV. – XIII + 212 p. (UAB, 14).*

<sup>6</sup> *Winkler H. Uralaltaische Völker und Sprachen.* – Berlin, 1884; *Des Uralaltaische und seine Gruppen.* – Berlin, 1885; *Die altaische Völker- und Sprachenwelt.* – Leipzig-Berlin, 1921; *Die altaische Sprachen.* – Berlin, 1924.

<sup>7</sup> *Dény J. Langues turques, langues mongols et langues tongouses // Les langues du monde. Par un group de linguists sous la direction de A. Meller et M. Cohen.* – Paris, 1952. – P. 322-330.

есімімен байланысты (1873-1950). Алтаистикалық бағыттағы зерттеулерін Ургэ говорының моңғол жазба тіліне қатысы жайлы, Ауғанстандағы моғолдардың тілі туралы, сонымен қатар халха-моңғол, моңғол және қалмақ тілдеріне қатысты зерттеулерімен<sup>1</sup> бастаған Г.Й.Рамстедт барлық ғұмырын алтай гипотезасының ғылыми-теориялық және методологиялық тұрғыдан негізделуі мен дамуына арнады. Тұңғыс- маньчжур тілдерінің материалдарына жүгіне отырып, түркі және моңғол тілдері аралық туыстық байланысты дәйектеуге, түркі-моңғолға ортақ негіз тілді-тектілі қайта жаңғыртуға бағытталған Г.Й.Рамстедт зерттеулері алтаистика ғана емес, түркітану, моңғолтану, тұңғыстану сияқты дербес ғылым салалары үшін де аса маңызды ғылыми зерттеулер болып саналады.

Сол кездегі түркітану саласының біршама жетістіктерге қол жеткізуі Г.Й. Рамстедттің түркі және моңғол тілдерін салыстыра зерттеуіне қолайлы жағдай тудырған еді. Мәселен, В.Томсен мен В.В.Радловтың орхон-енисей жазба ескерткіштерін ашуы көне түркі тілдері бойынша мол материалдың жинақталуына, ұйғыр жазбаларының табылуы мен оқылуы тарихи түркітанудың айрықша қарқынды дамуына қажет алғышарттарды қалыптастырды.

Г.Й.Рамстедт моңғол және түркі тілдерінің салыстырмалы морфологиясы саласындағы алғашқы зерттеуін «Халха-моңғол тіліндегі жіктеу туралы» тақырыбына жазған докторлық диссертациясымен<sup>2</sup> бастайды және онда тұңғыс тілінің материалын қосымша пайдаланады. Г.Й. Рамстедт 1906 жылдан бастап Хельсинки университетінде түркі-моңғол морфологиясынан курстар оқиды.

Г.Й.Рамстедттің сан есім, етістіктің сөзжасам жұрнақтары туралы, сондай-ақ фонетика-грамматикалық сипаттағы зерттеулері<sup>3</sup> түркі-моңғол тілдік байланысы мәселесі бойынша алтай-

<sup>1</sup> *Ramstedt G.J. Mongolica Betrage zur Kenntniss der mongol Sprache in Afganstan.- JSFO, 1905; Ramstedt G.J. Das Schrifmongolische und die Urgamundart phonetisch vergleichen.-JSFOu, 1903b.*

<sup>2</sup> *Ramstedt G.J. Uber die Konjugation des Khalkha-mongolischen. – MSFOu., 19, 1903.*

<sup>3</sup> *Ramstedt G.J. Zur Verbstammbildungslehre der mongolisch-turkischen Sprachen // JSFOu. 1912. T. 28.*

танымдық тұрғыдан аса маңызды еңбектер қатарына жатады. Алтай теориясының қалыптасуына байланысты Г.И. Рамстедт өз зерттеулеріне біртіндеп көне және жаңа түркі тілдерінің, сонымен қатар корей тілінің материалдарын тартып, оларды басқа да алтай тілдерімен салыстырады.

Г.И.Рамстедт өзінің алғашқы алтаистикалық зерттеулерінде ақ түркі және моңғол тілдерінің бірқатар фонетикалық заңдылықтарын анықтайды. Мәселен, алтай теориясының, сонымен қатар Г.И.Рамстедттің өзінің де алтай тілдері арасындағы қарым-қатынасқа деген көзқарасының қалыптасуында айрықша маңызды орын алатын «Чуваш тілінің орны туралы мәселеге» атты зерттеуінде ғалым В.Шотт және басқа да зерттеушілер анықтаған чуваш тіліндегі *r* және *l* дыбыстарымен сәйкесетін түркілік *z* және *š* дыбыстары моңғол тіліндегі *r* және *l* дыбыстарымен де сәйкес келетінін айтады<sup>1</sup>. Г.И.Рамстедт чуваш тіліне қатысты анықталған бұл заңдылық туралы өзіне дейінгі зерттеушілердің пікірлерінің ізімен, алғашында моңғол-чуваштағы *r* және *l* түркі тілдерінде сақталған көне *z* және *š* дыбыстарының даму барысында пайда болған деген пікірде болады<sup>2</sup>. Алайда, кейіннен, ғалым бұл пікірінің дұрыстығына шүба келтіріп, ол ойына қарама-қарсы пікірге келеді, яғни түркілік *z*, *š* дыбыстары чуваш және моңғол тілдерінде сақталып қалған көне *r*, *l* дыбыстары дамуының нәтижесі деп көрсетеді<sup>3</sup>.

Г.И.Рамстедттің түркі-моңғол тілдік қарым-қатынасы саласындағы зерттеулері негізінен түркі және моңғол тілдеріне ортақ тектілікті реконструкциялауға бағытталады. Осы тұрғыдан келгенде кейіннен «Рамстедт-Пельйо заңы» деп аталған Г.И.Рамстедттің алтайлық қатаң еріндік (лабиал) \*-р дыбысына арналған зерттеулерінің<sup>4</sup> моңғол тілімен чуваш, басқа да түркі тілдерін

<sup>1</sup> Ramstedt, G.J. *Über die Konjugation des Khalkha-Mongolischen*. – Helsinki: Suomalais-Ugrilainen Seura, 1903. – P. 97.

<sup>2</sup> Ramstedt G.J. *Über die Zahlwörter der altaischen Sjrachen* // JSFOu. 1907. T.24. 18; Рамстедт Г. И. *Этимология имени ойрат* / Сб. в честь СПб., 1908. -С. 14-16.

<sup>3</sup> Ramstedt G.J. *Zur Frage nach der Stellung des Tschuwassischen* // Journal de la Societe Finno- Ougrienne, 1922 – 23, t. 38. 29.

<sup>4</sup> Pelliot P. *Les mots a h- initiale, aujourd'hui amuie, dans le mongol des XIII<sup>e</sup> siecles* // Journal Asiatique. Paris, 1925. – Vol. 206. – № 1-2. – P. 193-263.

салыстырмалы-тарихи тұрғыдан зерттеуге бағытталған көптеген мақалаларының алтаистикадағы маңызы ерекше.

Ғылыми шығармашылығының соңғы жылдары Г.Й.Рамстедт алтай тіл бірлестігін құрайтын барлық тілдік топтардағы ұқсас бірліктерді компаративтік-контрастивтік тұрғыдан қарастырған өзінің және басқа да алтаист ғалымдардың зерттеулерінің басын қосып, алтай тілдерінің салыстырмалы-тарихи лексикологиясы бойынша «Қалмақша сөздік», алтай тілдеріаралық дыбыстық және тұлғалық сәйкестіктерге негізделген «Корей этимологиясы бойынша зерттеулер», алтай тілдерінің салыстырмалы грамматикасына арналған «Алтай тіл біліміне кіріспе» сияқты іргелі еңбектерін жариялайды<sup>1</sup>.

Г.Й.Рамстедттің алтай тілдерінің негізгі топтарының фонетикасы мен морфологиясының басты мәселелерін қамтитын «Алтай тіл біліміне кіріспесі» – алтай тілдерінің салыстырмалы-тарихи фонетикасы мен грамматикасы бойынша алғашқы толық сипаттағы зерттеу болып табылады. Автор бұл еңбегінде түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур тілдерінің, сондай-ақ корей тілінің, кей жағдайда жапон тілінің фонетикалық және морфологиялық дамуының ортақ заңдылықтарын айқындайды, соның негізінде алтайлық тектілдің фонетикалық және морфологиялық құрылымын қайта жаңғыртудың, қалпына келтірудің алғашқы тәжірибесін ұсынады.

Өзінің барлық өмірін алтай теориясын негіздеп, дамытуға арнаған Г.Й.Рамстедт түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур тілдерінің материалдық және типологиялық ұқсастығы мәселесін шешілген деп санады, сондықтан да алтай тілдерінің туыстығына қарсы шығып, компаративистикалық алтаистиканың ары қарай дамуына күмән келтіргендермен сөз таластырып жатпады.

Г.Й.Рамстедт зерттеулерінде түркі-моңғол сәйкестіктері қатарында қазақ тілінің материалдары да көптеп кездеседі, фактологиялық материалдар тұңғыс-маньчжур және корей тілдері арқы-

<sup>1</sup> *Ramstedt G.J. Kalmuckisches Worterbuch, Hels., 1935; Einführung in die altaische Sprachwissenschaft, Bd 1-3.- Hels., 1952-66; Ramstedt G.J. Über die Stellung des Koreanischen 1939//Suomalais-Ugrilaisen Seuran Aikakauskirja 55, 1951; Ramstedt G.J. Introduction to Altaic Linguistics, 2 volumes. – Helsinki: Suomalais-Ugrilainen Seura, 1952 -1957; Рамстедт Г.Й. Введение в алтайское языкознание. Морфология / Пер с нем. -М., 1957.*

лы үнемі толықтырылып отырады. Г.Й.Рамстедттің қорытынды еңбектерінің дені автор қайтыс болғаннан соң жарық көрді

Г.Й. Рамстедт алтаистикадың нақты концептуалдық мәселелерін қарастырды: алтай тілдерінің салыстырмалы грамматикасын жасады және алтай семьясына корей тілін қосты. Корей тілінің алтай тілдерімен туыстығы жайлы концепцияны кезінде Е.Д.Поливанов та айтқан болатын<sup>1</sup>, алайда бұл пікір тіптен дәстүрлі алтаистылар арасында да қолдау тауып кете қоймады. Себебі Г.Й.Рамстедттің «Корей этимологиясы жайлы зерттеулерінде» (1949-1953) келтірген лексикалық салғастыруларының көбісінің алтай тілдері мен корей тілінің генетикалық туыстығын дәйектеуге күші жетпеді. Тек соңғы жылдары ғана С.А.Старостин мен оның әріптестерінің алтаистика бағытындағы іргелі зерттеулері арқылы корей тілі жапон тілімен бірге алтай тіл бірлестігінің 5 тілдік тобы қатарынан заңды орынын иеленді<sup>2</sup>.

Дәстүрлі алтаистика ғана емес оралтану-алтайтану саласында да Г.Й. Рамстедт еңбектеріне ерекше мән беріледі. Мәселен, Г.Й. Рамстедттің алтай тілдерінің салыстырмалы грамматикасы туралы фин тілінің маманы Б. Коллиндер «алтай тілдерінің тектік туыстастығына қарсы немесе күмән келтіретін ғалымдар бұрын да болды, қазір де бар. Алайда Г.Й. Рамстедттің «Алтай тілдерінің морфологиясынан» соң, мұндай көзқарастарды сыни деп емес, скептикалық көзқарастар деп атауға болады»<sup>3</sup> деп жазды.

Алтай тілдерінің генетикалық туыстығы туралы Г.Й. Рамстедт постулатын қолдаған, оның бұл идеясының ғылыми дәйектелуіне айрықша үлес қосқан ғалымдардың бірі – әйгілі моңғолтанушы Б.Я. Владимирцов болды. Б.Я. Владимирцов өзінің алғашқы алтаистикалық зерттеулерінде алтай тілдерінің туыстығы

<sup>1</sup> Поливанов Е.Д. К вопросу о родственных отношениях корейского и «алтайских» языков // Известия АН ССР.-М., 1927.-Сер. VI. № 15-17. -С.1119-1204.

<sup>2</sup> Старостин С.А. Алтайская проблема и происхождение японского языка. – М.: Наука, 1991. – 298 с.; Starostin S., Dybo A., Mudrak O. Etymological Dictionary of the Altaic Languages. – Leiden; Boston: Brill, 2003. – Vol. 1. – P. 858. (A-K); Vol. 2. – P. 859-1556. (L-Z); Vol. 3. – P. 1557-2096. (Indices).

<sup>3</sup> Collinder B. Pro Hypothesi Uralo-Altaica // Altaica (Proceedings of PIAC. -Helsinki, 1977.

туралы мәселеге өте сақтықпен қарайды, негізінен алтай тілдері арасындағы кірмелік мәселесіне айрықша назар аударады. Ол: «Моңғол тіліндегі түрік элементтері» (1911) атты мақаласында: «түрік (яғни, түркі) кірме сөздерінің моңғол тілі әлеміндегі орны ерекше: баяғыдан-ақ моңғол тілінің төл элементі сияқты болып кеткені соншалық олардың жаттығы сезілмейді. Әйтседе түркі кірме сөздерінің моңғол тіліне көптеп енуі, кез келген тілде шет тілдік элементтерді көптеп қабылдаудың әсерінен болатын өзгеріс сияқты үлкен төңкерісті моңғол тіліне де әкелгені сөзсіз»<sup>1</sup> – дейді.

«Моңғол тектілі және оның түркі тектіліне қатысы әлі шешімін таппаған мәселе. Осы орайда моңғол тілі түрік (яғни, түркі) элементтері маңызды рөл атқаратын якут тілі сияқты аралас тіл емес пе? деген сұрақ туындайды. Шынында да моңғол тілінің аралас тіл екенін дәлелдейтін мысалдар көптеп кездеседі. Егер түрік (яғни, түркі) сөйленістері фонетика, морфология, семасиология салаларында тілдік консерватизмнің ең жоғарғы деңгейдегі үлгісін көрсететін болса, моңғол тілі әлемінде аз ғана мерзім ішінде жүрілген маңызды өзгерістер орын алады. Мәселен, вокализмнің өзгеруі, белгілі бір дыбыстық кешеннің жойылуы, жаңа дыбыстардың пайда болуы сияқты дыбыстық өзгерістер, ескінің жоғалып, жаңа қатарлардың пайда болуы тәрізді морфологиялық өзгерістер, белгілі бір тірі сөйленістер мен диалектілерде семасиологиялық өзгерістер орын алады. Мұндай өзгерістер түрік (яғни, түркі) тілі элементтерін қабылдаудың әсерінен болуы да мүмкін. Моңғол тілінің түрік (яғни, түркі) элементтерінің морфологиялық құрылымын жатсынбауы олардың тез меңгерілуіне әсер еткені сияқты, басқа да факторлар салдарынан түрік (түркі) элементтері өзгеріске сирек ұшырап, өзге тілдік элементтерге (дейгейлеріне) әсер етті» – деп, Б.Я.Владимирцов түркі және моңғол тілдері арасындағы тығыз қарым-қатынас, аралас-құраластық мәселесінде тілдік кірігу процесінің маңызын айқындайды.

Б.Я.Владимирцов моңғол тіліндегі түркі сөздері мен түркі тілдеріндегі моңғол сөздерін бөліп қарастыру мәселесін алғаш рет алға тартып, түркі тілдеріндегі моңғол кірме сөздерінің айтар-

<sup>1</sup> Владимирцов Б.Я. Турецкие элементы в монгольском языке // СПб, 1911. - С. 180.

лықтай көп емес екенін айтады: «Көне ұйғыр ескерткіштерінде моңғол тілінің ерен әсері байқалмайды. Моңғол дәуірі тұсындағы (XIII-XIV ғғ.) ұйғыр құжаттарында, басқа да түркі жазба ескерткіштерінде моңғол сөздері, негізінен әкімшілік терминдер кездеседі... Шағатай жазба тілінде және осман тілінде моңғол сөздері әскери терминдер болып келеді, кейбір кезде түрік тілдеріне ертерек дәуірде моңғол тіліне кірген өздерінің сөздері қайтып оралып отырады...»<sup>1</sup> «Түркі тілдеріндегі моңғол элементтерінің аздығы туралы Б.Я.Владимирцов пікірін негізінен түркі-моңғол тілдік байланысының ерте кездеріне және Шыңғыс империясы тұсындағы әкімшіліктік басқару терминологиясына байланысты айтылған деп түсінуге болады. Алайда моңғол тілімен тікелей қарым-қатынасқа түскен, моңғолдармен өте ертеден көрші отырған тува, хакас, таулы-алтай, т.б. түркі халықтарының тілдерінде XVI ғ. кейін енген моңғол элементтері молынан кездеседі»<sup>2</sup> – дейді Г.Д. Санжеев.

Б.Я.Владимирцов моңғол тілінің әр түрлі проблемаларына арналған лингвистикалық зерттеулері барысында түркі-моңғол тілдік қатынасы мәселесіне қайта-қайта оралып, моңғол-түркі және моңғол-тұңғыс-маньчжур тілдерін лексикалық, фонетикалық, морфологиялық деңгейлерде ұдайы салыстырып отырады. Түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур тілдерін компаративтік тұрғыдан зерттеуге айрықша үлес болып қосылған «Моңғол жазба тілі және халха сөйленісінің салыстырмалы грамматикасы» (1929) атты еңбегінде Б.Я.Владимирцов жүздеген түркі-моңғол сәйкестіктерін көрсетіп (қазақ тілінен де), алтай тілдерінің фонетикалық жүйесі дамуының көкейтесті мәселелерін қарастырады.

Моңғол тілінің алтай тілдеріне, соның ішінде түркі тілдеріне қатысы туралы Б.Я.Владимирцов былай дейді: «Алтай тілі белгісіз болғанымен, оның дамуы барысында пайда болған моңғол, түркі және тұңғыс тілдері және олардың арасындағы ұқсас элементтер белгілі. Моңғол тілі – алтай тіліне жатады және

<sup>1</sup> Владимирцов Б.Я. Гурецкие элементы в монгольском языке// ЗВОИРАО СПб, 1911. – С. 183.

<sup>2</sup> Санжеев Г.Д. «Б.Я.Владимирцов - исследователь монгольских языков//Филология и история монгольских народов.- М., 1958. С.39.

оның дамуының бір формасы болып табылады. Алтай тілдерінің салыстырмалы грамматикасы алтай тілдеріаралық, нақтырақ айтсақ, моңғол, түркі және тұңғыс тілдеріаралық ұқсастықтарға, сәйкестіктерге негізделеді. Егер бұдан кейін де түп-тегі алтай тілдеріне барып саятын қандай-да бір тіл немесе тілдер анықталатын болса, ол тіл немесе тілдер алтай семьясынан өз орнын табуға және алтай тілі дамуының бір формасы ретінде қабылдануы тиіс. Егер алтай тобы тілдері мен тағы да бір тілдік топ арасында сәйкестіктер жүйесі анықталатындай жағдай болса, онда алтай тобы тілдерінің салыстырмалы грамматикасына негізделетін жаңа салыстырмалы грамматика жасалады. Сәйкестіктер қатары моңғол тілінің түркі тілдерімен бірге ортақ дәуірді бастан кешкенін, моңғол тілінің түркі тілімен жақын туыстық қатынасын айғақтай алады. Демек, моңғол және түркі тілдері өз кезегінде алтай тіліне барып саятын ортақ бір ғана тілдің дамуының екі түрлі формасы болып табылады»<sup>1</sup>.

Алтай тілдерінің аглютинативтік сипатын көрсете отырып, Б.Я. Владимирцов бұл тілдерде аглютинациядан басқа жолмен де пайда болған сөздің формалдық өзгерісі, яғни ішкі флекция құбылысы орын алатынын айтады. Сондай-ақ ол тілдердің туыстық байланысын анықтауда жеке-жеке, бір-біріне қатыссыз алынатын аглютинация, дауыстылар үндестігі және жекелеген сөздердің ұқсастығы сияқты белгілердің аздық ететінін, алтай тілдерінің туыстығын фонетика, морфология, синтаксис және лексикология салаларындағы жүйелі ұқсастықтар мен сәйкестіктер көрсете алатынын, мұнда әсіресе алтай тілдерінің морфологиясындағы деталдарға көңіл аударудың маңызы зор екенін айтады.

Б.Я.Владимирцов зерттеулерінде тарихилық ұстанымы ғылыми әдістеменің негізіне алынады. Оның моңғол сөйленістері мен говорларын топтастырып, олардың шығу тегін алтай семьясындағы моңғол тілінің орынымен байланыстыруы, моңғолдың көне жазба тілінің даму тарихын жүйелеп, оның даму сатысының әрбір кезеңіне тән өзіндік ерекшеліктерін нақты көрсетуі – моңғол тілдерінің салыстырмалы-тарихи және тарихи тұрғыдан

<sup>1</sup> Владимирцов Б.Я. Сравнительная грамматика монгольского письменного языка и халхасского наречия. 2-ое изд.-М.,1989. – С.46-47.



зерттелуіндегі ғана емес, сонымен қатар алтай тіл біліміне қосқан зор үлес ретінде бағаланады.

Моңғолдың көне жазба тілі моңғол тілдерінің тарихи дамуының ерте кезеңдерінен мол мағұлмат беретіндіктен, бұл тілдің орфографиялық ерекшеліктерін зерттеуге көп көңіл бөлінеді. Қазіргі моңғол тіліне және моңғол диалектілеріне қатысы тұрғысынан алғанда, көне моңғол жазба тілінде кездесетін архаикалық формалар олардың көне қалып-күйін көрсететін болса, кей жағдайда олардың көне түркі тілдеріндегі сәйкестіктерінің дыбысталуын біршама нақты көрсетеді. Көне жазба моңғол тіліндегі фонетикалық құбылыстар мен заңдылықтардың халха сөйленісімен, ортағасыр жазба ескерткіштері тілімен, түркі және тұңғыс-маньчжур тілдерінің материалдарымен салыстырылуы барысында олардың арасындағы бірден көзге түсе бермейтін фонетикалық сәйкестіктер қатары да анықталады. Сондықтан Б.Я. Владимирцов анықтаған түркі-моңғол фонетикалық сәйкестіктері заңдылықтарына сүйене отырып, түркі және моңғол тілдері арасындағы лексикалық ұқсастықтарды тап басып, дәл тануға, оларды кездейсоқ ұқсастықтардан ажыратуға болады. Сонымен қатар Б.Я.Владимирцов анықтаған түркі-моңғол фонетикалық корреляциясы заңдылықтарының көмегімен түркілік кірмеліктің әртүрлі диахрондық қабатын түркі тілдеріне (соның ішінде қазақ тіліне де) әртүрлі тарихи дәуірлерде енген монголизмдерден тазартып алуға болады. Б.Я.Владимирцовтың моңғол тіліндегі алтайлық емес, яғни үнді-еуропа, тибет, қытай, араб, элементтерін анықтауға бағытталған зерттеулерінің<sup>1</sup> алтайлық лексиканың кірме қабатының өзіндік ерекшеліктерін, протоалтай тілдеріндегі кірме элементтердің меңгерілу заңдылықтарын айқындаудағы маңызы зор.

«Өкінішке орай, – деп жазады Г.Д.Санжеев – Б.Я.Владимирцов моңғол тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы бойынша іргелі зерттеулерін толық аяқтай алмады. Тарихи морфология мен лексикология бойынша күні бүгінге дейін ғылыми маңызын жоймаған «Остатки причастия настоящего времени в

<sup>1</sup> Владимирцов Б.Я. *Mongolica I. Об отношении монгольского языка к индоевропейским языкам Средней Азии*// Записки коллегии востоковедов. Т.1. – Л., 1925.

монгольском языке» (1921), «Следы грамматического рода в монгольском языке» (1925) сияқты бірнеше мақалалар қалдырды»<sup>1</sup>.

Б.Я.Владимирцовтан кейін оның шәкірттері мен ізбасарлары моңғол тілдерінің лексикасы мен морфологиясы бойынша жеке-леген мақалалар, жалпы сипаттағы грамматикалық зерттеулер, жазба ескерткіштер тіліне арналған еңбектер түрінде жарық көрген көптеген жаңа ізденістерін жариялады<sup>2</sup>.

XX ғасырдың 20-жылдарынан бастап классикалық алтаистиканың қалыптасуына айрықша зор үлес болып қосылған Н.Поппенің алтай тілдеріндегі консонантизмге арналған, алтай тілдеріндегі қатаң дыбыстар жүйесіне байланысты, орал-алтай гипотезасының қалыптасу тарихы туралы, чуваш тілінің басқа орал-алтай тілдеріне қатысы жайлы еңбектері<sup>3</sup>, сондай-ақ моңғолтану саласы бойынша «Бурят-моңғол тіл білімі» (1933); «Жазба моңғол тілінің грамматикасы» (1937) және моңғол халықтарының әдебиеті мен фольклорына арналған іргелі зерттеулері жарық көре бастады.

Г.Й.Рамстедт пен Б.Я.Владимирцовтың ортодоксалдық алтайтанымдық көзқарастарын жалғастырушы Н.Поппе алтай тілдері, моңғол және тұңғыс-маньчжур тілдеріне арналған грамма-

<sup>1</sup> Санжеев Г.Д. Б.Я.Владимирцов – исследователь монгольских языков // Филология и история монгольских народов.- М., 1958. С.15.

<sup>2</sup> Поппе Н. Монгольские этимологии // Доклады АН СССР. Сер В. -Л., 1925; Поппе Н. Монгольские числительные // Языковедные проблемы по числительным. – Л., 1927. Т.1- С.97-119; Поппе Н. О частях речи в монгольском языке // Советское востоковедение. М.Л. АН СССР, 1940; Козин С.А. Сокровенное сказание: Монгольская хроника 1240г. Под названием *Mongyolun niyuca tobciyan*. Т.1. Введение в изучение памятника, пер., текст., глоссарий.- М.- Л., 1941; Козин С.А. К вопросу о показателях множественности в монгольском языке // Уч.зап. ЛГУ №69. – Л., 1949; 1984; Санжеев Г.Д. Сравнительная грамматика монгольских языков. I. – М.-Л., 1953; Санжеев Г.Д. Сравнительная грамматика монгольских языков: Глагол.- М., 1963. Бертагаев Т.А. Лексика современных монгольских литературных языков (на мат. монгольского и бурятского языков). -М., 1974; Орловская М.Н. Имена существительные и прилагательные в современном монгольском языке.- М., 1961 және т.б.

<sup>3</sup> Поппе Н.Н. К консонантизму алтайских языков // Доклады Российской академии наук. – Л., 1924; Поппе Н.Н. Система глухих смычных в алтайских языках // Доклады Российской академии наук.- Л., 1925; Поппе Н.Н. К вопросу об алтайских языках к уральским // Известия Общества изучения и обследования Азербайджана.-Баку, 1926; Поппе Н.Н. О родственных отношениях чувашского и тюрко-татарских языков. -Чебоксары, 1925.

тикалар мен салыстырмалы зерттеулер бойынша 240-тан астам ғылыми еңбектер жариялады. Оның XX ғ. екінші жартысынан кейін жарық көрген халха-моңғол тілінің үлгілерін, сөздік пен библиографиялық зерттеулерді қамтыған грамматикасы, «Моңғол тілдерін салыстыра зерттеуге кіріспесі», «Алтай тілдерінің салыстырмалы грамматикасы», «Алтай тіл біліміне кіріспесі» алтаистика саласындағы классикалық зерттеулер<sup>1</sup> ретінде бағаланады.

Н.Поппенің алтайтанымдық көзқарасының қалыптасуы орал-алтай гипотезасын тектеп-тексерумен тығыз сабақтасып жатады. Р.Раск, М.Мюллер, В.Шотт, М.А.Кастрен, Г.Винклер т.б. зерттеушілердің орал-алтай тіл бірлестігі, орал және алтай тілдерінің өзара генетикалық байланысы туралы тұжырымдары мен қағидаттарына лингвистикалық сараптама жасай келіп, Н.Поппе орал және алтай тілдерінің синтаксистік ерекшеліктері олардың арасындағы генетикалық байланысты дәйектей алмайтынын айтады. Орал және алтай тілдерінің аглютинативтік сипатын танытатын синтаксистік жүйемен еш байланыссыз, жеке дара қарастырылған морфологиялық құрылымның элементтері, салғастырылған сөздердің ғылыми әдістемелік деңгейі сын көтермейтініне баса назар аудара келіп, Н.Поппе: «Орал-алтай тобы немесе тілдер семьясы жоқ, демек орал-алтай теориясы негізінде топтастырылған тілдер арасында туыстастық та жоқ. Олай болса орал-алтай тектілі де болған емес» деп орал-алтай гипотезасына қатысты өз пікірін кесіп айтады<sup>2</sup>.

Салыстырмалы-тарихи алтай тіл білімінің қалыптасуына айрықша маңызды үлес болып қосылған «Алтай тіл біліміне кіріспесінде» (1965.) Н.Поппе алтайлық тілдік топтардың әрқайсысының ішкі классификациясын береді; моңғол, тұңғыс-маньчжур және чуваш түркі тілдерінің зерттелу тарихына тоқталып, осы тілдерге қалам тартқан көрнекті түркітанушы, моңғолтанушы,


<sup>1</sup> *Poppe N. Khalkha-Mongolosche Grammatik mit Bibliographie, Sparchproben und Glossar.* - Wiesbaden, 1951; *Poppe N. Introduction to Mongolian Comparative Studies,* - Helsinki, 1955; *Poppe N. Vergleichende Grammatik der Altaischen Sprachen,* 1960; *Poppe N. Introduction to Altaic Linguistics.* - Wiesbaden, 1965.

<sup>2</sup> *Поппе Н. Урало-алтайская теория в свете советского языкознания // Известия АН СССР.* -Л., 1940. № 3. -С. 88.

тұңғыс-маньчжуртанушы ғалымдардың әрқайсысының маңызды зерттеулеріне шолу жасайды; алтай тілдері арасындағы өзара қарым-қатынас мәселесін кірмелік теориясымен сабақтастырып, моңғол тілдеріндегі түркі және тұңғыс-маньчжур кірме сөздерін, маньчжур-тұңғыс тілдеріндегі түркизмдер мен монголизмдерді, түркі тілдеріндегі моңғол сөздерін және чуваш тіліне басқа түркі тілдерінен енген кірмелерді анықтайды; корей тіліндегі алтайлық кірмелік жайлы сөз қозғайды; алтай тілдерінің алтайлық емес тілдермен қарым-қатынасына арнайы тоқталып, түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур және корей тілдеріне қытай, тибет, үнді-еуропа тілдерінен енген кірме элементтерді айқындайды; семит және қазіргі еуропа тілдерінің алтай тілдеріне, керісінше, алтай тілдерінің басқа да тілдерге әсер-ықпалын сөз етеді; үнді-еуропа, грузин, орал (фин-угор, самодий, венгр) тілдеріндегі алтай элементтеріне тоқталады. Түркі, чуваш, моңғол, тұңғыс-маньчжур және корей тілдеріндегі созылыңқы дауыстылар, дауысты дыбыстар үндестігі, екпін және тон (дыбыстың), дауыссыздар үйлестігі, сөз құрылымы, аглютинация құбылысы, негіз және қосымша, сөз таптары, т.б. алтай тілдерінің құрылымдық ерекшеліктерінің жалпы сипаттамасына қатысты мәселелер Н.Поппе зерттеуінде жан-жақты сөз етіледі. Ең маңыздысы, мұнда Н.Поппе алтай тілдеріндегі дыбыстық сәйкестіктердің салыстырмалы сипаттамасын беріп, олардың тектілік тұрпатын жаңғыртады.


Н.Поппе «Алтай тіл біліміне кіріспесінде» (1965) түркі, моңғол, маньчжур-тұңғыс (корей) тілдерінің өзара байланысы мәселесіне арналған Г.Й.Рамстедттің салыстырмалы грамматикасына<sup>1</sup> арнайы тоқталып, Г.Й.Рамстедттің «Алтай тілдерінің отаны – батысында моңғол және түркілердің, шығысында маньчжур-тұңғыс және корейдің ата-бабалары өмір сүрген Маньчжуриядағы Кинган тауы» деген пікірін келтіреді және оның изоглосстар негізінде жасаған келесі сызбасын ұсынады: 1) түркі мен корей; 2) моңғол мен маньчжур-тұңғыс; 3) моңғол және түркі; 4) корей және тұңғыс.

<sup>1</sup> Ramstedt G.J. Einführung in die altaische Sprachwissenschaft, I: Lautlehre.-Helsinki, 1957.192 S. (MSFOu.,104:1-3)



Г.Й.Рамстедт сызбасы негізінде Н.Поппе: «Г.Й.Рамстедт сызбасы моңғол-корей және тұңғыс-маньчжур-түркі бірлестігінің болмағанын көрсетеді, демек Г.Й.Рамстедт алтайлық төрт ірі тілдік топ арасындағы орта деңгейді көрсетпей, алтай тілдерін бірден төрт топқа бөледі: маньчжур-тұңғыс, моңғол, түркі (чуваш тілімен қоса), корей» – деген пікір айтады.

Алтай тілдері дамуының орта деңгейін көрсетуде Н.Поппе Стрит ұсынған протоалтай және басқа да анықталмаған прототілге айырылатын Протосолтүстік азия тілдері туралы гипотезаға жүгінеді. Стрит сызбасы бойынша: анықталмаған прототілдің корей, жапон, айнуға бөлінуі ықтимал, ал протоалтай тілі протобатыс алтай (прототүркі және чуваш тілінің көне деңгейінің негізі) мен протошығыс алтайға (протомоңғол және прототұңғыстың негізі) ыдырайды:



Н.Поппе чуваш тілі стандарт тілдер арасында жалғастырушы қызмет атқарады деп санайды. Ол алтай тектілін қайта жаңғырту, қалпына келтірудің негізіне чуваш және моңғол тілдеріне ортақ фонетикалық заңдылықтар алынуы, мұнда Г.Й.Рамстедт анықтаған алтайлық ротацизм және ламбдацизм құбылысына айрықша ден қою қажет деп біледі<sup>1</sup>.

Г.Й.Рамстедттің чуваш және моңғол тілдері тектілдік деңгейден «ротацизм» мен «ламбдацизмді», яғни белгілі бір позициядағы *r* және *l* дыбыстарын сақтап қалған, ал басқа түркі тілдері оларды *z* және *š* дыбыстарына өзгерткен (түркі «зетацизм» мен «сигмацизм») деген пікірін жетілдіре отырып, Н.Поппе чуваш тілінің тарихи арғы тегі өте ерте кездерде түркі тілдеріне ортақ тектілден бөлініп кеткенін, осы процесс барысында ол кейбір архаикалық қасиеттерді, соның ішінде «ротацизм» мен «ламбдацизмді» өзгермеген күйде сақтап қалғанын, ал басқа түркі тілдеріне ортақ тектілдің даму барысында (пратүркі бірлестігінің ыдырамаған кезеңінде) белгілі бір позициядағы зетацизм (яғни *r* > *z*) мен сигмацизм (яғни *l* > *š*) процестері жүргенін айтады.

Чуваш тілінің алтай тілдері тобындағы орны және чуваш-моңғол фонетикалық сәйкестіктерінің алтайлық тектілді жаңғыртудағы маңызы жайлы Г.Й.Рамстедт пен Н.Поппенің лингвистикалық көзқарастарының ортақтығы, Н.Поппенің жалпы алтайлық мәселеде Г.Й. Рамстедт қағидаттары мен ғылыми талдауларын үнемі толықтырып, дамытып, өрбітіп отыруына байланысты «алтай гипотезасы» салыстырмалы-тарихи тіл білімінде «Рамстедт-Поппенің алтай теориясы» деп те аталады. Бұл теорияның ең басты дәйектемелік арқауын «алтайлық» ротацизм мен ламбдацизм, яғни тіларалық дыбыстық сәйкестіктердің екі қатары:

1) түрк. *z* ~ чув. *r* ~ монғ. *r* ~ тұңғ.-маньчж. *r*;

2) түрк. *š* ~ чув. *l* ~ монғ. *l* (*lč*) ~ тұңғ.-маньчж. *l* (*lč*) құрайды.

Сондықтан түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур тілдерінің тарихи фонетикасын жетілдіруге, соның негізінде олардың арасындағы өзара байланысты, қарым-қатынасты анықтауға бағытталған зерттеулерде «алтайлық» ротацизм мен ламбдацизм мәсе-

<sup>1</sup> *Poppe N. Introduction to Altaic Linguistics. Otto Harrassowitz. – Wiesbaden, 1965. -S.197-102.*

лесіне айрықша мән беріледі. Мәселен, венгр ғалымы З.Гомбоц «К исторической фонетике алтайских языков» атты еңбегінде Г.Й.Рамстедт анықтаған алтайлық сәйкестіктер мен өз зерттеулерінің нәтижесіне сүйене отырып, түркі тілдеріндегі *r~z* және *l~š* сәйкестіктері негізінде бірқатар түркі-моңғол лексикалық параллельдерін анықтайды. З.Гомбоцтың венгр және неміс тілдерінде жарық көрген бұл еңбегі түркі тілдеріндегі ротацизм мен ламбдацизм мәселелерін алтаистикалық деңгейде тереңірек қарастырған алғашқы зерттеу<sup>1</sup> болып табылады.

Зерттеудің бірінші бөлігі алтайлық ротацизм мен ламбдаизм заңына арналады. 30 ротацизмді және 21 ламбдацизмді сөздерді талдай келіп, З.Гомбоц мынадай қорытындыға келеді: алтайлық бастапқы *z* дыбысы түрік және шағатай тілдерінде *z*, ұйғыр мен алтай тілдерінде – *s*, *z*, қарағас және якут тілдерінде – *s*, чуваш тілінде – *г*, моңғол және тұңғыс-маньчжур тілдерінде – *r* дыбысы; ал алтайлық бастапқы *š* дыбысы түрік, шағатай, қазан татарлары, ұйғыр, алтай тілдерінде – *š*, қырғыз (қазақ) тілдерінде – *s*, *z*, якут тілінде – *s*, чуваш, моңғол, тұңғыс-маньчжур тілдерінде – *l* дыбысы түрінде көрініс береді.

Зерттеудің екінші бөлігі алтай тілдерінің жеке топтарындағы анлаут және инлаут позициядағы *\*d* дыбысының корреляциясына арналады. З.Гомбоц пікірі бойынша, анлауттық алтайлық *\*d*- түркі тілдерінің көбінде *j*- ал чуваш тілінде *š*-, якут тілінде *s*-, моңғол және тұңғыс-маньчжур тілдерінде *d*- түрінде сақталады. Инлауттық алтайлық *\*-d*- көнетүркілік *-d*-, койбал тіліндегі *-t*-, шор тіліндегі *-z*-, түркі тілдерінің көбінде *-y* түрінде келетін чуваш тіліндегі *-r*- дыбыстарымен сәйкеседі, ал моңғол тілдерінде *-d*-сақталады; сал.: ұйғ. *adaq* «аяқ», шор., койб. *azaq*, қалған түркі тілдерінде *ayaq*, як. *atax*, чуваш *ura* «аяқ».

XX ғ. басында түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур тілдері бойынша жинақталған және венгр тіліндегі көне бұлғар-чуваш кірме элементтерін көрсететін эмпирикалық материалдарды зерттей отырып, З.Гомбоц түркі тілдеріндегі, кеңірек алтай тілдеріндегі

<sup>1</sup> *Gombocz Z. Az altaji nyelvek hangtortenetehez // Nyelvtudományi Közlemények. Budapest, 1905.-35 kot.-241-284 l.; Gombocz Z. Zur Lautgeschichte der altaischen Sprachen // Keleti Szemle. – Budapest, 1912-1913.-Bd.XIII.-Hf.1-2.-S.1-37*

z мен ʃ дыбыстарының бастапқы біріншілік орнын анықтайды. Салыстырмалы-тарихи талдау нәтижесінде ғалым түркі тілдерінің көбінде, чуваш тілінде, сонымен қатар моңғол, тұңғыс-маньчжур тілдерінде сақталып қалған әу бастағы алғашқы \*z дыбысына екіншілік r дыбысының сәйкес келуін; дәл осылай түркі тілдерінің көбінде сақталған бастапқы ʃ дыбысына чуваш, моңғол, тұңғыс-маньчжур тілдеріндегі екіншілік l дыбысының сәйкес келетінін дәйектейді. З.Гомбоц алтай тілдеріндегі ротацизм мен ламбдацизм құбылысын түптеп зерттеу арқылы осы тілдер арасындағы қарым-қатынастың шынайы табиғатын айқындауға болатынын айрықша атап көрсетеді. Сөйте тұра З.Гомбоц ротацизм мен ламбдацизмді сөздер «моңғол және тұңғыс-маньчжур тілдеріне бұлғар типтес көне түркі диалектісінен енуі мүмкін» деген ыңғай білдіреді<sup>1</sup>.

З.Гомбоцтың біршама жоғары деңгейде дәлелдеген теориясын Г.Й.Рамстедт қайта қарастырып, З.Гомбоц теориясына қарама-қарсы альтернативтік теория ретінде өзінің «жалпытүркілік (чуваш тілінен басқаларында) z, ʃ дыбыстарына қарағанда алтай тілдеріндегі r, l дыбыстарының бірінші, бастапқы екені» жайлы зетацизм және сигматизм теориясын ұсынды. Г.Й.Рамстедттің түркі зетацизмі мен сигматизмі теориясы компаративистиканың белді өкілдерінің қарсылығына қарамастан, алтаист лингвистер арасында кеңінен қолдау тапты, кейіннен З.Гомбоцтың өзі де Г.Й.Рамстедт пікірінің дұрыстығын мойындады.

Алтайтанымдық зерттеулерде айрықша мән мән берілетін түркі-моңғол лексикалық параллелдерін айқындауда З.Гомбоцтың «Булгаро-тюркские заимствования в венгерском языке»<sup>2</sup> атты зерттеуінің оралтану үшін де, алтаистика үшін де аса маңызы зор. Бұл зерттеуінде репрезентативті эмпирикалық материалды тарихи-этимологиялық тұрғыдан талдау нәтижесінде З. Гомбоц мынадай қорытындыға келеді: «венгр тіліне түркі тілдерінен кірме сөздердің ену мерзімін үш түрлі дәуірге бөліп қарастыруға бо-

<sup>1</sup> *Gombocz Z. Az altaji nyelvek hangtortenetehez // Nyelvtudományi Közlemények. Budapest, 1905.-35 kot.-241-284; Gombocz Z Zur Lautgeschichte der altaischen Sprachen // Keleti Szemle. – Budapest, 1912-1913.-Bd.XIII.-Hf.1-2.-S.1-37.*

<sup>2</sup> *Gombocz Z. Die bulgarisch-türkischen Lehnwörter in der ungarischen Sprache. -Helsinki, 1912.-VIII -254 S. (MSFOu 30).*



лады: бірінші хронологиялық топқа көне түркіден енген, екінші топқа – құман-печенегтен енген, үшіншіге – осман-түріктерінен (оңтүстік славяндар арқылы келген) енген элементтер жатады». 3. Гомбоц венгр тіліндегі көне түркі элементтерінің бастау-көздерін анықтау мәселесінде лексиканың бұл тобы венгр тіліне көне чуваш арқылы «моңғол-ғұн» тілінен енгені туралы Б. Мункачи пікірімен келіспейді. Б.Мункачи мысалдарын қайта талдай келіп, 3.Гомбоц: «... көне бұлғар кірме элементтері венгр тіліне байырғы бұлғарлар сөйлеген тілден енді» – деген қорытындыға келеді. Сондай-ақ ол венгр тіліндегі көнебұлғар және моңғол сәйкестіктерінің, сонымен қатар көне түркі сөздерінің өзара біршама жақын болып келу себебін өте ертедегі бұлғар-түркі-моңғол тілдік байланысынан іздестіреді<sup>1</sup>.

3.Гомбоц идеялары Венгрияда алтаистика бағытындағы мектептердің пайда болуының алғы шартын қалыптастырды және венгрлік алтаистердің алтайтанымдық көзқарастарының өзіндік келбетін айқындады. Венгр тіліндегі түркілік лексикалық кірмелердің бірнеше диахрондық қабаттарының анықталуы венгр тіл мамандарының алтайлық мәселелерге тереңдеп баруына игі ықпалын тигізді. Көне бұлғар және кейінгі дәуірлердегі түркілік кірмелікті салыстырмалы-тарихи тұрғыдан зерттеу барысында жинақталған мол тәжірибе түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур тілдері арасындағы материалдық ұқсастықтардың біразы генетикалық емес, кірмелік сипатта болып келетінін көрсетті.

Венгр тіл білімінде алтай тілдеріне ортақ материалдық бірліктердің конвергенттік тегі туралы ғылыми идея алтай семьясына біріктірілген негізгі тілдік топтардың дивергенттік тегі жайлы идеяға қарағанда басымдылық танытты. Мұны венгрлік лингвист Ю.Неметтің алтайтанымдық көзқарастарының эволюциялық даму бағытынан байқауға болады. Әуелде түркі-моңғол тілдеріаралық генетикалық байланыс туралы пікірге қарсы болған Ю.Немет<sup>2</sup> кейіннен Г.Й.Рамстедт және оның ізбасарларының орто-

<sup>1</sup> Gombocz Z. Die bulgarisch-turkischen Lehnwoter in der ungarischen Sprache.-Helsinki, 1912. VIII, 254. – S. 29-34.

<sup>2</sup> Nemeth J. Egy torok-mongol hangtorveny.-Budapest, 1912.-41-kot.-401-402. I; Nemeth J. Die turkisch-mongolische Hypothese // Zeitschrift der Deutschen Morgenlandischen Gesellschaft.- Berlin, 1912, LXVI.

доксалдық алтаистика бағытындағы пікірлерін жақтайды және түркі және моңғол тілдерінің генетикалық туыстығы теориясын кірмелік теориясымен байланыстыруға талпынады.

Ю.Немет моңғол, чуваш, түркі тілдерінің өзара байланысының тарихын 4 кезеңге бөледі: 1) алғашқы туыстық кезең; 2) чуваш-моңғол өзара әсері кезеңі; 3) татар-моңғол (түркі-моңғол) өзара әсері кезеңі; 4) моңғол тілінен енген якут кірмелігі кезеңі. Алтай тілі үшін өте маңызды сәйкестіктер: жалпытүрк. *z* және *ʃ* ~ чув. *r* және *l* ~ монғ. *l* және *r*, яғни чуваш және моңғол тілдеріндегі ротацизм мен ламбдацизм көрінісін Ю. Немет осы тілдердің екінші кезеңдегі өзара әсер-ықпалымен түсіндіреді<sup>1</sup>.

Қорыта айтқанда, дәстүрлі алтаистикалық бағыт өкілдері түркі, моңғол және тұңғыс-маньчжур тілдерінің әрқайсысының сөз қазынасының салыстырмалы-тарихи және этимологиялық тұрғыдан зерттелуіне зор үлес қосты. Г.Й.Рамстедт, Н.Поппе, Б.Я.Владимирцов және олардың ізбасарларының зерттеулері негізінде ХХ ғ. бірінші жартысында салыстырмалы-тарихи алтай тіл білімінің тұғыры қаланып, ғылыми-теориялық ұстанымы мен ғылыми методологиялық негізі, ғылыми ұғымдық аппаратының өзегі толықтай айқындалды.

ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап дәстүрлі алтаистика бойынша аса маңызды компаративтік этимологиялық бағыттағы зерттеулер жариялана бастады. Г.Й.Рамстедттің «Қалмақша сөздік» (1935), «Корей этимологиясы бойынша зерттеулер» (1951), «Алтай тіл біліміне кіріспе» (1952-1957) сияқты классикалық еңбектерінде, түркі тілдері лексикасын компаративтік және этимологиялық тұрғыдан зерттеуге арналған М.Рясяненнің «Түркі тілдерінің тарихи фонетикасы бойынша материалдар»<sup>2</sup> сияқты іргелі зерттеулерде алтай тілдеріндегі жүздеген лексикалық параллельдер анықталып, ғылыми айналымға енгізілді. Мәселен, М.Рясянен өзінің «Материалдарында» түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур, фин-угор тілдеріне ортақ 200-ден астам лекси-

<sup>1</sup> *Nemeth J.* Die turkisch-mongolische Hypothese // Zeitschrift der Deutschen Morgenlandischen Gesellschaft.-Berlin, 1921; *Nemeth J.* Az urali es a torok nyelvek osi kapcsolata // Nyelvtudományi Közlemenyek.-Budapest, 1928.-.47-kot.- Sz. I.-75-85.

<sup>2</sup> *Rasanen M.* Materialien zur Lautgeschichte der turkischen Sprachen.-Helsinki, 1949. (SO,XV).-249 S. Пер. на русс. яз. 1955

калық параллелдерді, ал этимологиялық сөздігінде<sup>1</sup> одан да көп сәйкестіктерді көрсететін болса, Н.Н.Поппе зерттеулерінде<sup>2</sup> алтай тілдеріне ортақ жүздеген сөздер компаративтік-этимологиялық тұрғыдан талданды. Дәстүрлі алтаистика бағыты өкілдерінің арғыалтайлық тұлғаларды жаңғырту, қалпына келтіру мәселесіне арналған көптеген мақалалары жарияланып, арғыалтайлық (арғыалтайлық) есім парадигмасын жаңғырту мәселесі В.Банг, А.Салонен, Н.Поппенің, алтайлық тектілдің морфологиялық құрылымы Г.Й.Рамстедт, Н.Поппе, В.Банг, М.Рясянендердің, етістіктің морфологиялық құрылымын жаңғырту мәселесі В.Л.Котвич, Н.Н.Поппе, М.Рясяненнің зерттеулерінде сөз етілді.

Компаративтік алтаистиканың ХХ ғасырдың алғашқы жартысындағы даму барысына көз жүгіртсек, түркітанушылар тарапынан түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур тілдерінің өзара байланысы мәселесіне қатысты ұсынылған салыстырмалы-тарихи зерттеулердің аздығы, ал тұңғыс-маньчжур тілдерін зерттеушілердің өткен ғасырдың екінші жартысына дейін компаративті алтаистиканың мәселелерін мүлдем қарастырмағаны, алтай тілдерінің аталған үш тобы аралық салыстырмалы-тарихи зерттеулермен негізінен моңғолтанушылар айналысқаны байқалады.

Дәстүрлі алтаистиканың негізін қалаған Г.Й.Рамстедт Б.Я.Владимирцов, Н.Поппе сияқты ғалымдар моңғолтанушылар болғандықтан, олардың зерттеулерінде моңғол тілдерінің түркі және тұңғыс-маньчжур тілдерімен байланысына айрықша көңіл бөлінді. Моңғолтанушы ғалымдар алтайлық үш тілдік топаралық материалдық ұқсастықтар мен ортақтықтардың табиғатын зерттеуде өзінің архаикалық сипатын толығырақ сақтаған моңғол тіліне жүгінудің маңызын атап көрсетті.

Алтаистика ғылымының қалыптасу және даму тарихында В.Л.Котвич (1872-1944) зерттеулерінің алатын орны ерекше. Оның «Востоковедческий ежегодник» (Польша) журналында жарияланған ғылыми мақалалары, түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур

<sup>1</sup> *Rasanen M.* Versuch einen etymologischen Wörterbuchs der Turksprachen.- Helsinki, 1969

<sup>2</sup> *Poppe N.N.* Introduction to Mongolian Comparative Studies. – Helsinki ,1955; *Poppe N.N.*

тілдеріндегі сан есім, түр-түс атаулары, терминдік сипаттағы атау сөздер т.б. қатысты лексика-грамматикалық сипаттағы зерттеулері, түркі-моңғол тілдік байланысы, қарым – қатынасы мәселесіне арналған іргелі еңбектері<sup>1</sup> алтай тілдерінің салыстырмалы-салғастырмалы лексикологиясы мен грамматикасына қосылған ерен үлестер ретінде бағаланады. Түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур тілдерінің материалдық жақындығын олардың типологиялық ұқсастықтарымен, ұзақ уақытқа созылған қарым-қатынасымен түсіндіретін В.Л.Котвич зерттеулері алтаистикада лингвотипологиялық, лингвоконтактологиялық бағыттардың орнығуына ықпал етті.

В.Л.Котвич тілдердің өзара тығыз қарым-қатынасының нәтижесінде бір тілден екінші тілген енетін кірме элементтер алтай тілдерінің түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур сияқты негізгі үш тобының құрылымдық жүйелерінің барлық деңгейлерінде орын алатынына айрықша ден қояды және тілдік контакт осы тілдердегі ұқсастықтардың көбеюіне жетелеген басты факторлардың бірі екенін атап айтады<sup>2</sup>. В.Л.Котвич алтай, кеңірек алғанда, орал-алтай тіл бірлестігі туралы жорамалды мүлдем жоққа шығармады. Ол «Бір ортақ тіл өте ерте заманда, б.з.д. I мыңжылдықтың басында болуы мүмкін» дей тұра, В.Л.Котвич орал және алтай тілдері типологиялық тұрғыдан ұқсас тілдер деп білді және фин-угор, самодий тілдерін алтай тілдерінен бөлек топқа жатқызады: «Бұл тілдердің сыртында (яғни, алтай) олармен ортақ (шығу тегіне қарамастан) элементтері жоқ, құрылымының кейбір тұстарында ғана ұқсастықтар кездесетін басқа да тілдер тобы бар. Орал тілдері кіретін бұл топты екінші кезектік топ деп алуға болады»<sup>3</sup>.

<sup>1</sup> *Kotwicz W. Contributions aux etudes altaïques. I: (Notice preminare); II: (Les noms de numbers); III: (Les noms de couleurs) // Rocznik Orientalistyczny. – Lwow; Krakow, 1931. – Vol. 7. – P. 130-234. Odb. Lwow, 1930. – 105 p. Kotwicz W. Contributions aux etudes altaïques. A: Les terms cncernant le service des lelais postaux. B: Les titres pririers: turc. bāg, mo. begi, ma. beile. – Wilno, 1932. – 54 p. (CO, № 2); Kotwicz W. Z badan nad jezykami altajskimi // VI Zjazd Orientalistow Polskich. – Wilno, 1937. Streszenie zglosnych referatow. – Lwow, 1937. – 13 s/ (CO, № 11); Kotwicz W. Kilka uwag o turecko-mongolskich analogiach jezykowych // VII Zjazd Orientalistow Polskich. – Krakow, 1938; Kotwicz W. Les elemente turc dans la langue mandchoue // Rocznik Orientalistyczny. – Lwow, 1939. – 38 p. (CO, № 16). т.б.*

<sup>2</sup> *Котвич ВЛ. Исследования по алтайским языкам.- М., 1962.- С. 352.*

<sup>3</sup> *Котвич ВЛ. Исследования по алтайским языкам.- М., 1962.- С. 352.*

В.Л.Котвич өзінің салыстырмалы-тарихи зерттеулерінде терең реконструкцияларға бармады. ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы алтаистиканың даму деңгейі, сондай-ақ, алтай тілдерінің ішінде жазба дереккөздері бар деп саналатын түркі тілдерінің өзінің тарихи жазба ескерткіштерінің VII-VIII ғасырлармен шектелуі В.Л.Котвичтің праалтайлық реконструкцияға деген скептикалық көзқарасын тудырды. Жалпы алғанда, В.Л. Котвичтің шығармашылық мұрасының негізгі концепциясын алтай тілдерінің өз ішіндегі, сонымен қатар олардың Еуразиядағы құрылымы бөтен жүйедегі тілдермен болған кең ауқымды контактілік байланыстары туралы идеясы құрайды. Ол: «Алтайлық халықтар бір-бірімен де, көрші басқа да этникалық топтармен де тығыз қарым-қатынаста болды. Нәтижесінде олардың тілінен енген кірме элементтерді Азия және Еуропаның көптеген тілдерінен кездестіруге болады және олардың сақталу дәрежесі де әрқалай. Алтай тілдері арасындағы контакт көне заманнан бері жалғасып, үзіліссіз және үздіксіз жүрілгендіктен, зерттеушілер бұл халықтар тілінде әртүрлі тарихи кезеңдер мен дәуірлерге қатысты архаикалық белгілері бар маңызды алтайлық тілдік элементтерді таба алады» – дейді<sup>1</sup>.

В.Л.Котвич алтаистикада алғашқылардың бірі болып моңғол тілінің лексикалық және морфологиялық деңгейлерінде түркі элементтерінің көп кездесетіндігін және моңғол тілдері үшін протомоңғол тіліне жетелейтін тілдік материалдарды іріктеп алуға негіз бола алатындай, мәселен, барлық стандарт түркі тілдері үшін чуваш тілі сияқты, нақты бір тілді көрсету мүмкін еместігін айтады<sup>2</sup>.

В.Л.Котвич тұңғыс-маньчжур тілдерінде XII-XIII ғасырларға барып саятын көптеген моңғол архаикалық элементтерінің, сонымен қатар түркі сөздерінің бар екендігін дәлелдеді<sup>3</sup>. В.Л.Котвич маньчжур тілдеріне түркі тілдерінен енген сөздердің қатарына *bejle* – князь лауазымы; *durun* «сыртқы түр, сипат», *turu* «үлгі, түр», *tengin* «теңіз», *arfa* «сұлы, арпа», *bitxe* «кітап, грамота», *fijelen*

<sup>1</sup> Котвич В.Л. Исследования по алтайским языкам.- М., 1962.- С. 356.

<sup>2</sup> Котвич В.Л. Исследования по алтайским языкам.- М., 1962.- С.347.

<sup>3</sup> Котвич В.Л. Исследования по алтайским языкам. М.: Изд-во иностр.лит-ры, 1962, С. 348

«тарау, бөлім», *salu* «сақал», *toron* «шаң», *eisi* «пайда, олжа», *oswon* «аяусыз, қаһарлы, сұрапыл» сияқты сөздерді жатқызады<sup>1</sup>.

Түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур тілдері арасындағы тарихи қарым-қатынастарға тигізген территориялық көршілестіктің салдары туралы В.Л.Котвичтің пікірі төмендегідей болып келеді: «Моңғолдардың жері түркілер мен маньчжурлар мекендейтін территориялардың дәл ортасында болғандықтан, моңғол тіліне территориялық тұрғыдан екі тілдік аймақ әсер етті деуге болады. Үшеуінің біртұтас территориясы солтүстікте тұңғыстармен, оңтүстікте қытайлармен шектесіп жатады. Ал жекелеген этникалық топтардың шекаралары тұрақты болмады. Тілдер мен диалектілер арасында үнемі тығыз байланыс болды. Оның іздерін жазба ескерткіштер мен қазіргі тілдерден де байқай аламыз. Бұл бізге моңғол, тұңғыс, маньчжур тілдеріндегі түркілік кірме элементтер, түркі және моңғол тілдеріне тұңғыстың әсері туралы айтуға толық негіз бола алады»<sup>2</sup>.

В.Л.Котвичтің бұл пікірі түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур тілдері арасындағы шынайы тарихи қарым-қатынасты сипаттай алатындығымен құнды. Бұл бағыттағы зерттеулер кірмелердің негізінен, түркі тілдерінен моңғол тілдеріне, моңғол тілдерінен тұңғыс-маньчжур тілдеріне, XIII ғасырдан бастап моңғол тілдерінен түркі тілдеріне енгенін көрсетеді.

В.Л.Котвич корейлердің солтүстікте – оңтүстік тұңғыстармен, солтүстік-батыста – моңғолдармен тарихи байланыста болуы корей тіліне айтарлықтай дәрежеде тұңғыс және моңғол элементтерінің енуіне себеп болды деп санайды<sup>3</sup>. Сайып келгенде В.Л.Котвичтің алтай тілдерінің, кеңірек айтқанда, орал-алтай тілдерінің бірлігі жайлы пікірі екі тұжырымға негізделеді: біріншіден, түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур тілдері типологиялық өте ұқсас тілдер; екіншіден, алтай тілдері бір-бірімен көне замандардан бері жан-жақты тығыз қарым-қатынастағы тілдер.

<sup>1</sup> Kotwicz W. Les elements turcs dans la langue mandchoue // Rocznik Orientalistyczny. – Lwow, 1939. – 38 p. (CO, № 16). 93

<sup>2</sup> Котвич В.Л. Исследования по алтайским языкам. -М.,1962. – С. 348.

<sup>3</sup> Котвич В.Л. Исследования по алтайским языкам. М., 1962. – С. 353.

В.Л.Котвичтің көзқарастары алтаистика саласындағы тыңғылықты зерттеулер үшін аса маңызды әдістемелік сипатқа ие болды. Оның жарты ғасыр бұрын айтып кеткен пікірлері түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур тілдерін зерттеудегі типологиялық бағыттың теориялық- методологиялық тұғырына алынды.

Алтай тіл бірлестігін құрайтын тілдердегі типологиялық ұқсастықты бағалаудағы ғалымдардың пікірі негізінен бірдей түсіп жатады. Типологиялық тұрғыдан алтай тілдерінде мынадай ұқсастықтар орын алады: сингармонизм (дауысты және дауыссыз дыбыстардың үйлесімділігі); сөз басында дауыссыздардың қатар келмеуі; көп жағдайда түбірдің өзгеріссіз қалуы; сингармониялық жарыспа нұсқалардың болуы; сөз тудыру және сөз түрлендіру кезінде жалғамалық тәсілдің басым болуы; атау септіктің көп мағыналық қасиеті; род категориясының айқын көрсеткіштерінің болмауы; тәуелдік категориясының болуы; септеулік категориясының аксиалдық сипаты; көптік (жинақтау) мағынасын жекеше тұлға арқылы беру; сұраулық, септеулік шылаулардың болуы; бағыныңқы элементтің негізгі сөздің алдында тұруы; табыс септігіндегі белгілі объектінің тұлғалануы; анықтауыш қызметінде сын есім, сан есімдер келгенде қиысудың болмауы; есімше, көсемше құрылымдары арқылы сабақтасқан сөйлемдердің бағыныңқы түрлерінің болуы<sup>1</sup>. Бұл типологиялық ұқсастықтарды алтайлық ата тілге, яғни жалпыалтайлық тектілге тән типологиялық қасиеттердің тарихи жалғасы деп қарайтын болсақ<sup>2</sup>, «типологиялық жағынан бірдей болып келетін алтай тілдері бір тектілден тараған туыстас тілдер болуы мүмкін деген тұжырым жасауға болады»<sup>3</sup>.

<sup>1</sup> Тенишев Э.Р. Алтайские языки // Языки мира: Тюркские языки.-М., 1996. -С.8

<sup>2</sup> Серебренников Б.А. Проблема достаточности основания в гипотезах, касающихся генетического родства языков //Теоретические основы классификации языков мира. Проблемы родства. -М., 1982. – С.48.

<sup>3</sup> Тенишев Э.Р. Алтайские языки // Языки мира: Тюркские языки.-М., 1996. – С.8.

## §6. Алтаистиканың қалыптасу, даму кезеңдері:

XXз. екінші жартысындағы дәстүрлі алтаистикалық бағыттағы зерттеулер

XX ғасырдың екінші жартысында алыс шетелдерде дәстүрлі алтаистика ары қарай дамыды. Алтаистика тың фактологиялық және маңызды әдістемелік материалдармен толықтырылды. Г.Й.Рамстедт, Н.Н.Поппе, В.Котвичтің іргелі зерттеулерінің сыртында славян тілдеріне шығыс тілдерінен енген кірме элементтер жайлы К.Менгестің<sup>1</sup>, моңғол тілінің тарихи фонологиясы туралы М.Номураның<sup>2</sup>, венгр тіліндегі «алтайлық» элементтер жайлы Л.Лигетидің<sup>3</sup>, түркі және моңғол тілдеріндегі сөздің бастапқы буынындағы вокализмді нақтылауға арналған К.Томсеннің<sup>4</sup>, түркі тілдеріндегі арғыалтайлық \*р-рефлекстерін айқындауға арналған М.Рясяненнің<sup>5</sup> зерттеулері жарық көрді.

Түркі-моңғол лексикалық байланысы және түркі, моңғол тілдерінің Еуразиядағы құрылым-құрылысы бөтен бірқатар тілдердің лексикалық қорындағы үлесін анықтау бағытындағы зерттеулер үшін Г.Дерфердің «Жаңа парсыдағы түркі және моңғол элементтері» атты еңбегінің<sup>6</sup> маңызы зор болды. Г.Дерфердің алтай тілдерінің лексикологиясына арналған еңбектері<sup>7</sup> алтай тіл-

<sup>1</sup> Menges K.H. Altaic elements in the Proto-Bulgarian inscriptions // Byzantion.-Bruxelles, 1951; Bulgarische Substratfragen//Ural-Altische Jahrbucher.-Wiesbaden, 1960.

<sup>2</sup> Nomura M. Materials for the historial phonology of the Mongol Language // Memoires Research departуңғ.-маньч.ent of the Toyo Bunko (the Oriental library).-Tokyo, 1959.

<sup>3</sup> Ligeti L. A ppropos des elements «altaiques» de la langue hongroise// Acta Linguistica Akademiae Scientiarum Hungaricae.- Budapest, 1961.

<sup>4</sup> Thomsen K. Bemerkungen uber des mongolische Vokalsistem der zweiten Silbe // Sonderdruck Acta Orientalia.- 1959.-Bd.24.-Hf.1-4; Zwei turkisch-mongolische korrespondenzreihen // Aspects of Altaic Civilization.- Bloomington, 1963.- Bd.167(UAS, XXVI)

<sup>5</sup> Rasanen M. Turkische anlautendes h- als Uberbleibsel des alten \*p-// Ural-Altische Jahrbucher.-Wiesbaden, 1962

<sup>6</sup> Doerfer G. Turkische und mongolische Elemente im Neupersischen. Wiesbaden-Bd I – 1963, Bd II – 1965, Bd III – 1967.

<sup>7</sup> Doerfer G. Halaj materials. – Bloomington: Indiana Universiti Publications, 1971; Doerfer G. Mongolo-Tungusica. – Wiesbaden, 1985; Doerfer G. Turkisch and Mongolian studies.- London, 1963; Doerfer G. Zur ural – altaischen Sprachwissenschaft, 2 // Ural – altaische Jahrbucher. – Wiesbaden,1965. Bd.36. .-Hf1-2; Doerfer G. Zur Verwandtschaft der altaischen Sprachen//Zeitschrift zur Indogermanische und algemeine Sprachwissenschaft.-Berlin, 1966.-Bd. 71.-Hf1-2.



дері бойынша жалпылау сипатындағы тарихи-этимологиялық зерттеулерге көшудің алғышартын қалыптастырды.

XX ғасырдың ортасында Еуропада алтай тілдерінің басқа ірі тілдік топтармен генетикалық туыстық байланысын анықтауға ден қойылып, орал-алтай, алтай-дравид, үнді-еуропа-орал-алтай, орал-алтай-дравид т.б. байланыстары зерттеле бастады. М.Свадештің Америкадағы дене (атапак) тілі және Еуразиядағы фин-угор тілдерінің басын қосып, «дене-фин (finnodenpean) бірлестігі» деп атаған макротілдік топта орал-алтай тілдері (фин-угор, самодий, юкагир, түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур) енисей (кет, кот, арин, асан тілдері); чукот-камчат; эскалеут; вакаш; на-дене; кутенай; жапон (жапон, рукю – сюри диалектілерімен, йонамин); айн және нивх тілдерімен бірге «екіншілік» қатарды құрайтын тілдер тобы ретінде көрсетілді<sup>1</sup>.

Кеңестік лингвистикада академик Н.Я.Маррдың «тілдер туралы жаңа ілімі» үстемдік құрған XX ғасырдың 30-40 жылдары яфетидологиядан басқа барлық лингвистикалық мектептер сияқты, Н.Поппе, Б.Я.Владимирцов, Е.Д.Поливанов және олардың шәкірттері қалыптастырған ресейлік алтаистикалық мектепте өз ісін сол заманның ағымына сай уақытша тоқтатуға мәжбүр болды. Кеңес лингвистикасының осы кезеңі жайлы алтаист А.М.Щербак былай дейді: «Яфетидологиядан басқа лингвистикалық мектептер талқандалып, орыс және батыс лингвистикасының көрнекті өкілдері ұмытылды, ал ... ғылыми таластардың шешімі көп уақытқа дейін мақсатты түрде саясат саласына ауыстырылды»<sup>2</sup>.

Н.Я.Маррдың «тілдер туралы жаңа ілімі» үнді-еуропа (кеңірек алғанда – салыстырмалы-тарихи) тіл білімін «реакциялық буржуазиялық лингвистика» ретінде сынап, лингвистикалық дәстүр жалғастығын үзуге әкеп соқтырды, Н.Я.Марр «тілдер ортақ бір тектілден таралмайды және олар болашақта барлығына ортақ болатын коммунистік адамзат тіліне барып бірігуі қа-

<sup>1</sup> Swadesh M. Perspectives and problems of American comparative linguistics. – Word, 1954, № 10.

<sup>2</sup> Щербак А.М. Грамматический очерк языка тюркских текстов X-XIII вав. Из Восточного Туркестана. – М.-Л., 1961. – С.6.

жет» – деп санады. Глоттогоникалық процестердің бірлігі, тілдің қоғамдық-экономикалық формациямен сәйкес келуі, әлемнің кез келген тілінің барлық сөздерінің шығу тегінде *sal, ber, ros, ion* сияқты төрт элементтің жатуы – Н.Я.Марр мектебінің негізгі қадаттары болды.

XX ғасырдың 30-жылдарынан 1950 жылғы кеңес тіл біліміндегі әйгілі пікірталасқа дейін алтаистикадың ғылыми мәселелерін шешу бұрынғы КСРО-да мүмкін болмады. Салыстырмалы-тарихи тіл білімінің басқа салалары сияқты, алтаистика да Н.Я. Маррдың «тілдер туралы жаңа ілімі» тұрғысынан ғана емес, идеология тұрғысынан да реакциялық, псевдотарихи, расизм, ұлтшылдық, пантюркизм, панмонголизм, империалистикалық экспанция идеяларына негізделген ғылым ретінде талқыға түскен еді.

Егер XX ғасырдың 20-жылдарында кеңестік лингвистикалық әдебиеттерде «алтай тілдері» ұғымы «ең алдымен фин-угор тілдік семьясымен байланыстырылатын түркі-моңғол-маньчжур тілдері семьясы» дегенді білдірген болса, 30-жылдардың ортасында орал-алтай теориясы «панфинизм, панмонголизм және т.б. ұлттық-шовинисттік идеяларды насихаттау» үшін пайдаланылған «ескірген» түсінік ретінде бағаланды. 1950-жылдардағы лингвистикалық таластар қарсаңында кеңестік тіл мамандарына «алтай тілдері» терминін Алтай халықтарының тілдерін атау үшін ғана қолдану қажеттігі, онда да «буржуазиялық тіл білімінде орал-алтай тілдері тобына кейбір типологиялық белгілеріне негізделіп, қате біріктірілген фин-угор, самодий, түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур тілдерінің ішінен соңғы үш тіл ғана алтай тілдеріне жататыны» ескертілді<sup>1</sup>

XX ғасырдың 50 жылдарынан бастап КСРО-да салыстырмалы-тарихи тіл білімі айрықша қарқынмен дамуға бет бұрды. Кеңес Одағында компаративистиканы үнді-еуропа семьясы тілдері материалдары негізінде насихаттау басталды.

Тіл мамандары біртіндеп алтаистика саласын да қолға ала бастады. 1957 жылы КСРО Ғылым Академиясы тіл білімі Инсти-

<sup>1</sup> Суник О.П. Проблема общности алтайских языков // Проблема общности алтайских языков.-Л., 1971. – С. 7.

тутында алтай тілдері секторының ұйымдастырылуы алтай тілдерін салыстырмалы-тарихи зерттеуге мүмкіндік берді. Алтай тілдері секторын атақты түркітанушы С.Е. Малов басқарды.

Алтаистика секторында бірқатар түркі, тұңғыс-маньчжур тілдерін зерттеу қолға алынып, тұңғыс-маньчжур тілдерін басқа да алтай тілдерімен салыстырмалы-тарихи және салыстырмалы-салғастырмалы тұрғыдан зерттеудің жекелеген мәселелері қарастырыла бастады. Агглютинация, флекция, сөздің морфологиялық құрылымы, сөз таптары, т.б. мәселелерді құрылымдық-типологиялық зерттеу міндеті алға қойылды.

Кеңес Одағында 50-жылдардың ортасында алтаистиканың дамуы үшін қажет деп табылған шетел зерттеушілерінің ең маңызды еңбектері, атап айтқанда, Г.Й.Рамстедт, В.Котвич, М.Рясянен зерттеулері орыс тілінде жарық көрді. Оларға алтай теориясының шығуы мен дамуы жайлы біршама толық мәлімет берілген Н.А.Баскаков пен Г.Д.Санжеевтің алғысөздері мен түсініктемелері берілді.

XX ғасырдың 70 жылдарына дейін алтаистика орталық ғана емес, аймақтық ғылыми-зерттеу мекемелерінде, түркітілдес республикалардың жоғарғы оқу орындарында назарға алынбады. Көрнекті алтаист ғаламдар тарапынан ұсынылған түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур және т.б. тілдердің туыстастығы туралы постулаттың толықтай дәлелденбеуі алтайлық тілдері арасындағы материалдық ұқсастықтың табиғатын осы тілдердің өзара әсер-ықпалымен түсіндіруге немесе туыстықты жоққа шығаруға себеп болды, алтайтанымдық бағыттағы зерттеулердің қажеттілігіне күмән келтірушілер де, тіптен қарсы шыққандар да болды. Кеңес Одағындағы сан жүздеген ЖОО арасынан тек Башқұрт мемлекеттік университетінің профессоры Дж.Г.Киекбаевтың орал-алтай тіл біліміне қатысты зерттеулері<sup>1</sup> негізінде филология факультетінің студенттері үшін арнайы бағдарламаның жасалуы, дәрістер оқуылуы алтаистика саласындағы ерекше қадам еді.

<sup>1</sup> *Киекбаев Дж.* Введение в Урало-Алтайское языкознание.-Уфа, 1972; *Киекбаев Дж.* К вопросу о родстве урало-алтайских языков // Некоторые вопросы урало-алтайского языкознания. -Уфа, 1970. С.4-22.

Дейтұрғанмен XX ғасырдың 50 жылдарынан бастап Кеңес Одағында салыстырмалы-тарихи алтаистиканың айрықша қарқынмен, сапалық жаңа деңгейде дамуына толықтай негіз бар еді. Себебі 30-50-жылдар аралығында көптеген түркі және моңғол тілдерінің екі тілдік, түсіндірме, диалектологиялық, т.б. сөздіктері жарық көрді; түркі және моңғол тілдері бойынша жазба ескерткіштер біршама зерттеліп, оларға арналған глоссарийлер мен филологиялық зерттеулер жарияланды. Жинақталған аса ауқымды фактологиялық базаның көмегімен XX ғасырдың ортасына таман жалпы алтай тілдерін және олардың жекелеген классификациялық топтарын салыстырмалы-тарихи зерттеудің жаңа кезеңі басталды.

Осылайша алтаистика XX ғасырдың екінші жартысында салыстырмалы-тарихи тіл білімінің іргелі саласы ретінде әлемдік деңгейде қайтадан іргесін нықтай бастады. Алтай тілдерінің сөз қорын лексика-тематикалық топтар бойынша салыстырмалы-тарихи аспектіде қарастыру барысында түркі және моңғол лексикасының ең көне қабаттарын айқындау, ареалдық ортақтықты белгілеу, сөздердің семантикалық өзара тәуелді байланыстарын және сөз мағынасындағы тарихи өзгерістердің белгілі бір үдерістерін айқындау міндеттері қойылды. Мәселен, 1969 жылы VII-XIII ғасырдағы түркі жазба ескерткіштері мәтіндерінен теріліп алынған лексиканың ең толық жинағы саналатын «Көнетүркі сөздігі» жарық көрді. Аталған сөздікте көптеген лексикалық кірме элементтердің шығу тегі жайлы мәлімет берілетіндіктен, сөздікті этимологиялық түсініктемесі бар екітілді сөздік – анықтамалық деп қабылдауға болады. Ең маңыздысы – сөздікте таза түркі лексикасының молынан қамтылуы және моңғол тілінен енген кірме сөздер көлемінің аздығы. Демек «Көне түркі сөздігіндегі» мәліметтерге сүйене отырып, XIII ғасырдан кейінгі кезеңдерде түркі тілдеріне моңғол тілінен енген кірме элементтерді байырғы түркі сөздерінен ажыратып алуға болады.

Түркі лексикасының сол кезеңдердегі хронологиялық қабатын Дж.Клоусонның «XIII ғасырға дейінгі түркі тілінің этимологиялық сөздігі»<sup>1</sup> де қамтиды. Бұл сөздік құрылу әдісі мен әрбір сөзге берілетін сөздік топтаманың құрылымы тұрғысынан алғанда тарихи

<sup>1</sup> Clouston G. An Etymological Dictionary of Pre-Thirteenth Century Turkish. – Oxford, 1972.

болып табылады. Әр лексема, оның мағынасы және қолданылуы бірқатар ескерткіштерден теріліп алынған иллюстративтік материалдармен дәйектеледі, алғашқы дереккөздерден келтірілген сілтемелер қатаң хронологиялық тәртіппен беріледі. Дж.Клоусонның «Этимологиялық сөздігі» түркі тілдеріндегі монголизмдерді анықтауда өте маңызды лексикографиялық дереккөз саналады.

1969 жылы Финляндияда М.Рясяненнің «Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігі тәжірибесінен» атты еңбегі жарық көрді. Сөздіктің түркі бөліміндегі репрезентативті эмпирикалық материалдардың негізіне В.В.Радлов сөздігіндегі<sup>1</sup> лексика алынады. Сөздік автордың дәстүрлі алтай (орал-алтай) теориясын жақтайтынын танытады. М.Рясянен әрбір бас сөзге берілетін топтаманың соңында басқа да алтай тілдерімен қатар, фин-угор тілдерінен де сәйкестіктер келтіреді, сонымен қатар кірме сөздерді де атап көрсетіп отырады (моңғол, фин-угор, славян тілдеріндегі түркі; түркі тілдеріндегі моңғол, т.б. кірмелер).

Сөздіктегі бас сөз топтамасы жаңғыртылған түркілік тектілік формалармен басталады. Фонетикалық реконструкцияның бірізділігі М.Рясяненнің арғытүркі (түркілік тектілік) фонетикалық жүйесінің жалпы сипатына деген өзіндік көзқарасын көрсетеді<sup>2</sup>. М.Рясянен түркі сөздерінің морфологиялық құрылымын жаңғыртуда сөзді түбір мен аффиксалдық морфемаға бөлгенімен оларды еш қырынан түсіндірілмейді. Сол сияқты сөздікте мағыналық байланыстар мен өзгерістерді түсіндіретін семантикалық комментарийлар да берілмейді. Әйтседе, кей жағдайда М.Рясянен типтік семантикалық байланыстар мен ауысуларды ескереді, басқа тілдердегі мағыналық дамуларды сәтті қолданады. Сөздіктегі лексикалық материал ауқымының шектеулігіне, лакундардың көптігіне қарамастан, М.Рясяненнің бұл еңбегі түркі-моңғол тілдік байланысы мәселесімен айналысатын зерттеушілер үшін лексикографиялық сипаттағы аса маңызды дереккөз болып табылады. М.Рясяненнің сөздігі түркі тілдерінің салыстырмалы фонетикасы мен морфологиясы бойынша оның алдыңғы еңбектерінің заңды жалғасы болып саналады. Сөздікте моңғол, тұңғыс-маньчжур тіл-

<sup>1</sup> Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. СПб., 1893-1911.

<sup>2</sup> Räsänen M. Materialien zur Lautgeschichte der turkischen Sprachen.-Helsinki, 1949. (SO,XV).-249 S. /Пер. на русс. яз. 1955.

деріндегі тюркизмдер, түркі тілдеріндегі моңғол кірмелері, түркі тілдеріндегі өзара кірме элементтер мәселесіне басты назар аударылады. Сондықтан да көп жағдайда түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур және басқа да тілдер арасындағы шынайы қарым-қатынасты анықтауда зерттеушілер М.Рясянен жүйеге келтірген алтайлық параллельдерге жүгінеді.

XX ғасырдың 70-80-жылдары алтаистикада көптеген теориялық және әдістемелік мәселелердің шешілмегеніне қарамастан, түркі тілдерінің басқа да алтай және ностратикалық тілдермен байланысы мәселесіне арналған, сондай-ақ корей және жапон тілдерінің алтай семьясында алатын орнына қатысты зерттеулер қарқында жүргізіледі. «Алтай тіл бірлестігі мәселесі» (Л., 1971), «Алтай тілдерінің салыстырмалы лексикологиясы бойынша очерктер» (Л., 1972); «Алтай тілдерінің салыстырмалы морфологиясы бойынша очерктер» (Л., 1978), «Алтай тілдерінің этимологиясы саласындағы зерттеулер» (Л., 1979), «Алтай тілдері бойынша этимологиялар» (Л., 1984) сияқты зерттеулер топтамалары ленинградтық алтаистика мектебінің дәстүрлі алтаистика саласына қосқан аса зор үлестері саналтын болса, осы қатарды В.И.Цинциустың басшылығымен құрастырылған «Тұңғыс-маньчжур тілдерінің салыстырмалы сөздігі» (Л., 1975-1977), көптеген алтайтанымдық салғастыруларды қамтыған, сондай-ақ лексикалық материалдың іргелі ақпары болып табылатын Э.В.Севортянның жетекшілігімен 1974 жылы басталған 7 томдық «Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігі»<sup>1</sup> толықтыра түседі.

<sup>1</sup> Севортян, Э.В. Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на гласные / АН СССР. Институт языкознания.- М.: Наука, 1974.-768стр; Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на букву»Б» /АН СССР.Ин-т языкознания.-М.:Наука,1978.-349стр.; Севортян, Э.В. Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на букву»В»,»Г» и «Д»/ АН СССР.Ин-т языкознания; Ред.Н.З.Гаджиева.-М.:Наука,1980.-395стр. Севортян Э. В.,ЛевитскаяЛ. С. Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на буквы «Ж»,», «Ж», «Й» / Авт. сл. статей Э. В. Севортян, Л. С. Левитская. – М., 1989; Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на буквы «К», «Қ» / Авт. сл. статей Л. С. Левитская, А. В. Дыбо, В. И. Рассадин. -М., 1997; Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на букву «Қ» / Авт. сл. статей Л. С. Левитская, А. В. Дыбо, В. И. Рассадин. -М., 2000; Этимологический словарь тюркских языков. Общетюркские и межтюркские основы на буквы «Л», «М», «Н», «П», «С» – М.: Восточная литература РАН, 2003. – 446стр.

XX ғасырдың 70-80 жылдары кеңестік алтаистика ғылымында түркі тілдерін моңғол, тұңғыс-маньчжур тілдерімен салыстырмалы-тарихи және салыстырмалы-салғастырмалы аспектіде қарастырып, ортодоксалдық алтаистикалық мектептің дәстүрін жалғастырған іргелі зерттеулер де көптеп жарық көрді. Осы жылдары кеңестік алтаистика ғылымында жапон және корей тілдерінің өзге де алтай тілдерімен байланысын зерттеу проблемасы жолға қойылып, түркі-жапон, корей-түркі тілдік байланысы салыстырмалы-тарихи зерттеулердің арнайы нысанына алына бастады<sup>1</sup>.

Қорыта айтқанда, XX ғасырдың екінші жартысында ортодоксалдық алтаистиканың басты постулаттарына сүйене отырып, оларды одан заман талабына сай одан әрі жетілдіру, жаңарту мүддесі көзделетін бағытты ұстанушылар алтаистиканың сан алуан проблемаларының әртүрлі аспектілерін тұтастай қамтуға ұмтылды. Тілдердің генетикалық туыстығы, типологиялық ұқсастығы және тілдердің дамуы барысында «туыстай болып кірігуі» сияқты түсініктерді біріктіруге талпыныс жасалды.

Алтаистикада алтай тіл бірлестігінің құрамын басқа тілдер мен семьялар есебінен кеңейтуге деген үрдіс алып, алтай тілдерін ностратикалық макросемья құрамында зерттеуге ден қойылды (Иллич-Свитыч, А.Б.Долгопольский, В.А.Дыбо). Мұнда зерттеушілердің бір тобы алтай тілдерін генетикалық туыс тілдер тобы ретінде қарастырса, келесі топ олардың алтайлық деңгейіндегі туыстық байланысына соншалықты маңыздылық дарытпай-ақ, жекелеген тілдік топтар (түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур) мен жеке тілдерді (корей, жапон) ностратикалық тілдер қатарына қосты.

Алтай тілдерін кейінгі дәуірлердегі стандартты кірме элементтерден тазартып барып, айталық, моңғол тілдеріндегі түркі

<sup>1</sup> Сыромятников Н.А. О лексике общей у японского с индонезийском и тагальскими языками// Вопросы японской филологии. Вып.1. -М., 1970; Азербайев Э.Г. Некоторые вопросы японско-тюркских языковых связей// Изв. АН Каз ССР. Серия филол., 1974.- №4; Азербайев Э.Г. Вопросы тюрко-японских языковых связей (Фонетико-лексическое исследование)/ ав- тореф. дисс. ... канд. филол. наук.-Алма-Ата, 1975; Азербайев Э.Г. О фонемном составе древнеяпонского, чувашского языков и языка тюркских рунических памятников // Советская тюркология.-Баку, 1983.- №1; Старостин С.А. Алтайская проблема и происхождение японского языка. – М., 1991 және т.б.

элементтерін және түркі тілдеріндегі монголизмдерді толықтай ажыратып алған соң, моңғол тіліндегі ежелгі бұлғар кірмелерінің, сол сияқты тұңғыс-маньчжур тілдеріндегі моңғол кірмелерінің ар жағында жатқан гемуиндік арғыалтай сөздерінің статусын сақтай отырып, дәстүрлі алтаистикады жетілдіруге назар аударылды. Сондай-ақ «алтай гипотезасын» глоттохронология мен лексикостатистиканың әдіс-тәсілдері арқылы тексеруге, қайта қарауға да айрықша мән беріле бастады.<sup>1</sup> Алтай тілдері арасындағы анықталған барлық сәйкестіктерді лингвистикалық сүзгіден өткізіп, алтай тілдерінің өз ішіндегі бірінен-біріне өткен ауыс-түйістерді және сырттан енген кірмелерді, кездейсоқ сәйкестіктерді алып тастап, алтай гипотезасының шынайылығын «таза материал негізінде» тектеп-тексеру ісі зерттеудің күн тәртібіне қойылды.

Алтаист ғалымдардың енді бір тобы үшін алтай тілдерінің негізгі топтары арасындағы генетикалық туыстық мәселесі осы тілдердің салыстырмалы-тарихи грамматикасы мен лексикологиясын жасау тәжірибесі арқылы дәлелденетін талассыз факт тұрғысынан дәйектелді<sup>2</sup>.

Алтай семьясын құрайтын тілдік топтардың әрқайсысының өз ішіндегі жақын туыстық мәселесімен айналысып, белгілі бір дәрежеде салыстырмалы-тарихи алтай тіл біліміне өз үлестерін қосып келе жатқан бірқатар зерттеушілер алтай тілдерінің туыстығы туралы ортодоксалдық алтаистикадың басты постулатын дәлелдеу жолындағы ізденістерді тоқтатпау қажеттігін алға тартты. Олар үшін алтаистика бағытындағы іргелі зерттеулер – түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур т.б. жеке-жеке тілдік топтарды құрайтын әртүрлі тілдердің қалыптасу, даму тарихын бағамдайтын салыстырмалы-тарихи зерттеулердің жан-жақтылығы мен тереңдігін жүзеге асырудың ғылыми-методологиялық тетігі са-

<sup>1</sup> Клаусон Дж. Лексикостатистическая оценка алтайской теории // Вопросы языкознания. – М., 1969. – № 5. С. 22-41.; Лузетти Л. Алтайская теория и лексикостатистика // Вопросы языкознания. – М., 1971. – № 3. – С. 21-23.

<sup>2</sup> Старостин С.А. Алтайская проблема и происхождение японского языка. – М.: Наука, 1991, С. 25-63; Starostin S., Dybo F., Mudrak O. Etymological Dictionary of the Altaic Languages. Leiden; Boston: Brill, 2003. – Vol. 1. – P. 858. (A-K); Vol. 2. – P. 859-1556. (L-Z); Vol. 3. – P. 1557-2096. (Indices). 230-236.



налды. Олар «дәстүрлі алтаистиканы» жоққа шығару – түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур тілдерінің әрқайсысының құрылымдық дамуындағы ортақ және өзіндік заңдылықтардың тереңдігін ескере бермейтін, тек алтай тілдерінің дыбыстық және грамматикалық құрылымдары бойынша бұрындары анықталған шаблондарға негізделетін жай сипаттауларды көбейтіп, дағдарысқа жетелейді деп білді<sup>1</sup>.

### §7. Алтаистиканың қалыптасу, даму кезеңдері:

*дәстүрлі алтаистикадағы дағдарыс және антиалтаистикалық бағыттың қалыптасуы*

Алтаистиканың қалыптасу тарихында «Алтай гипотезасының» пайда болуы және теориялық тұрғыдан дамуымен қатар, оның шынайылығына күмән келтіріп, ғылыми тұрғыдағы дәйектелуінің жеткіліксіздігі жайлы көзқарастар да орын алды.

XX ғасырдың алғашқы жартысында жарық көрген ғылыми әдебиеттерде алтай тілдерінің генетикалық туыстығы жайлы көзқарас талассыз ақиқат сияқты қабылданып, ал бұған қарама-қарсы көзқарастағы ғалымдар тарапынан бұл теорияның дәлелденбегені және тек гипотеза күйінде қалып отырғанын дәлелдейтін іргелі зерттеулер емес, тек ескерту сипатындағы (В. Банг, Ю. Немет т.б.) пікірлер орын алып келді. Ал XX ғасырдың екінші жартысынан бастап алтай тілдері арасындағы байланыстың табиғатын типологиялық ұқсастықтармен немесе осы тілдердің тарихи ұзақ мерзімге созылған өзара қарым-қатынасымен, яғни тілдераралық ауыс-түйіспен түсіндіруге талпынған зерттеулер жарық көре бастады. Мұнда дәстүрлі алтаистика бағытындағы зерттеулерге қатысты «алтайлық тектілдің құрылымдық элементтерін қайта жаңғырту, қалпына келтіруде нақтылық пен жүйелілік орын алмаған» деген сыни пікірлер айтылып, анықталған лексикалық сәйкестіктерді, арғыалтайлық тұлғаларды қайта қарау және верификациялау мәселелері көтерілді. Мәселен, Г.Дерфер

<sup>1</sup> Суник О.П. К актуальным проблемам алтаистики // Вопросы языкознания. – М., 1976, № 1, с. 29-30.

Г.Й.Рамстедттің «Қалмақша сөздігінде» (1935) орын алған көптеген сәйкестіктердің дәйектемелік негізіне күмән келтіреді, өзінің алдын ала санауы бойынша дәлелі жеткіліксіз сәйкестіктер саны сөздікте 90%-ды құрайды деп біледі<sup>1</sup>. Й.Бенцинг түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур тілдерінің туыстығы мәселесі аталған әр топ ішіндегі тілдер толық зерттеліп, олардың ерекшеліктері мен ұқсастықтары анықталмай тұрып, өз шешімін таппайды дегенді айтады<sup>2</sup>.

XXғ. екінші жартысында дәстүрлі алтаистика бағытындағы зерттеулерге өзінше қорытынды жасай келіп, моңғолтанушы К.Р.Боуден: «алтай тілдерінің генетикалық туыстастығы дәлелденбеген және ғалымдардың көбі оны пайдалы гипотеза ретінде де қарастырмайды» дегенді айтады<sup>3</sup>.

Д.Синор, Й.Бенцинг, Дж.Клоусон, Г.Д.Санжеев, А.М.Щербак т.б. ғалымдар өз зерттеулерінде алтай гипотезасының шынайлығына күмән келтіреді. Олардың қайсы біреулері алтай гипотезасын жаңа әдістер арқылы тектеп тексеруді, алтай тілдеріндегі ұқсастықтармен қатар ерекшеліктерді де түсіндіретін жаңа амалдарды іздестіру қажеттігін ұсынса, ал кейбірі алтай теориясының әрі қарай дамытудың еш нәтижесіз екенін алға тартады. Мәселен, Д.Синор дәстүрлі алтаистиканың басында тұрған көрнекті ғалымдардың өзі алтай тілдерінің генетикалық туыстығын толық дәлелдей алмаса, мұның өзі сол тезистің о бастан-ақ белгілі бір дәрежеде бұрыс екенін білдіреді дегенді айтады<sup>4</sup>. Ал А.М.Щербак: «Алтаистика тарихында түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур, корей, жапон тілдерінің генетикалық туыстығы мәселесін шешудің көптеген тың да қызықты, өзгелерге ұқсамайтын жолдары қарастырылғанымен, олардың қай-қайсысы да күдік туғызарлық сызбалар мен гипотезалар құрастырумен немесе ал-

<sup>1</sup> Doerfer G. *Turkisch and Mongolian studies.*-London, 1963.- S. 80

<sup>2</sup> Benzing J. *Remarques sur les langues tounghouses et leurs relations avec les autres langues dites "altaïques" // Ural-Altäische Jahrbucher.* – Wiesbaden, 1953. – Vol. XXV. № 1-2. – P. 4.

<sup>3</sup> Bawden C.R. Jean-Paul Roux: <i>La mort chez les peuples altaïques anciens et médiévaux d</i> après les documents écrits.</i>. 215 pp: Paris: Adrien-Maisonneuve, 1963. Fr. 20.. *Bulletin of the School of Oriental and African Studies*, 28, pp 180-181.

<sup>4</sup> Sinor D. *Introduction a l' etude de l' Eurasie Centrale.* – Wiesbaden, 1963, 144.

тай тілдері туыстас немесе туыс емес деп кесіп айтудың мүмкін еместігін мойындаумен аяқталды»<sup>1</sup> – дейді.

XX ғасырдың екінші жартысында дәстүрлі алтаистиканың дағдарысқа ұшырауы түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур тілдерінің генетикалық туыстығы туралы постулатты дәлелдеудегі дәйектемелік тұғырдың әлсіздігімен түсіндіріледі. Алтай гипотезасының нақты дәлелденбеуінің мынадай екі себебі көрсетіледі: алтай тілдерінің немесе оның негізгі топтары ортақ тектілден таралмайды, яғни олар әу бастан-ақ туыс емес; немесе керісінше, олар туыс тілдер, алайда олардың қазіргі (немесе біршама көне) кескін-келбеті әрқайсысының өзді-өздеріне ғана тән және біркелкі емес эволюцияның нәтижесі болып табылады. Сондықтан да алтай тілдерінің туыстығын үнді-еуропа, фин-угор және т.б. компартивистикадағы амалдар мен тәсілдер, модельдер мен әдістер арқылы дәлелдеу мүмкін емес, алтай тіл бірлестігін негіздеудің өзгеше жолдарын, тың амал-тәсілдерін іздестіруге тура келеді. «Егер «алтай тілдері» аталатын тілдер шынында да туыс болатын болса, олардың туыстығы иррегулярлы (жалпы ережеге бағынбайтын) жолмен дәлелденуі тиіс, себебі осы тілдердің дамуы да иррегулярлы болды; тек осы амал арқылы ғана өте күрделі де қиын мәселе – тілдер туыстастығы айқындалады»<sup>2</sup> – дейді Л. Лигети.

Осылайша XX ғасырдың екінші жартысында алтай тілдерінің туыстығы жайлы ертеден келе жатқан мәселе қызу пікірталасқа ұласып, дәстүрлі компаративистік алтаистика бағытымен қатарласа, алтай тілдерінің генетикалық туыстығы постулатына қарсы антиалтаистикалық бағыт қалыптасты. Бұл бағыт өкілдері түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур тілдерінің тарихи қарым-қатынастарының маңыздылығын, сондай-ақ осы тілдердің құрылым-құрылысының барлық деңгейлерінде (фонетика, морфология, синтаксис, лексика) орын алатын материалдық ұқсастықтарға ғана

<sup>1</sup> Щербак А.М. О методике исследования языковых параллелей (в связи с алтайской гипотезой) // Труды XXV Международного конгресса востоковедов. М., 1960. – М., 1963. – Т. III, 152.

<sup>2</sup> Лигети Л. Алтайская теория и лексикостатистка // Вопросы языкознания. - М., 1971. № 3. - С. 31.

емес, сонымен қатар, өзгешіліктерге, өзіндік ерекшеліктерге де назар аударудың қажеттілігін атап көрсетті<sup>1</sup>.

Алтайтанымдық ғылыми ортадағы пікірталастар 1956 жылы Дж. Клоусонның ортодоксалдық алтай теориясының бірқатар қарама-қайшылықтарын атап көрсеткен «Алтай теориясына қарсы дәлелдер» атты көлемі шағын, полемикалық мақаласы жарық көрген соң қыза түсті. Бұл мақаласында Дж.Клоусон алтайлық ортақтыққа байланысты өз көзқарасын білдіреді. Ол алтай тіл бірлестігін генетикалық туыс тілдер семьясы емес, ұзаққа созылған өзара өте тығыз қарым-қатынас нәтижесінде қалыптасқан әртүрлі тілдік топтардың одағы деп таниды<sup>2</sup>. Осыдан кейін алтай тілдерін зерттеушілердің бір тобы Г.Й.Рамстедттің ортодоксалдық алтай теориясын жақтады, келесі топ Л.Лигети, Й.Бенцинг сияқты алтай теориясына қарсы көзқарастағы ғалымдар пікіріне қосылып, алтай теориясының мәні мен оның нақты қағидаттарын талқыға салған ғылыми мақалалары мен монографияларын жариялады. ХХ ғасырдың орта тұсынан басталған ортодоксалдық бағытты жақтаушы алтаистикашылар мен антиалтаистер арасындағы дау біресе күшейіп, кейде толастап бүгінгі күнге дейін жетіп отыр.

Дж.Клоусон, А.Рона-Таш, Г.Дерфер, А.М.Щербак т.б. антиалтаистикалық бағыт өкілдері бір жағынан – түркі және моңғол тілдері арасындағы, екінші жағынан – моңғол және тұңғыс-маньчжур тілдері арасындағы материалдық ұқсастықты алтай макро-семьясына бірігетін тілдер арасындағы ұзақ та қарқынды қарым-

<sup>1</sup> Щербак А.М. О методике исследования языковых параллелей (в связи с алтайской гипотезой) // Труды XXV Международного конгресса востоковедов. – М., 1960 – М., 1963. – Т. III; Щербак А.М. О характере лексических взаимосвязей тюркских, монгольских и тунгусо-маньчжурских языков // Вопросы языкознания. – М., 1966.-№3; Щербак А.М. О причинах структурно-фонетических расхождений в тюрко-монгольских лексических параллелях // Исследование по восточной филологии: К 75-летию проф. Г.Д.Санжеева.-М., 1974.- С.340-348; Щербак А.М. Рец. на книгу: Doerfer G. Mongolo-Tungusica. Wiesbaden, 1989. – 307 s. // Вопросы языкознания. – М., 1989. № 6; Щербак А.М. Тюрко-монгольские языковые связи (К проблеме взаимодействия и смешения языков) // Вопросы языкознания.- М., 1986; Щербак А.М. Ранние тюрко-монгольские языковые связи (VIII-XIV).- Санкт-Петербург, 1977; Щербак А.М. О тюрко-монгольско-тунгусских связях в морфологии // Народы Азии и Африки.-М., 1968.-№1.

<sup>2</sup> Clauson G. A note on Qopdan // Journal of the Royal Asiatic Society. – London, 1956. – P. 181-187.

қатынастың нәтижесі, өзара әсердің салдары тұрғысынан дәлелдейді. Олар ортодоксалдық алтаистикалық бағытты ұстанған ғалымдардың жалпыалтайлық архитұлғалар деп көрсеткен кейбір тілдік формалары, шындап келгенде, алтайлық халықтардың өте ерте кездердегі қарым-қатынасына барып саятын, бірінен-біріне қайталана енген кірме элементтер екенін айтады. Осыдан келіп алтаистикада «өте ерте, ежелгі, көне және кейінгі кезеңдердегі өзара кірмелікті, ауыс-түйісті алдын ала толық анықтап алмай тұрып, арғыалтайлық тұлғаларды реконструкциялау ғылыми тұрғыдан дұрыс емес» деген көзқарас қалыптасты.

Бұл проблематикада ортодоксалдық алтаистикалық және антиалтаистикалық бағыт өкілдерінің қай-қайсысы да айрықша мән беретін түркі және моңғол тілдері арасындағы өзара тығыз қарым-қатынас мәселесі өзекті саналады, тіптен алтай тілдері тобының зерттелу тарихы түркі-моңғол тілдік байланысының зерттелу тарихымен астасып жатады десе де болады. Өйткені Ф.И.Страленберг, М.Мюллер, В.Шотт, Р.Раск, М.А.Кастрен, Ф.Е.Видеман, Г.Ю.Клапрот зерттеулерінен бастау алып, И.Рамстедт, Н.Поппе, Б.Я.Владимирцов тәрізді классикалық алтаистиканың негізін қалаған ғалымдардың еңбектерінде одан ары жалғастық тапқан түркі-моңғол тілдік байланысы алтай тіл бірлестігінің табиғатын анықтаудың дәйектемелік тұғырына алынатын, алтай тілдерінің зерттелу тарихының тіндік өзегін құрайтын ең басты мәселе болып табылады.

Дж.Клоусон өз зерттеулерінде «ертетүркі кірмелері жалпы-моңғолдық тектілге түркі және моңғол тайпаларының ұзаққа созылған қарым-қатынасының (IV-V ғасырлардан бастау алатын) нәтижесінде енді және сол кездердегі түркілердің мәдени дамуы моңғолдарға қарағанда бір саты жоғары тұрғандықтан, моңғолдар түркілерден сөздерді көбірек қабылдады» – деп көреді<sup>1</sup>. Моңғол тілдеріндегі түркі лексикалық кірмелерін түркі және моңғол тайпаларының өте тығыз қарым қатынасқа түскен дәуірлеріне қатысты Дж.Клоусон үш қабатқа бөліп қарастырады: 1)

<sup>1</sup> Clouston G. The earliest Turkish loan words in Mongolian // CAJ. 1959. IV, 3; Clouston G. A note on Qopdan // Journal of the Royal Asiatic Society. – London, 1956; Clouston G. Turkish and Mongolian Studies. – London, 1962.

б.д. VIII ғ. қалыптасқан түркілік қабат; 2 ) VIII-XII ғасырлар аралығындағы енген түркізмдер; 3) XII-XIII ғасырларда пайда болған түркізмдер. Дж.Клоусон моңғол тілдеріне үш түрлі тарихи дәуірлерде енген түркізмдер бір-бірінен кейбір ерекшеліктер арқылы ажыратылатынын айтады.

Дж.Клоусон моңғолтілді тайпаларға қытай деректерінен белгілі шивэй, ювэнь, си (татап), цитань (кидандар) тайпаларын жатқыза отырып, ең ерте қабатты құрайтын түркізмдер көне моңғолдар тіліне (сонымен қатар, кидан немесе басқа да моңғол тайпалары тілдеріне) Солтүстік Вэй династиясының (б.з. 386-535 жж.) негізін қалаған *табгач~тавгач* (қыт. *топа*) тайпасының тілінен енген деп болжайды. Мұнда Дж. Клоусон қазіргі чуваштардың *чэваш* этникалық атауын көнетүркілік *табгач~тавгач* тайпалық атауымен теңдестіргісі келеді.

Бұл жерде *тоба* тайпасы жайлы қысқаша мәлімет беретін болсақ, б.д. I ғасырында қытай жылнамаларында *тоба* халқы деп аталған, сяньбий халықтарының оңтүстік тарамының тайпалық одағының бірі қазіргі Қытайдың солтүстік-шығысында орналасқан ежелгі қоныстарын тастап, Сары өзеннің (Хуанхе) солтүстік иреңіне көшеді де, сол кездегі Орталық мемлекеттің, яғни, қазіргі Қытайдың алдымен солтүстік-батысын, кейіннен солтүстік бөлігін жаулап алады. Қытай әкімшілік өнерін тез арада үйреніп алған тоба аз уақыттың ішінде күшті мемлекетке айналады. Тоба-Вэй (б.з. 388-550 жж.) династиясы, Қытайдың басқа да соңғы «варварлық династиялары» буддизмнің таралуын барлық жағынан қолдап отырды. В.Эберхард «Солтүстік Қытайдағы Тоба мемлекеті» атты зерттеуінде «тоба – аралас түркі-моңғол тайпалары» деп көрсетеді<sup>1</sup>. Жалпы ғылыми ортадағы кең таралған пікір бойынша, тобалар түркітілдес тайпа деп саналады. Олардың Қытай иероглифтік транскрипциясында сақталған лексикасына қарап, Базин олардың түркілік негізін<sup>2</sup>, ал П.Пелио тобаның «түркі немесе моңғол» болғанын айтады<sup>3</sup>. Әйтседе ие-

<sup>1</sup> Eberhard W. Das Toba-Reich Nord Chinas. – Leiden, 1949. – P. 252.

<sup>2</sup> Bazin L Recherches sur les Parlers T» o-па // TP 2, ser. 39 (1950), -P. 228-329

<sup>3</sup> Pelliot P. Sur yam ou jam «relais postal» // T» oung Pao. – Leiden, 1930. – Vol. 27. – No 2-3. – P. 195.

роглифтік транскрипциясында сақталған лексика арасында таза түркілік негізде түсіндірілетіндері де, түркі-моңғолға ортақ сөздер де, моңғол тілі материалдары негізінде айқындалатындары да кездеседі<sup>1</sup>.

Қытай жазба дереккөздері тобалардың төл жазуы және әдебиеті болғанын мәлімдейді. Алайда, кітап аттарының қытайша аудармаларынан басқа тоба жазба мұралары бізге жетпеді. Кейбір зерттеушілер *тоба* тайпалық одағы құрамында түркі және моңғол этникалық топтары өмір сүргенін, ал мемлекеттік тіл көнемоңғол тілінің «сяньбий диалектісі» болғанын айтады<sup>2</sup>.

Өз тұсында Қытайдың солтүстіктегі көшпелілерге қарсы қалқаны болған Тоба-Вэй мемлекеті құлаған соң, б.з. VI ғасырында тобалықтар толығымен қытайланады. Ал көне түркі орхон ескерткіштерінде *tabuac* атауымен белгілі *тоба* этнонимі VIII ғасырда Қытай және қытайлар дегенді білдіреді<sup>3</sup>.

Дж.Клоусон қытай дереккөздерінде кездесетін сяньби, мужун, ухуань, т.б. түркі тайпалары тілінен тобалықтардың тілі біршама айырмашылықта болғанын айтады және олардың тіліндегі төмендегідей фонетикалық ерекшеліктерді атап көрсетеді<sup>4</sup>:

1) Сөздің бастапқы позициясында VIII ғасырда *j* дыбысына айналған ұяң спирант *d* дыбысының болуы (VIII ғасырда моңғол тіліне енген сөздерде *d* қалпын сақтайды); сал. табгач. *\*dayı* «жау» ~ жалпытүрк. (VIII ғасырдан соң) *jayı* ~ қаз. *žaw* ~ чув. *šuj* ~ моңғ. *dali(n)*;

2) Түркі тілдерінде VIII ғасырда *j* дыбысына айналған бастапқы *ñ* дыбысының болуы (*ñ*, яғни, мұрын жолды *j*)( VIII ғасырға дейін моңғол тіліне енген сөздерде *n* ретінде сақталған): табгач. *\*ñudruq* «жұдырық» ~ жалпытүрк. (VIII ғасырдан кейін) *judruq* ~ қаз. *žudırıq* чув. ~ *šämär* ~ *čämär* (<*\*näjär*, анлаутты *ñ*- әсері бойынша *\*-j-* тұлғасында назализациялануымен бірге; *\*-j-<\*d* (*r* дауыс-

<sup>1</sup> Boodberg P. The language of the T» o-pa Wei // Harvard Journal of Asiatic Studies, 2. 1936. – P 167-189.

<sup>2</sup> Лигети Л. Табгачский язык – диалект сяньбийского // Народы Азии и Африки. -М., 1969. №1. -С.107-117.

<sup>3</sup> Кара Д. Книги монгольских кочевников. – М., 1972. – С.9.

<sup>4</sup> Clouson G. Turkish and Mongolish Studies. – London, 1962.

сызының алдындағы дауысты арқылы көрінетін) ~ моңғ. *nudurya* (моңғол формасы огур. \**nuduruu* тұлғасының біріншілік сипатын меңзейді);

3) Сөз соңында және сөз ортасында *z*-ның *r* айналуы («алтай ротацизмы»; стандарт типті түркі тілдерінде *z* сақталады; ал көнемоңғол тіліне бұл кірмелер тобына ротацизм тән); сал. табгач. \**ökür* (< шығ.-иран., сал.тох. *okso*) «өгіз» ~ көнетүрк. (VIII ғасырдан кейін) *ökuz* ~ қаз. *ögiz* ~ чув. *văĜār* ~ моңғ. (*h*)*üker*;

4) Сөз соңында және ортасында *š*-ның *l* айналуы (стандарт типті түркі тілдерінде *š* сақталады; көнемоңғол тіліне бұл кірмелер тобына ламбдацизм тән): табгач. \**tavilyan* «қоян» ~ жалпытүрк. (VIII ғасырдан кейін) *tavišyan* ~ моңғ. \**tabilya(n)* > *ta*» *ulya* > *ta*» *ulaj*;

5) Интервокалды *γ* -ның *j* -ге айналуы: табгач. \* *taqija* «тауық» жалпытүрк. (VIII ғасырдан кейін) *taqiγu* ~ қаз. *tawiq* ~ чув. *čăŷă* ~ моңғ. *takija*.

Көнемоңғол тіліне б.з. VIII ғ. дейін енген түркілік лексикалық кірмелерде анлаут *d*- (~ түрк. орх. *j*-) және *ñ*- (~ түрк. орх. *j*-), интервокал *-j*- (~ түрк. орх. *-γ-*), сонымен қатар, ротацизм (~ түрк. орх. *z*) мен ламбдацизм (~ түрк. орх. *š*) кездеседі. Венгр тілінің көне бұлғар кірме қабатына, орта бұлғар эпиграфиялық ескерткіштеріне және Еділ бойы, перм фин-угор тілдеріндегі ортабұлғарлық кірмеге, сондай-ақ жаңа чуваш тілінің мәліметтеріне жүгінсек, жоғарыдағы ерекшеліктердің түгеліне жуығы протобұлғарлар (=огур) тілінде орын алатыны байқалады.

Дж. Клоусон б.з. VIII ғасырына дейін моңғол тілдеріне енген түркі кірмелерінде сөз ортасындағы *d* дыбысының кейіннен *j* дыбысына ауысқанын (Сал.: түрк. *idi* «қожайын, мырза» → моңғ. *ejen*), шұғыл және сөз соңындағы кейбір басқа дауыссыздардан соң қосымша дауысты, *n* немесе қосымша буын пайда болғанын айтады (Сал.: түрк. *balıq* «қала» → моңғ. *balyasun*; түрк. *tarıγ* «егіс» → моңғ. *tarijan*; түрк. *baj* «бай» → моңғ. *bajan*; түрк. *miŋ* «мың» → моңғ. *miŋyaŋ*).

Көнемоңғол тіліне б.з. VIII ғасырына дейін енген түркілік лексикалық кірмелер арасында әкімшілік, әлеуметтік, шаруашы-



лық терминдер мен дамыған мал шаруашылығы, металлургия, метал өңдеу терминдері, диқаншылық дақылдары, музыкалық аспаптар атаулары көптеп кездеседі.

Дж. Клоусонның зерттеулері бойынша, түркі-моңғол этнотілдік қарым-қатынасының екінші кезеңінде, яғни, VIII-XII ғасырлардағы ортамоңғолға тарихи анлаут *j*- *ʒ*- дыбысына ауысқан қандай да бір солтүстік-шығыс түркі тілінен енді, *ʒ*- инициалды тюркизмдер «Құпия шежіре» тілінде кездеседі. Вокалданудың бұл кезеңінде, яғни сөз соңына дауыстының қосылуына қатаң дауыстыға аяқталатын түркі сөздері ғана ұшырағаны байқалады. Ауслауттық *-z* және *-s* дыбыстарымен келген түркі сөздері ортамоңғолға енген кезде *-s* дыбысымен алмасады. Анлауттық *j*- дыбысының *j*- айналуына қарап, оның стандарт типті түркі тілінің қандайда бір шығыс диалектісі екенін, соның негізінде кейіннен *дж* типті түркі тілдері, соның ішінде, қазақ тілі де дамыды деуге болады.

Дж.Клоусон пікірі бойынша, түркі-моңғол этнотілдік қарым-қатынасының үшінші кезеңі XII-XIII ғасырларды қамтиды, яғни, моңғолдардың тарих сахнасына көтерілген кезі. Бұл кезеңде ортамоңғол тіліне Шығыс Түркістанның түркі тілдері мен диалектілерінен, атап айтқанда, ұйғыр тілінен сөздер көптеп енеді. Үшінші кезеңдегі түркілік лексикалық кірмелерде ортамоңғолдық анлауттық *j*- және ауслауттық *-s* еш өзгеріссіз қалады. Ортамоңғол тіліне енген түркілік лексикалық кірмелердің ішінде мәдени және діни терминдер молынан ұшырасады, оның себебін буддизмнің моңғолдар арасына таралуы мен моңғолдардың ұйғыр жазуын өз тілдеріне бейімдеп қолдануымен байланыстыруға болады.<sup>1</sup>

Дж.Клоусонның еңбектерінен кейін ортосалдық алтай теориясына деген теріс көзқарас күшейе түсті. Алтай тілдері арасындағы материалдық ортақтықтың табиғатын алтайлық халықтардың тарихи қарым-қатынасымен түсіндіріп, кірмелік теориясымен дәйектейтін зерттеулер пайда бола бастады. В.Л.Кочвич,

<sup>1</sup> Щербак А.М. О методике исследования языковых параллелей (в связи с алтайской гипотезой) // труды XXV Международного конгресс востоковедов. – М.; 1960 – М., 1963. Т. III.- С. 151.

Дж.Клоусон, Г.Дерфер, А.Рона-Таш, Л.Лигети, Г.Д.Санжеев, А.М.Щербак, Б.А.Серебренников сияқты алтаистер еңбектерінде алтай тілдерінің әу бастағы туыстығын да, олардың гипотезалық арғыалтай тілінен (ешқашан болмаған) таралған «ұрпақтар» екенін де мойындау мүмкін еместігі туралы пікірлер орын алды<sup>1</sup>. Алтай мәселесіне деген мұндай көзқарастағы зерттеушілердің арасынан Г.Дерфердің еңбектерінде алтай тілдерінің туыстығының негізсіздігін дәлелдеуге көп орын беріледі. Ғалымның айтуы бойынша, тұңғыс тілдерінде моңғол сөздері өте аз, тек мәдени сөздер саласында ғана кірмелер бар. Алтай тілдерінің туыстығы туралы пікірге қарсы тұруға тұңғыс және түркі тілдерін салыстыру да себепкер болады<sup>2</sup>.

Г.Дерфердің келесі бір еңбегінде: «Мәселен, түркі және моңғол тілдеріне ортақ сөздер, сол сияқты моңғол және тұңғыс тілдеріне ортақ сөздер, аталған үш тілге де ортақ сөздер де бар. Бірақ тұңғыс және түркі тілдеріне ортақ сөздер тіптен аз» деген пікір кездеседі.<sup>3</sup> Әйтседе дәстүрлі алтаистикалық бағыттағы этимологиялық зерттеулерде тұңғыс-маньчжур тілдерінде түркі тілдерімен толықтай сәйкес түсіп жататын көптеген сөздердің кездесетіні, кей жағдайда олардың қайсыбірінің моңғол тілдерінде сәйкестіктері орын алмайтыны айтылады<sup>4</sup>. Бұл жағдайда моңғол тілдерінен жасалған байланыстырушы буын дамудың ұзақ тарихи жолында жоғалып кетті деуге болады.

Г.Дерфер алтай тілдерінде кездесетін лексикалық параллелдер туралы «ортақ сөздер немесе алтайлық лексика бірде-бір

<sup>1</sup> Санжеев Г.Д., Вл.Кочвич – пионер нового направления в алтаистике // Проблемы алтаистики и монголоведения.-М., 1975.-Вып.2.-С. 5.

<sup>2</sup> Doerfer G. *Turkisch and Mongolian studies*.-London, 1963. – P. 111-114.

<sup>3</sup> Doerfer G. *Zur Verwandtschaft der altaischen Sprachen*//*Zeitschrift zur Indogermanische und allgemeine Sprachwissenschaft*.-Berlin, 1966.-BD. 71.-Ш1-2.- P. 92-94.

<sup>4</sup> Рамстедт Г.И. Введение в алтайское языкознание. Морфология. / Пер. с нем. Л. С. Сло- ним. – М., 1957; Цинциус В.И. К этимологии алтайских терминов родства // Очерки сравнительной лексикологии алтайских языков. -Л., 1972; Цинциус В.И. Этимология алтайских лексем с анлаутными придыхательными смьчными губно-губным \*р» и заднеязычным \*к» // Алтайские этимологии. – Л., 1984; Новикова К.Л. Названия домашних животных в тунгусо-маньчжурских языках // Исследования в области этимологии алтайских языков. -Л., 1979; Колесникова В.Д. К характеристике названий частей тела человека в тунгусо-маньчжурских языках // Очерки сравнительной лексикологии алтайских языков. -Л., 1972.

жағдайда ертедегі туыстықты көрсетпейді, менімше олар жаңа дәуірге дейінгі кезеңдерде бірінен-біріне ауысқан өте ертедегі тектілік кірмелер...» – дейді<sup>1</sup>. Г.Дерфер алтай тілдерінің даму барысының бағытын «типологиялық («аналогиялық») туыстықтан органикалыққа («гомологиялық») қарай жүрілді» – деп санайды<sup>2</sup>. Тілдік туыстықты биологиялық туыстықпен салғастырған Г.Дерфер үнді-еуропа тілдеріне гомологиялық туыстық, алтай тілдеріне аналогиялық туыстық тән деп біледі. Аналогиялық туыстастықтың себебін Г.Дерфер бір территорияда бірдей өмір салтын ұстанған (далалық және көшпелі мал шаруашылығы) алтайлық халықтардың ұзақ уақыт бірлесе өмір кешіп, мәдени және тілдік қарым-қатынасқа түсуі барысында пайда болған ортақтықпен және ішкі байланыспен түсіндіре келіп, «бұл жерде «кірмелік» дегеннен гөрі, жүре келе пайда болған туыстық деген дұрысырақ болар» – дейді<sup>3</sup>.

Г.Дерфер ұсынған тілдерді «аналогиялық» және «гомологиялық» туыстыққа бөліп қарастыру, айналып келгенде, генетикалық пен типологиялық жақындықты, диахрониялық пен диатопиялық қарым-қатынасты дәстүрлі түрде бір-біріне қарама-қарсы қоюдың басқаша аталуы ғана болып шығады. Тілдік құбылыстарды биологиялық құбылыспен тікелей салыстыруды дұрыс деуге болмайды, себебі тілдің – биологиялық құбылыс емес, өзіне тән даму заңдылықтары бар қоғамдық құбылыс екені белгілі.

Алтай тілдерінің туыстығына қарсы көзқарастағы ғалымдардың бірі Д.Дечи «алтай» терминінің өзі дұрыс емес деп санайды<sup>4</sup>. Сол тәрізді венгр моңғолтанушысы Л.Беше де «алтай тілдерінің атажұрты территориялық деңгейде әлі де анықталмаған. Қазіргі кезеңде алтай тілдерінде сөйлейтін халықтардың ата-бабасының

<sup>1</sup> Doerfer G. Turkische und mongolische Elemente im Neupersischen.- Wiesbaden, Bd I – 1963, Bd II – 1965, Bd III – 1967.

<sup>2</sup> Doerfer G. Zur Verwandtschaft der altaischen Sprachen//Zeitschrift zur Indogermanische und allgemeine Sprachwissenschaft.-Berlin, 1966.-Bd. 71.-III1-2. -P 123.

<sup>3</sup> Doerfer G. Zur Verwandtschaft der altaischen Sprachen//Zeitschrift zur Indogermanische und allgemeine Sprachwissenschaft.-Berlin, 1966.-Bd. 71.-III1-2. -P 123.

<sup>4</sup> Decsy Gy. Einführung in die finnisch-ugrische Sprachwissenschaft.-Wiesbaden, 1965.

өмір сүрген көне территориясы ретінде Сібірді немесе Алтай таулы өлкесін көрсету орын алады. Бірақ бұл гипотезаны ешкім дәлелдей алмайды» деп жазады<sup>1</sup>. Н.Поппе осындай батыс еуропалық кейбір ғалымдардың арғыалтайлық (праалтай) этнотілдік ортақтық гипотезасына қарсы шығуына, олардың Сібір мен Алтайды қарлы боран толастамайтын, қатты суық аймақ ретінде қабылдауы және қарлы Алтайда ертедегі адамдардың мекен етіп, өмір сүруі мүмкін еместігі туралы теріс пайымы негіз болып отырғанын алға тартады<sup>2</sup>.

Моңғол, түркі және тұңғыс-маньчжур тілдерінің өзара туыстық байланысына күмән келтірген ғалымдардың бірі көрнекті моңғолтанушы Г.Д.Санжеев болды. Моңғол тілдерінің салыстырмалы грамматикасы саласындағы елеулі зерттеулерінде<sup>3</sup>, моңғол және маньчжур тілдерінің қарым-қатынасы жайлы очерктерінде<sup>4</sup> Г.Д.Санжеев өзінің антиалтаистикалық көзқарасын айқын білдіреді. Ол «Моңғол тілдерінің салыстырмалы грамматикасы: Етістік» кітабында: «Моңғол тілдеріндегі етістік формаларын тарихи тұрғыдан тереңірек зерттеген сайын, моңғол тілінің түркі және тұңғыс-маньчжур тілдерімен туыстығы туралы гипотеза күмәнді болып көрінеді. «Алтай тілдері» деп аталатын топтың негізгі лексикалық қорын зерттеу барысында да дәл осындай қорытындыға келуге болады» деп жазады<sup>5</sup> Ортодоксалдық алтаистиканың қомақты жетістіктерін жоққа шығармаған Г.Д.Санжеев: «алтаистикада салыстырмалы-тарихи әдісті қолдану – тіптен, о

<sup>1</sup> Bese L. Zwillingsworterim Mongolischen // Acta Orientalia Academiae Scientiarum Hungarica.-Budapest, -Bd.VII. №2-3. -P. 200-206

<sup>2</sup> Poppe N. On same Altaic Loan Words in Hungarian// American Studies in Uralic and Altaic Series,1.-Bloomington,1960

<sup>3</sup> Санжеев Г.Д. Сравнительная грамматика монгольских языков. I. – М., Л. 1953; Санжеев Г.Д. Сравнительная грамматика монгольских языков: Глагол. – М., 1963.

<sup>4</sup> Санжеев Г.Д. Маньчжуро-монгольские языковые параллели // Изв. АН СССР.Отд. гум. наук. Сер.7.-Л., 1930.- № 8-9; Санжеев Г.Д. К тюрко-монгольской лингвистической проблеме // Труды Московского института востоковедения.-М., 1947. № 4; Санжеев Г.Д. К проблеме частей речи в алтайских языках // ВЯ.-М., 1952.-№6; Санжеев Г.Д. Сравнительно-исторические и типологические исследования в алтаистике // Лингвистическая типология и восточные языки.-М., 1965; Санжеев Г.Д.Заметки по тюрко-монгольскому вокализму // Studies in general and oriental linguistics.- Tokyo, 1970; Санжеев Г.Д. О тюрко-монгольских лингвистических параллелях // Сов.тюркология.-Баку, 1973.-№6.

<sup>5</sup> Санжеев Г.Д. Сравнительная грамматика монгольских языков: Глагол. – М., 1963. С. 261.

бастан-ақ бір-бірімен туыс емес тілдердегі құбылыстардың өзін зерттеуге болатынын көрсетті және дәлелдеді» – дейді<sup>1</sup>.

«... V ғасырда жоғарғы Дунайдан Амурға дейін, Жоғарғы Уда сағасынан, яғни, қазіргі Улан-Удэ қаласынан Тибетке дейінгі аймақта түркі тілі естілген болса, X-XII ғасырлардың өзінде Селенгінің төменгі сағасынан Сары өзеннің иреңіне дейінгі аймақта өмір сүрген адамдар моңғол «сөйленісінде» сөйледі (қазіргі Моңғолия жерінің түгелге жуығын түркілер мекендегені белгілі)» – деп Г.Д.Санжеев түркі және моңғол тілдері тығыз қарым-қатынасқа түскен географиялық ареалды нақтылай келіп, түркі тілдерінің фонетикалық жүйесінде орын алатын айтарлықтай өзгерістер түркілік сөйленістерде жазу пайда болғанға дейін-ақ жүрілгенін, ал дәл осындай өзгерістер моңғол тілінде алғашқы моңғол жазба тілі қалыптаса бастаған тұста көрініс бергенін, сондықтан түркітанудағы түркілік тектілі қалпына келтіру сияқты аса күрделі мәселенің моңғолтануда жоқ екенін атап айтады<sup>2</sup>.

Антиалтаистикалық бағыт өкілдерінің бірі А.М.Щербак алтай тіл бірлестігінің табиғатын түркі, моңғол және тұңғыс-маньчжур тілдерінің өзара қарым-қатысынасымен түсіндіреді. Алтайтанымдық зерттеулеріне негізінен түркі және моңғол тілдерінің материалдарын арқау еткен А.М.Щербак: «Түркі және моңғол тілдерінің материалдарын салғастыру, ұқсастықтар мен айырмашылықтарды тереңдеп қарастыру, лексикалық және морфологиялық параллелдерді талдау – осының барлығы нақты қорытынды жасауға алып келеді: түркі және моңғол тілдері арасында генетикалық байланыс жоқ, демек кірмелік пен туыстық фактілері арасын шектеу туралы мәселені өзектеудің өзі негізсіз. Сөз тек туыс емес тілдердің ұзақ уақытқа созылған өзара қарым-қатынасының нәтижесінде пайда болған тілдік ортақтық туралы болуы мүмкін. Бұл тілдік ортақтықтың контактілік табиғатының айқындылығы сондай, тіптен дәлелдеп жатуды талап етпейді» дей

<sup>1</sup> Санжеев Г.Д. В.Л.Котвич – пионер нового направления в алтаистике // Проблемы алтаистики и монголоведения.-М., 1975. Вып.2. – С. 16-17.

<sup>2</sup> Санжеев Г.Д. Монгольские языки// Сравнительно-историческое изучение языков разных семей: Современное состояние и проблемы.-М., 1981. -С. 257-258.

келіп, генетикалық «сәйкеспеушілікті» тек ғана сан есімдердегі айырмашылық көрсетіп қана қоймайды, сонымен қатар фонологиялық жүйенің, маңызды морфологиялық қасиеттердің (аффиксалдық морфеманың жалғануындағы, болымсыз етістіктің көріну амалдарындағы, көптік тұлғаларының жасалуындағы т.б.) мүлдем өзгешелігі де, туыстық атаулары, соматизмдер, қимыл атаулары т.б. базалық лексика да таныта алатынын айтады<sup>1</sup>.

«Түркі және моңғол тілдерінің өзара қарым-қатынасы, бір-біріне әсері түркі және моңғол тайпаларының өте тығыз, қоян-қолтық аралас-құраластық жағдайында да, Еуразия территориясында шашыраңқы таралған тұстарында да орын алды. Түркі-моңғол қарым-қатынасының «өнімсіз» кезеңдері де, тіптен тілдердің араласуына, жартылай кірігуіне әкелген қарқынды кезеңдер де болды» – деп А.М.Щербак түркі-моңғол тілдік қарым-қатынасының жалпы сипатын анықтайды. Дж.Клоусонның: «Егер түркі-моңғолға ортақ сөз XIII ғ. дейінгі түркі жазба мәтіндерінде кездесетін болса, ол таза түркі сөзі болуы мүмкін және моңғол тілдерінде түркіден енген кірме элемент ретінде қарастырылуы керек» деген пікіріне, Л.Лигетидің: «XI ғасыр ескеткіші Махмұд Қашғари сөздігінде екі-үш ғана моңғол сөзін кездестіруге болады» – деген пікіріне сүйене отырып, сондай-ақ карайым, чуваш сияқты «шеткері» түркі тілдерінде, әзербайжан, гагауыз, түрік секілді оғуз тілдерінде моңғол элементтерінің аздығын, ал моңғолдармен жақын көрші отырған алтай, тува, якут, хакас тәрізді Сібір түркі тілдерінде, моңғолдармен тарихи және территориялық жағдайларға байланысты тығыз қарым-қатынастарда болған қырғыз, қазақ тілдерінде моңғол элементтерінің мол екенін айта келіп, А.М.Щербак моңғол тілінің түркі тілдеріне әсер-ықпалы XIII ғ. кейін айрықша белең алғанын, онда да тілдік контактінің үздіксіздігі мен ұзақтығына байланысты моңғол тілінің түркі тілдеріне «қосқан үлесінің» көлемі түркі тілдерінде әртүрлі болып келетінін айтады.

<sup>1</sup> Щербак А.М. Ранние тюркско-монгольские языковые связи (VIII-XIV вв.) // СПб. – Санкт-Петербург, 1997. – С.34.

Л.Кларк, Б.Я.Владимирцов, А.Темир зерттеулеріне сүйене отырып, А.М.Щербак моңғол тілдеріндегі түркі кірмелігінің үш қабатын көрсетеді: 1) VIII-XII ғасырлардағы түркі мәтіндерінде параллельдері орын алатын сөздерден құралатын түркілік кірмеліктің көне қабаты; 2) Орта моңғол кезеңіндегі түркілік қабат (орта моңғол тілінде буддалық мазмұндағы түркі лексикасының сыртында санскрит, соғды, қытай элементтері, сондай-ақ алдымен түркі тілдеріне, сонан соң түркі тілдері арқылы моңғол тілдерін енген араб және парсы сөздері кездеседі); 3) Орта моңғолдан кейінгі кезеңдерде қалыптасқан түркілік қабат. Бұл кезеңде түркі тілдерінің әсіресе қалмақ және бурят тілдерінің құрылым-құрылысына тигізген әсері айрықша болды<sup>1</sup>.

«Түркілер мен моңғолдардың өзара өте тығыз қарым-қатынаста болған тарихи дәуірлерін:

1) IV-VII – 386-535жж. Солтүстік Вэй династиясының ірге тасын қалаған түркілік табғач тайпасының өрлеуі және VIII ғ. ортасына дейін кидандардың түркілерге бағынышты болған кезеңі;

2) VIII-XII – Байкал маңын мекендеген түркілер мен моңғолдардың тығыз байланысы;

3) XIII-XIV – Шығыс Түркістандағы уйғыр-моңғол мәдени байланысы» – деп үш кезеңге бөлген Дж.Клоусонның<sup>2</sup> пікірін қолдай отыра, А.М.Щербак моңғол шапқыншылығынан кейінгі кезеңдерде Сібір және Орта Азия өңірлерінде болған түркі және моңғол тайпаларының өзара қарым-қатынасына айрықша мән берудің қажеттігін айтады. «Сібірде ғасырлар қойнауынан күні бүгінге дейін жалғасып келе жатқан түркі және моңғол этностарының қарым-қатынасы тува, якут сияқты түркі тілдерінің бурят-моңғол тілінің лексикалық құрамы, морфологиясы мен синтаксисінің қалыптасуына әсер-ықпалын тигізгені тәрізді, Орта Азиядағы түркі тілдерінде де моңғол шапқыншылығына байланысты моңғол тілінің ықпалы зор болды» – дей келе, А.М.Щербак Орта Азиядағы тілдік жағдайдың Сібірден ойлағанда өзгешелеу сипатына және түркі-моңғол тайпаларының қарым-қатынасын

<sup>1</sup> Щербак А.М. Тюркско-монгольские языковые связи (К проблеме взаимодействия и смешения языков)// Вопросы языкознания.- М., 1986. – С.48-49.

<sup>2</sup> Clouson G. The earliest Turkish loan words in Mongolian.-CAJ. 1959. TV, 3. – P.184-187.

мұнда белгілі бір хронологиялық шеңберде сипаттауға болатынына назар аударады: «XIIIғ. Орта Азияны жаулап алған моңғолдар Таластың бойын және онымен шектес Мавераннахрдың кейбір аймақтарын Шығыс Түркістаннан ауған моңғол тайпаларының тұрақты қонысына айналдырады. XIVғ. соңында түркілік ортадағы ортаазиялық моңғолдар ассимиляцияға ұшырап, өз тілдерін жоғалтады. Оның ізі осы территорияда қалыптасқан әртүрлі тілдерде байқалады. Моңғол тайпаларының өз тілдерінен айырылуының аз алдында Орта Азияда қостілділік жағдаяты орныққанын сол кезеңнің жазба ескерткіштері көрсетеді»<sup>1</sup>.

А.М.Щербак зерттеулерінде моңғол тілдеріне түркі тілдерінен енген кірме элементтердің меңгерілу барысы біршама сөз етіледі. Мәселен, есім, етістік, үстеу, көмекші сөздер, еліктеуіштер сияқты барлық грамматикалық топтарды қамтитынын түркі-моңғол параллельдерінің арасынан көбінесе Г.И.Рамстедт, Б.Я.Владимирцов, М.Рясянен, Н.Поппе зерттеулерінде орын алған етістіктерді таңдап ала отырып, А.М.Щербак оларды: дәлме-дәл немесе біршама толық сәйкес келетіндер (көне түрк., башк., өзб., ор.-моңғ. *alda-* «алдау»; алт., тув. *azyra-*, кар., қырғ. *asra-*, чуваш. *usra-* «асырап-сақтау, тәрбиелеу», моңғ.-жазба тілінде *asara-* «асырау, қамқор болу; тәрбиелеу» т.б.); 2) айырмашылығы «қосымша» дауысты дыбыс жалғануында болып келетіндер (көне түрк. *joluq-*, кар. *jolux-*, моңғ.-жазба тілінде *ǰolya-* «жолығу, кездесу»; көне түрк., өзб. *kez-*, түркм. *gez-*, моңғ.-жазба тілінде *kezü-* «кезу»); 3) «қосымша» дауысты дыбыстың дауыссызбен тіркесуі арқылы бір-бірінен айырмашылықта болып келетіндер (көне түрк., кар. *il-* «іліктіру, ілу», түркм. *il-* «ілу, іліктіру, іліп алу» моңғ.-жазба тілінде *elgü-* «ілу, іліп қою») деп бөледі.

Бірінші жағдайдағы кірмеліктің табиғатын А.М.Щербак алтайтанымдық зерттеулерде орын алатын кірмелікті айқындаудың критерийлері негізінде анықтауға болады деп біледі және оның себебін бірінші топтағы етістіктердің қимыл, іс-әрекетке қатысты негізгі, басты ұғымдарды емес, шеткері «перифериялық» түсініктерді білдіруімен түсіндіреді. Көне моңғол және

<sup>1</sup> Щербак А.М. Ранние тюркско-монгольские языковые связи (VIII-XIV вв.). – Санкт-Петербург, 1997. – С.11.



моңғол жазба тіліне буынның ашық типі ғана, ал көне түркі және қазіргі түркі тілдерінде ашық та, бітеу буын орын алатынын ескеріп, А.М.Щербак екінші жағдайда түркі сөздерін моңғол тілі «қосымша» дауысты дыбыс жалғау арқылы, ал үшінші жағдайда түркі етістіктерін моңғол тілі дауысты және дауыссыздарды тіркестіру арқылы морфологиялық тұрғыдан меңгергенін айтады<sup>1</sup>.

Антиалтаистикалық бағыттың белді өкілі А.М.Щербак зерттеулерінде<sup>2</sup> ортодоксалдық алтаистиканың басты постулаттары қатарына жататын алтай тілдеріндегі дыбыстық сәйкестіктер жүйесіне қатысты «Растедт-Пельйо заңын» тектеп-тексеру; моңғол тектілінің морфологиялық құрылымын зерттеу және лексикалық қорын түстеп-түгендеу; VIII-XIII түркі-моңғол тілдік байланысының салдарын орта моңғол және моңғол жазба тіліндегі түркі элементтері, сондай-ақ көне түркі және көне ұйғыр ескерткіштері тілдеріндегі моңғол морфологиялық элементтері арқылы анықтау; XIII-XIV ғасырлардағы түркі-моңғол қарым-қатынасын моңғол мәтіндеріндегі түркизмдер және коман, ескі түрік, ескі өзбек және т.б. ескітүркі тілдерінде кездесетін моңғол сөздері, моңғолдық морфологиялық элементтер арқылы дәйектеу; орта моңғол және моңғол жазба тілдеріндегі түркілік созылықты дауыстылардың көрінісі және түркі тілдерінде сөздің бірінші буынында кездесетін \*i дыбысының моңғол тілінде өзгеруі, яғни «сынуы» және т.б. көптеген мәселелер жан-жақты сөз болады.

<sup>1</sup> Щербак А.М. Тюркско-монгольские языковые связи (К проблеме взаимодействия и смешения языков) // Вопросы языкознания.- М., 1986. – С.48-49

<sup>2</sup> Щербак А.М. О методике исследования параллелей: (В связи с алтайской гипотезой) // Доклады делегации СССР на XXV Международном конгрессе востоковедов.-М., 1960; Щербак А.М. О характере лексических взаимосвязей тюркских, монгольских и тунгусо-маньчжурских языков // ВЯ.-М., 1966.-№3. С.21-35; Щербак А.М. О тюрко-монгольско-тунгусских связях в морфологии // Народы Азии и Африки.-М., 1968.-№1; Щербак А.М. О происхождении первичных долгих гласных в тюркских языках //ВЯ.-М., 1967.-№6; Щербак А.М. О причинах структурно-фонетических расхождений в тюрко-монгольских лексических параллелях // Исследование по восточной филологии: К 75-летию проф. Г.Д.Санжеева.-М., 1974.- С.340-348; Щербак А.М. Тюркско-монгольские языковые связи (К проблеме взаимодействия и смешения языков) // Вопросы языкознания.- М., 1986. С.48-49; Щербак А.М. Ранние тюркско-монгольские языковые связи (VIII-XIV вв.). – Санкт-Петербург, 1997 және т.б.

Алтай тілдері арасындағы материалдық ортақтықтар мен ұқсастықтардың табиғатын алтай халықтарының ұзақ уақыт бойы үзіліссіз және үздіксіз жалғасқан сан ғасырлық қарым-қатынасымен байланыстырып, кірмелік теориясымен дәйектеген іргелі зерттеулер қатарын венгр ғалымы А.Рона-таштың зерттеулері теориялық-методологиялық тұрғыдан толықтыра түседі. Ол өз зерттеулерінде негізінен алтай тілдеріаралық өте ерте кездердегі кірмелікті анықтау мүддесін көздейді. Мәселен, түркі тілдерінен моңғол тілдеріне өте ерте кездерде енген кірме элементтер туралы Дж.Клоусонның идеясы мен А.Ронаташтың алтай тілдерінің туыстастығы мәселесіне арналған «Ортақ мұра ма, әлде кірмелік пе?» деп аталатын мақаласындағы «моңғол тілдерінде кездесетін өте ерте замандардағы түркизмдердің қайнар көзі – бұлғар-чуваш типті көне түркі тілі болды» деген пікірі негізінен орайлас түсіп жатады. Бұл мақаласында А.Рона-Таш түркі-моңғол лексикалық параллельдерін зерттеудің әдістемесіне, сонымен қатар өте көне кірмелерді ортақ мұрадан айырып алу, шектеу мәселелеріне назар аударады<sup>1</sup>.

Дәстүрлі алтаистика бағытындағы зерттеулерде тектілдік дәуірден қалған «ортақ мұра» саналатын сөздер А.Рона-Таш зерттеулерінде моңғол тілдеріндегі ең көне түркілік лексикалық кірмелер тұрғысынан қарастырылады<sup>2</sup>

Алтай тілдеріаралық лексикалық параллельдердің кірмелік сипатын ашу үшін А.Рона-Таш «аргумент» деп атаған мынадай диагностикалық белгілер ұсынылады: этимологиялық аргумент, семантикалық-тарихи аргумент, синонимдер айғағы, негізгі сөздік қордың аргументі, сан есімдер аргументі, есімдіктер аргументі, мәдени-тарихи аргумент, бөтен тілдік кірмелер аргументі, лингвистикалық география аргументі, фонемдік жүйе аргументі,

<sup>1</sup> *Рона-таш А.* Общее наследие или заимствование? (К проблеме родства алтайских языков) // Вопросы языкознания.-М., 1974.-№2. С.31-45.

<sup>2</sup> *Rona-Tas A.* Az altaji nyelvrokonsag vizsgalatanak alapjai (A nyelvrokonsag elmelete es a csuvai-mongol nyelvvizsny).-Budapest, 1970; *Rona-Tas A.* Boz in the Altaic word // *Altorientalische Forschungen*.-Berlin, 1975.-Bd.III-S.155-163; *Rona-Tas A.* The Altaic theory and the history of a middle Mongolian loan word in Chuvash // *Researches in Altaic languages*.-Budapest, 1975.-P.201-211; *Rona-Tas A.* Studies in Chuvash etymology. -Szeged, 1982-Vol.1; *Rona-Tas A.* Language and History: Contribution and Comparative Altaistics.-Szeged, 1986; *Rona-Tas A.* An introduction to turkology.- Szeged, 1991 т.б.

тарихи фонология аргументі, гипотезаның маңызы. А.Рона-Таш бұл аргументтері туралы: «Көне сәйкестіктерді кірмелерден бөліп алуға олардың біреуін қолданудың өзі жеткілікті. Әйтседе көлемді материалды талдауда бұл аргументтердің барлығының жиынтық көрсеткішімен зерттеуші санасуға міндетті» – дейді<sup>1</sup>.

Түркі-моңғол лексикалық параллельдеріне жасаған терең этимологиялық талдауларының нәтижесінде А.Рона-Таш мынадай қорытынды пікірге келеді: «XIII ғасырға дейін түркілік элементтер моңғол тіліне әр түрлі тарихи кезеңдерде әр түрлі түркі тілдерінен кіргені белгілі. Мұндай кірмелердің қайнар көздерінің бірі – чуваш-бұлғар тобына жататын түркі тілдерінің бірі болары анық. Демек, келесі зерттеулер көне бұлғар-моңғол қарым-қатынасы негізінде қалыптасқан қабаттың біршама мол екенін көрсете алады деген ойдамыз»<sup>2</sup>. Көне бұлғар-моңғол қарым-қатынасының хронологиялық шекарасы мәселесіне ғалымдар аса сақтықпен қарайды. Ал А.Рона-Таш: «Алтай тілдерін зерттеудегі басты міндеттердің бірі – б.з.д. екінші мыңжылдықтың басы мен б.з. екінші мыңжылдығы аралығындағы тарихи қарым-қатынастарды айқындау» деген ескертумен шектеледі.

А.Рона-Таш түркі-моңғолға ортақ құрылымдық элементтердің біразы, соның ішінде лексика деңгейінде кездесетін бірқатар сөздер моңғол тілдеріне бұлғар-чуваш типтес тілден енген ерте түркизмдер екенін анықтады. Бұлғар тайпаларының ғұндармен бірге немесе олардан сәл ертерек батысқа кеткендігін ескерсек, бұл бұлғар-чуваш-моңғол қарым-қатынасы Орта (Ішкі, Орталық) Азияда б.з. III ғасырына дейін жүзеге асты дей аламыз.

Моңғол тіліндегі бұлғар-түркі кірмелері А.Рона-Таштың «Алтай тілдерінің туыстығын зерттеудің негіздері (Тілдік туыстық теориясы және чуваш-моңғол тілдерінің өзара қарым-қатынасы)»<sup>3</sup> деп аталатын еңбегінде жан-жақты қарастырылады.

<sup>1</sup> Рона-таш А. Общее наследие или заимствование? (К проблеме родства алтайских языков) // Вопросы языкознания.-М., 1974. №2. -С.32.

<sup>2</sup> Рона-таш А. Общее наследие или заимствование? (К проблеме родства алтайских языков) // Вопросы языкознания.-М., 1974.-№2. С.42.

<sup>3</sup> Rona-Tas A. Az altaji nyelvrokonsag vizsgalatanak alapjai (A nyelvrokonsag elmelete es a csuvai-mongol nyelvviszony).-Budapest, 1970.

Г.Й.Рамстедт пен Н.Н.Поппенің алтай тілдерінің генетикалық туыстығы туралы постулатына қарсы шыға отырып, А. Рона-Таш кең көлемдегі лингвистикалық материалдар негізінде чуваш-моңғол сәйкестіктерін анықтап, «олар арғыалтайлық (арғыалтай тілінен) тілден қалған ортақ мұра емес, моңғол тіліндегі протобұлғар кірмелері» деген байламын айтады. Этимологиялық талдаудың нәтижесі чуваш-моңғол лексикалық параллелдерінің көбі түркі тілдерінің негізінде түгіндірілетінін, ал семантикалық талдау барысы моңғол параллелдерінің екіншілік, біршама тар, арнайы мағына аясында жұмсалатынын көрсететінін айта келе, А.Рона-Таш түркі-моңғол параллелдерін құрайтын бірқатар сөздердің моңғол тілінде төл синонимдік жұптары орын алатынына, ол жұптардың кейбіреулерінің түркілік параллелдері бар екеніне назар аударады және мұны кірмелікті танытатын көрсеткіш ретінде дәйектейді. А. Рона-Таштың есептеуі бойынша, «белгіленген» (бұлғар-чувашқа тән фонетикалық және басқа да ерекшеліктерді ескеріп) сөздердің 27%-ы жақсы дамыған мал шаруашылығына қатысты терминология да, қалған бөлігі – мәдени ортаға байланысты лексика болып келеді.

А.Рона-Таш чуваш-моңғол лексикалық параллелдерінің көбінесе батыс моңғол тілдерінде кездесетінін, ал шығыс моңғол тілдерінде олардың мүлдем жоқтығын анықтайды. Демек чуваш-моңғол лексикалық параллелдерінің ареалдық-географиялық таралу заңдылығы көне моңғолдардың батыстағы көршілері оғур-бұлғарлар болғанын айғақтайды.

А.Рона-Таштың пікірінше, моңғол тіліндегі көнебұлғар элементтерінің айқындалуы алтай гипотезасын жоққа шығаруға себеп бола алмайды. Барлық булгаризмдарды екшеп алған соң, түркі-моңғол сәйкестіктерінің кішірек көлемдегі қабаты қалады. Алтай тілдері арасында генетикалық байланыс болған жағдайда, ол қабат бұлғар-моңғол қарым-қатынасына қатысты кезеңнен де ертерек заманаларға барып саяры сөзсіз<sup>1</sup>.

А. Рона-Таштың «моңғол тілдері мал шаруашылығына байланысты терминдердің көбін протобұлғар тілінен алды деген»<sup>2</sup> те-

<sup>1</sup> Рона-таш А. Общее наследие или заимствование? (К проблеме родства алтайских языков) // Вопросы языкознания.-М., 1974. №2. -С.37.

<sup>2</sup> Рона-таш А. Общее наследие или заимствование? (К проблеме родства алтайских языков) // Вопросы языкознания.-М., 1974. №2. -С.37.

зисіне сүйене отырып, В.И. Рассадин түркі және моңғол тілдеріне ортақ мал шаруашылығына қатысты бірқатар терминдерге нақты қалмақ және месхет-түрік тілдері материалдары негізінде кешенді салыстырмалы талдау жасайды. Түйе шаруашылығына, ірі қара және ұсақ малға, сүт өнімдеріне, еттен жасалатын тағамдарға, жылқы шаруашылығына, ит асырауға, мал жайылымына, шаруашылық ыңғайына қара қолданылатын тұрмыстық заттарға қатысты моңғол терминологиясы құрамында түркізмдердің мол екенін анықтай келіп: В.И. Рассадин : «скотоводческая лексика калмыцкого языка, как и других монгольских языков, достаточно хорошо сохраняет древние тюркские соответствующие термины, составляющие единый тематический комплекс, хорошо представленный и в языке турок-месхетинцев. Поскольку данные тюркизмы характеризуются признаком ламбдаизма и ротацизма, появление тюркизмов этого комплекса в калмыцком и прочих монгольских языках можно объяснить тем, что часть протобулгарских племен (с самоназванием огур), кочевавших в глубокой древности в степях Центральной Азии и занимавшихся молочным скотоводством, будучи завоеваны древними монголами и включенными в их этнический состав, образовали среди них особую этническую группу, получившую смешанное название \*огур монгол (ср. современное х.-монг. оор монгол «настоящий монгол»), и перешли, постепенно, на монгольский язык, по сути дела язык адстрата. При этом омонголенные огуры сохранили очень много элементов своего протобулгарского языка-субстрата, в том числе и свою скотоводческую терминологию, и внесли их в усвоенный ими древний прамонгольский язык, который вследствие этого получил смешанный характер, а впоследствии распался на ареалы – ойратский, бурятский и монгольский, продолжающие и после распада удерживать остатки тюркского языка-субстрата, что мы и наблюдаем в калмыцком языке» деген қорытынды пікір жасайды<sup>1</sup>.

Арғымоңғол тіліндегі огур-бұлғар-чуваш типті кірмелердің тым көнелігі чуваш-моңғол тілдік сәйкестіктерінің шынайы та-

<sup>1</sup> Рассадин В.И. Скотоводческая лексика калмыцкого языка в сравнении с турецко-месхетинской // Вестник Бурятского гос университета, 2011/8. – С.83-90.

биғатын айқындауды алтаистикадың ең өзекті проблематикасы деңгейіне көтереді. Өте күрделі бұл мәселенің шешімін табу – түркі тілдері, соның ішінде, чуваш (огур-бұлғар-чуваш) тілі тарихының көне кезеңдерін сипаттайтын тілдік фактологиялық материалдарды кешенді өңдеудің жаңа бағытын қалыптастыруды талап етеді. Осы орайда Дж.Клоусон, А.Рона-таш концепциялары ортодоксалдық алтаистикадың негізін қалаушылар түркі, моңғол және тұңғыс-маньчжур тілдерінің генетикалық туыстастығы туралы гипотезаның дәйектемелік арқауына алған «ротацизм-зетацизм» және «ламбдацизм-сигматизм» сияқты екі дилемманың алтайлық емес, түркілік деңгейдегі мәселе екенін, мұнда моңғол тіліндегі ерте протобұлғар (=огур) кірмелерін ескеру қажеттігін негіздейді.

Дж.Клоусон концепциясының, әсіресе А. Рона-Таш концепциясының басты ерекшелігі – олардың көне огур-бұлғар-чуваш-моңғол этнотілдік қарым-қатынасын зерттеуді алтай мәселесін шешудің «кілті» ретінде ұсынуында. Бұл тұрғыдан келгенде венгр шығыстануының үлесі айтарлықтай. Венгр тілінің лексикалық қорында тюркизмдердің, әсіресе көне бұлғар-чуваш кірмелерінің көптеп кездеуіне орай, Й. Буденц, Б.Мункачи, З.Гомбоц, Ю.Немет, Л.Лигети, А.Рона-Таш т.б. венгр лингвист-компаративист ғалымдары шығыс тілдерін зерттеуге дәстүрлі түрде ерекше ден қояды. Отандық ориенталист ғалымдардың көпғасырлық зерттеулерінің нәтижелерін әлемдік компаративистиканың қол жеткізген табыстарымен ұштастырған венгр ғалымдары, чуваш, түркі тілдерінің тарихын және урал-алтай тілдерін тұтасымен алып, тереңдеп зерттеуге қажет лингвистикалық базаны мығым орнықтырды деуге болады.

Алтаистика саласындағы көп жылдық зерттеулер барысындағы алтайлық ортақтықтың туыстыққа немесе кірмелікке негізделген табиғатын айқындау мәселесіндегі толассыз пікір таластар зерттеудің әдістемесін өзгертуді талап етеді. Түркі-моңғол және тұңғыс-маньчжур тілдері арасындағы ұзақ жылдарға созылған қарым-қатынастың нәтижесінде алтайішілік өзара кірмеліктің қат-қабаттары қалыптасқанын дәстүрлі алтаистика бағыты өкіл-

дері де жоққа шығармайды. Олардың зерттеулерінде алтай тілдерінің, соның ішінде түркі-моңғол тілдік қарым-қатынасының соңғы кезеңдерге тән сипаттамасы орын алады да, өте ерте дәуірлерге барып саятын екі жақты кірмелік сарапқа салынбай, арғыалтайлық ортақ мұра тұрғысынан қарастырылады.

Алтаистика ғылымы қалыптасуының бастапқы кезеңінде моңғол тілдеріне әртүрлі тарихи кезеңдерде енген түркі кірмелерін, немесе керісінше, түркі тілдеріндегі монголизмдерді және олардың шығу тегін, қайнар-көзін бірден анықтау біршама күрделі мәселе ретінде көтерілген болса<sup>1</sup>, антиалтаистер ұсынған диагностикалық сипаттамалар кешенін пайдалану бұл мәселенің шешімін табуға болатынын көрсетеді.

Бірқатар пікір қайшылықтары түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур тілдерінің негізгі сөздік қорына қатысты болып келеді. Ортодоксалдық алтаистика бағыты өкілдері зерттеулерінде осы үш тілге ортақ сөздер ретінде қарастырылатын бірқатар лексикалық паралельдер антиалтаистер еңбектерінде өзара кірмелер тұрғысынан қарастырылып, олардың бірінен екіншісіне ену жолдары сараланады. Мәселен, Г.Д.Санжеев: «... маньчжур тілдеріндегі түркі элементтері моңғолдық кейіпте болып келеді және қайтсе де моңғол тілінде оның параллелі болады» – десе<sup>2</sup>, А.М.Щербак түркі және тұңғыс-маньчжур тілдері арасында жаңа кезеңге дейін тура байланыс болғанына күмән келтіре отырып, «эвенкі, маньчжур, орочы, удэгей тілдеріндегі түркизмдердің сыртқы пішіні моңғолдардың түркі сөздерін қабылдау ерекшеліктерін көрсететінін, соған орай тұңғыс-маньчжур тілдеріне түркі сөздері моңғол тілдері арқылы енді деуге негіз бар» – дейді<sup>3</sup>. Ал В.Котвич түркі тілдерінен маньчжур тілдеріне сөздердің ғана емес, морфологиялық элементтердің де моңғол тілін «көпір» етпей, тура жолмен енгенін айтады<sup>4</sup>.

<sup>1</sup> *Pope N.* Einige Lautgesetze ind ihre Bedeutung zun Frage der mongolisch- turkischen Sprachbeziehungen // UAJb. 1958, Bd 30, H. 1-2.

<sup>2</sup> *Санжеев Г.Д.* Маньчжуро-монгольские языковые параллели // Изв. АН. Отд.гуманитар- ных наук.-Л., 1930.-№8-9.С.601.

<sup>3</sup> *Щербак А.М.* Ранние тюркско-монгольские языковые связи (VIII-XIVвв.). Санкт-Петербург, 1997. С.33.

<sup>4</sup> *Kotwicz W.* Les elements turcs dans la langue mandchoue.// RO (1938),1939, XIV. P.91.

Қорыта айтқанда, Г.Й.Рамстедт постулатын қолдайтын Н.Поппе, Н.Баскаков, П.Аалто, О.Прицак, К.Г.Менгес, В.И.Цинциус, М.Иллич-Свитыч, М.Р.Федотов, С.А.Старостин т.б. ғалымдар ортодоксалдық алтаистика бағытындағы іргелі зерттеулері арқылы түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур, сондай-ақ корей, жапон тілдерінің о бастағы туыстастығына негізделетін ғылыми түсініктердің біртұтас жүйесі туралы өз көзқарастарын дәйектеуге күш салатын болса, антиалтаистикалық бағыттағы Й.Бенцинг, Д.Синор, Г.Дерфер, А.М.Щербак, Б.А.Серебренников, Дж.Клоусон, А.Рона-Таш т.б. түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур және т.б. тілдерінің генетикалық туыстығын жоққа шығарып, осы тілдераралық материалдық ұқсастықтардың табиғатын ұзақ уақытқа созылған тарихи қарым-қатынастың нәтижесіндегі өзара кірмелікпен түсіндіреді. Дейтұрғанмен «өзара кірмелік» концепциясын ұстанған антиалтаистер көлемі жағынан өте ауқымды репрезентативті эмпирикалық материалды дәстүрлі алтаистикада қалыптасқан жүйеден өзгеше етіп жинақтап, жүйелеп бермеді және зерттеудің арнайы әдістемесін ұсынбады деуге болады. Мұның орнына олар Г.Й.Рамстедт пен Н.Н.Поппе ұсынған ортодоксалдық алтай теориясының басты қағидаттарын және оларды дәйектеуге негіз болған фактілерді қайтадан интерпретациялаумен айналысты.

### **§8. Алтай тілдерін этнолингвоконтактологиялық тұрғыдан зерттеудегі кірмелік теориясының маңызы және неоалтаистика**

XX ғ.ортасынан басталған «алтай гипотезасына» деген көзқарастар қайшылығы мен алтайлық проблемалар төңірегіндегі пікір таластардың барысында ғасыр соңына қарай алтай тілдеріндегі өзара кірме элементтер мен бірінен екіншісіне еніп, әбден сіңісіп барып, байырғы тілге қайта оралған кірмелікті анықтауды көздейтін жаңа бағыт қалыптасты. В.Котвич, Дж.Клоусон, А.Рона-Таш және олардың ізбасарларының зерттеулерінде кеңі-



нен көрініс тапқан кірмелік теориясын жақтайтындықтан, жаңа бағыт өкілдерін кей жағдайда антиалтаист деп те атайды, алайда бұл қате түсінік.

Алтай тілдерінің ортақтығын «жүре-келе пайда болған туыстықпен» немесе «туғандай болып, кірігіп кету» теориясымен түсіндіретін ғалымдардың өзі «алтай тілдерінің генетикалық туыстығы» туралы идеядан үзілді-кесілді бас тартқан емес. Сол сияқты Г.Й.Рамстедт, Н.Н.Поппе, Б.Я.Владимирцов және олардың ізбасарларының салыстырмалы-тарихи штудияларына арқау болған фактологиялық материалдарды жаңа да тың деректермен толықтырып, жетілдірілген компаративтік әдістемені қолдана отырып, қайтадан терең талдаулар «сүзгісінен» өткізудің нәтижесінде қайсыбір элементтердің кірмелік негізі анықталып жатқаны да ғылыми ақиқат. Одай болса, өз зерттеулерінің теориялық-методологиялық тұғырын кірмедік теориясымен байданыстырған жаңа бағыт өкілдерінің мақсат-мұраты – өте көне заманадардан бастау алатын алтайшілдік өзара, екіжақты, үшжақты, көпқырлы, қайтадама кірмелерді тұтастай анықтап, іріктеп алу, яғни ежелгі генетикалық туыстықтың саддарынан пайда болған материалдық ұқсастықтар қабатын кірмелерден тазарту. Сондықтан ХХ ғасыр мен ХХІ ғасыр тоғысында қадыптасқан жаңа бағыт *неоалтаистика* деп атады.

Неоалтаистикалық бағыт өкілдері зерттеулерінде көтерілетін басты мәселе – алтайдық ареалдағы тіларалық және этносаралық интерференциялардың (өзара әрекеттестік) диахрониялық және диатопиялық қат-қабаттарын айқындай отырып, көпқырды және архикурделі этнолингвоконтактологиялық процестердің алтай тілдерінің қалыптасу, даму тарихындағы орнын анықтау.<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Егоров Н.И. Проблемы генетической и хронотопологической стратификации лексикис чувашского языка и теория о булгаро-чувашской этноязыковой преемственности.- Алма-Ата, 1992; Егоров Н.И. Проблемы хронотопологической стратификации чувашскомонгольских лексических параллелей и их историческая интерпретация // Чувашский гуманитарный вестник.-Чебоксары, 2006.-№1. С.144-163; Егоров Н.И. Древнейшие индоевропейские (индоиранские и восточноиранские) лексические заимствования в пратюркском и проблемы ранних этапов этнолингвогенеза огузов (протобулгар) // VI Uruslararasi turk dili kurultayi.- 20007- Ankara: Turk Dil Kurumu, 2007.-Ис.-С.1912-1944; Егоров Н.И. Узловые проблемы ранних этапов огуру-булгаро-чувашского этноглотогенеза и современные проблемы алтаистики // Сб.мат. Междү-

Тіл-тілдегі лексикалық кірмелерді жан-жақты қарастырудың дингвистикалық та, мәдени-тарихи да маңызы зор екені бүгінгі таңда еш дәлелдеуді қажет етпейтін аксиомаға айналғаны белгілі.

Тарихи қарым-қатынасқа түскен тілдердегі ауыс-түйістер тек тілдік контактінің ғана емес, сонымен қатар әртүрлі материалдық және рухани мәдениеттердің жанасуы мен түйісуінің, қарым-қатынасының, өзара ықпалдасуының да нәтижесі болып саналады. Сондықтан кірмелік құбылысын тілдердің тарихи дамуы мен кемелденуіндегі ең серпінді процесс ретінде салыстырмалы-тарихи тұрғыдан зерттеу – техногендік және ақпараттық байланыстырдың ұшқырлығымен, әр алуан мәдениеттер мен тілдердің өзара қарым-қатынасының қарқындылығымен сипатталатын қазіргі жаһандану заманында аса маңызды жалпылингвистикалық мәселеге айналып отыр.

Бұл мәселеде Еуразия құрлығындағы мәдениеттераралық байланыстардың түп-тегін, тарихи тамырын тілдік деректер негізінде айқындаудың, алтайлық халықтардың сан ғасырлық өзара және өзге халықтармен болған қарым-қатынасын тереңдеп зерттеудің маңызы зор. Әсіресе Ішкі, Орталық және Орта Азия халықтары тарихында орын алған контактілік құбылыстарды ареалдық тұрғыдан зерттеу барысында Еуразияның далалық атырабы арқылы «көктей» өткен Шығыс пен Батыс, Солтүстік пен Оңтүстік арасындағы тарихи ұлы көштердің, сан түрлі халықтардың мидай араласуының этномәдени із-таңбалары айқындалып, үнді-еуропа, палеоазия, иран, фин-угор, қытай, түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур т.б. тілдердің өзара қарым-қатынасының лингвотарихи сипаты анықталады. Демек Орталық Азия

---

нар. научной конференции «Чувашский язык и современные проблемы алтаистики».-Чебоксары, 2009.-Ч.І.-С.68-77; Түймебаев Ж.К. Проблемы анлаутных губных согласных в алтайских языках. (Ревизия фонетического закона Рамстедта-Пеллио).-М., 2004; Түймебаев Ж.К. Казахско-монгольские лексические параллели: Материалы к этимологическому словарю казахского языка.-М., 2005; Түймебаев Ж.К. Становление и развитие алтайской теории и алтаистики.-Туркестен, 2006; Түймебаев Ж.К. История тюрко-казахско-монгольских этноязыковых взаимоотношений.-Астана, 2008; Түймебаев Ж.К. Теоретические принципы и критерии историко-генетического разграничения казахско-монгольских лексических параллелей.-Астана, 2009; Түймебаев Ж.К., Егоров Н.И., Чеченов А.А. Актуальные проблемы исследования языков Центральной Азии. Туранский языковой союз.-Кокшетау, 2009.

аймағындағы тілдердің тарихын этнолингвоконтактологиялық қырынан зерттеу, өз кезегінде мәдени-тарихи сипаттағы жаңа да соны нәтижелерге жетелейтіні сөзсіз.

Алтай макротобын құрайтын тілдердегі кірмелердің функционалдық ерекшеліктерінің нәтижелерін жалпылаудың, сондай-ақ түркі және моңғол, моңғол және тұңғыс-маньчжур, түркі және тұңғыс-маньчжур тілдерінің өзара қарым-қатынасы мен бір-біріне тигізген ықпал-әсерінің тарихын салыстырмалы-салғастырмалы тұрғыдан зерттеудің алтай тілдерінің әр қайсысының даму тарихын ғана емес, осы тілдерде сөйлейтін халықтардың этникалық қалыптасу тарихын зерделеуге тигізер көмегі айрықша. Басқаша айтқанда, алтай тілдері арасындағы өзара кірме элементтерді салыстыра-салғастыра зерттеудің өзектілігі, сайып келгенде, алтай тілдерін ареалдық, компаративтік, контраративтік тұрғыдан зерттеудің көкейтесті проблемаларының ғылыми-теориялық және практикалық маңызынан туындайды деуге болады. Осы орайда шығыста Маньчжуриядан батыста Дунайға дейін созылған Еуразия даласының аридтық жолағының тілдік болмысы этнолингвоконтактологиялық зерттеулерге қажет тұғыр-негіз қызметін атқарып, айрықша мол эмпирикалық материал бере алады.

Тарихи ерте кезеңдерінде Еуразияның далалық белдеуінде орталықтан сыртқа қарай бағытталған үдерістер орын алуы керек болса да, адамдардың әлеуметтік-экономикалық іс-әрекеттерінің біртіндеп шоғырлануы барысында әр түрлі тұрпаттағы тілдік интерференция процесстерінің көлемі де ұлғая берді. Гуманитарлық ғылым дамуының жаңа кезеңінде бұл ареалдағы тілдераралық және этносаралық интерференциялардың диахрониялық және диатопиялық бірнеше қабаттары біршама нақты айқындалады: түркілік ортадағы үнді-иран және шығыс-ирандық; моңғол, иран, фин-угор, славян және т.б. орталардағы түркілік; тұңғыс-маньчжур, иран, түркі, т.б. ортадағы моңғолдық интерференциялар. Сондықтан алтай тобы тілдерінің әрқайсысында молынан ұшырасатын өзара кірмелер мен калькалық сипаттағы тіл бірліктерін Орталық Азиядағы этносаралық контактілердің

салдары ретінде көрсетуге болады және оларды түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур және т.б. өзара тарихи қарым-қатынаста болған тілдердің құрылымдық деңгейлерін зерттегенде ескермеу мүмкін емес. Жазба дереккөздер дәстүрлі түрде алтай семьясына біріктірілетін түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур т.б. тілдерінде сөйлейтін халықтардың соңғы екі-екі жарым мыңжылдықтар бойы (мүмкін, одан да ұзақ уақыт шеңберінде) үзіліссіз тығыз қарым-қатынаста болғанын толық айғақтайды. Тарихи ұзақ уақытқа созылған этносаралық қарым-қатынастар алтай тілдерінің әрқайсысының сөз қазынасының ғасырлар бойына толығып, кемелденіп, байып отыруына ықпал етіп қана қоймай, тіптен түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур тілдеріне ортақ болуы мүмкін «арғыалтайлық мұраны» өңдеп, тегістеп жібергені (ниверлегені) сөзсіз.

Алтаистика ғылымында алтай тілдерін (кеңірек алғанда орал-алтай тілдерін) Еуразия континентіндегі белгілі бір географиялық аумаққа тән лингвистикалық бірлестіктің жалпылама типі ретінде қарастыру да орын алады. Тілдік бірлестіктердің мұндай типтерін айқындайтын бастапқы генетикалық ортақ белгілерге субстрат-адстрат-суперстраттық, контактілік және т.с.с. сипаттағы тарихи себептерге байланысты туындайтын екіншілік белгілердің үстемеленуі негіз болады. Әртүрлі тіл семьяларына жататын тілдерді біріктіруге де соңғы белгілердің жиынтығы мүмкіндік береді. Бұған қатысты еңбектердің бірі ретінде Н.А.Баскаковтың «Ертедегі сөйленістердің ареалдық шоғырлануы және алтай тілдерінің генетикалық туыстығы» зерттеуін атауға болады. Бұл еңбекте алтай тілдерінің грамматикалық құрылымындағы, ең бастысы, осы құрылымның жат тілдік элементтерді өткізбейтіндігімен ерекшеленетін сөзтүрлендіру жүйесіндегі ортақтықтың табиғатын «алтайлық тілдердің өзара әрекеттесуімен және тілдік элементтердің кірмелік сипатымен емес, ертедегі туыстас сөйленістердің белгілі бір топтар және тілдер семьясына шоғырлануы (консолидация) процесіндегі генетикалық байланыспен» түсіндіруге талпыныс жасалады<sup>1</sup>.

<sup>1</sup> Баскаков Н.А. Ареальная консолидация древнейших наречий и генетическое родство алтайских языков // Вопросы языкознания.-М., 1970.-№4. – С.42-53.

Зерттеудің негізгі тұжырымдары ретінде мынадай қорытынды пікірлер ұсынылады:

- туыстас тілдердің негізгі таралу ареалдары белгілі бір шекарамен шектелген территорияны (аумақты) қамтиды;

- Еуразияда туыстас тілдердің кең ауқымды үнді-еуропа, семит, орал-алтай т.б. тәрізді бірнеше территориялық таралу ареалдарын атап көрсетуге болады:

- орал-алтай тілдері үнді-еуропа тілдері сияқты территориялық ареалдарға бөлінеді: батыс жақта көбіне фин-угор тілдері, шығысқа қарай алтай тілдері орналасады. Фин-угор және алтай ареалдары өз кезегінде қатарласа тізілген кіші ареалдарға ыдырайды. Мысалы, алтайлық ареалдың батысын түркілер, шығысқа қарай – моңғолдар, онан соң моңғолдармен көршілес – тұңғыстар мен маньчжурлар, қиыр шығысты – корейлер мен жапондар иемденеді<sup>1</sup>.

«Солтүстік еуразиялық ареал, – Н.А.Баскаковтың пікірінше, – ежелгі заманда жақын туыстық тілдерде (наречье) сөйлеген көптеген ру мен тайпалардың үзіліссіз тізбегін құрады. Тайпалардың бірігуі мен ыдырауындағы перманенттік процестердің нәтижесінде, сонымен қатар олардың өзді-өздеріне ғана тән ерекшеліктердің басымдылық сипатына байланысты бұл ареал ең алдымен, батыста – оралдық, шығыста – алтайлық болып екі үлкен ареалға бөлінді. Кейіннен олардың әрқайсысы іштей: орал – угор, фин, самодий ареалдарына, ал алтай – түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур, корей-жапон ареалдарына жіктеледі»<sup>2</sup>. Сондай-ақ Н.А.Баскаков алтай тілдері арасындағы байланыстың қарқындылығы байырғы географиялық таралу ареалына сәйкес және жақын туыстыққа қатысты тура пропорционалдылықта болып келетінін, мұнда ең тығыз байланыс пен материалдық жақындық түркі және моңғол тілдері арасында, одан ойлағанда аздау жақындық – түркі тілдері мен басқа алтай тілдері арасында сақталғанын айтады. Моңғол тілдерінің таралу ареалы тұңғыс-маньчжур тілдерінің ареалына жақын орналасқандықтан,

<sup>1</sup> Баскаков Н.А. Ареальная консолидация древнейших наречий и генетическое родство алтайских языков // Вопросы языкознания.-М., 1970.-№4. С.44.

<sup>2</sup> Баскаков Н.А. Алтайская семья и ее изучение.-М., 1981. – С. 51.

олардың арасындағы сәйкестіктер көлемі түркі тілдері мен тұңғыс-маньчжур тілдері арасындағы сәйкестірге қарағанда көбірек екенін ескертеді<sup>1</sup>.

Аталған логикалық құрылым сырт көзге дұрыс болып көрінсе де, алтай тілдерінің генетикалық туыстығы толық, еш талассыз дәлелденген жағдайда ғана қабылданатыны анық. Дейтұрғанмен алтай тілдері (басқа да тілдер, оның ішінде орал-алтай, ностратикалық) арасындағы материалдық жақындықтың бірнеше себебі болуы мүмкін. А.Рона-Таш тілдің барлық құрылымдық деңгейлерінде көрініс беретін материалдық ортақтыққа негіз болатын басты себептер қатарында: 1) тарихи контактілерді; 2) ареалдық конвергенцияны (тілдік құбылыстардың жақындасуы, бірігуі, кірігуі); 3) типологиялық ортақтықты; 4) бір-біріне еш тәуелсіз құбылыстардың конвергенциясын; 5) кездейсоқтықты; 6) генетикалық туыстықты және т.б. көрсетеді.<sup>2</sup>

Тілдераралық материалдық ортақтықтарды тудыратын факторлар қатарына генетикалық туыстықтан басқа да себептерді, атап айтқанда, екінші қатарлы сәйкестіктер жүйесінде ортақ белгілерді пайда болдыратын туыс және туыс емес тілдердің ареалдық қарым-қатынасын, яғни тілдік одақты; тілдердің тура және делдалдық сипатта болып келетін контактілік, субстраттық, суперстраттық, адстраттық әсер-ықпалдарын жатқызуға болады<sup>3</sup>.

Жоғарыдағы кездейсоқтықтан басқа факторлардың барлығы жеке тұрып та, бірігіп те тұрақты сәйкестіктерді пайда болдыра алады. Олай болса, сәйкестіктер тұрақтылығы да, белгілі бір материалдық жақындық та сәйкестіктердің типін анықтаудың өлшемі (критерий) бола алмайды. Демек сәйкестіктерді тудыратын генетикалық туыстықтан басқа себептер түгелдей өз маңызын жоғалтқан жағдайда ғана алтай тілдерінің генетикалық туыстығы идеясы шын мәнінде өз шешімін табады деуге болады.

<sup>1</sup> Баскаков Н.А. Ареальная консолидация древнейших наречий и генетическое родство алтайских языков // Вопросы языкознания.-М., 1970.- №4. – С.44.

<sup>2</sup> Rona-Tas A. The Altaic theory and the history of a middle Mongolian loan word in Chuvash // Researches in Altaic languages.- Budapest, 1975.- P.201-211.

<sup>3</sup> Рона-таш А. Общее наследие или заимствование? (К проблеме родства алтайских языков) // Вопросы языкознания.-М., 1974.- №2. – С.31.

Алтай тобын құрайтын көптеген тілдер бойынша көне жазба ескерткіштердің жоқтығы, сонымен қатар бір сөздің бірнеше тілдер шеңберінде бірінен-біріне неше мәрте қайталана енуі бұрыннан қолданылып келе жатқан дәстүрлі әдіс-тәсілдерден біршама айырмашылықта болып келетін зерттеудің арнайы әдістемесін қалыптастыру мәселесін күрделендіре түседі. Алтай тілдерінің құрылым-құрылысы ұқсас болғандықтан, мұндай кірмелердің түп-тегін айқындаудың өзі көп жағдайда қиынға түседі. Осындай қиыншылықтар алтай тіл бірлестігінің шынайы табиғатының күрделілігінен туындап жатады. Мәселен, Н.А. Баскаков: «Алтай тілдерінің даму сызбасында алтай тілдерінің шығу төркіні жайлы екі теория, атап айтқанда, генетикалық туыстық теориясы мен ұзақ уақытқа созылған өзара тығыз қарым-қатынастың нәтижесінде пайда болған туыстастық теориясы бір-бірімен бірігеді және синтезделеді» – дейді<sup>1</sup>. Демек Н.А.Баскаков пікірін алтай тіл бірлестігінің табиғатына байланысты «алтай тілдерінің генетикалық туыстығы толықтай дәлелденген мәселе болып саналады, алайда бұл туыстықтың негізінде тілдердің тікелей жанасуы мен жақындасуының нәтижесі жатыр» деп те түсінуге болады.

Қорыта айтқанда, неоалтаистикалық бағыт өкілдері одан әрі жетілдіріп, дамытып отырған кірмелік теориясы ортодоксалдық алтайтанымдық бағытпен салыстырғанда икемділігімен, тарихи және этномәдени ақпараттардың кең тыныстылығымен, ареалдық-географиялық және археологиялық картаға жақсы бейімделетіндігімен ерекшеленеді. Сондықтан неоалтаистер еңбектерінде зерттеудің дәстүрлі салыстырмалы-тарихи, салғастырмалы-типологиялық, ареалдық-географиялық әдістері тілдік фактілер мен құбылыстарды контактологиялық тұрғыдан талдаудың сан алуан амал-тәсілдерімен ұштастырылады, басқаша айтқанда неоалтаистер ұсынатын зерттеудің әдістемесі синтездік сипат арқалайды.

<sup>1</sup> Баскаков Н.А. Ареальная консолидация древнейших наречий и генетическое родство алтайских языков // Вопросы языкознания.-М., 1970.-№4. – С.46.

## §9. Түркі-моңғол этнотілдік байланысының тарихи алғы-шарттары

Алтаистикада дәстүрлі алтаистикалық, антиалтаистикалық және неоалтаистикалық бағыт өкілдерінің қай-қайсысы болмасын түркі және моңғол тілдері бойынша жинақталған аса мол эмприкалық материалдарды өздерінің ғылыми көзқарастарын дәйектеудің тұғырына алады. Мұны түркі және моңғол халықтарының сан ғасырлық тарихи, этномәдени, тілдік байланысы мен қарым-қатынасының «тіл тарихы мен этнос тарихы» сабақтастығындағы айрықша маңызымен, көшпелілер мәдениетінің және түркі өркениетінің адамзаттық құндылықтар жүйесіндегі алатын орнымен түсіндіруге болады. Сондықтан да *түркі-моңғол тілдік байланысы* орал-алтай тілдерінің ішкі классификациясы, В.Шотт, М.А.Кастрен, Ф.И.Видеман, Ю.Немет, Б.Коллиндер, Г.Винклер сияқты ғалымдардың «орал-алтай тіл бірлестігі» туралы ғылыми көзқарастары, Орал-алтай тілдерін біріктіретін тілдік белгілер мен заңдылықтар, оралтану және алтаистиканың дербес ғылыми пән ретінде қалыптасуы, алтай семьясының ішкі жіктелісі, «алтай гипотезасының» алтаистиканың даму тарихындағы рөлі мен маңызы, ортодоксалдық алтаистика және оның белді өкілдерінің шығармашылығы (Г.И.Рамстедт, Н.Поппе, Б.Я.Владимирцов, Е.Д.Поливанов, М.Рясянен, В.И.Цинциус т.б.), ортодоксалдық алтаистикадағы дағдарыс және кірмелік теориясы (Дж.Клоусон, А.Рона-таш, Г.Дерфер, А.М.Щербак зерттеулері), неоалтаистикалық бағыттағы зерттеулердегі «алтайлық тілдік одақ» және «алтай тілдері аралық контактология» сияқты аса ауқымды және өте күрделі проблематикалардың орталық және ең негізгі мәселесі ретінде ғылыми зерттеудің күн тәртібінен екі ғасырға жуық түспей келеді.

Түркі-моңғол этнотілдік байланысының тарихы Орталық Азияны мекендеген көптеген халықтардың этногенезімен, этникалық мәдениетінің тарихымен тығыз байланысты болғандықтан, бұл мәселе өте ертеден-ақ шығыстанушы тарихшы, антрополог, этнолог, археолог, лингвист, әдебиеттанушы



ғалымдардың назарын өзіне тартты. Қазіргі таңда жинақталған тарихи-лингвистикалық зерттеулер қоры 10-12 ғасыр бойы үзіліссіз және үздіксіз жалғасқан түркі-моңғол этнотідік байланысының күрделі де көпқырлы құрылымын ендігі жерде пәндераралық деңгейде қарастыруға мүмкіндік береді. Демек түркі тілдес және моңғолтілдес халықтардың сан ғасырлық өзара байланысы, қарым-қатынасының нәтижесінде қалыптасқан түркі және моңғол әлеміне ортақ этнолингвомәдени, этнографиялық, фольклорлық, мәдени және т.б. элементтер бір-бірімен жүйелі байланыстағы кешенді зерттеулерді талап етеді<sup>1</sup>.

Тарихи-лингвистикалық дереккөздер бойынша Орталық Азияның солтүстік орманды-далалы алабы – «алтайлық» халықтардың, яғни түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжурлардың «ата жұрты» саналады. Батысын түркілер, одан әрірек моңғолдар, Амурдың орта және төменгі ағысында тұңғыс-маньчжур тайпалары мекен еткен кең территориядағы батыстан шығысқа қарай қоныстанудың «бірізділігі» орманды өңірлерді мекендеп отырған ұлыстырдың қазіргі таралу аймағынан да байқалады. Ал ашық дала жаутершілік шапқыншылықтар мен «ұлы көштер» легінің нәтижесінде көптеген ру-тайпалардың, ұлыстардың мидай араласуын бастан кешіріп, ірі-ірі қағанаттар мен мемлекеттердің отаны, көшпелілер өркениетінің ошағына айналды, тарих сахнасында «Ұлы Дала» деген атын қалдырды.

Соңғы 10 жылдықтағы археологиялық және антропологиялық зерттеулердің ғылыми синтезінің нәтижесі Орталық Азияның далалы алабында қалыптасқан көшпелі өмір салты алғашқы қауымдық қоғамдағы аң аулау кәсібінің дамуынан, яғни жабайы жануарларды қолға үйретуден пайда болмағандығын, мал шаруашылығын б.з.д. II-I ғасырлар тоғысында Орталық Азияға Еуразияның аридтық алабының батысынан қоныс аударған үндірандық көшпелілер әкелгенін дәлелдейді. Археологиялық зерттеулер прототүркілердің мал шаруашылығымен айналысуын Қарасук археологиялық мәдениетімен (б.э.д. XIII-VIII ғ.) байла-

<sup>1</sup> Түймебаев Ж.К. Теоретические принципы и критерии историко-генетического разграничения тюркско-монгольских лексических параллелей. Автореф. докт. филол. наук.- Астана, 2008. С.14.

ныстырады. Карасук мәдениетінің қалыптасуына жетілген мал-шаруашылығымен айналысқан андронов тайпаларының (б.э.д. XIV-XI) ықпалы болғандығын, Карасук мәдениетіне тән қоладан құйылған заттардың батыста Волга-Камнан Солтүстік Қытайға дейінгі ареалға, әсіресе ерте түркілер қалыптасқан территория саналатын Енисей, Моңғолия және Байкал өңірлерінде кең таралуын археологтар тайпалар миграциясымен, тайпа аралық мәдени алыс-берістікпен, аралас-құраластықпен түсіндіреді. Ал этнотілдік тұрғыдан алғанда карасук тайпалары үндіран, нақтырақ айтқанда, шығыс ирандықтар болып есептеледі. Мұны прототүркі тіліне енген көне үндіран элементтері мен түркі тілдеріндегі кейбір үй жануарлары мен металл атаулары дәлелдей түседі<sup>1</sup>.

Моңғол тілдеріндегі мал шаруашылығы терминологиясы саласындағы бұлғар-түркі кірмелерінің молдығы ертебұлғар-түркі-моңғол тілдік қарым-қатынасының нақты хронологиялық мерзімін тоқтатуға белгілі дәрежеде өз септігін тигізеді. Мәселен, А.Рона-таш зерттеулерінде ерте бұлғар-түркі-моңғол тілдік қарым-қатынасы б.з.д. I мыңжылдықтарда болып өткені айтылды<sup>2</sup>.

Моңғол тілдеріндегі ертетүркілік қабаттың қалыптасуын Дж.Клоусон Солтүстік Вэй династиясына (б.з. 386-535 жж.) дейінгі уақытпен<sup>3</sup>, Г.Дерфер түркі және моңғол тілдері арасындағы текті деңгейіндегі кірмелікті «жаңа эраға дейінгі» дәуірлермен байланыстырады<sup>4</sup>.

<sup>1</sup> Егоров Н.И., Егоров Э.Н. Древнейшие индоевропейские (индоиранские и восточноиранские) лексические заимствования в пратюркском и проблема ранних этапов этнолингвоге-неза огуров (протобулгар) // Известия Национальной академии наук и искусств Чувашской Республики. – Чебоксары, 2000-2001. - №3/1. С. 185-204; Дыбо А.В. Лингвистические контакты ранних тюрков: лексический фонд: пратюркский период.- М., 2007. -223; Туймебаев Ж.К. История тюрко-казахско-монгольских этноязыковых взаимоотношений.-Астана, 2008.

<sup>2</sup> Рона-таш А. Общее наследие или заимствование? (К проблеме родства алтайских языков) // Вопросы языкознания.-М., 1974.-№2. С.45.

<sup>3</sup> Clouson G. The earliest Turkish loan words in Mongolian.-CAJ. 1959. IV, -P. 3.

<sup>4</sup> Doerfer G. Turkische und mongolische Elemente im Neupersischen. -Wiesbaden, Bd T – 1963, Bd II – 1965, Bd III – 1967.

Археологтар «б.з.д. I мыңжылдықта Шығыс Моңғолия дала-сында адам баласы алғашқы рет ат ерттеп мінді» деп жазады<sup>1</sup>. Қола және ерте темір дәуірінде (б.з.д. II мыңжылдықтың ортасы – I мыңжылдықтың алғашқы жартысы) Моңғолия территориясында археологиялық мәдениеттің үш түрі көрініс береді: Батыс Моңғолияда – херексурлар мәдениеті, Шығыс Моңғолияда – тас тақта мазарлар мәдениеті, Хэнтэй-Чикой таулы қыратында – Хэнтэй мәдениеті. Херексурлар мәдениетін үнді-еуропалық-тармен (шығыс ирандықтар), тас тақта мазарлары мәдениетін арғытүркілермен, хэнтэй мәдениетін арғымоңғолдармен байланыстыруға болады. Хэнтэй мәдениеті өкілдерінің кейінгі қола дәуірінде (б.з.д. VIII-IIIғғ.) аң аулау, балық аулау, терімшілікпен айналысқанын, күнделікті тұрмыста метал бұйымдарды қолданғанын, үй жануарларынан – ешкілер мен қойларды ұстағанын археологиялық қазбалар дәлелдейді<sup>2</sup>.

Моңғол тілдеріндегі ұсақ малға қатысты терминологияға зер салсақ<sup>3</sup>: көне моңғ.-жазба *qonin*, халх.-моңғ. *хонь*, бур. *хонин*, қалм. *хөөн*, ойр. монг. *хөй* ~ *хоин* ~ *хөөн*, ойр. *хөөн* ~ *хоин* «қой» және түрік.-месх. *койун* «қой», қаз. *qoj* көне түркі. *qojin* ~ *qojun* ~ *qoj* ~ *qon* < арғытүрк. \**qoni* сөзінің адаптациясы; қалм. *хуц* [*хуцъ*], көне моңғ.-жазба *qisca*, халх.-моңғ. *хуц*, бур. *хуса* «қошқар» сөзі көне түркі тіліндегі тіркелген *qoŋar* «қошқар», *qoŋar*, *qoŋar* «қой» сөздерін жасауға арқау болған < арғытүрк. *qoŋar*/\**qoŋ* «қошқар» түбіріне барып саяды; көне моңғ.-жазба. *qirayun*, халх.-моңғ. *хурга*, бур. *хурьган*, қалм. *хурһн* «қозы» көне түркі тілінде ротацизм тұлғасында кездесетін *qozī*~ *quzi* «қозы» < арғытүрк. \**qozy* тұлғасына барып саяды; қалм. *яман* «ешкі», көне моңғ.-жазба. *itayun*, халх.-моңғ. *ямаа*, бур. *ямаан* < көне түркі. *jituа* «тау екшінің ұрғашысы» (< арғытүрк. \**jituа*); қалм. *тек* [тэке], көне моңғ.-жазба. *teke*, халх.-моңғ. *тэх*, бур. *тэхэ* «теке; тау ешкінің еркегі» < көне түрк. *tekä* «теке» (< арғыалт. \**täkä* «теке; жабайы теке»); қалм. *ишк*,

<sup>1</sup> Новгородова Э.А. Древняя Монголия.-М., 1989. – С.281.

<sup>2</sup> Цыбиктаров А.Д. Центральная Азия в эпоху бронзы и раннего железа (проблемы этнокультурной истории Монголии и Южного Забайкалья середины II-первой половины I тыс. до н.э.) // Археология, этнография и антропология Евразии.-Новосибирск, 2003. – С.80-97.

<sup>3</sup> Рассадин В.И. Скотоводческая лексика калмыцкого языка в сравнении с турецко-месхетинской // Вестник Бурятского гос университета, 2011/8. – С.86.

ойр. *ишге* ~ *ишиген* «лақ», көне моңғ.-жазба. *išigen*, халх.-моңғ. *ишиг*, бур. *эшэгэн* < көне түрк. *eſki* ~ *eſkü* «ешкі» (< арғытүрк. *\*äjikä* > *äſki*); қалм. *төл*, көне моңғ.-жазба. *töl*, халх.-моңғ., бур. *түл* «төл» < көне түрк. *töl* «төл, төлдеу сәті» < *\*tö- / törü-* «төлдеу, туу» – салыстырамыз: қалм. *төр-*, көне моңғ.-жазба. *törü-*, халх.-моңғ., бур. *түрэ-* «төлдеу» т.б. Демек, қой мен ешкі атауларының моңғол тілдеріне түркі тілдерінен енген кірмелер болып саналатын ескерсек, ертетүркі-моңғол этнотілдік қарым-қатынасы Орталық Моңғолияда б.з.д. I мыңжылдықтың ортасына таман қалыптаса бастады деуге болады.

Қазіргі кезде Орталық Азия территориясында б.з.д. III-II мыңжылдықтардан бастау алатын әртүрлі этномәдени аймақтар көрініс береді. Түркі-моңғолдардың «ата жұрты, төл отаны» саналатын қазіргі Моңғолия территориясын б.з.д. III мыңжылдықтарға қатысты: шығыста аңшылық және балық аулаушылық кәсіпке негізделген мәдениеттің, ал батыста малшаруашылықты-номадтық мәдениеттің таралуы деп екі этномәдени аймаққа жіктеуге болады. Бұл екі археологиялық мәдениеттің шет-шекарасына Моңғолияны солтүстіктен оңтүстікке қарай кесіп өтетін Ұлы көл (Их нуур) ойпаты алынады. Материалдық мәдениет, жерлеу рәсімдері мен жөн-жосындар, шаруашылық типі, тіптен тұрғындардың антропологиялық келбеті тұрғысынан алғанда батыстағылар афанасьевтік типтегі еуропалықтар, шығыстағылар моңғолоид типтестер екені айқындалады, яғни бір-бірінен мүлдем айырмашылықтағы екі мәдениеттің ошағы – қазіргі Моңғолия территориясы деуге негіз бар.

Б.э.д. III-II мыңжылдықтарда Моңғолияның шығысын мекендеген моңғолоидтық типтегі тұрғындар өлген адамды төртбұрыш немесе дөңгелек етіп соғылған қорғандар ішіне бетін тас тақтамен жауып жерледі. Ортағасырдың басына дейін жалғасқан бұл үрдіс түркілердің «ата жұрты» – Селенге, Онон өзендері арнасын мекен еткен сүннүлердің адам жерлеу рәсімдерінде де орын алады. Тақта бейіттер мәдениетін қалдырған адамдардың этнотілдік тегін айқындауда пікір қайшылығы кездеседі: Г.Н.Румянцев, В.В.Волков т.б. ғалымдар оларды моңғолтілдестерге,

Э.А.Новгородова, Л.Н.Гумилев, Н.Н.Диков т.б. оларды түркітілдестерге, С.Г.Кляшторный, Т.И.Султановтар жундар мен дунхуларға жатқызады. Л.Н.Гумилев тақта бейіттер мәдениетін «ғұн мәдениетінің ерте дәуіріне тән» этно-мәдени белгі ретінде қарастырады. Ал Моңғолияның батыс және солтүстік-батысында тақта бейіттер мүлдем кездеспейді. Мұндағы б.э.д. III-II мыңжылдықтарға қатысты ескерткіштерге жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары жерлеу рәсімінің осы өңірмен шектесетін Тува, Алтай, Оңтүстік Сібір өлкелеріндегі өлген адамды тас қорғандар астында жерлеу рәсімімен негізінен бірдей болып келетінін айғақтайды. Сондай-ақ б.э.д. I мыңжылдықтарға барып саятын жартастағы «скиф-сібірлік» суреттер (бұғы), қоладан құйылған қару-саймандар, саз балшықтан жасалған ыдыстар Тува, Алтай және Шығыс-Қазақстан өңірлерінен табылған «скиф-сақ» ескерткіштерімен көп жағдайда сәйкес түсіп жатады.

Карасук мәдениеті дәуірінде (б.э.д. XIII-VIII ғғ.) Батыс Моңғолияда атқа жегілген соғыс арбаларының суреттері пайда бола бастайды. Мұндай жартастағы суреттер үнді-иран тайпалары мекен еткен Тува, Алтай, Қырғызстан, Памир, Шығыс Түркістан, Қазақстан, Оңтүстік Сібір, Тажикстан, Ауғанстан өңірлерінде көптеп кездеседі. Еуразия құрлығында таралған атқа жегілген соғыс арбалары суреттерінің шығыс шекарасы ретінде Моңғол Алтай және Говь Алтай таулары көрсетіледі. Демек карасук және тақта бейіт мәдениеттерін қалыптастырған тайпалардың ұзақ уақытқа созылған өзара қарым-қатынасы Орталық Азиядағы этнотілдік, әлеуметтік-экономикалық, саяси және тарихи-мәдени жағдаяттарды түбегейлі өзгерткені сөзсіз.

Б.э.д. I мыңжылдықтарға қатысты Орталық Азияның археологиялық мәліметтері мен Н.И.Егоров ұсынған түркі этно-глотогенезінің көне дәуірлері туралы тұжырым<sup>1</sup> бір-бірімен толық үйлесім табады. Егер тақта бейіт археологиялық мәдениеті мен (шығыс) иран-карасук мәдениеттерінің прототүркілік идентификациям тұжырымдамасын негізге алатын болсақ, мынадай тарихи-тілдік концептуальдық парадигма түзіледі:

<sup>1</sup> Егоров Н.И. Проблемы генетической и хронотопологической стратификации лексики чувашского языка и теория о булгаро-чувашской этноязыковой преемственности.- Алма-Ата, 1992. – С.29-30.

б.э.д. II-I мыңжылдықтарда прототүркілер карасуктардан қола металлургия мен мал бағуды үйренеді, осыған байланысты прототүркі тілінде шығыс ирандық «мәдени» лексика қабаты қалыптаса бастайды;

б.э.д I мыңжылдықтардың алғашқы ғасырларында прототүркілер мал шаруашылығымен айналысатын номадтарға айналады, карасук мәдени типіндегі шығыс ирандықтардың прототүркілермен өте жақын араласуы, яғни ассимиляцияға ұшырау процесі басталады; прототүркілік стандарт Z-тілінде шығыс ирандық субстраттық қабат қалыптасады, соның нәтижесінде б.э.д. VIII-VII ғ. Моңғолияның барлық даласында басым позицияда көрініс берген огур-булгар-чуваш типіндегі R- тілі қалыптаса бастайды;

- б.э.д. VII-IVғ. түркілік Z-диалектілерінің огурлық R-тілінің булгар-чуваш типімен ассимиляциясы жүріле бастайды;

- б.э.д. IV-IIIғ. тарих аренасына R-тілді түркі тайпалары шығады. Көне қытай дереккөздерінде сюннү, дунху т.б. политонимдермен белгілі стандартты түркі диалектілерінде сөйлеген тайпалар біртіндеп моңғол даласының оңтүстік-батысы мен солтүстік-батысына ығысады;

б.э.д. III ғасырынан б.э. II ғасыры арасында Орталық Азияда сюннү және онымен туыстас ухуани, сяньби, мужун, жуаньжуани т.б. тайпалары басым күшке ие болады; Б.э. II ғасырында далада қуаңшылық басталып, сюннүлер Империясы құлайды да сюннү тайпаларының басым көпшілігі батысқа қарай – Жетісу, Оңтүстік Қазақстан, Арал бойы, одан әрі Жайыққа, оңтүстік орыс даласына, Дунай жағалауларына дейін қоныс аударады;

IV-Vғ. қуаңшылық аяқталып, Орталық Азияны негізінен Z-тілді түркі тайпалары мекендей бастайды. Осылайша Ұлы Далада көнетүркі дәуірі басталады<sup>1</sup>.

IVғ. орта шенінен тарих аренасына Тянь-Шаньның қыр-қыраттарында сақталып қалған түркілік стандартты Z-тілде сөйлеген «көк-түркілер» немесе «түркүттер» шығады. Көне қытайдың

<sup>1</sup> Түймебаев Ж.К. История тюрко-казахско-монгольских этноязыковых взаимоотношений. – Астана, 2008.- С.67-68

«Чжоу шу» тарихи хроникасы түркүттердің сюннү тайпаларынан екенін, рулық атауы Ашина аталатынын мәлімдейді.

Ашина сөзінің түп-тегі шығыс ирандық тілдерге барып саяды. Көне парсы, соғды тілдерінде *asna* «көк, қара қоңыр» дегенді білдіреді. С.Г.Кляшторный: «Көне түркі тілінде *кок* *turk* атауының алғашқы мағынасын жоғалтпауы оның басқа тілден (соғды) калькаланған атау екенін дәйектей түседі және Алғашқы Түркі қағанатының полиэтникалық сипаттағы мәдениетіне толықтай сай келеді» – дейді<sup>1</sup>. III ғ. аяғынан 460 жылдарға дейін Ашина «көк түріктерінің» мәдениеті мен тіліне олармен бір территорияда бірлесе өмір сүрген ирандық соғдылар мен үнді-еуропалық тохарлар белгілі дәрежеде ықпалын тигізеді.

VI ғ. бастап түркі этнолингвогенезінде жаңа дәуір басталады. Көне түркі қоғамының әлеуметтік жіктеліс процесі ерекше қарқын алып, түркілер билігі Моңғолияның далалы өңірінде ғана емес, Ұлы Даланың қазіргі Қазақстан және Орта Азия аймақтарына таралады, көне түркілердің саяси ықпалы батысқа қарай еңдей кіріп, оңтүстік орыс далаларына дейін кең қанат жаяды. Политоним *turk* (соғды. *turkut* ← < *turk* «Тұрандық» + *-ut* – көптіктің көрсеткіші) Еуразияда танымал болып, Византия, сирия, араб, тибет, қытай тілдерінде жазылған тарихи дереккөздерге енеді. Көне түркі тайпаларының ендігі жердегі этникалық даму процесі Бірінші Түркі қағанаты (551-630 жж.), Екінші Түркі қағанаты (682-745 жж.), Уйғыр қағанаты (745-840 жж.), Қырғыз қағанаты (IX-X ғ.) т.б. алғашқы феодалдық мемлекеттер аясында өрістейді.

Дәстүрлі тарихи дереккөздер Үлкен Хянганнан батысқа қарай созылатын Орталық Азия далаларында сонау сюннү дәуірінде де, көне түркі қағанаттары кезінде де моңғол тайпаларының атаулары кездеспейтінін мәлімдейді. Әйтседе түркітілдес және моңғолтілдес халықтардың бір территорияда ұзақ уақыт бірлесе өмір кешіп, бір-бірімен етене араласып, өте тығыз қарым-қатынаста болғанын тарих жоққа шығармайды.

<sup>1</sup> Кляшторный С.Г. Из древнетюркской ономастики: царский род «голубых тюрок» // Уч. зап. Санкт-Петербургского ун-та. № 430. Серия востоковедческих наук. Вып.35. Востоковедение,19: Филологические исследования.- СПб., 1997.- С.160-163.

X ғасырда Орталық Азияда қайталанған табиғи катаклизм көшпелі тайпалардың батысқа қарай жылжуына, сөйтіп этнотілдік жағдаяттың біршама өзгеріске түсуіне әкеп соққаны байқалады. Шығыстан көшкен оғыздардың қысымына шыдамаған қыпшақтар (печенегтер) Арал бойын тастап, Днепр жағалауларына кетеді, 915-916 жылдары кидандардан жеңілген қырғыздар Саян тауларының солтүстігіне қарай ойысады. Б.э. II мыңжылдықтарының алғашқы ғасырларынан бастап Ұлы Далада қысқа мерзімдік қуаңшылық аяқталып, малшаруашылығын дамытуға қолайлы жағдай қайтадан пайда болады. Бос қалған Орталық Моңғолия өңірін татарлар, керейттер, наймандар т.б. ру-тайпалар қоныстай бастайды. Бұған дейін Байкалдың шығысын, Онон және Шилк өзендері бойын, Амурдың орта сағасын мекендеп, аң аулаумен, балық аулаумен күнелтіп келген көне моңғол тайпалары дәл осы кезден малшаруашылығымен айналыса бастайды. Моңғол тайпаларының тарих аренасына шыққан дәуірі де осы кезеңмен тұстас келеді, басқаша айтқанда XII ғасырда Орталық Азияда Шыңғысхан құрған Ұлы Моңғол Империясының пайда болуы моңғол политонимін жаңа дәуір тарихының парақтарына мәңгіге қалдырады<sup>1</sup>

Моңғол шапқыншылығының Қазақстан территориясындағы этнотілдік жағдаятқа тигізген әсер-ықпалын этнолингвотарихи тұрғыдан сараптай келе, түркі-моңғол тілдік қатынасын қазақ тілінің тарихына байланысты:

- 1) XIII-XIV ғ. – қыпшақ-моңғол қарым-қатынасы;
- 2) XV-XVIII – қазақ-ойрат этнотілдік қарым-қатынасы;
- 3) XVIII – күні бүгінге дейін жалғасып келе жатқан қазақ-қалмақ этнотілдік қарым-қатынасы;
- 4) XIX ғасырдан қазірге дейін – қазақ-халха этнотілдік қарым-қатынасы деп төрт кезеңге бөлуге болады<sup>2</sup>.

Қазақ және моңғол тілдерінің қарым-қатынасы мәселесін қазақ тілінің тарихи лексикологиясының мәселесі тұрғысынан

<sup>1</sup> Түймебаев Ж.К. История тюрко-казахско-монгольских этноязыковых взаимоотношений. - Астана, 2008. - С.52-76.

<sup>2</sup> Түймебаев Ж.К. История тюрко-казахско-монгольских этноязыковых взаимоотношений. - Астана, 2008. - С.150-295.



өзектеген Ә.Т.Қайдар: «Қазақ пен моңғол тілдерінің қарым-қатынасын екі үлкен дәуірге бөліп қарастыруға болады: біріншісі – көне дәуір де, екіншісі – XII ғасырдан кейінгі, яғни Шыңғысхан бастаған моңғол шапқыншыларының Қазақстан мен Орта Азия жерін және оны мекендеген түркітілдес ру-тайпаларды жаулап алып, үстемдік еткен дәуір. Егер бірінші дәуірде түркі, моңғол тілдерінің, соның ішінде қазақ тайпалыры тілдерінің шығу тегі, базистік лексиканың, түбір тұлғалар мен сөз жасау моделдердің туыстығы, ортақтығы немесе сәйкестігі сөз болатын болса, екінші дәуірде бұл тілдердің тарихи жағдайларға байланысты ықпал-әсері, өзара лексикалық ауыс-түйіс мәселесі қарастырылады» – дейді. «Моңғол үстемдігі кезінде, яғни XIII-XIV ғасырлар аралығында Қазақстан территориясын негізінен түркітілдес халықтар мекендеді. Солардың арасында қазақтар автохтонды тұрғындар болып саналады. Осы кезде жергілікті халықтармен мидай араласып кеткен моңғол ру-тайпалары, о баста баста бұл өлкеге жаулап алушы болып келсе де, өзіне тән этностық дәстүрді, мәдениетін, тілін, дінін дамыта алмады, қайта жергілікті субстрат тарапынан ассимиляцияға душар болды. Олардың түркі тілдес қалың қауым арасына сіңіп кетуіне түркілер мен моңғолардың өмір сүру, тіршілік ету тәсілдеріндегі, салт-сана, әдет-ғұрпындағы ұқсастықтар, сәйкестіктер де себеп болды» – дей келе, Ә.Т.Қайдар моңғол тілдері мен түркі тілдерінің сол дәуірлердегі ықпал-әсері екі жаққа бірдей болғанын, сондықтан екі тілдің лексикалық қорында кездесетін көптеген ауыс-түйіс, ортақ дүниені заңды түрдегі субстрат, суперстрат құбылыс деп қарастырған жөн деп санайды<sup>1</sup>.

Шыңғысхан дәуірінен кейінгі кезеңдердегі қазақтар мен қалмақтар (ойрат) арасында болған жаугершілік, көршілестік, саяси-дипломатиялық т.б. тарихи-әлеуметтік оқиғалардың әсерінен қазақ тіліне моңғол тілінің элементтері көптеп енгені сөзсіз. Моңғол тілінің әсерін Қазақстан топырағындағы жер-су атауларынан да, кісі, ру-тайпа аттарынан да, тұрмыс-салтқа,

<sup>1</sup> Қайдар Ә.Т. Қазақ тілінің тарихи лексикологиясы: проблемалары мен міндеттері // Қазақ тілінің өзекті мәселелері.-Алматы, 1998. – Б.56-58.

әскери басқару, заң т.б. ұғымдарға байланысты да кездестіруге болады. Мұның сыртында қазақ және моңғол ру-тайпаларының арасында ерте кезден-ақ өзара қарым-қатынас жасаудың қажеттілігінен туған қостілділік құбылысының орын алғанын ел аузында сақталып қалған аңыз-әңгімелер (Абылай ханға, Қаздауысты Қазбек биге қатысты, т.б.), шешендер айтысы («Манастағы» Көкөтайдың асындағы т.б.), батырлық дастандар («Қарабек батыр» т.б.), лиро-эпостық жырлар («Қыз Жібек», «Айман-Шолпан») т.б. көрсете алады.

### § 10. Неоалтаистер зерттеулерінде «Тұран тілдік одағы» мәселесінің өзектелуі

Еуразияның кең байтақ далалық белдеуі, оның оңтүстігімен және солтүстігімен жапсарлас жатқан өңірлерінде кең таралған тілдердің әртүрлі тілдік топтар мен тілдік семьяларға жататынына қарамастан, олардың құрылым-құрылысында ареалдық және ұзаққа созылған тіларалық қарым-қатынастың нәтижесінде пайда болған типологиялық ұқсастықтар мен материалдық ортақтықтар орын алатыны белгілі. Осы орайда Орталық Азиядағы субстраттық-адстраттық-суперстраттық сипаттағы этнолингвомәдени байланыстарды мақсатты түрде зерттеу Ұлы Даланың этногенездік, саяси-әлеметтік, шаруашылық-экономикалық, этникалық және мәдени тарихындағы көптеген талас тудыртын даулы мәселелердің шешімін табуға мүмкіндік береді. Демек неоалтаистер тарапынан ұсынылып отырған Орталық Азия аумағындағы бірқатар тілдер мен тілдік семьялардың бірнеше мыңжылдықтарға созылған перманенттік конвергенциясы нәтижесінде қалыптасқан Тұран тілдік Одағының даму тарихын зерттеу идеясы Еуразиялық бірқатар тілдердің ұдайы қарым-қатынасқа түскен контактілік зоналарының, осы аймақ ауқымда пайда болған тарихи тілдік одақтар және басқада конвергенттік құрылымдардың негізгі белгілері мен лингвистика-

лық сипаттамаларын жинақтап көрсеткен зерттеулердің жоқтығынан туындайды.

Еуразияның далалық белдеуінде ертедегі тұрғындардың алғашқы тілдік ареалдарының ұзаққа созылған популяциондық және адаптациондық сипаттамаларының қалыптасу процесі жүрілгені, Орталық Азияда қазіргі түркі, орал, монғол, тұңғыс-маньчжур халықтарының ата-бабалары тайпалық одақтар құрып, бір-бірімен мидай араласқаны белгілі. Осы біртұтас географиялық кеңістікте болып өткен тарихи процестердің көптеген тілдерде құрылымдық, материалдық, семантикалық және функционалдық ортақтықтар мен ұқсастықтардың пайда болуына жетелегені сөзсіз. Олай болса Тұран этнотілдік одағы мәселесі компаративистика, контактология, контрастивтік және ареалдық лингвистика тұрғысынан кешенді зерттеуді талап ететін лингвистикалық нысан болып табылады<sup>1</sup>.

Қазірдің өзінде Тұран тілдік одағының қалыптасуына жетелеген нақты себептерді санамалап айтуға болады. Осы одақ шеңберіндегі материалдық, құрылымдық, семантикалық, функционалдық ортақтықтардың бір жартысы осы кезге дейін жалғасып келе жатқан түркі, иран, моңғол тілдерінің конвергенциясының нәтижесінде, енді бір жартысы Орталық Азия тілдеріне үнді-арий, шығыс-иран, оғыр-түркі (протобұлғар) т.б. ортақ субстраттардың тигізген әсерінен, енді бірқатары әр түрлі тарихи дәуірлерде осы регионда парсы, араб, көне түркі, орта қыпшақ, моңғол т.б. тілдердің өзара қарым-қатынасының негізінде пайда болды. Жалпы алғанда Тұран тілдік одағының қалыптасуына Орталық Азия регионьында әртүрлі тарихи дәуірлерге барып саятын сан алуан факторлардың тоғысуы мен қиысуы ықпал етті.

Тұран тілдік одағының құрылымдық параметрлері мен шетшекарасы үстіңгі қабаттағы әртүрлі изоглосстарды, контенсивтік-типологиялық ерекшеліктерді және олардың ареалдық-географиялық орыналасуын өзара салғастыру негізінде айқындалады. Тұран тілдік одағына белгілі бір тілдің ену, енбеуін анықтаудың

<sup>1</sup> Түймебаев Ж.К., Егоров Н.И., Чеченов А.А. Актуальные проблемы исследования языков Центральной Азии. Туранский языковой союз. – Кокшетау, 2009. – С.12-13.

критерийлеріне ареалдық жіктеліс белгілерінің нақты сапалық айырмашылықтағы элементтері алынады. Мұндай сапалық айырмашылық осы ареалдағы тілдерге немесе тілдік топтарға ортақ архаикалық шеттілдік субстраттың болғанын және оның тілдік одақтың қалыптасуына тигізген әсер-ықпалының деңгейін жанама түрде нұсқап көрсетеді.

Тұран тілдік одағын диахрондық тұрғыдан зерттеуде осы этнолингвистикалық бірлестікке енетін тілдердің басым көпшілігіне ортақ белгілердің бәрі бірдей барлық тілдерге тән емес екеніне назар аудару қажеттігі туындайды. Себебі әрбір тілдің одаққа енуінің қарқыны материалдық және мазмұндық элементтердің ортақтығының санына, сол тілдің нақты тілдік семьядағы функционалдық орнына, тіптен осы одаққа тән ортақ белгілердің бойынан табылуына қарай толық немесе жартылай болуы мүмкін. Тілдік одақтың тілдік семьядан түбегейлі айырмашылығы да осында, яғни тілдік семья құрамына тілдер ешқашан жарым-жартылай енбейді. Тұран тілдік одағына кіретін ұсақ этнотілдік бірлестіктердің «дәнекерлік тұтастығына» байланысты да ерекшеліктер байқалады.

Тарихи тұрғыдан Тұран этнотілдік одағы қалыптасуындағы диахрондық процесстердің кейбір тетіктерін қайта жаңғыртуға, бұл ареалға кейіннен келген тілдердің (кейбір түркі тілдерінің Қазақстан және Орта Азияға, моңғол тілдерінің Дешті Қыпшаққа, дунған тілінің Қырғызстанға, корей тілінің Қазақстанға т.б.) одаққа ену белгілерінің шартты түрдегі хронологиясын анықтауға болады. Жинақталған аса ауқымды тарихи, археологиялық, этнографиялық, әдеби, мәдени және лингвистикалық сипаттағы эмпирикалық материалдар Тұран тілдік одағының құрамына алтайлық бірлестік (өзара өте тығыз байланыстағы түркі-моңғол және моңғол-тұңғыс кіші бірлестіктері); орта-азиялық бірлестік (өзбек-тәжік және т.б. кіші бірлестіктерден құралатын түркі-иран,) енетінін байқатады. Олардың сыртында ерте кездерде Солтүстік Қазақстан территориясында қалыптасып, кейіннен ыдырап кеткен «орал-скиф» тілдік одағының, этнотілдік одақ деңгейіне біршама жақын келіп, кейіннен түркілік ортаға сіңісіп

кеткен Жетісу өңіріндегі шығыс-иран-оғыр (сақ-сүннү) өзара тығыз байланысының айқын емес іздері көрініс береді<sup>1</sup>.

Тұран тілдік одағы ареалы ішіндегі түркі, моңғол, иран, син-тибет тілдері және басқада генуиндік тілдердің құрылымдарында кездесетін ортақ типологиялық аномалиялар осы тілдердің ішкі кіші жүйелерінде орын алатын субстраттар құрылымын анықтау үшін ғана емес, сонымен қатар Орталық Азияда қалыптасқан түркіге дейінгі субстраттардың да біртұтас сипаттамасын жасау үшін қажет аса құнды материалдар береді.

Тұран тілдік одағы шеңберінде айқындалатын көптеген материалдық сәйкестіктер әдеттегі тұрпаттық-құрылымдық тұрғыдағы (фонемдік синтагматикадағы, кейбір сөзжасам модельдеріндегі тіларалық сәйкестіктер т.б.) тілдік құралдарға барып саятын болса, оларды түркі, моңғол, иран т.б. тілдердің өзара қарым-қатынасымен де, ортақ субстраттың әсерімен де түсіндіруге болады.

Егер тілдік одақтың құрамдас бөліктеріндегі ұқсастықтар, сәйкестіктер белгілі бір құрылымдардың тереңіне қатысты болып, ал үстіңгі қабаттық құрылымдарда ол әртүрлі тұрпатта көрініс беретін болса, ол ұқсастықтарды ортақ тілдік субстраттың әсер ету факторымен ғана түсіндіруге тура келеді. Мәселен, қыпшақ тілдерінің қаңлы тобында жаппай орын алған ызың *ш* дыбысының *с* дыбысына, аффрикат *ч* дыбысының *ш* дыбысына айналуын жойылып кеткен шығыс-иран типті белгісіз бір субстрат тілдің (сақтар немесе үйсіндер сөйлеген тілдер болуы мүмкін) әсер-ықпалымен түсіндіруге болады. Егер бұл жорамал дәлелденетін болса, Қазақстан территориясын мекендеген ертедегі сақтар мен үйсіндер қазіргі қазақтардың, қарақалпақтар мен ноғайлардың тарихи ата-бабалары тарапынан ассимиляцияға түсті деуге толық негіз болар еді. Басқаша айтқанда, ерте ортағасырдағы Кангюй (Кангха, Кангдиз) мемлекетінің иран тілдес тұрғындары X-XI ғасырларда түркілік қанғар немесе қаңлы ру-тайпалық одағы құрамына келіп қосылды, сондықтан да қазіргі қазақтар мен қарақалпақтарды тілі

<sup>1</sup>Түймебаев Ж.К., Егоров Н.И., Чеченов А.А. Актуальные проблемы исследования языков Центральной Азии. Тұранский языковой союз. -Кокшетау, 2009.- С. 16.

жағынан түркі-қыпшақтар, қандық туыстық жағынан шығыс-ирандықтар, яғни сақтар деуге болады. Мұның сыртында шығыс иран субстраты түркі тілдерінің бұлғар бұтағына да әсер етіп, мынадай дыбыстық жылжуды пайда болды: тектілдік ызың *ш* чуваш тілінде *сь*, ал тектілдік *ч* дыбысы *ш* аралық саты (венгр тіліндегі көне бұлғар кірмелерінде бекіген) арқылы *сь*ға айналған. Арғыбұлғар тайпалары (оноғұр-сабыр) хунну конфедерациясы құрамында б.з. I-IV ғасырларында үйсіндер, сақтар, қаңлылар және т.б. шығыс-иран тайпалары мекендеген қазіргі Қазақстан территориясы арқылы батысқа қарай өткені тарихтан белгілі. Демек түркі тілдерінің қаңлы-қыпшақ және бұлғар бұтақтарында орын алған бірдей фонетикалық жылжуды шығыс-иран субстратының ықпалымен түсіндіруге болады.

Жинақталған эмпирикалық материалдарды салыстырмалы-тарихи тұрғыдан тереңдеп зерттеген жағдайда осындай шығыс-иран субстратының іздерін Орталық Азия аймағы шеңберіндегі түркі тілдерінің құрылымдық деңгейінің қай-қайсысынан да табуға болады<sup>1</sup>.

Тұран тілдік одағының қалыптасуын, эволюциялық даму барысын зерттеу тілтанымдық тұрғыдан маңызды ғана емес, уақыт пен кеңістік шеңберіндегі этномәдени қарым-қатынастардың және этнолингвомәдени континуумдардың өзара ықпал-әсерінің әртүрлі типтерін анықтау тұрғысынан да өзекті. Олай болса Тұран тілдік одағын зерттеудегі қазіргі таңдағы басты мақсат – Орталық Азияның әр түрлі ареалында, онымен шекаралас жатқан географиялық аймақтарда ертеректерде орын алған, сондай-ақ қазіргі кездерде де жүріп жатқан тілдік және этномәдени контактілердің типтерін айқындау және оларды жан-жақты қарастыру болмақ. Осыған орай мынадай міндеттердің шешімін табу көзделеді:

- Тұран тілдік одағының пайда болу, қалыптасу және даму барысын зерттеу;

<sup>1</sup> Түймебаев Ж.К., Егоров Н.И., Чеченов А.А. Актуальные проблемы исследования языков Центральной Азии. Туранский языковой союз. -Кокшетау, 2009.- С.17.

- осы одаққа енетін тілдердің қарым-қатынасқа түсу жолдарын және этномәдени дәстүрлерді тарихи ретроспектілік және қазіргі заман тұрғысынан зерделеу;

- әртүрлі табиғи-географиялық ареалда сан алуан шаруашылықтық-мәдени типтерді қалыптастырған әртүрлі халықтардың этникалық менталитетін, ареалдық дүние бейнесін танытатын мифопоэтикалық, фольклорлық және дүниетанымдық дәстүрлерді зерттеу;

- Тұран тілдік одағы ареалындағы этномәдени, әлеуметтік-экономикалық, саяси процестердің тарихи динамикасын зерттеу;

- Тұран тілдік одағы шеңберіне кіретін көптеген тілдердің тарихи қарым-қатынастарының себеп-салдарларын, із-таңбаларын анықтау<sup>1</sup>. Жоғарыдағы міндеттерді түркітану тұрғысынан өзектесек, түркі тілдес халықтардың үнді-арийлықтармен (андронов, карасук, тагар т.б. мәдениеті өкілдерімен), шығыс-ирандықтармен (скифтер, сақтар, үйсіндер), тохарлармен, син-тибеттермен, палео-азиаттармен, енисей, самодий, угор, моңғол, тұңғыс-маньчжур, парсы, араб, шығыс славян т.б. халықтармен болған тарихи қарым-қатынастарының тілге тигізген әсер-ықпалын кешенді тұрғыдан (компаративтік-контрастивтік-ареалдық-контактологиялық) тереңдеп зерттеу қажеттігі туындайды.

Қорыта айтқанда, алтаистика ғылымының қалыптасуы мен дамуын, ондағы ғылыми бағыттар өкілдерінің басты ғылыми тұжырымдарын, алтаистиканың пікірталас тудыратын өзекті мәселелерін т.б. теориялық проблематикаларды сараптау барысында, ХХІ ғ. бастапқы ширегіндегі алтаистика ғылымының жалпы сипаты айқындалады. Бұл кезеңде дәстүрлі (ортодоксалдық) алтаистикалық, антиалтаистикалық, неоалтаистикалық бағыттар қатарласа дамиды деуге болады. Аталған үш бағыттағы ғылыми зерттеулердің тоғысы қазіргі заманғы алтаистиканың алдында тұрған төмендегідей келелі сұрақтардың шешімін табуға мүмкіндік берері сөзсіз:

<sup>1</sup> Бұл да сонда, С.18-19.

арғыалтайлық этникалық бірлестігінің тілі қайда және қашан, қандай қоғамдық-тарихи жағдайларда қалыптасты, қандай бағыттарда дамыды?

арғыалтай тілінде сөйлеген адамдардың қоғамдық болмысының теориялық тұрғыдағы формалары қандай болды?

прототүркі, протомоңғол, прототұңғыс-маньчжур, сондай-ақ протокорей және протожапон тілдеріне ортақ грамматикалық құрылым мен сөз қорының жалпы сипаты қандай?

алтай тілдерінің неолиттен біздің заманға дейінгі прогрессивті даму барысы қандай болды?

алтай семьясы тілдері арасындағы өзара жақындықтың дәрежесі мен тілдік өзгерістердің қарқынын глоттохронологиялық тұрғыдан анықтау қандай нәтижелер береді?

екінші қатарлы сәйкестіктер жүйесінде ортақ ареалдық белгілерді пайда болдырған алтай семьясының өз ішіндегі және алтайсырты тілдерімен (үнді-еуропа, семит, угор-фин т.б.) болған қарым-қатынастардың этнолингвомәдени және этнолингвоконтактологиялық сипаты қандай болды?

сыртқы тілдердің алтай тілдеріне тура және делдалдық сипатта болып келетін контактілік, субстраттық, суперстраттық, адстраттық әсер-ықпалдары қай дәуірлерді, қандай ареалдық-географиялық және лингвоэтникалық кеңістіктерді қамтиды?

Түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур, сондай-ақ жапон және корей сияқты бес тілдік топтан құралатын алтай макротілдік тобының о бастағы тектілдік күйінен қазіргі кезге дейінгі дамуын көрсететін біртұтас алтаистикалық лингвистикалық понараманы:

ортодоксалдық алтаистика бағытындағы зерттеулердің нәтижесінде бүгінгі таңда дербес ғылым саласы деңгейіне көтерілген салыстырмалы-тарихи алтай тіл білімінің табыстарын;

алтайлық халықтардың өз арасындағы және өзге жұрттармен болған ежелгі ареалдық-географиялық және этнолингвоконтактологиялық қарым-қатынастарының табиғи болмысын



анықтау барысында неолингвистикалық бағыттағы зерттеулердің жетістіктерін;

алтай семьясының түркі, моңғол, тілдік бұтақтарды құрайтын қазіргі тілдерді бір-бірімен синхрондық тұрғыдан қарастыратын (қазақ-моңғол, қырғыз-қалмақ, хакас-бурят, тува-бурят, бурят-орочи т.б.) салғастырмалы-типологиялық зерттеулердің нәтижелерін бір-бірімен ұштастыру, сабақтастыру, біріктіру арқылы түзуге болады.

## АЛТАЙЛЫҚ ТЕКТІЛДІҢ ФОНОЛОГИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІ

### § 1. Алтайлық тектілдің (арғыалтай тілі) дауыссыздар жүйесін реконструкциялау мәселесі

Тілдер туыстығын анықтауда қайталанып келіп отыратын, тұрақты дыбыстық сәйкестіктерге жүгінудің аса маңыздылығын компаративист ғалымдардың барлығы атап айтады. Мәселен, С.А.Старостин: «Екі немесе одан да көп тілдердің туыстығын анықтау үшін:

1) салыстырылушы тілдер арасында тұрақты дыбыстық сәйкестіктер жүйесінің орын алуы;

2) саны жағынан біршама ауқымды базистік лексиканың болуы және олардың тұрақты дыбыстық сәйкестіктермен көмкерілуі;

3) бір-бірімен сәйкес түсіп жататын грамматикалық тұлғалардың мол болуы және олардың да тұрақты дыбыстық сәйкестіктермен көмкерілуі қажет» – дейді<sup>1</sup>.

«Дыбыс әртүрлі позицияда әр қалай өзгеріске ұшырайтындықтан, дыбыстық сәйкестіктер сөздың басында, ортасында және аяғында, яғни үш негізгі позицияда қарастырылады. Бұл жағдайларда дыбыстық заңдылықтың көрсеткішіне бірен-саран дыбыс-

<sup>1</sup> Старостин С. А. Алтайская проблема и происхождение японского языка.- М.,1991.- С.2.

тық сәйкестіктер емес, заңды түрде қайталанып келіп отыратын көптеген рефлекстер алынады» – дей келіп, Б.А.Серебренников сөз басындағы түркілік тектілік *j* дыбысының қазақ тілінде *ž*, қырғыз тілінде *ž*, алтай тілінде *dž*, чуваш тілінде *š*, якут тілінде *s*, хакас тілінде *š* дыбысына айналғанын және бұл өзгерістің осы позицияда үнемі қайталанып келіп отыратынын, ал сөз соңында *j* өзгеріске ұшырамағанын айтады<sup>1</sup>: қырғ. *žol*, қаз. *žol*, алт. *džol*, чув. *šul*, якут. *suol*, хакас. *šol* < \**jōl*; қаз. *žoq*, < \**jōq*, қаз. *aj* < \**aj*, қаз. *baj* < \**bāj* т.б.

Кез-келген тілдер және тілдік топтар арасындағы туыстық байланысты дәлелдеу үшін, оларға ортақ тектілдің сұлбасын жаңғырту, қалпына келтіру қажеттігі туындайды. Мұнда, ең алдымен, вокализмдер мен консонантизмдердің жалпы сұлбасын жаңғыртуға басты назар аударылады және жаңғыртылған тектілдің дауысты және дауыссыз дыбыстары белгілі бір заңдылыққа бағынған дыбыстар жүйесін немесе желіні құрауы қажет. Егер дұрыс жаңғыртылып, қалпына келтірілетін болса, қазіргі қолданыстағы тілдердің дауысты және дауыссыз дыбыстар жүйесі секілді олар да табиғи жүйені көрсете алады<sup>2</sup>.

«Тіл деңгейлерінің жекелеген элементтерін жаңғырту арқылы тілдің кіші жүйелерінің әрқайсысын (фонологиялық, грамматикалық, лексикалық) қайта жаңғыртуға, қалпына келтіруге болады, соның негізінде біртұтас тектілдік жүйенің реконструкциясын жасаудың алғы шарттары қалыптасады» – дейді Э.Р. Тенишев<sup>3</sup>.

Түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур және корей тілдері арасындағы дыбыстық сәйкестіктердің фиксациясын жасаудан басталған алтайлық тектілдің фонологиялық жүйесін жаңғырту, қайта қалпына келтіру мәселесі Г.Рамстедт, Н.Поппе, Л.М.Щербак, В.И.Цинциус, Е.Л.Хелимский, М.Рясянен, В.М.Иллич-Свитыч,

<sup>1</sup> Серебренников Б.А. Проблема достаточности основания в гипотезах, касающихся генетического родства языков // Теоретические основы классификации языков мира. Проблемы родства. -М., 1982. – С. 11.

<sup>2</sup> Серебренников Б.А. Проблема достаточности основания в гипотезах, касающихся генетического родства языков // Теоретические основы классификации языков мира. Проблемы родства. -М., 1982. – С. 47-62.

<sup>3</sup> Тенишев Э.Р. О методах и источниках сравнительно-исторических исследований тюркских языков // Избранные труды. Книга первая. -Уфа: Гилем, 2006.-304с. С.18-22.

И.Бенцинг, С.А.Старостин, Ж.К.Түймебаев т.б. алтаист ғалымдар зерттеулерінде жан-жақты қарастырылады<sup>1</sup>.

Қалпына келтірілген алтайлық тектілдің дауыссыздар жүйесі тоғысыңқы *p, t, q, k, h, d, g, g*; жабысыңқы *c, j*; жуысыңқы *w (ft), s, s, j, γ*; мұрын жолды *m, n, q*; жанама *l<sup>1</sup>, l*; діріл *r<sup>1</sup>, r<sup>2</sup>* дауыссыз дыбыстардан тұрады<sup>2</sup>. Н.Поппенің «Алтай тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» атты классикалық зерттеуінде 18 фонемнен құралатын алтайлық тектілдің дауыссыз дыбыстар жүйесі былайша жаңғыртылады<sup>3</sup>:

<i>p</i>	<i>b</i>	<i>m</i>		
<i>t</i>	<i>d</i>	<i>n</i>	<i>r<sup>1</sup>, r<sup>2</sup></i>	<i>l<sup>1</sup>, l<sup>2</sup></i>
<i>k</i>	<i>g</i>	<i>ŋ</i>		
<i>č</i>	<i>ž</i>	<i>ń</i>	<i>s</i>	<i>j</i>

Н. Поппе «Алтай тіл біліміне кіріспесінде» алтайлық тектілдің дауыссыздар жүйесі бойынша анықталған сөз басындағы және сөз ортасындағы сәйкестіктердің төмендегідей сызбасын ұсынады:<sup>4</sup>

<sup>1</sup> Ramstedt G.J. Frage nach der Stellung des Tschuwassischen. - JSFOu. XXXVIII, 1922-1923. Ramstedt G.J. Einführung in die altaische Sprachwissenschaft.I. Lautlehre. - Helsinki, 1957. Poppe N. Vergleichende Grammatik der Altaischen Sprachen. T. 1. Vergleichende Lautlehre. -Wiesbaden, 1960; Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. - Л., 1970. - С.96-97; Цинциус В.И. Сравнительная фонетика тунгусо-маньчжурских языков. -Л., 1949; Цинциус В.И. Этимология алтайских лексем с анлаутными придыхательными смычными губно-губным \*p' и заднеязычным \*k' // Алтайские этимологии. - Л., 1984; Хелимский Е.А. Происхождение древнетюркского чередования r ~ z и дилемма "ротацизма/зетацизма" -М., 1985; Rasanen M. Uralaltaische Wortforschungen. - Helsinki, 1955; Рясянен М. Материалы по исторической фонетике тюркских языков. / Пер. с нем. А. А.Юлдашева. - М., 1955; Иллич-Свитыч В.М. Алтайские дентальные: t, d, δ. // Вопросы языкознания, 1963. № 6.; Иллич-Свитыч В.М. Алтайские гуттуральные \*k', \*k, \*g //Этимология 1964. - М., 1965; Иллич-Свитыч В.М. Соответствия смычных в ностратических языках. // Этимология 1966. - М., 1968; Benzing J. Die tungusischen Sprachen. Versuch einer vergleichenden Grammatik. - Wiesbaden, 1955; Старостин С. А. Алтайская проблема и происхождение японского языка. - М., 1991; Түймебаев Ж.К. Проблема анлаутных губных согласных в алтайских языках (Ревизия фонетического закона Рамстедта – Пеллио). - М., 2005; Мудрак О. А. Развитие сочетаний с \*ʃ в праалтайском языке//Доклады конференции памяти С. А. Старостина. Российский государственный гуманитарный университет. - М., 2006. - С. 338-352.

<sup>2</sup> Тенишев Э.Р. Алтайские языки // Языки мира: Тюркские языки.-М., 1996. - С.9

<sup>3</sup> Poppe N. Vergleichende Grammatik der Altaischen Sprachen. T. 1. Vergleichende Lautlehre. - Wiesbaden, 1960.

<sup>4</sup> Poppe N. Introduction to Altaic Linguistics.- Wiesbaden, 1965. - P.197.

Сөз басындағы дауыссыз дыбыстар сәйкестігі:

Маньчжур- тұңғыс	Моңғол	Чу- ваш	Түркі	Реконструкцияланған жалпы фонема
<i>p</i> (голди(нанай))	<i>f</i> (моңғ.)	∅	∅	* <i>p</i>
<i>t</i>	<i>T</i>	<i>t</i>	<i>t</i>	* <i>i</i> , * <i>i</i> дыбыстары- нан басқа кез келген дауыстының алдында * <i>t</i>
<i>č</i> (маньчжур.)	<i>č</i>	<i>č</i>	<i>t</i>	* <i>i</i> , * <i>i</i> алдында * <i>t</i>
<i>k</i>	<i>k</i>	<i>k</i>	<i>k</i>	тіл алды дауыстылар бар сөздерде * <i>k</i>
<i>k</i>	<i>q</i>	<i>x</i>	<i>q</i>	тіл арты дауыстылар бар сөздерде * <i>k</i>
<i>b</i>	<i>b</i>	<i>p</i>	<i>b</i>	* <i>b</i>
<i>d</i>	<i>d</i>	<i>ś</i>	<i>y</i>	* <i>i</i> дыбысынан басқа кез келген дауысты дыбыстың алдында * <i>d</i>
<i>j</i> (маньчжур)	<i>j</i>	<i>ś</i>	<i>y</i>	* <i>i</i> алдында * <i>d</i>
<i>g</i>	<i>g</i>	<i>k</i>	<i>k</i>	тіл алды дауыстылар бар сөздерде * <i>g</i>
<i>g</i>	<i>g</i>	<i>x</i>	<i>q</i>	тіл арты дауыстылар бар сөздерде * <i>g</i>
<i>č</i>	<i>č</i>	<i>ś</i>	<i>č</i>	* <i>č</i>
<i>j</i>	<i>j</i>	<i>ś</i>	<i>y</i>	* <i>j</i>
<i>s</i>	<i>s</i>	<i>s</i>	<i>s</i>	* <i>i</i> дыбысынан басқа кез келген дауысты дыбыстың алдында * <i>s</i>
<i>š</i> (маньчжур)	<i>š</i>	<i>š</i>	<i>s</i>	* <i>i</i> дыбысының алдында * <i>s</i>
<i>y</i>	<i>y</i>	<i>ś</i>	<i>y</i>	* <i>y</i>
<i>m</i>	<i>m</i>	<i>m</i>	<i>b</i>	* <i>m</i>
<i>n</i>	<i>n</i>	<i>ś</i>	<i>y</i>	* <i>n</i>
<i>ń</i>	<i>n</i>	<i>ś</i>	<i>y</i>	* <i>ń</i>

Мысалы:

1. Голди (нанай) *pāra* «шана», маньч. *fara id.* = моңғ.-жазба *aral* «күйме, арбаның тұтқасы» = тат. *ariš id.*; моңғ. *fudur* < \**purtu*

«ұзын», моңғ.-жазба *urtu*, орта моңғ. *hurtu id.* = чув. *vărăm* < \**urun* «ұзын» = көне түрк. *uzun* «ұзын».

2. Эвен. *tatigā-* «оқыту» = моңғ.-жазба *tačiya-* < \**tatigā-* «жаман әдетке бой ұру» = чув. *tutā-* «тату» = көне түрк. *tat-* «тату, татып көру».

3. Эвен. *tikunŋi-* < \**tikungī-* «біреуді ашуландыру» = моңғ.-жазба *čiqul* < \**tikul* «ашу» = көне түркі *tīqil-* «ашулану»; жазба моңғол *čilayun* < \**tiālagūn* «тас» = чув. *čul* < \**tiāl id.* = көне түрк. *tāš id.*

4. Эвен. *kepe-* «ісу» = моңғ.-жазба *köge* – < \**köpē-* *id.* *kögesün* < \**köpērsün* «көбік» = чув. *kāpāk* «көбік» = көне түркі *köpük* «көбік», алтай түрк. *köp-* «ісу».

5. Маньч. *qarqa-* «тырнау, скрипкада ойнау» = моңғ.-жазба *qar-* «тырнау, қазу» = чув. *xir-* «қазу» = көне түрк. *qaz-* *id.*

6. Эвен. *bök-* «кідірту, кешіктіру, бөгет болу» = моңғ.-жазба *boyo-* < \**bogā-* «байлау» = чув. *pāv-* «түншықтыру, басу» = көне түрк. *boy-* «түншықтыру, басу».

7. Маньч. *delün*, эвен. *dēlin* «жал» = моңғ.-жазба *del* < \**dēl id.* = чув. *šilxe* < \**yēlkei id.* = көне түрк. *yel (yil) id.*; ламут (эвен) *dal-* «тілмен жалау», эвен. *dala-* *id.* = моңғ.-жазба *doluya-* < \**dalugā-* *id.* = чув. *šula-* «жалау» = көне түрк. *yalya-* < \**dalugā-* *id.*

8. Маньчж. *jili* «бұғы мүйізінің түбі, негізі», голди (нанай) *jeli* «бас», эвен. *dil* «бас» = моңғ.-жазба *jiluya* «самай; делбе (тізгін)».

9. Эвен. *gedimik* «қарақұс, желке», *geṭkeṇ id.* = моңғ.-жазба *gejige* < \**gedikē* «белгі» = көне түрк. *keḍin* «кейін», якут *kätäx* «қарақұс, желке», шағат. *kizin* «арты, артында».

10. Маньч. *gala* < \**gāla* «қол», эвен. *ŋālē id.* = моңғ.-жазба *gar id.* = шағат. *qarī* «қол»; ламут (эвен) *gobja-* < \**gubi-ja-* «аңду, қуу» = моңғ.-жазба *guiyu-* < \**guiyi-* < \**gubi-* «жалыну, сұрау» = чув. *xāvāla-* < \**qubgala-* «аңду, қуу» = көне түрк. *quw-* «аңду, қуу».

11. Эвен. *čāgū* «алыс», маньч. *čālā* «басқа жағы» = орта моңғ. *ča* «басқа жағы»; маньчж. *čikin* «шеті» = моңғ.-жазба *čikin* «құлақ» = шағат. *čikin* «мойын мен жауырынның арасы, желке»; моңғ.-жазба *čigigan* < *čibikan* «ісік, сыздауық» = чув. *šāpan id.* = түрік. *čiban id.*

12. Эвен. *jeye* «пышақ жүзі» = моңғ.-жазба *jegün* «ине» = шағат. *ignä* < \**yignä* < \**yegnä* «ине»; эвен. *jugu-* «тасу, жеткізу», маньч. *juve-*

*id.* = моңғ.-жазба *jüge- id.* = көне түрк. *yü-*ден «тасымалдау», *yük* «жүк»; эвен. *jikte* «жидек», улча *juste*, гол. *jusikte* «қара жидек, көк жидек» = моңғ.- жазба *jigde* «қытай құрмасы», *jedegene* < *\*jigdegene* «бүлдірген, құлпынай» = чув. *širla* < *\*jigdläk* «жидек» = алт. *yiläk id.*

13. Эвен. *şelē-* «ояту» = моңғ.-жазба *seri-* «ояту, есті болу» = шағат. *sāz-* «сезу»; моңғ.-жазба *saγa-* «сауу» = чуваш *su-* «сауу» = көне түрк. *saγ-* *id.*

14. Эвен. *sirugi* «құм, өзендегі саяз жер» = моңғ.-жазба *širuyai* «шаң, жер» = чув. *šur* < *\*šār* < *\*siār* «ми батпақ, саз батпақ, саз» = шағат. *saz* «ми батпақ, саз батпақ, саз»; эвен. *silgin-* «дірілтеу, қалтырау, сілкілеу», ламут *hilgin- id.* = моңғ.-жазба *šilged-* «сілку» = құм. *silik-* «сілку», түрік *silk- id.*

15. моңғ.-жазба *yada* «шамасы жетпеу, жағдайы болмау», *yadayu* «жағдайы болмау» = чув. *šuran* < *\*yadayin* «жаяу» = көне түрк. *yadaγ* «жаяу, жаяу жүргінші»; эвен. *yegin* < *\*yegün* «тоғыз» = моңғ.-жазба *yesün* < *\*yersün id.*

16. моңғ.-жазба *meŋge* «мең» = түрік *bänäk id.*, *bäniz* < *\*mäñiz* «бет, әлпет»; эвен. *moŋon* < *\*moingon* «мең» = моңғ.-жазба *mojinog* < *\*mojinak* «бұғақ» = көне түрк. *boγun* «мойын», якут *mōy id.*

17. эвен. *napta-* «түзу, тік жату», *naptama* «тік, түзу» = моңғ.-жазба *nabtayī-* «түзелу», *nabtagar* «төмен, аласа»; эвен. *neŋesin-* «жөндеу, түзету» = моңғ.-жазба *neme-* «қосу».

18. маньч. *nārхун* «жас, жаңа» = моңғ.-жазба *nirai* < *\*nīārai* «жаңа туған» = чув. *šur* < *\*yār* «жаз» = көне түрк. *yaz* «көктем»; эвен. *ñetime* «нәзік, жұмсақ, биязы, текті» = жазба моңғол *nimgen* «жұқа, арық» = көне түрк. *yimšaq* «жұмсақ».

**Сөз ортасындағы дауыссыз дыбыстар сәйкестігі:**

Маньчжур-түңғыс	Моңғол	Чуваш	Түркі	Реконструкцияланған жалпы фонема
<i>p</i>	<i>b/γ</i>	<i>p</i>	<i>p</i>	<i>*p</i>
<i>b</i>	<i>b/γ</i>	<i>v</i>	<i>b</i>	<i>*b</i>

<i>t</i>	<i>t</i>	<i>t</i>	<i>t</i>	<i>*i</i> дыбыстарынан басқа кез келген дауыстының алдында <i>*t</i>
<i>t</i> (маньчжур.)	<i>č</i>	<i>č</i>	<i>t</i>	<i>*i, *i</i> алдында <i>*t</i>
<i>d</i>	<i>d</i>	<i>r</i>	<i>ð</i>	<i>*i, *i</i> дыбыстарынан басқа кез келген дауысты дыбыстың алдында <i>*d</i>
<i>d</i> , маньчж. <i>j</i>	<i>j</i>	<i>r</i>	<i>ð</i>	<i>*i, *i</i> алдында <i>*d</i>
<i>k</i>	<i>k/g</i>	<i>k</i>	<i>k</i>	тіл алды дауыстылар бар сөздердің түбірінде <i>*k</i>
<i>k</i>	<i>q/g</i>	<i>x</i>	<i>q</i>	тіл арты дауыстылар бар сөздердің түбірінде <i>*k</i>
<i>g</i>	халх.- моңғ. <i>g/Ø</i>	<i>v</i>	<i>g</i>	тіл алды дауыстылар бар сөздердің түбірінде <i>*g</i>
<i>g</i>	халх.- моңғ. <i>G/Ø</i>	<i>v</i>	<i>γ</i>	тіл алды дауыстылар бар сөздердің түбірінде <i>*g</i>
<i>č</i>	<i>č</i>	<i>ś</i>	<i>č</i>	<i>*č</i>
<i>j</i>	<i>j</i>	<i>y</i>	<i>y</i>	<i>*j</i>
<i>s</i>	<i>s</i>	<i>s</i>	<i>s</i>	<i>*i, *i</i> дыбыстарынан басқа кез келген дауыстының алдында <i>*s</i>
<i>s</i>	<i>š</i>	<i>š</i>	<i>s</i>	<i>*i, *i</i> алдында <i>*s</i>
<i>y</i>	<i>y/γ</i>	<i>y</i>	<i>y</i>	<i>*y</i>
<i>m</i>	<i>m/γ</i>	<i>m</i>	<i>m</i>	<i>*m</i>
<i>n</i>	<i>n</i>	<i>n</i>	<i>n</i>	<i>*n</i>
<i>ń</i>	<i>n</i>	<i>y</i>	<i>ñ</i>	<i>*ń</i>
<i>ŋ</i>	<i>ŋ/γ</i>	<i>n</i>	<i>ŋ</i>	<i>*ŋ</i>
<i>l</i>	<i>l</i>	<i>l</i>	<i>l</i>	<i>*l<sup>1</sup></i>
<i>l</i>	<i>l</i>	<i>l</i>	<i>š</i>	<i>*l<sup>2</sup></i>
<i>r</i>	<i>r</i>	<i>r</i>	<i>r</i>	<i>*r<sup>1</sup></i>
<i>r</i>	<i>r</i>	<i>r</i>	<i>z</i>	<i>*r<sup>2</sup></i>



Моңғол тілінде белгілі бір дауыссыз дыбыстар бастапқы екпін түспейтін дауыстының (әлді позиция) алдында және бастапқы екпінсіз дауыстының (әлсіз позиция) алдында екі түрлі өзгеріске түседі, яғни, *b/ү* әлді позицияда *b*, әлсіз позицияда *ү* түрінде кездеседі. Мысалы:

1. Моңғ.-жазба *taba* < \**tāpa* «қанағаттану» = орта түрк. *tap* «ылди, еңіс»; моңғ.-жазба *ebei* < \**épe* + *-i* «ардақты ана» = чув. *appa* < \**āpā* «әпке»; эвен. *кeрe-* «ісу, үлкею», *кeрeп* «ісік» = моңғ.-жазба *köge-* < \**köyē-* < \**köpē-* «ісу, үлкею» = сойот *köp-* «ісу, үлкею», көне түрк. *köpük* «көбік».

2. Моңғ.-жазба \**kébi-* «шайнау, сағыз шайнау» чув. *kavle-* id. = түрік *gäv-* «шайнау, мүжу», *gävış* «сағыз»; моңғ.-жазба *aba* < \**āba* «аң аулау» = көне түрк. *ab* id.; моңғ.-жазба *gaγurasun* < \**gabūrasun* «сабан, қауырсын» = түрік *qavuz* «тарының үгіндісі»; моңғ.-жазба *qıwa* < \**kubā* «ашық, сары, боз» = телеут *qıba* «боз».

3. Эвен. *etirkēn* «шал», ламут *eṭe* «ата» чув. *vatā* < \**öte* «кәрі» = көне түрк. *öt-* «өту»; маньч. *futa* < \**puta* «жіп, арқан» = моңғ.-жазба *utasun*, ортамоңғ. *hutasun* «жіп, иірілген жіп» = якут *utax* < \**putak* «қалың арқанның ширатылған жібі».

4. Эвен. *tatigā-* «оқыту», маньч. *tači-* «оқу» = моңғ.-жазба *tačiya-* < \**tatigā-* «жаман әдетке бой ұру» = көне түрк. *tat-* «тату, татып көру».

5. Эвен. *bodo* «тұрмыс салты» = жазба моңғол *boda* «дене» = *bođ* көне түрк. «дене, субстанция»; моңғ.-жазба *čida-* «әлі жету, жену» = чув. *čar-* «кідірту, кешіктіру, бөгет болу» = көне түркі *tīđ* «кідірту, кешіктіру, бөгет болу»; маньч. *fatxa* < \**padakai* «табан» = моңғ.-жазба *adag* «соңы, өзеннің төмен ағысы» = чув. *ura* < \**adak* «аяқ» = көне түрк. *ađaq* «аяқ».

6. Маньч. *fajilan* < \**padiran* «бөлім, қабырға», голд. (нанай) *pāji* «бөлінген, ажыратылған» = моңғ.-жазба *ajira-* «байқау, көңіл аудару», *aji* < \**padī-* id. = көне түрк. *ađin* «басқа», *ađir-* «айырып тану, ажырату»; Эвен. *gedimuk* «кежеге, қарақұс, желке», ламут *gedekē* id. = моңғ.-жазба *gejige* «белгі» = көне түрк. *kādin* < \**gedin* «артында», якут *kätāx* < \**gedek* «бастың арт жағы, қарақұс, желке».

7. Эвен. *ekē* «әпке», ламут *eḱen* id. = моңғ.-жазба *eke* «ана» = чув. *akka* < \**ākā* «әпке»; эвен. *bekē* «дөңес, төмпешік» = моңғ.-жазба *böken*

id. = шағат. *bükri* «бүкірейген, майысқан»; моңғ.-жазба *üker*, орта моңғ. *hüker*, моңғыр. *fuguo* «бұқа, өгіз» = чув. *vākār* id. = көне түрк. *öküz* id..

8. Эвен. *akā* «әкесінің інісі не анасының бауыры» = моңғ.-жазба *aqa* «аға» = көне түрк. *aqa* «аға», якут *ауа* < \**aqa* «әке».

9. Эвен. *jugukte* «ара, бал ара», *jugunuk* «ара», ламут *jewet* id. = моңғ.-жазба *jögei* id.; моңғ.-жазба *bögüji* «айылбас, ілгек», *bögöldürge* «қамшының ұшы» = chag. *bögüt* «түйме»; маньч. *fuxi* < \**rögü* «сүйел, өсік» = халха *ū*, моңғ. *egün* < \**rögün* id. = якут *üөн* < \**rögün* id.; халха *bō* «шаман, бақсы», моңғ.-жазба *büge* id. = көне түрк. *bügü* «дана», түрік *büyü* id.

10. Эвен. *agī* «ашық алаң, дала, жазық дала, шөл дала, сахара», эвен. *aglān* «дала, сахара» = халха *agui*, моңғ.-жазба *agui* «жазира, кең жазық», моңғ.-жазба *aglag* «елсіз дала, шөл дала»; эвен. *sigī* «бұта, тал-шілік, қалың орман, ну тоғай», *sigīta* «қалың», «қалың орман, ну тоғай» = моңғ.-жазба *šigui*, халха *šigī* «орман»; моңғ.-жазба *boyorla-*, халха *bōrlo-* «күрту, түбіне жету» = чув. *pīr* «көмей» = көне түрк. *boyaz* «көмей»; халха *sā-* «сауу», жазба моңғол *sayu-* id. = шағат. *say-*, якут *ia-* < \**say-* id.

11. Маньч. *ačan* «буын», *ača-* «қосу, біріктіру», *ačabin* «бірлестік, одақ, қосылу» = моңғ.-жазба *ača* «тарамдану, екіге айырылу, бөліну» = көне түрк. *ač-* «ашу»; эвен. *tičū-* < \**bičawu-* «қайта оралу», *tičün* «қайта оралу» = моңғ.-жазба *biča-* «қайту, оралу» = шағат. *bičtaq* «бұрыш, аспект».

12. Маньч. *fujuri* «шығу тегі, бастау» = моңғ.-жазба *ijaγur*, орта моңғ. *hija* «*ur/huja*» *ur* < \**rijaγur* id.; моңғ.-жазба *oju-* «сүю» = қырғ. *oyun* «ойын», көне түрк. *oyuna-* «ойнау».

13. Эвен. *kešē* «бақытсыздық, сәтсіздік, қайғы-қасірет, азап», *kešēje* «қайғы-қасірет, азап шегу» = моңғ.-жазба *kese-* «өкіну, опық жеу», *kesege-* «жазалау», орта моңғ. *kese-* «ескерту, жол бермеу, бетін қайтару»; алтай түркі *kāzān-* «қорқыту, сескендіру»; маньч. *fusu-* «шашырату, бүрку, себу», голди (нанай) *pisinēsiu-* id. улч. *pisūri* id. = моңғ.-жазба *üsür-* «секіру, қарғып міну», *üsürge-* «шашырату, бүрку, себу» = шағат., қойбал. *üskür-* «аузымен бүрку»; эвен. *asaktaja-* «аңду, қуу», *asasin-* «аңдуды бастау» = моңғ.-жазба

*asa-* «жабысу, қою», бурят *aha-* < \**asa-* «ұрса бастау» = көне түрк. *as-* «асу, ілу».

14. Маньч. *fesin* «тұтқа», эвен. *hešin id.* = моңғ.-жазба *eši*, орта моңғ. *heši* < \**pesi* «тұтқа, сабақ, сап, діңгек».

15. Эвен. *aya* «әл-ауқат, молшылық, аман-есендік, гүлдену, өркендену, жақсы, ақкөңіл» = моңғ.-жазба *aya* «сыпайылық, әдептілік, ыңғайлы, қолайлы нәрсе» = көне түрк. *aya-* «аяу, жан ашу, ниеттес болу», *ayaу* «құрмет, ізет»; халха *tūrai*, моңғ.-жазба *tuuyurai* «тұяқ» = көне түрк. *tuuyu id.*

16. Эвен. *kumtew-* «құлау» = моңғ.-жазба *kömöri-* *id.* = алт. *kömölö-* «төңкеру, аудару, лақтыру»; эвен. *amηa* < \**amagai* «ауыз» = моңғ.-жазба *aman* «ауыз, ашылу»; эвен. *omηo-* < \**umga-* «ұмыту» = моңғ.-жазба *umta-* «ұйықтау», *umarta-* «ұмыту» = қаз. *umut-* «ұмыту».

17. Эвен. *enūnil-* «ауыру», ламут *enčī* «ауру» = моңғ.-жазба *enel-* «бақытсыз болу, көңілсіз болу», *eneri-* «аяу, жан ашу» = шағат. *enig* «азап шегу»; эвен. *sūnηī-* < \**sūngī-* «созу» = моңғ.-жазба *sun-* *id.* = көне түрк. *sun-* *id.*; моңғ.-жазба *sönü-* < \**sön-ü-* «сөну, жоқ болу», *söni* «түн» = эвен. *sī-* < \**söi-* «сөндіру» = түрік, шағат. *sön-* *id.*

18. Маньч. *fuñexe* < \**puñekē* «шаш» = моңғ.-жазба *ünegen*, орта моңғ. *hünegen* < \**puñekē* «түлкі» = якут *ünügäs* < \**üñekäč.*

19. Маньч. *qonsun* «анус» = моңғ.-жазба *qoη* «соңғы, артқы», *qoηdolai* «ағаштың төменгі жағы, таудың етегі», *qoηjiyasun* < \**koηdīgāsun* «соңғы, артқы» = қаз., алтай түркі *qoη* «ағаштың төменгі жағы, таудың етегі»; моңғ.-жазба *šingē-* < \**siηe-* «сіну» = көне түрк. *siη-* *id.*; маньч. *puηgari* «жүн» = моңғ.-жазба *noγosun* < \**puηāsun* «жүн» = *küär. yuη id.*

20. Эвен. *dala-* «жалау» = моңғ.-жазба *doluγa-* < \**dalugà-* *id.* = көне түрк. *yalya-* *id.*; эвен. *alas* «ағаштың төменгі жағы, таудың етегі» = моңғ.-жазба *ala* «арасы» = көне түрк. *al* «алды, бет жағы», алтай түркі *alinda* «асты, астында»; эвен. *dul-* «жылыту, қызыту» = моңғ.-жазба *dulayan* «жылы» = орта түркі *yiliγ* «жылы»; эвен. *dēlin* «жал», маньч. *delun id.* = моңғ.-жазба *del id.* = түрік *yälä.*

21. Маньч. *dali-* «жабу, тығу», эвен. *dal-* «жабу» = моңғ.-жазба *dalda* «тығылған» = көне түркі *yašur-* «жабу, тығу»; моңғ.-жазба *čilayun* < \**tjālagùn* «тас» = чув. *čul* < \**tjāl id.* = якут *tās*, көне түрк. *tāš id.*

22. Голди (нанай) *pāra* «шана», маньч. *fara id.* = моңғ.-жазба *aral* «күйменің асты» = қырғ. *ariš* «тұтқа»; маньч. *ferxe* «бас бармақ», эвен. *heṛbək* «бармақ», ламут *heṛeḡeṇ* «бас бармақ» = моңғ.-жазба *baerekei*, орта моңғ. *heregei* < \**perekei* «бас бармақ» = көне түрк. *ärñäk* «бармақ», якут *ärbäx* «бас бармақ»; ламут *burkin* «боран» = моңғ.-жазба *boroḡan* < \**burigān* «жаңбыр» = түрік *buran* «боран».

23. Маньч. *iri* «ұшы, жүз» = моңғ.-жазба *ir* «жүз», *irmeg* «өткір жүзі» = чув. *yēr* «із» = көне түрк. *iz* «із», эвен. *ur* < \**ör* «жануар асқазаны» = моңғ.-жазба *örö* < \**öre* «іш, орта» = чув. *var* < \**ör* «орта» = көне түрк. *öz* «өз»; моңғ.-жазба *urtu* «ұзын», моңғор *fudur* < \**furtu id.* = чув. *vārām* < \**urup* «ұзын» = көне түркі *uzun* «ұзын».

С.А.Старостин «Алтай проблемасы және жапон тілінің шығу тегі» атты еңбегінде<sup>1</sup> Г.Рамстедт және Н.Поппе зерттеулерінде анықталған түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур және корей тілдері арасындағы дауыссыз дыбыстар сәйкестіктері, сайып келгенде, төмендегі сызбаны құрайтынын айтады:

Алтайлық тектіл	түркі	моңғол	тұңғыс-маньчжур	корей
* <i>p</i>	(* <i>h-</i> ) > 0-, <i>p</i>	* <i>p-</i> > орта-монғ. <i>h-</i> , моңғ.-жазба 0- * <i>p-</i> > - <i>b</i> -/- <i>γ</i> -(-0-)	* <i>p-</i> , <i>p</i>	<i>p-</i> , <i>ph-</i> , <i>p(=b)</i>
* <i>b</i>	* <i>b-</i> , <i>b2</i>	* <i>b</i> ,- <i>b</i> -/- <i>γ</i> -(-0-)	* <i>b-</i> , <i>w</i>	<i>p-</i> , <i>w</i>
* <i>m</i>	* <i>b-</i> , <i>m</i>	* <i>m-</i> , <i>m</i>	* <i>m-</i> , <i>m</i>	<i>m-</i> , <i>m</i>
* <i>t</i>	* <i>t-</i> , <i>t</i>	* <i>t</i> , * <i>č</i> (* <i>i</i> , * <i>ï</i> дыбыстары алдында),	- <i>d</i> (ауслатта және буын соңында)	<i>t-</i> , <i>th-</i> , <i>t(h)</i>
* <i>d</i>	* <i>j-</i> , <i>d</i>	* <i>d</i> , * <i>ž</i> (* <i>i</i> , * <i>ï</i> дыбыстары алдында)	* <i>d-</i> , <i>d</i>	<i>t-</i> , <i>t (=d)</i>
* <i>n</i>	* <i>j-</i> , <i>n</i>	* <i>n-</i> , <i>n</i>	* <i>n-</i> , <i>n</i>	<i>n-</i> , <i>n</i>

<sup>1</sup> Старостин С. А. Алтайская проблема и происхождение японского языка.-М., 1991.- 298 стр.

*r <sup>1</sup>	*r	*r	*r	-l (= -r)
*r <sup>2</sup>	*-r <sup>2</sup> - (= -r')	*r	*r	-l (= -r)
*l <sup>1</sup>	*l	*l	*l	-l (= -r)
*l <sup>2</sup>	*-l <sup>2</sup> - (= -l')	*l	*l	-l (= -r)
*k	*q-/k-, -q-/ -k-	*q-/k-, -q-k ~ -g-/g-,	-g-/ -g- *k-, k	k-, k (=g)
*g	*q-/k-, -γ-/ -g-	*g-/g-, -g-/ - g-/ -γ-	*g-, g	k-, k (=g)/h
*η	*-η-	*-ηg-/ -γ-, -η	*-η-	-η-
*č	*č-, č	*č-, -č-, -s	*č-, č	č, čh
*ž	*j	*ž	*ž	č-, č (=ž)
*n	*j-, n	*n-, n	*n-, n	n-, *n
*s	*s-, s	*s-, s	*s-, s	s-/h-, s
*j	*j-, j	*j-/0 (*i, *i дыбыстары алдында), -j-/ -γ-	*j-, j	j- (0), -j-

Г.Рамстедт және Н.Поппе зерттеулерінен кейін түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур, корей тілдері бойынша жарық көрген еңбектерді ескере отырып, С.А.Старостин алтай тілдері арасындағы дауыссыз дыбыстар сәйкестіктеріне, олардың алтай тектілі деңгейіндегі тұлғасына қатысты жоғарыдағы сызбаға азды-көпті өзгертулер енгізу қажеттігін алға тартады.

Дыбыстық сәйкестіктердің екінші қатарында анлаут позицияда алтайлық тектіл үшін қатаң әлсіз, қатаң күшті және ұяң жабысыңқы (шұғыл) дауыссыздардың *велярлық, денталдық, лабиалдық* қатарларға байланысты үш тармақты қарама-қарсылығы орын алатыны, мұндай үштікті аффрикаттар жүйесіне қатысты да жаңғыртуға болатыны туралы С.А.Старостиннің пікірін Рамстедт пен Поппенің дәстүрлі сызбасына енгізген ең басты өзгертулері қатарына жатқызуға болады. Мәселен, қалпына келтірілген \*p- \*b қарама-қарсылығымен негізінен келісе отырып, С.А.Старостин бұл сәйкестіктердің екінші қатарын «түрк. \*b- моңғ. \*f- > h- тұңғ.-маньч. \*p-» үштігімен белгілейді. Ол алтайлық \*p' дыбысының түркілік рефлексі туралы былай дейді: «анлауттық позицияда алдыңғы қатарлы дауыстылар алдында түсіп қалатын алтайлық \*p'»

түркілік тектіде мүлдем жойылып кетуі де (Сал.: түрк. *\*im* «таңба, белгі», моңғ.-жазба. *im*, тұңғ.-маньч. *\*rim*), я болмаса *\*j*- түрінде өзінің ізін қалдыруы да мүмкін (Сал.: түрк. *\*in-čik/\*jīn-čik* «сүйек, сирақ, жіліншік», тұңғ.-маньч. *\*peñ-ñen* «тізе», орта-кор. *s-pjə* (< *\*pVñə*) «сүйек»; түрк. *\*jer* «жер», тұңғ. маньч. *\*pere* «түп, еден», орта-моңғ. *hiru?ar*, моңғ.-жазба. *iru-γar* «еден, топырақ», түрк. *\*jir-* «сол түстік, сол жақ», орта.-моңғ. *horo-ne* «батыс», тұңғ.-маньч. *\*per-ki-n* т.б.). Алтайлық *\*p'*- дыбысының дәл осы тәрізді даму барысы түркі тілдерінде дифтонг дыбыстар алдына байланысты да орын алады (Сал. түрк. *\*jal-/jal-* «жарқырау, жарқылдау, жарқыл, найзағай», тұңғ.-маньч. *\*rial-* «жарқылдау (найзағай туралы), найзағай, кемпірқосақ»; түрк. *\*jul-duř* «жұлдыз», орта.-кор. *pjər(h)* «жұлдыз», орта. моңғ. *ho-dun* (<*\*hol-dun*) *id.*; түрк. *\*jag-* «жаңбыр, жауу (жаңбыр)», тұңғ.-маньч. *\*pigi-n* «дауыл, құйын, жаңбыр суы», орта-кор. *pi* (< *\*pigi*) «жаңбыр»; түрк. *\*jār* «жар, тік қабақ», тұңғ.-маньч. *\*piri*, *\*pirki* «тік беткей»; түрк. *\*jalañ* «алаң, жазық», *pile-kēl/\*pile-ñē* «қары еріп, ашылып қалған ойдым жер», *\*pile-kēn* «ашық жер (таулар арасындағы)» және т.б.»<sup>1</sup> Сондай-ақ алтайлық *\*p'*- дыбысының моңғол тілдерінде *j*- дыбысына өзгеруі (*\*p' -> j-*) (Мысалы: *\*hiatugan* < *\*p'iatu-gan* тұлғасына барып саятын моңғ.-жазба. *jatu-γan*, орта-моңғ. *jatu-qan* «қыл ішекті музыкалық аспап түрі»; моңғ.-жазба. *ja-sun*, орта-моңғ. *ja-sun* «сүйек») (<*jan-sun*, қалм. *jan-dā* сүйегі ірі», *jan-da-γar* «сүйекті», салыс.: *\*(j)in-čik* «сүйек, жіліншік», *\*peñ-ñen* «тізе», орта кор. *s-pjə* (< *\*pVñə*) «сүйек»), ал оның корей тілінде еш қандай өзгеріске түспегені (орта.-кор. *par* «аяқ», тұңғ.-маньч. *\*palga-n* «аяқ, табан», түрк. *\*bal-mak*, *\*bal-ak* «балақ, аяқ киім түрі» = кор. *palmak*) С.А.Старостин назарынан тыс қалмайды<sup>2</sup>.

Егер дәстүрлі алтайтануда *\*č* және *\*ž* аффрикаттары ғана қалпына келтірілетін болса, С.А.Старостин таптауырынды емес сөздер қатары арқылы алтайлық аффрикаттар жүйесіндегі сәйкестіктердің «түрк. *\*d-*: моңғ. *\*d-*: тұңғ.-маньч. *\*ž-*: кор. *\*č-* «түріндегі үштармақтық желісін анықтайды және олардың анлаут шеніндегі жалпы сызбасын былайша көрсетеді<sup>3</sup>:

<sup>1</sup> Старостин С. А. Алтайская проблема и происхождение японского языка. – М., 1991.- С.18.

<sup>2</sup> Старостин С. А. Алтайская проблема и происхождение японского языка.- М., 1991.- С.19.

<sup>3</sup> Старостин С. А. Алтайская проблема и происхождение японского языка.-М., 1991.- С.22.

Алтайлық тектіл	түркі	моңғол	тұңғыс-маньчжур	корей
*č-	č-	č-	č-	č-
*č-	d	d	č̣	č-
*ž	j	ž	ž	č-

1) түрк. \**dūr* (~\**dubur* «тұз»): моңғ.-жазба. *dabusun*, орта-моңғ. *dabu-sun* (<\**dabur-sun*) «тұз» ~ тұңғ.-маньч. \**žujar*- «қышқыл, ашып кеткен», кор. *čel-da* (< *čjar-*) «тұздалған», *čeri-da* (<\**čjari-*) «тұздау»;

2) түрк. \**dōl*- «толу», \**dōl-i* «толық» ~ тұңғ.-маньч. \**žalu*- «толтыру», \**žalu-m* «толық» ~ орта-кор. *čārā* «жеткілікті» (салыс.: көне-жапон. *tar-* «жеткілікті болу, толық болу, шап беріп ұстау»).

3) түрк. \**dāt*- «тату (дәм), дәмді», \**dāt-an-/dāt-in-* «көндігу, машықтану, әдеттену» (Қар.: ЭСТЯ 3, 162-164, VEWT 466) ~ моңғ.-жазба. *dadu-* «көндігу, үйрену» ~ тұңғ.-маньч. \**žūtī* (~ \**žet-ī*) «тәтті» (ТМС 1, 279).

4) түрк. \**dag-ıl*- «өзгеру, алмасу» (Қар.: EDT 487, ЭСТЯ 3, 181-182) ~ моңғ.-жазба. *daya-si-la-*, калм. *dāšl-* «беру, сыйға беру» (KW 82) ~ тұңғ.-маньч. \**žugē-* «ауыстыру, алмасу» (ТМС I, 270) ~ орта-кор. *ču-* «сый тарту, марапаттау».

5) түрк. \**dur-* «тура, түзу» (Қар.: ЭСТЯ, 309-313) ~ орта-кор. *čiri-ta* «тура, тура жүру».

6) түрк. \**dir-ŋa-* «тырнау, қыру» (Қар.: ЭСТЯ, 345-349); моңғ.-жазба. *žiru-* (< *diru*) «тырнау, сызу, жазу» (KW 481) ~ тұңғ.-маньч. \**žurū-* «сызу», \**žura-n* «сызық, жолақ (қабықтағы)» (ТМС 1, 278) ~ орта-кор. *čūr* «егеу».

7) түрк. \**dir-* ~ \**dur-* «тізу, қатарластыру» (см. ЭСТЯ 3, 218-220) ~ моңғ.-жазба. *duru-* «тығу, тығып кіргізу» (KW 105-106) ~ кор. *čul* «арқан; сызық; қатар», орта-кор. *čur-hjə-ta* « арқанмен қосақтау, қатарластыру» (КС 434).

8) түрк. \**dāl-*, \**dāl-ak* «тал, қызыл тал; бұтақ, сабау тал» (Қар.: ЭСТЯ 3, 130-131) моңғ.-жазба. *dolayana* ~ *dolušana* «долана» [Lessing 1960, 260], (KW 94): тұңғ.-маньч. \**žali-kta* «долана, тал» (эвенк. *žalikta*, нег. *žālta*, уд. *žalikta* «долана», ульч. *žatala*, нан. *žalaqta* «тал», Қар.: ТМС I, 246, 253): кор. *čol-gari* « жапырақсыз бұтақ», *čul-gəri*, *čul-gi* «өсімдіктің сабағы» (орта-кор. *čurki*, Қар.: ХМ 297).

9) түрк. *\*dāl, \*dāl-ak* «талақ, көкбауыр» (Қар.: ЭСТЯ 3, 137-138) ~ моңғ.-жазба. *deli-gun* id. (KW 86) ~ кор. *čira*.

10) түрк. *\*dagiŋ* «тиын, бұлғын» (Қар.: ЭСТЯ 3, 180-181) ~ тұңғ.-маньч.*\*žiku-n* «камшат, құндыз» (ТМС 1, 271) ~ орта-кор. *čui* (< *\*čigi*) «егеуқұйрық, тышқан» (ХМ 188).

Мұның сыртында С.А.Старостин инлаут позициядағы лабиал (еріндік) дауыссыздардың мынадай сәйкестіктерін көрсетеді<sup>1</sup>:

Алтайлық тектіл	түркі	моңғол	тұңғыс-маньчжур	корей
*-p'	*-p-	*-γ- (~ -b-)	-p-	-p(h)-
*-p-	*-b-	*-γ- (~ *-w-)	-b-	-b- (>-p, -w- ~ -0-)
*-b-	*-b-	*-b-	-w-	p

Бірінші қатарға: түрк. *\*kāruk* «қабық», моңғ.- жазба. *qayu-l-* «терісін сыдыру», *qau-da-sun* «қабық», орта-кор. *kaphir ~ kəphir* «қабық, қабыршық»; көне-түркі. *qor* «көбі, бәрі, барлығы»; моңғ. жазба. *qou* id., тұңғ.-маньч. *\*кири-* ;

Екінші қатарға: моңғ.жазба. *yauyra-sun* «сабан, топан» ~ түрк. *\*kabu-k, \*kabu-ŋ* id.; моңғ.жазба. *kegere* «дала» ~ тұңғ.-маньч. *\*kebe-r, \*kebe-kte* «жазық» (ТМС 1, 443), моңғ.жазба. *γua* «сұлу, әдемі» (KW 152) ~ орта-кор. *kōp-ta (kōva)*;

Үшінші қатарға: моңғ.жазба. *kebi-* «күйсеу, шайнау» ~ түрк. *\*gabid.*; моңғ. жазба. *daba-* «асу (тау арқылы)» ~ тұңғ.-маньч. *\*dawa-* id. (Қар.: ТМС 1, 185-186) тәрізді мысалдар келтіруге болады.

С.А.Старостин инлаут позициядағы тіл алды (веляр) дауыссыздар сәйкестіктерінің төмендегідей сызбасын ұсынады:

Алтайлық тектіл	түркі	моңғол	тұңғыс-маньчжур	корей
*-k'	-k-(-g-)	-k-(-g-)	-k-	-k-
*-k-	-g-(-k-)	*-g-	-g-	-0-(-h-)
*-g-	-g-	*-γ-	-g-	-0-(-h-)

<sup>1</sup> Старостин С. А. Алтайская проблема и происхождение японского языка.-М., 1991.-С.23.



Мысалы:

Бірінші қатар: түрк. *\*gokur/\*gogur* «омырау» ~ моңғ.- жазба. *\*kokin* емшек» ~ тұңғ.-маньч. *\*kuku-n/\*uki-n* id. ~ орта-кор. *kokai-jaŋ* «өзек» т.б.;

Екінші қатар: түрк. *\*jak-/\*jag-* «жақын, жақындау» ~ моңғ.- жазба. *daya-*, орта-моңғ. *daqa* «еру, ілесу» ~ тұңғ.-маньч. *\*daga-* «жақын» ~ кор. *taim* «келесі»;

Алтайлық тектіл	түркі	моңғол	тұңғыс-маньчжур	корей
*-t'	-t-	-t-	-t-	-t(h)-
*-t-	-t-	-d-	-t-	*-d- > t-, -r-
*-d-	-d-	-d-	-d-	*-d- > -r-

Үшінші қатар: моңғ.- жазба. *ogede* «жоғары», орта-моңғ. *o?e-de* id. ~ тұңғ.-маньч. *\*ug-i* «жоғары» (ТМС 2, 245-246) ~ орта-кор. *u* (*uh-*) «жоғары»; моңғ.- жазба. *saya-*, орта-моңғ. *sa?a-* «сауу» ~ түрк. *\*sag-*;

С.А.Старостин инлаут денталь (тістің қатысуымен жасалатын) дауыссыздар сәйкестігінің мынадай жүйесін көрсете келіп, бұл жүйеде Н.Поппе анықтаған «түрк. *\*-t-* : моңғ. *-t-*: тұңғ.-маньч. *-t-*» және «түрк. *\*-d-*: моңғ. *-d-*: тұңғ.-маньч. *-d-*» сәйкестіктерінен<sup>1</sup> басқа да стандарт емес «түрк. *-t-*: моңғ. *-d-*: тұңғ.-маньч. *-t-*» сәйкестіктері орын алатынын айтады:

Мысалы: түрк. *\*dāt-* «тату (дәм), дәмді», *\*dāt-an-/\*dāt-in-* «көндігу, машықтану, әдеттену» (Қар.: ЭСТЯ 3, 162-164, VEWT 466) ~ моңғ.-жазба. *dadu-* «көндігу, үйрену» ~ тұңғ.-маньч. *\*zūtī* (~ *\*zet-i*) «тәтті» (ТМС 1, 279); моңғ.- жазба. *ada-yun* «үйірлі жылқы, ат» : түрк. *\*at* «ат, жылқы»; түрк. *\*āt* «аттау» : моңғ.- жазба. *ada-ya-* «асығу», *ada-m* «адымдам тез жүру (VEWT 31, KW 1); түрк. *\*gēt-* «кету» (VEWT 258): орта-моңғ. *godol-* «қозғалу» (ХМ 57), моңғ.- жазба. *kodel-, kodul-* id. (KW 235); түрк. *\*tut-* «тұту, ұстау» (VEWT 502):

<sup>1</sup> Poppe N. Vergleichende Grammatik der Altaischen Sprachen. T. 1. Vergleichende Lautlehre. – Wiesbaden, 1960. – P. 49-53.

орта-моңғ. *todu-ge-, todu?e* «кідіру, тоқтап қалу» (ХИ 102); моңғ.-жазба. *nidu-* «талқандау, ұсақтау», *nidu-gur* «келсап, түйгіш» : тұңғ.-маньч. *\*nuti-ku* «келсап» (ТМС 613); алтайлық *\*-t'*- дыбысын корей тілі *-t(h)-* тұлғасында бейнелейді: түрк. *\*atir* «суарылатын егістік, суландырылатын егін алқабы»: моңғ. *atar* «өңделмеген егістік жер, алқап»: орта-кор. *pat ~path* «алқап, егістік егіс алаңы» (SKE 192-193, [Poppe 1960, 51], VEWT 31).

Екінші қатарда алт. *\*-t-* тұлғасы корей тілінде *-t-* немесе *-r-* түрінде көрініс береді: түрк. *\*but* «сену, нану» (VEWT 93), моңғ.-жазба. *mede* «білу» (KW 259), тұңғ.-маньч. *\*mute-* «істей алу, шама-сы келу» (ТМС 561) орта-кор. *mit-ta (miti-)* «сену»; алт. *\*-d-* тұлғасының корейше *-r-* тұлғасында көрініс беруінде ауслаттық рефлекс байқалмайды: моңғ. *alda* «сажын (ұзындық өлшемі)», тұңғ.-маньч. *\*alda-n* «арасында, арасы» (ТМС 1, 30-31; орта.-кор. *arām* «құлаш, сажын (ұзындық өлшемі)»; түрк. *\*bedū* «үлкею», *\*bedū-k* «үлкен, ірі» (ЭСТЯ 2, 288-289, VEWT 67), моңғ.- жазба. *būdū-gūn* «семіз, жуан», орта-кор. *pirita* «семіз, тоқ» т.б.

Осылайша арғыалтайлық дауыссыздар жүйесінің түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур және корей алтай тілдері арасында орын алатын дауыссыз дыбыстар сәйкестіктері желісіндегі көрінісін саралай келіп, С.А.Старостин өз тарапынан төмендегідей сызбаны ұсынады<sup>1</sup>:

Алтайлық тектіл	түркі	моңғол	тұңғыс-маньчжур	корей
<i>*p'</i>	0- (~j-), -p-	h- (~j-), -γ- ~ -b-	p	p-, p(h)
<i>*p</i>	b	h-, -γ- (*-w-)	p-, -b-	p, -w-
<i>*b</i>	b	b (~-γ-)	b-, -w-	p
<i>*m</i>	b, m	m	m	m
<i>*w</i>	-0-, b	-γ- ~ -b-	-w- ~ -j-	-0-
<i>*t'</i>	t	t, č(i)	t (či-)	t-, t(h)
<i>*t</i>	d-, t	d, č(i)	d- (*ži-), t	t, -r-
<i>*d</i>	j-, d	d, ž(i)	d (*ži-)	t, -r-
<i>*n</i>	j-, n	n	n	n

<sup>1</sup> Старостин С. А. Алтайская проблема и происхождение японского языка.-М., 1991. – С.342.

*-r <sup>1</sup> -	-r-	-r-	-r-	-r- (=l-)
*-r <sup>2</sup> -	-r <sup>2</sup> - (=f-)	-r-	-r-	-r- (=l-)
*l <sup>1</sup>	j-, l	l- / n-, l	l	n-, -r- (=l-)
*-l <sup>2</sup>	-l <sup>2</sup> - (=l-)	-l-	-l-	-r- (=l-)
*k <sup>1</sup>	k-, -k- (/g-)	k-, k- (/g-)	x-, k	k (/h-)
*k	g-, -g- (/k-)	k-, -g-	k-, -g-	k-, -0- (-h-)
*g	g	g-, -γ-	g	k-, -0- (-h-)
*η	0- (~j-), -η-	0- ~ j- ~ g-, -ηg-// -γ- (/n-)	η	n-, η ~ 0
*č <sup>1</sup>	č	č	č	č-, č(h)
*č	d-, č	d-, č	ž-, s	č
*ž	j	ž	ž	č
*ń	j-, ń	n	ń	n-, ń
*s	s	s	s	s- /h-, s
*-j-	*-j-	-j- / -γ-	-j-	-j-
? *š	?	s	*š	?
? *z	j-	s-	s-	s-

С.А.Старостиннің жоғарыдағы сызбасына толықтырулар енгізе отырып, А.В.Дыбо алтайлық тектіл және оның мұрагерлері саналатын түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур тектілері арасындағы дауыссыз дыбыстар сәйкестігінің мынадай сызбасын ұсынады<sup>1</sup>:

Алтайлық тектіл	Түркі	МОҢҒОЛ	Тұңғыс- маньчжур
*p <sup>1</sup>	0- j- (i iV), -p-	φ-j-, -γ- ~ b(c)	f
*p	b, p-	φ-, b	f-, -β-
*b	B	b	b-, -β-
*m	b-, m, -n	M	M
*-w(-)	-v(R), b	-γ-, u(c) -	-β-
*t <sup>1</sup>	T	t, č(i)	t
*t	d-, t	d, č(i)	d-, t-
*d	Δ	d, ž(i)	d
*n	j-, n	n	n

<sup>1</sup> Дыбо А.В. Семантическая реконструкция в алтайской этимологии. Соматические термины (плечевой пояс).- М.,1996. – С.44.

*-r <sup>1</sup> -	-r-	-r-	-r-
*-r <sup>2</sup> -	-r2- (= -r'-)	-r-	-r-
*l <sup>1</sup>	j-, l	l-l	l
*-l <sup>2</sup>	-l-	-l-	-l-
*č'	č	č	č
*č	d-, č	d-, č	ž-, č
*ž	j, č	ž-	ž
*ń	j-, ń	ž-, j-	ń
*s	s	s	s
*-j-	-j-	-j-	-j-
*z	j-, z	s-, -j-	s-, ž
*š	č	č	š, -s-
*k'	k	k	k
*k	g-, k	k-, -g-	k
*g	g	g-, -γ-	g
*η	j-, η	g-, --ηg-//-γ-	η
*-χ-	-g-, Ø(C)	-γ	x
*-G-	-g-, Ø(C)	-γ	k
*-γR-	-gR-	-γVR-	-r-
*» -	Ø -	Ø -	η

А.В.Дыбо сызбасының басты ерекшелігі ретінде сөз ортасында екі дауыссыз дыбыстың тіркесе келуінен тұратын сәйкестіктер қатарын жаңғыртуын атап көрсетуге болады<sup>1</sup>:

1) **шуыл + шуыл**: арғыалтайлық \*-kt' -: тұңғ.-маньчж. \*-kt -, моңғ. \*-t -, түрк. \*-t -: тұңғ.-маньчж. \*tokto- «ұстау», моңғ. \*totu-, түрк. \*tut- «ұстау, тұту»; тұңғ.-маньчж. \*okto «дәрі», моңғ. \*ota, түрк. \*ot «шөп».

арғыалтайлық \*-kp', - k'p-: тұңғ.-маньчж. \*-k-, -x-, моңғ. \*-β-> \*-γ-, түрк. \*-p-: тұңғ.-маньчж. \*tak- «тану», моңғ. \*taβa- «табу, шешуін табу», түрк. «табу, іздеп табу»;

арғыалтайлық \*-tγ -: тұңғ.-маньчж. \*-tγ -, моңғ. \*-dk-, түрк.-δg-: тұңғ.-маньчж. \*fatya «табан, аяқ (жануардың)», моңғ. \*fadku, түрк. \*adgu- «уыс».

2) **шуыл + сонант**: арғыалтайлық \*-γR-: түрк. \*-gR-, моңғ. \*-γVR, тұңғ.-маньчж. \*-R-:

<sup>1</sup> Дыбо А.В. Семантическая реконструкция в алтайской этимологии. Соматические термины (плечевой пояс).- М.,1996. – С.46-48

арғыалтайлық *\*dayrVm* – түрк. *\*jagrīn* «жауырын» тұңғ.-маньчж. *\*darama* «бел омыртқа»; арғыалтайлық *\*eym-* «бұғана» – түрк. *\*egn*, моңғ. *\*egem*, тұңғ.-маньчж. *\*emu-ge*;

3) **сонант + шуыл**: арғыалтайлық *\*-jγ-, \*-dγ-* > түрк. *\*-j-*, моңғ. *\*-γ-*, тұңғ.-маньчж. *\*-j-*: түрк. *\*toj* «той», моңғ. *\*toγa-* «құрметтеу, елеп-ескеру, көңіл аудару», тұңғ.-маньчж. *\*toje-* «қонақ ету, сыйлау»; Сал.: *\*-jg-*: түрк. *\*jajin* «жайын», моңғ. *\*ziga-sun* «балық»;

арғыалтайлық *\*-rt-* > тұңғ.-маньчж. *\*-gd-* (тұңғ.-маньчж. *\*-rd-* туынды морфемалар шегінде): алт. *\*k erte-*: түрк. *\*kert-* «керту, кескілеу», моңғ. *\*kerči* «керту, кесу», тұңғ.-маньчж. *\*xegde-* «сыдыру»;

арғыалтайлық *\*lKi* жалпытүркілік сөз соңында > *\*š* (чув. *\*- l* *k-*): тұңғ.-маньчж. *\*tolkin* «түс көру», моңғ. *\*tōlgō* «сәуегейлік таныту», түрк. *túš* «түс»;

арғыалтайлық *\*-ηs-* > тұңғ.-маньчж. *\*-s-*: арғыалт. *\*pqaɟ ηsa-* түрк. *äiñse* «шоқтық», тұңғ.-маньчж. *\*fajsa* > *\*f īsa* «арқаның жауырын бөлігі»;

арғыалтайлық *\*-ηr-* > тұңғ.-маньчж. *\*-r-*: арғыалт. *\*siηra* «сирақ» – түрк. *\*siηrak*, моңғ. *\*siyira*, тұңғ.-маньчж. *\*sira* және т.б.

4) **сонант + сонант**: арғыалтайлық *\*-mr-* > түрк. *\*-br-*, моңғ. *\*-nd-*, тұңғ.-маньчж. *\*-nd-*: арғыалт. *\*kemre* «жауырын» – түрк. *\*kebze* «жауырын», тұңғ.-маньчж. *\*kende* «жауырын»; түрк. *\*jumran* «сарышұнақ», моңғ. *\*čindaga* «аққоян».

арғыалтайлық *\*-lη-* > тұңғ.-маньчж. *\*-lη-> nη-*, түркі тілдерінде сөз соңында *\*-liη-*: арғыалт. *\*ñulηi-* – түрк. *\*julih* «жұлын, ми», тұңғ.-маньчж. *ñiñηi* «жіліншік сүйек»; моңғ. *\*žiluyā* «ми».

Жалпы алғанда, қалпына келтірілген арғыалтайлық дауыссыздардың түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур және корей тілдерінің фонологиялық жүйелеріндегі өзгерістерін былайша түйіндеуге болады<sup>1</sup>:

1. Арғыалтай тілінде сөз басында келетін *p* дыбысы ата моңғол тілінде (моңғолдық тектілде) *p*, моңғол тілінде *h*, монғор тілінде *f* (басқа позицияда *χ*), маньчжур тілінде *f* корей тілінде *p* және *ph*, ата түркі тілінде (түркілік тектілде) *h*, оңтүстік-шыңыс, оңтүстік-батыс топтарында *h* күйінде сақталса, басқа түркі тілдерінде мүлдем жойылған. Мысалы: түрк. *\*alaqan* «алақан»: түркім. *alaqan*

<sup>1</sup> Тенишев Э.Р. Алтайские языки // Языки мира: Тюркские языки.-М., 1996. – С.9.

«алақан» (← моңғ.) ~ орта-моңғ. *halaqan*, моңғ.-жазба. *alaya* ~ *aliya*, калм. *al*» *хӕн* «алақан» ~ тұңғ.-маньчж.: эвенк. *halgān*, *algān* «табан, ұлтан подошва (аяқ киімнің)», негид. *χalğan*, нан. *palgā*, улыч., орок. *pal±a(n-)* (< \**palgan*) «табан»<sup>1</sup>

2. Арғыалтай тіліндегі сөз басы *t* дыбысы ата моңғол тілінде \**t*, моңғол тілдерінде *t* /*č* (*i*, *y* дыбыстарының алдында), тұңғыс-маньчжур тілінде *t*, корей тілінде *t/th*, түркі тілінде *t/d* (оңтүстік-батыс және кейбір басқа да тілдерде) түрінде көрініс береді. Мысалы: орта.-кор. *turami* «тырна», түрк. \**duru-ña* (алт.\**turu-*); тұңғ.-маньч. \**tuka-la* «жер», моңғ. \**toβurag*, түрк. \**toprak* «топырақ, тозаң» және т.б.

3. Арғыалтай тіліндегі *q/k* дыбысы моңғол тілдерінде *q/k*, ата түркі тілінде *q/k*, тұңғыс-маньчжур тілінде *x*, корей тілінде *k* дыбыстарымен сәйкеседі. Мысалы: алт. \**kudur-g-* «құйырық (жылқының, балықтың т.б.)», тұңғ.-маньч. *xujrguj-* «құйрық, құйыршық», моңғ. \**kudur-ga-* «құйысқан, құйысқан бау (жылқының құйырығының астынан жүргізіліп, ерге бекілетін жіңішке қайыс бау)», түрк. \**kıdrı-k* «құйрық»; орта.-кор. *kārki* «жылқының жалы», моңғ.-жазба. *kilgasun* «жылқының қылшығы», тұңғ.-маньч. \**xil-ŋa* (< \**xil-ŋa*) «түк» және т.б.

4. Арғыалтай тіліндегі сөз басы *b* дыбысы ата моңғол, моңғол тілдерінде *b*, тұңғыс-маньчжур тілінде *b*, ата түркі және көне түркі тілдерінде *b*, корей тілінде *p* дыбыстары сәйкес келеді. Мысалы: алт. \**boXr-* «бұршақты өсімдік», тұңғ.-маньч. \**boxri* «жабайы бұршақ», моңғ. *buγur-čak* «бұршақ, түрк. \**burč* «бұрыш», *bur-čak* «бұршақ»; түрк. \**bedu* «үлкею, ірілену», \**bedu-k* «үлкен, ірі», моңғ.-жазба. *budu-gun* «жуан», орта.-кор. *pirita* «семіз, тоқ» және т.б.

<sup>1</sup> Ramstedt G. J. Kalmukisches Wörterbuch. - Helsinki, 1935. - P. 7 (LSFU, 3); Ramstedt G. J. Studies in Korean Etymology // MSFOu. - Helsinki, 1949. - Vol. 95. - P. 184, 213; Ramstedt G. J. Einführung in die altaische Sprachwissenschaft. I: Lautlehre. - Helsinki, 1957. - P.44, 52, 107; Ramstedt G. J. Einführung in die altaische Sprachwissenschaft. II: Formenlehre. Helsinki, 1952.- P. 40, 197, 220; Poppe N. Vergleichende Grammatik der Altaischen Sprachen. T. 1. Vergleichende Lautlehre. Wiesbaden, 1960. P.95; Rasanen M. Versuch eines etymologischen Wörterbuchs der Turksprachen. - Helsinki, 1969. - 2-е изд. - Helsinki, 1971.

P. 15; ТМС Сравнительный словарь тунгусо-маньчжурских языков: Материалы к этимологическому словарю. -Т. 2. - Л.: Наука, 1977. - С. 312; ЭСТЯ - Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. - М.: Наука, 1974-1980. - Т. I-III; 1974, 133; Цинциус В.И. Этимологии алтайских лексем с анлаутными глухими придыхательными смычными губно-губным \*п" и заднеязычным \*к" // Алтайские этимологии. - Л., 1984. - С. 29-30.

5. Арғыалтай тіліндегі сөз басы *d* дыбысы ата моңғол, жазба моңғол тілдеріндегі *d/\*ž* (*i*, *y* дыбыстарының алдында), маньчжур тілінде *d/ž* (*i*, *y* дыбыстарының алдында), тұңғыс, көне түркі тілдерінде *d*, ата түркі тілінде *j* дыбыстарымен сәйкеседі. Мысалы: алт. *\*daga/\*daka-* «жақын/жақындау», түрк. *\*jak-* «жақындау», моңғ. *\*daga-* «еру, ілесу», тұңғ.-маньч. *\*daga* «жақын», кор. *taim* < *\*tah-im* «келесі»; түрк. *\*dike/ \*tike* «тура, тіке, түзу» ~ моңғ. *čike* «тура, тіке»; *čig-* «бағыт», тұңғ.-маньч. *\*žik-* «түп-түзу, сымбатты» (ульч. *žik*, нан. *žikil*) және т.б.

6. Арғыалтай тіліндегі сөз басы *g* дыбысына ата моңғол, моңғол тілдеріндегі *G/g/-y*, тұңғыс тілінде *g/h*, ата түркі тілінде *q/k*, корей тілінде *k* дыбыстары сәйкеседі. Мысалы: алт. *\*goke* «ілемек, қармақ», тұңғ.-маньч. *\*goxo* «ілемек, қармақ», моңғ. *\*gōkej* «ілегек, қармақ», түрк. *\*kōken* «ысырма» және т.б.

7. Арғыалтай тіліндегі сөз басы *č* дыбысына ата моңғол, моңғол тілдерінде *č*, тұңғыс-маньчжур тілінде *č*, ата түркі және көне түркі тілдерінде *č*, чуваш тілінде *š* дыбыстары сәйкес келеді. Мысалы: алт. *\*čeki-n/r* «самай, шеке, құлақ», тұңғ.-маньч. *\*čiaKar* «құлақ», моңғ. *\*čiken* «құлақ», түрк. *\*čekke* «шеке» және т.б.

8. Арғыалтай тіліндегі сөз басы *ž* дыбысына ата моңғол, жазба моңғол тілдеріндегі *ž*, тұңғыс-маньчжур тіліндегі *ž*, көне түркі тілдеріндегі *j*, чуваш тіліндегі *š* дыбыстары сәйкес келеді. алт. *\*žē-* «жеу», тұңғ.-маньч.: эвенк. *žeb-* ~ *žep-* «жеу», сол. *žeb-/p-*, нег. *žew-* ~ *žep-*, ороқ. *žep-te-*, уд. *že-*, *žep-te-* «жеу», *žekče-* «жемек болу; ороқ. *der-*, нан. *žeb-/p-* «жеу», маньчж. *že-* «жеу», *že-keŋge* «тоқ», *že-ku* «нан»; түрк.: көне-түрк., орта-түрк. *je-*, тур. *ja-*, аз. *je-*, түркім. *ī-*, қаз. *že-*, хак. *či-*, як. *sia-*, чув. *ši-* «жеу»; моңғ. *žul-* «жұлу», орта-кор. *\*čā-*, *čā-si-* «жеу»; арғыалт. *\*žigd* «жидек»: тұңғ.-маньчж. *\*žikte* «жидек», моңғ. *\*židge-ne* «бүлдірген, құлпынай», түрк. *\*jigd-lak* «жидек» және т.б.

9. Арғыалтай тіліндегі сөз басы *s* дыбысына ата моңғол, жазба моңғол тілдеріндегі *s/š*, тұңғыс-маньчжур тіліндегі *s*, корей тіліндегі *s*, ата түркі, көне түркі тілдеріндегі *s*, чуваш тіліндегі *s/š* дыбыстары сәйкес келеді. Мысалы: алт. *\*segi-* «бұғы, жирен, бөкен», тұңғ.-маньч. *\*seg-žen* «бұғы, ұзбара», моңғ. *\*sejinek* < *\*seyi-nek* «екі

жасар лақ», түрк. \**sigun* «бұғы, сайғақ; арғытүрк. \**sāri-g* «ақ», көне-түрк. *sariy*, түркм. *sāri*, як. *aray-as*, түрік. *sarı* «сары», чуваштық рефлекс \**sāri-g šorā* «ақ», чув. *sarā* «сары», орта.-корей *hāi* «сары» (< \**siāri-*), орта-моңғ. *šira*, моңғ.-жазба. *sira* «сары» < алт. \**siāri* «ақ» және т.б.

10. Арғыалтай тіліндегі сөз басы *j* дыбысына ата моңғол, жазба моңғол тілдеріндегі *j*, тұңғыс-маньчжур тіліндегі *j*, ата түркі, көне түркі тілдеріндегі *j* дыбыстары сәйкес келеді. Мысалы: тұңғ.-маньч.: эвен. *jiktę* «жидек», улча *justę*, гол. *jusiktę* «қара жидек, көк жидек»; моңғ.-жазба *jigde* «қытай құрмасы», *jedegene* < \**jigdegene* «бүлдірген, құлпынай», түрк. \**jigdläk* «жидек»<sup>1</sup> Алайда С.А.Старостин Арғыалтай тілінде *j* дыбысы сөз басында емес, сөз ортасында кездесетінін айтады. Ол моңғ. *jada-* «шаршап-шалдығу, кедейшілікте өмір сүру», *jadayu* «кедей» сөздерін түркі. \**jadag* «жаяу, жаяу жүруші» сөзімен салыстыруға келмейтінін, ал қазіргі түркм. *jāda-* «шаршау», тел. *jada-* «әлсіреу» сөздерін моңғол тілінен енген кірмелер деп санау қажеттігін ескертеді. Сол сияқты Н. Поппе моңғ. *jayara-* «асығу» сөзімен салыстырған көне-уйғ. *jarraq* «жиі, көп», *jarrayin* «асығыс» сөздерінің көне түркі сөздігінде кездеспейтінін, ал Н. Поппе *jafa-* тұлғасында берген маньчж. *jabu-* (y), сол. *jabu-* «жүру» сөздерін осы тілдерге моңғолдан (*jabu-* «жүру») енген кірме сөз екенін ескертеді<sup>2</sup>.

11. Арғыалтай тіліндегі сөз басы *m* дыбысына ата моңғол, жазба моңғол тілдеріндегі *m*, тұңғыс тіліндегі *m*, маньчжур тіліндегі *m/n*; корей тіліндегі *m* дыбысына ата түркі, көне түркі тілдеріндегі *b* дыбыстары сәйкес келеді. Мысалы: алт. \**toj(u)ŋa* «мойын» > түрк. \**boj(in)* ~ тұңғ.-маньч. \**тоҗа-n* ~ орта-кор. *тjәк*; түрк.: көне-түрк. *bojin* ~ *bojun*, түркм., түрік., азер. *bojun*, тув., як. *тојин*, қаз., хак. *тојин*, як. *тōй, тōј*, чув. *тōј*; моңғ. *тојиноу*, бур. *bojnok* «мойынтық», моңғ.-жазба *bojiti* «арқан жіп; тұңғ.-маньч.: эвенк. *тоҗон* «мойын, тамақ, жаға»; нег. *тоҗон* «мойын, жаға»; орооч. *тоҗо(n-)*; уд. *тоҗо-li* «жаға»; ульч. *тоҗуо(n-)* «мойын»; орок. *тоҗго(n-)*, нан.

<sup>1</sup> Poppe N. Introduction to Altaic Linguistics. - Wiesbaden, 1965. - P.199.

<sup>2</sup> Старостин С. А. Алтайская проблема и происхождение японского языка.-М., 1991.- С.32-33.



тоңуо «мойын, алқым»; маньчж. тоңуон «алқым»; орта-кор. тоқ, тјэк «мойын» және т.б.

12. Арғыалтай тіліндегі сөз басы *n/n̄* дыбыстарына ата моңғол, жазба моңғол тілдеріндегі *n*, тұңғыс-маньчжур тіліндегі *n/n̄*, корей тіліндегі *n*, ата түркі тіліндегі *n/n̄/j*, көне түркі тіліндегі *j* дыбыстары сәйкес келеді. Мысалы: моңғ. *nügersün* «бұталы қандағаш», тұңғ.-маньч. *\*niβek* «тырбық қайың», түрк. *\*jivrek* «қандағаш» (қайың тұқымдас); тұңғ.-маньч. *\*ničke* «кішкентай, әлжуаз, әлсіз», моңғ. *\*žižig* «ұсақ, кішкентай», түрк. *\*jinčke* «жіңішке, ұсақ әлсіз» және т.б.

13. *l<sup>1</sup> l<sup>2</sup>* және *r<sup>1</sup> r<sup>2</sup>* діріл дыбыстары арғыалтай тілінде сөз басында кездеспейді. Сөз ортасы мен сөз соңында көп өзгеріске ұшырамайды. Өзгеріске көбінесе дауыстылардың арасында немесе олардан кейін келген дауыссыздар ұшыраған. Мысалы: арғыалт. *\*köl* «қол» > түрк. *\*kol* «қол»: көне және орта ұйғ., шағат. *qol*, армян-кып., яқ., тува *xol*, шор, телеут., түркм., түрік., азер. *kol*, қаз., қырғ. *qol* ~ тұңғ.-маньч. *\*xul-kse* «жең»: эвенк., нег., ороч. *уксэ*, сол. *утчил*, нан. *хуэксэ*, маньч. *улхи* (< *\*xul-ksi*; ~ моңғ. *\*köl* «аяқ, жануардың табаны»: орта-моңғ. *kol*, халха *хөл*, бурят *хүл*, ескі қалм. *көл*, ордос. *köl*, монғор. *kuor*, моғол. *kól*, дунс., баоан. *кул*; арғыалт. *\*kuru* – «саусақ»: моңғ. *\*kuriyün* «саусақ», тұңғ.-маньч. *\*xuru* «уыс», маньчж. *urün* «сүйем» (ұзындық өлшемі), корей. *қазақ* «саусақ»; арғыалт. *\*erü-*: түрк. *\*erin* «ерін»: көне ұйғ. *erin*, шағат. *ern* «астыңғы ерін», ескі қыпш. *erin* «ерін», хак. *ирін*, өзб. *ирин*, түркм. *эрин*, құмық. *erin*, тув. *erin* «ерін, ыдыстың ернеуі», қаз. ерін, қарақалп., ноғай., қырғ. *erin*, т.б. ~ моңғ. *\*eri-γün* «төменгі жақ сүйек»: орта-моңғ. *eri*» *ün* «төменгі жақ сүйек», моңғ.-жазба. *erügün*, *eregün*, *erügü*, *ereü* «иек», қалм. *örgn* «төменгі жақ сүйек, иек», халха. эрүү «жақ, иек сүйек», бурят. *үргү* (*н*) «жақ сүйек, иек», дагур. *эру* «қызыл иек», монғор. *irü* «иек» ~ тұңғ.-маньч. *\*eruken* «бұғана»: эвенк. *орокон*, ороч. *ијэукэ/эјэукэ* «бұғана» және т.б.

14. Арғыалтай тілінде дауыстылар арасына келетін *p* дыбысы арғымоңғол (моңғолдық тектіл), жазба моңғол тілдерінде *b* дыбысына, маньчжур тілінде *f*, тұңғыс тілінде *p/w*, көне түркі тілінде *p* дыбысына өзгерген. Сол сияқты сөз соңындағы арғыалтайлық

*p* дыбысы да жоғарыдағыдай өзгеріске ұшыраған. Тек маньчжур тілінде *p > p/b* дыбыстарына өзгерген. Мысалы: арғыалт. \**jaip*- «жіберу, жөнелу, кету» > түрк. \*(j)*ēip*- «жіберу», моңғ. \**jabu*- «жүру», тұңғ.-маньчж. \**jeβ*- «шығу»; арғыалт. \**kapVn*-: түрк. \**karun* > көнеуығ. *qabun* «түкті ара», тұңғ.-маньчж. \**xafin* – «жабайы ара»; арғыалт.\**kēp*» *e*- «күйсеу, шайнау», > түрк. \**kāp* - «күйсеу, шайнау», моңғ. \**keb*- «шайнаңдау», тұңғ.-маньчж. \**kefe* «астыңғы иек» және т.б.

15. Арғыалтай тілінде дауыстылар арасына келетін *t* дыбысы жазба моңғол тілдерінде *d* дыбысына, маньчжур тілінде *t*, көне түркі тілінде *t* дыбысына өзгерген. Арғымоңғол (ата моңғол, моңғол тектілі), жазба моңғол маньчжур тілдерінде *i* дыбысының алдында *č* дыбысына өзгерген. Мысалы: арғыалт. \**puta* «жіп, арқан» > түрк. (якут *utax*) < \**putak* «қалың арқанның ширатылған жібі», моңғ.-жазба *utasun*, ортамоңғ. *hutasun* «жіп, иірілген жіп», маньч. *futa* «жіп, арқан»; арғыалт. \**gat*- «жидек» > түрк. \**kat/qat* «жидек», моңғ. *gadari* «беже, алхоры», тұңғ.-маньч. \**gata* «жидек»; арғыалт. \**et*» *ike* «жасы үлкен туысқан» > түрк. \**eteke* «немере аға», моңғ. \**ečige* «әке», тұңғ.-маньч. \**etike-j* «қарт, қайын ата» және т.б.

16. Арғыалтай тілінде дауыстылар арасына келетін *k* дыбысы арғымоңғол (моңғолдық тектілі), жазба моңғол тілдерінде *q/k* дыбысына, маньчжур тілінде *q/k*, тұңғыс тілінде *k*, корей тілінде *g*, көне түркі тілінде *q/k* дыбысына өзгерген. Сол сияқты сөз соңындағы *k* маньчжур, тұңғыс, көне түркі тілдерінде өзінің рефлекс-терін сақтаған болса, арғымоңғол, жазба моңғол тілдерінде *g/g* дыбысына өзгерген. Мысалы: моңғ.-жазба. *kōkūn* «емшек» ~ тұңғ. \*(x)*ukun*/\**kukun* «емшек» < арғыалт. \**kok*» *й*- «кеуде, көкірек» Моңғ.: моңғ.-жазба. *kōkūn*, қалм. *kōkn*, дун. *gogo*, дағ. *hgōn*, моңғор. *k'uguo* «емшек» деген мағынаны білдіреді. Моңғол жазба тіліндегі *kōkū*- ~ *kōke*- «емшек ему» (халха-моңғ. *хóхó*- «ему») етістігінен *kōkūn* тұлғасы туындаған деп саналады. Тұңғыс-маньчж: эвенк. *ukun*, эвен. *okəp*, нег. *охон*, ороқ. *oko(n-)*, уд. *kos'о* (< \**kuku-si*), ульч. *kie(n-)*, ороқ. *qō(n-)*, нан. *kū*, маньчж. *хихип*. Тұңғыс-маньчжур тілдерінде «емшек» деген мағынада жұмсалатын жоғарыдағы тұлғалар «емшек ему» етістігінен туындаған (эвенк. *uku*-, эвен.

оқ-, негид. охо). Түрк. \**gōkūr* ~ \**gogū-ŕ* «кеуде, көкірек»: көне-түрк. *kōkūz*, түркм. *gōvūs*, түрік. *gōyūs*, аз. *kōkūs* (*kōks*), хак. *kōgis*, чув. *kōgōr* туынды тұлға \**gōkr-āk* «көкірек» (өзб. *koʻkrak*, тат. *kūkrak*, қаз. *kō-kirek*); Корей тілінде: қазіргі кор. *kogēŋi*, орта.-кор. *kokāijaŋ* «өзек» және т.б.

17. Арғыалтай тілінде дауыстылар арасына келетін *b* дыбысы арғымоңғол, жазба моңғол тілдерінде *b* дыбысына, маньчжур тілінде *b*, тұңғыс тілінде *w*, көне түркі тілінде *b* (басқа түркі тілдерінде *v* немесе нәлдік тұлғада) дыбысына өзгерген. Сөз соңындағы *b* дыбысының тұңғ.-маньч., көне-түркі тілдеріндегі өзгерістері сақталып, арғымоңғол, жазба моңғол тілдерінде *w* дыбысына өзгерген. Мысалы: арғыалт. \**keb*-(/\**kew*-) «кеуде, қарын»: > түрк. \**geb-de* «кеуде», моңғ. \**kebe-l*-(/\**keze-l*:->моңғ.-жазба. *keber-deg*, қалм. *kewrdag* «кеуде», ордос. *k ewer* «бой тұрқы (жануардың)», тұңғ.-маньчж. \**keb-de* «кеуде, қарын»; арғыалт. \**p*» *ēw/be* «күрке, үй»: > түрк. \**ēb* «үй», тұңғ.-маньчж. \**feve* «күрке, қос» және т.б.

18. Арғыалтай тілінде дауыстылар арасына келетін *d* дыбысы арғымоңғол, жазба моңғол тілдерінде *d* дыбысына, маньчжур тілінде *d*, тұңғыс тілінде *d*, көне түркі тілінде *d* (басқа түркі тілдерінде *t*, *z*, *j* дыбыстарына) дыбысына өзгерген. Мысалы: арғымоңғол, жазба моңғол, маньчжур тілдерінде *i* дыбысының алдында ол *ž* дыбысына айналады. Мысалы: арғыалт. \**edin* «қожайын, еркек» > түрк. \**ed*(*δ*): көне түрк, орта түрк. \**iđi* «еркек, егесі, бас ие, қожайын», моңғ.-жазба. \**ežilen* «егесі, ие, қожайын», тұңғ.-маньчж. \**edin* «күйеу, еркек». Ал эвенк. *ežen* «қожайын, бас ие», солон. *edi*, *eži* «бас ие, қожайын», негид. *ežen* «басшы, билеуші», *ežexe* «аңшыны қорғайтын рух», ороқ. *eže(n)* «бас ие, патша, *ežexe* «билеуші, патша, рух-ие», ульч. *eže(n)*, *ežexe(n)* «аңшылық рух-ие», маньчж. *ežen* «билеуші, патша» моңғол тілінен енген кірме сөздер саналады; арғыалт. \**k*» *udur-g-* «құйрық»: > түрк. \**kudru-k* «құйрық», моңғ. \**kudur-ga-* «құйысқан», тұңғ.-маньчж. \**xujrguj-* «құйрық», орта-кор. *kārki* «жылқының жалы» және т.б.

19. Арғыалтай тілінде дауыстылар арасына келетін *g* дыбысы арғымоңғол, жазба моңғол тілдерінде *g/g/γ* дыбысына, маньчжур тілінде *χ/x*, тұңғыс тілінде *g*, көне түркі тілінде *γ/g* дыбысына өз-

герген. Сөз соңындағы *g* дыбысының арғымоңғол, жазба моңғол, көне-түркі тілдеріндегі өзгерістері сақталып, маньчжур тілінде *g/k*, тұңғыс тілінде *k/g* дыбысына өзгерген. Мысалы: арғыалт. *\*degu* «кішікентай туысқан» түрк. *\*jegen* «жиен», моңғ. *\*deγü* - «іні/сіңлі», моңғ. *žege* «жиен» > түрк. *\*jegen*; тұңғ.-маньчж. *\*dexu* «кіші әпкенің ұлы» (*\*dexu-ete* «кіші әпке», *\*dexu-ata* «кіші әпкенің күйеуі», сөзбе-сөз: «*dexu*дің анасы», «*dexu*дің әкесі»); арғыалт. *\*dagu* «жат, шетелдік» > түрк. *\*jagi* «жау, дұшпан», моңғ. *\*dajin* < *\*dayin* «жау», тұңғ.-маньчж. *\*dagu-r* «дос, одақтас рудың өкілі» және т.б.

20. Арғыалтай тілінде дауыстылар арасына келетін *č* дыбысы арғымоңғол тілінде *č*, орта-моңғол тілінде *č/š*, жазба моңғол тілінде *č/š/s/*, тұңғыс-маньчжур тілінде *s* дыбысына, көне түркі тілінде *č* дыбысына өзгерген. Мысалы: арғыалт. *\*kūčū* - «күш» > түрк. *\*gūč* «күш», моңғ.-жазба. *kūčū-n* «күш, еңбек», тұңғ.-маньчж. *\*kusū-n* «күш», *kusū* - «күш салу, күресу»; орта-кор. *kočāk-hāta* «өте күшті, айрықша»; арғыалт. *\*sičū* «жас төл (қозы, лақ, құлын т.б.)» > түрк. *\*sōčka* «торай», тұңғ.-маньчж. *\*siču-hta* «төл» және т.б.

21. Арғыалтай тілінде дауыстылар арасына келетін *ž* дыбысы арғымоңғол, жазба моңғол, тұңғыс-маньчжур тілдерінде бастапқы қалпын сақтап, көне түркі тілінде *j* дыбысына өзгерген. Мысалы: арғыалт. *\*žazi-* «бетсүйек, шайнау»: түрк. *\*jaj-n-gak* > *\*jajnak* «иек», моңғ. *\*žazi-l-* «шайнау», *\*žazi-γur* «ұрт», тұңғ.-маньчж. *\*žazikta/-n* «бетсүйек»; арғыалт. *\*žižz* - «өтірік айту, егесу, дауласу»: түрк. *\*joj-* «өтірік айту, жалған сөйлеу», моңғ. *\*žiži* - «азғыру, қызықтыру», тұңғ.-маньчж. *\*žižza* «айыптау; айтысу, дауласу, шу шығару» және т.б.

22. Арғыалтай тілінде дауыстылар арасына келетін *s* дыбысы арғымоңғол, жазба моңғол тілдерінде *s* дыбысына, бурят тілінде *h*, маньчжур тілінде *s*, көне түркі тілінде *s*, якут тілінде *h/t* дыбысына өзгерген. Арғымоңғол, жазба моңғол, буряттілдерінде *y/i* дыбысының алдында ол *š* дыбысына айналады. Мысалы: арғыалт. *\*k* *usi* «ұсақ жаңғақ»: түрк. *\*kusuk* «ұсақ жаңғақ», моңғ. *\*kusi* «самырсын, тұңғ.-маньчж. *\*xosi-hta* «емен жаңғағы»; арғыалт. *\*pesi* «тұтқа, сап, діңгек»: моңғ.- жазба. *eši*, орта моңғ., бурят. *heši*, тұңғ.-маньчж. *hešin*, маньч. *fesin* «тұтқа» және т.б.

23. Арғыалтай тілінде дауыстылар арасындағы және сөз соңындағы *j* дыбысы арғымоңғол, жазба моңғол, тұңғыс-маньчжур, көне түркі, корей тілдерінде *j* қалпын сақтаған. Мысалы: арғыалт. \**öje* «мойын жүні (жануарлардың, малдың)»: түрк. \**öjek* «терінің қарын бөлігі», тұңғ.-маньчж. \**noje-lte* «мойын асты жүні»; арғыалт. \**t* *ujre* «тізе»: түрк. \**tujz-ke* «тізе», моңғ. \**türei* «қоныш (етіктің)» тұңғ.-маньчж. \**tujre-kse* «қоныш» және т.б.

24. Арғыалтай тілінде дауыстылар арасындағы және сөз соңындағы *m* дыбысы арғымоңғол, жазба моңғол, көне түркі, тұңғыс-маньчжур тілдерінде сол қалпында сақтаған. Мысалы: арғыалт. \**tumi-* «мұрынбоқ, сіңбіру»: тұңғ.-маньчж. \**tumi-n* «түкірік», моңғ. \**tomu-γи* «салқын тию, суық өтіп кету», түрк. \**tum-č-uk* «мұрын; тұмсық»; арғыалт. \**kemu-* «кірпік, қабак (көздің)»: тұңғ.-маньчж. \**kem-bu-kte* «қас-қабак», моңғ. \**kōmū-ske* «қас», түрк. \**kirpik* «кірпік» < \**kim-rik*; арғыалт. \**kumī* «ұсақ жәндіктің (шыбын-шіркей, құрт-құмырысқа сияқты) түрі»: тұңғ.-маньчж. \**kumi-r-* «ұсақ жәндік, құмырысқа», \**kumke* «бит», түрк. \**kum ir-ska* «құмырысқа» және т.б.

25. Арғыалтай тілінде дауыстылар арасындағы және сөз соңындағы *n* дыбысы арғымоңғол, жазба моңғол, көне түркі, тұңғыс-маньчжур тілдерінде өзгеріске ұшырамаған. Мысалы: арғыалт. \**mojn* – «мойын»: тұңғ.-маньчж. \**mojon* < \**mon-γon* «мойын», моңғ. \**min-daya* «аттың шоқтығы», түрк. \**bojn* «мойын»; арғыалт. \**jandç-ku* «жыртқыш»: тұңғ.-маньчж. \**ianda-ku* «кішкентай борсық, жанат тұқымдас ит», түрк. \**andik*: шағат. *andiq*, ескі-түрік. *andiq* «сілеусін» және т.б.

26. Арғыалтай тілінде дауыстылар арасындағы *ń* (жұмсақ) дыбысы арғымоңғол, жазба моңғол тілдерінде *ń/n*, тұңғыс-маньчжур тілдерінде *ń*, көне түркі тілінде *ń/ j* (басқа түркі тілдерінде *ń/ j*) болып өзгерген. Мысалы: арғыалт. \**ańa* «ашық ауа райы»: тұңғ.-маньчж. \**ńańńa* «ашық аспан», түрк. \**añaz/lañaz* «ашық күн (ауа райы); құрғақшылық»; арғыалт. \**ńońga* «қаз»: тұңғ.-маньчж. \**ńońga-ki* «қаз», түрк. \**juńgak* «үйрек; қаз» және т.б.

27 Арғыалтай тілінде дауыстылар арасындағы және сөз соңындағы *ŋ* дыбысы арғымоңғол, жазба моңғол, көне түркі, тұң-

ғыс-маньчжур тілдерінде сол қалпында сақтаған. Мысалы: түрк. *\*ta(η)gir-/ \*da(η)kir-* ~ моңғ. *togurig* ~ тұңғыс-маньч. *\*toηol-* ~ орта.-кор. *toηkor-* < алт. *\*t'oηkV* (~ *\*toηk*» *V*) «дөңгелек»: Түрк.: көне түрк. *tegir-mi*, *tegir-me*, өз. *däjirmi*, түрік. *dejirmi* сөздері үшін түбір-негіз қызметін *\*tä(η)gir-/ \*dä(η)kir-* «айналу, дөңгелеу» етістігі атқарады. Салыст.: чув. *tavär-*, тат. *tägärä-*, як. *tägiri-*, көне-түрк. *megirä* «төңірек, айнала», *tegir-män* «диірмен», түркм. *tegelek* «дөңгелек», ног. *togin* «тоғын», тат. *dugim*, чув. *togät* «тоғын, шеңбер», шағат. *toy-lak* «дөңгеленген», тел. *toyolok*, қаз. *doyalak*, хак. *toyлаx* «дөңгелек»; қаз. *töhörök* «төңірек, айнала», *töhgölök* «доңғалақ», тоб. *tünäläk* «сақина, шеңбер»; Моңғ.: орта.-моңғ. *tögorig*, моңғ.-жазба. *tögürig*, қалм. *tögöräg* «төңірек, айнала; шеңбер», халха-моңғ. *dugarig* «дөңгелек»; Тұңғ.-маньчж: эвенк. *toηollo* «шеңбер», *toηollo-mo* «дөңгелек»; *toηār* «төңірек, маңай»; нег. *toηgülikin* «дөңгелек», *toηolo* «шеңбер»; ороқ. *tuηe-pke* «шеңбер»; уд. *toηo* «тұзақ»; Корей: орта.-кор. *toηkor-*, қазіргі кор. *toηgol-da*, *tuηgil-da* «дөңгелек»; Арғыалт. *\*tawη-gar* «шошқа»: тұңғ.-маньч. *\*dawη-gari* «сивуч», түрк. *\*doηuz* «доңыз» және т.б.

28. Арғыалтай тілінде дауыстылар арасындағы және сөз соңындағы *\*l<sup>1</sup>* дыбысы жазба моңғол тілдерінде *l*, тұңғыс-маньчжур тілдерінде *l/r*, көне түркі, чуваш тілдерінде *l*, корей тілінде *l/r* болып өзгерген. Мысалы: түрк. *\*jel* ~ моңғ.-жазба. *sal-kin* < алт. *\*zel* «жел». Салыст.: көне.-түрк., түрік., өз. *jel*, тат. *žil*, чув. *šil* «жел» т.б. ~ моңғ.-жазба. *sal-kin*, қалм. *salkn*, халха-моңғ. *salxi*, моңғор. *sarkī* «жел»; Ал тат., қаз. *salqin* «салқын», тел. *salqin* «қатты жел», сондай-ақ эвенк. *salgin* «самал жел», эвен. *halgon* «жел» сөздері – осы тілдерге моңғол тілінен енген кірме сөздер болып саналады. Арғыалт. *\*ulGз* «жабайы тауық»: тұңғ.-маньч. *\*ulgu-mi/a* «қырғауыл», моңғ. *ularu* «күркетауық» ← түрк. *\*ulHar* «ұлар, шіл « және т.б.

29. Арғыалтай тілінде дауыстылар арасындағы және сөз соңындағы *\*l<sup>2</sup>* (жұмсақ) дыбысы арғымоңғол, жазба моңғол, тұңғыс-маньчжур тілдерінде *l*, корей тілінде *l/r*, чуваш тілдерінде *l*, көне түркі және басқа түркі тілдерінде *š* болып өзгерген. Сөз ортасында және сөз соңында *š* > *l<sup>2</sup>* өзгерісі ламбдацизм заңдылығы ретінде белгілі. Мысалы: түрк. *\*dāl* ~ моңғ.-жазба. *šila-gun* ~ тұңғ.-

маньч. \**žola* ~ орта.-кор. *tōr(h)* < алт. \**tiōla* «тас». Түрк.: көне.-түрк., түрк., күм., тат. қаз. т.б. *taš*, түркм. *āš*, өз. *daš*, тув. *daš*, як. *tās*, чув. *čol*; Моңғ.: орта.-моңғ. *čila?un*, моңғ.-жазба. *čilayun*, қалм. *tšolūn*, халха-моңғ. *čulū*, даг. *tšoloo* «тас» (< протомоңғ. \**tilayun*); Тұңғ.-маньч.: эвенк., сол., нег., орооч., уд., ульч., орок., нан. *žolo*, эвен. *žol* «тас»; Корей: көне.-кор. /*tōr*/, орта.-кор. *tōr(h)*; Арғыалт. \**āli* «көк шөп»: тұңғ.-маньч. \**elu-* «пияз», моңғ. \**alir-sun* «итбүлдірген, алшынкөк», түрк. \**āš* «қысқа шыбық; телінген бүршік (бау-бақшадағы)» және т.б.

30. Арғыалтай тілінде дауыстылар арасындағы және сөз соңындағы \**r*<sup>1</sup> (қатаң) дыбысы арғымоңғол, жазба моңғол тілдерінде *r*, тұңғыс-маньчжур тілдерінде *r* (*l*), корей тілінде *r*/*l*, көне түркі және басқа түркі тілдерінде *r* болып өзгерген. Мысалы: арғыалт. \**t*» *ōru* «торай»: тұңғ.-маньчж. \**toro-ki* «қабан (жабайы шошқа)», моңғ. \**torui* «торай», түрк. *tōrum*, \**torm-*+ кішірейткіш жұрнақтар «ботақан, тоқты-торым, торпақ»; арғыалт. \**ōmir* «жұмыртқа»: тұңғ.-маньчж. \**umu-kta* < \**umir-kta* «жұмыртқа (жартылай контаминацияға ұшыраған)», моңғ. \**ōmde-γen* < \**ōmre-* «жұмыртқа», түрк. \**jumir-tka* «жұмыртқа (\**jumir*» жұмыр, дөңгелек» контаминациясының әсерінен)» және т.б.

31. Арғыалтай тілінде дауыстылар арасындағы және сөз соңындағы \**r*<sup>2</sup> (жұмсақ) дыбысы арғымоңғол, жазба моңғол, тұңғыс-маньчжур, корей тілдерінде, чуваш тілдерінде *r*, көне түркі және басқа түркі тілдерінде *z* болып өзгерген. *r*2> *z* өзгерісі *ротацизм* заңдылығы ретінде белгілі. Мысалы: түрк. \**ur* ~ орта.-моңғ. *ur-tu*, моңғ.-жазба. *ur-tu* < алт. \**ur* *Ā* Түрк.: көне.-түрк. *uzun* «ұзын, ұзақ», *uzaq* «ұзақ, алыс», *uza-* «ұзау, созылу»; түркм. *uzn*, түрік., өз., хак., тув. т.б. *uzun*, як. *uhun*, чув. *vōrōm* «ұзын, ұзақ»; түрік. *uza-* «ұзын болу, ұзаққа созылу», тув. *uza-*, як. *uha-* «ұзау, созылу»; Моңғ.: орта.-моңғ. *urtu*, моңғ.-жазба. *ur-tu*, халха-моңғ. *urt*, қалм. *utu*, моңғор. *fuDur* «ұзын» (екіншілік *f* дыбысына байланысты Мудрак-Хелимский заңы бойынша: *fuDur* < \**utur* < \**ur-tu*); Корей: орта.-кор. *ora-ta* «кейінгі, баяғыдағы»; арғыалт. \**nür* «жүзім, шарап»: тұңғ.-маньчж. \**nure* «шарап», моңғ. \**nür* «қаражидек», түрк. \**jüzüm* «жүзім» және т.б.

## § 2. «Ротацизм» және «ламбдацизм» құбылысы

«Ротацизм» және «ламбдаизм» құбылысының, яғни тарихи қалыптасқан *r~z* және *l~š* сәйкестіктерінің табиғатын айқындау мәселесі 1923 жылы Г.Рамстедт ұсынған: «чуваш тілінде *r* және *l* түрінде, көне түркі және басқа түркі тілдерінде *z* және *š* түрінде (кей-бір түркі тілдерінің кейінгі кезеңдердегі даму барысында *z >* башк., түрікм. *з*, тув., як., хак. *з* /ауслаут шенінде/ өзгеріске ұшыраған) көрініс беретін түркі тектілінің \**r* және \**l* фонемалары»<sup>1</sup> туралы теориялық тұжырымнан туындайды. бұл мәселе түркітану мен алтаистика саласында күні бүгінге дейін талас тудырып келе жатқан даулы мәселелердің бірі болып табылады.

Г.Рамстедт «ротацизм» және «ламбдаизм» құбылыстарының генезисін жуан және жіңішке \**r* – \**r* және \**l* – \**l* сонанттардың тектілік қарама-қарсылығымен түсіндіреді. Оның пікірінше, *r* және *l* сонанттары барлық түркі тілдерінде сақталған: *r* чуваш тілінде *r* дыбысына, ал жалпытүркілік – *z*-ға; *l* > чув. *l*, жалпытүркілік *š* дыбысына өзгерген<sup>2</sup>. Н.Поппе түркілік тектілінің фонологиялық жүйесінде Г.Рамстедт көрсеткендей \**r* және \**l* фонемалары емес, \**r* (чех тілінде- гідей) және қатаң \**l*,<sup>3</sup> ал О.Прицак *z > \*rti* және *š > \*lti* болғанын айтады.<sup>4</sup> З.Гомбоц чуваш ротацизмі мен ламбдаизмін бір буынды түбір негіздерде созылыңқы дауыстылардан кейін келетін түркілік тектілік \**s* және \**š* дыбыстары кескінделуінің нәтижесі деп санайды және бұл құбылысты түркі тілдерінің фонологиялық жүйесінің тарихи дамуының кейінгі кезеңдеріне жатқызады<sup>5</sup>.

А.М.Щербак: «Түркі тектілінде бастапқы созылыңқы дауыстылардан кейін \**s* и \**š* спиранттарының ерекше аллофондары

<sup>1</sup> Ramstedt G.J. Frage nach der Stellung des Tschuwassischen // JSFOu. XXXVIII, 1922-1923.

<sup>2</sup> Ramstedt G.J. Einführung in die altaische Sprachwissenschaft, I. Lautlehre.- Helsinki, 1957. -P. 103-106.

<sup>3</sup> Poppe N. Vergleichende Grammatik der Altaischen Sprachen. T. 1. Vergleichende Lautlehre.- Wiesbaden, 1960. – P.107.

<sup>4</sup> Pritsak O. Der «Rhotazismus» und «Lambdaizismus».-UAIb, 35, «D». – Wiesbaden, 1964.- P.337-342

<sup>5</sup> Gombocz Z. Zur Lautgeschichte der altaischen Sprachen // Keleti Szemle. – Budapest, 1912- 1913.-Bd.Xin.-Hf.1-2.-P.21.



орын алды. Осы позицияда \*s кейіннен жаппай ұяңдануға ұшырады. Ал бұлғар (> чуваш) типті тілдерде \*s және \*š дыбыстары созылықты *r* және *l* дыбыстарына айналды» деп санайды<sup>1</sup>. Сондай-ақ А. М. Щербак: «Ротацизм құбылысы алтаистика саласындағы әдебиеттерде келтірілетін түркі-моңғол-тұңғыс-маньчжур лексикалық параллельдері үшін жалпыалтайлық қалып-күйді көрсетпейді, негізінен кірмелікті танытады. Мұнда чуваш типті түркі тілі бастапқы «қайнар-көз» болатын болса, моңғол тілдері «аралық тіл» қызметін атқарады. Сондықтан тұңғыс-маньчжур тілдерінде, әсіресе эвенкі тілінде кездесетін ротацизм көбіне моңғол тілдерінен енген кірме сөздерде дыбыстық тұлғаның қайта жаңғыруына байланысты көрініс береді. Ол сөздердің шығу тегі, түптеп келгенде түркі тілдеріне барып саяды» – дейді<sup>2</sup>

С.А.Старостин созылықты дауыстылардың ұяңдануы негізінен оғыз тобына енетін тілдерге тән қасиет екенін айтқан М.Рясянен<sup>3</sup> тұжырымын қолдай отырып, Л.М.Щербак концепциясына қарсы пікір білдіреді. Ол позициялық ұяңдану тек қатаң спирант дауыссыздардың кіші жүйесіне ғана қатысты болатынын, ал А.М.Щербак ұсынған «позициялық бөлініс» нақты тілдік материалдар негізінде дәлелденбейтінін алға тартады: «Тіптен, автор келтіретін мысалдардың көбі<sup>4</sup> жалпытүркілік \*ɣ және \*ʀ дыбыстары қысқа дауыстылардан кейін келетінін көрсетеді (Сал.: чув. *ir-* «езу, мыжу, жаншу, илеу»: түрікм. *ab-*: түрік. *ez-*; чув. *paru* «бұзау»: түрікм. *bu-baw*: түрік. *buzayı*; чув. *sir-* «жазу»: түрікм. *jab*: түрік. *jaz-*; чув. *tar-* «қашу»: түрікм. *tab-*; чув. *tir-* «тізу, тізбектеу»: түрікм. *dub-*: түрік. *diz-*; чув. *ture* «тура»: түрікм. *dub* «құла түз, жазық»: «тур. *duz*; чув. *ilt-* «тыңдау, есту»: түрікм. *asit-*; чув. *tol* «сыртқы, тыс»: түрікм. *das*). Мұндай мысалдардың санын одан ары көбейте беруге болады. Бұған қарағанда түркілік тектілік \*ɣ және \*ʀ дыбыстарын басқа бір фонемалардың аллофондарына апарып саю мүмкін емес. Олай болса, мәселе \*ɣ және \*ʀ дыбыстарының түркілік тектілікте

<sup>1</sup> Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. -Л., 1970. – С. 83-88.

<sup>2</sup> Щербак А.М. Ранние тюркско-монгольские языковые связи (VIII-XIV вв.). -Санкт-Петербург, 1997. -С.43.

<sup>3</sup> Рясянен М. Материалы по исторической фонетике тюркских языков. -М., 1955. – С. 128-129.

<sup>4</sup> Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. – Л., 1970. – С. 86-87.

фонетикалық тұрғыдан орындалуында, айтылуында болмақ. Жалпы алғанда \**r*/\**r*, \**l*/\**l* дыбыстық алмасуларының жиі кездесуі (көне түрк. *kōz* «көз»: *kōr*- «көру, қарау», *kōli-t*/*kōši-t*- «көмескілеу, көлеңкелеу» және т.б.) олардың артикуляциясы *r*- және *l*- түрінде болатынын дәлелдейді. Әйтседе түркілік тектілік \**r* (*r*<sup>2</sup>) және \**l* (*l*<sup>2</sup>) дыбыстарының нақты фонетикалық сипаттамасы әлі де анық айқын емес»<sup>1</sup>. Сондай-ақ С.А.Старостин: «Түркілік \**r* және \**l* дыбыстарына моңғол, тұңғыс-маньчжур, корей тілдерінде созылыңқы *r* және *l* дыбыстарының сәйкес келуі Г.Рамстедт реконструкциясының дәйектемелік күшін нығайта түседі» – деп біледі<sup>2</sup>.

«Ротацизм» және «ламбдацизм» құбылыстарын түркі және моңғол тілдері арасындағы кірмелік құбылысына қатысты қарастыратын болсақ:

- сөз ортасында және сөз соңында *z* > *r* («алтайлық ротацизм»): стандарт типтегі түркі тілдерінде аталған позицияда *z* сақталады да, ал моңғол тілдері үшін осы топтағы кірмелерге ротацизм тән болып келеді; Салыс.: табғач. \**ōkūr* (← шығыс-иран., орта-тох. *okso*) «өгіз» ~ жалпытүрк.(VIII ғ. кейін) *ōkūz*, чув. *vāGār* ~ моңғ. (*h*) *īker* «ірі қара мал»;

- сөз ортасында және сөз соңында *s* > *l* («алтайлық ламбдацизм»): стандарт типтегі түркі тілдерінде аталған позицияда *s* сақталады да, ал моңғол тілдері үшін аталған позицияда ламбдацизм көрініс береді; Салыс.: табғач. *tavulyan* «қоян» ~ жалпытүрк. (VIII ғ. кейін) *tavišqan* ~ моңғ. \**tavilya(n)* > *ta*» *ulya* > *ta*» *ulaj*<sup>3</sup>.

Қорыта айтқанда, жалпытүркілік тектіліктің фонологиялық жүйесіндегі \**r*<sup>2</sup>-(-*r*-) және -*l*<sup>2</sup> (-*l*-) дыбыстарын жаңғыртуға, қалпына келтіруге, олардың себеп-салдарын айқындауға байланысты, ғалымдар арасында пікір қайшылығы орын алады. Әсіресе «алтайлық ротацизм» және «алтайлық ламбдацизм» құбылыстарының табиғатын тереңдеп зерттеу – алтаистикадағы келелі мәселелердің бірі.

<sup>1</sup> Старостин С. А. Алтайская проблема и происхождение японского языка.-М., 1991.- С.4.

<sup>2</sup> Старостин С. А. Алтайская проблема и происхождение японского языка.-М., 1991.-С.4.

<sup>3</sup> Туймебаев Ж.К. Казахско – монгольские лексические параллели. Материалы к этимологическому словарю казахского языка. – М., 2005. – С.19.

### § 3. Арғыалтайлық анлаут \*р->\*ф- дыбысы және «Рамстедт – Пеллио заңы»

Қазіргі алтаистика бағытындағы салыстырмалы-тарихи зерттеулерде айрықша мән берілетін арғыалтай тіліндегі бастапқы ерін дауыссыздардың түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур, сондай-ақ корей, жапон тілдеріндегі эволюциясына қатысты дыбыстық жаңғыртулар сайып келгенде «Рамстедт-Пеллио заңы» деп аталатын фонетикалық заңдылықтың жаңартылып, толықтырылып, жетілдірілген варианттары болып табылады. «Рамстедт – Пеллио заңы» алтай тілдерінің генетикалық туыстығын дәлелдеу жүйесінде басты дәйектемелік рөл атқармағанымен, алтай тіл бірлестігіне енетін түркі, моңғол және тұңғыс-маньчжур сияқты үш тілдің үшеуінің де репрезентативтік материалдарын салыстырмалы талдау нәтижесінде анықталған бірден-бір дыбыстық заңдылық болғандықтан, алтаист ғалымдар оған ерекше назар аударады.

Г.И.Рамстедт ХХ ғ. басында жарық көрген моңғол-түркі тектіліндегі анлаут қатаң ерін дауыссыздар мәселесіне арналған мақаласында<sup>1</sup> түркі, моңғол және тұңғыс-маньчжур тілдерінде сөз басында келетін жабысыңқы (шұғыл) дауыссыздар бөлінісінің өзіндік ерекшеліктеріне зер салады. «Түркі тектілінде сөз басында жабысыңқы дауыссыздардан тек *k-, t-, b-* дыбыстары, ал осы позицияда жалпымоңғол тілінде *k-* және *g-, t-* және *d-,* сондай-ақ *č-* және *ž-*, ерін дауыссыздардан тек ұяң *b-* дауыссызы болғаны» туралы өз болжамын алға тартқан Г.И. Рамстедт: «консонантизм саласында моңғол тілі түркі тіліне қарағанда дамудың көне, тіптен тектілдік сатысына жақын қалып-күйді таныта алады» – деген қорытындыға келеді. Жалпымоңғол тіліндегі шұғыл дауыссыздарды қатаң ұяң (*k- ↔ g-, t- ↔ d-, č- ↔ ž-*) белгілеріне қарай, бір-біріне қарама- қарсы қою арқылы Г.И. Рамстедт қатаң ерін \**p-* дауыссызын \**p- ↔ b* жұбы аясында қайта қалпына келтірудің дұрыстығына көз жеткізеді. Соның негізінде ғалым: «Арғыалтай

<sup>1</sup> *Ramstedt G. J. Ein anlautender Stimmloser Labial in der mongolisch-turkischen Ursprache // Journal de la Societe Finno-Ougrienne. – Helsingfors, 1916-1920. – Bd. 32. – Hf. 2. – S. 1-10; 238-251*

тілінде сөз басында қатаң \**ϕ*- деген бір спирант дыбыстың болғаны, оның қазіргі тілдерде із-таңбасы мүлдем қалмағаны, я болмаса әр түрлі көрініс беретіні» туралы идеясын ұсынады және тектілік анлаут \**p*- > \**ϕ*- тұлғасына барып саятын тұңғыс-моңғол-түркі лексикалық сәйкестіктерінің 42 қатарын көрсетеді<sup>1</sup>.

Түркі және моңғол тілдерінің тарихи бастауында анлаут \**p*- ~ \**ϕ*- (> *h*- > *∅*) дыбыстары болғанын айғақтау үшін Г.Й.Рамстедт салыстырмалы-тарихи дыбыстық реконструкциялардың сыртында, сөз басында *h*- дыбысы көрініс тапқан XIII-XIV ғасырлардағы орта моңғол жазба дереккөздеріне жүгінеді.

Г.Й.Рамстедт анлаут қатаң ерін дауыссыздар көрініс тапқан *моңғол-тұңғыс-маньчжур-түркі* дыбыстық сәйкестіктерін анықтап қана қоймады, оларды өзінің көптеген классикалық еңбектеріне арқау етті. Мәселен, Г.Й.Рамстедттің «Қалмақша сөздігінде» (1935) моңғол жазба тіліндегі *h*- тұлғалы сөздермен сәйкестік құрайтын *p*- ~ *f*- дыбыстарымен басталатын тұңғыс-маньчжур және түркі сөздері молынан қамтылған болса, алтайтанымдық зерттеулері аясын корей тілінің материалдарымен кеңейтуіне байланысты жарық көрген «Корей этимологиясы бойынша зерттеулерінде» (1949) Г.Й.Рамстедт жиырмадан астам *корей-тұңғыс-маньчжур-моңғол-түркі* лексикалық сәйкестіктерін анықтайды. Осы еңбектің 1953 жылы жарық көрген нұсқасындағы П.Аалто дайындаған көрсеткіш бойынша алғанда, Г.Й. Рамстедт бастапқы *f*- тұлғалы алпыстан астам маньчжур сөздерін, алпысқа жуық анлаут *p*- тұлғалы гольд (нанай) және ульч сөздерін корей тілінің лексикалық материалымен салыстырғаны байқалады<sup>2</sup>. Ал Г.Й.Рамстедттің «Алтай тіл біліміне кіріспесі» еңбегінің көрсеткіші зерттеу корпусын бастапқы *f*- тұлғалы 49 маньчжур сөздері, *p*- тұлғалы 2 чжурчжень, 77 нанай, ульч т.б. сөздері, сондай-ақ олардың көбінің моңғол және түркі тілдеріндегі лексикалық сәйкестіктері құрағанын көрсетеді.

<sup>1</sup> Ramstedt G. J. Ein anlautender Stimmloser Labial in der mongolisch-turkischen Ursprache // *Journal de la Societe Finno-Ougrienne*. – Helsingfors, 1916-1920. – Bd. 32. – Hf. 2. – S. 1-10; 238-251

<sup>2</sup> Ramstedt G.J. *Studies in Korean Etymology* / Ed. by P. Aalto. – Helsinki, 1953. – Vol. II. – P.17, 23.

«Арғыалтай тіліндегі анлаут \**p*- немесе \**φ*- дыбыстары және олардың алтай тілдерінде әртүрлі көрініс беруі» туралы Г.Й.Рамстедт идеясын қолдаған П.Пеллио «Қазір жойылып кеткен, XIII-XIV ғасырлардағы моңғол тіліндегі инициаль *h*- дыбысты сөздер» (1925) атты мақаласында *h*- (< \**p*- ~ \**φ*-) дыбысымен басталған 100 шақты орта моңғол сөздеріне компаративтік талдау жасай келіп, *h*- (<\**p* немесе \**φ* -) моңғор тілінде *f*- , дағур тілінде *w*- ~ *ø*- түрінде із қалдырғанын, алайда қазіргі моңғол тілдерінің көбінде мүлдем жойылып кеткенін айтады. П. Пеллио моңғолдық *h*- дыбысын әу бастағы спирант \**φ*- дыбысының емес, қатаң жабысыңқы \**φ*- дыбысының рефлексі деп санайды<sup>1</sup>. П. Пеллио арғыалтайлық (яғни, тектілдік) анлаут \**φ*- дыбысының түркі және моңғол тілдерінде жоғалу процесі өте ерте кездерде басталғанымен, протомоңғол тілінде толығымен аяқталмағанын, тіптен бастапқы *h*- (<\**p*) дыбысы жекелеген моңғол сөйленістерінде күні бүгінге дейін сақталып отырғанын айтады. Зерттеуші пікірі бойынша, бұл процестің уақыт-мерзімін жалпытүркі-моңғолдық кезеңге жатқызуға болады (прототүркі, немесе жалпытүркі тілінде бастапқы *h*- жойылған) және прототүркі тіліндегі біраз сөздерде \**p*- немесе \**φ* – дыбыстары *b*- тұлғасына өзгеруі мүмкін<sup>2</sup>.

Алтаист ғалымдар анықтаған дыбыстық сәйкестіктерді, сондай-ақ арғыалтайлық \**p* дыбысының түркі тілдерінде *b*- дыбысына өзгеруі (алт. \**p* > түрк. *b*-) мүмкін екенін ескере отырып, П.Пеллио аталған зерттеуінде 96 түркі және моңғол сөздерін сәйкестендіреді<sup>3</sup>.

Сайып келгенде, «Рамстедт – Пеллио заңының» өзегін: «Арғыалтай тілінде сөз басында жабысыңқы (шұғыл) \**p*-, немесе ызың \**φ* ерін дауыссызы болды. Ол тұңғыс-маньчжур тілдерінде әр түрлі көрініс берсе (мәселен, нанай тілінде – *p* -, маньчжур тілінде – *f*-), моңғол тілдерінде не жоғалып кетті, не өзгеше бір

<sup>1</sup> Pelliot P. Les mots a *h*- initiate, aujourd» hui amuie dans le mongol des XIIIe et XIVE siecles // *Journal Asiatique*. – Paris, 1925. – Vol. 206. – №. 1-2. -P. 193-263.

<sup>2</sup> Pelliot P. Les mots a *h*- initiale, aujourd» hui amuie dans le mongol des XIIIe et XIVE siecles // *Journal Asiatique*. – Paris, 1925. – Vol. 206. – №. 1-2. – P. 253-262.

<sup>3</sup> Pelliot P. Les mots a *h*- initiale, aujourd» hui amuie dans le mongol des XIUe et XIVE siecles // *Journal Asiatique*. – Paris, 1925. – Vol. 206. – №. 1-2. P. 209-247.

рефлекстер түрінде (монғол тілінде – *f*- немесе *w* -, орта моңғол тілінде – *h*-) сақталып қалды, ал түркі тілдерінде із-түссіз, мүлдем жойылып кетті» деген тұжырым құрайды. Демек «Рамстедт – Пеллио заңының» жалпы мазмұнын мынадай тізбек арқылы көрсетуге болады:

*жалпыалтай. \*p – (\*ф): түрк. ø – ~ моңғ. ø / \*f- (w-)/ h- ~ түңғ. p- ~ маньчж. f-*

Арғыалтайлық анлаут *\*p – > \*ф* – және оның қазіргі алтай тілдеріндегі көрінісі туралы «Рамстедт – Пеллио заңы» алғашқы кезден-ақ алтаистер арасында пікір қайшылығын тудырды. Ортодоксалдық алтаистика бағытын ұстанатын ғалымдар «Рамстедт – Пеллио заңын» түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур тілдерінің о бастағы генетикалық туыстастығын дәйектеудің негізіне алып, бірнеше мәрте жаңартып, жетілдірген болса, кейбір ғалымдар оны басқа тілдік семьялар материалдары негізінде кеңейтіп, толықтыруға ұмтылды. Ал антиалтаистикалық бағыт өкілдері «Рамстедт – Пеллио заңын» қатаң сынап, қайтадан қарастырудың, тектеп-тексерудің қажет екенін алға тартты немесе мүлдем жоққа шығарды.

«Рамстедт – Пеллио заңын» алғашқылардың бірі болып қолдаған және оны орал тілдері материалдарымен толықтырып, өңдеген А.Соважо болды. А. Соважо пікірінше, орал-арғыалтай тілінде жабысыңқы шұғыл ерін дауыссыз *\*p-* ұяң ерін *\*b-* дауыссызымен алмасуы мүмкін. Ол: «Көне моңғол тіліне қатысты П.Пеллио тексеруінен өткен Рамстедт заңы орал тобын құрайтын тілдермен салыстырғанда да дәлелді» – дейді<sup>1</sup>.

Орал-алтай тілдеріне қатысты А. Соважо өңдеп, жетілдірген «Рамстедт – Пеллио заңының» варианты төмендегі тізбекке барып саяды:

*орал -алт. \*p-: орал. p- ~ түңғ. p- ~ моңғ. \*p- > w- > h- > ø – ~ түрк. \*p- > \*w- > \*h- > ø -.*

«Рамстедт – Пеллио заңы» қамтитын тілдер ауқымын Д.Синор орал-алтай тілдері ғана емес, үнді-еуропа тілдерімен кеңейтіп, мынадай тізбені ұсынады<sup>2</sup>:

<sup>1</sup> *Sauvageot A. Recherches sur le vocabulaire des langues ouralo-altaïques. – Paris, 1930. XLII. -P. 32.*

<sup>2</sup> *Sinor D. Ouralo-altaïque – indo-europeen // T» oung Pao. – Leiden, 1943. – Vol. 37. – Livr. 5. 228*

үнді-еу. \*р-: орал-алт. \*р- > ф.-угор. \*р- ~ алт. \*р-: түрк. \*р- > ø -, b- ~ моңғ. \*р- > h > ø -; \*р- > b- ~ тұңғ.-маньчж. р-.

Д.Синор «Рамстедт – Пеллио заңына» деген көзқарасын кейінгі зерттеулерінде былай білдіреді: «... көп жағдайда орта моңғол тілінде сөз басында кездесетін *h*- арғыалтайлық (тектілдік) \*р- дыбысының «сарқыншағы» емес, екіншілік, протетикалық элемент болып табылады»<sup>1</sup>.

Моңғолтанушы Л. Гамбис «Рамстедт – Пеллио заңына» байланысты мынадай тізбекті ұсынады<sup>2</sup>:

алт. \*р- > тұңғ.-маньчж. р- ~ h- ~ f- ~ ø -;

алт. \*р- > моңғ. h- ~ f-;

алт. \*р- > түрк. ø - ~ ? b-.

Н.Н.Поппе «Рамстедт – Пеллио заңын» қолдап қана қоймай, оны жаңа да тың мәліметтермен толықтырып, кейбір тектілдік тұлғаларды нақтылады. Алтай тілдеріндегі анлаут қатаң жабысыңқы \*р-, \*т-, \*т» -, \*q-, \*k- дауыссыздар жүйесі туралы мақаласында<sup>3</sup> тұңғыс-маньчжур тілдері материалдарына айрықша назар аударған Н.Поппе, Г.Й.Рамстедт анықтаған түңғ.-маньчжур. р- ~ f- = моңғ. ø -, түрк. ø – тұлғалы сәйкестіктерге<sup>4</sup> : гольд. (нан.) *puri-* «үрлеу» ~ түрк. *ur-* «үрлеу»; гольд. (нан.) *furi* ~ *puri* «отбасы, үйелмен, үй іші, бала-шаға,» ~ моңғ. *ure* «ұрпақ, ұрық» т.б. тың деректер қосады.

Н.Н.Поппе «Алтай тілдерінің салыстырмалы грамматикасында» алтайлық тектілге барып саюы мүмкін анлаут \*р- тұлғалы 57 түбір деңгейіндегі сәйкестіктерге этимологиялық талдау жасайды<sup>5</sup>.

<sup>1</sup> Sinor D. Altaica und Uralica // Studies in Finno-Ugric Linguistics in Honour of Alo Raun. – Bloomington, 1977. – P. 319-331.

<sup>2</sup> Hambis L. Grammaire de la langue mongole ecrite. – Paris, 1945. – Part. 1. 1945, 78.

<sup>3</sup> Ponne H.H. Система глухих смычных в алтайских языках // Доклады РАН. – М., 1925. – С. 11-13 Ramstedt G. J. Ein anlautender Stimmloser Labial in der mongolisch-türkischen Ursprache // Journal de la Societe Finno-Ougrienne. – Helsingfors, 1916-1920. – Bd. 32. – Hf. 2. – P. 1-10; 238-251.

<sup>4</sup> Ramstedt G. J. Ein anlautender Stimmloser Labial in der mongolisch-türkischen Ursprache // Journal de la Societe Finno-Ougrienne. – Helsingfors, 1916-1920. – Bd. 32. – Hf. 2. – P. 1-10; 238-251.

<sup>5</sup> Poppe N. Vergleichende Grammatik der altaischen Sprachen. Teil I: Vergleichende Lautlehre. – Wiesbaden, 1960.

В.И.Цинциус зерттеулері<sup>1</sup> арқылы жалпыалтайлық лексикалық қор қатаң жабысыңқы, ерін \*р- дауыссызымен басталатын сөздермен толыға түсті деуге болады. В.И. Цинциус арғыалтай тіліндегі сөз басындағы билабиалды қырылдақ жабысыңқы \*рс- дауыссызын жаңғыртып, оның дамуының мынадай тізбесін ұсынады<sup>2</sup>:

тұңғ.-маньчж. \*pfh- > а) солтүстік. h- > w-, ø -;

б) оңтүстік. \*pf- > p-, f-.

Егер дәстүрлі алтаистика бағытындағы зерттеулерде «Рамстедт – Пеллио заңы» алтай тілдерінің генеалогиялық тектестігін дәйектеудің негізіне алынатын басты заңдылықтардың бірі ретінде қабылданып, алтайлық тектілдің фонологиялық жүйесін қайта жаңғырту, қалпына келтіру, соның негізінде жалпыалтайлық лексикалық қорды толықтыру тұрғысынан зерделенетін болса, антиалтаистикалық бағыт өкілдері зерттеулерінде ол арғыалтайлық деңгейдегі емес, таза түркілік тектіл деңгейіндегі дыбыстық заңдылық тұрғысынан қарастырылады. «Рамстедт – Пеллио заңына» деген мұндай көзқарас, әсіресе, Г. Дёрфер зерттеулерінде айрықша көрініс береді.

Г.Дёрфер сөз басындағы қатаң \*р- дауыссызын алтайлық тектіл емес, түркілік тектіл тұрғысынан жаңғыртып, оның сілемдерін халадж тіліндегі h- дауыссызынан іздестіреді<sup>3</sup>. Осыған байланысты Г.Дёрфер моңғол тілдеріндегі түркі кірмелігінің 2 бірдей диахрондық қабатын көрсетеді:

1) түркілік тектілдік анлаут \*р- дыбысына басталатын сөздер орта моңғол тіліндегі h- дауыссызымен басталатын сөздермен сәйкестік құрайтын көне немесе өте көне қабат. Кейіннен h- дауыссызының орнына қайтадан р- пайда болғанын тұңғыс-маньчжур тілдеріндегі сәйкестіктер айғақтайды. Бұл процесті тізбек түрінде көрсететін болсақ:

<sup>1</sup> Цинциус В.И. Сравнительная фонетика тунгусо-маньчжурских языков. – Л.: Изд-во АН СССР, 1949. – 342 с; Цинциус В.И. Этимологии алтайских лексем с анлаутными глухими придыхательными смычными губно-губным \*п» и заднеязычным \*к» // Алтайские этимологии. – Л., 1984. – С. 17-29.

<sup>2</sup> Цинциус В.И. Сравнительная фонетика тунгусо-маньчжурских языков. – Л.: 1949. – С.155.

<sup>3</sup> Doerfer G. Mongolo-Tungusica. – Wiesbaden, 1985. – 307 s. S.148.



арғытүркі (тектіл). \*p- → арғымоңғ. \*p- (кейіннен түркі және моңғол тілдерінде \*p- > \*h- айналады, онан соң көптеген тілдерде \*h- > Ø-) → нан., ульч., орок. p-, маньчж. f-, эвенк. h- т.б.

Мысалы:

түрк. *hūroq*, орта-моңғ. *huraqa*, эвенк. *hurqa*, ульч. *риса* «ілмек», «тұзақ»;

түрк. *hökö°z*, өз. *höküz*, орта-моңғ. *hüker* (< \*hükör) «өгіз», эвенк. *hukir* «сиыр»;

түрк. *härñäk* «саусақ», орта-моңғ. *herekej*, маньчж. *ferwe*, нан. *perwe* «бас бармақ»;

2) түркілік тектілдік анлаут \*p- дыбысынан өрбіген және халадж тілінде ғана сақталған анлаут h дыбысымен басталатын сөздердің моңғол тілдеріндегі сәйкестіктері оның орнында ешқандай дыбыстың жоқтығымен сипатталады [0-], ал тұңғыс-маньчжур тілдеріндегі сәйкестіктерінде h дыбысы кездеседі, кей жағдайда ешқандай дыбыс болмайды [0-]:

арғытүрк. тектілде \*p- > \*h- → моңғ. Ø-.

Мысалы:

халадж. *hat* (< \*pat), түрк. *at*, моңғ.-жазба. *ayta* «азбан жылқы», орок. *hakta* «пішілген бұғы»;

халадж. *hāz* (< \*pāriça) «аз», моңғ.-жазба. *araj*, эвенк. *araj* «әрең»;

халадж. *hāla* (< \*pāla), моңғ.-жазба. *alag*, маньчж. *alwa*, эвенк. *alag* «ала»;

түрк. \*hāyil, моңғ.-жазба. *ajil*, шығыс-эвенк., солон. *ajl* «ауыл, қоныс»;

түрк. *hülkär*, халадж. *hirkäl*, моңғ.-жазба. *ülger*, шығыс-эвенк., солон. *ulger* «Үлкер» т.б.

Г.Дёрфер пікірінше, VI-XII ғасырлар аралығында моңғол тілдерінде \*p- > \*h- дыбысына айналды, ал X-XI ғасырларда түркі тілдерінде \*h- дыбысы мүлдем жойылып кетті (\*h- > Ø-). Халадж тілінде ғана сақталып қалған анлаут h- (< \*f- < \*p-) дыбысын, Г.Дёрфер: «VII ғасырлардағы руна жазуларынан да бұрынғы, түркі тілдері дамуының өте көне кезеңдеріне барып саятын архаикалық тұл-

ға» деп санайды. Демек түркі сөздерінде нөлдік тұрпатта, моңғол тілдерінде *h-*, маньчжур тілінде *f-* тұлғасында келетін, мысалы, көне.-түрк. *oɣta* «киіз, киіз етік» = моңғ. *hoɣimasun* = маньчж. *foɣon*, көне тұлғада *\*romon*, *roma*;: нақтырақ алғанда: арғытүрк. *\*rojta* → моңғ. *\*rojta* (*\*rojta-sun*) → маньчж. *\*rojiman* > *\*roman* > *\*romon* > *foɣon* және т.б. сәйкестіктер қатарында моңғол сөздері кейінгі кезеңдердегі, ал маньчжур тілі одан ертеректегі түркілік кірмелікті көрсетеді<sup>1</sup>.

Г.Дёрфердің тұжырымдарын қайта қарастыра келіп, А.М.Щербак арғытүркілік анлаут *\*p-* (~ халадж. *h-*) дыбысына қатысты жаңғыртуларында (реконструкция) Г. Дёрфер негізінен тұңғыс-маньчжур тілдерінің материалдарына, онда да сөз басы *p-* (~ *f-* ~ *h-* ~ *θ-*) дыбыстық ерекшелігімен сипатталатын нанай тіліне сүйенгенін айтады. А.М.Щербак *p-* ~ *f-* ~ *h-* ~ *θ-* дыбыстық сәйкестіктерін түркі тілдерінде параллельдері кездеспейтін, таза тұңғыс-маньчжур тілдеріне тән құбылыс деп санайды. Мысалы: нан. *pā*, солон. *awi*, маньчж. *fawin*, эвенк. *haqin* «бауыр»; нан. *pikte*, эвенк. *hute* «бала»; нан. *pēje* ~ *fej* ~ *wēje*, эвенк. *heje* «маңдай»; нан. *peki* ~ *feku*, эвенк. *heku* «ыстық» т.б.<sup>2</sup>.

Қазіргі заманғы алтаистер зерттеулерінде алтай тілдерінің негізгі классификациялық топтары арасындағы арғыалтайлық анлаут қатаң *\*p-* және қырылдақ жабысыңқы *\*pс-* ерін дауыссыздарының ішкі бөлінісі былайша түсіндіріледі:

алт. *\*pс-*: түрк. *\*θ-*, *\*j-* ~ моңғ. *\*h-*, *\*j-* ~ тұңғ.-маньчж. *\*p-* ~ кор. *\*p-* ~ жапон. *\*p-*;

алт. *\*pс-*: түрк. *\*p* ~ моңғ. *\*h*, *b/-b* ~ тұңғ.-маньчж. *\*p* ~ кор. *\*p* ~ жапон. *\*p*;

алт. *\*p-*: түрк. *\*b-* ~ моңғ. *\*b/-h-* ~ тұңғ.-маньчж. *\*p-* ~ кор. *\*p-* ~ жапон. *\*p-*;

алт. *\*p*: түрк. *\*b* ~ моңғ. *\*b* ~ тұңғ.-маньчж. *\*b* ~ кор. *\*p* ~ жапон. *\*p*;

<sup>1</sup> Doerfer G. *halaj materials*. – Bloomington: Indiana Universiti Publications, 1971. – P.165.

<sup>2</sup> Щербак А.М. О некоторых спорных вопросах реконструкции фонологической системы тюркского праязыка // Тюркологические исследования. – М., 1976. – С. 2-24; Щербак А.М. Рец. на: Doerfer G. *Mongolo-Tungusica*. – Wiesbaden, 1989. – 307 s. // Вопросы языкознания. – М., 1989. № 6. – С. 132-135; Щербак А.М. Ранние тюркско-монгольские языковые связи (VIII- XIV вв.). – СПб.: ИЛИ РАН, 1997. – С. 48-54.

В.М. Иллич-Свитыч алтайлық тілдік топтараралық сәйкестіктері қатарын көрсетеді<sup>1</sup>:

алт. \**p*: түрк. (\**p* >) \**b*- ~ моңғ. \**φ* > \**h* ~ тұңғ.-маньчж. \**p*-

Мысалы<sup>2</sup>: алт. \**pēli*- «қорқу»: түрк. \**pēli*-η (-η етістіктен есім туырушы қосымша): көне.-ұйғ. *beliη* «қорқақ», көне.-ұйғ., шағат. *balinla*- «қорқып ояну», телеут. *peḷiṅdä*- «қорқақтау»; ескі.-түрік. *belin* «қорқыныш»; түрік. *belin* «таңғалған, есі шығып кеткен»; диал. *peḷin* «қоян» (< «қорқақ»), қаз. *belen* «арың, бас асау», *belen al*- «үрку (жылқы туралы)» ~ тұңғ.-маньчж. Эвенк. *hāl-/hēl*- «батпау, батылы жетпеу»; алт. \*[*p*]*al*» *ka* «аяқ, табан, адым»: түрк. ? \**pašmaq* «кебіс», «арт жағы жоқ аяқ киім» ~ моңғ.. \*[*φ*]*alku*- «адымдау, адым»: моңғ.-жазба. *alqu*- «жүру, адымдау», *alqu*-, *alqum* «адым»; х.-моңғ. *alwat* «адым», *alwa*- «адымдау, аяқ басу, жүру» ~ тұңғ.-маньчж. \**palgan* «ұлтарақ, табан: нан. *palgā* ~ *falya*, негид. *walgan*, солон. *alya(n)* «аяқ» (см. ТМС, II, 312) ~ кор. *pal*» «аяқ (ниже толарсақтан төмен)»;

алт. \**para*-(η) / *pcärä*-(ηä) < \**parE*-(ηa) «бармақ»: түрк. \*(*h*)*ärñäk*: ескі ұйғ. *erñek* «бармақ» || түрк. \**parñaq* (~*parnaq*) «бармақ»: қаз. *barmaq* «бармақ», чув. *pürne*, диал. *porne* «саусақ» ~ моңғ.. \**φere(g)ei* «бармақ»: орта.-моңғ. *heregai* «бармақ»; х.-моңғ. *erwī*, дағур. *wergī* ~ *ergī* «бармақ» ~ тұңғ.-маньчж. \**pöräñä:n* ~ \**porañān* «бармақ»: маньчж. *ferwe* «бармақ»; нан. *pürü*, орок. *poro(n)* ~ *pero(n)* ~ *pürü(n)* «бармақ»;

алт. \**palagä* «қала, бекініс, құрылыс»: түрк. \**palıq* «қала, бекініс»: көне-түрк. *balıq* «қала» ~ моңғ. \**baläyā-sun* «қала, бекініс»; «қаланы қоршаған дуал»; «елді мекен»: орта.- моңғ. *balayasun*, *balawasun* «бекініс»; х.- моңғ. *balayās* «қала» ~ тұңғ.-маньчж. \**pal(a)ya* «қыстақ, квартал»: маньчж. *falya*, *falga* «квартал, телім жер», «ру»;

алт. \**pcaliṅa* «алақан»: түрк. \*(*h*)*āja* (< \**pāñ*) *a* «алақан»: көне ұйғ. *aja* «алақан»; қаз. *aja* «алақанның аясы» ~ моңғ. \**φaliya* «алақан»: орта.- моңғ. *halaqan*, *halaga*, *alaqan* «алақан», х.- моңғ. *alga*, моңғор. *walya*, *warya*, дунс. *hanya*, дағур. *waläya* «алақан»; қаз. *alaqan* «ала-

<sup>1</sup> Иллич-Свитыч В.М. Опыт сравнения ностратических языков: (Семитохамитский, картвельский, индоевропейский, уральский, дравидийский, алтайский): Введение. Сравнительный словарь. – М.: Наука, 1971. – 370 с.; Изд-е 2-е, испр. – М.: УРСС, 2003. – 370 с. XIV.

<sup>2</sup> Иллич-Свитыч В.М. Опыт сравнения ностратических языков: Сравнительный словарь (*p-q*) (по картотекам автора). – М., 1984. – С.66-70; 70-77; 89-93; 93-95.

қан» ← орта.-моңғ. *alaqan* «алақан» ~ тұңғ.-маньчж. *\*paliŋa* «алақан»: маньчж. *falaŋgu* «алақан»; нанай. *paŋŋa, fan* «*ŋā* «алақан»; орош. *waŋa* «алақан».

С.А. Старостин арғыалтайлық қырылдақ ерін *\*pc-* дауыссызының түркі және моңғол рефлекстеріне байланысты мынадай заңдылықтарды айқындайды<sup>1</sup>:

1) арғыалтайлық анлаут *\*pc-* түркі тілдерінде алдыңғы қатарлы дауыстылар алдында мүлдем жойылады: алт. *\*pciti* «белгі, ен»: түрк. *\*it* «ен, таңба»: түрік. *it*, түркм. *üt*, қаз. *it* «белгі, ен», құмық. *jit* «белгі» ~ моңғ. *\*(h)im* «белгі», «ен (малдың құлағындағы)»: жазба.-моңғ. *ime*, х.-моңғ. *im*, орд. *et, im* «таңба, ен» ~ тұңғ.-маньчж. *\*pit* «белгі, ен»: эвенк. *him, im* «ен, таңба»;

2) арғыалтайлық анлаут *\*pc-* өз ізін түркі тілдерінде алдыңғы қатарлы дауыстылар алдында *\*j-* түрінде қалдырады: алт. *\*pceri* «түп, төсеніш, еден»: түрк. *\*jer* «жер»: көне-түрк. *jer*, қаз. *žer*, чув. *šer* «жер» ~ моғ., *hir-* «төсеніш, топырақ», «түп»: орта.-моңғ. *hiru ar* «төсеніш, еден, топырақ»; жазба.-моңғ. *iruŋar* «төсеніш»; х.-моңғ. *juröl* «түп», дағур. *wigör* «еден, топырақ» ~ тұңғ.-маньчж. *\*pere* «түп, еден»: маньчж. *fere* «түп», «төмен, еден»; эвенк. *here, ere*, ульч. *pere(g)*, нан. *pereg, perel* «түп»;

3) алт. *\*pc-* > түрк. *\*j-* өзгерісі түркі тілдерінде дифтонгілерге барып саятын дыбыстар алдында да байқалады: алт. *\*pciül* V «жұлдыз»: түрк. *\*jul-du-ŋ* «жұлдыз»: көне-үйг. *julduz*, түркм. *juldiz*, қаз. *žuldiz*, чув. *šälDär* «жұлдыз» ~ моңғ. *\*hodu(n)* «жұлдыз»: орта.-моңғ. *wodu(n), hudun*, жазба.-моңғ. *odu(n)*, х.-моңғ. *od*, дағур. *wod(o)*, моңғор. *födi* «жұлдыз» ~ арғыкор. *\*pjə<sup>3</sup>r* «жұлдыз» ~ арғыжап.он. *pə•sí* «жұлдыз»

4) Арғыалтайлық *\*pc-* дыбысының *j-* айналуы моңғол тілдерінде де орын алады: алт. *\*pcəjné* «сүйек»: түрк. *\*(j)i<sup>3</sup>n-čik* «сүйек, жіліншік» ~ моңғ. *\*jan-sun* «сүйек»: қалм. *jan-dä<sup>3</sup>-* «сүйекті», *jan-dä-yär* «сүйегі ірі», орта.-моңғ. *ja-sun*, жазба.-моңғ. *ja-sun* «сүйек» ~ тұңғ.-маньчж. *\*peŋ-ŋe-n* «тізе» ~ орта.-кор. *s-pjə•* «сүйек» т.б.

Қалпына келтірілген арғыалтайлық (текгілдегі) сөз басы библиалды қырылдақ жабысыңқы *\*pc-* дауыссызының біршама толық жинағы С.А.Старостин, А.Дыбо, О.Мудрак авторлық

<sup>1</sup> Старостин С.А. Алтайская проблема и происхождение японского языка. – М., 1991. – С.12.

бірлестігімен жарық көрген «Алтай тілдерінің этимологиялық сөздігінде» беріледі<sup>1</sup> Онда арғыалтайлық \**ps*- дауыссызымен басталатын 102 бірлік қамтылады.

Қорыта айтқанда, «Рамстедт – Пеллио заңы» дәстүрлі алтаистика бағыты өкілдері енгізген толықтырулар мен өзгерістерге, жетілдірулерге қарамастан, алтаист мамандар арасында әлі күнге пікір қайшылығын тудырып келе жатқан күрделі мәселелердің бірі болып табылады. «Рамстедт – Пеллио заңына» қатысты фонетикалық сәйкестіктер жүйесі моңғол тілдері материалдары негізінде Б.Я.Владимирцов, Г.Д.Санжеев, А.М.Щербак, А.Мос-терет және А. де Смедт, Б.Х.Тодаева, Д.Синор, Ш.Лувсанвандан, И.Д.Бураева, И.А.Грунтова, С.Е.Мартин т.б., тұңғыс-маньчжур тілдері материалдары негізінде С.М.Широкогоров, В.И.Цинциус, П.Аалто т.б., түркі тілдері материалдары негізінде М.Рясянен, А.М.Щербак, М.Ш.Ширалиев, Д.С.Насыров, В.В.Решетов, К.Шамурадов т.б. лингвистер зерттеулерінде қарастырылады. Әйтседе бұл фонетикалық заңдылықты ең алдымен, түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур, корей, жапон тілдерінің әрқайсысының фактологиялық материалдары негізінде жеке-жеке түбегейлі тектеп-тексеру, сонан соң барып барлық алынған нәтижелердің басын қосу қажет. «Рамстедт – Пеллио заңына» терең лингвистикалық сараптама жасау барысында, оның алтай тілдері арасындағы байланыстың туыстық немесе таза ареалдық-контактологиялық сипатын айқындаудың кепіліне алыну әлеуеті таныла түсері анық.

#### § 4. Алтайлық тектілдің (арғыалтай тілі) дауысты дыбыстар жүйесін реконструкциялау мәселесі

Алтайлық тектілдің дыбыстық жүйесін жаңғырту, қалпына келтіру (реконструкциялау) мәселесінде алтаистер Н.Поппе ұсынған сөздің алғашқы буынындағы дауысты дыбыстар сәйкестіктері сызбасына жиі жүгінеді<sup>2</sup>:

<sup>1</sup> EDAL – Etymological dictionary of the altaic languages by Sergei Starostin, Anna Dybo, Oleg Mudrak. – Brill Leiden, Boston, 2003. – Т. 1-3.

<sup>2</sup> Poppe N. Introduction to Altaic Linguistics.-Wiesbaden, 1965. – С.202.

Маньчжур-тұңғыс	Моңғол	Түркі	Реконструкцияланған жалпы фонема
<i>a</i>	<i>a</i>	<i>a</i>	* <i>a</i>
<i>ā</i>	<i>ā</i>	<i>ā</i>	* <i>ā</i>
<i>o</i>	<i>o</i>	<i>o</i>	* <i>o</i>
<i>ō</i>	<i>ō</i>	<i>ō</i>	* <i>ō</i>
<i>u</i>	<i>u</i>	<i>u</i>	* <i>u</i>
<i>ū</i>	<i>ū</i>	<i>ū</i>	* <i>ū</i>
<i>i</i>	<i>i</i>	<i>i</i>	* <i>i</i>
<i>ī</i>	<i>ī</i>	<i>ī</i>	* <i>ī</i>
<i>e</i>	<i>e</i>	<i>ä</i>	* <i>e</i>
<i>e</i>	<i>e</i>	<i>i</i>	* <i>e</i>
	<i>ē</i>	<i>ā</i>	* <i>ē</i>
	<i>ē</i>	<i>ī</i>	* <i>ē</i>
<i>u</i>	<i>o</i>	<i>ö</i>	* <i>ö</i>
<i>u</i>	<i>ō</i>	<i>üö</i>	* <i>ȫ</i>
<i>u, i</i>	<i>u</i>	<i>ü</i>	* <i>ü</i>
<i>I</i>	<i>ū</i>	<i>ǖ</i>	* <i>ǖ</i>
<i>I</i>	<i>i</i>	<i>i</i>	* <i>i</i>
<i>I</i>	<i>ī</i>	<i>ī</i>	* <i>ī</i>

Мысалы:

1. Маньчж. *ali-* «қабылдау» = жазба-моңғ. *ali* «бер» = көне түркі, түрікмен *al* «алу»; эвен. *arakūkān* «ақырын, аз», *arakūn* «ақырын, жайлап» = жазба- моңғ. *aria* «болар-болмас, білінер-білінбес» = *az* түрікмен «аз»; эвен. *dal-* «жабу», *dalit-* «жабу, басым болу», маньч. *dali-* «тығылу, тығу» = *dalda* моңғ.-жазба «жасырын, көзге түспейтін» = *yašmaq* түрікмен «бет перде», көне түркі *yašur-* «жабу».

2. Маньчж. *dālī* «иық», жазба- моңғ. *dalu* «жауырын» = түрікмен *yāl* «жал», якут *sāl* «жалдың астындағы қабат»; эвен. *sā-* «оқу», *sāŋe-* «білу» = түрікмен *sān* «сан», якут *āx-* < \**sāq-* «санау».

3. Эвен. *bodo* «өмір, өмір салты» = моңғ.-жазба *boda* «зат», халха *bodo* «шын табиғат, мән» = көне түркі *bođ* «дене»; маньч. *tobgiya* «тізе» = жазба- моңғ. *toyig* «өкше» = көне түркі *tobiq* «тізе».

4. Моңғ.-жазба *bol-* «болу», маньчж. *ōli-* id. = якут *buol-* < \**bōl-*, түрік *ol* «болу»; Маньчж. *mōdi* «орман», дағур *mōd* «ағаш» = эвен. *mō* «ағаш».

5. Эвен. *omŋo-* < \**umga-* «ұмыту» = моңғ.-жазба *umta-* «ұйықтау», *umarta-* «ұмыту» = көне түркі *unīt-* «ұмыту», якут *umun-* id.; маньч.

*ula-* «жіберу, беру» = моңғ.-жазба *ulari-* «кезектесу, ауысу» = көне түркі *ula-* «байланыстыру, жалғау», *ulayu* «ұласу»; моңғ.-жазба *urtu* «ұзын», моңғор *fudur* < \**furtu* < \**pur**tu id. id.* = чув. *vāřām* < \**urun* «ұзын» = көне түркі *uzun*, якут *uhun id.*

6. Эвен. *sūnŋi-* < \**sūng i-* «созу» = жазба- моңғ. *sun-* *id.* = якут *ūn-* < \**sūn-* *id.*; ламут *ūru-* «ағып кету» = моңғ.-жазба *urus id.* = қойбал *ur-* «ағу».

7. Эвен. *ńetimę* «жұмсақ», *ńetkin* «жіңішке, жұқа» = моңғ.-жазба *ńimgen* < \**ńimkan* «жіңішке, жұқа» = якут *ńimnā-* «жұмса-ру», көне түркі *yimšaq* «жұмсақ»; эвен. *tikuŋŋi-* «ашуландыру», *tikul-* «ашулану» = моңғ.-жазба *čiqul* < \**tiqul* «ашу» = көне түркі *tiqil* «ашулану».

8. Маньч. *irun* «соқа ізі, із, жол», *iri id.* = моңғ.-жазба *iray id.* = чув. *yāran* < \**iran id.* = түрікмен *iz* «із»; моңғ.-жазба *isu* «ыс, күйе» = түрікмен, якут *īs* «түтін, ыс».

9. Эвен. *ękin* «әпке», *ękī / ękē* «апа, апай», ламут *ęken* «әпке» = чув. *akka / \*eke* «әпке»; эвен. *ęri-* «қазу», ламут *ęrdę* «есу», *ęrūn* «ағаш күрек» = моңғ.-жазба *erü-* «қазу» = шағат. *āz* «үгу, ысу».

10. Маньч. *delen* «емшек», ламут *dęlna id.* = моңғ.-жазба *delen* = әзірб. *yelin* < \**yelin id.*; эвен. *ęedimuk* «бастың арт жағы, желке», ламут *ęedemęk id.* = моңғ.-жазба *gede id.*, *ęeј ige* < \**gedikē* «белгі» = көне түркі *kidin* «кейін».

11. Эвен. *ńerī* «сәуле», маньч. *gere-* «жарық болу» = моңғ.-жазба *gerel, gere* «сәуле», «сәуле; куәгер» = көне түркі *kertin-* «сену»; моңғ.-жазба *ere* < \**ēre* «ер адам» = чув. *ar* < *ār id.* = түрікмен *ār* < \**ēr id.*

12. Эвен. *dēlin* «жал» = моңғ.-жазба *del id.* = чув. *šilxe* < *yelkei id.* = көне түркі *yl id.*, якут *siäl id.*

13. Эвен. *igimұңг.-маньч.ęer* «биік», *igilē* «үстінде», *igi* «үсті» = моңғ.-жазба *ogede* < \**ogede* «үст», моңғ.-жазба *ogse-* «ағысқа қарсы жүру»; ламут *kuter* «үстіне қарай өрмелеу» = *kotel* моңғ.-жазба «шатқал, асу», қалм. *kōti-* < \**kōteyi-* «көтерілу» = көне түркі *kötür-* «көтеру».

14. Эвен. *sī-* < *söyi-* «сөндіру, өшіру», *sīw-* «сөну, өшу» = моңғ.-жазба *sönü-* «сөну, өшу» = түрікмен *sön-* *id.*; эвен. *ur* «асқазан» = моңғ.-жазба *örö* < \**öre* «қолқа» = чув. *var* < \**ör* «іш, асқазан» = түрікмен *öz* «өзі», якут *üös* < \**öz* «орта, өзек».

15. Маньч. *fuče-* < \**pürke-* «ашулану», улча *риџи* < *pürkü-* «секиру» = моңғ.-жазба *ürgü*, орта моңғ. *hürgü-* «қорқу, үрейлену» = әзірб. *hürküt-* < \**pürküt* «қорқыту, үркіту»; эвен. *ĵugū-* «шанамен тасымалдау», *ĵugūwün* «керуен» = моңғ.-жазба *ĵüge-* «тасымалдау, жеткізу» = көне түркі *yü-, yük* «жүк».

16. Моңғ.-жазба *küli-* «байлау» = түрікмен *güyl-* < \**kül-* «қол-аяқты байлау»; эвен. *tīrēksē* «табан», ороки *tiyekse id.*, голди (нанай) *tūrēksē id.* = моңғ.-жазба *tūrei id.*

17. Эвен. *sippiy-* «сыпыру» = моңғ.-жазба *sigür* < \**sipür* «сыпырғыш» = шағат. *sipür id.*, көне түркі *sipir-* «сыпыру»; эвен. *silgin-* «сілку» = моңғ.-жазба *silged-* *id.* = куман *silik-* *id.*

18. Эвен. *bil ēn* «білек» = моңғ.-жазба *bile id.* = әзірб. *biläk id.*

Г.Рамстедт пен Н.Поппе арғыалтайлық дауыстылар жүйесін қалпына келтіруде негізінен түркі-моңғол дауыстылар үндестігі схемасына сүйенгенін айта келе, С.А.Старостин былай дейді: «Дауыстылардың тіркесуінде бірқатар шектеушіліктің бар екенімен сипатталатын тұңғыс-маньчжур сингармонизмі дәстүрлі алтаистика негізге алған түркі-моңғол сингармонизмінен мүлдем өзгеше болып келеді. Соған қарағанда тұңғыс-маньчжур дауыстылар моделі түркі-моңғолдан да көне, ал әу бастағы алтайлық дауыстылар жүйесі түркі-моңғол дауыстылар жүйесінен біршама айырмашылықта болды деуге негіз бар. Тіптен арғыалтай тілінде сингармонизм болған жоқ немесе ол дауыстылар тіркесімділігінде шектеулі түрде көрініс берді деуге де болады»<sup>1</sup>.

С.А.Старостин алтай тілдері арасындағы дауыстылар сәйкестігінің мынадай жалпы тізбесін ұсынады<sup>2</sup>:

Арғыалтайлық	Түркі	Моңғол	Тұңғыс-маньчжур	Корей
*i	i / ī	i	i	i
*e	e	e	e	a / ə

<sup>1</sup> Старостин С. А. Алтайская проблема и происхождение японского языка.-М., 1991.-С.35.

<sup>2</sup> Старостин С. А. Алтайская проблема и происхождение японского языка.-М., 1991.-С.38



*ä	a / ä	a / e	ĩ, ā	i / ä
*ü	u / ü	u / ü	u	u / ī
*ö	o / ö	o / ö	o	o (/ī)
*ī	i / ī	i	i / u (o)	u / a
*u	u / ü	u / ü	u / ü	o
*o	o / ö	o / ö	ũ (/ä), ō	o (u) / ä
*a	a / ä	a / e	a / e	a / ə

Мысалы: алт. \*birV «бір» : түрк. \*bir, моңғ.-жазба. *büri* «бәрі, бүтіндей / екіншілік – *ü -/;* орта.-кор. *p̄iris* «алдымен, алғаш рет», *p̄iris-* «бастау (ic)»; арғыжапон. \*pitə- «бір» (көне-жап. *pito, fito- ~ fitō- ~ fitō-*);

алт. \*ged «арт жақ»: түрк. \*ged, моңғ.-жазба. *gede* «артқа; арт жақ, қарақұс»; тұңғ.-маньч. \*gedi-muk «қарақұс, көкжелке»; арғыжап. \*kità «солтүстік» (көне-жап. *kita, kità*);

алт. \*bä- «мен»: түрк. \*bä- ~ моңғ. *bi* ~ тұңғ.-маньч. \*bi. түрк.: көне-түрк. *ben*, орта-түрк. *men*, эз. *mān*, түрік. *ben*, өзб. *men*, чув. *e-bě*; Моңғ.: орта.-моңғ. *bi*, моңғ.-жазба., қалм. *bi*, дунс. *bi*, бао. *bū* (~ *bə*), дағ. *bii*, юй. *bə*, моңғор. *Bu*; Тұңғ.-маньч.: эвенк., сол., эвен., нег., ороч., уд., орок., маньчж. *bi* (*min-*), нан. *mi* (*min-*); арғыжап. \*bà (көне-жап. *wa, wa-re, wa-ga*);

алт. \*küjlu (~\*k'ülju) «құлақ» : түрк. \*kul-kak (/ \*kul-gak) ~ орта-кор. *küi* түрк.: көне-түрк. *qul-qaq ~ qul-yaq*, шағат. *qulyaq, qulaγ*, түркм. *gulaq*, түрік. *kulak*, як. *qulγāχ*, чув. *xōlγa* кор.: көне кор. *kwi* = /*kuj*/ , орта-кор. *küi*;

алт. \*p'ör «от» (түрк. \*ör-t «өрт, жалын»; моңғ.-жазба. *ör-de* «жану, жалындау»; орта-кор. *p̄ir* «от»); арғыжап. \*pə (қосымшамен \*pə-i) «өрт» (көне-жап. *p̄ii*);

алт. \*k'ıl «қыл, жүн»: түрк. \*kil ~ тұңғ.-маньч. \*xiń-ŋa (< \*xil-ŋa-) ~ көне-кор. \*kār-k-; моңғ.-жазба. *kil-ŋa-sun*, калм. *kilyAsn, kilAysn* «жылқының қылы, жылқының құйрық жүні; арғыжап. \*ka (-i – қосымшасымен \*ka-i) «қыл, жүн» (көне-жап. *ke*);

алт. \*duri «жүз, түр»: түрк. \*jür «жүз», моңғ.-жазба. *düri* «сыртқы түрі», тұңғ.-маньч. \*duru-n «түр, бейне»; арғыжап. \*túra «жүз, бет» (көне-жап. *tura*, кет. *tsúrà*, каг. *tsùrá*);

алт. \*oj- «жүзу»: моңғ.-жазба. *oji-tu*; тұңғ.-маньч. \*uju-, \*uji-g-; арғыжап. \*əjə-(n)k- (~ \*əju; à-(n)k-) id. (орта -жап. *ojog-*);

алт. \*alda- «арасы; сажын (ұзындық өлшемі)» (моңғ.-жазба. *alda* «сажын (ұзындық өлшемі)»; тұңғ.-маньч. \*alda-n «арасы, ара»; орта-кор. *arǎ-t* «құлаш, сажын (ұзындық өлшемі «); көне-жап. *ata* «ұзындық өлшемі»);

Мұның сыртында С.А.Старостин мынадай арғыалтайлық дифтонглер қатарын жаңғыртады<sup>1</sup>:

арғыалтайлық	түркі	моңғол	тұңғыс-маньчжур	корей
*ia	a (a)	i ~ a	ia	ǎ ~ i
*io	a (a)	i (~ o)	o	o
*iu(? *ue)	o ~ u	o ~ u	i	jə
*ua	a (a)	a (e)	u	u

Алтайлық тектілдің фонологиялық жүйесін қалпына келтіруде басшылыққа алынатын Г.Рамстедт пен Н.Поппе ұсынған дауыстылар сәйкестіктерінің дәстүрлі тізбесі, ол тізбені толықтырып, жетілдірген С.А.Старостин зерттеулері арғыалтай тектілінің жаңғыртылған дауыстылар жүйесі және оның қазіргі алтай тілдеріндегі көрінісі арасында айтарлықтай өзгерістің болмағанын көрсетеді. Мұндай пікірді белгілі түркітанушы Э.В.Тенишев те айтады: «Арғыалтай тілінде сөздің бірінші буынында

<sup>1</sup> Старостин С. А. Алтайская проблема и происхождение японского языка.-М., 1991.-С.38

дауыстылардың тіл алды және тіл арты түрлері бірдей ұшырасады, ашық-қысаң, еріндік-езулік, және қысқа-созылыңқы: *a, ä, y, ü, o, ö, u, ü, e, ē, i, ī, ā, ī, ō, ō, ū, ū*. Бұл жүйе айрықша тұрақтылығымен ерекшеленеді және оны қазіргі алтай тілдеріндегі көрінісінен байқауға болады» – дей келе, төмендегідей дауыстылар сәйкестіктерін атап айтады:

Арғыалтай тіліндегі *a, ä* дыбыстарына арғымоңғ. *a, ä*, жазба моңғ. қалм. қысқа *a*, тұңғ. *a, ä*, түркім., як. *a, ä* сәйкес келеді;

Арғыалтай тіліндегі *y, ü* және *i, ī* дыбыстарына арғымоңғ. *y, ü*, жазба моңғ., қалм. қысқа *i*, халха-моңғ. *i*, түркім. *y( i), ü( i)*, як. *y, ü*, тұңғ. *ī, ī, i, ī* сәйкес келеді;

Арғыалтай тіліндегі *o, ō* дыбыстарына арғымоңғ. *o, ō*, жазба моңғ., қалм. *o*, тұңғ. *o, ō*, түркім. *o, ō*, як. *o, io* сәйкес келеді;

Арғыалтай тіліндегі *u, ü* дыбыстарына арғымоңғ. *u, ü*, жазба моңғ., қалм. *u*, тұңғ. *u, ü*, түркім. як. *u, ü*, сәйкес келеді;

Арғыалтай тіліндегі *e, ē* дыбыстарына арғымоңғ., жазба моңғ., қалм. *e*, тұңғ. *ē*, чув. *a*, эз., түркім. як. *ä* сәйкес келеді;

Арғыалтай тіліндегі *ö, ō* дыбыстарына арғымоңғ. *ö, ō* жазба моңғ., қалм. *ö*, монғор *o*, маньч. *u*, түркім., як. *ö* сәйкес келеді;

Арғыалтай тіліндегі *ü, ū* дыбыстарына арғымоңғ. *ü, ū*, жазба моңғ., қалм. *ü*, маньч. *u*, түркім., як. *ü* сәйкес келеді;

Біріншіден кейінгі буындарда жоғарыда көрсетілген барлық дыбыстар қолданылмаған: *a, ä* дыбыстарынан жазба моңғ., орта моңғ. *ä*, маньчж. *ä*, көне түрк. *y; y, ü* және *i, ī* дыбыстарынан – жазба моңғ. *i*, эвенк. *i*; *u, ü* дыбыстарынан – жазба моңғ., маньч. *u*, көне түрк. *u(y)*; *ü, ū* дыбыстарынан – жазба моңғ. *ü*, эвенк. *u(i,ē)*, көне түрк. *ü* дыбыстары кездеседі. Ашық *o, ō* және *ö, ō* тек бірінші буында ғана қолданылады. Арғыалтай тілінде сөздің басы мен ортасында қысаң *i, u* кездеспейді. Арғыалтай тіліне дауыстылар үйлесімділігі, онда да жуан-жіңішке, еріндік-езілік үйлесімдіктері тән болды<sup>1</sup>.

Арғыалтай тілінің дауыстылар жүйесі созылыңқы дауысты дыбыстардың кездесуімен де сипатталады. Созылыңқы дауыстылар бастапқы және екінші қатарлы дауыстылар болып екіге бөлінеді. Негізінен алтаист лингвистер арасында «созылыңқы

<sup>1</sup> Тенишев Э.В. Алтайские языки // Языки мира: Тюркские языки. – М., 1996. – С.9

дауысты дыбыстар алтай тілдерінің көне кезеңдерінде болды, ал екінші қатарлы созылыңқы дауыстылар *дауысты-дауыссыз* немесе *дауысты-дауыссыз-дауысты* дыбыстар бірлігінің нәтижесінде дамыды» деген пікір орын алады.

Түркі тілдерінде бастапқы созылыңқы дауысты дыбыстардың сол қалпын сақтауы да (мысалы: түрікмен *āt* «есім» = якут *āt*; түрікмен *āč* «аш» = якут *ās*; түрікмен *bār* = якут *bār* «бар»; түрікмен *gāz* «қаз» = якут *xās*; түрікмен *yāz* «көктем» = якут *sās*; түрікмен *ōt* «от» = якут *uot*; түрікмен *güök* «көк» = якут *küöx*; түрікм. *düört* «төрт» = якут *tüört*, т.б.) немесе қысқа дауысты дыбыстарға айналуы да (мысалы, түрік *od* < \**ōt* «от», *ot* «шөп»; *oda* < \**ōtay* «бөлме» т.б.), басқа сипаттағы созылыңқы емес дауысты дыбыстарға өзгеруі де (мысалы, сагай *ut* < \**ōt* «от», *ül* < *öl* «дымқыл» т.б.), қатар қолданылуы да (\**āč* > якут *ās* «аш», алайда \**tay* > якут *tia* (*tā* емес), \**yōq* > якут *suox* «жоқ» және *yoyan* > якут *suon* «қалың»; \**tört* > якут *tüört* «төрт» және \**ögrän-* > якут *üörän-* «үйрену, оқу» т.б. .) орын алады. Ал жаңа түркі тілдерінің біразында бар екінші қатарлы созылыңқы дауыстылар көне және орта түркі тілдерінде кездеспейді. Мысалы: көне түркі *oγul* «ұл» > тува, сагай, шор *ōl*, алтай, қырғ. *ül*, якут *uol*; көне түркі *ayüz* «ауыз» > тува, сагай, шор *ās*, алтай *ōs*, қырғ. *ōz*, якут *uos*; көне түркі *tay* «тау» > алтай *tū*, қырғ. *to*.<sup>1</sup>

Чуваш тілінде екінші қатарлы созылыңқы дауысты дыбыстар болмағанымен, бастапқы созылыңқы дауысты дыбыстар кездеседі. Мысалы: *öö* > *äva*, *ē* > \**iä* > *yā* чув. *kāvak* < \**kök* «көк» = якут *küöx*, түрікм. *güök*; чув. *tāvattä* < \**tört* «төрт» = якут *triüöt*, түрікм. *düört*; чув. *yal* < \**ial* < \**iäl* < \**ēl* «ел, ауыл». Оларды, көп жағдайда, созылыңқы емес дауыстылардан бірден ажырату да қиынырақ соғады (чув. *xur* < \**qār* «қаз» = якут *xās*, түрікм. *gāz*; чув. *ut* < \**at* «ат» = якут, түрікм. *at*.)<sup>2</sup>.

<sup>1</sup> *Poppe N. Introduction to Altaic Linguistics.*-Wiesbaden, 1965; Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. I. Фонетика.- М., 1955; *Rasanen M. Materialien zur Lautgeschichte der turkischen Sprachen.*-Helsinki, 1949. рО, XV).-249р. /Пер. на русс. яз. 1955;

<sup>2</sup> *Ramstedt, G. J. Zur Frage nach der Stellung des Tschuwassischen, JSFOu 38: 1 (1922), 12-13.*

Моңғол тілдерінде созылыңқы және созылыңқы емес дауысты дыбыстар сөздің мағыналық жақтан екі басқа болуына әсер етеді:

Мысалы: халха *dēl* «шапан, сырт киім» және *del* «жал»; *yāsan* «қандай» және *yasan* «сүйектен жасалған»; *tōs* «шаң» және *tos* «семіз, майлы, май».

Бастапқы созылыңқы дауысты дыбыстар негізінен дагур және монғор тілдерінде кездеседі: дағ. *tāɯn* «бес», монғор. *tāwɛn* < \**tābun* = халха *tawa*, жазба моңғ. *tabun*; монғор. *dālī* < \**dālū* «иық» = халха *dal*, моғол. *dalu* (Салыс.: түрікм. *yāl* < \**dāl* «жал», якут *sāl* < \**čāl* < \**jāl* < \**dāl* «жал астындағы май»); дағ. *mōd* < \**mōdun* «ағаш», монғор. *mōdi* «орман» = халха *mod*, жазба моңғ. *modun* (Салыс.: эвен. *mō*, маньч. *моо* < \**mō* «ағаш»). «Дауысты-дауыссыз-дауысты дыбыстар» тіркесімі дамуының нәтижесі болып табылатын екінші қатарлы созылыңқы дауысты дыбыстар тек жаңа моңғол тілдерінде кездеседі және екпін негізінен екінші дауыстыға түседі: халха *tāl* < \**tapàla*- «жақсы көру» (Салыс.: көне түркі *tapla*- «жақсы көру, сүйю»); халха *sā-*, жазба моңғ. *saɣa-* < \**sagà-* «сауу» (Салыс.: орта түркі *saɣ-*); халха *tōno* «шаңырақ», жазба моңғ. *toyori-* < \**togàri-* «айналу, домалану» (Салыс.: шағатай. *toyalaq* «домалақ»); бурят *bōrlo-* < \**bogàrla-* «азаптау», жазба моңғ. *boɣorla-* «бауыздау» (Салыс.: түркі *boɣaz* «тамақ, өңеш», *boɣazla-* «бауыздау»), бурят *burū-* < \**biragū* «бұзау», жазба моңғ. *birayū* (Салыс.: чув. *pāru*, түрікше *bizayī*) т.б.<sup>1</sup>

Маньчжур-тұңғыс тілдерінде созылыңқы және созылыңқы емес дауысты дыбыстар сөздің мағыналық жақтан мүлдем басқаша болып келуіне ықпал етеді. Мысалы: эвен. *illə* «кіре бастады» -*illə* «дене»; *ëlə* «мұнда» -*elə* «тек»; *ūrə* «қырады» – *urə* «тау» т.б.

Бастапқы созылыңқы дауысты дыбыстар келесі тұңғыс-маньчжур тілдерінің біразында сақталған. Мысалы: эвен., солон, негидал, ороки, удехе, орочи, улча, голди *sā-*, ламут *hā-* «білу» (Салыс.: түрікм. *sān* «сан», *sāy-* «санау», якут *āx-* < \**sāq-* «санау», көне түркі *sa-*, *sā-* «санау»); эвен., ламут, сол., нег., орочи, ороки, уд., улча, голди *mō* «ағаш», маньч. *моо* (= монғор. *mōdi*, дагур *mōd* «ағаш») т.б.

<sup>1</sup> Hattori, Sh. The Length of Vowels in Proto-Mongol, SM 1: 12 (1959), P.3-10; Poppe N. Introduction to Mongolian Comparative Studies.- Helsinki 1955. P. 59-76; Poppe N. The Primary Long Vowels in Mongolian. JSFOu 63: 2 (1962). P. 1-19.

Екінші қатарлы дауыстылар екі дауысты дыбыстың қосарлануының нәтижесінде пайда болған деп саналады. Мәселен,  $\bar{e} < *ia < *y\bar{a}$  эвен.  $\bar{e}kin$  «кім, не», орочи  $yaw$ , голди  $hay- < *yay$ , ламут  $yak$  (Салыс.; жазба моңғ.  $yayun$ , орта моңғ.  $yap$ ); эвен., нег.  $s\bar{e}n < *sian < *syan < *siyan$  «құлақ», голди  $se\bar{a}$ , маньч.  $\bar{s}an < *siyan$ ; эвен.  $m\bar{e}wan < *miawan < *miyawan$  «жүрек», голди  $meaw\bar{a}$ , маньч.  $niyat\bar{a}n < *miyawan$ .

Созылыңқы дауысты дыбыстардың бірқатары интервокалды позициядағы дауыссыз дыбыстың жойылуының нәтижесінде пайда болуы мүмкін. Мысалы: эвен., нег., ороки  $n\bar{i}- < *ney- < *neye-$  «ашу», маньч.  $neye-$  (Салыс.: халха  $n\bar{e}- < *ney\bar{e}- < *ney\bar{e}-$  «ашу»); ламут  $hel\bar{u}n$  «істік»  $< *silapun < *sirapun$ , эвен.  $silawun$ , ороки  $silapu$  (Салыс.: жазба моңғ.  $sira-$  «қуыру», халха  $\bar{s}ar-$ ); орочи  $хоо$  «самай, төбе»  $< *poron$ , эвен.  $horon$  «төбе, үст», улча  $poroni$  «төбе, биіктік», голди  $por\bar{o}$  «төбе, үст» (Салыс.: орта моңғ.  $horai < *porai$  «бастың төбе жағы»); уд.  $j\bar{u}-$  «жеткізу, тасымалдау»  $< *jug\bar{u}-$ , эвен.  $j\bar{u}g\bar{u}-$  (Салыс.: жазба моңғ.  $j\bar{u}ge-$ , халха  $z\bar{o} < j\bar{u}ge-$  «жеткізу, тасымалдау» = көне түркі  $y\bar{u}-$  ден  $y\bar{u}k$  «жүк»); эвен.  $m\bar{i}r\bar{e}$  «иық», ороки  $miyr\bar{e} < *m\bar{o}yr\bar{e}$ , голди  $m\bar{e} yr\bar{e}$  (Салыс.: жазба моңғ.  $m\bar{o}r\bar{u}$ ); уд.  $b\bar{a}-$  «табу», эвен.  $baka-$   $< *baka$ ; ороки  $b\bar{o}$  «ел, орналасу жері», эвен.  $bu\bar{y}a < *buga$ ; уд.  $g\bar{a}$  «бұтақ», эвен., сол., ороки  $gara$  «бұтақ, шыбық»; эвен.  $j\bar{u}$  «мекен, үй», сол.  $ju\bar{y}$ , ороки  $duku < *juku$ ; эвен., ламут  $m\bar{i}$  «су», улча  $mie$ , маньч.  $mike < *m\bar{o}ke$ ; уд.  $\bar{o}$  «өсімдік сабағы», эвен.  $o\bar{y}o$ ; орочи  $тоо$  «от», уд.  $t\bar{o} < *togo$ , эвен.  $to\bar{y}o < *togo$  т.б.<sup>1</sup>

Созылыңқы және созылыңқы емес дауысты дыбыстардың фонемалық қарама-қайшылығы корей тілінде де кездеседі:  $p\bar{a}l$  «қолдың ұзындығы» –  $pal$  «аяқ»;  $n\bar{i}n$  «қар» –  $nin$  «көз»;  $m\bar{a}l$  «речь» –  $mal$  «ат» т.б.

Корей тілінде созылыңқы дауыстылар шығу тегі бойынша екінші қатарлы болып келеді:  $m\bar{a}m$  (диалектілерде  $mayam$ ) «ми, ой»;  $\bar{o}m < *ohom < *osom$  «қабық» (Салыс.; эвен.  $os\bar{i}$  «тырнау», жазба моңғ.  $osqur$  «тырналған», шағатай.  $osul-$  «тырнау»);  $k\bar{i}m$  (диалектілерде  $kiim$ ,  $kisim$ ) «киім»;  $h\bar{o}n$  (солтүстік корейше  $habun$ ) «жалғыз»;  $\bar{o}n$  (солтүстік корейше  $obun$ ) «барлық»,  $k\bar{o}l$  «қамыс» (Салыс.: жаз-

<sup>1</sup> Poppe N. Introduction to Altaic Linguistics.-Wiesbaden,1965; Цинциус В.И.Сравнительная фонетика тунгусо-маньчжурских языков. – Л., 1949, С. 95-123.

ба моңғ. *qulusun* < \**kulusun*); *köl* «дала, көше» (жазба моңғ. *gool* < \**göl* «өзен, дала, орталық», көне түркі *qol* < \**göl* «өзен сағасы») <sup>1</sup>

Қорыта айтқанда, дәстүрлі алтаистика бағытының негізін қалаған Г.Й.Рамстедт, Н.Поппе еңбектерінде өзектелетін арғыалтай тілінің фонологиялық жүйесін қалпына келтіру мәселесі М.Рясянен, В.М.Иллич-Свитич, С.А.Старостин, О.А.Мудрак, А.В.Дыбо зерттеулері арқылы жалғастық тауып, жаңғыртылған арғыалтай тілінің дауысты және дауыссыздар жүйесі және олардың қазіргі алтай тілдерінде дыбыстық сәйкестіктер заңдылығы түрінде көрініс беру схемасы одан әрі толықтырылып, нақтыланып, жетілдіріле түсуде.

## § 5. Үндестік заңы, фузия, екпін және сарын

Үндестік заңы алтай тілдерінің дыбыстық жүйесіндегі басты заңдылық болып табылады. Ол алтай тобын құрайтын тілдердің қай-қайсысының да дыбыстық және буын жүйелерінің ерекшелігін айқындайды.

Үндестік заңы бойынша сөздер не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке, не еріндік, не езулік болып келеді. Сөздің жуан немесе жіңішке болуы дауыстылардың жуан, жіңішке табиғатына байланысты болатын болса, ерін үндестігі алғашқы буындағы еріндіктің әсерінен кейінгі буындағы дауыстының еріндікке айналуына (лабиалдық үндестік), ал езу үндестігі тіл үстінің қатты таңдайға көтерілуі арқылы жасалатын дауыстылардың бірыңғайласуына қатысты болып келеді.

Түркі, моңғол, тұңғыс, корей тілдеріндегі үндестік заңына арнайы тоқтала отырып, Н.Поппе түркі тілдерінде дауыстылар үндестігінің бірнеше түрі кездесетінін айтады. Мәселен, татар тілінде бір сөзде тек жуан немесе тек жіңішке дауыстылар ғана болатын болса (*at-lar* «аттар», *ät-lär* «иттер», *өtti* «алды, ие болды», *үттә* «өтті», немесе, жуан дауыстылары бар түбірлерге көптік жалғауының *-lar*, жіңішке дауыстылы түбірлерге *-lär* қосымшасы, жуан дауыстылы түбірге етістіктің өткен шақтағы үшінші жақ *-ti*, жіңішке дауыстылы

<sup>1</sup> *Poppe N.* Introduction to Altaic Linguistics.-Wiesbaden,1965; *Ramstedt G.J.* Korean Grammar.- Helsinki, 1939. – P. 23-25.

түбірлерге *-tə* қосымшасы ғана жалғанады), басқа түркі тілдерінде еріндік және езулік дауыстылармен қатар, жуан және жіңішке дыбыстардың қарама-қарсылығы орын алады. Мәселен, татар тілінде дауысты дыбыстар жуан және жіңішке деп бөлінсе, башқұрт, қазақ тілінде дауыстылар жуан және жіңішке, еріндік және езулік дауыстылар болып жіктеледі. Мысалы: татар: *kəttə* «кетті»; *öttə* «ән салды»; *çiqti* «шықты»; *ötti* «ұтты»; башқұрт: *kəttə* «кетті», алайда *öttö* «ән салды»; *sıqtı* «шықты», алайда *öttö* «ұтты».

Кейбір түркі тілдерінде *i* фонемасы болмағанымен, *i* жуан және жіңішке дауыстылы сөздерде кездеседі. Мәселен, шығыс түркі тілдерінде *i* < \**i* алдыңғы буындағы \**a* дауыстысын е дауыстысына айналдырады. Мысалы: *al-* «алу» сөзінен *eliš* «алу», алайда, *i* < \**i* дыбысты буыннан кейін келетін буын өзгермейді: *al-* «алу» (түбір) сөзінен *elin-* «алыну» (түбір) және *elinmaq* «алыну».

Бір сөзде тек жіңішке (палатал) немесе жуан (велар) дауыстылар ғана кездесуі палаталдық үндестікке, алдыңғы буындағы езулік немесе еріндік дауыстылардың ортаңғы (немесе жоғарғы) дауыстыларға қатысы лабиалдық үндестікке барып саяды. Якут тіліндегі алдыңғы буындағы езулік немесе еріндік дауыстылардың төмен (кең) дауыстыларға қатысы лабиалды тартылыс деп аталады. Мысалы: *ayalar* «әкелер» / *oyolor* «балалар». Кейбір түркі тілдерінде тек палаталдық үндестік орын алады. Мәселен, түрікмен, қазақ, ноғай, татар тілдерінде қосымшалар *ä/a* немесе *ä/i* дауыстыларымен ғана кездеседі (*-lar* көптік қосымшасы тек *-lär/-lar* формасында кездеседі; үшінші жақтағы қосымша *-ə* немесе *-i* болып келеді, *ü* немесе *-u* кездеспейді). Түрік, әзірбайжан, тува, құмық сияқты түркі тілдерінде палаталдық үндестікпен қатар лабиалдық үндестік бірге жүреді. Мысалы; көптік қосымшада *ä/a* дыбысы кездесе, үшінші жақтағы қосымша *-i/-i/-ü/-u* болып келеді.

Чуваш тілінде тек палаталдық үндестік (*arman* «диірмен», шығыс. *arman-än*, бағыт. *arman-a*, орын. *arman-ta* т.б орын алады. Дегенмен, шығу тегі жеке дара сөздерге барып саятын қосымшалар бұл ережеге сай жалғанбайды: *ura* «аяқ» + *sem* < \**sayin* «әр» сөздерінен *uraset* «аяқтар». Демек, сингормонизм заңына сай емес мұндай ауытқулардың кездесуі дауыстылар үндестігін бір сөзде



белгілі бір дауыстылар ғана кездесетін морфофонемалық сипаттама ретінде айқындауға болатынын айғақтайды<sup>1</sup>.

Жуан және жіңішке дыбыстар ретінде жіктелу моңғол тілдерінде, атап айтқанда жазба моңғол және қалмақ тілінде кездеседі. Бір сөзде тек *a*, *o*, *u* немесе *e*, *ö*, *ü* дыбыстары орын алады, *i* барлық моңғол тілдерінде бейтарап, шеткері дыбыс саналады. Жазба моңғолда жетіспейтін кейбір дауысты фонемалар қалмақ тілінде дамыған. Мысалы, өзінен кейін *\*i* келетін *ā* < *\*a* созылыңқы емес дауысты дыбысы, *ātn* < *\*atin* «өмір». *\*ayı*, *\*oyı* тобы және *\*ai*, *\*oi* дифтонгтары созылыңқы жіңішке дауыстылардың нәтижесі болып есептеледі: *ā* < *\*ayı* және *\*ai*, *ō* < *\*oyı* және *oi*. Осының әсерімен жуан дауыстылы түбірлер жіңішке дауыстылы түбірлерге айналады: *ā-* < *\*ayı-* «қорқу», *ō* < *\*oi* < *\*hoi* < *\*poi* «орман». Оларға жіңішке дауыстылы қосымшалар жалғанады: *āyād* «қорқып қалу», *ōyās* «орманнан».

Бейтарап *i* дыбысы бар моносиллабтарға немесе барлық буындарында *i* кездесетін түбірлерге тек жіңішке дауыстылы қосымшалар жалғанады: қалм. *nīs-* «ұшу» *nīsed* «ұшып кету»; халха *bičig* «жазу, хат» – *bičigēs* «хаттан».

Моңғол тілдерінің көбінде дауыстылар үндестігіне лабиалды тартылыс тән болып келеді: халха *gar-* «шығу» – *garād* «шығып кету», алайда *or-* «кіру» – *orōd* «кіріп келу»; *xür-* «қайта келу» – *xürēd* «қайтып келу», алайда *ög-* «беру» – *ögōd* «беріп». Бурят тілінің батыс диалектілеріндегі *\*ayı*, *\*oyı* және *\*ai*, *\*oi* дифтонг дыбыстар қалмақ тіліндегі сияқты созылыңқы жіңішке дауыстылардан қалыптасқан: *āl* < *\*ayıl* «киіз үй», *ō* < *\*oi* «орман». *ā* және *ō* дыбыстары қалмақ тілінде жіңішке дауыстылар болса, бурят тілінде жуан дауыстылар болып саналады: *ālār* «киіз үй арқылы», *ōyōr* «орман арқылы»<sup>2</sup>.

Дауыстылар үндестігі маньчжур-тұңғыс тілдеріне де тән, алайда тұңғыс тілінде *ö* және *ü* дыбыстары жоқ, себебі *\*ö* *u* дыбысына айналып, *\*u* дыбысымен бірдей болған, *\*ü* дыбысы *i* дыбысына айналып, *\*i* және *\*i* дыбыстарымен бірдей болады. *ya* дыбысы *e* дыбысына барып саяды, *e* дауыстылар үндестігінің әсерінен жуан дауысты қызметін атқарады: *sēn* «құлақ» – *sēnta*. *u* және *i* дауыстылары бейтарап дыбыстарға жатады: *urīkal* (*\*urī-*) «шық!», алайда *urīkē l* (*\*örī-*) «қал!»;

<sup>1</sup> Poppe N. Introduction to Altaic Linguistics. – Wiesbaden, 1965. – P.95.

<sup>2</sup> Poppe N. Introduction to Mongolian Comparative Studies. – Helsinki, 1955. – P. 84-94

*ulikal* «қатарға түр!», алайда *ulike l* «тамақтандыр!»; *silan* «қуырылған ет», алайда *sile* «сорпа»; *sikkal* «сыпыр!», алайда *sike l* «сөндірі!».

Тұңғыс тілдерінде дауыстылар үндестігі түркі тілдеріндегі үндестікке мүлдем ұқсамайды. Тұңғыс тілдерінде жуан, жіңішке дыбыстарының қарама-қайшылығы кездеспейді, кейбір жуан дауыстылардан кейін белгілі бір жуан, кейде тіпті жіңішке дауыстылар жалғана береді. Тұңғыс тілінде шектелген лабиалдық тартылыс кездеседі: *o* дыбысынан кейін *a/ā* емес, тек *o/ō* келеді; алайда *ō* кейін тек *a* және *ā* кездеседі, *o/ō* болмайды: *oŋolo* «тоқылдақ», *dokolōk* «ақсақ», *ōmakta* «жаңа», *dōlā* «ішінде». *ā* дыбысынан кейін *a* емес, *ε* келеді: *āke l* «ұйықта!» (алайда *afkal* «жу!»)<sup>1</sup>.

Дауыстылар үндестігінің ізі корей тілінде де табылып жатады. Корей тілінде *a/ε*, *ai/ε i (ä/e)*, *o/u* дауыстылары кезектесіп келеді: *a* немесе *o* дыбыстары бар түбірлерге *a*, *ai (ä)*, *o* дауыстылары бар қосымшалар, басқа дауыстылармен келген түбірлерге *ε*, *i (e)*, *u* дауысты қосымшалар жалғанады<sup>2</sup>.

Дауыссыздар үндестігі терең веляр немесе постпалаталдық дауыссыз дыбыстардың дауыстылармен (жуан, жіңішкелігіне қарай) тіркесуіне байланысты болады. Мәселен, түркі тілдерінде *k* және *g* жіңішке дауыстылы сөздерде, *q* және *g* (немесе *γ*) жуан дауыстылы сөздерде ғана кездеседі. *k* немесе *g* дауыссыздары бар қосымшалар *-kä*, *-gä*, *-qa*, *-γα* түрінде болады, көне түркі *sü-g* «әскер», *at-i-γ* «ат»; *il-gäriü* «ілгері», *qiri-γaru* «артқа, батысқа қарай»; *ödka* «уақытына қарай», *taluuqa* «теңізге қарай». Сол сияқты кейбір моңғол тілдерінде *g* және *k* тек жіңішке дауыстылы сөздерде кездеседі, жуан дауыстылы түбірлерде тек *q (χ)* және *g (γ)* дыбыстары орын алады.

Корей және тұңғыс тілдерінде терең веляр (таңдай) дауыссыздар болмайды, *k*, *g*, *x* дыбыстарының вокализмге қатысы жоқ болып саналады. Әліпбиі мен орфографиясы моңғол тіліне негізделген маньчжур тілінде моңғол тілімен ұқсас жағдай көбірек кездеседі. Дауыссыздар үндестігі тұрғысынан алғанда корей және тұңғыс тілдері ең көне, бастапқы сипаттамаларды сақтап қалған тілдер болып саналады<sup>3</sup>.

<sup>1</sup> *Poppe N. Introduction to Altaic Linguistics.-Wiesbaden,1965. -P. 96; Аврорин В.А. Грамматика нанайского языка. I т.-М.-Л., 1959. -С. 40-46; Цинциус В.И. Сравнительная фонетика тунгусо-маньчжурских языков. -Л.,1949. – С. 116-124.*

<sup>2</sup> *Poppe N. Introduction to Altaic Linguistics.-Wiesbaden,1965. -P. 99; Ramstedt G. J. Korean Grammar. – Helsinki, 1939.-P.25-28.*

<sup>3</sup> *Poppe N. Introduction to Altaic Linguistics.-Wiesbaden,1965.- P.103; Menges K.H.Qaraqalpaq Grammar, Part one: Phonology. – New York 1947. – P.59.*

Н.Поппе түркі тілдерінде дауыссыздар ассимиляциясының екі түрі кездесетінін айтады. Мысалы қазақ тілінде екінші дауыссыз дыбыс алдыңғы дауыссыздың себебінен ассимиляцияға ұшырайды: қаз. *attar* < *at* + *-lar*. Бірінші дауыссыздың екінші дауыссыз дыбыстың әсерінен ассимиляцияға ұшырауы якут тілінде кездеседі: *akka* «атқа» < *at* + *-ka*), *ekke* «етке» < *et* + *-ke* (*-ke* бағытты білдіретін қосымша); *iččit* «итші» < *it* «ит» + *-čit* (*-čit* мамандықты білдіретін зат есім қосымшасы); *appit* «атымыз» < *at* + *-bit* (тәуелдіктің қосымшасы). Тіптен дауыссыздардың үндесуінен пайда болатын дауыссыздар ассимиляциясы әсіресе, екі морфема қосылғанда, айталық, түбір соңындағы және қосымшаның басында келетін дауыссыздардың бір біріне әсерінен айрықша көрініс береді. Мысалы, көптеген түркі тілдерінде *-lar* көптік қосымшасы түбірге жалғанғанда *l* дыбысы өзгеріссіз қалады: түрік. *oda-lar* «бөлмелер», *ay-lar* «айлар», *at-lar* «аттар», *gün-ler* «күндер». Ал қазақ тілінде *l* дауыссызы бар қосымшалар тек *r*, *ç*, *y* дыбыстарынан кейін және түбір дауысты дыбысқа аяқталғанда жалғанады: *qala-lar* «қалалар», *kişi-ler* «кісілер», *žer-ler* «жерлер», *taу-lar* «таулар», *qoy-lar* «қойлар». *L*, *m*, *n*, *ŋ* дауыссыздарынан кейін *d*, басқа дауыссыздардан кейін *t* келеді: *aуil-dar* «ауылдар», *köl-der* «көлдер», *kün-der* «күндер», *esik-ter* «есіктер», *at-tar* «аттар»<sup>1</sup>.

Дауыссыздардың ассимиляциясы моңғол тілдерінде де кездеседі. Мысалы: түбір соңындағы *l*, *m*, *n*, *ŋ* дауыссыздарынан соң *d* дыбысы, басқа дауыссыздарға біткен түбірге *t* дыбысымен басталатын қосымша жалғанады: халха *gal-da* «отта», *gar-ta* «қолда», *ulas-ta* «ұлтта». Ал *l*, *r* дыбыстарына аяқталған түбірге *g* дауыссызымен басталған, өзге дауыссызға аяқталған түбірге *k* (*x*) дауыссыздарымен басталатын қосымшалар жалғанады: *bol-go-* «жасау», *gar-ga* «шығару», *bos-xo-* «орналастыру».

Маньчжур-тұңғыс тілдерінде түркі тілдеріндегідей ассимиляция жиі кездеседі. Мысалы: сол. *dakkur* < *dapkur* «қабат»; *natči* < *napči* «жапырақ»; *batta-* < *bakta-* «сыйып кету».

Корей тілінде түбір соңындағы дауыссыз қосымшадағы дыбыстың әсерінен ассимиляцияға ұшырайды, мысалы *-t*: *pat-ta* «қабылдау, алу», *pannap* «алу, қабылдау (з.е.)», *pakko* «алғанда», *passé* «қабылдай алады, ала алады». Корей тілінде сөз басында тұратын

<sup>1</sup> *Poppe N. Introduction to Altaic Linguistics.*-Wiesbaden, 1965; *Rasanen M. Zur Lautgeschichte der turkischen Sprachen.*- Helsinki, 1949. P. 215-238; Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков / под ред. Н.К.Дмитриева. – М., 1955-1962. ТТ. 1-4. I т. – С. 307-316.

дауыссыздардың үш тобы болады: аспирант емес немесе әлсіз *k, t, p, č*; аспирант немесе күшті *kh, th, ph, čh* (немесе *k», t», p», č*); созылыңқы, эмфатикалық аспирант емес *kk, tt, pp, čč*. Соңғысы бастапқы дауыссыздың ассимиляциясының салдарынан, бастапқы бірінші буындағы дауысты дыбыстың жоғалуынан кейін пайда болады: *kkil* < \**kökül* «шаш» (жазба моңғ. *kökül* «бір уыс шаш»), *ppul* < көне корейде *spur* «мүйіз»<sup>1</sup>.

Әдетте, тіл теориясында көрші морфемалардың морфологиялық жағынан бір-біріне сіңісіп, кірігіп кетуін фузия деп атайды. Ондай жағдайда негіз бен қосымшаның ара жігін ажырату қиындайды. Фузияның ерекшелігі – сөздің мағыналы бөлшектерінде фонемалардың өзара жүйелі қарым-қатынасы сақталмайтынынан байқалады<sup>2</sup>.

Г.И.Рамстедт қосымшаның басқы дыбысының негіздің соңғы дыбысымен кірігуін фузия деп атайды және оның барлық алтай тілдері үшін маңызы ерекше екенін атап көрсетеді. Фузияны ассимиляция заңына бағынатын, ілгерінді және кейінді ықпалдарға қатысы бар құбылыс ретінде қарастыра келіп, Г.И.Рамстедт алтай тілдерінде қосымшаның басқы дыбысы негіздің соңғы дыбысына, немесе керісінше, негіздің соңғы дыбысы қосымшаның басқы дыбысына ыңғайласуы, бір-біріне әсер етуі орын алатынын айтады. Мысалы: түрк. *at-qa, atima*; моңғ. *jabu-ži* «жүріп келе жатып», *gar-ši* «кетерде»; түрк. *ba-j-u* «байлап жатып» (түбір *ba-*), *ba-g* «байлам, түйін», *baj-la* «байлау»; кор. *pa* «арқан, жіп» (<\**pag*); түрк., моңғ. *bag-la* «байлау». Түркі тілдерінде *ba-* «байлау» түбір-негізі якут тілінде *-j-* форматы арқылы ұзарып, *baj-* тұлғасында етістіктің негізін құрайды. Алтай тілдерінде негіздің соңғы дыбысы қосымшаға қосылып кетуі немесе түсіп қалып, негіздің қысқаруы да көптеп кездеседі: моңғ. *jabu-gad*, жаңа моңғ. *jaw-ād*; кор. *isi-da* болу», кейіннін *is-ta*, қазір *itta* «болу»<sup>3</sup>.

Алтаистикалық зерттеулерде түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур және корей-жапон тілдеріндегі екпін мен сарын мәселесіне

<sup>1</sup> *Poppo N. Introduction to Altaic Linguistics.*-Wiesbaden, 1965; *Ponne H.H. Материалы по солонскому языку.*- Л., 1931. – С. 105-106; *Цинциус В.И. Сравнительная фонетика тунгусоманьчжурских языков.*- Л.,1949.- С. 195-203; *Ramstedt G. J. Korean Grammar.*- Helsinki, 1939.-P. 5-6; *Ramstedt G.J. Studies in Korean Etymology.*- Helsinki, 1949.

<sup>2</sup> *Қолиев Ф. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі.* -А., 2005. -Б.389.

<sup>3</sup> *Рамстедт Г.И. Введение в алтайское языкознание. Морфология.* -М.,1957.-С.27

де назар аударылады. Мәселен, Э.В.Тенишев арғыалтай тілінде екпіннің екі түрі болғанын айтады: 1) бірінші буында әуезді және динамикалық екпін; 2) бірінші буында динамикалық, ал екінші немесе үшінші буындарда әуезді екпін<sup>1</sup>.

Н.Поппе түркі, моңғол, тұңғыс, корей тілдерінде бірінші буынға түсетін екпіннің динамикалық шұғыл түрі, ал екі, үш, одан да көп буынды сөздерде соңғы буынға түсетін әуезді екпін, музыкалық сарын болатынын айтады<sup>2</sup>

Түркі тілдерінің көбінде, мысалы, түрік, өзбек, шор, сагай, якут, т.б. динамикалық екпін бірінші буынға, әуезді екпін соңғы буынға түседі: түрік *áyaq* «аяқ», *áyaqım* «аяғым».

Моңғол тілінде шұғыл, динамикалық екпін әдетте бірінші буынға түсіп, бірінші емес буындардың бірі созылықты болған жағдайда, екпін сол орнында қалады: халха *íršen* «кірген біреу», *irlē* «ол келді». Ал әуезді екпін екі, үш буынды сөздерде соңғы буынға түседі: халха *írsèn* «келген біреу», *írsendèn* «ол келген уақытта». Буын саны үштен асатын сөздерде әр екінші буында әлсіз әуезді үн орын алады: *bárilđasàn* «күресті».

Тұңғыс тілінде динамикалық екпін мен музыкалық сарын болады. Динамикалық екпін бірінші буынға, музыкалық сарын соңғы буынға түседі. Моносилабтық (бір буынды) жұрнақ жалғанғанда, музыкалық сарын жұрнаққа түседі: удехе *táda* «садақтың оғы», алайда *tádaǰi* «садақтың оғымен». Дисилабтық (екі буынды) жұрнақ қосылса, музыкалық сарын екінші және соңғы буынға түседі, динамикалық екпін жоғалады: *tadàtigi*.

Корей тілінде шұғыл, динамикалық екпін бірінші буынға түседі. Эмфатикалық дауыссыздардан (*kk, tt, pp, čč, ss*) кейін тұратын дауыстыларға жоғары екпін түсіп, интонация буынның соңына түседі. Басқа жағдайда бірінші буын әлсіз дауысталаып, төменнен жоғарыға қарай көтеріледі. Бірінші буынға түсетін екі түрлі сарын орын алады: біртіндеп төмендейтін жоғары және сатылай көтерілетін төмен үн. Екінші буын біріншіге қарағанда төменірек, алайда бірден төмендейтін сарынға ие болмайды<sup>3</sup>.

<sup>1</sup> Тенишев Э.В. Алтайские языки // Языки мира: Тюркские языки. -М.,1996.-543. -С.9

<sup>2</sup> Poppe N. Introduction to Altaic Linguistics.-Wiesbaden, 1965.

<sup>3</sup> Poppe N.Vergleichende Grammatik der altaischen Sprachen.-Wiesbaden, 1960. -С. 143-147; Ramstedt G.J. Korean Grammar. – Helsinki, 1939.- С. 30-31.

## АЛТАЙ ТІЛДЕРІНІҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

### § 1. Сөз және оның құрамы, дыбыстық құрылымы

Алтай тілдерінің тарихи морфологиясы біршама жете зерттелген сала болып саналады. Г.И.Рамстедт, Н.Поппе, В.Л.Котвич, Н.А.Баскаков т.б. ғалымдардың алтай тілдерінің морфологиясы бойынша жарық көрген зерттеулері<sup>1</sup> алтай тілдерінің құрылымдық жақындығының тереңдігін танытады.

Алтай тілдерінің морфологиялық құрылымының өзіндік ерекшеліктері олардың аглютинативтік қасиетінен туындайды. «Аглютинацияның мәні мынада, – деп жазады, мәселен, көрнекті моңғолтанушы Г.Д.Санжеев – қандай-да бір сөз оның негізіне белгілі бір суффикстің жапсырылуы, яғни жалғануы арқылы өзгеріске түседі. Ал негіз ешқашан өзгеріске түспейді, бастапқы қалпын сақтайды»<sup>2</sup>. Мұндай пікірді түркітанушы Л.Н.Харитонов та айтады: «Тілдегі сөздер және формалар түбірге аффикстердің бірізділікті сақтай отырып, біріне-бірі үстемелене жалғануы арқылы жасалады. Мұнда түбір өзінің бастапқы түрін өзгертпейді және жеке тұрып, дербес сөз бола алады»<sup>3</sup>.

---

<sup>1</sup> Рамстедт Г.И. Введение в алтайское языкознание: Морфология / Пер. с нем.-М., 1957.-254стр; Poppe N. Introduction to Altaic Linguistics.-Wiesbaden, 1965.-Vol.XIV.-XIII+212p. (УАВ,14); Котвич В.Л. Исследования по алтайским языкам.-М.,1962.-371стр.; Баскаков Н.А. Алтайская семья языков и ее изучение.- М., 1981.-135стр.

<sup>2</sup> Санжеев Г.Д. Сравнительная грамматика монгольских языков.- М., 1953. -С.127.

<sup>3</sup> Харитонов Л.Н. Современный якутский язык. Фонетика и морфология. – Якутск, 1947.- С. 84.

Аглютинативтік тілдерде әрбір сөз сөйлем және сөз тіркесі құрамында морфологиялық тұрғыдан:

- сөздің түбірі;
- лексика-грамматикалық сөзжасамдық қосымшалар (аффикстер);
- сөз түрлендіруші қосымшалар сияқты құрылымдық элементтерден тұрады.

Түбір нақты заттық мағынаны білдіріп, жеке сөз бола алады және сөз тіркесі немесе сөйлем құрамында өзінің атқаратын қызметіне сай белгілі бір грамматикалық тұрпат арқалайды.

Лексика-грамматикалық сөзжасам жұрнақтары сөздің лексикалық мағынасын және ол сөздің белгілі бір сөз табына қатысын айқындайды. Түбір мен лексика-грамматикалық сөзжасам жұрнақтары бірігіп, сөздің алғашқы, біріншілік негізін құрайды. Негіз сөз де түбір тәрізді сөйлем немесе сөз тіркесі құрамында дербес сөз қызметінде жұмсала алады. Сөздің сөз тіркесі немесе сөйлем құрамындағы атқаратын белгілі бір қызметін айқындайтын функционалдық-грамматикалық сөзжасам жұрнақтарының сөздің алғашқы, біріншілік негізіне үстемеленуінің нәтижесінде туынды, екіншілік негіз пайда болады. Ал сөз түрлендіруші қосымшалар сөздің сөз тіркесі немесе сөйлем құрамындағы өзге сөздерге қатысын көрсетеді.

Аглютинативтік тілдерде сөздің одан әрі бөлшектенбейтін және өзгермейтін бөлігі, нақты заттық мағынаға ие түбір біріншілік, туынды емес, өлі болуы мүмкін, яғни тек түбірлік ядродан тұруы, мәселен, түрк. *kel-* «келу» / (C+V+C), *je-* (<*jej-*) «жеу» / (C+V+(+C)), *ol-* (<*bol-*) «болу, істелу, жасалу, құрылу» / (C)+V+C, *e-* (<*jer-/jir-*) «болу» / (C+)V(+C) немесе екіншілік, туынды болуы, яғни түбірлік ядродан және өлі сөзжасам аффикстерінен құралуы мүмкін (*qyz-yl, jur-(g)ek* т.б.)<sup>1</sup>.

Егер дауысты дыбысты «V», дауыссыз дыбысты «C» әріптерімен белгілесек, түбірлер дыбыстық құрамы тұрғысынан бір буынды (V, CV, VC, CVC, VCC, CVCC) немесе екі буынды (CVCT, VCV, VCCV, CVCCV), ал негіздер түбірге сөзжасам жұрнақтарының үстемеленуіне байланысты көп буынды болуы мүмкін. Мәселен, бір буынды түбірлер

<sup>1</sup> Баскаков Н.А. Алтайская семья языков и ее изучение.- М., 1981. -С.43.

V: моңғ. *a-* «болу», түрк. *u-* «істей алу», *ö-* «түсіну»; тұңғ. *g-* «болмау», *i-* «естілу»; кор. *o-* «келу»;

VC: моңғ. *aŋ*, түрк. *aŋ* «аң»; моңғ. *ab-* «алу»; түрк. *ar-* «алдау»; түрк. *aq-* «ағу»;

CV: моңғ. *bü-* «болу», тұңғ. *bi-* «болу»; түрк. *jü-* «алып жүру»; тұңғ., кор. *sa-* «сатып алу»;

CVC: моңғ. *gar-* «шығу»; түрк. *kel-* «келу»; тұңғ. *xil-* «қыл, жүн»; кор. *cip-* «үй».

VCV: моңғ. *eke* «әпке»; түрк. *eke* «әпке, апай»; тұңғ.-маньч. *ixel/ kixe* «келін (інінің әйелі)»;

VCCV: моңғ.-жазба. *alda* «сажын (ұзындық өлшемі)»; тұңғ.-маньч. *alda-n* «арасы, ара»;

CVCV: тұңғ.-маньч. *duxu-* «арқан есу»; моңғ. *toku-* «тоқу, есу»; түрк. *doku-* «тоқу»;

CVCCV: түрк. *balqā* «балға»: ұйғ. *balqa*, қаз., қ.-калп. *balya*, қырғ. *balqa*; эвенк. *halqa* «балға»; маньчж. *folho* «балға».

Қосымшалар дыбыстық құрамы жағынан ашық және тұйық болып келеді: C, V, CV, VC, CVC. Мысалы: түрк. *ö-* «түсіну», *ö-g* «ақыл, ес», *ö-gür-* «үйрету, түсіндіру», *ö-güt* (<*ö-gürt*) «үгіт, кеңес», *ög-lä-* «түсіну», *ög-rä-n-* «жете түсіну, зерттеу», *ög-rä-n- ig- ci* «үйренуші, шәкірт» т.б.<sup>1</sup>

Алтай тілдерінде сөз морфологиялық құрылымы жағынан түбір мен қосымшаның қарапайым қосындысы емес, лексикалық және грамматикалық мағына арқалаған морфемалардың күрделі тіркесі. Жалпылама лексикалық мағынаны білдіретін морфема түбір морфема немесе негізгі морфема деп аталады, ал грамматикалық мағынаны білдіретін морфема аффикстік морфема немесе көмекші морфема деп аталады. Түбір морфема сөздің түпкі бөлшегі ретінде құрылысы, мағынасы жағынан әрі қарай бөлшектеуге келмесе, көмекші морфемалар өз алдына жеке тұрып, ешбір мағына білдірмейді, тек түбір морфемаларға қосылып, оған әртүрлі қосымша грамматикалық мағына үстейді<sup>2</sup>.

<sup>1</sup> Рамстедт Г.Й. Введение в алтайское языкознание: Морфология / Пер. с нем.-М., 1957.-С.29

<sup>2</sup> Аханов К. Грамматика теориясының негіздері.- Алматы, 1996. -Б. 20.



Алтай тілдеріаралық морфологиялық параллельдер жүйесінде түбір негіздердің дыбыстық құрылымында бірдейлікпен қатар, азды-көпті айырмашылықтар да кездеседі. Мәселен, түркі және моңғол тілдерінде көптеген бір буынды түбір сөздер өздерінің бастапқы қалпын сақтайды, ал екі буынды түбір негіздердің тұлғасы негізінен бірдей болып келеді<sup>1</sup>: түрк. *yül~* моңғ. *zil* «жыл»; түрк. *bal~* моңғ. *bal* «бал»; түрк. *šaq~* моңғ. *šau* «өлшем, уақыт»; түрк. *kär~* моңғ. *ker* «кеп, кейіп, түр»; түрк. *yol~* моңғ. *žol* «жол»; түрк. *qara~* моңғ. *χara* «қара»; түрк. *yaqa~* моңғ. *жаға* «жаға», түрк. *qada, qaya~* моңғ. *χada* «қия, жартас», түрк. *täkä~* моңғ. *teke* «теке», түрк. *böksä~* моңғ. *bögse* «бөксе», түрк. *qobuz~* моңғ. *хиуир* «қобыз», түрк. *bökä~* моңғ. *böke* «күшті» т.б.

Түркі тілдерінде дауыссызға аяқталған бір буынды сөздердің моңғолдық параллельдері үстеме дауысты дыбыспен көмкерілгені байқалады. Мысалы: түрк. *ab, av~* моңғ. *aba* «аң аулау», түрк. *kök~* моңғ. *köke* «көк», түрк. *qat~* моңғ. *χata-* «қатып қалу, кебу», түрк. *mäŋ~* моңғ. *mäŋge* «мең», түрк. *bas~* моңғ. *basu-* «басу», түрк. *qan~* моңғ. *qanu-* «қану, қанағаттану», түрк. *qon~* моңғ. *χono-* «қону», түрк. *saq~* моңғ. *saki-* «шабу, жону», түрк. *šoq~* моңғ. *šoqi-* «соғу» т.б. Бұл құбылыс туралы Б.Я.Владимирцов: «Түркі тілдері бұл типтес сөздерде соңғы дауыстыны жоғалтқан болса, дауыстымен келген ашық буын тектілге жақын қалып күйін моңғол тілдерінде сақтаған»<sup>2</sup> – дейді. Ал В.Л.Котвич түркі тілдерінде әу баста бірінші буынға түскен екпіннің кейінгі буындарға жылжуы арғытүркі кезеңінде жүрілгенін ескеріп, «бұл процесс соңғы дауыстының жоғалып, жойылуына емес, керісінше беки түсуіне әсер етуі керек еді, олай болса түркілік қысқа тұрпат арғытүркі тілінде болды, ал моңғол тілдеріндегі қосымша дауысты арқылы ұзартылған форма дамудың кейінгі кезеңдеріне тән құбылыс» – деп санайды. Қосымша элементтер арқылы сөз тұлғасының ұзартылуын моңғол тіліндегі жалпы үдеріс деп тани отыра, В.Л.Котвич түркі-моңғол лексикалық параллельдерінің мынадай түрлерін көрсетеді<sup>3</sup>:

<sup>1</sup> Котвич В.Л. Исследования по алтайским языкам.-М.,1962.- С.43.

<sup>2</sup> Владимирцов Б.Я. Турецкие элементы в монгольском языке // ЗВО ИРАО, 1911, XX, 2-3. - С. 157.

<sup>3</sup> Котвич В.Л. Исследования по алтайским языкам.-М.,1962.- С. 39-42.

1) түркі тілдерінде екі дауыссызға аяқталған сөзбен сәйкестік құрайтын моңғол сөзінің соңында дауысты дыбыстың үстемеленуі: түрк. *ärk* ~ моңғ. *erke* «күш, билік», түрк. *bärk* ~ моңғ. *berke* «қиын», түрк. *qirk-* ~ моңғ. *kiryа-* «қырку», түрк. *kärt-* ~ моңғ. *kerči-* «керту, кесу», түрк. *yort-* ~ моңғ. *yorči-* «жорту», түрк. *tart-* ~ моңғ. *tata-* «тарту» т.б.

2) түркі-моңғол лексикалық параллелдерінің моңғолдық сыңарында дауыстыдан кейін қосымша *n* дыбысының болуы: түрк. *bai* ~ моңғ. *bayan* «бай», түрк. *küç* ~ моңғ. *küçün* «күш, қуат», түрк. *yüz* ~ моңғ. *žisün* «өң, жүз, бет», түрк. *say* ~ моңғ. *sayin* «сау, жақсы», түрк. *qoi-* ~ моңғ. *хонin* «қой», түрк. *muz, buz* ~ моңғ. *mösün* «мұз», түрк. *oi* ~ моңғ. *ouun* «ой, ақыл» т.б.

3) моңғол тілінде түбірлердің шығу тегі белгісіз элементтермен ұзаруы: түрк. *qut* ~ моңғ. *хитиу* «құт», түрк. *ant* ~ моңғ. *andayar* «ант», түрк. *at* ~ моңғ. *adayun* «ат, жылқы», түрк. *yaş* ~ моңғ. *žalayun* «жас (бала, жігіт)», түрк. *taş* ~ моңғ. *čilayun* «тас», түрк. *qoş* ~ моңғ. *хоşıуun* «қос, бөлімше» және т.б.

Алтай тілдеріндегі морфологиялық ұқсастықтардың жоғары көрсеткіші олардың типологиялық тұрғыдан ғана емес, генетикалық тұрғыдан да жақын тілдер екендігінің дәйектемелік өзегіне алынады. Г.Й.Рамстедт және оның ізбасарлары зерттеулерінде алтай тілдерінің морфологиялық құрылымдарындағы ұқсастықтар негізінен есім және етістік категориялары ауқымында қарастырылып, түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур, сондай-ақ корей тілдерінің сөзтүрлендіру және сөзжасам жүйелеріндегі ортақтықтар мен сәйкестіктерге басты назар аударылады.

Алтай тілдері арасындағы грамматикалық сәйкестіктер шеткері грамматикалық категориялар мен тұлғаларға, сондай-ақ сөзжасамның жалпы жүйесіне емес, басқа тілдердің ықпал-әсеріне ұшырай бермейтін ең тұрақты грамматикалық категорияларға, атап айтқанда, сөз тіркесі және сөйлем құрамындағы сөз байланысын білдіретін морфологиялық категорияларға, әсіресе сөзтүрлендіру категориясына, онда да ең тұрақты формаларға қатысты болып келеді.

Сөзтүрлендіру категориясы тұрғысынан сөз таптарын түрленетін және түрленбейтін деп екіге бөліп қарастыруға болады.

Түрленетін сөз таптарына есімдер (зат есім, сын есім, сан есім, есімдік) мен етістікті, ал түрленбейтін сөз таптарына үстеу, де-меулік, жалғаулық, септеулік шылаулар және одағайды жатқызуға болады<sup>1</sup>.

Алтай тілдерінде зат есім, сын есім және үстеулер айрықша сөз табы ретінде бір-бірінен аса ерекшелене бермейді. Себебі белгілі бір атау көп жағдайда зат есімнің де, сын есімнің де қызметтерін, егер де іс-әрекетке қатысты болса, үстеудің қызметін атқара алады<sup>2</sup>. Ал көптеген үстеулердің генезисі мекендік, мезгілдік, сапалық, сындық т.б. мағына арқалайтын есімдерге, дәлірек айтқанда, «септік» тұлғаларына және етістіктің көсемше тұлғаларына барып саятындықтан<sup>3</sup>, үстеуді сөз түрлендіру жүйесімен тікелей байланысы бар сөз табы деп санауға болады.

## § 2. Зат есім және оның түрлену жүйесі: жақ және тәуелдік категорияларын сипаттайтын қосымшалардағы ортақтық

Сөз табы – жалпыграмматикалық (категориалдық) мағынасы мен жекелеген грамматикалық, атап айтқанда, морфологиялық және синтаксистік белгілерінің сипаты бойынша біріктіріліп, жинақталған сөздер тобы. Мұнда морфологиялық белгі сөздердің жасалуы және өзгеруіне байланысты болатын болса, синтаксистік белгі сөздердің тіркесімділік қасиетіне қатысты болады<sup>4</sup>.

Сөз таптарының ішінде грамматикалық құрылысы, синтаксистік қызметі жағынан ерекшеленетін негізгі сөз таптарының бірі – зат есім. Зат есім – заттың атын, жанды-жансыз ұғымдардың атауын білдіріп, сөйлемде негізінен бастауыш пен толықтауыш болатын толық мағыналы сөздер табы. Зат есімдердің жеке сөз табы ретіндегі лексика- грамматикалық ерекшеліктері оның ма-

<sup>1</sup> Санжеев Г. Д. Современный монгольский язык. – М., 1960. – С.45

<sup>2</sup> Рамstedт Г.Й. Введение в алтайское языкознание: Морфология / Пер. с нем.-М., 1957.-С.31

<sup>3</sup> Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – М., 1988.- С.256-257.

<sup>4</sup> Севортыян Э.В. К проблеме частей речи в тюркских языках // Вопросы грамматического строя.- М., 1955. – С. 188-225.

ғыналық және құрылымдық топтарын анықтауға мүмкіндік береді. Зат есімдер мағыналық сипатына қарай деректі және дерексіз, жалпы және жалқы, көптік мәнді, реңдік және үстеулік мәнді деп бірнеше топқа бөлінеді<sup>1</sup>

Зат есімдердің түрлену жүйесі оның грамматикалық категорияларымен сипатталады. Зат есімдердің сан-мөлшерлік, тәуелділік немесе меншіктілік-объективтілік сияқты грамматикалық мағыналары және олардың сөйлемде басқа сөздермен грамматикалық қарым-қатынасқа түсуі көптік, тәуелдік және септік жалғаулары арқылы жүзеге асады.

Көптік жалғауының жалғануы зат есімдерді жекеше, көпше топтарға бөлуге ғана негіз болмай, өзі жалғанған сөздерге көптік мағынамен қатар жинақтау, тұспалдау, болжау мағыналарын да үстейді.

Белгілі бір заттың иеленуші үш жақтың біріне меншікті екенін білдіруде тәуелдік категориясы арқылы меншіктеуші жақ пен меншіктелуші зат қатар көрсетіледі. Тәуелдеу категориясы бір заттың екінші затқа меншікті болуын, сонымен қатар оның қай жаққа қатысты екенін білдіреді<sup>2</sup>.

Зат есімдер грамматикалық және кеңістікті білдіретін септік жалғаулары арқылы түрленеді. Септік категориясы – есім сөздердің ішінде зат есімдерге ғана тән грамматикалық категориялардың бірі. Ал басқа сөз таптарының септік жалғауларын қабылдауы заттану, яғни субстантивтенумен байланысты болып келеді. Септік жалғаулары арқылы зат есімдер өзара бір-бірімен немесе басқа сөздермен байланысқа түседі. Соның нәтижесінде грамматикалық тұрғыдан құрылымдық және мағыналық өзгеріске ұшырайды.

Зат есімнің грамматикалық тұрғыдан өзгеріске түсуінің бір жолы – оның жіктелуі<sup>3</sup>. Бірақ зат есімдердің барлығы бірдей жіктік жалғауын қабылдай бермейді. Олардың ішінде адамға, оның кәсібіне, қызметіне, тегіне, мамандығына қатысты зат есімдер ғана жіктеледі. Зат есімдер баяндауыш қызметінде жіктік жалғауларымен түрленеді.

<sup>1</sup> Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – Б. 442.

<sup>2</sup> Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы, 1996. – Б.150.

<sup>3</sup> Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – Б. 458.

Зат есімдерді түркі, моңғол және тұңғыс-маньчжур тілдеріне қатысты алатын болсақ, есім сөз таптарының төл категориялары болып саналатын: субъект және предикаттың синтаксистік байланысын білдіретін жақ категориясы, атрибутивтік байланысты білдіретін меншік категориясы, объективті-предикатты қатынасты білдіретін септік категориясы, сан-мөлшерлік ұғым арқалайтын көптік категориясы сияқты сөзтүрлендірудегі басты категориялар типологиялық жағынан да, материалдық жағынан да негізінен бірдей болып келеді, яғни ортақ қосымшалар (аффикстер) арқылы көмкеріледі<sup>1</sup>.

Алтай тілдерінде жақ және тәуелдік категорияларын сипаттайтын қосымшалардағы ортақтық көрінеу, айқын болып келеді. Алтаистика бағытындағы зерттеулерде жіктік және тәуелдік жалғауларының шығу тегі, әр форманттың жалпыалтайлық архетипі жіктеу есімдіктерінің жақтық жіктелісімен байланыстырылады<sup>2</sup>.

### 1-жақ жекеше.

Түркі тілдерінде бірінші жақ жіктіктің *-тап/-тип, -т/-п*, тәуелдіктің *-т* жалғаулары, моңғол тілдерінде бірінші жақ жіктіктің *-би/-б, -т/-w*, тәуелдіктің *-тин/- тнил/-т* жалғаулары, тұңғыс-маньчжур тілдерінде бірінші жақ жіктіктің *-w/-mil/-il/-bil/-т*, тәуелдіктің *-w/-fl/-ml/-il/-bil/-mil/- тил/-и* жалғауларының шығу тегі жіктеу есімдігінің арғыалтайлық 1-жақ жекеше *\*тин* «мен» тұлғасынан;

### 2-жақ жекеше.

Түркі тілдерінде екінші жақ жіктіктің *-сан/-syn/-syn/-yη /-п*, тәуелдіктің *-η/-п* жалғаулары, моңғол тілдерінде екінші жақ жіктіктің *-ші/-š/-č*, тәуелдіктің *-šii/-šii/-čn/-š/-s* жалғаулары, тұңғыс-маньчжур тілдерінде екінші жақ жіктіктің *-š/-s/-hi*, тәуелдіктің *-š/-s/-hil/-ndil/-dil/-si* жалғауларының шығу тегі «сен» жіктеу есімдігінің арғыалтайлық II жақ жекеше *\*sin*(түрк.), *\*тин/ čin/ či* (моңғ.), *\*si* (тұңғ.-маньчж.) тұлғаларынан таратылады.

### 3-жақ жекеше.

Тәуелдіктің үшінші жағы түркі тілдерінде *-y/-sy/-yn*, моңғол тілдерінде *-yń/-iń/-ńә/-ń*, тұңғыс-маньчжур тілдерінде *-ni/-n/-nin*

<sup>1</sup> Баскаков Н.А. Алтайская семья языков и ее изучение. -М., 1981.- С.57.

<sup>2</sup> Котвич В.И. Исследования по алтайским языкам.-М., 1962. – С.139-180; Рамстедт Г.Й. Введение в алтайское языкознание: Морфология / Пер. с нем.-М., 1957.-С.169-180.

жалғауларымен көмкеріледі. Алтай тілдерінің ішінен тек тұңғыс тілдерінде ғана жіктік жалғауының үшінші жағының *-n* жалғауы болады, ал түркі, моңғол тілдерінде жіктіктің үшінші жағы арнайы тұлғалармен көмкерілмейді. Тәуелдік және жіктік жалғауларының үшінші жағының шығу тегі қалпына келтірілген арғыалтайлық *\*in* «ол» жіктеу есімдігіне барып саяды.

### 1-жақ көпше.

Алтай тілдеріндегі жіктік және тәуелдік жалғауларының бірінші жақ көпше түрлерінің шығу тегі «біз» мағынасындағы түрк. *\*biz*, моңғ. *\*man/\*bida/\*tin*, тұңғ.-маньчж. *\*bul/\*buse/\*miti* түрінде жаңғыртылған арғыалтайлық тұлғалармен сабақтастырылады. Бұл тұлғалар қазіргі түркі тілдерінде: *-byz/-myz*, *-z/ -q* (жіктік), *-myz/ -byz* (тәуелдік); моңғол тілдерінде: *-bdn/-mdn/-wdn/-bdil/-mdi/-a* (жіктік), *-mdn/-mnai/-mān/-mṅ* (тәуелдік); тұңғыс-маньчжур тілдерінде: *-win/-w/ -u/ -un/ -pu/ -p/ -fi* (жіктік), *-mun/ -win/ -mu/ -u/ -un/ -pun/ -qun/ -yun* (тәуелдік) түрінде көрініс береді.

**2-жақ көпше.** Түркі тілдеріндегі көпше түрдегі екінші жақ жіктіктің *syṅar/ -syṅyz/ -syz/ -ṅyz/ -yz/ -ṅar*, тәуелдіктің *-ṅar/ -ṅyz/ -nyz* жалғаулары, моңғол тілдеріндегі көпше түрдегі екінші жақ жіктіктің *-fā/ -tā/ -t*, тәуелдіктің *-fān/ -tnai/ -tṅ* жалғаулары, тұңғыс-маньчжур тілдеріндегі көпше түрдегі екінші жақ жіктіктің *-san/ -sun/ -šun/ -hu/ -su/ -s*, тәуелдіктің *-sun/ -hun/ -hu/ -su/ -san* жалғауларының шығу тегі жіктеу есімдігінің II жақ көпше түрі ретінде жаңғыртылған арғыалтайлық мынадай тұлғалардан таратылады: түрк. *\*san+yz*; моңғ. *\*tin+n*; тұңғ.-маньчж. *\*sin+(t)an*.

**3-жақ көпше.** Түркі тілдерінде *-y/ -sy/ -yn*, моңғол тілдеріндегі *-yñ/ -iñ/ -ñə/ -ñ*, тұңғыс-маньчжур тілдерінде *-tin/ -tan/ -ti/ -či* жалғауларымен көмкерілетін тәуелдіктің үшінші жағы қалпына келтірілген арғыалтайлық түрк., моңғ. *\*in* және тұңғ. *\*tan/\*ten* тұлғаларынан таратылады. Алтай тілдерінің ішінен тек тұңғыс тілдерінде ғана жіктік жалғауының үшінші жағының көпше түрі *-tin* тұлғасында келеді<sup>1</sup>.

Г.И.Рамстедт пікірі бойынша, о баста түрк., моңғ., тұңғ. *\*min* «мен», моңғ. *\*tin* және түрк., тұңғ. *\*sin* «сен», түрк., моңғ., тұңғ., кор. *\*in* «ол» тұрпатта болып келген жіктеу есімдіктерінің түбір-

<sup>1</sup> Тенишев Э.В. Алтайские языки // Языки мира: Тюркские языки. -М.,1996. -С.1.

негіздері соңындағы *-n* дауыссызын моңғол, тұңғыс-маньчжур тілдері атау септігінде тарихи ерте дәуірлерде жоғалтуының салдарынан, моңғ., тұңғ. *bi* «мен», моңғ. *či* «сен» (көне моңғ. *\*ti*), тұңғ., маньч. *si* «сен», маньч. *i* «ол» тұлғалары қалыптасқан. Ал түркі тілдерінде екпін күшінің немесе деиктикалық күшеютудің салдарынан *\*min* және *\*sin* жіктеу есімдіктері *män* және *sän* тұлғаларына өзгерген<sup>1</sup>.

В.Л. Котвичтің пікірінше, түркі және моңғол тілдерінде 3-жақтағы жеке қосымша жоқ, ол тек тұңғыс тілінде сақталған *-n*: *\*in* > *i* жоғалтқан<sup>2</sup>

Жіктік және тәуелдік жалғауларының шығу тегін *мен, сен, ол* жіктеу есімдіктерімен байланыстыратын Г.Й.Рамстедт және В.Л.Котвич пікірлерін қолдай отырып, Н.А.Баскаков алтай тілдеріндегі жіктік және тәуелдіктің 1-жағының көпше түрінің қосымшаларының шығу тегі түркі тілдері үшін: *bi* (1-ші жақ жекеше түрдегі жіктеу есімдігінің негізі) + *z* (көптіктің көрсеткіші) тұлғасында жаңғыртылатын *biz* жіктеу есімдігіне, немесе бірінші жақтағы *bi* (<*\*min*) және екінші жақтағы *si* (<*\*sen*) жіктеу есімдіктерінің бірігуінен жасалатын инклюзивті *biz* <*bi+si* «мен және сен» есімдігіне барып саятынын айтады.

Моңғол және тұңғыс тілдеріндегі бірінші жақ көпше түрдегі жіктік пен тәуелдік қосымшаларының құрамын Н.А.Баскаков жоғарыдағы үлгі бойынша анықтайды: моңғол аффикстері эксклюзивті *man* немесе инклюзивті *bida* жіктеу есімдіктерінен пайда болған, яғни *-mdn/-mnai/-mn/-man* (1-ші жақ жекеше түрдегі жіктеу есімдігінің негізі) + *-t/-d/-n* (көптіктің көрсеткіштері), немесе инклюзивті есімдік үшін (*bi+da* <*bi+da* «мен және сен») *-t/-d/-n* – *\*tin* тұлғасындағы 2-ші жақ жіктеу есімдігінің негізі; ал тұңғыс-маньчжур тілдерінде аффикстер *bul/bu/bun* эксклюзивті есімдіктеріне немесе *muse* инклюзивті есімдікке барып саяды: тұңғыс тіліндегі *biti* ~ *miti*, яғни *-win, -min, -mi, -u* < *m* < *bu* (1-ші жақтағы есімдіктің негізі) + көпше түрдегі аффикс *n* < *t*, немесе инклюзивті есімдік *biti* < *bi + ti* «мен және сен» 2-ші жақ жіктеу есімдігінің (*si*) соңғы элементі.

<sup>1</sup> Рамстедт Г.Й. Введение в алтайское языкознание: Морфология / Пер. с нем.-М., 1957.-С.69.

<sup>2</sup> Котвич В.Л. Исследования по алтайским языкам.-М.,1962.- С. 173-174.

Н.А.Баскаков жіктік және тәуелдік қосымшаларының екінші жақтағы көпше түрінің құрамын түркі тілдері үшін: *san~sun* (2-ші жақ жекеше түрдегі жіктеу есімдігі) + көптіктің көрсеткіші *-lar-* > *synlar- synlar-syŋ(l)ar-(sy)ŋ(l)ar* деп; моңғол тілдері үшін: 2-ші жақ жекеше түрдегі *\*tin* жіктеу есімдігі + көптіктің аффикстері *-an, -un, -n, -f(in) + ān~ - t(in) a(n) ~ -tinā(n) ~ -t(in) (a)ŋ~ -l(in-tan)* деп; тұңғыс-маньчжур тілдері үшін: *sin~si* (2-ші жақ жіктеу есімдігі) + көптіктің көрсеткіші болатын *-(t)an ~ -(t)en* аффикстері немесе туыстық байланысты білдіретін сөздерде кездесетін көпше түрдегі *-ni* аффиксі, яғни *-san ~ -sun (-su, -s) ~ -sun, ~ -hun (-hu, -u) < -s~-š~-h* (<жіктеу есімдігі – *sin~si*) + көпше түрдегі аффикс – *(t)an~n(i)* деп көрсетеді.

Жіктік және тәуелдік жалғауларының 3-ші жақ көпше түрі тұңғыс-маньчжур тілдерінен басқа барлық алтай тілдерінде жақтың жекеше түрінің аффикстеріне сәйкес келеді. Тұңғыс-маньчжур тілдерінде 3 жақтың көпше түрінің аффикстері ретінде – *tan/ -tin/ -ti/ (- ċi)* формалары, тұңғыс тілінде жіктіктің 3-ші жақ көпше түрінде *-tin* аффиксі қолданылады. *-(t)an ~ -(t)en* көптіктің көрсеткіштері болып табылады<sup>1</sup>.

Сонымен, алтай тілдеріндегі жақ категориясымен тығыз байланысты болып келетін жіктік және тәуелдік жалғауларының шығу тегі толық, немесе қысқартылған, я болмаса фонетикалық өзгеріске түскен нұсқаларда көрініс беретін арғыалтай тіліндегі *\*min, \*tin/\*sin, \*in* тұлғалы жіктеу есімдіктеріне барып саяды. Тәуелдіктің қосымшалары моңғол және тұңғыс-маньчжур тілдерінде постпозитивті жіктеу есімдіктеріне барып саятын болса, түркі тілдерінде олар ерекше жүйені құрайды. Мұнда да олардың түп-тегінде жіктеу есімдіктері жатуы мүмкін. Тұңғыс-маньчжур тілдерінде тәуелдіктің 1-жағының көпше түрінің қосымшаларына жіктеу есімдіктеріне тән инклюзивтік пен эксклюзивтік қасиет тән. Ал тәуелдіктің 3-жағының тұлғасы түркі, моңғол және тұңғыс-маньчжур тілдерінің қай-қайсысында да нақтылықты көрсетеді. Тәуелдіктің үшінші жағының жіктеу есімдігінің үшінші жағымен сәйкес келмеуі оның *-ni* қосымшасын арғыалтайлық тектілден өрбітуге жетелейді.

<sup>1</sup> Баскаков Н.А. Алтайская семья языков и ее изучение. -М., 1981. – С.60-62.



### § 3. Көптік категориясы: көптік жалғаулары және олардың көне реликт тұлғалары

Көптік категориясы – есімдер жүйесіндегі басты грамматикалық категориялардың бірі.

Алтай тілдерінде көптік категориясы есімдердің арнайы аффикстермен көмкерілуі және білдіретін мағынасында жинақтау-топтау мән басым болып келетін атаулар арқылы сипатталады. Бірқатар есім сөздер (зат есім, сан есім, жалпылау есімдіктері) жекеше тұрып та, тіркесіп келіп те, қосарланып, қайталанып келіп те лексикалық-семантикалық композиция құрап, көптіктің топтау, жинақтау, болжау тәрізді логикалық ұғымын білдіре алады. Мысалы: түркі тілдерінде: көне түрк. *jilqı* «жылқы», сары ұйғыр. *altı jegirma* «он алты», қаз. *qız-qırqın* «қыз-қырқын», т.б. Әсіресе зат есім негіздерінің қайталанып келіп, көптік мағынаны білдіруі түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур тілдерінің барлығында кездесетін лексикалық құбылыс болып саналады. Мысалы: түркі тілдерінде: қаз. *üjir-üjir* «үйір-үйір (жылқы)», құмық. *tabun-tabun turnalar* «топ-топ тырналар», қара-қалпақ. *töbe-töbe* «төбелер», тува. *beluk-beluk* «топ-тобымен», чув. *vaxatran-vaxata* «кейбір кездері», түрікмен. *başlı-başına* «бас-басына», түрік. *sira sira* «қатар-қатар» т.б.; моңғол тілдерінде: бурят. *bülüg bülüg* «топ-топ», халх. *tal-talaa* «жан-жаққа», *böön-böön* «кесек-кесек», т.б.; маньчж. *žalan-žalan* «1)ғасырлар; 2) келер ұрпақ», *falqa-falqa* «түп-түп (бұталар)» т.б.; нанай. *dolbo-dolbo* «көптеген түндер», *ajŋgani-ajŋganižiani* «көп жылдар, жылдар бойы» т.б. Мұндай лексика-семантикалық композициялардың сыртында, алтай тілдерінде көптік мағынаны тудырудың негізгі жолы көптік жалғаулары арқылы жүзеге асады.

Алтай тілдеріне ортақ көптіктің көне реликт форманттары қатарына \*-l, \*-r, \*-s, \*-z, \*-t, \*-d, \*-n жалғауларын жатқызуға болады. Олардың қайсы бірі жеке сөздер, туынды негіз бен күрделі қосымшалар құрамында сақталған болса, енді бірі көптіктің дербес жалғауы түрінде осы кезге дейін өз қызметін атқарып келеді.

Орхон-Енисей жазба ескерткіштері тілінде көптік жалғауларының *-lar* және *-t* деген екі түрі кездеседі. Көне түркі, орта түркі

тілдерінде кең таралған өнімді жалғау *-lar* қазіргі түркі тілдерінде әр түрлі дыбыстық вариантта актив қолданыста. Мысалы: көне түрк. *begler* «бектер», *kunčujlar* «әйелдер», *atlar* «аттар», орта түркі. *üğüzlar* «сулар», *taylar* «таулар» (МК), *kişilär* «кісілер» (көне ұйғыр), қарах-уйғ. *quşlar* «құстар», хорезм. *közlär* «көздер», шағат. *ağalar* «ағалар», мамлук. қыпш. *munlar* «мыналар», арм. қыпш. *bular* «бұлар», қарашай-балқ. *zatlar* «заттар», ноғ. *üjler* «үйлер», қара-қалп. *qatillar* «әйелдер», барабин. *paşlar* «бастар», өзб. *işçilar* «жұмысшылар» т.б.

*-lar /-lar* қосымшасының құрамы мен шығу тегі туралы пікірлерге зер салсақ, ол пікірлердің әртүрлі сипатта болып келетіні байқалады. Мәселен, поляк ғалымы Т.Ковальский *-lar* жалғауының түп төркінінде болжамды білдірген «бірнеше, көп» сияқты қандай-да бір сөз жатуы мүмкін десе, В.А.Богородский бұл қосымшаның қалыптасуын 3 жақ жіктеу есімдігі *ol* мен *-ar* жұрнағының кірігуінен іздестіреді. Н.А.Баскаков *-lar* қосымшасын іс-әрекеттің қайталатынын білдіріп, есімнен етістік тудыратын *-la* жұрнағы мен келер шақ есімшенің *-r* тұлғасының бірігуінен тұратын, ішкі семантикалық өзгерістің нәтижесінде көптік мәнге ие болған күрделі аффикс деп санайды<sup>1</sup>. Ал Н.Поппе, К.Менгес, Д.Синор тәрізді алтаист ғалымдардың пікірінше *-lar /-lar* қосымшасы көптіктің екі дербес көне *\*-l* мен *\* r* форманттарының кірігуінен жасалған: *-lar /-lär* < (*\*-l+a+\*-r*) / *-l+ä+r* < (*\*-l+ä+\*-r*). Мұндағы *\*-l* түркі тілдерінде көптіктің күрделі қосымшалары ғана емес, жинақтау мәніндегі *-lyq* (*\*-l+\*-yq*) / *-lik* (*\*-l+\*-ik*) көрсеткіштері құрамында да кездеседі. Мысалы: *ytlyq, qarluq* (этнонимдер)<sup>2</sup>.

Түркілік *\*-lar /-lär* қосымшасы моңғол тіліндегі көптіктің *\*-nar* қосымшасымен сәйкестік түзеді (*aqanar* «ағалар», *bagşnar* «ұстаздар», *ekener* «әйел; аналар») Г.Й.Рамстедт *\*-nar* қосымшасының

<sup>1</sup> Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы, 1988. – Б.137.

<sup>2</sup> Рамстедт Г.Й. Введение в алтайское языкознание: Морфология / Пер. с нем. – М., 1957. – С.59-63; Котвич В.Л. Исследования по алтайским языкам. – М., 1962. – С.60; Санжеев Г.Д. Сравнительная грамматика монгольских языков. – М., 1953; Санжеев Г. Д. Старописьменный монгольский язык. – М., 1964; Кононов А.Н. Показатели собирательности-множественности в тюркских языках. – Л., 1969; Цинциус В.И. Множественное число имени в тунгусо-маньчжурских языках // Уч. зап. ЛГУ. Сер. филол. наук. 1946. Вып.10; Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – М., 1988. – С.10-22.

түп-тегін бұрындары моңғол тілінде болған \**nar* «жиынтық» сөзімен байланыстырып, ол сөз якут тілінде \**nār* «бірлесіп, бірге» түрінде сақталып қалған деп санайды<sup>1</sup>.

Түркі тілдеріндегі көптіктің *-lar /-lär* қосымшалары құрамындағы, ал моңғол тілдеріндегі *-nar* қосымшасы құрамындағы \*-*r* алтай тілдеріне ортақ жинақтау мәніндегі көптіктің көне реликт форманттарының бірі. Жинақтау мәніндегі көптік мағынаны білдіретін \*-*r* форманты қырғыз, тува, хакас тілдерінде тәуелдіктің 2-жақ көпшесінің *-nar/-när*, алтай тіліндегі *-yar/-ger* көрсеткіші құрамында (қырғ. *qolınar* «сіздің қолыңыз», тув. *tonınar* «сіздің шубаңыз», хак. *turanar* «сіздің үйіңіз», алт. *balayar* «сіздің балаңыз», *tiliger* «сіздің тіліңіз»), сондай-ақ *üregir, jazgir* тәрізді этнонимдер құрамында (*-qir/-gir* < \*-*γ*+\*-*r*) сақталып қалған<sup>2</sup>.

Көптіктің \*-*l* көне форманты тұңғыс тілдерінде (нанай, эвенкі, негидал) дербес *-l* тұлғасында және күрделі *-sal/-sel* < (*-sa*+*-l*) қосымшалары құрамында кездеседі: негидал.: *adelisal* «желілер» (*adel* «желі»), *moi:sal* «аттар» (*moın* «ат»), *amtil* «әкелер» (*amin* «әке»), *entil* «аналар» (*enın* «ана»), *qonıl* «қыздар» (*qonāt* «қыз»), *asal* «әйелдер» (*asi* «әйел») т.б.

Орхон-Енисей жазба мұраларында атақ-дәрежені, лауазым-шенді білдіретін сөздер құрамында ғана кездесетін *-t* қосымшасы орта түркі және қазіргі түркі тілдерінде өнімсіз қосымша болып саналады. X-XIII ғасырлардағы түркі жазба ескерткіштерінде *-t* қосымшасымен келген бірен-саран сөздер ұшырасқанымен, ол сөздердің өзі кейде көптіктің *-lar /-lar* қосымшасын қабылдайды.

Көптіктің көне реликт *t* форманты қазіргі түркі тілдерінің ішінен якут тілінде тәуелдіктің 1 және 2 жақ көпшесінде *-but* < \*-*buz* және *-yut* < \*-*yuz* < \*-*ηuz*: *ayabut* «біздің әкелеріміз» (*ayam* «әкем»), *ayayut* «әкелерің» (*ayaŋ* «әкең»), сондай-ақ түркі этнонимдері құрамында (*türküt, jomut*), атақ, даңқ, дәрежені білдіретін сөздерде (*tarqat* «тархандар» (*tarqan* «тархан»), *erät* «ерлер, жауынгерлер» (*erän* «ер, жауынгер»), *tegit* «ханзадалар» (*tegin* «ханзада»,

<sup>1</sup> Рамstedт Г.Й. Введение в алтайское языкознание: Морфология / Пер. с нем. – М., 1957. – С.60.

<sup>2</sup> Pritsak O. Stammesnamen und Titulaturen der Altaischen Volker // UAJb. 1952.24, N1/2; Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – М., 1988. – С.16.

*tojot* «мырзалар» (*tojon* «мырза») , *xotut* «ханымдар» (*xotin* «ханым») т.б. кездеседі. М.Томанов якут тілінде көптіктің *-t* және *-lar* тәрізді екі бірдей қосымшасының сөз түбіріне қос қабаттаса жалғануы (*jol-at-lar*) мен бұл ерекшеліктің «Бабурнама» тілінде кездесуін ескере отырып, «түркі тілдерінде *-t* форманты орта ғасырлардың соңғы кезеңдерінде өзінің көптік мағынасын жоғалтты» деген пікірге келеді<sup>1</sup>.

Көптіктің көне реликт *\*-t / \*-d* форманты моңғол тілдерінде этнонимдер (*bajad, ööld, qongirat, kerejit, merkit* т.б.) мен жер-су атаулары құрамында (*Buyüt, Qužirt, Tsakjurt, Moγojt* т.б. ) жиі кездеседі. Г.Д.Санжеев көптік мағынаны орта ғасыр моңғол жазба ескерткіштері тілінде *-u:t / -d* тұлғалары білдіргенін айтады<sup>2</sup>.

Қазіргі моңғол тілдерінде көптік ұғымды беру үшін көбінесе жекеше тұлғадағы негіздің соңғы *n, l, r* дыбыстары көптіктің *-d* көрсеткішімен алмастырылады: *ked* «кімдер» (*ken* «кім») , *gyšiuud* «мүшелер» (*gyšiuun* «мүше») , *tugad* «бұзаулар» (*tugal* «бұзау») , *nököd* «жолдастар» (*nökör* «жолдас») т.б. *n, l, r* дыбыстарының сыртында, дауыссыздарға аяқталған сөздер көптік мағынада қолданылғанда *-d* форманты біріктіруші дауыстымен тіркесіп, *-ud/-üü* тұлғасына өзгереді: *bičigüü* «жазулар» (*bičig* «жазу») , *nomud* «кітаптар» (*nom* «кітап») , *gerüü* «үйлер» (*ger* «үй»)

Көне моңғол жазба тілінде қысқа дауыстыға біткен негіздер кейіннен көптіктің созылыңқы *-üü/-üü* тұлғаларының жасалуына арқау болған – *nugud/- nügüü* қосымшасы арқылы түрленеді (*-n* – дәнекер дыбыс): *arganugud* «амал-тәсілдер» (*arga* «амал, айла, тәсіл» ) , *kerijenügüü* «қарғалар» (*kerije* «қарға») т.б.

Көптіктің көне *\*-s / \*-z* көрсеткіші түркі тілдерінде *-z ~ -s ~ š* , моңғол тілдерінде *-s*, тұңғыс тілдерінде *-sal/-sel* (*-sa+ -l*), маньчжур тілінде *-sa / -se, -sol/-si* тұлғаларында кездеседі.

Түркі тілдерінде көптіктің *-z ~ -s ~ š* форманттары тәуелдіктің 3 жағының қосымшасы құрамында *\*-si >* алт., тув., хак., шор., чул. *-zi ~* як. *-ta ~* чув. *-š, -še, -äše, -eše* (туыстық атауларда, кейбір есімдіктер мен сан атауларында), *-z* тұлғасы жіктеу есімдігінің 1

<sup>1</sup> Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы, 1988. -Б.138. Санжеев Г. Д. Современный монгольский язык. – М., 1960. -С. 129.

<sup>2</sup> Санжеев Г. Д. Современный монгольский язык. – М., 1960. -С. 129.

және 2 жақ көпшесінде (*biz* < *bi+z*, *siz* < *si+z*), тәуелдіктің 1 және 2 жақ көпшесінің қосымшалары құрамында (*-miz* < *m+iz*, *-η* (*-n*, *-γ*) *uz*) < *-η* (*-n*, *-γ*) *+üz*), баяндауыштың 2 жақ көпшесінің құрамында (*-sīη(-n) +iz*), кейбір ру-тайпа атауларында (*oyuz*, *quryüz*), ал *-s* тұлғасы көне түркі тілінде (*isbara'* атақ», *isbaras* «атақтар») кездеседі.

Моңғол тілдерінде көптіктің *-s* форманты дауыстыға аяқталған негіздер мен *-t/-ut* немесе *-d/-ud* дыбыстарына біткен сөздерден соң жалғанады: моңғ. *udus* «қодастар, сарлықтар» (*udu* «қодас, сарлық». Салыс.: ұйғ. *ud*, алт., тел. *uj* «ірі қара мал»), моңғ. *noqas* «иттер» (*noqai* «ит»), қалм. *xulgānās* «тышқандар» (*xulgānā* «тышқан»), моңғ.-жазба. *ayulas* «таулар» (*ayula* «тау»), ордос. *-η >-s*: *ežis* «иелер» (*ežin'* ие»), моңғ. *-s >-z*: *činoz* «қасқырлар», бурят. *-s >-h*: *erehu:d* «ерлер, еркектер» (*ere'* ер адам, еркек) + *h* (көптіктің көрсеткіші) + көптіктің көрсеткіші – *u:d*).

Көптіктің *-s* форманты маньчжур тілінде *-sal/-sä/ -se*, *-sol/-su* тұлғасында қолданылады: көне маньч. *wang se*, кейіннен *wang sa* «патшалар», *sakdasa* «қарттар», *agusal/aguse* «ағалар», *gegese* «әпкелер», *aqasu* «құлдар», *solqoso* «корейлер», *šoqomoso* «кедейлер» т.б.

Тұңғыс тілдеріндегі (нанай, эвенкі) *-sal/-sel* қосымшасының құрамында көптіктің – *sa* және *-l* көрсеткіштері кездеседі: *-sall/-sel* < (*-sa+ -l*): *käsal* «хандар» (*kän'* хан, ел басы») Г.Й.Рамстедт *-sall/-sel* қосымшасының шығу тегін «барлығы бірігіп» деген ұжымдық мағынаны білдіретін *\*sel* көне негізінен таратады<sup>1</sup>.

Көптіктің *\*-n* көне реликт форманты түркі тілдерінде *oylan* «ұл», *eren* «ерлер», *örten* «жалын», *bodun* «тайпа», сияқты архаизмдер, *subarin*, *kuman* сияқты этнонимдер, *\*-nči* (*\*-n+\*-či*), *\*-lanči* (*\*-la+\*-n+\*-či*), *\*-mine* (*\*-m+\*-ine*) реттік сан есім көрсеткіштері құрамында кездеседі.

Моңғол тілдерінде *\*-n* форманты *-či*, *-ša* тұлғаларына аяқталған негіздерге жалғанады. Мысалы: көне моңғ. *žagasučin* «балықшылар» (*žagasuči* «балықшы»), бурят. *mädä:šan* «даналар» (*mädä:ša* «білгір, дана») Сондай-ақ *-n* аффиксі *-tan* қосымшасы құрамында кездеседі: көне моңғ.-жазба. *žigürten* «қанаттылар» (*žigür* «қанат»), халх. *xöröngtön* «буржуазия» (*xöröng* «капитал»), бурят.

<sup>1</sup> Рамстедт Г.Й. Введение в алтайское языкознание: Морфология / Пер. с нем. -М., 1957. – С.60.

*maltaŋ* «малдылар» (*mal* «мал») Ал тұңғыс тілдерінде (ульч, нанай) *-n* форманты тәуелдіктің 1 және 2 жағы көрсеткіштері мен *-na/-ne<-ana/-ene* күрделі қосымшаларының құрамында кездесіп, сөзге жинақтық-көптік мағына үстемелейді<sup>1</sup>.

Қорыта айтқанда, түркі, монғол және тұңғыс-маньчжур тілдерінің лексика-семантикалық және морфологиялық құрылымдарындағы, сөзжасам және сөз түрлендіру жүйелеріндегі ортақтықтардың түптегі тым көне заманалар қойнауына жетелейді. Туыс емес тілдердің ықпалына аз ұшырайтын грамматикалық категориялар мен олардың форманттарындағы сәйкестіктер, ұқсастықтар алтай тілдерінің типологиялық ортақтығын ғана емес, сонымен қатар олардың материалдық тектестігін, о бастағы генеалогиялық туыстығын да көрсете алатын тілдік фактілер саналады. Осындай сыртқы ықпал-әсерге онша беріле қоймайтын тілдік жүйедегі тұрақты категориялардың бірі көптік категориясы десек, бұл категорияның морфонологиялық, лексика-семантикалық, синтаксистік-құрылымдық көрсеткіштерінде жалпытүркі, жалпымонғол, жалпытұңғыс-маньчжур тектілеріндегі ортақтықтарға барып саятын құбылыстар орын алады. Көптік категориясындағы алтай тілдерінің барлығына тән құбылыстар қатарына көптік мағынаның түбір-негіздің қайталануы, сөздердің қосарлануы, сөздің тіркесуі тәрізді лексика-семантикалық композициялар мен көптіктің көрсеткіштері саналатын арнайы қосымшалар арқылы берілуін жатқызуға болады. Көптіктің арнайы қосымшалары арасында *\*-l, \*-r, \*-s, \*-z, \*-t, \*-d, \*-n* тәрізді алтай тілдеріне ортақ көне реликт форманттар орын алады. Олардың қайсы біреулері жеке сөздер, туынды негіз бен күрделі қосымшалар құрамында сақталған болса, енді бірі көптіктің дербес жалғауы түрінде осы кезге дейін өз қызметін атқарып келеді.

<sup>1</sup> Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – М., 1988.

#### §4. Алтай тілдерінің септеу жүйесі: арғыалтайлық формативтердің қазіргі алтай тілдеріндегі көрінісі

Түркі, моңғол және тұңғыс-маньчжур, сондай-ақ корей тілдерінің материалдық ортақтығы септеу жүйесінде де анық байқалады. Алтай тілдерінде барлық негізгі септіктерді жасайтын грамматикалық форманттар бір-біріне айрықша ұқсас болып келеді.

Алтай тілдерінде септеу жүйесі септіктер санының көптігімен, септік тұлғаларының сан алуандығымен ерекшеленеді. Түркітану, моңғолтану, тұңғыс-маньчжуртану, корейтану салаларындағы зерттеулер бойынша септіктер саны түркі тілдерінде 6, кейбір тілдерде 7 немесе 8, моңғол тілдерінде 9 немесе 10, маньчжур тілінде 5, тұңғыс тілдерінде 9, корей тілінде 6 деп әрқилы көрсетіледі<sup>1</sup>.

Алтай тілдерінің септеу жүйесіне тән басты ортақтықтардың бірі – атау септігінің нақты көрсеткішінің болмауы, яғни атау септігінің нөлдік тұрпатта келуі. Арғыалтайлық тектіл үшін де атау септігі осы қалыпта жаңғыртылады. Атаудан басқа септік көрсеткіштерінде бір-бірімен мазмұн және тұрпат меже тұрғысынан толық сәйкес түсіп жататын ортақ қосымшалар кездеседі. Арғыалтайлық тектілдік тұлғаларды қалпына келтіруге жетелейтін бұл көрсеткіштер көп жағдайда біріне-бірі қос қабаттасып бірігеді, я болмаса негізгі «басты» септіктердің қосымшаларына тіркесіп, күрделенеді. Мұндай бірігулер мен кірігулер алғашында орын-мекен, бағыт-бағдарды білдіретін реңкіде жұмсалатын болса, біртіндеп мұндай мағыналық реңкідегі болар-болмас айырмашылықтар жойылып, этимологиялық күрделі септік көрсеткіштеріне айналады.

<sup>1</sup> Рамстедт Г.И. Введение в алтайское языкознание: Морфология / Пер. с нем.-М., 1957; Рамстедт Г.И. Грамматика корейского языка. / пер. А.А.Холодовича. – М., 1995; Котвич ВЛ. Исследования по алтайским языкам.-М., 1962; Санжеев Г.Д. Сравнительная грамматика монгольских языков. -М., 1953; Санжеев Г. Д. Современные монгольский язык. -М., 1960.; Санжеев Г. Д. Старописьменный монгольский язык. -М., 1964; Цинциуц В.И. Негидальский язык.-Л.,1982; Пашков Б.К. Маньчжурский язык. -М., 1963; Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. -М., 1988 т.б.

Түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур, сондай-ақ корей тілдерінің морфологиясына арналған әдебиеттерге сүйене отырып, алтай тілдеріндегі септік категориясының мынадай формативтерін көрсетуге болады:

1. Атау септігі (негізгі немесе белгісіз) барлық алтай тілдерінде сөз негізіне сәйкес келеді және атау септігіндегі сөзге арнайы жалғау жалғанбайды. Атау септігінің жасалуындағы ерекшеліктер жеке тілдердегі фонетикалық заңдылықтармен түсіндіріледі. Мәселен, моңғол және корей тілдерінде кейбір дауыссыздардың сөз соңында өз қалпын сақтап тұра алмайтынына байланысты, атау септігі негізден сәл өзгешелеу болып келеді: моңғ. ат. сеп. *bičik* «жазу», іл.сеп. *bičig-ün* «жазудың», көпше. ат.сеп. *bičig-üt* «жазулар»; кор. *ket* «зат» (негіз: *kes*), кор. *kkot* «гүл» (негіз: *kkoč*); кор. *hilk* «құм» (негіз: *hiltg*). Моңғол тілінде дауыстының назалдануы (мұрын жолына ыңғайлануы) салдарынан сөз соңындағы *-n* дыбысының атау септігінде түсіп қалуы, ал инлаутта сақталуы (ат.сеп. *nanan'kүн* >*nana, sara* «ай» >*sara*, іл.сеп. *narin, sarin* немесе *narini* «күннің», *sarni* «айдың»), сондай-ақ түркі және моңғол тілдерінде о баста негізге қатысы болған *-n* дыбысының қосымшаға қосылып кетуі (моңғ. ат. сеп. *bi* «мен», іл.сеп. көне моңғ. *min-u*, қазіргі моңғ. *minij* «менің», түрк. ат. сеп. *bi* «бұл», іл.сеп. *minuŋ* «мұның»; ат. сеп. моңғ. *bajan*, түрк. *baj* «бай», іл. сеп. көне моңғ. *bajan-u*, қазіргі моңғ. *bajni* «байдың», түрк. *baj-nuŋ* «байдың») тәрізді ерекшеліктер орын алады<sup>1</sup>.

2. Ілік септігінің арғыалтайлық *\*-n* қосымшасы түркі тілдерінде *\*-in/-iŋ*, *\*-nin/-niŋ*, *-nuŋ*, *-tin /- tiŋ*, *-din /- diŋ*, *-yn*, *-än* қосымшалары түрінде көрініс береді: көне түрк. *sün* «әскердің», *ebiŋ* «үйдің», *qayanuŋ* «қағанның»; чув. *tənwəŋ* «таудың» < *tu'tau*», *χəŋəŋ* «қыздың» < *χəŋ'qыз*», *šəžijəŋ* «тышқанның» < *šəži'tышқан*» (мұндағы *-j-* дыбысы – негіз бен қосымша арасын жалғаушы көне дауыссыз), ұйғ.-қыпш. *attiŋ* «аттың», алт. *köldiŋ* «көлдің», тув. *inektiŋ* «сиырдың», қбалқ. *qozularyniŋ* «қозыларының» т.б.

Ілік септігінің қалпына келтірілген жалпытүркілік форманты ретінде А.М.Щербак *\*-in* тұлғасын көрсетеді<sup>2</sup>. Түркі тілдері үшін

<sup>1</sup> Рамстедт Г.Й. Введение в алтайское языкознание: Морфология / Пер. с нем.-М., 1957. -С.60.

<sup>2</sup> Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков: (Имя).- Л., 1977.



ілік септіктің *\*-in/-iŋ*, *\*-nin/ -niŋ* форманттары ертеарғытүркілік тұлғалар ретінде жаңғыртылады<sup>1</sup>

Арғыалтайлық *\*-n* моңғол тілінде *-jin*, *-un/-ǘn*, *-ul/-ǘ*, *\*-nyn> nu>- nu*; *\*-nin>-niǘ>-ni* түрінде көрінеді. Көне моңғол жазба тілінде: соңы кез келген дауыстыға аяқталған негізге *-jin* (*aqa-jin* «ағаның», *dalai-jin* «теңіздің», *sūke-jin* «балтаның» т.б. Мұндағы – *j*- дыбысын Г.Рамстедт *-jin* қосымшасын қалыптастыруға арқау болған дәнекер дыбыс деп санайды); *-n* дыбысынан басқа кез келген дауыссызға аяқталған негізге – *un/-ǘn* (*qagad-un* «қағандардың», *qagan-un* «қағанның», *gažar-u* «жердің», *ger-ǘn* «үйдің», *kereg- ǘn* «істің») , *-n* дауыссызына біткен негізден соң *-ul/-ǘ* (*ken-ǘ* «кімнің», *olan-u* «көптің») жалғаулары жалғанады<sup>2</sup>.

Қазіргі моңғол тілінде сөздің жуан, жіңішкелігіне байланысты *-n* дауыссызына біткен негізден соң *-ий/-ы*: *хэний* «кімнің», *хүний* «адамның», *мэргэний* «мергеннің», дайны «соғыстың», *дууны* «әннің, әуеннің»; *-n* дыбысынан басқа кез келген дауыссызға аяқталған негізге *-ийн/-ын*: *гэрийн* «үйдің» < ат. сеп. *гэр'үй*», *шинийн* «жаңаның» < ат. сеп. *шинэ* «жаңа», *ахын'ағаның* < ат. сеп. *ах* «аға», *улсын* «мемлекеттің» < ат. сеп. *улс* «мемлекет»; созылыңқы *-ий* және дифтонг дауыстыларға біткен негізге *-н*: *нохойн* «иттің» < ат. сеп. *нохой* «ит», *хийн* «бос ауаның» < ат. сеп. *хий* «ауа»; созылыңқы *-ий* дыбысынан басқа созылыңқыларға аяқталған сөздерге *-гийн*: *жороо* «жорғаның» < ат. сеп. *жороо* «жорға», *буугийн* «мылтықтың» < ат. сеп. *буу* «мылтық» жалғаулары жалғанады<sup>3</sup>. Г.Д.Санжеев моңғол тілдерінде ілік септігінің барлық қосымшалары «дауысты (*ī~i~ā~дифтонг*)+ *n* дауыссызы» үлгісінде жасалады десе<sup>4</sup>, Г.Й.Рамстедт және Н.Роппе ілік септігінің бастапқы форманты ретінде *\*-n* тұлғасын көрсетеді<sup>5</sup>.

Маньчжур тілінде ілік септігінің *-i/ -ni* қосымшалары айқын болып келеді. Мысалы: *bō- i ešjen* «үйдің иесі», *temen-i ušju* «тү-

<sup>1</sup> Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология.- М., 1988. С.89-90,

<sup>2</sup> Санжеев Г.Д. Старописьменный монгольский язык. -М., 1964. -С. 63.

<sup>3</sup> Бұл да сонда, С.56

<sup>4</sup> Санжеев Г. Д. Сравнительная грамматика монгольских языков.- М., 1953. С.160

<sup>5</sup> Рамстедт Г.Й. Введение в алтайское языкознание: Морфология / Пер. с нем.-М., 1957. С.32; Роппе N. On some Altaic forms // CAJ., 1977. № 1. – P. 57.

йенің басы», *via- i elden* «айдың жарығы», *wang-ni čju* «ванның (ханның) баласы» т.б.<sup>1</sup>

Тұңғыс тілінде ілік септіктің *-n/-ni* көне форманттары сирек те болса кездеседі: лам. *bi* «мен» + *-n* = *min* «менің», *hi* «сен» + *-n* = *hin* «сенің». Тұңғыс диалектілерінің көбінде ілік септігі *-ŋi* арқылы көмкеріледі: *akaŋi* «ағамның» < *akaŋŋi*, *miŋi* «менің» < *miŋŋi*.

Корей тілінде анықтауыштық қатынас негізінен синтаксистік орын тәртібі бойынша айқындалады, дегенмен ілік септігін жасайтын *-qi/-ji/-i* тәрізді ерекше тұлғалар орын алады. Сонымен қатар ілік септігінің белгісі ретінде дауыссыздар алдында геминацияның пайда болуы да кездеседі: ат. сеп *saram* «адам», іл. сеп. *saram-ji* «адамның», бар.сеп. *saramjiŋe* «адамға, яғни адамның үйіне»; *na* «мен», *ŋai* (қазір *nä*) «менің». Ал ілік септігінің арғыалтайлық *\*-n* көне форманты *hai-n* «бүгінде» < *hai* «күн» сияқты сөздер құрамында сирек те болса кездеседі<sup>2</sup>

Н.А.Баскаков барлық алтай тілдерінде ілік септігі формантарының меншіктік қатынасты білдіретін жұрнақтарға қатысы бар екенін (түркі тілінде *-niki*: *aŋa-niki* «ағасына тиесілі»; монғол тілінде *-jinki*: *aqajinki*; тұңғыс тілінде *-ŋi*, *-nŋi*: *akaŋi* ~ *aka-* *nŋi*; маньчжур тілінде *-iŋge*, *-niŋge*), алтай тілдерінің көбінде ілік септігі басқа септіктер үшін бастапқы форма болатынын (түркі тілінде барыс сеп. *biz-in-ge* «бізге»; монғол тілінде жатыс-барыс сеп. *xān-ä-dä* «ханның жанында»; корей тілінде жатыс сеп. *saram-ii-ge* «адамда»), сондай-ақ ілік септігіне қатысты сөз тіркесінің типтік конструкциясы орын алатынын (түркі тілінде: *qayanyŋ oŋly* «қағанның ұлы»; монғол тілінде: *xān-i xōwŋn* «ханның ұлы») айтады.<sup>3</sup>

3. Табыс септігінің арғыалтайлық *\*-i/-y* тұлғасы түркі тілдерінде табыс септігі – (*y*) *γ/ – ny/-y* қосымшылары түрінде көрініс береді: *sāni*, *miny* (*buny*), *bizni* (жіктеу есімдіктері), көне түрк.: *süy* «әскерді», *yükyu* «жүкті»; оңтүстік түрк. (түрік.) *ebi* «үйді», *daŋy* «тауды»; батыс түркі. (тат.) *ijni* «үйді», *tauny* «тауды»; қазақ. тәуелдіктің III жағынан кейін *-n*: *malin*, *aŋasin*, *atin* т.б. Чуваш

<sup>1</sup> Рамстедт Г.Й. Введение в алтайское языкознание: Морфология / Пер. с нем.-М., 1957. С.35; Пашков Б.К. Маньчжурский язык. – М., 1963. С.21.

<sup>2</sup> Рамстедт Г.Й. Введение в алтайское языкознание: Морфология / Пер. с нем.-М., 1957.- С.357.

<sup>3</sup> Баскаков Н.А. Алтайская семья языков и ее изучение. -М., 1981.- С.64.

тілінде дыбыстық даму барысында *-a/ -ja/-na* болып қалыптасқан табыс септігінің форманттары барыс септігімен сәйкес келеді. Мұндағы *-j-* және *-n-* дауыссыздары – дәнекер дыбыстар болып саналады: табыс. *təva* «тауды», барыс. *təva* «тауға» < ат. сеп. *tu* «тау», табыс. *χəvva* «қызды», барыс. *χəvva* «қызға» < ат. сеп. *χəv* «қыз».

Көне моңғол жазба тілінде табыс септігі дауыссыздан кейін *-i*, дауыстыдан кейін *-ji* қосымшаларымен көмкеріледі: *geri* «үйді», *ulusi* «ел-жұртты», *emegtei-ji* «әйелді», *moritai-ji* «біреуді астындағы атымен бірге». Қазіргі моңғол тілінде табыс септігінің қосымшалары ретінде *-yg/-īg/-g* көрсетіледі. Кез келген дауыссызға және *-i* дыбысынан өзге қысқа дауыстыға біткен жіңішке негізге, сондай-ақ жіңішкеріп айтылатын палатал дыбыстар мен ызың дауызсыздарға аяқталған жуан сөздерге *-īg* (*gerīg* «үйді», *bagšīg* «ұстазды», *šōnīg* «түнді», *qarīg* «жат жұрттықты»), *-g* мен ызың дыбыстардан басқа дауыссыздарға және *-i* дыбысынан өзге қысқа дауыстыға біткен жуан негізге *-yg* (*malyg* «малды», *arūyg* «амалды», *šonūg* «қасқырды»), созылыңқы дауыстыға немесе дифтонглермен аяқталған сөзге *-g* (*joroog* «жорғаны», *yaqaig* «шошқаны») қосымшасы жалғанады. Табыс септігінің көне *-i*, *-ji* қосымшаларының *-yg/-īg/-g* түріне өзгеруін Г.И.Рамстедт о бастан-ақ созылыңқы айтылған *-i*, *-ji* жалғауларының тіл дамуының ерте кезеңдерінде *-iji/-iji* түрінде қосарлана қолданылғанымен түсіндіреді, ал *-g-* дыбысын дауыстылар арасындағы дәнекер дауыссыз деп санайды<sup>1</sup>.

Тұңғыс тілдерінде табыс септігі *-a*, *-ja* < *-i* және *-ba*, *-wa*, *-ma*, *-pa* < *-ba* қосымшаларымен түрленеді: *tuje* «суды», *mōja* «отын ағашты», *ēja* немесе *ēkina* «нені», *beri* «садақты, қаруды», *sinewę* «сені» < *sinę-ba*, *oronmo* «бұғыны», *oronwol/ oronbo* «бұғыларды», *hunātpa* «қызды», *hunilba- hunilwa/* «қыздарды». Маньчжур тілінде табыс септігі *-be* < *-ba* қосымшасымен көмкеріледі: *bō- be* «үйді», *ama-be* «әкені», *wang- be* «ванды (ханды)», *amban-be* «ханзаданы».

Корей тілінде табыс септігінің *-i/-i*, *-ri* (солт.кор.), *-il/-il*, *-l*, *-ril* (оңт.кор.), қосымшалары орын алады. Дауыссызға біткен негізге *-i/-i* (солт.кор.), *-il/-il* (оңт.кор.), дауыстыға біткен сөздерге *-ri* (солт.

<sup>1</sup> Рамстедт Г.И. Введение в алтайское языкознание: Морфология / Пер. с нем.-М., 1957. – С.37.

кор.), *-l, -ril* (оңт. кор.) жалғанады: ат.сеп. *тун* «есік», таб.сеп. *тунн* (солт. кор.), *тунїл* (оңт. кор.); ат.сеп. *па* «мен», таб.сеп. *парї* (солт. кор.), *парїл* (оңт. кор.); ат.сеп. *saram* «адам», таб.сеп. *saramu, saramї* (солт. кор.), *saramїл* (оңт. кор.).

Г.Й.Рамстедт көне корей тілінде табыс септігінің *\*-ār/\*-ir* қосымшалары болғанын көрсетіп, солтүстік корей диалектілерінде соңғы көне дауыссыз *-r* түсіп қалуы немесе о бастан-ақ болмауы да ықтимал екенін айтады<sup>1</sup>

Барыс септігінің арғыалтайлық тұлғасы ретінде *\*-ai(-a) /-gai(-ga)* формативтері көрсетіледі. Г.Й. Рамстедт барыс септігінің *\*-a* тұлғасын тұңғыс тілінен басқа алтай тілдерінің барлығында *-ai* (немесе *-a*) және *-gai* (немесе *-ga*) түрінде қолданылатын қосымшалардың ең бастапқы таниды<sup>2</sup>.

Түркі тілдерінде барыс септігі негізінен *-a, -ya/-qa, -ja* қосымшаларымен (варианттарымен) көмкеріледі: көне түрк. *taуqa* «тауға», чув. *tava*, тат., қаз., қырғ., тел. *tauya*, түрік. *daya*; көне түрк. *qayaqqa* «қағанға», шығыс-түрк., батыс-түрк. *qayaqqa*, чув. *хипа, хона*; көне түрк. *qayaputa* «қағаныма», *qayapuyqa* «қағаныңа», *qayapuyqa* «қағанына», батыс-түрк. *qayapuyqa* «қағанына».

Моңғол тілінде өте ерте кезеңдерде көне құрылымдар құрамына еніп кеткен барыс септігінің бастапқы *\*-a* формасы қазіргі моңғол тілдерінде демеуліктер мен етістіктің кейбір тұлғалары құрамында кездеседі: *dotur-a* «ішке, іште», *gaзara* «жерге, жерде», *irere* «келерде», *ilangia* «әсіресе» т.б. Барыс септігінің орнына көне моңғол жазба тілінде орын мәнді *-durl/-dūr, -turl/-tūr* қосымшасы және оның ауыз-екі сөйлеу тілінің әсерінен соңғы *-г* дыбысын жоғатқан *-dul/-dū, -tul/-tū* варианттары, ал қазіргі моңғол тілінде барыс-жаттыс мәнді *-d/-t* қосымшалары қолданылады: моңғ.-жазба. *dalaидur* «теңізде», *sangdur* «қазынада», *ebleldūr* «одақта», *gertūr* «үйде», *bulagtur* «бұлақта» немесе соңғы *-г* дыбысынсыз: *ebleldū, gertū*; қазіргі моңғ. *gert* «үйде», *aqind* «ағасында», *borootoid* жауып тұрғанда»<sup>3</sup>.

<sup>1</sup> Рамстедт Г.Й. Грамматика корейского языка / пер. А.А.Холодовича. – М., 1995. – С.69

<sup>2</sup> Рамстедт Г.Й. Введение в алтайское языкознание: Морфология/Пер. с нем. – М., 1957. – С. 39.

<sup>3</sup> Санжеев Г.Д. Старописьменный монгольский язык. – М., 1964. – С. 64; Санжеев Г. Д. Современный монгольский язык. – М., 1960. – С.58-59.

Тұңғыс тілінде барыс септігі өлі септік болып табылады. Бірақ *-äl-gal -ge* қосымшаларының сілемдерін *imnä, iminä* «бірде, бір-ақ рет», *imutälä* «бір-бірлеп», *toḡatala* «бес-бестен», *ḡiga* «жазда», *tuge* «қыста», *tirga* «күндіз» сияқты сөздердің құрамында кездестіруге болады<sup>1</sup>.

Маньчжур тілінде барыс септігі *-de* қосымшасы арқылы көмкеріліп, іс-әрекеттің иесін (*ere nialva de bumbi* «мынау адамға беремін»), баяндауышы *bi* «бар» етістігімен берілген сөйлемдерде жақтық ұғымды (*aqin de bitke bi* «ағамда кітаптар бар»), бір нәрсенің (заттың, ойдың, адамның) біреудің тарапынан болғанын (*mini gunin de* «менің пікірімше», *eḡjeni kese de* «ханның жарлығы бойынша»), бағытты (*bō de isinjiqa* «үйге жеттім»), іс-әрекеттің құралын (*ḡan de donḡjire goḡjime gunin de teburaku* «құлағына кіргенімен, миына кірмейді»), уақытты (*tere ergin de* «ол кезде»), кеңістікте немесе белгілі бір мерзім аралығында болып өткен қозғалыстың соңғы нүктесін (*ḡjulgeḡi te de isitala* «ерте кездерден қазірге дейін»), себеп-салдарды (*sini baita de* «сенің шаруаң үшін») меңзейді<sup>2</sup>.

Қазіргі корей тілінде барыс септігі *-ē,-gē*, көне корей әдеби ескерткіштерінде *-ai, -ei*, жалғауларымен көмкеріледі. Бұл септік орынды нұсқап, жатыс септігі қызметінде де қатар атқарады. Мысалы: *ḡibe* «үйде, үйге», *mare~malge* «атқа, атта», *tore~tolge* «тасқа, таста». Корей тілінде *-ge* қосымшалы барыс септігі ілік септігінің негізінде жасалған болып саналады, ал барыс септігінің дара түрі қазір жатыс септігі (локатив) ретінде қолданылады: *sarame* «адамда», *saramjiḡe, saramkke* «адамға»<sup>3</sup>.

5. Жатыс-шығыс септігінің арғыалтайлық *\*-tal/-tu* тұлғасы түркі тілдерінде *-dal/-de, -tal/-te* және *-dan/-den, -tan/-ten, din/-daḡ* түрінде көрініс береді. Жатыс септігі негізінен орынды білдіреді: көне түрк. *tayda* «тауға», чув. *tura*, тат., қаз. *tauda*, түрік. *dayda*; көне түрк. *taḡda* «таста, тастардың арасында», батыс-түрк. *taḡta*. Жатыс септігі *-ki* жұрнағын қосып алу арқылы сын есімдер жасауға қатысады: *taydaki* «таудағы», *taḡtai* «тастағы», *ebdäki* «үйдегі».

<sup>1</sup> Рамстедт Г.Й. Введение в алтайское языкознание: Морфология.-М., 1957. С.40.

<sup>2</sup> Пашков Б.К. Маньчжурский язык. – М., 1963.- С.23.

<sup>3</sup> Рамстедт Г.Й. Введение в алтайское языкознание: Морфология / Пер. с нем.-М., 1957.- С.42.

Түркі тілдерінде жатыс септігі көпке дейін орынды ғана емес, іс-әрекет, қозғалыстың кеңістіктегі және белгілі бір уақыт аралығындағы шығу, басталу нүктесін де білдірген: көне түрк. *oғuz-da* «оғыздарда» және «оғыздардан», шағ. *fathuda soғ* «жеңістен соң», халаж. *hå vidå* «үйден». Осыған байланысты шығыс септігінің *-dan/-den, -tan/-ten, din/-daғ* қосымшаларын «жат.сеп. *-da/-ta + -n*» құрамды деп санау орын алады. Мұндағы соңғы *-n* туралы пікірлерде қайшылық кездеседі. Мәселен, Г.Й. Рамстедт *-n* тұлғасының шығу тегін «бірдененің жаны, бір нәрсенің сол, оң, алдыңғы, астыңғы т.б. жағы» деген мағынадағы *jan~d» an~nan* сөзімен байланыстырады (*-da-jan>-dan- dan>-dan: \*oғuzdajan, oғuzdanan, oғuzdandan* «оғыздардан»<sup>1</sup>. М.Рясянен *-n* тұлғасын жатыс септігіне қосылған құрал мәнді септіктің қосымшасы<sup>2</sup>, ал А.Н.Кононов *тауан, сауан, оуан* есімдіктерінде сақталған бағытты білдіретін септіктің қосымшасы деп біледі<sup>3</sup>.

Көне моңғол жазба тілінде *-durl/-tur* түрінде қолданылған жатыс септігінің *-dal/-ta, -del/-te* қосымшалары көбіне үстеу мен де-меуліктерге, *-dul/-tu, -dül/-tü* негізінен зат есімдерге жалғанады. Барыс септігі *-a* қосымшасын жоғалтуына байланысты жатыс септігі барыстың да, жатыстың да қызметін қатар атқарады: *nada, nadur, namadur* «маған», *tengri* «аспан», *tengrideki* «аспандағы», *tengridür, tengridü, tengride* «аспанда, көкте». Орын мәнді жатыс септігі *-ki* жұрнағын өзіне біріктіру, яғни *-daki* арқылы сын есім жасауға негіз болады: *ende* «осында, мұнда (бермен қарай)», *endeki* «осындағы, мұндағы»<sup>4</sup>. Жатыс септігінің *da, -de* қосымшасы мен *-ki* аффиксінен құралатын *> -daki/-deki* тұлғалы күрделі жұрнақ түркі және моңғол тілдеріне ортақ болып келеді. Салыстырсақ: түрк. *üj-degi* «үйдегі» ~монғ. *ger-te-ki* «үйдегі», түрк. *ertedegi* «ертедегі». ~ монғ. *erteki* «ертедегі».

Моңғол тілінде шығыс септігі арнайы қосымшалармен көмкеріледі: көне монғ. – жазба *-açal/-eçe (dalai- аса* «теңізден», *eke-eçe*

<sup>1</sup> Рамстедт Г.Й. Введение в алтайское языкознание: Морфология / Пер. с нем.-М., 1957.- С.43.

<sup>2</sup> Rasanen M. Materialien zur Morphologie der turkishen Sprachen//StO., 1957. Bd.21. -P.62-63.

<sup>3</sup> Кононов А.Н. Грамматика тюркских рунических памятников VII-IX вв.-Л., 1980.-С.158.

<sup>4</sup> Рамстедт Г.Й. Введение в алтайское языкознание: Морфология / Пер. с нем.-М., 1957.-С.43.

«анадан, шешеден», *eblel- eče* «одақтан», *ger-eče* «үйден») ; қазіргі моңғ. *-ās/-ēs/-ōs/-ös* (*dalaigās* «теңізден», *ekēs* «анадан, шешеден», *gerēs* «үйден», *qanās* «қабырғадан»)

Тұңғыс тілінде орын, мекен мәнін білдіретін жатыс септігі – *du/-tu* қосымшаларымен көмкеріліп, басқа да септік мәнді құрылымдарды түзуге қатысады: *žūdu* «үйде», *žūdula* «үйлерде», *žūduli* «үйлерге», *lamudu* «теңізде», *lamuduk* «теңізден», *mindu* «менде, маған, менімен», *minduk* «меннен».

Корей тілінде нақты орын, мекендік мағынаны білдіретін септік формасы жоқ, алайда *tai (dqi)* «орын, мекен» сөзі жиі қолданылады: *jedqi* «осында», *čedqi* «анда», *wedqi* «қайда»<sup>1</sup>.

**6. Директивтік септік.** Нақты бағытты нұсқап көрсететіндіктен, көбіне бағыттық септік деп аталатын бұл септіктің 2 түрі орын алады:

1) арғыалтайлық *\*-ral-rel-rul-rül-ril-ri* тұлғасы түркі тілдерінде *-ral-rel-rul-rül-ril-ri* (*ebimrü* «үйіме қарай», *bärü* «бері»; барыс септігімен бірге: *taşqaru* «тысқары») ; моңғол тілдерінде *-ru* (*golrū*, *golurū* «өзенге қарай, ортасына қарай», *qagaru~qaru* > қалм. *χārān* «қайда, қай жаққа») ; корей тілінде: *-rul-rü*, *-ro* (солт.кор. *-ru/-ri*: *sāni-ru* «таумен, тау арқылы», оңт.кор. *-rō čibu-ro* «үйге») түрлерінде көрініс береді<sup>2</sup>;

2) арғыалтайлық *\*-čal-če* тұлғасы түркі тілдерінде *-čal-če*, моңғол тілдерінде *-čai*, корей тілінде *-čhai* түрінде көрініс табады. Директивтік септіктің бұл түрі негізінен көлемнің немесе мөлшердің бағытын (үлкею, көбею, кішірею, азаю, қысқару) меңзейді. Мысалы: кор. *čipčhai (-katta)* «үлкендігі үйдей», моңғ. *amačai* «ауызға дейін», *ebüdügčege* «тізеге дейін», көне түрк. *tauča*, түрік. *dayča* «таудай».

Моңғол тілдерінде бұл аффикс (халх.-моңғ. *-ts*» *ā*, қалм. *-tsā*, бурят. *-sā*) «биіктікті» айқындайтын сөздер құрамында аздап та болса кездеседі.

Қазіргі түркі тілдерінде *-čal-če* салыстырудың белгісіне алынып (көне түрк. *tauγutunča bol* «менің ұстазымдай бол», орта түрк. *bu*

<sup>1</sup> Рамстедт Г.Й. Введение в алтайское языкознание: Морфология / Пер. с нем.-М., 1957. -С.44.

<sup>2</sup> Баскаков Н.А. Алтайская семья языков и ее изучение. -М., 1981. С.65.

*ануғса* «бұл да дәл сондай», қарагас. *menša* «менше», койб. *atče* «аттай үлкен, аттай биік»), негізінен үстеуді жасайтын аффикс ретінде қолданылады (қаз. *türkçe* «түрікше», әз. *möhkämçä* «қатты», өзб. *hozurça* «әзірше, қазіргі кезге дейін», т.б.)<sup>1</sup>.

7. Көмектес септіктің арғыалтайлық \*-*yn/-in* тұлғасы түркі тілдерінде *-yn/-in*, жазба монғол тілінде *-run/-urun* (көсемше ортақ бағыныңқылық), маньчжур тілінде *-i*, корей тілінде *-i* түрінде сақталған. Бұл көне форматив қазіргі түркі тілдерінде үстеулер құрамында кездеседі: гаг. *quşyn* «қыс ішінде», түрік. *jazyun* «ала жаздай», ұйғ. *ärkänin* «таңертең ертемен», башқ. *kisen* «кешкісін», өзб. *jazyun – quşyn* «жазы-қысы», якут. *soyotoyun* «жалғыз өзі»<sup>2</sup>.

Көне жазба монғол тілінде ортақ бағыныңқылықтың көсемше тұлғасында көрініс беріп, негізінен «сілтемелік» мән арқалаған *-run/-urun* (*bolugun* «бола отырып, қалыптаса отырып», *ügülerün* «айта отырып,») қазіргі монғол тілдерінде қолданылмайды.

Маньчжур тілінде *-i* қосымшалы көмектес септік дыбыстық тұрғыдан ілік септігімен сәйкес түсіп жатады (*gala i žafaħa* «қолымен алды», *gala de žafaħa* «қолына алды»), негізінен үстеулік мән арқалайды: *sain* «жақсы» (*сын есім*), *saini* «жақсы» (*үстеу*); *çiħa* «қалау, тілек», *çiħai* «қалауынша» т.б.

Корей тіліндегі *-i* тұлғалы көмектес септіктің адвербиалдық (үстеуге айналу) мағынасы айқын болып келеді: *tis* «амал, тәсіл», *nā dīsi* «менімше, менше, мен сияқты»; *pandqsi* «қажет, тиіс», *pandqs* «қажеттілік, талап етушілік», *erjempħisi* «айқын емес, күңгірт», *erjempħis ha* «айқын болмау»<sup>3</sup>.

8. Біріккен септіктің арғыалтайлық \*-*li/-li* тұлғасы түркі тілдерінде *-la/-li*, *-lan* (комитатив), монғол тілінде *-li* түрінде сақталған.

Бұл көне форматив түркі тілдерінде қатар тұрған екі нәрсені қосарлап, біріктіріп көрсету үшін жұмсалады: көне түрк.: *inili*

<sup>1</sup> Рамstedт Г.Й. Введение в алтайское языкознание: Морфология / Пер. с нем.-М., 1957.- С.52; Тенишев Э.В. Алтайские языки // Языки мира: Тюркские языки. -М.,1996. -С.12; Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология.-М., 1988.- С. 103.

<sup>2</sup> Тенишев Э.В. Алтайские языки // Языки мира: Тюркские языки. – М.,1996. – С.12: Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология.-М., 1988. – С.104.

<sup>3</sup> Рамstedт Г.Й. Введение в алтайское языкознание: Морфология / Пер. с нем.-М., 1957.- С.50.



*äcili* «інілі ағалы», *bägli budunli* «бектер мен халық»; ескі ұйғ.: *tünli künli* «түн мен күн», *täñrili jirli* «аспан мен жер»; қаз.: *ayaly inili* «ағалы інілі», *erteli keş* «ертелі кеш», *ülkendi kişili* «үлкенді кішілі» т.б. Сондай-ақ *-la/-li, -lan* қосымшасы қазіргі түркі тілдерінде *bir-lä(>bir-lä)* «бірге, -мен», *bi-län(>bir-län)* «бірге» демеуліктері құрамында да кездеседі<sup>1</sup>.

Моңғол тілінде *\*-li* тұлғасы орта моңғ. *adali* «ұқсас, бірдей», *ada ügei* «ұқсас емес, бірдей емес»; қазіргі моңғ. *adil* «ұқсас, бірдей», *adil bič* «ұқсас емес, бірдей емес», көне моңғ. жазба. *büküli* «тұтас, бүтін» тәрізді сөздер құрамында кездеседі. Сондай-ақ көне *\*-li* тұлғасының көне жазба моңғол тілінде *-luya/-lüge*, қазіргі моңғол тілінде *-lā/-lē/-lō/-lō* болып келетін біргелік септіктің (комитативтің) қосымшасымен этимологиялық байланысы болуы мүмкін<sup>2</sup>: жазба моңғ.; *ečigelüge* «әкесімен», *nökürlüge* «жолдасымен», *namaluya* «менімен бірге», қалм. *namalā* «менімен», халх. *irxelē* «келісімен».

Алтай тілдерінің септеу жүйелерінде орын алатын мұндай ортақтықтарды Н.А.Баскаков түркі, моңғол, тұнғыс-маньчжур және корей-жапон тілдерінің генетикалық байланысын көрсететін дәйектер қатарына жатқызады: «Септеу жүйесінің алтай тілдерінде негізінен біртекті болып келуі – тарихи консолидация процесінің нәтижесінде түркі, моңғол, тұнғыс-маньчжур және корей-жапон сияқты ірі тілдік топтардың қалыптасуына арқау болған әралуан диалектілер мен сөйленістердің өзара жақын туыстық байланысын айқақтайды» – дейді<sup>3</sup>.

## § 5. Сын есім және сын-сапалық көрсеткіштер жүйесі

Заттың, құбылыстың, кейде іс-қимылдың қалыпты жағдайдағы сан алуан сын-сипаттық қасиетін білдіретін сөздердің лексикаграмматикалық тобы сын есім сөз табын құрайды. О баста зат-

<sup>1</sup> Тенишев Э.В. Алтайские языки // Языки мира: Тюркские языки. М., 1996. – С.12; Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология.- М., 1988. – С. 105.

<sup>2</sup> Рамстедт Г.Й. Введение в алтайское языкознание: Морфология / Пер. с нем.-М., 1957. С.47

<sup>3</sup> Баскаков Н.А. Алтайская семья языков и ее изучение.- М., 1981. -С.65.

тық-сапалық біртұтас мағыналы атау сөздің бертін келе заттардың, құбылыстардың типтік белгілеріне қарай зат атауларына және заттың өзіне тән қасиетіне байланысты сындық белгілердің атауына ажырауының нәтижесінде зат есім мен сын есім жеке-жеке сөз табы ретінде қалыптасқанын лингвист-мамандардың көбі мойындайды.

Заттық-сапалық атаулардың біртіндеп заттық мағыналарын жоғалту құбылысының сілемдері қазіргі түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур тілдерінде сын есімдердің семантика-функционалдық қолданыс аясынан айқын байқалады. Мәселен, тув. *sooq* «суық, аяз», *ažyq sooq* «қатты аяз», *sooq qyş* «суық қыс», *sooq suu* «суық су», *bögün sooq- tur* «бүгін суық»; алт. *boş: kolyt boş dök* «қолым бос», *kiligi boş* «жігерсіз»; өз., алт., гаг., башқ., қаз., ноғ., тув., түркім. т.б. *dar/tar* «тар, қысыңқы, сыйымдылығы аз»: алт. *tar d» er* «тар жер», *tynda tar* «мұнда тар», түрік. *darda olmak* «қиын жағдайда қалу», өз. *dara düştmek* қиындыққа тап болу, таршылыққа ұшырау<sup>1</sup>; көне моңғ.-жазба. *dulayan*, қалм. *dulān*, халха-моңғ. *dulān* «жылы», көне моңғ.-жазба. *dul* «желсіз, ашық күн», қалм. *önödr dul* «бүгін жылы»; тұңғ.-маньч. *ончо* «кең», *ончоңге, ончо ниңге, ончо ба* «ені; жалпақ нәрсе; енді нәрсе», *амба* «үлкен, дәу», *амбаңге, амба ниңге* «кесектік; үлкен бірдеңе, дәу нәрсе»<sup>2</sup>.

Морфологиялық құрылымы жағынан сын есімдер жалаң, туынды және күрделі болып келеді. Алтай тобы тілдері арасында кездесетін сын-сипаттық мағына арқалаған лексикалық параллельдер көбіне бір буынды түбір-негіз тұлғалы жалаң сын есімдерге, сонымен қатар әртүрлі сөзжасам жұрнақтарының көмегімен жасалатын туынды сын есімдерге қатысты болып келеді. Мысалы: түрк. *kök* «көк» ~ моңғ. *köke* «көк», түрк. *boz* «боз, ақшыл» ~ моңғ. *boro* «боз», түрк. *qara* «қара» ~ моңғ. *қара* «қара», түрк. *bökä* ~ моңғ. *böke* «күшті, мықты» түрк. *yaş* «жас» ~ моңғ. *žalaуun* «жас», түрк. *qatıу* «қатты» ~ моңғ. *qataуu* «қатты», түрк. *baj* «бай» ~ моңғ. *baуan* «бай», түрк. *arıу* «таза, пәк» ~ моңғ. *arıуun* «таза» т.б. Сын есімдердің қайсы біреулері жалпыалтайлық бір буын-

<sup>1</sup> Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология.-М., 1988. С. 158

<sup>2</sup> Котвич В.И. Исследования по алтайским языкам.-М.,1962.- С. 71.

ды түбірлерден өрбиді<sup>1</sup>: көне-түрк. *sariy*, түркм. *sāri*, түрік., қаз. *sari* «сары», чув. *sarā* «сары» ~ орта.-корей *hǎi* «сары» (< \**siāri*-)~ орта-моңғ. *šira*, моңғ.-жазба. *sira* «сары» < жалпыалт. \**siāri* «ақ»; моңғ.-жазба *urtu* «ұзын», монғол *fudur* < \**furtu* < \**purtu* «ұзын» ~ чув. *vārām* < \**urun* «ұзын» ~ көне түркі *uzun*, якут *uhun*.

Алтай тілдерінде сын есімдер грамматикалық мағыналарына қарай сапалық және қатыстық болып екіге бөлінеді. Қатыстық сын есім затқа, құбылысқа тән сынсипаттық белгілерді өзге зат, құбылыс арқылы, сонымен қатар кеңістіктік немесе уақыт-мерзімдік түсініктерге қатысты білдіреді. Алтай тілдерінде есім және етістік негізді қатыстық сын есімдердің жасалуына көптеген арнайы қосымшалар қатысады.

Сапалық сын есімдер заттың құбылыстың өзіне ғана тән сындық белгілерін және ол белгілердің қаншалықты дәрежеде айқындылығын білдіреді. Заттың, құбылыстың сапасының деңгейін, сын-сипаттық белгінің, ренкінің, бояудың анықтығы мен қанықтығын, солғындығы мен көмескілігін танытуға алтай тілдерінің әр қайсысында нақты грамматикалық көрсеткіштер мен септік тұлғалы конструкциялар қатысады.

Түркі тілдерінде сапаның, сынның әдеттегі қалыптан аздап жоғары немесе төмен екенін білдіретін қосымшалардың арасынан ең жиі кездесетіндері – *-(j)raql/-(j)räk*, *-aryql-araq*, *-raql-räkl-rek*. Қазіргі түркі тілдерінде салыстырмалы шырай аффиксі саналатын бұл жұрнақтардың көне формасы ретінде түркітанушылар \**-(j)raq* тұлғасын көрсетеді және оны хакас, шор, тува тілдеріндегі «азздап» деген мағынадағы *araχ/āraq* шылауымен байланыстырады: хақ. *araχ*, тув., шор. *āraq*: *χyzyl araχ* «қызылырақ, қызғылтым», *kök araχ* «көкшіл», *saryy araχ* «сарғыш, сарғылтым», *kičig araχ* «кішірек», *uzun araχ* «ұзынырақ»; тув. *saryg āraq* «сарғыш, сарғылтым», *kök āraq* «көкшіл», *čoltaq āraq* «қысқалау»; шор тілінде *āraq* шылауы және оның жұрнақтық *-araq* тұлғасы қатар қолданылады: *qyzyl a:raq* ~ *qyzylaraq* ~ *qyzylaryq* «қызылырақ», *qysqa a:raq* ~ *qysqaaraq* ~ *qysqaaryq* «қысқарақ, қысқалау»; алт. *-aryql-erik/örük*: *agaryq* «ақшыл», *sargaryq* «сарғыш, сарғылтым», *qzaryq* «қызылырақ», *kögörük* «көкшіл»; басқа түркі тілдерінде *-raql-räkl-rek*: әз.

<sup>1</sup> Poppe N. Introduction to Altaic Linguistics.- Wiesbaden, 1965. P.199

*ködäräk* «қысқалау», башқ. *taryraq* «тарырақ, тарлау», гаг. *kürürak* «кішірек», қараим. *jaχšyraq/jaqsyraq* «жақсырақ», ққалп. *alaraq* «аздаған аласы бар», қырғ. *qatyraq* «қаттырақ», ноғ. *quzylyraq* «қызылырақ, қызғылтым», құм. *teñrek* «тегістеу, жалпақтау», қаз. *alasaraq* «аласарақ», қбалқ. *agyraq* «ақшыл», тат. *maturraq* «сұлуырақ, әдеміше», түркім. *ovniğraq* «ұсақтау», чув *ăžăraχ* «жылырақ».

Түркі тілдерінде сындық белгінің анық, айқын еместігін білдіруге *-(j)raq/- (j)räk* жұрнағынан басқа да *-(y)mtyl, -šyl, -yl, -ylt, -yltym, -yldym* т.б. көрсеткіштер қатысады. Ал бояудың, өңнің, түстің қанықтығын, сапалық, сипаттық белгінің айқындылығын негіздің толығымен қосарлануы (башқ.: *hary-hary* «сары-сары», *jäšel-jäšel* «жасыл-жасыл»; қаз. *uzyn-uzyn, bjik-bjik*) немесе негізгі сын есімнің алдынан түбірнегіздің алғашқы буынына *-p* дауыссызы жалғанған тұлғаның қосарлануы (өз.: *gapgara, gypgyrmyzy, sapsary, gurguru*; қаз.: *qap-qara, qip-qizil, sap-sari, qip-qiryraq*) білдіреді.

Шығыс септігінде тұрған зат есімнің сын есіммен тіркесіп келуі (өзб. *Jaχši süz baldan širin* «жақсы сөз – жарым ырыс». Қаз. *Sütten aq, sudan taza*), сондайақ сын есімнің белгілі бір күшейткіш сөздермен тіркесуі (*eñ/iñ* «ең»: тат. *iñ tirän*, тув. *eñ uluу*, қаз. *eñ taza*) арқылы жасалатын салыстырмалы шырай түрлері көптеген түркі тілдеріне тән құбылыс. Ал сын есімнің кішірейту, еркелету мәніндегі тұлғасын жасауға оғыз тобындағы тілдерде *-žal-že, -žaq/-žek/-žyq/-žik* жұрнақтары өнімді қатысады: түркім. *aqža žüjže* «ақ балапан», *garaža guzy* «қара қозы», *mysenžaq čörek* «жұмсақ нан». т.б.

Моңғол тілдерінде сындық белгінің толымсыздығын көне моңғ. *bturl/-btür, -birl/-burl/-bür* (*χarabtur* «қаралау», *čayabir* «сарғыш», *kökebür* «көгілдір»), қазіргі моңғ. *vtar* (*χaravtar* «қаралау», *šaravtar* «сарғыш», *nogōvtor* «жасылтым, жасылдау») қосымшалары білдіретін болса, түстің, өңнің, бояудың қанықтылығы мен қоюлығы бірінші буыны *-v* дауыссызымен ұзартылған түбір-негіздің қосарлануынан көрінеді: *šav- šar* «сап-сары», *tsav-tsayān* «аппақ», *uv-ulān* «қып-қызыл, *qov-qol* «ап-алыс» (Сал.: *qip-qizil, sap-sari*). Күшейтпелі шырайдың *maš* «өте», *ijk* «тым», *tun* «біршама», *qatgīn* «ең» т.б. күшейткіш сөздердің сын есіммен тіркесуі арқылы



ағады». Көптеген сын-сапа атаулары субстантивтік, атрибутивтік және адвербиалдық үш мағынада, субстантивтік, атрибутивтік немесе адвербиалдық, атрибутивтік екі мағынада қатар жұмсала береді: *mergen* «дана; ақылды; ақылдылық танытты», *lulu* «ақмақ; ақылсыз; ақмақ болды», *üpenęi* «ақиқат шындық; нағыз; шын мәнінде», *elgen* «молшылық; мол; молынан кездеседі», *žali* «қулық; қу», *yanуan* «болат; қатты», *žanęe* «жеңіл; оңай», т.б. Сапаның деңгейін көрсетуге сындық дәрежені білдіретін арнайы сөздер қатысады<sup>1</sup>: *ümesі maңуa* «өте күшті», *daba amba* «тым үлкен», *žaci eberi* «өте әлсіз» т.б.

Маньчжур тілінде сапа деңгейі категориясы шартты түрде күшейткіш мәнді *-linуu/ -lingu, -saka, -quiń/-qoń, -squiń*, кішірейткіш мәнді *-kań/-keń/-goń, -ljań/-saljań* қосымшалары арқылы сипатталады, дегенмен олар салыстырмалы шырайды білдіре алмайды. Екі заттың сын сапасын салыстыру арнайы синтаксистік конструкциялардың көмегімен жүзеге асады. Олардың ішінен салыстырудың нысаны – шығыс септік тұлғасында, салыстырылатын зат – атау септігінде, ал сапаны көрсететін сын есім соңғы позицияда болып келетін конструкция (*I min ċi aqun* «ол меннен үлкен». *Tere ere ċi sajn* «Ол мынадан жақсы») мен екі сөйлемнен құралатын, оның біріншісі – сапаны салыстырылатын нысанға телісе, екінші ол қасиеттің нысанға тән еместігін, яғни сапаны жоққа шығаратын конструкциялар (*ere morin sajn, tere morin sajn aku* – сөзбе сөз «мынау ат жақсы, анау ат жақсы емес», яғни «мынау ат анау аттан гөрі жақсы») жиі қолданылады<sup>2</sup>. Маньчжур тілінде қатыстық сын есім жасайтын қосымшалардың ең өнімдісі – *nyal-ngel-nyol-ngu* жұрнақтары болып саналады. Олар негізінен зат есім сөздерге жалғанады: *indanуa* «иттің (майы)» *veqenge* «тас (жол)», *iqanуa* «сиырдың (сүті)», *ayanуa* «жаңбырдың (суы)», *mersenge* «сепкіл», *getunęe* «астаналық», *siranga* «тұқым қуалаған», *dejenge* «ұшатын» т.б..<sup>3</sup>

Г.И.Рамстедт корей тілінде сын есімнің арнайы флекциясы болмайтынын, демек сын есімдер жеке сөз табын құрай алмай-

<sup>1</sup> Аврорин В.А. Грамматика маньчжурского письменного языка. – Санкт Петербург, 2000. С.98 – 99.

<sup>2</sup> Пашков Б.К. Маньчжурский язык. -М., 1963. -С.26.

<sup>3</sup> Аврорин В.А. Грамматика маньчжурского письменного языка. – Санкт Петербург, 2000. С.98 -997.

тынын айтады. Сын-сапалық мағынаны құрандас сөздердің алғашқы бөлімі (атрибутивтік жолмен) немесе үстеулер, ал предикативтік қолданыста сапалық етістіктер білдіреді<sup>1</sup>.

Сын есімдердің сөйлемде негізінен зат есімнің алдында келіп, анықтауыш қызметін атқаруы, етістікпен тіркесіп келіп, іс-әрекет, қимылдың бейнесін көрсеткен жағдайда пысықтауыш ретінде жұмсалуды, ал сөйлем аяғында баяндауыш болуы алтай тілдеріне тән типологиялық ортақтықтардың бірі. Сал.: түрік. *büyük ev, büyük olmak, ev büyük*, қаз. *sijiq su, sijiq tartu, biyil qis sijiq*; қазіргі моңғ. *sajn kun* «жақсы адам», *sajn süna* «жақсы тұрады (тұрмысы жақсы)», *qurдан mor* «жүрдек ат», *qurдан jabna* «тез жүреді».

## § 6. Сан есім және оның түрлері: есептік, реттік, жинақтық сан есімдердің этимологиялық негіздері

Алтай тілдерінде сан есімдер бір-бірінен біршама айырмашылықта болып келеді. Тектілдік ортақ негіз – \*do- тұлғасына барып саятын «төрт» санынан басқа сандар арасында нақты ұқсастықтардың болмау себебін Г.Й.Рамстедт тарихи-мәдени және әлеуметтік алғышарттарға байланысты болуы мүмкін деп біледі. Сауда-саттық саласында әртүрлі халықтар санаудың сан алуан амал-тәсілдеріне, жасырын таңбаларға жүгінгенін ескере отырып, Г.Й.Рамстедт алтай тілдерінде көптеген сандар өз бастауын саусақпен санаудан алатынын, тіптен қайсы бір сандар жүре келе жалқы есімдер түрінде қолданылғанын айтады. Ол сан есімнің есептік түріне байланысты төмендегідей этимологиялық сәйкестіктерді ұсынады<sup>2</sup>:

1: Моңғ. *nigen~niken*, қалм. *negn*, дағ. *nike* «бір» < з.е. *neji* «бірлік», ет. *negjile-* «бірігу» < *neji* «бірлік»+ – *le*; Түрк. *bir* ~ моңғ. *büri* «барлық, бәрі, әрбір»; Тұңғ. *итип*, маньч. *етип, ети* «бір» ~ моңғ. *етүйн* «алдыңғы», қалм. *өтпö* «алдыңғы жағында, оңтүстікке қарай»; Кор. *һаһ* «бір» ~ маньч. *sonio* «жалғыз».

<sup>1</sup> Рамстедт Г. Грамматика корейского языка./Пер. с англ. А.А.Холодовича. М., 1951 – С.537.

<sup>2</sup> Рамстедт Г.Й. Введение в алтайское языкознание: Морфология / Пер. с нем.-М., 1957. – С.64-68

2: Моңғ. *qojar* «екі» сөзінің бастапқы мағынасы: «келесісі, екінші» ~ *qojino* «артында, кейін» < *qoji*+*no*; Түрк. *eki* < \**ek*-<\**hek*-<\**pek*- «ілесу, еру» ~ кор. *pegrim* «жақын маңдағы, келесі» < \**pek*- + *-im*, кор. *pegrim t*» ғ «жақын маң» түрк. *ekinti* «екінті, түстен кейін»; Тұңғ. *žū*, *žūūr* (негидал. *žūl*) «екі» ~ моңғор. *žür* «екі қос», моңғ. *žöbeger* > ордос. *džöwör* «екінің бірі» ~ маньч. *žue*, *žuwe* «екі» ~ кор. *tül/ tür*, *tuwul/ tuwur* (<\**tü*-*bur*, айну. *tu*'екі», тұңғ. *du-te* «екіге жарылу»)

3: Моңғ. *gurban* «үш» (*gurmasun* «үш өрім жуан арқан», *gurmasula* «үш өрім бұрым», *gupan* «құнан») ~ түрк. *qınap* «үш жасар жылқы малы»); Тұңғ. *ilan* «үш» < *ilča*- «өру» ~ кор. *il-gop* «жеті» < сөзбе-сөз: «үш бүгілген»; Кор. *se*, *set* «үш» (*serhın*'отыз», *sahıl* «үш күн» <*se-hai*-*l*) ~ маньч. *sertei* «үш ашалы айыр», моңғ. *serege*, *serige*, *serije* «айыр, шанышқы» > тел. *särä* «сүңгі» (теңіз жануарларын және балық аулауға арналған); Түрк. *üç* «үш» ~ моңғ. *üçiken* «кішкентай».

4: Моңғ. *dörben* «төрт» ~ түрк. *tört*, як. *tüört*, чув. *təvat* «төрт» ~ тұңғ. *digin / dujin* «төрт» ~ маньч. *duin* «төрт» ~ кор. *turi*, солт. кор. *ndujin / nduin / nejin/nej* / <\**do*-;

5: Моңғ. *tabun* «бес» <\**tā*-*bun* ~ орта кор. *tā* «бәрі, бүкіл» және *tā-sat* <\**tā*-*sasi* «бес» немесе *tad*- «бітелу, тұйықталу». Ал кор. \**sas*(~*sis*)>*jesis* «алты») / *son* «қол, жұдырық» ~ маньч. *sunža* «бес» ~ тұңғ. *sō-lto* «жұдырық» ~ гольд. *sosi* маньч. *susai*, кор. *su* «і елу»; Тұңғ. *tuŋŋan/ tungan/ tunga* «бес» сөзі «бес үйден тұратын топ» деген мағынадағы қыт.-кор. *tuŋ* сөзіне барып саятын кірме лексика. Түрк. *beş* «бес» ~ чув. *pilək* ~ *pillək* ~ тұңғ. лам. *bilän* «білек».

6: Моңғ. *žirgigan* «алты» ~ тұңғ. *ñuŋgul/ ñuŋul/ ñuŋgun* «алты» ~ маньч. *ñiŋgun* «алты»; Түрк. \**alty* «алты» < *al*- «алу»+ *-ty*;

7: Моңғ. *dolugan* «жеті» < *doluga*- «жалау»; түрк. *jetı* < *je*- «жеу»; кор. *il-gop* «жеті» ~ тұңғ. *Plan* «үш»+ кор. *kor* «бүгілген» < сөзбе-сөз: «үш бүгілген»;

8: Моңғ. *paјıman* «сегіз» сөзінің бастапқы мағынасы «ұзын, үлкен» болуы мүмкін, себебі саусақпен санағанда сегіз санын ортаңғы саусақ көрсетеді. Тұңғ. *žarkın* «сегіз» сөзін *žandar* «ұзын», *žabdan* «жылан» лексемаларымен байланыстыруға болады. Кор. *jedelp/ jedelp* «сегіз» < *jel* «он» + \**tulp*(<*tu*+?) «екісі кем, екеуді қос



пағанда»; Түрк. *sekiz* < *s* (сал.: моңғ. *ese* «жоқ») + *ekiz, ikiz* «егіз» (<*eki*+*z*) ~ моңғ. *ikire* «егіз».

9: Түрк. *toquz* «тоғыз» ~ моңғ. *toqur/tokir* «бүгілмейтін саусақтар», мұндағы *-z* мен *sekiz* сөзіндегі *-z* бірдей. Кор. *ahop* «тоғыз» (< *a'*кішкентай (саусақ) «+ *kor* «бүктелген») Маньч. *ujun* «тоғыз» ~ тұңғ. *ujun* «кішкентай»

10: Түрк. *on* «он» ~ *-an* (*seks*+*-en, toqs* +*- an*) ~ моңғ. *-an* (*žiran'*алпыс», *dalan* «жетпіс», *najan* «сексен», *jiren* «тоқсан») ~ кор. *on* «жүз»; Маньч. *žuan/ žiwan* «он» ~ тұңғ. *žān* «он» (< маньч., гольд. *žuan*-«ашу»), ал кор. *jel* «он» < *jelda* «ашу», яғни *сөзбе-сөз*: 'ашық қол, ашық алақан». Моңғ. *arban/ harban* «он» санын *arbalža*-< \**harbalža*-'селкілдеу, дірілдеу, үрпию, тікірею».

11: Көне түрк. *bir jigirmi* «он бір» үлгісімен журчен. *gurxon* «он үш» (< моңғ. *gurban* «үш» + моңғ. *qorin* «жиырма»), *durxon* «он төрт», маньч. *um-son* «он бір», маньч. *tofoxon* «он бес» сандары жасалғаны байқалады.

20: Түрк. *jigirmi* «жиырма» ~ моңғ. *žirin* «екі, екеуі де, қос» > *žirmesün* «жүкті, аяғы ауыр, екі қабат» (сал.: халх. *dabxur* «жүкті, аяғы ауыр», *сөзбе-сөз*: «екі қабат») < моңғ. \**žigür-* / *žigir-* ~ \**jigürme/ \*jigürmi* «екі еселену»;

100: Моңғ. *žagun* «жүз» ~ маньч. *žuan/žiwan* «он» ~ тұңғ. *žān* «он»; Тұңғ. *ñataži/ ñatadi* «жүз (сан); бір қап (өлшем)» < *ñata-* «тиеу, арту» ~ көне кор. *namat* «қап, қанар, қалта». Түрк. *jüz* «жүз» < *jü-* 'тиеу, арту» (моңғ. *žüe-* / *žüge-* 'тиеу, арту»);

1000: Көне түрк. *buñ, ұйғ. tuñ, чув. pin'*мың» ~ моңғ. *mingan* «мың» ~ тұңғ. *mingan* «мың», сондай-ақ түрк., моңғ., тұңғ. *tütän* «он мың» және кор. *čimün* «мың» сөздерінің өте ұқсас болуы оларды ортақ текіден таратуға күмән келтіреді. Сондықтан бұл сан есімдердің сәйкестігін не дамудың кейінгі кезеңдеріне тән құбылыс, кей жағдайларда, кірме сөздер деп қарастыруға тура келеді.

Реттік сан есімдерде алтай тілдеріне ортақ көне көрсеткіштер сілемі онша байқала бермейді.

Моңғол тілінде реттік сан есімдер *duyar/-düger* (қазіргі моңғ. *-duyār/-dügēr*) жұрнағының есептік сан есімнен тұратын негізге жалғануы арқылы жасалады: көне. моңғ. жазба. *nigedüger, халх.*

*negdügēr* «бірінші»; көне. моңғ. жазба. *tabuduγar*, қазіргі моңғ. *tabduγār* «бесінші»; көне. моңғ. жазба. *täbüdüger*, қазіргі моңғ. *täbdügēr* «елуінші» т.б. Моңғол тілінде реттік сан есімдер қызметінде есептік сан есімдер жұмсалуды да орын алады (*gurban sarуn ekind* «үшінші айдың басында»).

Түркі тілдерінде реттік сан есімнің жасалуына мынадай қосымшалар қатысады:

\*-*im*/\*-*im*: *onum* «оныншы», *tütim* «төртінші», *öcem/ücem* «үшінші» (булғ. ескерт.);

\*-*čy*/\*-*či*: *belči* «бесінші» (булғ. ескерт.), *ėk* *iči* «екінші» (армян қыпш. ескерт.);

\*-(*y*)-*mčy*/\*-(*i*)*mči*/\*-(*u*)-*mču*/\*-(*ü*)*mčü*: *ikimčisi* «екіншісі», *jitimčisi* (шағ.) және \*-*mčy* > *mčy*: түркім. нохур. эневи, алили, сарық диал. *ikimži* «екінші», *jidimži* «жетінші», *altymžy* «алтыншы»;

\*-(*y*)-*nčy*/\*-(*i*)*nči*/\*-(*u*)*nču*/\*-(*ü*)*nčü*: көне ұйғ. *üčünčü* «үшінші», құм. *onunči* «оныншы», қаз. *besinči*, алт. *ekinči*, қарах. ұйғ. *ikinči* «екінші», шор. *ijginči* «екінші» және оңт. түрк. \*-*nčy* > \*-*nžy*: мамл.-қыпш. *birirnži*, ескі түрік. *üčünži* түрік. *ikinži* «екінші», әзерб. *jeddinži* «жетінші»;

\*-(*y*)*nč*/\*-(*i*)*nč*/\*-(*u*)*nč*/\*-(*ü*)*nč*: көне түрк. *üčinč* «үшінші», көне ұйғ. *jitinč* «жетінші», *säkizinč* «сегізінші»;

-(*y*)*s*/\*-(*i*)*s*, -(*u*)*s*/\*-(*ü*)*s*: якут. *ikkis* «екінші», *ühüs* «үшінші», *tördüs* «төртінші» (мұнда: *nč* > *s*);

-*məš*/(*сирек*: -*măš*): чув. *përremăš* «бірінші», *sakkamăš* «сегізінші», *ăxxarmăš* «тоғызыншы» (мұнда: \* -*mči* > -*miš* > -*măš*);

-*minē* чув. *višmine* «үшінші күні», *tăvatmine* «төртінші күні», *pilëktmine* «бесінші күні», *oltmine* «алтыншы күні», *šičmine* «жетінші күні»;

-(*i*)*minči* < -*m+in(n)+či*: халадж. *birminči* «бірінші», *üčminči* «үшінші», *törtminči* «төртінші»;

-*ky*/\*-*ki*/\*-*ku*/\*-*kü*/\*-*gy*/\*-*gi*/\*-*gul*/\*-*gü*: тув. *birgi* «бірінші», *üčkü* «үшінші», *beški* «бесінші», *aldygy* «алтыншы».<sup>1</sup>

Тұңғыс тілдерінде реттік сан есімнің жасалуына жиі қатысатын -i формативі сәйкес келеді: тұңғ. *ilan* «бір», *ili* «бірінші»~

<sup>1</sup> Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология.-М., 1988. – С. 184-188.

маньч. *иژی* «бас жағы, басы», *иži* «алғашқы»; тұңғ. *žal* «басқалар» ~ маньч. *žai* «екінші, басқа біреу». Мұның сыртында солон тілінде «пәленінші жылы» дегенді білдіретін *-či* (Сал.:түрк. *-či* және *-nči*) тұлғасы орын алады: *žü:tči* «екінші жылы, екіжылдық», *ilasi* «үшінші жылы», (маньч.*ilači* «үшінші’,) *dujusi* «төртінші жылы», (маньчж. *dujusi* «төртінші»)¹

Алтай тілдерінде жинақтық сан есімнің көптеген қосымшаларының арасынан *-ayu /-au* жұрнағы түркі және моңғол тілдеріне ортақ болып келеді.

Көне түркі жазба ескерткіштерінде (руникалық, көне ұйғыр, қарахан ұйғыр) жинақтық сан есім *-ayu /-äy* ü тұлғасымен көмкерілген: *ikägü* «екеу», *ücägü* «үшеу», *törtägü* «төртеу», *altayu* «алтау». Бұл қосымша құрамындағы дыбыс ортасы *-y-* қазіргі түркі тілдерінің ішінен сарығ-ұйғыр және түрікмен тілдерінде сақталып қалған: сарығ-ұйғ. *yšogo* «екеу», *törtogo* «төртеу», *pesogo* «бесеу», түркім. ерсарын диал. *bi:regi* «біреу (әлдекім, әйтеуір біреу)». Ал кейбір орта ғасыр ескерткіштері тілінде және қазіргі түркі тілдерінде *\*-ayu /\*-äy* ü жұрнағы *-av/-äv /-ev/-ov/-öv, -aul/-eul/-äü, -aw/- äw/-ow/-öw, -u: /- ü:, -ol/-ö, -ä /-e* тұлғаларына өзгерген: мам.-қыпш. *ücev* «үшеу», шағат. *birev* «біреу», тат. *ekev* «екеу», ноғ. *altav* «алтау», түркім. арабачи диал. *kew* «екеу», қаз. *beseu* «бесеу», башқ. *ösäü* «үшеу», тува. *birü* «екеу», қырғ. *törtöö* «төртеу», *bešöö* «бесеу». Сондай-ақ жинақтықтың екі немесе үш бірдей қосымшасынан құралатын, қазіргі түркі тілдерінде азды-көпті дыбыстық өзгерістерге ұшыраған күрделі *\*-ayun/\*-äy’ün (>\*-ayu+\*-n/\*-äy’ü+\*-n), \*-ayula /\*-äy’ülä (>\*-ayu+\*-la/\*-äy’ü+\*-lä), \*-ayulan/\*-äy’ülän (>\*-ayu+\*-la+\*-n/\*-äy’ü+\*-lä+\*-n)* жұрнақтары орыналады және олар түркі тілдері дамуының кейінгі кезеңдеріндегі құбылыс ретінде қарастырылады: қарах.–ұйғ. *ücügün* «үшеу», *ikigün* «екеу», якут. *\*-äy’ün>-ien: ikkien* «екеу», тофал. *\*- ayun/\*-äy’ün >-än/-ä:n: bešžä:n* «бесеу», шағат. *ücäwlä* «үшеу», *ikävläsi* ескі түрік. «екеуі», өзб. ташк. говоры. *üččälä* «үшеу», ұйғ. тув.–кижи. *ikile* «екеу», *üčülezi-’үшеуі*. Мұның сыртында, қыпшақ тобы тілдерінде құрамында етістік тудырушы *-la/-lä /-le* жұрнағы бар *-ayula /-äy’ülä(>* жинақ-

¹ Рамстедт Г.Й. Введение в алтайское языкознание: Морфология / Пер. с нем.-М., 1957.- С.67.

тық сан есімнің *-ayu/-äy'ü* + етістік тудырушы *-la /-lä*) қосымшасы кездеседі: тат. *bišävläp* «бесеулеп», башқ. *ösävdašep* «үшеулесіп», қаз. *ekeulep* «екеулеп»<sup>1</sup>.

Моңғол тілдерінде жинақтық сан есімдердің жасалуына – *ayu /-egu + -la /-le* (қазіргі моңғол тілінде *-ül/-ül*) жұрнақтары қатысады: көне моңғ.-жазба. *gurbagula* «үшеу», *dörbegüle* «төртеу», *jisügüle* «тоғыз», қазіргі моңғ. *gurbül, dörbül, jisül*.

Г.Й.Рамстедт жинақтық сан есімнің *-ayu /-ai* жұрнақтары түркі-моңғолға ортақ екенін айта келіп, оны этимологиялық тұрғыдан моңғ. *agulža-*, қалм. *ülz-* «сай келу, ұқсау», кор. *aori-* «жинау», *aolla* «бірге» сөздерімен жақындастырады, ал *-la/-lä* бірігуді, ортақтасуды білдіретін немесе күшейту мәнінде жұмсалатын қосымша екенін көрсетеді<sup>2</sup>: моңғ. *qotola* «бәрі», < сөзбе – сөз: «қала түгелімен» (*qoto* «қала, қамал»), *ханала* «барлығы, бәрі» < сөзбе – сөз: «барлық қауым» (<\**kwan-a* = кор. *kwan-ja* «Хван өңірі»).

Жинақтық сан есім тұңғыс тілдерінде *-ny/-ni* қосымшасының көмегімен<sup>3</sup> (эвен. *ilnizur* «үшеу», *dyunyzur* «төртеу»), маньчжур тілінде *-nofi* қосымшасы арқылы жасалады<sup>4</sup>: *čžibenofi* «екеу, екеуде, екеулеп», *ilanpofi* «үшеу», *duinofi* «төртеу».

## § 7. Есімдік және оның түрлері: жіктеу, сілтеу, сұрау есімдіктерінің тарихи дамуы мәселесі

Алтаистикада біршама зерттелген категориялардың бірі есімдіктер болып саналады. Есімдіктің түркі, моңғол және тұңғыс-маньчжур тілдерінде материалдық тұрғыдан өте ұқсас болып келуінің себебін дәстүрлі алтаистикалық бағытты ұстанатын ғалымдар генетикалық туыстықтың кепілі ретінде алға тартса, антиалтаистер бір-бірінен ареалдық-географиялық алыс орналасқан тілдерде де, туыстық байланысы нақты айқындалмаған тілдерде де мұндай ұқсастықтар кездесе беретінін айтады.

<sup>1</sup> Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология.-М., 1988. – С. 189-191.

<sup>2</sup> Рамстедт Г.Й. Введение в алтайское языкознание: Морфология / Пер. с нем.-М., 1957. С.-138

<sup>3</sup> Новикова К.М. Эвенский язык// Языки народов СССР.-М., 1968. Т.5. С.96

<sup>4</sup> Пашков Б.К. Маньчжурский язык. -М., 1963. – С.29.

жақ	Түркі тілдері		Моңғол тілдері		Тұңғыс-маньчжур тілдері	
	жекеше	көпше	жекеше	көпше	жекеше	көпше
I	<i>*bi</i> ( <i>*män-</i> < <i>*bän-</i> )	<i>*bi-z</i>	<i>bi</i> (ілік.сеп. <i>min-u</i> )	<i>ba</i> ( <i>man-u</i> )	<i>*bi</i> ( <i>min-</i> )	<i>büä</i> <i>münti</i>
II	<i>*si</i> ( <i>*sän-</i> )	<i>*si-z</i>	<i>či</i> (< <i>*ti</i> ) (ілік.сеп. <i>*čin-u</i> )	<i>ta</i> ( <i>tan-u</i> )	<i>*si</i> ( <i>sin-</i> )	<i>*süä</i>
III	<i>*i</i> ( <i>*in-</i> )		<i>*i</i> (ілік.сеп. <i>*in-u</i> )	<i>*a</i> ( <i>an-u</i> )	<i>*i</i> ( <i>in-</i> )	<i>*ti</i>

Жіктеу, сілтеу есімдіктерінің тарихи даму барысы Г.Рамстедт, Н.Поппе, В.Котвич, А.Габен, Ж.Дени, К.Н.Менгес, О.Прицак, В.Банг, Й.Бензин, Б.А.Серебренников, А.Н.Кононов, Н.К.Дмитриев т.б. белгілі алтаист, түркітанушы, тұңғыстанушы лингвистер зерттеулерінде арнайы қарастырылып, олардың арғытүркілік, арғымоңғолдық, арғытұңғыстық тұлғаларын жаңғыртуға айрықша назар аударылды. Көп жылдық салыстырмалы-тарихи зерттеулердің нәтижесінде жіктеу есімдіктерінің үш жағын, жекеше және көпше түрлерін тұтас қамтыған тектілік жүйелердің мынадай тұрпаты қалпына келтірілді деуге болады<sup>1</sup>:

Арғыалтай тілінде *\*min* «мен», *\*sin* «сен», *\*in* «ол» тұлғасында жаңғыртылатын жекеше түрдегі жіктеу есімдіктері түркі тілдерінде *men/ben* «мен», *sen* «сен», моңғол тілдерінде *bi* «мен», *či* (< *\*ti*) «сен», тұңғыс тілдерінде *si* «сен», маньчжур тілінде *i* «ол» түрлерінде қолданылады. Корей тілінде жіктеу есімдіктерінің бірінші және екінші жағы жойылып, қолданыстан шығып қалған деп саналады<sup>2</sup>.

Түркі, моңғол және тұңғыс-маньчжур тілдеріндегі жіктеу есімдігінің 1-жағының негіздері тура *bi-* және жанама *m-* тұлғалары түрінде көрініс беріп, бір-бірімен біршама сәйкес келетін

<sup>1</sup>Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология.-М., 1988. – С. 204-209.

<sup>2</sup> Тенишев Э.В. Алтайские языки // Языки мира: Тюркские языки. -Бишкек, 1997. -С.12

болса, монғол тілдеріндегі жіктеу есімдігінің 2 жағының негізі (\*t- > n- тұлғалы) түркі және тұңғыс-маньчжур тілдерінен өзгешелеу (s- тұлғалы) болып келеді.

Г.Рамстедт пікірі бойынша: түрк., моңғ., тұңғ. \**min* «мен», моңғ. \**tin* және түрк., тұңғ. \**sin* «сен» архитұлғалары түркі тілдерінде екпін күшінің салдарынан немесе деиктикалық күшейту жолымен *män, sän* болып өзгерген, ал негіз соңындағы -n атау септігінде өте ерте кездерде-ақ жойылып кеткен. Жіктеу есімдігінің III жағы (атау сеп. *i*, негіз – *in-*) тек маньчжур тілінде ғана септелетін жеке сөз ретінде сақталып қалған, ал корей тілінде *i* энклиттік қолданыста атау септігінің детерминденген тұлғасын жасауға негіз болады (сір «үй», *čibi* «(нақ осы) үй»). Түркі тілдерінде -*i*, -*in-* тәуелдіктің III жағының қосымшаларына айналған<sup>1</sup>.

Түркітанушылардың көбі *bä-n /mä-n* «мен» және *sä-n* «сен» жіктеу есімдіктері соңындағы -n тұлғасын жекелікті білдіретін, я болмаса негізгі түбірге жалғанатын «посессивтік көрсеткіш», \**bi-z* және \**si-z* соңындағы – z тұлғасын көптіктің көрсеткіші деп санайды. Түркітануда біршама орныққан ой-пікірлер қатарына септелетін *bän-/män-* және *sän-* негіздерінің жалпыланып, атауыштық мәндегі \**bi* және \**si* тұлғаларын алмастырғаны жайлы, яғни түркі тілдерінің көбінде о бастағы *bä/ bi* және *sä/ si* тұлғаларының орнына атау септігінде *bän (>män)* және *sän, biz* және *siz* қолданыла бастағаны туралы пікір де жатады.

Тарихи даму барысында өзінің жеке сөз ретіндегі дербестігінен айырылған жіктеу есімдігінің III жақ арғытүркілік \**i* (\**n*) «ол, сол» тұлғасының із-сілемдері септіктерде (көне түрк. *inäri~inari* «арырақ, ана жаққа қарай», якут. *innä* «анда, ана жақта»), тәуелдіктің III жағының қосымшаларында (-*i/-i*, -*si/-si*: чув.-*il-e, ěšĕl-ěš*; якут. -*ä/-a, -tä/-ta*), сілтеу есімдіктерінде (түркім. *ine* «мынау», балқ. *in-ol* «анау, ана біреу», *inanda* «анау жақта»), қыстырма сөздерде (көне түрк. *inčir~inčir* сонымен», хал. *inäyda, ina*» үсә «былайша айтқанда») т.б. сақталып қалғаны сөзсіз<sup>2</sup>.

<sup>1</sup> Рамстедт Г.Й. Введение в алтайское языкознание: Морфология / Пер. с нем.-М., 1957. -С. 69.

<sup>2</sup> Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология.-М., 1988. -С. 203

Моңғол және тұңғыс-маньчжур тілдеріндегі жіктеу есімдіктерінің I және II жағын салыстырмалы тарихи тұрғыдан талдау барысында олардың көпше түрі жалпыалтайлық вокализм тарихына қатысты заңдылық тұрғысынан тереңдеп зерттеуді қажет ететіні байқалады. Өйткені тұңғыс-маньчжур тілдеріндегі жіктеу есімдіктерінің I және II жақ жекеше тұлғасы құрамындағы *i*, көпше түріндегі *u* дыбыстары дифтонг дыбысқа немесе басқа сападағы дауыстыға (оңтүстік тұңғыс (нанай) және маньчжур тілдерінде) айналуға бейім болып келетін болса, моңғол тілдерінде жіктеу есімдіктерінің I және II жақ жекеше және көпше түрлерінің құрамында *i*, дыбыстары, мұның сыртында бурят және қалмақ тілдерінде жіктеу есімдіктерінің көпшесінде *a* дауыстысы бар көрсеткіштер кездеседі.

Түркі тілдерінде жіктеу есімдіктерінің I және II жақ жекеше тұлғасы құрамында буын жасаушы дауыстылардың «ашық/қысаң» белгілеріне қарай ашық – *ä*/жартылай ашық – *e*/қысаң – *i*, көпше түрінде *i* дауыстылары орын алады. Демек, түркі, моңғол және тұңғыс-маньчжур тілдеріндегі жіктеу есімдіктерінің I және II жақ көпше түрлері құрамындағы *a*, *i*, *u*, дауыстылары арасындағы өзара қатыстылық әрі жүйелі, әрі тұрақты болып келеді. Мұны төмендегі сызбадан байқауға болады:

Жіктеу есімдігінің I және II жақ жекеше, көпше түрі:

	Түркі тілдері		Моңғол тілдері		Тұңғыс-маньчжур тілдері		
	жекеше	көпше	жекеше	көпше	жекеше	көпше	
I «мен» «біз»	Көне.-түрк. <i>ben</i> , <i>men</i> ; гаг. <i>bān</i> , өз., ұйғ., чул. <i>män</i> , түрік. <i>ben</i> , қаз., ққалп., өзб., құм., қар., қбалқ., тоф., тув. <i>men</i> , тат., башқ., хак., як. <i>min</i> , чув. <i>äpe</i>	Көне.-түрк. <i>biz</i> , түрік., қаз., ққалп., өзб., құм., ногай <i>biz</i> (+- <i>ler/-</i> <i>der/-ter</i> ), тат., башқ. <i>bez</i> , тоф. <i>bi</i> » s, тув. <i>bis</i> , хак., шор, чул., бараб. <i>pis</i> , салар. <i>pise(r)</i> , чув. <i>epir/</i> <i>epër</i> ( <i>pir-</i> ; - <i>r</i> );	жазба-моңғ. <i>bi</i> , қазіргі моңғ., бур., қалм. <i>bi</i>	жазба-моңғ. <i>bide</i> (< * <i>bi</i> )» + <i>ta</i> , қазіргі моңғ. <i>bid</i> , бур. <i>mana</i> , қалм. <i>madn</i>	эвенк., эвен. <i>bi</i> , нан. <i>bue</i> , маньч. <i>be</i> .	эвенк., сол., эвен. <i>bi</i> , нан. <i>ti</i> , маньч. <i>bi</i>	
II «сен» «сіз», «сіздер»	Көне.-түрк. <i>sen</i> , гаг. өз., ұйғ., чул. <i>sän</i> , түрік., түркім, қаз., ққалп., өзб., құм., қар., қбалқ., тоф., тув, шор <i>sen</i> , тат., хак. <i>sin</i> , башқ. <i>hin</i> , як. <i>en</i> , чув. <i>äsë</i>	Көне.-түрк. <i>siz</i> , өз., ұйғ., түрік., түркім., каз., ққалп., өзб., құм., қар., қбалқ. <i>siz</i> (+- <i>ler/-der/-</i> <i>ter</i> ), тат. <i>sez</i> , башқ. <i>hez</i> , чув. <i>eser/esër</i> , бараб. <i>sis</i> , тув., тоф., шор. <i>siler</i> , чул. <i>slär</i> т.б.	жазба-моңғ., қазіргі моңғ. қалм <i>ši</i> бур. <i>ši</i> моңғ. <i>ši/ ši</i> (< * <i>ti</i> ).	жазба-моңғ. <i>ta</i> , қазіргі моңғ. <i>ta</i> , бур. <i>ta</i> ( <i>tā</i> ), <i>tānar</i> , қалм. <i>taah</i>	эвенк., эвен. <i>si</i> , нан. <i>sue</i> маньч. <i>su su(b)e</i>	эвенк., нан. <i>si</i> , эвен. <i>hi</i> , маньч. <i>si</i>	



Жіктеу есімдіктеріндегі дауыстылардың сапалық өзгерістерге түсуі мен II жақта моңғол, түркі және тұңғыс-маньчжур тілдері арасында бастапқы *t/s* дауыссыздар сәйкестігі орын алуының басты себебін А.А.Бурыкин жіктеу есімдіктерінің түркі және тұңғыс-маньчжур тілдерінде әрі жіктеу есімдіктері, әрі поессивтік көрсеткіштер қызметін атқаратын екіжақты сипатымен түсіндіреді. Сондай-ақ А.А.Бурыкин: «...Жіктеу есімдіктерінің негізінде, бірақ басқа морфонологиялық жағдайда жалпытүркілік және жалпытұңғыстық тектілік деңгейде етістіктің жіктелу формалары пайда болды. Демек, морфологиялық формаларды пайда болдырған процестің өзі оған қатысқан жіктеу есімдіктерінің сыртқы тұрпатының азды-көпті өзгеріске түсуіне белгілі дәрежеде әсер еткені сөзсіз. Есімдіктің III жағын сілтеу есімдіктерінің қандай да бір тұлғаларымен немесе бағыныңқы конструкцияның есімдік – бастауышымен алмастыруға деген бейімділік алтай тілдерінде жалпы үдеріс ретінде орын алатындықтан, қазіргі кезде тұңғыс және түркі тілдеріндегі етістіктің жіктелуі мен поессивтік көрсеткіштер жүйесі осы тілдік топтарға енетін жекелеген тілдердің есімдіктер жүйесіне қарағанда көнерек жүйені және оның жекелеген тұлғаларын (ең алдымен, жіктеу есімдіктерінің III жағын) жаңғыртуда дереккөз қызметін атқара алуы мүмкін» – дейді<sup>1</sup>.

Қазіргі түркі тілдерінде *o/u* және *al/ol/ul* тұлғаларында қолданылатын жіктеу есімдігінің III жағы түркітануда сілтеу (жіктеу-сілтеу) есімдіктерімен сабақтастырылып, оның арғытүркілік түбірі ретінде *\*u~o*, ал септеуге арқау етілетін *an- ~ on-* жанама негіздердің көне тұлғасы ретінде *\*on- ~ an-* тұлғалары көрсетіледі: *\*u~o* < көне түрк., көне ұйғ.-қыпш., хак., шор, тув.,чул., тоф., як., қаз., қар., ноғ., қбалқ., *ol*, түрік., әз., қтат., құм., гаг. *o*; қырғ. *al/ol*, тат. *ul*, өзб., ұйғ *u*, лобн. *u/o ~ ul/ol*. Бұлардан чув. *väl* және сал. *vi* тұлғалары бастапқы протезалық *v* дыбысына байланысты өзгешелеу болып келеді. Ал көне түрк. *an*, көне ұйғ.-қыпш. *an- ~ on-*, хак. *an-*, шор: ілік сеп. *a-/ā-*, тува: ілік сеп. *ō*, таб. сеп. *on-*, чул.

<sup>1</sup> Бурыкин А. А. Идеи с. А. Старостина и дальнейшие перспективы алтаистики // Аспекты компаративистики. 4 (Orientalia et Classical Труды Института восточных культур и античности. Вып. XXVIII). – М., 2009. – С. 9-24.

*an-*, тоф.: ілік сеп. *on-*, барыс.сеп. *an-/a-*, қаз., ққалп., ноғ., *on-*, қар. *an-*, қбалқ.: жат., шығ. сеп. *an-*, түрік., өз., қтат., гаг. *on-*; құм.: ілік, барыс.сеп. *on- /an-*, қырғ. *al/ol*, тат. *ul*, өзб., ұйғ *in*, лобн.: ілік сеп. *an-/a-* тұлғалары этимологиялық тұрғыдан септелегін \**on-* ~ *an-* жанама негізге барып саяды<sup>1</sup>.

Г.Й.Рамстедт түркілік «бұл, анау» мағынасындағы *ol* сілтеу есімдігі (*ol kiši* «бұл кісі, анау кісі», *kiši ol* «ол-адам») атау септігінде жіктеу есімдігінің III жағының орнына (жекеше *ol*, көпше *olar*) қолданылатынын айта келе, оның септелу парадигмасы (ілік. *apuy*, барыс. *aṇa*, жатыс. *anda*) кейіннен *opuy*, *oṇa*, *onda* тұлғаларының туындауына арқау болған компромистің нәтижесі екенін айтады<sup>2</sup>.

Жіктеу есімдігінің III жағын *ene* «бұл, мынау», *ede* «бұлар, мыналар» және *tere* «анау» (жекеше), *tede* «аналар» (көпше) сілтеу есімдіктерімен ұштастырып, *tere*, *tede*, *ede* есімдіктеріне «ол, олар» мәнін үстемелеу үрдісі моңғолтануда да орын алады. Бұл туралы Г.Д. Санжеев былай дейді: «Моңғол тілінде өте ертеде-ақ қолданыстан шығып, өлі түбірге айналған жіктеу есімдігінің III жақ *i* «ол» және *a* «олар» төл көрсеткіштері өз сілемдерін ілік септігіндегі *inü* және *api* тұлғасында қалдырды. Бұл тұлғалар қазір жіктік-тәуелдік мәндегі шылау және баяндауыштың көрсеткіші ретінде жұмсалады. Алайда XIII-XIV ғасырларда *i* «ол» және *a* «олар» есімдіктерінің жекешеді: атау, ілік, табыс, барыс-жатыс, құрал септіктерінде *i*, *inü*, *itaji*, *itada* және *ita-ari* түрінде, көпшеде: атау, ілік, табыс, барыс-жатыс септіктерінде *an*, *api*, *api* және *andur* түрлерінде кездесуі, олардың сол кезге дейін сақталып келгенін, қолданыстан толық шыға қоймағанын көрсетеді. Қазіргі моңғол тілінде жіктеу есімдігінің III жағының жоқ болуы, оның орнына *-ger* қосымшасы арқылы ұзартылған көпше түрдегі *ede*, *tede* сілтеу есімдіктерін, атап айтқанда, *edeger* «олар», «бұлар, мыналар» және *tedeger* «олар», «аналар» түрінде жиірек қолдануға жетеледі. Сонымен қатар ауыз екі тілдің әсерімен *edener*

<sup>1</sup> Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология.-М., 1988. – С. 251-255.

<sup>2</sup> Рамстедт Г.Й. Введение в алтайское языкознание: Морфология / Пер. с нем.-М., 1957. – С. 75.

«олар», «мыналар» және *tedener* «олар», «аналар» түрінде қалыптасқан, жекешедегі *ene* және *tere* сілтеу есімдіктерінің көптікті екі мәрте қабылдағаны тәрізді көрінетін, анықтауыш қызметін атқармайтын тұлғалар да қолданылады. Моңғол диалектілері кең арасында таралған *edeger, edener, tedeger, tedener* есімдіктерінің қай-қайсысы да *-p* дыбысына аяқталған есім сөздер сияқты септеледі<sup>1</sup>.

Алтай тілдерінде сілтеу мәнді көптеген есімдіктердің жасалуына арқау болатын *e-* және *te-* түбір негіздер көне элементтер қатарына жатады. Олардың қатысуымен моңғол тілдерінде: қазіргі моңғ. *ene* «бұл, мынау», *tere* «анау», *ede* «бұлар», *tede* «аналар», *ende* «мұнда», *tende* «анда», моғ. *te* «анау», моңғ. *t* *ie* «анау», моңғ.-жазба. *edüge* «қазір», *edüi* «осынша, сонша»; маньчжур тілінде: *ere* «бұл, мынау», *tere* «анау», *ese* «бұлар», *tese* «аналар», *ebele* «мұнда», *ubala* (<*egü-ba*) «осында», *tubala/ tebele* (<*tegü-ba*) «онда»; тұңғыс тілдерінде: *ä-* «бұл, мынау», *tä-* «анау»: гольд. *je-, e-* «бұл, мынау», *tej/teje/tari* «анау», *tadu* «анда»; түркі тілдерінде: карағас. *te* «анау», қойб., тат. *tigi* «анау, ана жақтағы» сілтеу есімдіктері алтайлық ортақ қорды түзетін лексикалық сәйкестіктер қатарына жатады.

Арғыалтай тілінде *\*e* «мынау», *\*te* «анау» тұлғасында жаңғыртылатын сілтеу есімдіктері түркі тілдерінде *ti, tege* «анау», моңғол тілдерінде *en-e* «мынау», *ter-e* «мынау», тұңғыс тілдерінде *ä* «мынау», маньчжур тілдерінде *ere, tere* «осында», корей тілінде *i/je* «мынау» (солт. *tje/te*, оңтүст. *če*) түрлерінде көрініс береді<sup>2</sup>. Корей тіліндегі *i* (*\*e*) «мынау» және *te* «анау» моңғол және тұңғыс-маньчжур тілдеріне де ортақ болып келеді. Сілтеу есімдіктері моңғол және тұңғыс-маньчжур тілдерінде тұлғалық және мағыналық тұрғыдан толықтай сәйкесетін болса, түркі тілдерінде ұзақтықтың үш деңгейін (мынау, анау, сонау) көрсететін көне жүйе сақталған деуге болады.

Жіктеу және сілтеу есімдіктерінің сыртында алтай тілдерінде сұрау, өздік, белгісіздік, болымсыздық, жалпылау есімдіктері сияқты түрлері орын алады. Мәселен, алтайлық тектілік деңгейінде *\*ka/\*ke* «қайда» және *\*ja/-je* тәрізді екі сұрау есімдігі

<sup>1</sup> Санжеев Г.Д. Старописьменный монгольский язык. – М., 1964. – С.74.

<sup>2</sup> Тенишев Э.В. Алтайские языки // Языки мира: Тюркские языки. – Бишкек, 1997. – С.13.

жаңғыртылып, олардың түркі тілдерінде *qa-* (*qana/qanu/qaju* «қайда») / *ke-* (*kat, kim*), моңғол тілдерінде *qa-* (*qagaru* «қайда», *qatijä* «қайда») / *ke-* (*ke-n-*) / *ja-/je-* (*jan* «не»), тұңғыс тілдерінде *ха* (*hadu* «қанша»), ал корей тілінде *-ka/-ja* сұраулық шылау түрінде тұлғалануы көрсетіледі<sup>1</sup>

Есімдік сөз табына қатысты ұқсастықтар алтай тілдерінің өз арасында ғана емес, алтай тілдері мен орал тілдері арасында да кездеседі. Бұл мәселеге байланысты М.Рясянен орал және алтай тілдерінің арасында Б.Коллиндер көрсеткен жіктеу есімдігінің 1 және 2 жағына қатысты *minu-*, *sinu-* < \**tinu* (= монғ. *minu*, *činu* – < \**tinu*) сәйкестігінің сыртында фин және түркі тілдерінде тәуелдіктің 3 жағының *-si* (якут. *tä* < \**zä*) және *-i* қосымшаларының алма кезек қолданылуында сәйкестіктің орын алатынын (маньчжур тілінде дербес *i* «ол» сөзі бар), ол кезектесу синтаксистік фонетиканың немесе екпіннің әсерінен болуы мүмкін екенін айтады. Сондай-ақ М. Рясянен түркі тілдеріндегі *ti-(gi)* «анау, ана жақтағы» сілтеу есімдігі фин тіліндегі *tä-(mä)* есімдігімен, түркі тілдеріндегі *tu(yu)* «ту (алыс)» > «сонау жақта» есімдігі фин тіліндегі *tuo* есімдігімен, түркілік *kim, kum*, моңғол тілдеріндегі *ke-n-* сұрау есімдіктері фин тіліндегі *ku-ka, ko-ska, ken, ke-* есімдіктерімен, моңғол тілдеріндегі *ja-gu-* фин тіліндегі *jo-ka* есімдігімен, чуваш тіліндегі *men* сұрау есімдігі фин тіліндегі *mi(-kä)* есімдігімен сәйкесетініне назар аударады. М. Рясянен жалпы орал және алтай тілдерінің морфологиялық құрылымында кездесетін көптеген ұқсастықтар, сайып келгенде, «о бастағы генетикалық туыстықтың көрсеткіштері болуы мүмкін»<sup>2</sup> деп біледі.

## § 8. Үстеу және оның тұлғалық-мағыналық жіктелісі

Үстеу – іс-қимылдың, әрекет-амалдың алуан түрлі жай-күйін, белгілерін, жүзеге асу тәсілдерін білдіреді. Үстеу өзінің семантикалық сипаты, сөзжасамы, грамматикалық қызметі жағынан басқа сөз таптарынан ерекшеленеді. Үстеудің ерекше белгілеріне олардың түрленбеуін және арнайы грамматикалық категория-

<sup>1</sup> Тенишев Э.В. Алтайские языки // Языки мира: Тюркские языки. – Бишкек, 1997. – С.16.

<sup>2</sup> Рясянен М. Об урало-алтайском языковом родстве // Вопросы языкознания. – М., 1968, № 1.

сының жоқтығын, пысықтауыш қызметіндегі басқа сөздермен салыстырғанда мағынасында жалпылық мәннің басым болуын атап көрсетуге болады. Есім сөздерге жалғанған септік жалғауларының есімнің түбір-негізіне кірігіп көнеленуі арқылы бастапқы негізгі мағыналарынан қол үзуі, сөйтіп үстеу қатарына біржолата ауысуы үстеудің көнеден келе жатқанын аңғартады.

Алтаистикада тілдің қазіргі деңгейінде морфологиялық тұрғыдан біртұтас сөз түрінде қабылданатын бастапқы түбір үстеулердің жалпыалтайлық қоры нақты айқындалмаған мәселе. Дегенмен олардың белгілі бір тобы түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур тілдерінде генетикалық тұрғыдан септік тұлғаларындағы есімнің көнеріп, «сіріленуіне» барып тірелетін сөзжасамдық модельдерге негізделетін құрылымдар саналады.

Қазіргі түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур тілдерінде үстеулерді тұлғасына қарай түбір үстеулер, яғни тіл дамуының қазіргі сатысында морфологиялық тұрғыдан бөлшектеуге келмейтін негізгі үстеулер, қосымшалы және күрделі құрылымды болып келетін туынды үстеулер деп бөлудегі пікірлер бір-бірімен, негізінен, сәйкес түсіп жатады. Мәселен, морфологиялық құрылымы жағынан үстеулер қазақ тілінде түбір немесе негізгі үстеулер, туынды үстеулер, күрделі үстеулер болып<sup>1</sup>, түрік тілінде негізгі, туынды, күрделі құрылымды (сөз тіркесі түріндегі, сөйлем құрылымды) болып бөлінеді<sup>2</sup>. Мұнда қаз. *әрең, әдейі, әрі, әлі, енді, қазір, ерте, кеш, үнемі, ұдайы, дереу, бұрын, жылдам, ақырын, жаңа, ылғи, тым, аса, өте, әрі, бері*, т.б.; түрік.: *adeta* «тура», *artık* «енді, ендігәрі», *asla* «ешқашан», *bazen* «кейде», *beraber* «бірге», *çabuk* «тез», *daima* «әрдайым», *esasen* «негізінде», *geri* «кері», *gene* «қайта, қайтадан», *hala* «әлі», *hemen* «тез», *her* «әрқашан, үнемі», *hiç* «еш», *önce* «алдымен», *şimdi* «енді», *tekrar* «қайта, қайтадан», т.б. сөздер тілдің қазіргі деңгейінде морфемалық құрамы жағынан бөлшектенбейтін негізгі үстеулер саналады. Туынды үстеулер қазақ тілінде *-ша, -ше* (адамша, оларша, биылғыша, қысқаша), *-лай/-лей/- дай/-дей/-тай/-тей* (жібектей, шыбықтай, жастай, осылай), *-дайыні -дейіні -тайын/ -тейін* (бөрідейін, жорғадайын), *-ша-*

<sup>1</sup> Қазақ грамматикасы. -Астана, 2002.-Б. 545.

<sup>2</sup> *Korkmaz Z. Turkiye Turkgesi Grameri. Şekilbilgisi. – Ankara: TDK Yay, 2003. – S. 453.*

лық/ -шелік (осыншалық, мұншалық, соншалық), -қары/ -кері ( ішкері, тысқары, сыртқары), -ын/-ін, -сын/-сін (астыртын, үстіртін, ертеңгісін, кеш- кісін), -лап/-леп/ -дап/-деп/ -тап/ -теп (апталап, жылдап,) -шылап/- шілеп (қонақшылап, қайыншылап) қосымшаларының қатысуымен,<sup>1</sup> түрік тілінде -*cal-ce*, *çal-çe* (*doğruca* «тікелей, турасынан», *beraberce* «бірге», *açıkça* «айқын, ашық түрде», *günlerce* «көп күндер бойы»), -*ral-re*, -*arı/-eri* (*sonra* «кейін, соң», *taşra* «сырт», *içeri* «ішкері», *dışarı* «тысқары»), -*ın/-in/un/-ün* (*ilkın* «әуелі, алдымен», *уауап* «жаяулап», *ansızın* «күтпеген жерден»), -*lık/-lik/ -luk/-lük* (*şimdilik* «әзірше», *bir aralık* «бір кезде»), -*cak/ -cek* (*çabucak* «тезірек, тездетіп», *demincek* «жаңа ғана»), -*ar/-er* (*teker teker* «бір-бірден», *birer birer* «бір-бірлеп», *üçer üçer* «үш-үштен»), -*leyin* (*sabahleyin* «таңғысын», *öğleyin* «түскісін», *akşamleyin* «кешқұрым», *geceleyin* «түнгісін») жұрнақтары арқылы жасалады.

Есімге жалғанған септік жалғауларының түбірге кірігіп, «сіріленуі», «көнеленуі» арқылы жасалған туынды үстеулер қазақ тілінде де, түрік тілінде де орын алады. Мысалы: қазақ тілінде барыс септігінің -*ial-ge*, -*çal-ke* жалғаулары (басқа, артқа, бірге, кешке, әзірге т.б.), жатыс септігінің -*dal-де* жалғаулары (алда, жаңада, лезде, түнде, күнде, баяғыда т.б.), шығыс септігінің -*nanl-nen*, -*danl-den*, -*tanl-тен* жалғаулары (кеңінен, басынан, әуелден, кенеттен, шетінен т.б.), көмектес септігінің -*menl-nen* жылғаулары (шынымен, кезекпен, ретімен т.б. ) үстеулер құрамында кездеседі. Ал түрік тілінде барыс септігінің көнеленуі *boşa* «босқа», *boşuna* «бостан-босқа», *öylesine* «жай әншейін», *inadına* «қасақана», жатыс септігі *arada* «арада», *ikide bir* «екіде бір, қайта қайта», *birde* «бірде» т.б., шығыс септігі *birden* «бірден», *eskiden* «бұрыннан», *erkenden* «ертеректен», *çoktan* «көптен», *birazdan* «біраздан», көмектес септігі *vaktiyle* «уақытымен», *hızla* «жылдам», *zamanla* «уақытымен» тәрізді туынды үстеулер құрамында кездеседі. Мұның сыртында түрік тілінде көптік жалғау мен III жақ тәуелдік жалғауының жалғануы арқылы да үстеуге айналған сөздер баршылық: *sabahları* «таңертігісін», *geceleeri* «түнгісін», *pazarları* «жексенбі күндері», *yazları* «жазғытұрым», *kışları* «қыс күндері». Екі тілде де күрделі үстеулер кем дегенде екі немесе одан көп сөздердің

<sup>1</sup> Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – Б. 339.

бірігуі, қосарлануы және тіркесуі арқылы жасалады: қаз. *бүгін, биыл, ендігәрі, анда-санда, күнде-күнде, оқта-текте, алдын ала, күні бүгінала жаздай, қас пен көздің арасында* т.б.; түрік.: *bugün, gese olsun gündüz olsun* «күндіз түні», *giderayak* «кетіп бара жатқанда», *yüzikeyin* «етпетінен», *kaşla göz arasında* «қас пен көздің арасында», *yan yana* «бірге», *bir solukta* «бір демде», *aşam üstü* «кешқұрым, кешке қарай» т.б.

Л.С. Левитская сөз табы ретінде үстеуді атрибуттарға және предикаттарға анықтауыш ретінде қызмет ететін, құрылымы жағынан бірыңғай емес, өзгермейтін сөздер ретінде қарастырып, түркі тілдерінің шінде ең көнетіл саналатын чуваш тілінде олардың бір бөлігі, әзірше, морфологиялық талдауға «көнбейтінін», екінші бөлігінде есімдердің кеңістік мәнді барыс, жатыс және шығыс септік тұлғаларының «сіріленуі» көрініс беретінін айтады. Ол чуваш тілінде үстеулер құрамында «сіріленген» *-zn/-ән* қосымшасы шығу тегі жағынан көне көмектес (инструменталдық) септіктің *-in/-in* қосымшасына келіп тірелетінін (түрік. *jazın* «жазда», *kisın* «қыста», *ilkin* «алдымен», *için için* «ішімен», «құпия»; қараим. *küzün* «күзде», *jazbasın* «көктемде» т.б.; башқ. *әсәнән* «ақиқатында», *кәсән* «қыста») айтады. Л.С. Левитская мезгіл мәнді *särle* «түнде» < *sär* «түн», *xälle* «қыста» < *xäl* «қыс», *kunla* < *kun* «күнде» және мағынасында салыстыру-ұқсастыру реңкі орын алатын *açalla* «балаша», *kajäkla* «құсша», *saralla* «жалаң аяқ» тәрізді үстеулер құрамындағы *-la/-le* қосымшасы башқұрт, қарашай-балқар, татар, қарайым тілдеріндегі *-laj/-lej* (башқ. *balalaj* «балаша», *ajawdaj* «аюша», *köştaj* «құсша»; қарашай-балқ. *malkarlilaj* «балқарша», «балқардай», *axçalaj* «ақшалай», қарайым. *çipçixlej* «құсша», *otlaj* «отша», *tünlej* «түнде», *tanbiları vaxilej* «таңғы мезгілде»), құмық тіліндегі *-lajin/-lejin* құрамындағы *-laj/-lej-* (құм. *almalajin* «алма секілді»), оңтүстік-батыс тобы тілдеріндегі *-lajin/-lejin* (түрік. *gejelejin* «түнде», түркм. *waktlajin* «уақытша») қосымшаларымен мағыналық тұрғыдан жақын болып келетініне мән береді. Сондай-ақ Л.С. Левитская *-laša* сияқты кейбір қосымшалардың үстеу мәнді жаңа құрылымдар жасауға қатысатынын және олардың жарыспалы-сәйкестіктер қатарын татар, башқұрт, өзбек т.б. тілдерде *-lap* қосымшалы

үстеулер құрайтынын айтады. Мысалы: чув. *parlasa* «жұбымен», тат. *parlap*, *čänlasa* «дұрысы», «шынымен», тат. *čänlap* «дұрысы», «ақиқатында» т.б. Кеңістікке қатысты барыс, жатыс және шығыс септік тұлғаларының *süle* «жоғары», *sülte* «жоғарыда», *šala* «ішке», *šalta* «ішінде», *šalton* «іштен», *kaššine* «кешке», *kasine* «түнде», *vismin* «бүрсігүні», *irššine* «ертемен», *malašne* «алға», *kasalla* «кешке қарай» т.б. мезгіл, орын-мекен мәнді үстеу құрамында келіп, «лексикализациялануы» басқа да түркі тілдеріне тән екені ғалым назарынан тыс қалмайды<sup>1</sup>

*-la* қосымшалы үстеулер көне түркі тілінде сирек те болса кездеседі: *körklä* «ғажап», *qurla* «рет», *tünlä* «түнде». Осы үлгімен жасалған үстеулер қатарына *ertälä* «таңертең», осм. *öjlä* «түсте», көне түрк. *činla* «шын», әзер. *danla* «таңертеу, ертең», қарайм. *janla*, *janla* «қазір ғана, жақында», құмық. *tañala* «ертең», ноғ. кітаби. *tañla* «ертең», шағ. *tañla* «ертең» сөздерін жатқызуға болады.

*-la/-le* қосымшаларын В. Банг құралдық-адвербиалдық мағыналы аффикс деп те, сонымен бірге есім және *ile* «мен» демеулігінен тұратын *qurla* типтес үстеулерге қатысы болуы да мүмкін екенін ескертеді. В. Котвич *ile* сөзін *i+le* тұлғаларына ажыратып, *-le* қосымшасын көмектес-біргелік септігінің көрсеткіші деп деп санайды<sup>2</sup>. *-la* аффиксінің алтайлық параллельдері анықталмағанымен, түркі тілдерінде үстеу құрамында кездесетін *-la* жұрнағының моңғол тіліндегі көмектес септіктің *-luγa (>-lā>-la-)* қосымшасымен байланысы болуы мүмкін екеніне моңғолтанушылар да мән береді<sup>3</sup>.

Моңғол тілдерінде, атап айтқанда, қалмақ тілінде үстеулер құрамына қарай түбір және туынды тұлғалы болып екіге бөлінеді де, бірінші топқа дербес мағынасы бар бар *ärä* «әрең», *bas* «тағы», *gentkēn* «кенет», *demi* «бекер», *zörts* «әдейі, жорта», *ki* «босқа, текке» т.б. түбір тұлғалы үстеулер, екінші топқа құрам жағынан морфемаларға жіктеуге болатын *ajartan* «кешкісін», *ardagšan*

<sup>1</sup> Левитская Л.С. Историческая морфология чувашского языка. – М., 1976. – С.114.

<sup>2</sup> Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология.-М., 1988. – С. 267.

<sup>3</sup> Котвич В. Исследования по алтайским языкам.- М., 1962. – С.322; Санжеев Г.Д. Сравнительная грамматика монгольских языков. -М., 1953. – С.174; Рамstedт Г.И. Введение в алтайское языкознание. Морфология.- М., 1957. – С. 47.



«артқы», *gedrgän* «артқа», *doras* «астынан», *zärmдän* «кейде», *minihär* «меніңше» тәрізді әртүрлі сөз таптарына қатысы бар үстеулер жатады. Түбір үстеулер қалмақ тілінде тарихи «сіріленген» есім және егістік тұлғаларының «сарқыншақтары» саналады. Мәселен, *ert* «ерте», *end* «мұнда», *tend* «аңда», *ard* «артта», *örlä* «таң алдында», *gentkән* «кенет» тәрізді қазіргі кезде үстеуге айналып үлгерген біртұтас құрылымдардың түбір негіздері этимологиялық тұрғыдан сілтеу есімдіктері мен есімдерге барып саятын болса, үстеулер құрамындағы *-d*, *-t(-te)*; *-lä* жұрнақтары о баста атқарған грамматикалық рөлін жоғалтып, түбір негізге кірігіп, жымдасып кеткен көне қосымшалар саналады<sup>1</sup>.

Қазіргі моңғол тілінде барыс-орын септігі тұлғасындағы *end* «мұнда», *tend* «аңда» (< *en-* және *ten-* мағынасы жойылған өлі түбір-негіздер), *sü:ld* «ақыр аяғында, ең соңында» (<*sü:l* «құйрық»), шығыс септігі тұлғасындағы *endes* «мынау жерден, осы арадан», *tendes* «анау жақтан, анау жерден», құрал септігі тұлғасындағы тұлғасындағы *ü:gër* «мынамен», *terü:gër* «анаумен» тәрізді барыс, шығыс, көмектес (құрал) септіктері тұлғаларында «сіріленіп» қалған есімдерге жетелейтін үстеулердің сыртында, өзінің негіз тұрпатында келіп, пысықтауыштық мағынада жұмсалатын *ert* «ертемен», *öglöö* «таңертеңгісін», *üdděš* «кешкісін», *oroі* «жай, кеш», *хавар* «көктемге салым» тәрізді сапалық немесе зат есімдер орын алады<sup>2</sup>.

Маньчжур тілінде дара (бастапқы, түбір) үстеулер саны жағынан шектеулі болып келеді. Егер *te* «қазір», «мұнда», *tuba* «аңда», *sikse* «кеше», *labdu* «көп», *komso* «аз», *fulu* «өте», *teile* «тек» т.б. тәрізді үстеулер морфологиялық бөлшектеуге келмейтін түбір тұлғалы бастапқы үстеулер саналатын болса, этимологиялық тұрғыдан кеңістік мәнді есімдерге барып саятын *dade* «бастапқыда», *doigönde* «алдын ала», *dorgide* «іште», *fečjergide* «астында», *dergide* «үстінде» т.б., барыс және шығыс септік тұлғасындағы орын мәнді есімдерге барып саятын *iba* «мұнда» – *ubade* «бері таман», *tuba* «аңда» – *tubade* «солай қарай», *tubatsi* «ана жақтан», *ere* «мынау» – *eretsi* «осы жерден» т.б. туынды үстеулер тұрғысынан

<sup>1</sup> Грамматика калмыцкого языка. Фонетика и морфология.-Элиста, 1983. – С.110.

<sup>2</sup> Санжеев Г.Д. Современный монгольский язык. – М.,1960. – С.78.

қарастырылады. Сондай-ақ туынды үстеулер *dari* бел-гісіздік есімдігінің, *mudan*, *geri*, *semi* немесе *sege* сөздерінің, *-i(-ni)*, *-de*, *-si*, *-pi*, *-te* қосымшаларының көмегімен әр сөз таптарына қатысты сөздерден жасалады<sup>1</sup>: *inengidari* «күн сайын», *biadari* «ай сайын», *emitudan* немесе *emgeri* «бірде», *for for seme* «пысқырынып», *iargani* «шындығында», *sajini* «жақсылап», *emude* «біріншіден», *ebsi* «түгелімен», *deleri* «жоғарыдан», *dolgori* «іштен» т.б.

Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасына қатысты зерттеулерде бастапқы түбір үстеулердің сапалық тобына мөлшер мәнді адвербиалдық бірқатар сөздер (*кед* «өте», *аз* «аз», *көр* «көп», *чок* «көп», *jana* «тағы» т.б.), ал пысықтауыш тобына мезгіл мәнді жалпытүркілік, тіптен арғытүркілік ретінде қарастыруға болатын *ат*, *әт*, «енді, қазір», *ер* «ерте», *кең* «кеш», *baja* «әлгіде» т.б. үстеулер енетіні атап көрсетіледі<sup>2</sup>. Бұлардың шығу тегі туралы пікірлер әрқилы болып келеді, кейбіреулерінің генезисі таза түркілік, қайсы біреулері түркі-моңғолдық, енді бірі жалпыалтайлық деңгейде қарастырылады. Мәселен, қазіргі түркі тілдерінде мезгіл мәнді көптеген туынды үстеулердің жасалуына негіз болатын болатын *ēr* және *kēç* түбір-негіздер түркі тілдері аралық деңгейде салыстырылатын болса (*ēr* : түркім. *i:r*, чув. *ir*, өзб. диал. *ēr*, түр. *er* «ерте, ерте таңертең»;<sup>3</sup> *kēç*: түркім. *gi:ç*, аз. *gež*, құм. *geç*, қаз. *keç* «кеш», чув. *kas* «кешке», көн.түрк. *keç* «ұзақ, кеш», салыс. көн.-түрк. *keç*- «кешігу, кідіру»)<sup>4</sup>, түркілік *pek/bik* «өте, тым, берік» моңғол тіліндегі *bök* «күшті, берік, мықты» сөзімен (түрік. *pek* «өте, тым, берік, тұрақты», көне түрк., қар., гаг. *bek* «күшті, мықты, өте», тат. *bik* «өте, ең», қырғ. *bek* «мықты, өте», сюг. *piq* «күш», әдетте моңғол тіліндегі *beki* «күшті, берік, «мықты» ^ «өте»), ал түркілік бастапқы үстеу *āz* моңғолдық *aria* «әрең», тұңғыс-маньчжур тілдеріндегі *arakūkan* «баяу, азғана» сөздерімен салыстырылып, алтайлық жарыспалы-сәйкестіктер

<sup>1</sup>Пашков Б.К. Маньчжурский язык.-М., 1963.- С.39-40.

<sup>2</sup>Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. -М.: Наука, 1988. – С. 257.

<sup>3</sup>Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков: (Общетюркские и межтюркские основы на гласные). -М., 1974, – С. 369-370.

<sup>4</sup>Севортян Э.Р. Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на буквы «В», «Г» и «Д».- М., 1980. – С. 51.

қатарында айқындалады<sup>1</sup>. Мысалы: түрікм. *āz* «аз» (~түр., аз., қырғ., ноғ., көн.-түрк. *az*, алт., хақ., тув., *as*, башқ., *äð*, тат. *āz*, бұлғ. \**ar*>мар. *or/ur*); моңғ. *aria* «әрең», арғымоңғ. \**aria* = эвенк. *arakūkan* «баяу, азғана», *arba* «судың төменгі деңгейі» = көне түрк. *az* «аз» т.б.

Туынды үстеулер негізінен форманттың ортақтығы бойынша жіктеледі. Олардың да семантикасында сапалық және пысықтауыштық (мезгілдік, мекендік, себептік т.б.) үстеме мән болады. Көп жағдайда түркі тілдерінде туынды үстеулер жасайтын – *in/-in, -lal/-le, -ča, -dī/-tī, -tīn/-tin, -dīn/-din, -tur/-tür, tīr/-tir -yarul/-gārū, -qarul/-kerū, arul/-erū, -ra* тәрізді форманттар алтай тілдеріне ортақ қосымшалар тұрғысынан түсіндіріледі<sup>2</sup>. Мәселен, салыстыру-ұқсату және мезгіл (шектеу) мәнді мәнді *-ča* қосымшалы *türkçe* «түркіше» үстеуі XI ғ. түркі жазба мұралары тілінде, есімді және есімдікті негіздерге жалғанған

*-ča* көне түркі ескерткіштері мәтінінде кездеседі: *qanin, subča jügürti, söñükün, tağça jatdi* «сенің қаның суша ақты, сенің сүйегің тауша үйілді», *anca saqintim* «осынша сағындым»<sup>3</sup>.

В. Котвич *-ča* қосымшасының шығу тегін *çau* «уақыт, өлшем» (салыс.: қаз. *şaq* «кез, уақыт», моңғ. *tsag* «кез, шақ, уақыт, мезгіл») сөзімен байланыстыратын болса<sup>4</sup>, Г. Рамстедт *-ča* қосымшасының теңестіруші мағынасы бастапқы болды, ал салыстырмалы (эквaтивтік) мағына сол бастапқы мағынадан туындады деп біледі<sup>5</sup>.

Көне түркі ескерткіштері тілінде *amtī* «енді», *qatīydi* «берік», *ädgüti* «жақсы» тәрізді үстеулер құрамында көрініс беретін *-dī/-tī* қосымшасы қазіргі түркі тілдерінен тофалар тілінде (*qahtiydi* «берік», *ehkidi* «жақсы») <sup>6</sup> және саха тіліндегі үстеу қосымшасы *tīq/-tik* құрамында (*ihunniq* «ұзақ», *d* «ollōxtuq «бақытты») сақта-

<sup>1</sup>Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – М.: Наука, 1988. – С. 259.

<sup>2</sup>Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – М., 1988. – С. 259-261.

<sup>3</sup>Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – М., 1988.- С.162.

<sup>4</sup>Котвич В. Исследования по алтайским языкам.- М., 1962. -С. 191

<sup>5</sup>Рамстедт Г.И. Введение в алтайское языкознание: Морфология.- М., 1957.- С. 52.

<sup>6</sup>Рассадин В.И. Морфология тофаларского языка в сравнительном освещении.- М., 1978. – С. 249-250.

луы мүмкін. Туынды үстеулер жасайтын *-di/-ti* қосымшаларын К.Менгес тұңғыс тілдеріндегі көмектес септігінің, оның ішінде эвенкі тіліндегі *-t* қосымшасымен,<sup>1</sup> А.Габэн *öñdürti* «шығыста», *taštirtti* «тысқары» тәрізді көне түркілік үстеулердегі *-ti* қосымшасымен жақындастырады<sup>2</sup>.

Алтай тіл білімінде үстеулерді семантикалық тұрғыдан жіктеудің нақты ортақ үлгісі ұсынылмағанымен, түркі тілдеріндегі үстеулерді мағыналық тұрғыдан сапалық және пысықтауыштық деп екі топқа бөліп, әрекеттің сын-бейнесіне, сан-мөлшеріне қатысты үстеулерді сапалық, ал мезгіл, мекен, себеп-салдар, мақсат мәнді үстеулерді пысықтауыштық топта қарастыру<sup>3</sup> жекелеген түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур және корей тілдерінде үстеулерді мағынасына қарай мезгіл, мекен, мөлшер-өлшем, сын-бейне, күшейту, мақсат, себеп-салдар, топтау үстеулері т.б. деп іштей жіктеуде негізге алынатыны байқалады.

Семантикалық топ саны үстеу категориясының зерттелуіне байланысты бір тілдің өзінде әртүрлі көрсетілуі мүмкін. Айталық, қазақ тіліндегі үстеулерді мағыналық жақтан А.Байтұрсынов: «нықтаулық, сынаулық, өлшеулік, мезгілдік, мекендік»<sup>4</sup> деп беске, Ғ.Әбуханов: «мезгіл, мекен, бейнелік (сын-қимыл), мөлшерлік, күшейткіш үстеулер»<sup>5</sup> деп беске, А. Ысқақов: «мезгіл, мекен, мөлшер, сын (бейне), күшейту (ұлғайту), мақсат, себеп-салдар, топтау үстеулері»<sup>6</sup> деп сегізге бөлетін болса, түрік тіліндегі үстеулерді З. Коркмаз мағыналық тұрғыдан: «мезгіл, мекен-бағыт, бейнелік, мөлшер, сұрау үстеулері» деп беске<sup>7</sup>, М.Эргин: «мекен, мезгіл, бейнелік, мөлшер үстеулері» деген төртке бөледі<sup>8</sup>.

Үстеулердің мағыналық топтары жоғарыдағыдай тіл-тілде әртүрлі болғанына қарамастан, мекен, мезгіл, сын-бейне, мөл-

<sup>1</sup> Menges K.H. *Turkic Languages and Peoples: An Introduction to Turkic Studies*. - Wiesbaden, 1968.-P. 115.

<sup>2</sup> Gabain A. *Altürkische Grammatik*. - Leipzig, 1950. - P. 165.

<sup>3</sup> Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. - М., 1988. - С.259.

<sup>4</sup> Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. - Алматы: Ана тілі, 1992. - Б. 256.

<sup>5</sup> Әбуханов Ғ. Қазақ тілі. - Алматы, 1982. - Б. 167.

<sup>6</sup> Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. - Алматы, 1991. - Б. 341.

<sup>7</sup> Korkmaz Z. *Türkiye Türkçesi Grameri. Şekilbilgisi*. - Ankara: TDK Yay, 2003. - S. 453.

<sup>8</sup> Ergin M. *Türk Dil Bilgisi*. - İstanbul: Bayrak Yayinlari, 1999. - S. 259.

шер үстеулері алтай тілдерінің қай-қайсысында да үстеулердің негізгі мағыналық топтары тұрғысынан өзектеледі. Мәселен, моңғол тілдерінде, атап айтқанда, монғор тіліндегі үстеулерді Б.Х.Тодаева мағынасына қарай мекен-орын (*анджі* «қайда», *нendu* «мұнда», *коло* «ұзақ»), мезгіл (*ханту* «бірге», *кіджіе* «қашан», *шулоң* «кешке», *магаше* «ертең»), сын-бейне (*гурдан* «тез», *семугёр* «жасырын»), мөлшер (*олоң* «көп», *баса* «тағы», *дароң* «қайтадан») деп жіктейді<sup>1</sup>.

Қазіргі моңғол тіліндегі үстеулерді Г.Д.Санжеев іштей: 1) қимыл-әрекеттің сапасын, бейнесін, мөлшерін, амалы мен шегін білдіретін анықтауыштық үстеулер; 2) қимыл-әрекеттің уақыттық және кеңістіктік жай-күйін білдіретін пысықтауыштық үстеулер деп екі топқа бөледі. Г.Д.Санжеев моңғол тілінде қимыл-әрекеттің бейнесін танытатын есімдер (*сайн сууна* «жақсы өмір сүреді», *хурдан явна* «тез жүреді», *муу бичнэ* «жаман жазады»), көсемше тұлғалы етістіктер (*яаран* «асығыс, асығып», *нариийвчлан* «түштеп, әбден тектеп»), белгілі бір септік тұлғасындағы есімдер (*амжилттайгаар* «табыспен», *инээд- тэйгээр* «күлкімен») тәрізді қимыл-әрекеттің жай-күйін көрсететін үстеулер көп емес екенін, әдетте олар етістіктің белгілі бір тобымен ғана тіркесетінін (*хага цавч-* «қақ бөлу, қақ жару», *бут цохь-* «быт-шытын шығару (цохих-ұру)», *дэлбэ дайр-* «бұзып-жарып өту», *нэвт мэд-* «бастан-аяқ білу», *муулт тат-* «жұлқа тарту» т.б.) айтады. Мұның сыртында әрекеттің сандық немесе сапалық ренкін есіммен немесе етістікпен тіркесетін *маш* «өте», *нэн* «ерекше», *огт* «мүлдем», *бас* «тағы», *арай* «әрең» тәрізді үстеулер де білдіреді. Ал пысықтауыш мәнді үстеулерге уақыт мен орынға қатысты *энд* «мұнда», *эндээс* «мынау жерден, мұннан», *дээр* «жоғары», *дээрээс* «жоғарыдан», *хойно* «арт жақта», *хойгуур* «арттағы», *гадаа* «сыртта» т.б. сөздер жатады<sup>2</sup>.

Тұңғыс тілдерінде үстеу мағыналық тұрғыдан негізінен мекен, мезгіл, сан, сапа үстеулері болып бөлінеді. Мәселен, сахалин эвенкілері тілінде мекен үстеулері, мезгіл және сапалық үстеулер бар. Мұнда мекен үстеулері кеңістіктегі қарым-қатынастарды білдіретін сөздерден жасалатын зат есімдер немесе сілтеу

<sup>1</sup> Тодаева Б.Х. Монгорский язык.-М.,1973. – С.143-144.

<sup>2</sup> Санжеев ГД Современный монгольский язык. -М.,1960. – С.76.

есімдіктердің локативтік септіктерінің «сіріленген» тұлғаларынан тұрады: *дюлә* «алды» сөзінен жасалған *дюлә-дә* «алға», *амар* «артық орын» сөзінен жасалған *ама-ски* «артқы», *угйдэ* «үсті» сөзінен жасалған *уги-лә* «жоғарыда», *хэргидэ* «төмен» сөзінен жасалған *хэрги-ски* «төменде», *дага* «жақындық» сөзінен жасалған *дага-ду* «жақын», *горо* «алыс» сөзінен жасалған *гороло* «алыста», *эр* «бұл» сөзінен жасалған *эду* «мұнда» т.б. Мезгіл үстеулеріне жататын *тугэ* «қыста», *боло* «күзде», *ахил-тана* «кешке», *тыниивэ* «кеше», *эхиткэн* «қазір» тәрізді сөздер жыл мезгілдерін, тәулікті және басқа да уақыт мерзімдерін білдіретін болса, сапалық үстеулер көмектес септігіндегі сын есімдерден жиірек жасалады: *ая-т* «жақсы», *хима-т* «жыл-дам» т.б. Етістік негіздер және *-птыкй* (*дэ-птыкй* «қарсы алдынан», *оңка-птыкй* «шалқасынан»), *-рагар* (*капу-рагар* «күл-талқан», *дэлпэ-рэгэр* түгел) қосымшаларынан тұратын үстеулер көп қолданылады<sup>1</sup>.

Негидаль тіліндегі үстеулерді В.И.Цинциус мағынасына қарай сапалық, мөлшер, мекен, мезгіл, күшейтпелі үстеулер деп жіктейді<sup>2</sup>. Сапалық үстеулер *-зи* (<көмек. сеп.), *-пкй* (< бағыт. сеп.), *-мди* жұрнақтары арқылы (*айахкәнзи* «жақсылап», *туйгэнзи* «тезірек», *дәпкй* «қарсы алдынан», *олдбпкй* «қисайып», *сунгумди* «созыла», *пэқчэмди* «сеспей») жасалатын болса, мөлшер мән арқалаған үстеулерге *адй*, *асун* «қанша», *эгди*, *байан* «көп», *элэ* «әжептеуір», *н* *ан* «тағы», *бәди* «тағы, сәл ғана, қайтадан» сөздері жатады, Мекен үстеулері құрамында кеңістік мағыналы өлі септік тұлғалары, сілтеу есімдіктері кездесетін болса (*идү* «қайда», *тәдү* «сонда», *эдү* «мұнда», *аваскй*, *йлә* «қайда», *тәлә* «сонда», *элб* «мұнда», *идуккэ й* «қайдан», *тәдуккой* «ол жақтан», *эдуккэой* «осыдан»), мезгіл үстеулері жыл мезгілдеріне, тәулікке т.б. уақыт-мезгілді білдіретін сөздерге қатысты болып келеді: *ту(γ)э* «қыста», *уэ(γ)у* «жазда», *боло* «күзде», *нэлки* «ерте көктемде», *инэңи* «күндіз», *долбо* «түнде», *долбони инэңиэзин* «және түнде, және күндіз», *бәжих* «таңертең, ерте», *сихсэ* «кешке, кеш», *эй инэңдү* «бүгін», *темәнна* «ертең», *темәнна чәводү* «бүрсігүні», *тинэвэ й* «кеше», *тинэвэ й чәводү* «алдыңғы күні», *чәву чәуилән* «үшінші күні», *бхин*, *әли* «қашан», *эсй* «қазір», *тихин* «енді», *ау* «алдымен»,

<sup>1</sup> Булатова Н.Я. Язык сахалинских эвенков.- СПб., 1999. – С.30.

<sup>2</sup> Цинциус В.И. Негидальский язык. Исследования и материалы.- Л., 1982. – С. 24-25.

уй «әлгіде», *гойоду* «бұрын». Күшейтпелі үстеулерге *сō, сōма* «өте», *эјōнимэо* «аса, төтенше» тәрізді сөздер жатады.

Корей тіліндегі үстеулерді Г.Рамстедт мағыналық тұрғыдан мекен үстеу, мезгіл үстеу, сапалық үстеу, мөлшер үстеу деп бөледі. Ол мекен үстеулер ретінде зат есімдердің септік тұлғалары, оның ішінде локальді мағынаға ие есімдер және есімдерден кейін тұратын демеуліктер қолданылатынын айтады. Формальді түрде атау болып табылатын қосымшасыз септік әдетте үстеу қызметін атқарады: өдә немесе өдый (қандай орын > қайда), каондэ (орта-сында; каот «ортасы»).

Мезгіл үстеулері ретінде не атау, не жатыс, сирек жағдайда құралдық септіктегі сөз қолданылады және олар сайып келгенде уақыт, мезгіл мәнді зат есімдерге келіп тіреледі: *өндже* «қашан» – *өндже-дөнджи* «әрқашан, кез келген уақытта», *илчык, илчыги* (құралдық сеп.) – «ерте», *ачхым, ачхам* «таңертең» – *ачхаме* (орын сеп.) «таңертең», *надже* (орын. сеп.) «күндіз» – *наджу* (атау сеп.) «түстен кейін», *пам* (атау сеп.), *паме* (орын сеп.) – «түнде», *чөн* өк, *чөнөк* (атау сеп.) – «кешке» (*чө* – «төмен», *н*) өк – «бағыт»), *орхэ* (атау сеп.) – «бұл жыл», «бұқ жылы» (*хэ* – жыл), *паяхыра* (көмек. сеп.) «сол кезде».

Сапалық және модаль мәнді үстеулерге *сви, свике* «оңай», *ама* «мүмкін», *хок* «ықтимал», *кеу* «әрең», *чхархи* «тезірек», *вөнхи* «қуана-қуана», *пурө* «әдейі», *көджө* «тегін», «тек осылай», *нөнджыси, согыро* «астыртын», *каманхи, каманхаге* «жай», *өкчиро, чпөгыро* «күшпен, зорлықпен, ықтиярсыз» тәрізді сөздер, мөлшер мәнді үстеулерге *-и, -ке, -о, -у* есімнен жасалған сөздер және бастапқы үстеулер жатады: *та* «барлығы», *тто* «сондай-ақ, тағы» (салыс. тунг. *hatama* «қайтадан»), *тө* мөлли «алысырақ», *тө чарыге, тө чалли* «қысқасы», *манхи* «көп» (*мантха* «көп санды»), *чхэ* «барлығы», «бүтіндей», *чом, чогом, чокком* «азғантай, шөкімдей», *каджань* «ең, аса», *ха, хадо* «өте». Бұлардың сыртында корей тілінде болымсыздық етістікке қатысты болып келетін үстеудің «болымсыз үстеу» деп аталатын түрі орын алады: *мот* (салыс. *мо-джарада* сөзіндегі *мо-* «жетімсіз», *мопсыда* «мүмкін емес», *мод-* *жилда* «жаман», «кейшсіз», *чарада* «жеткілікті болу», *ссыда* «қолдану», *өджилда, солт.-кор. өдир* «қайырымды болу, жақсы болу»)¹.

¹ *Рамстедт* Г. Грамматика корейского языка. -М., 1951. – С.195.

Сонымен, үстеулерді тұлғасына қарай негізгі (бастапқы, түбір) және туынды, құрамына қарай дара және күрделі деп бөліп көрсету алтай тілдерінің морфологиялық құрылымына қатысты еңбектерде кең таралған жіктелім болып табылады. Мағынасына қарай үстеулер әр тілде әрқилы топтастырылғанымен, олардың мекендік, мезгілдік, сын-бейнелік, мөлшерлік түрлеріне басымдылық беріледі.

Алтай тілдерінде үстеу сан жағынан өзге сөз таптары есебінен үнемі толығып отыратын, өзгеру және трансформациялану процесі үстіндегі категория саналады. Дейтұрғанмен түркі моңғол, тұңғыс-маньчжур, кей жағдайда корей тілдерінде сан жағынан шектеулі болса да дара тұлғалы бастапқы түбір үстеулердің болуы, сондай-ақ туынды үстеулер құрамында кеңістік мәнді (барыс, жатыс, шығыс) септік тұлғаларының «сіріленуі» үстеулердің көнелігін көрсете алады.

## § 9. Етістік және оның түбір-негізі

Етістік лексика-семантикалық және лексика-грамматикалық табиғаты тұрғысынан күрделі сөз табы. Бұл оның лексикалық негізі, құрамдық және құрылымдық ерекшеліктері, жасалу тәсілдері, мағыналық жіктелісі, нысанға қатысы, іс-әрекет, қимылдың орындалу амалы сияқты лингвистикалық сипатынан айқын көрінеді.

Етістік морфологиялық құрлымы жағынан түбір етістік, туынды етістік, күрделі етістік болып үшке бөлінеді. Түбір етістік ары қарай морфемаларға бөлінбейтін түбір тұлғалы болып келетінімен сипатталатын болса, туынды етістік түбір сөзге жұрнақтардың жалғануы арқылы жасалады. Күрделі етістік екі немесе одан да көп сөздердің тіркесуінен тұрады және біртұтас іс-қимылдық мағына білдіреді.

Етістіктің лексикалық негізіне алынатын түбір тұлға сыртқы тұрпаты жағынан етістіктің кейбір грамматикалық категорияларының формаларымен, атап айтқанда, бұйрық райдың 2-жақ



жекеше тұлғасымен, негізгі етіспен сәйкес келеді. Сондықтан алтай семьясын құрайтын түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур сияқты ірі тілдік топтарға енетін жекелеген тілдердің грамматикаларында етістіктің түбір-негізіне іс-әрекет, қимылды білдіретін лексикалық мағынамен қатар, негізгі етіс, бұйрық райдың екінші жағы білдіретін грамматикалық мағыналар да тән екені айтылады. Бұл мәселеде пікір қайшылықтары да кездесіп жатады. Мәселен, қазіргі қазақ тілінің морфологиясына қатысты зерттеулерге назар аударсақ, Н.Оралбаева: «Бұйрық мағына түбір етістіктің өзінде берілген, сондықтан бұйрықтың қай жаққа қатысын білдіру үшін етістікке тек жіктік жалғау ғана жалғанады» – десе<sup>1</sup>, Ә. Төлеуов: «Етістіктің морфологиялық белгілері мынадай: етістіктің түбірі 2-жақтың бұйрық райы болады да, оның басқа түрлері осы формаға қосымшалар қосылу арқылы жасалады, яғни оның морфологиялық категориялары бұйрық райдан өрбіп жатады» – дейді<sup>2</sup>. А.Хасенова: «Түбір сөз немесе түбір тұлға деп аталатын термин тұрғысынан қарағанда, етістіктің басқа сөз таптарынан өзіндік ерекшеліктері бар. Ол мейлі негізгі не туынды түбір (біт, өкін, өйтіп, өйтпегенде), дара не күрделі (біліп ал) тұлғаларда келгенімен, шақ, рай т.б. грамматикалық категориялардың арнайы формалары қосылмағанның өзінде сол категориялардың белгілі мағынасында қолданылады. Бұл грамматикалық мағыналар етістік түбіріне тән қасиеттер саналады» – дейді<sup>3</sup>. Дейтұрғанмен етістіктің түбір-негізі мен негізгі етіс, бұйрық райдың екінші жағы сияқты грамматикалық категориялар арасында нақты шет-шекараның бар екені қазақ грамматикасында<sup>4</sup>: «Біріншіден, етістіктің түбір тұлғасы мен бұйрық райдың 2-жақ тұлғасы бір емес, олар сыртқы түрі жағынан ғана сәйкес келеді. Екіншіден, етістік түбірлері тікелей жіктелмейді, түбір тұлғасында белгілі бір мағынаны (қимыл) білдіргенімен, түбір күйінде тікелей сөйлем ішінде қолданылмайды, тек етістіктің белгілі грамматикалық тұлғаларын (есімше, көсемше т.б.) жамылып, оның үстіне

<sup>1</sup> Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007.- Б.124

<sup>2</sup> Төлеуов Ә. Сөз таптары. – Алматы, 1982.- Б.72.

<sup>3</sup> Хасенова А. Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты. – Алматы, 1972. – Б.35.

<sup>4</sup> Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – Б.497.

жіктеліп барып жұмсалады» – деп атап көрсетіледі. Бұл жөнінде С. Исаев<sup>1</sup> : «біріншіден, етістіктің түбір тұлғасы мен бұйрық райдың 2-жақ анайы тұлғасы екеуі бір ғана грамматикалық құбылыс болса, оны бір-ақ түрінде ғана атау керек. Екіншіден, бұйрықтық, жақтық мағына болса, онда ол тұлға етістіктің белгілі бір грамматикалық категориясының (рай) бір грамматикалық түрі (бұйрық рай) бола алмас еді. Етістіктің түбірі білдіретін мағына – етістіктің барлық басқа тұлғаларында сақталып тұратын қимылды білдіру мағынасы да, ал 2-жақ бұйрықтық мағына етістіктің белгілі сөздермен сөйлемде белгілі қарым-қатынасқа түсудің нәтижесінде пайда болатын мағына» – дейді.

Алтай семьясына енетін тілдердің әрқайсысының етістік категориясына тән өзіндік ерекшеліктерімен қатар, түркі, моңғол және тұңғыс-маньчжур, сондай-ақ корей-жапон тілдері арасында ортақтықтар мен ұқсастықтар орын алады. Ұқсастықтар мен сәйкестіктер етістіктің түбір тұлғасы және оған үстемеленетін сан алуан грамматикалық формаларда, етіс, шақ, рай, есімше, көсемше сияқты арнайы грамматикалық категориялардың көрсеткіштерінде, етістік тудыратын қосымшаларда көрініс береді.

Етістіктің түбірі немесе есім-негіз арқау болған туынды тұрпаттағы бастапқы, біріншілік негіздер және одан өрбитін екіншілік негіз тұлғалар бір-бірімен дыбыстық, тұлғалық және мағыналық тұрғыдан сәйкесіп келіп, алтай тілдерінде параллель етістіктер қатарын түзеді.

Алтай тілдеріне ортақ сөздердің ілкі түбіріне (бастапқы, біріншілік) қатысты компаративтік зерттеулерде түркі-моңғол, түркі-моңғол-тұңғыс-маньчжур және моңғол-түркі-тұңғыс-маньчжур тілдеріндегі параллель етістіктердің негіздері дыбыстық тұрғыдан типтес болып келетініне басым назар аударылады<sup>2</sup>:

<sup>1</sup> Қазақ тілі грамматикасы бойынша зерттеулер. – Алматы, 1975. – Б.154.

<sup>2</sup> *Ramstedt G.J. Kalmukisches Worterbuch.* – Helsinki, 1935. (LSFU, 3); *Ramstedt G.J. Einführung in die altaische Sprachwissenschaft. I: Lautlehre.* – Helsinki, 1957; *Poppe N. Vergleichende Grammatik der Altaischen Sprachen. T. 1. Vergleichende Lautlehre.* – Wiesbaden, 1960; *Lessing F.D. Mongolian- English dictionary.* – Berkeley; Los Angeles, 1960; *Егоров В.Г. Этимологический словарь чувашского языка.* – Чебоксары, 1964; *Rasanen M. Versuch eines etymologischen Wörterbuchs der Turksprachen.* – Helsinki, 1969. – 2-е изд. – Helsinki, 1971; *Clauson G. An Etymological Dictionary of Pre-Thirteenth Century Turkish.* – Oxford, 1972; *Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков.* – М., 1974-1980. – Т.

түрк. *ora-* «орау, алдын орап кету, алдау», «орап қою»: түркім. *ora*, қаз. *ora-*, узб. *ora-*, диал. *horä-*, ұйғ. *oru-*, лобн. *ojo-*, чув. *vär-* «орау», «орап тастау», «айналдыра орап қою» ~ орта-моңғ. *horči-*, моңғ.-жазба *orči-* «айналу», *oriĵa-*, *oriĵa-* «айналдыра бұрау, орап тастау», х.-моңғ. *orō-*, *orči-*, бур. *orō-*, *oršo-*, калм. *orā-*, *orčā-*, дунс. *χoro-*, баоань. *horə-*, ш.-юг. *horō*, моңғор. *furō-*, *χirō* «орау, орап тастау» ~ түңғ.-маньчж.: эвенк. *horol-* «айналдыру, айналу», нег. *χojil-* «тж.»; маньчж. *foro-* «айналу»); «бір нәрсені шыр айналдыру»; ульч. *pori-* «тор тоқу»;

түрк. *\*as-* «асу»: түркм. *as-*, қаз. *as-*, халадж. *has-*, чув. *us-* «асу» ~ жазба.-моңғ. *asa-*, х.-моңғ. *asa-*, бур. *aha-* «жоғары шығу, өрмелеу», бур. *ahā-* «тіркеу, тағу, іліп қою, асып қою» ~ түңғ.-маньчж.: ороқ. *χasi-*, нан. *hasi-*, *fasi-*, нан., ороқ. *pasi-* «асу, асылу».

түрк. *\*üskür-* «үшкіру», «шашырату(түкірігін)»: түркм. *üsgür-*, халадж. *esür-*, түрік. *öksür-*, гаг. *üsür-*, чув. *üzër-* «жөтелу», *üsläk* «жөтел» ~ моңғ. *\*hösiür-* «бүрку, шашырату»: жазба моңғ. *ösür-*, *üsür-*, х.-моңғ. *üsre-*, қалм. *ösr-*, дағур. *χesurë-*, *χesre-* «шашырату» ~ түңғ.-маньчж.: эвенк. *husu-*, эвен. *hus-*, нег. *χusi-*, маньчж. *fisi-*, *fise-*, *fusu-*, ульч. *pisuri-*, нан. *pisi-*, *fisi-*, ороқ. *pisitči-*, *possoli-* «бүрку»;

түрк. *\*ös-* «өсу»: түркім. *ös-*, құмық. *ös-*, диал. *üös-*, қар. г. *es-*, көне түрк. *ös-*, тат. *üs-*, қаз. *ös-*, чув. *üs-* «өсу» ~ моңғ. *\*ös-* «расти»: орта моңғ. *os-*, *us-* *osge-* (*caus.*); жазба моңғ. *ös-* «өсу»; х.-моңғ. *ös-*, бур. *üdü-*, калм. *ös-*, орд. *ös-*, дағур. *euse*, дунс. *osě-*, *osi-*, баоань. *ose*, ш.-юг. *üs-*, монғор. *ösě-* «өсу» ~ түңғ.-маньчж.: маньчж. *fuse-* (< *\*fösü-*) «өсу (өсімдік)», «өсу, көбею(жан -жануар)»; эвен. *isu-*, эвенк. *isew-*, нег. *isew-*, уд. *jehu-* «өсу»;

түрк. *\*öt-* «өту (бірдеңенің жанынан, бірдеңе арқылы)», «ағып өту», «жылжып өту»; «өту (уақыт)»: көне түрк. *öt-*, түркім. *öt-*,

I-III; Clark L.V. Mongol elements in Old Turkic? // *Jornal de la Societe Finno-Ougrienne*. – Helsinki, 1977. – Vol. 75. – P. 110-168; Сравнительный словарь тунгусо-маньчжурских языков: Материалы к этимологическому словарю. – Т. 2. – Л., 1977; Цинциус В.И. Этимологии алтайских лексем с анлаутными глухими придыхательными смычными губно-губным \*п" и заднеязычным \*к" // *Алтайские этимологии*. – Л., 1984; Doerfer G. *Mongolo-Tungusica*. – Wiesbaden, 1985; *Etymological dictionary of the altaic languages* by S. Starostin, A. Dybo, O. Mudrak. – Brill Leiden, Boston, 2003. – Т. 1-3. 2-т.; Федотов М.Р. Этимологический словарь чувашского языка. – Изд. 2-е., испр. и доп. – Чебоксары, 2002; Туймабаев Ж.К. Проблема анлаутных губных согласных в алтайских языках (Ревизия фонетического закона Рамстедта – Пеллио) – М., 2005.

якут. *öt-*, с.-ұйғ. *jüt-*, қаз. *öt-*, чув. *vit-* «өту», «өтіп кету, сіңіп кету(ішке)» ~ моңғ. \**oči-* «жүру, қозғалу»: орта моңғ. *očira* «алдында», «алға», жазба моңғ. *oči-* «жүру, қозғалу», х.-моңғ. *oči-*, бур. *ošo-*, дунс. *eči-* «жүру» ~ тұңғ.-маньчж.: эвенк. *utur-* «айналу»;

түрк. \**ür-* «үрлеу»: көне түрк. (көне ұйғ., қарах.) *ür-*, шағ. *hür-*, әзер. *üfür-*, кар. г. *jir-*, қаз. *ür*, якут. *ür-*, чув. *věr-* «үрлеу» ~ моңғ. \*(*h*) *uri-* «үрлеу (бетке)»: жазба моңғ. *uri-*, х.-моңғ. *uri-*, бур. *urā-* «бұрқырау (шаң)», орд. *uri-* «үрлеу»; Салыс.: орта моңғ. *hüli* *e-*, жазба моңғ. *ülije-*, қалм. *ülē-*, х. -моңғ. *ülē-*, бур. *ülē-* «үрлеу» ~ тұңғ.-маньчж.. \**pü-* «үрлеу»: эвенк. *huw-*, эвен. *hū-*, нег. *χiw-*, ульч., орок., нан. *pü-* «үрлеу»;

түрк. \**ud-* «ілесу, бағыну, бағынышты болу»: көне түрк. *ud-*, қарах. *ud-*, түркім. *uj-* «бағыну, бағынышты»; Салыс.: қаз. *üjt<sup>o</sup>s-* «түсу (жүн)»; «ұйысу (шаш)» ~ моңғ. \**hüde-* «шығарып салу»: орта моңғ. *χüde-*, *χude-*, *hude-*, х.-моңғ. *üde-*, бур. *üde-*, қалм. *üde-* «проводить» ~ тұңғ.-маньчж.. \**pude-* «шығарып салу, ілесу»: маньчж. *fude-*, нан. *pude-*, ульч. *pudeči-*, уд. *pudesi-*, нан. *fude-*, *fudeši-* «ұшықтау, жыншайтанды қуалау (шаман туралы)»;

түрк. \**ürk-* «үрку, жалт беру»: көне түрк. (көне ұйғ., қарах.) *ürk*, түркім. *ürk-*, халадж. *hirk-*, гаг. *jürük-*, узб. *hürk-*, қаз. *ürki-*, чув. *ěrěχ-* «қорқу, үрку», «бір жағына жалт беру»; Салыс.: көне түрк. *ür-* ~ *ir-* «шошу, сескену, қорқу» ~ моңғ. \**ürgü-* «шошу, қорқу»: ср.-моңғ. *urgu-*, *orgo-*, *urgu-*; жазба моңғ. *ürgü-*, х.-моңғ. *ürgü-*, *ürgē-*, қалм. *ürgē-*, дағур. *χurgi-*, баоань. *hergə-*, монғол. *furgudi-*, *χargudi* «шошу, қорқу» ~ тұңғ.-маньчж.. \**ürkan-* «талып қалу, құлағы тұну»: эвенк. *ürkan-*, эвен. *ürqān-*, нег. *oĵkan-*, уд. *ukana*;

Дәстүрлі алтаистикалық бағыттағы зерттеулерде етістіктердің алтайлық тектілге барып саятын түбір тұлғаларын қалпына келтіру мәселесіне айрықша ден қойылады. Мұнда алтай тілдері арасындағы дыбыстық сәйкестіктерге, әсіресе дыбыстық жаңғыртуларға жүгінудің маңызы зор. Мәселен, С. А. Старостин арғыалтайлық \**ž* дыбысы түркі тілдерінде \**j*, моңғол тілдерінде \**ž*, тұңғ.-маньчжур тілдерінде \**ž*, корей тілінде *č-*, *č* (=ž) түрінде көрініс беретінін айта келіп, «жеу» мағынасындағы түркілік \**jē*, тұңғыс-маньчжурлік \**že-*, \**že-p-*, орта корейлік \**čā-*, *čā-si-* түбір

етістіктердің қалпына келтірілген арғыалтайлық тұлғасы ретінде \*žē- етістігін көрсетеді (түрк. \*jē ~ ТМ \*že-, \*že-p- ~ орта.-кор. \*čā-, čā-si- < алт. \*žē-):

түрк.: көне түрк., орта түрк. je-, түрік. ja-, әзер. je-, түркім. ī-, қаз. же, хак. čī-, як. sia-, чув. śī- «жеу»;

тұңғ.-маньчж.: эвенк. žeb- ~ žep- «жеу», сол. žeb-/p-, нег. žew- ~ žep-, ороц. žep-te-, уд. же-, žep-te- «жеу», žekče- «жеуге ыңғай таныту»; орок. dep-, нан. žeb-/p- «жеу», маньчж. же- «жеу», же-kenge «тоқ», же-ku «нан»;

кор.: орта кор. ča-ta (үннің, екпінінің бәсеңділігі мен басымдылығы болмаған жағдайда \*čā-ta, čā-si-ta). čā-si- құрамындағы -si- сыпайлық көрсеткіші. Демек, čā- «жеу» етістігі орта корей тілінде нейтралдық және сыпайлылық қызметтерде жұмсалған. Салыс.: орта кор. čaǰso-, қазіргі кор. čapsu-da «ішіп жеу». Мұнда орта-кор. čaǰp- = тұңғ.-маньчж. \*že-p- тұлғалары бір-бірімен сәйкеседі. Сол сияқты «жағу» мағынасындағы етістіктің ілкі тұлғасын арғыалтайлық алт. \*d дыбысына барып саятын түрк \*j-, d, моңғ. \*d, \*ž (\*i, \*i дыбыстарының алдында), тұңғ.- маньчж. \*d-, d, кор. t-, t (=d) дыбыстық сәйкестіктеріне негіздеп, С. А. Старостин былайша жаңғыртады:

түрк. \*jak- ~ тұңғ.- маньчж. \*deg-že- ~ \*žeg-de ~ орта кор. thǎ- < алт. \*dakV.

түркі тілдерінде: көне түрк. jaq-tur- «жағу», шағ., түрік., түркім. jak-, қаз., тат. žak- «жағу». Осы қатарға шағ. jaу-du, тат. jak-ti, чув. šudǎ «жарық, шырағдан» сөздерін жатқызуға болады.

Тұңғыс-маньчжур тілдерінде: эвенк. žegde-, нег. žegde-, ороц. žegde-, ульч. žegde-, орок. deude-, нан. žegde- «жану»; эвенк. žegdī-, нег. žegdī-, ороц. žegdi-, ульч. žegdi-, нан. žegži-, маньчж. dejži- «жағу». Арғытұңғыс-маньчжур тілі үшін \*deg-že- ~ \*žeg-de- «жану» тұлғасы жаңғыртылады. Мұнда \*deg-že- тұлғасын бастапқы түбір деп тануға болады. Өйткені оның құрамында іс әрекеттің аяқталмағанын білдіретін \*-ža-/\*-že- аффиксі кездеседі. Ал туынды негіз ретінде құрамында \*-gi- каузативі бар \*deg-že-gi- (~\*žeg-de-gi-) «жағу» етістігін көрсетуге болады. Түптеп келгенде, арғытұңғыс-маньчжур тіліндегі түбір элемент – түркілік \*jak- түбірімен

сәйкестік түзетін \*deg- ілкі түбірі. Корей тілінде: орта кор. *thä-* «жану», *thäio-* «жағу». Мұнда *thä-* тұлғасы \**tahä-* түбір негізінің редукцияға ұшыраған түрі. Салыс.: орта кор. *tahi-* «ошаққа от жағу» – туынды тұлғалы етістік<sup>1</sup>.

Алтаистикалық әдебиеттерде түбір-негізі бір-бірімен дыбыстық, тұлғалық және мағыналық тұрғыдан толық сәйкесетін немесе дыбыстық құрам тұрғысынан аздаған айырмашылықта болып келетін параллель етістіктердің туыстық немесе кірмелік табиғатын анықтауда пікір қайшылықтары да орын алып жатады. Мәселен, А.М.Щербак түркі және моңғол тілдерінде дыбыстық-құрылымдық тұрғыдан етістіктің түбір-негізі аздаған айырмашылықта болып келетінін, атап айтқанда, түркілік түбір-негіздерде буынның ашық және тұйық типі бірдей кездесетін болса, көне моңғол және моңғол жазба тілінде негізгі етістік көбінесе ашық буынды болатынын айтады. Сондай-ақ ол дәстүрлі алтаистикалық бағыттаға зерттеулердегі түркі-моңғолға ортақ етістіктердің тектілдік негіздерін қалпына келтіруге тек түбір тұлғалы емес, туынды тұлғалы кірме етістіктер де тартылған деп санайды<sup>2</sup>: түрк түрк. *sür-* және моңғ. \**süre-* «айдау» (жазба моңғ., көне түрк. *sürüg* «табын»); түрк. *bilä-* және моңғ. \**bile-* «білеу, қайрау» (жазба моңғ. *bilegüi*, көне түрк. *bilägül* «білеу, қайрақ»); тюрк. ба және монғ. \**ba-* «байлау» (жазба моңғ., көне түрк. *bay* «байлам, түйін»); түрк. *je-* және моңғ. \**je-* «жеу» (жазба моңғ. *jet* «өліксе, жемтік», көне түрк. *jet* «ас, тағам, жем», якут. *setnex* «өліксе, жемтік»); көне түрк. *qovra-* және моңғ. \**qovara-* «жиналу» (жазба моңғ. *qovaraγ*, көне түрк. *qovraγ* «будда манахтары қоғамы»); көне түрк. *kürä-* ~*küri-* және моңғ. \**küre-* «күреу» (жазба моңғ. *kürje*, көне түрк. *kürgäk* «күрек»); көне түрк. *kes-* және жазба моңғ. \**kese-* «кесу» (жазба моңғ. *keseg*, көне түрк. *kesäk* «кесік, тілім») т.б.

«Түркі-моңғол тілдік байланысының табиғатын айқындауда параллель етістіктерге жүгінудің маңызы зор. Өйткені олардың саны осы тілдерде есімдерге қарағанда біршама аз. Етістік негіз-

<sup>1</sup> Старостин С. А. Алтайская проблема и происхождение японского языка.-М., 1991.- С.56.

<sup>2</sup> Щербак А.М. Тюркско-монгольские языковые связи (К проблеме взаимодействия и смешения языков) // Вопросы языкознания, 1986. № 4.- С.50.

дерінің туыстас тілдерде бірдей болып келуі табиғи заңдылық болатын болса, туыс емес тілдер үшін – қалыптан тыс, өзгеше құбылыс. Демек бұл арада, біз не тілдік туыстастыққа тән әдеттегі типтік жағдайға, я болмаса, сырттан енетін жат элементтерді қабылдамайтын бір де бір сала қалмайтын, яғни «өзіңдікі» мен «жаттікі» арасына шектеу қоюдың мүмкін еместігіне алып келетін туыс емес тілдердің бір-бірімен кірігуіне барып тірелеміз» – дей отыра, А.М.Шербак түркі және моңғол тілдеріндегі параллель етістіктерді: 1) толық немесе біршама толық сәйкесетіндер; 2) құрамында «қосымша» дауысты дыбыс кездесетіндер; 3) құрамында «қосымша» дауысты мен дауыссыздың тіркесуі орын алатындар деп 3 топқа бөледі және олардың барлығының табиғатын кірмелікпен түсіндіреді<sup>1</sup>.

Бірінші топқа: көне түрк *abla-*, қаз. *avla-*, түркм. *āvla-*, моңғ. *avla-* «аулау, аңға шығу»; қырғ. *ajqyr-*, бурят. *hāχir-* «айқайлау»; қар. *abra-*, чув. *upra-*, жазба моңғ. *abura-*, «сақтау, қорғау»; көне түрк. башқ., өзб., орта моңғ. *alda-*, «алдау»; алт., тув. *azyra-*, қар., қырғ. *asra-*, чув. *usra-* «жемдеу, асырау, тәрбиелеу», жазба моңғ. *asara-*, «асырап сақтау, тәрбиелеу»; қырғ. *barqyra-*, якут. *baqqyrā-*, (<*barqyrā-*>), моңғ. *barχira-*, «бақыру»; көне түрк. *biti-*, алт. *biči-*, тув. *biži-*, орта моңғ. *biti-* ~ *biči-*, моңғ. *bič-*, «жазу»; көне түрк., туркм. *bol-*, әзерб., түрік. *ol-*, тат. *bul-* «болу», жазба моңғ. *bol-*, «болу»; көне түрк. *būdi-*, ~ *büdi-*, башқ., ног. *biĵi-*, жазба моңғ. *buĵi-*, «билеу»; алт. *bürke-*, қырғ. *bürkö-*, тув. *bürge-*, «бүркеу, жабу», жазба моңғ. *bürke-*, «бүркеу, жабу, торлау (бұлт)»; алт. *čöcy-*, ұйғ. *čöcü-*, жазба моңғ. *čoč-*, ~ *soči-* «шошу, қорқу»; алт., қырғ. *čoqu-*, жазба моңғ. *čoki-*, «шоқу»; көне өзб., қар., қырғ. түркім. *čyda-*, тоф., тув. *šyda-*, жазба моңғ. *čida-*, «шыдау»; қар. *jada-*, қырғ. *jada-*, тув. *čada-*, жазба моңғ. *jada-*, «жадап жүдеу, шаршау, шыдамау»; көне түрк. *jarlyqa-*, жазба моңғ. *jarliyla-*, «жарылқау; бұйыру»; ног., түркім. *jasa-*, қырғ., жазба моңғ. *ĵasa-*, «жасау, істеу, жөндеу, құру»; көне түрк. *jory-*, тув. *čoru-*, ~ *cor-*, жазба моңғ. *jori-*, «жүру, қозғалу»; алт., башқ., тув. *maqta-*, түркім., жазба моңғ. *maŷta-*, «мақтау, дәріптеу»;

<sup>1</sup> Шербак А.М. Тюркско-монгольские языковые связи (К проблеме взаимодействия и смешения языков) // Вопросы языкознания, 1986. № 4.- С.50.

қырғ. *mörö-*, якут, *mögürē-*, бурят. *möre-*, «мөңіреу»; көне түрк., алт., түркім., жазба моңғ. *ös-*, «өсу, өну»; алт. *qajqa-*, тув. *qajya-*, якут, *hajyuu-*, жазба моңғ. *qali-*, «таңғалу»; көне түрк. *qaly-*, жазба моңғ. *qali-*, «қалқу, қалықтау»; көне түрк., гаг., ноғ. *qan-*, жазба моңғ. *qan-*, ~ *qanı-* «қану (шөлі), рахаттану»; көне түрк., қырғ. *qana-*, түркім. *γāna-*, өзб. *qona-*, «қансырау», жазба моңғ. *qana-*, «қанын ағызу»; ескі өзб. *qara-*, түркім. *γara-*, жазба моңғ. *qara-*, «қарау»; қырғ. *qorqura-*, бурят. *xurxira-*, «қорылдау»; көне түрк. *qory-*, түрік. *qoru-*, «қору, қорғау», жазба моңғ. *qori-*, «қоршау; қорғау»; көне түрк. *sana-*, «санау», қырғ. *sana-* «санау; ойлау», жазба моңғ. *sana-* «ойлау»; көне түрк. *sedrä-*, жазба моңғ. *sejire-*, «сиреу»; көне түрк. *sor-*, алт., қырғ., тув., жазба моңғ. *sura-*» сұрау, сұрастыру»; көне түрк. *söküt* – ~ *čöküt-*, м.-п. *sögüd-*, «тізе бүгу»; түркім. *šöxlan-*, (*šöxla-n-*), жазба моңғ. *šoyla-*, «көңіл көтеру; әзілдеу, қалжыңдау»; көне түрк., әзерб., алт., қар. *tany-*, жазба моңғ. *tani-*, «тану, білу»; көне түрк., әзерб., ноғ., хак., жазба моңғ. *tala-*, «талау»; қаз., қырғ., жазба моңғ. *tara-*» тарау, тарқап кету; кең таралу»; көне түрк. алт., қырғ. *tary-*, жазба моңғ. *tari-*, «егін салу, тұқым себу»; қар., хак. *tona-*, қырғ. *tono-*, жазба моңғ. *tonu-*, «тонау»; алт., қырғ. *toqto-*, қар. *toxta-*, жазба моңғ. *toyta-*, «тоқтау»; көне түрк. *tolä-*, башқ. *tülä-*, қаз., қар. *töle-*, қырғ. *tölö-*, жазба моңғ. *tölü-*, «төлеу»; көне түрк., жазба моңғ. *türü-*, түркім. *döre-*,» пайда болу, туу»; башқ. *tujla-*, қар. *tojla-*, орта моңғ. *tojila-*, «тойлау»; көне түрк. *tyñla-*, алт. *tyñda-*, қырғ. *tyñša-*, тув. *dyñna-*, жазба моңғ. *čingna-* <\* *tyñla-*» тыңдау»; қар., түркім. *učra-*, жазба моңғ. *učira-*,» ұшырату, жолықтау, кездестіру» тәрізді 45 етістікті жатқыза отырып, А.М.Щербак *abla-* ~ *avla-*, *ajqyr-*, *alda-*, *barqyra-*, *biti-*, *büdi-* ~ *büdi*, *jarlyqa-*, *jory-*, *qaly-*, *qan-*, *qana-*, *qorqura-*, *sana-*, *sedrä-*, *sor-* ~ *sura-* ~ *sura*, *söküt-* ~ *čöküt-*, *šöxlan-*, *tany-*, *tary-*, *tujla-* ~ *tojla-*, *tyñla-* етістіктерін таза түркілік, ал *abra-*, *azyra-*, *bürke-*, *čöqu-*, *čyda-*, *jada-*, *jasa-*, *maqta-*, *qajqa-*, *qara-*, *tona-*, *toqta-*, *učra-* етістіктерін моңғол тілінен енген кірме сөздер деп біледі. Мұнда етістіктердің зат есімнен туындауы (*ab*~*av*» аң», *qan* «қан», *san*» ой; сан», *tyñ*» тың»), моңғол тіліне тән емес өзгелік етіс тұлғасымен келуі (*söküt*~*čöküt-* «шоқыт»), түркілік дыбыстық сәйкестіктер заңына бағынбауы (*čyda-*» шыдау», *jada-*» шаршау»),



көне түркі мәтіндері және бір қатар қазіргі түркі тілдерінде кездесуі (*abra-*, *azyra-*, *qara-*,) өзге тілден енген лексиканың түркілік сөзжасам элементтерімен көмкерілуі (*biti-* < қыт. *pjet* «қалам», *soj~ tsoj* «аяу, есіркеу»), түркі сөздерінде сонанттардың сөз басында болмағаны (*maqta-* «мақтау»), сондай-ақ жоғарыдағы параллель етістіктердің көбі қимыл, әрекет, қозғалысқа қатысты басты ұғымдар шеңберіне енбейтіні, яғни шеткері перифериялық лексикаға жататыны таза түркілік және моңғол тілінен енген кірме элементтерді ажыратудың белгісіне (критерий) алынады.

Екінші топқа жатқызылған көне түрк. *boγ-* «буыңдыру, тұншықтыру», түркім. *boγ-* «байлау, матау», жазба моңғ. *boγu-* «байлау, матау, орау»; көне түрк. *büt-*, азерб. *bit-*, жазба моңғ. *büte-* «біту, аяқталу»; көне түрк. *jalbar-*, азерб. *jalvar-*, тув. *čalbar-*, жазба моңғ. *jalbari-* «жалбарыну, жалынып сұрау»; көне түрк. *joluq-*, қар. *jolux-*, жазба моңғ. *jolya-* «жолығу»; көне түрк., алт. *kert-*, жазба моңғ. *kerči-* «керту, белгі салу»; көне түрк., өзб. *kez-*, түркім. *gez-*, жазба моңғ. *kerü-* «кезу»; көне түрк., алт., ног. *qat-*, жазба моңғ. *qata-* «қату, қатаю; құрғау»; көне түрк., алт. *qon-*, тув. *xon-* «қону (құс); түнеу (адам)»; жазба моңғ. *qonu-* «түнеу»; көне түрк., азерб. *say-*, жазба моңғ. *saya-* «сауу»; көне түрк., қар., түркім. *sač-*, жазба моңғ. *saču-~ čaču-* «шашу»; көне түрк., қырғ., түркім. *silk-*, алт. *silki-*, тув. *silgi-* «сілку, қағу», жазба моңғ. *silge-* «сілкіну (аңдар)»; көне түрк., қырғ., тув. *siη-*, жазба моңғ. *singge-*, моңғ. *šinge-* «сіңу»; көне түрк., алт., қырғ., ног. *sök-*, орта моңғ. *süke-* «сөгу, кіналау»; көне түрк. *sön-* «тоқтау, жойылу, жоғалу», азерб., түркім. *sön-* «сөну», жазба моңғ. *sönü-* «тоқтау, тоқырау, жоғалу; сөну»; көне түрк., азерб. *ürk-*, жазба моңғ. *urge-~ürgü-* «үрку» тәрізді етістіктер үшін А.М.Щербак көне моңғол және моңғол жазба тілдерінде түбірнегіздің көбіне ашық буын болып келетінін, ал көне түркі және қазіргі түркі тілдерінде буынның ашық та, бітеу де түрі қатар кездесетінін кірмеліктің критерийі етіп таңдайды. Осыған сай, А.М.Щербак моңғол тілдерінен кірме элементтерді қабылдау барысында есім және етістік негіздер соңындағы дауыстының түркі тілдерінде түсіп қалмағанын (қар. *alja-* «алжу», *toxta-* «тоқтау», тув. *boda-* «ойлау», *čuru-* «сызу», *mana-* «күзету», *medere-* «талып қалу», *neme-* «қосу, толықтыру», түркім. *γara-* «қарау»), ал моңғол

тілдері түркі сөздерін сөз соңына «қосымша» дауыстыны қосып алу арқылы құрылымдық-дыбыстық тұрғыдан меңгергенін айтанды.

А.М.Щербак түркілік түбір етістікке сәйкес келетін моңғол етістіктерінің (орта моңғол және моңғол жазба тілдерінде) негізі құрамында «қосымша» дауысты мен дауыссыз дыбыстар тіркесі орын алуын түркі етістіктерін моңғол тілдерінің морфологиялық тұрғыдан меңгеруімен байланыстырады<sup>1</sup>: орта түрк. *baj-*, орта моңғ. *bajaji-* (*baja-ji-*) «баю»; көне түрк., қар. *il-* «ілу», түркм. *il-* «іле-су, ілігу», жазба моңғ. *elgi-* (*el-gi-*) «ілу, асып қою»; көне түрк. *jad-* ~ *jad-*, әзерб., қар. *jaj-* «кең тарату, жаю; төсеу», жазба моңғ. *jadači-* (*jada-či-*) «шешу, ашу»; көне түрк. *jajul-jajqal-* «тербелу, жайқалу», жазба моңғ. *najilja-* (*najil-ja-*) «тербеу, шайқау»; көне түрк., түркм. *jet-*, тув. *če't-* «жету», жазба моңғ. *jidkü-* (*jid-kü-*), моңғ. *züt-* «тырмысу, бірдеңеге жетуге тырысу»; көне түрк. *jory-*, түркм. *jöre-* «жүру, жорту», жазба моңғ. *jorči-* (*jor-či-*) «жүру, қозғалу, бет алу»; көне түрк., әзерб., қар. *jut-* «көзін жұму, қысу», орта моңғ. *jutuji-* (*jutu-ji-*) «жабылу, қысылу»; көне түрк. *keñi-* ~ *keñe-*, алт. *keñi-* «кену, таралу, жайылу», жазба моңғ. *kengkeji-* (*kengke-ji-*) «кең көріну»; көне түрк. *qap-* «ұстау, қарпу», алт. *qap-* «қолымен, тісімен, аузымен қармалау», орта моңғ. *gabči-* (*qab-či-*) «қарпып ұстау, қысу»; көне түрк. *šyš-*, қырғ. *šiši-*, жазба моңғ. *čiliji-* (*čili-ji-*) «ісу, кебу» т.б.

Жоғарыдағы етістіктердің түбір-негіздері түркі және моңғол тілдерінде бірдей болып келуін тек кірмелікпен түсіндіретін А.М.Щербак пікірімен келісу қиын. Осы орайда түркі-моңғол тілдеріндегі ортақтықтарға алғашқылардың бірі болып қалам тартқан академик І.Кенесбаевтың «Чем объяснить например параллельное функционирование глагольных основ и первичного, и вторичного образования? Ведь нельзя же их отнести к заимствованиям (об отдельных исключениях можно не упоминать)»<sup>2</sup> деген пікірі ойға оралады.

Етістіктер бір тілден екінші тілге оңайшылықпен ене қоймайтын, өте тұрақтылығымен ерекшеленетін категория саналатынымен, түркі, моңғол және тұңғыс-маньчжур тілдері арасында

<sup>1</sup> Щербак А.М. Тюркско-монгольские языковые связи (К проблеме взаимодействия и смешения языков) // Вопросы языкознания, 1986. № 4. – С.53-55.

<sup>2</sup> Кенесбаев С.К. К вопросу тюрко-монгольской языковой общности (на материале некоторых грамматических явлений казахского языка) // Проблема общности алтайских языков. – Л., 1971. – С.328.

бірінен-біріне енген түбір және туынды тұлғалы етістіктер молынан кездесетінін ғалымдар жоққа шығармайды.

Б.Я.Владимирцов, В.Л.Котвич, В.И.Цинциус, Г.Д.Санжеев, С.Калжунский, О. П.Суник, Т.А.Бертагаев сияқты көрнекті алтаистердің алтай тілдерінің өз ішіндегі кірме лексикалық бірліктерді айқындауға арналған зерттеулерінде<sup>1</sup> алтай тілдеріндегі параллель етістіктерге де этимологиялық талдау жасалып, олардың қайсыбірінің кірмелік тегі анықталады. Мәселен, О.П.Суник тұңғыс-маньчжур тілдеріндегі (эвенкі) моңғол тілінен енген кірме етістіктер шартты-түбір негіз түрінде де (*акта-* «бұғыны пішу», *алда-* «түсіріп алу», *бодо-* «ой-лау», *буда-* «бояу», *була-* «күлге көміп пісіру»), *еожо-* «сәндену; той киімін кию», *мата-* «ию, майыстыру (шаңғығы арналған тақтайшаны)», *нэмэ-* «үстемелеу, қосу», *сива-* «сылау, бояқ жағу» (дуалды, үйдің қабырғасын); бітеу (тесікті)», *тари-* «тұқым себу, егін егу», *току-* «ерттеу (атты)», *удэ-* «шығарып салу», *укту-* «қарсы алу; бір-бірімен соқтығысып қалу»), сондай-ақ әртүрлі моңғол аффикстерімен көмкерілген туынды негіз тұлғасында да (*-dā* *корбда-*, *корода-*, *кородо-* «ашулану»; *-yi:* *тоцкой-* «еңкею, басын ию»; *-gi:* *бургй-* «сылдырлау»; *дирги-* «шықылықтау (құстар)»; *-kirā* *баркира-* «бақыру»; *-1a:* *далла-* «әндету, жырлау»; *кувэлэ-*, *кувбла-* көмкеру») көрініс беретінін айтады<sup>2</sup>. Ал Б.Я.Владимирцов<sup>3</sup>: «Моңғол тіліне түркі тілдерінен морфологиялық тұтас қалпында енген кірме элементтер» деп көрсеткен моңғ. *кесег* (халх.-моңғ. *хэсэг*) «бөлік, тілім, қиық»

<sup>1</sup> Владимирцов Б.Я. Турецкие элементы в монгольском языке // ЗВО ИРАО, 1911, XX, 2-3. – С.153-184; Владимирцов Б.Я. Об отношении монгольского языка к индо-европейским языкам Средней Азии //ЗКВ. №1. 1925. – С. 305-341; Владимирцов Б.Я. Арабские слова в монгольском //ЗКВ. №5. 1930. – С. 73-82.; Kotwicz W. Les elements turcs dans la langue mandchoue // RO. , 1939. ХТV; Цинциус В.И. Монголизмы-дублеты в маньчжурском языке//Исследования по восточной филологии (К семидесятилетию профессора Г.Д.Санжеева) – М., 1974. –С. 297-305.; Санжеев Г.Д. Маньчжуро-монгольские языковые параллели//Известия АН СССР. Отделение гуманитарных наук. -Л., Сер. VII. №8. -С. 601-626; Kaluzynski St. Mongolishc elemente in der jakutishen sprache. – Warshawa,1961; Суник О. П. Глагол в тунгусо-маньчжурских языках. -М. – Л., 1962; Бертагаев Т.А. Внутренняя реконструкция и этимология слов в алтайских языках // Проблема общности алтайских языков. -М., 1974. -С.90-109.

<sup>2</sup> Суник О. П. Глагол в тунгусо-маньчжурских языках. -М. – Л., 1962. -С.69

<sup>3</sup> Владимирцов Б.Я. Турецкие элементы в монгольском языке // ЗВО ИРАО, 1911, XX, 2-3.- С.153-184.

> түрк. *кес-* «кесу, қырку, бөлу», моңғ. *сураг* «хабар, мәлімет» > түрк. *сұра-* «сұрау», моңғ. *бүлэг* «топ», «бөлім», «тарау» > түрк. *бөл-* «бөлу, кескілеу, айыру» т.б. сөздерді Т.А. Бертагаев моңғол тілдері материалдары негізінде этимологиялық «сүзгіден» қайта өткізіп, олардың тегін бір жақты «түркілік» немесе «моңғолдық» деп түсіндіруге болмайтынын, бұлардың түп-тегінде түркі-моңғолға ортақ етістік түбір-негіздер жатқанын нақты тілдік фактологиялық материалдар негізінде дәйектейді. Ол «Б.Я.Владимирцовтың мақаласы жарық көрген кезде моңғолтану жаңадан қалыптасу үстінде еді. Сондықтан көптеген сөздердің түп-тегін айқындауда моңғол топырағындағы этимологиялық парадигматика ескерілмеді. Мәселен, моңғол тілінде сөздердің этимологиялық тектестігі қандай да бір жалғастырушы бөліктің жоғалып, жойылуына байланысты жасырын түрге енеді. Мұндай сөздердің біріне халха моңғол тілінде «кесек», «бөлік», «топ», «уақыт аралығы», бурят диалектісінде «нөсер», бурят әдеби тілінде «сирек жауатын жауын» т.б. мағыналарда қолданылатын моңғ. *хэсэг*, бур. *хэһэг* сөзін жатқызуға болады. Монголистердің көбі Б.Я.Владимирцовтың ізімен түрік тіліндегі есім мәнді *кесек* сөзінің етістік мәнді *кес-* түбір негізден жасалғанын, ал моңғол тілінде есім мәнді *хэсэг* сөзі болғанымен, «кесу, қырку, бөлу» мағынасындағы *кес-* түбір-негіз жоқ екенін алға тартады. Шындығында, бастапқы түбір элемент *кес-* моңғол тілінде қолданылу және тіркесу әлеуеті шектеулі болса да дербес сөз ретінде кездеседі. Көне моңғол жазба тілінде, Ковалевский және Голстунскийлердің сөздігінде *хэс* сөзінің «таудың, шатқалдың, сайдың, тік жардың бөлігі» деген мағынасы, ал Цэвэлдің авторлығымен жарық көрген қазіргі моңғол тілінің түсіндірме сөздігінде бұл сөздің «тік жағалау», «тік жартас», «құз» мағыналары көрсетіледі. Демек, *хэс-* сөзі мен моңғол тілінде о баста «кесу, шорт қырку, бөлу» мағынасында дәл түркі тіліндегі *кес-* етістігі тәрізді қолданылған, кейіннен мағыналық редукцияға ұшырап, жойылып кеткен *хэсэг* етістігі арасында мағыналық байланыс болғаны сөзсіз. Қазіргі моңғол тілінде *хэсэх* етістігі «кезу, ауыл ақтау, ел аралау» немесе «бір ауылдан екінші ауыл арасына барып қоныс-

тау» мағынасында, сәл алысырақ мәнде бурят тілінде *хэһэхэ* (көне моңғ. жазба тілінде *хэсэхү*) «қандай-да бір қиындыққа төзу», «біреудің бір нәрсеге деген талабын қайтару, бетінен қағу», «біреуді бір нәрседен айыру» деген мағыналарында қолданылады. Демек, қазіргі моңғол тіліндегі *хэсэг* (халх.-моңғ.) және бурят тіліндегі *хэһэхэ* етістіктері астарында «кесу, қырқу, бөлу» деген мағына имплициттік деңгейде бар деуге, сондай-ақ арадағы семантикалық арқаудың үзілуіне қарамастан *хэс-* бастапқы түбір-негіздің фонында толықтай түсіндіріледі деуге болады. Олай болса моңғ. *хэсэх* пен түрк. *кес-у* етістіктерінің түбірі түркі-моңғолға ортақ. Мұндай түркі-моңғолға ортақ етістік түбірден жасалған сөздер қатарына моңғол тіліндегі *сураг, бүлэг, санах, заргучи* т.б. лексемаларын жатқызуға болады» дейді<sup>1</sup>.

Сайып келгенде, түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур және корей тілдеріндегі параллель етістіктердің кірмелік немесе арғыалтайлық туыстық табиғатын айқындау мәселесінің күрделілігі жалпыалтайлық ортақтықтың біртекті емес болмысынан туындайды. Бұл мәселеде алтай тіл бірлестігінің табиғатына қатысты айтылатын тамырын тым тереңнен алатын туыстықты да, тіларалық қарым-қатынастың нәтижесі іспетті өте көне, көнерек және кейінгі кезеңдердегі кірмелікті де ескеру қажет<sup>2</sup>.

## § 10. Етістік және оның категориялары: *етіс категориясы*

Етіс категориясы және оның іс-әрекеттің түрімен байланысы, етістіктің рай, есімше және көсемше тұлғалары бойынша өзгеруі және олардың іс-әрекет, қимылдың өтетін уақыт-мерзімі, оны жүзеге асыратын жақ, жекеше және көпше тұлға туралы түсініктермен тығыз байланысы, қимыл атауының септік формасын меңгеруге қабілеті тәрізді теориялық мәселелер алтай макротілдік тобына енетін жекелеген тілдер бойынша жарық көрген зерттеулерде жан-жақты қарастырылып, етістіктің түрлері, етіс, рай, шақ, есімше, көсемше сияқты категориялардың өзіндік сипаты сол тілдің табиғаты тұрғысынан жете зерттелді деуге болады.

<sup>1</sup> Бертагаев Т.А. Внутренняя реконструкция и этимология слов в алтайских языках // Проблема общности алтайских языков.- М., 1974. -С.90-109.

<sup>2</sup> Баскаков Н.А. Алтайская семья и ее изучение. -М. 1984. -С.55.

Етіс категориясы субъектінің іс-әрекет қимылға қатысын білдіреді. Етіс негіздерінің жасалуы жаңа етістік негіздерді, жаңа етістіктерді, жаңа лексикалық бірліктерді тудырумен тікелей байланысты болады.

Түркі тілдерінің басым көпшілігінде етіс негізгі, өздік, өзгелік етіс, ырықсыз, ортақ болып беске бөлінеді. Етістіктің лексикалық негізімен бірдей түсіп жататын және оның нөлдік формасы ретінде көрініс беретін негізгі етістің етістік категориясындағы жетекші рөліне түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасында айрықша мән беріледі: «В ней прежде всего и главным образом функционирует любой глагол как часть речи, имплицитно выражая соотнесенность обозначаемого им действия или состояния с подлежащим, которое в глаголах активного действия совпадает с реальным субъектом, а в глаголах состояния олицетворяет носителя данного состояния. Остальные залого исторически и по своему существу представляют собой трансформацию и модификацию основного залога по дифференцированному выражению субъективных отношений в рамках самого глагола с помощью специальных аффиксов»<sup>1</sup>.

Көне моңғол жазба тілінің және қазіргі моңғол тілінің морфологиясына қатысты Г.Д.Санжеев зерттеулерінде негізгі етіс тұлғасы етістіктің бастапқы, біріншілік негізі (түбір немесе есім негізден өрбіген туынды тұрпаттағы) болып саналатыны, ал етістіктің екіншілік негізі оның бастапқы негізіне әртүрлі суффикстердің жалғануы арқылы жасалып, модальдылық және басқа да реңкілер (салт және сабақты, актив және пассив) бойынша сипатталатыны айтылады<sup>2</sup>. Моңғол және тұңғыс-маньчжур тілдерінде негізгі (тура) етістің сыртында етістің өзгелік, ырықсыз, ортақ және біргелік түрлері орын алады.

Түркі тілдерінде өздік етіс етістіктің негізіне *-(i/i, u/ú, e)n* жұрнағының жалғануы арқылы жасалып, қимыл субъектінің өзіне бағытталғанын көрсетеді. Негізінен сабақты етістіктердің шек-

<sup>1</sup> Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – М., 1988. – С.269.

<sup>2</sup> Санжеев Г.Д. Старописьменный монгольский язык. – М., 1964. – С.76; Санжеев Г.Д. Современный монгольский язык. – М., 1960. – С. 64.

теулі тобынан жасалатын өздік етістің таралу аясы көне және қазіргі түркі тілдерінде кең болып келеді. Бұл оның синтаксистік әлеуетінің жоғары деңгейіне және лексикалық мазмұнының ауқымына тікелей байланысты: көне түрк. *jarin-*, башқ. *jarin-*, қаз. *jabun-* «жабыну»; көне түрк., башқ. *jun-*, қаз. *juin-* «жуыну», көне түрк., башқ., қаз. *jaun-* «жағыну, бір нәрсені (баяуды, опа-далапты) жағу»; көне түрк., башқ., қаз. *sürtün-* «сүртіну, үсті-басын құрғату» т.б. Өздік етістің жасалуы кей жағдайда шұғыл түрде өтетін семантикалық жылжулармен, сөз тудырушы түбір-негіздің бастапқы лексикалық мағынасының сапалық тұрғыдан өзгеріске түсуімен қатар жүріледі<sup>1</sup>. Мысалы: көне түрк. *bürün-*, қаз. *bürken-*, тат., башқ. *bürkän-* «бүркену, орану» < *bür* «бүру, тарту, созу»; тат., қаз. *jasan-*, башқ. *jahan-* «жасану» < *jasā-* «істеу, жасау»; тат. *čišen-*, башқ. *sisen-*, қарашай-балқ. *tišen-*, қаз. *šəšin-* «шешіну» < *čiš-/šəš-/tiš-* «шешу, ағыту, босату» т.б.

Түркі тілдеріндегі өздік етістің *-n* қосымшасын моңғол тіліндегі *-ni-* тұлғалы етістіктермен, қазіргі моңғол тілінде *-nül-*, *nül-*, *-nā-*, *-ña-*, *-dzāni-* түрінде кездесетін көне *-ni-gul-*, *-ni-ga-*, *-ni-ja-*, *-ni-ji-*, *-žaga-ni* тәрізді туынды қосымшалармен тарихи тұрғыдан байланыстыра келіп, Г.Рамстедт оларды сөзжасамның бір ғана тектілік типінен өрбітеді: моңғ. *ülbü-ni* «аштан өлу» (салыс.: түрк. *öl-* «өлу», моңғ. *ölüs-* «ашығу»), моңғ. *silgi-ni-* «дірілдеу», түрк. *silkin-* «сілкіну» (салыс.: моңғ. *silge-ge-*, қалм. *šilgē-* «дүрсілкіну»; тұңғ. *silgi-wki* «безгек», корей. *siruk siruk ha-*, *silluk silluk ha-* «дірілдету»), гольд. *sagan-*, моңғ. *sam-* «жоғалу, біртіндеп жоғалу»; түрк. *urun-* «соқтығу», *uruniq-* «ұрыну» (*-n-uq* < *\*-ni-gi*); моңғ. *qa-nija-* «жөтелу», *inija-* «күлу» т.б. «Өздіктің *-ni-* тұлғасы әуелден-ақ есімнен де, етістіктен де сөз тудыратын қосымша болды» деген нақты пікірін ұсына отырып, Г.Рамстедт бұл қосымшаның қатысуымен тұңғыс тілдерінде сөзжасамның *sini-* және фактитив *-w-kān-*, *-pkān-*, *-ugān-*, *-uwān-* < *\*-bu-ga-ni* тәрізді екі типі қалыптасқанын айтады<sup>2</sup>.

<sup>1</sup> Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология.-М., 1988. – С.296.

<sup>2</sup> Рамстедт Г.Й. Введение в алтайское языкознание: Морфология / Пер.с нем. -М., 1957. – С. 150.

Түркі тілдерінде өзгелік етіс – *(i/i, u/ú, e)t, -tír/-tirl/-turl/-túrl/-ter, -(i/i, u/ú, e)r, -(i/i, u/ú, e)z-, -qız/-kız/-yız/-gız, -qız/-kuz/-yuz/-gúz, -qar/-kär-qir/-ker* жұрнақтарының көмегімен жасалып, іс-әрекеттің басқа біреу арқылы істелгенін білдіреді. Өзгелік етіс қосымшалары көп жағдайда салт етістіктерден немесе есімдерден сабақты етістіктер тудырып, сөзжасамдық қызмет атқарады. Өзгелік етістің бұл қосымшаларын И.В.Кормушин етістіктің каузативтік тұлғалары ретінде қарастырады. Ол чув., як. *-t(a)r-*, басқа түркі тілдерінде (оғыз, қыпш., солт.-шығыс, оңт.-шығыс) – *t(i)r-* түрінде кездесетін *-t(°)r-* қосымшасын, сондай-ақ барлық түркі тілдерінде дауыстыға және *-r, -l* дауыссыздарына аяқталған көп буынды негіздерге жалғанатын *-t-* қосымшасын қазіргі және көне түркі тілдерінде тіркелген 19-дай каузативтік морфемалардың біршама өнімділері қатарына жатқызады. Оның себебін И.В.Кормушин түбірнегіздің соңғы дыбысының фонетикалық ерекшелігімен емес, негіздің буын санымен байланыстырады: «Біздің ойымызша, каузативтік тұлға екі буынды болуға ұмтылатын тұстарда барлық бір буынды негіздерге *-t(°)r-*, ал екі буынды сақтап қалуға ұмтылатын кездерде дауыстыға, *-r, -l* және бірқатар тілдерде *-j, -n* аяқталған барлық екі буынды негіздерге буын санын көбейтпейтін *-t-* қосымшасы жалғанады»<sup>1</sup>.

Қазіргі түркі тілдерінде өзгелік етістің *-(°)t-* және *-t(°)r-* жұрнақтарының қолданылуында бірізділік байқалмайды. Мәселен, бұл екі қосымшаның *-(°)t-* тұлғасы чуваш және якут тілдерінде, ал *-t(°)r-* тұлғасы басқа түркі тілдерінде өнімді қолданылады. Көне түркі тілінде кеңінен қолданылған *-(°)t-* қосымшалы каузативтік етістіктер қазіргі түркі тілдерінде өнімді *-t(°)r-* жұрнағымен көмкеріледі: көне түрк. *ajit-*, қаз. *айттыр* (айтқыз), көне түрк. *basit-*, қаз. *бастыр*; көне түрк. *julut-*, қаз. *жұлдыр*; көне түрк. *keçit-*, қаз. *кештір* (су), көне түрк. *kežit-*, қаз. *кездір* т.б.

Якут және чуваш тілдерінде өнімді деп танылатын ашық дауыстымен келген *-t(a)r-* вариантының басқа түркі тілдерінде сақталуы орын алады: түрікм. *āğdar-*, түрік. *аудар-*, тат., қаз. *аудар-*, өзб. *ағдар-*, қырғ. *аңтар-*, қырғ. *оодар-*, як. *охтор-*, чув. *йавантар-*:

<sup>1</sup> Кормушин И.В. Каузативные формы глагола в алтайских языках // Очерки сравнительной морфологии алтайских языков. -Л., 1978.- С.12-23.



қырғ. оо- (<\*ав- <\*аг-); чув. йава- ~ жалпытүрк. \*ав- < \*аг- «аудару, төңкеру, ауып түсу (аттан)»; әзер. бүкдәр- // бүкдүр-, түрікмен. бөкдәр- // бүкдүр-, қаз. бөктер- // бүктір-, қырғ. бөктөр-, хак. нүктер < жалпытүрк. бүк» 1) бұзу; 2) бүктеу» т.б Кейбір түркі тілдерінде өзгелік етістің -(°) t- және -t(°) r- жұрнақтарының екеуі қатар қолданылады: түрік. . *acit-/acittir* > *acit-* «жан ашу», *arat-/arattir->ara-* «іздеу», *beklet-/beklettir* > *bekle-* «күту» т.б.

Каузатив --*qiz-/kiz-/yiz-/giz-/quz-/ku-zl-/yuz-/güz-* > *-k(°)z-* және --*qar-/kär-/qir-/ker-* > *-k(°)r-* қосымшалары қазіргі түркі тілдерін тұтастай қамтиды деуге болады. Өзгелік етістің бұл жұрнақтары қарлұқ және қыпшақ тобы тілдерінде жаппай, оғыз тобына жататын тілдерде сирек, солтүстік – батыс түркі тілдерінде ішінара хак. --*qiz-* және --*qir-*, сары ұйғ. --*qir-*, тува --*qiz-*, як. --*iar-<\*-gar-*) кездеседі. Мысалы: қаз. *jetkiz-*, қырғ. *jetkiz-* > *et-* ~ *jet* «жету»; өзб. *kijrgijz-*, қаз. *kirgiz-*, қырғ. *kirgiz-* > *kir-* «кіру»; қаз. *sojgiz-*, қырғ. *sojguz-*, өзб. *sūjguz* > *soj-* «сою»; қаз. *jazgır-*, қырғ. *jazgir-* > *jaz-* «жазу, жаңылу»; қаз. *azgır-* (*azdir-*), қырғ. *azgir-* (*azdir-*), > *az-* «азғындау, тура жолдан таю» т.б.

Түркі тілдерінде өнімсіз саналатын *-(i/i, u/ú, e) r* > *\*-(°)r-* және *-(i/i, u/ú, e) z* > *\*-(°)z-* каузатив жұрнақтардың қазіргі кезде жиі қолданылатын туынды етістіктер құрамында жиі кездесуі олардың бертінге шейін жаңа құрылымдар жасауға актив қатысқанын көрсетеді. Мысалы: әзер. *aşir-*, түркім. *āşir-*, түрік. *aşir-*, тат. *aşir-* / *aştir-*, қаз. *asir-*, өзб. *oşir-*, қырғ. *asir-* / *aştir-*, тув. *ajir-* / *aştir-*, як. *āsar-* «асыру, асырып тастау (белден, асудан), өткізу (судан); арттыру (санды, мөлшерді, бағаны)» > *aş-/as-* / *oš-* «асып өту»; әзер., түркім., түрік., тат., қаз., қырғ. *batir-*, өзб. *botir-*, тув. *badir-*, як. *batar-*, чув. *putar-* «батыру (суға, батпаққа)» > *bat-/bot-* / *bad-* «бату»; әзер. *damiz-*, тат., қаз., қырғ. *tamiz-*, өзб. *tomiz-* «тамызу» > *tam-* «таму»; әзер., өзб. *emiz-/emdir-*, қырғ., қаз. *emiz-/emgiz-*, алт. *emis-* «емізу, еміздіру» > *em-* «ему» т.б.

Каузатив *-(i/i, u/ú, e) r* > *\*-(°)r-* және *-(i/i, u/ú, e) z* > *\*-(°)z-* қосымшаларының өзара байланысы туралы ғалымдардың пікірі әртүрлі болып келеді. Мәселен, Н.А.Баскаков бұл қосымшаларды фонетикалық варианттар деп санаса<sup>1</sup>, И.В.Кормушин оларды алломорфтар емес, дербес морфемалар деп есептейді<sup>2</sup>.

1 Баскаков Н.А. Каракалпакский язык. Фонетика и морфология. Ч.2.-М., 1952. С. 345

2 Кормушин И.В. Каузативные формы глагола в алтайских языках // Очерки сравнительной морфологии алтайских языков. -Л., 1978. – С.36.

Моңғол тілдерінде өзгелік етіс қосымшаларының қолданыс аясы сан жағынан әртүрлі болып келеді. Айталық, Ганьсу-Цинхай тобына енетін монғор, дунсян, баонь т.б тілдерде өзгелік етістің негізінен *-ya-/l-ya-* деген екі қосымшасы көрсетілетін болса, көне моңғол жазба тілінде *--gul-,lga-,qa-/ke-, -ya-/ge-*, қазіргі моңғол тілінде тілінде *ül-/ül-, -ya-/ge-, -l-ya-/lge-, -ā-/ē-, -yā-/gē-* қосымшалары орын алады<sup>1</sup>. Мысалы: көне моңғ. *qaragül-* «көрсету», *medegül-* «білдіру, хабарлау», *negülge-* «көшіру», *qarajilga-* «секірту», *bosqa-* «көтеру, тұрғызу», *öske-* «өсіру, жетілдіру», *kürge-* «жеткізіп салу, шығарып салу», *bolgo-* «болдыру»; қазіргі моңғ. *javül-* «жүргізу», *garga-* «сыртқа шығару», *bülga-* «түсіру», *qatā-* «кептіру», *inagā-* «құлату»; монғор. *činalya-* «пісірту», *idželya-* «көрсету», *šdžil-* «жүргізу», минхэ диалек. *suya-* «отырғызу», *bosya-* «тұрғызу» т.б.

Тұңғыс тілдерінде өзгелік етістің өнімді *-vkān-/ukān-/ -pkān/-mukān- > \*-bkān- ~ \*-b(u)kān-, -ukān- -bovan-/buven- > \*-bu-+ -van/-ven, -un- > \*-bu-+ -n және өнімсіз -bu- ~ -mu- ~ -vu- ~ -u- жұрнақтары орын алады: эвенк. *garkān-* (*gavkān-*) «алдыру» > *ga-* «алу», эвенк. *surupken-* «кетіру» > *suru-* «кету», нанай. *bajambovan* «байыту» > *bajan-* «баю», ульч. *bakavambu-* «таптыру» > *baka-* «табу», орок. *danaun-* «алдыру» > *dana-* «алу», орок. *depun-* «жемдеу» > *dep-* «жеу», нанай. *agbimbo-*, ульч. *agbumu-/agbumbu-* «жету, алу» > *agbun-* «көріну, шыға келу», нанай., ульч. *guru-* «сөндіру» *gur-* «сөну», ороц. *bajamu-* «байыту», эвен. *alivu-* «табыстау, жеткізу», т.б.*

Маньчжур тілінде өзгелік мәнді өнімді *-bu-* және өнімсіз *-mbu-* қосымшалары білдіреді. Бұл қосымшалар өзгелік және ырықсыздық мағынада қатар жұмсалады: *alabumbi* «айттыру»; *alabu* - 1) «айтқызу»; 2) «айтылу» Д) *tuabu-* «бір нәрсені көруге көндіру»; 2) «көріну»; *žebu* - 1) «жегізу»; 2) «желіну» т.б.<sup>2</sup>

Өзгелік етіс қосымшаларының қазіргі түркі және моңғол тілдерінде сан түрлі болып келу себебін В.Котвич: «Каузатив қосымшалардың қазіргі құрамы ұзақ уақытқа созылған дамудың

<sup>1</sup> Тодаева Б.Х. Монгорский язык.- М., 1973. – С.98; Санжеев Г.Д. Старописьменный монгольский язык. – М., 1964. -С.76; Санжеев Г.Д. Современный монгольский язык. -М., 1960. – С. 64.

<sup>2</sup> Аврорин В.А. Грамматика маньчжурского письменного языка.-Санкт-Петербург, 2000.-С 181.

сондай-ақ түркі және моңғол тілдерінің бір біріне тигізген өзара әсер-ықпалының нәтижесі болуы мүмкін» – деп түсіндіреді. Сондай-ақ «өзгелік етістің басты жұрнағы *-ga-* тұлғасының негізінде ықтиярсыздық мәні күшті құранды *-lga-* (< *-l-* + *-ga-*) қосымшалы негіз қалыптасты» деген Г.И.Рамстедт пікіріне сүйене отырып<sup>1</sup>, В. Котвич етістің басты қосымшалары негізінен жаңғыртуға болатын өлі категорияларға жататынын, олардың бастапқы тұлғасы алтай тілдерінде қазіргі қолданыстағы құранды қосымшалар құрамында сақталып отырғанын айтады<sup>2</sup>.

Тұңғыс тілдеріндегі *\*-b(u)kān-*, *\*-bu+-van-* және *-ukān-* (*\*-bu->vu->ū-* ~ *-u-*) жұрнақтарының тарихи құрандылығы және каузатив *-bu-* тұлғасының тұңғыс-маньчжур тілдеріне ортақтығы алтаистикада басы ашық мәселе болып саналады. Мәселен, Г.И.Рамстедт, Н.Н.Поппе зерттеулерінде *\*-b(u)kān->\** *-bu+-kan-* жұрнағының екінші сыңары *-kan-* (> *ka+-n-*) құранды қосымша тұрғысынан сипатталады<sup>3</sup>

И.В.Кормушин өзгелік етіс тұлғаларына түркі, моңғол және тұңғыс-маньчжур тілдері материалдары негізінде реконструкция жасай келіп, алтай тілдерінің түркілік бұтағы үшін *\*-(°)t-*, *\*-bu-*, *\*-(°)k-*, *\*-(°)z-*, *\*-(°)r-*, моңғол бұтағы үшін *\*-bu-* және *\*-k(°)-*, тұңғыс-маньчжур бұтағы үшін *\*-bu-* немесе *\*-b(°)-*, *\*-k(°)-* қосымшаларын қайта қалпына келтірілген каузативтік тектілік тұлғалар ретінде көрсетеді. Бұлардың арасынан И.В.Кормушин *\*-b/pu-* және *\*-k/ga-* тұлғаларын жалпыалтайлық деп тануға болатынын айтады<sup>4</sup> Ал С.А.Старостин каузатив *\*-r-*, *\*-t-*, *\*-b-*, *\*-g-* тұлғаларын алтай тілдерінің бәріне ортақ арғыалтайлық тектілік қосымшалар ретінде көрсетеді<sup>5</sup>.

<sup>1</sup> Рамстедт Г.И. Введение в алтайское языкознание: Морфология / Пер.с нем. -М., 1957.- С. 151.

<sup>2</sup> Котвич В. Исследование по алтайским языкам.-М., 1961. – С.199.

<sup>3</sup> Рамстедт Г.И. Введение в алтайское языкознание: Морфология / Пер.с нем. -М., 1957. С. 157; Poppe N. Uber einige Verbalstamm-bildungssuffixe in den altaichen Sprachen.// Orientalia Suecana, 1972,XXI. -Uppsala, 1973,- S.124,130.

<sup>4</sup> Кормушин И.В. Каузативные формы глагола в алтайских языках // Очерки сравнительной морфологии алтайских языков. -Л., 1978. – Б. 87.

<sup>5</sup> Starostin S., Dybo A., Mudrak O. Etymological dictionary of the altaic languages. – Brill Leiden, Boston, 2003. – Т. 1-3. 2-т.; Т.1. – С. 259.

Ырықсыз етіс түркі тілдерінің басым көпшілігінде етістіктің негізіне *-(i/i, u/ü, e, o/ö)* *l* қосымшасының, кей жағдайда, мәселен, ауслаут немесе инлаут шенде *-l* дауыссызы кездесетін түбір-негіздерге *-(i/i, u/ü, e)n* жұрнағының қосылуы арқылы жасалып, іс-әрекет, қимыл өздігінен істелгендей мән тудырады. Мұнда істің, қимылдың нағыз иесі – субъект көбінесе нақты көрсетілмейді, бірақ оның тасада тұрғаны айқын сезіледі. Ырықсыз етістің *-l* қосымшасы көне тұлға болып саналатын болса, *-n* тұлғасының фонетикалық шартты қолданысы, яғни якут, қазақ, түрік сияқты жекелеген қазіргі түркі тілдерінде, сондай-ақ кейбір жазба ескерткіштер тілінде кездесуі оның диссимиляцияға қатысты алломорф ретіндегі екіншілік тегін көрсетеді. Мысалы: көне түрк. *alin-* «алыну» > *al-* «алу», *başlan-* «басталу» > *başla-* «бастау», *itil-* «жетілу, өсу» > *it-* «итеру», *üzäl-* «өлу, үзіліп кету» > *üz-* «үзу, жұлу»; қаз. *kijin-*, түрік. *gijin-* «киіну» > *kij-/gij-* «кию», қаз., тат., ұйғ. *čayil-* «шағылысу (күнге)» > *čağ-* «ұшқын шығару»; қаз. *šesil-*, башқ. *sisel-* «шешілу» > *šes-/sis-* «шешу, ағыту» т.б.

Түркі тілдерінде ырықсыз етістің *-l* тұлғасы тек ырықсыздықты білдіріп қана қоймайды, сонымен қатар негізгі етістің шеңберіне еніп, сөзжасамдық мақсатта да кеңінен қолданылады. Мұндай жағдайда ол есімнен туындаған етістіктерге «есім негіз атаған қасиетке ие болу» деген мәндегі типтік сөзжасамдық мағына үстемелеп, қимыл-әрекеттің қалып-күйін білдіру қызметін атқарады. Мысалы: көне түрк. *amril-* «тынығу» > *amri* «үнемі, қашанда», *čabil-* «атақ даңқы шығу» > *čab* «атақ, даңқ», *qutul-* «құтылу, босау» < *qut* «құт», әзер. *düzäl-*, қбалқ., құм., ноғ., қаз. *tüzel-*, тат. *tözal-*, баш. *tödäl-* «бойын тіктеу, жөнделу, түзелу; қоңдану» > *tüz/töz* «түзу»; әзер. *sayal-*, түрік. *soyal-*, чув. *sibäl-* «сауығу, сақаю» > *say(a)* > *soy, sibä* «денсаулық» т.б.

Тұңғыс және моңғол тілдерінде де көне деривациялық *-l* тұлғасының есімнен етістік тудырып, сөзжасамдық қызметте жұмсалуды байқалады<sup>1</sup>: тұңғ. *namal-* «жылыну» (*nam* «жылы»), *hekul-* «ысу» (*heku* «ыстық»), моңғ. *ötel-* «қартаю» (*öte-gü* «қарт»). Қазіргі моңғол тілдерінде *-l* күрделі қосымшалар құрамында жиі кезде-

<sup>1</sup> Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология.-М., 1988. – С.303.

седі. Дербес көне қосымша ретінде XIII-XIV ғ. моңғол мәтіндерінде өнімді қолданылған *-l-* дағур тілінен басқа моңғол тілдерінде өлі қосымшаға айналған деуге болады. Әйтседе актив және пассив етістіктер жасауда моңғол тілдері бұл қосымшаға жиі жүгінеді

Түркі тілдерінде екі немесе одан да көп субъектілердің бірлесіп жасаған іс-әрекетін, қимыл-қозғалысты білдіруде бір-бірімен тығыз сабақтастықтағы ортақ және біргелік етістердің *-(/i/i, u/ü)š* және *-(/i/i)s* жұрнақтары қолданылады.

Түркологиялық әдебиеттерде *-š-* түрік, түрікмен, гагауыз, өзбек, ұйғыр тілдерінде және ертеректегі жазба ескерткіштер тілінде сақталған көне тұлға ретінде көрсетіледі де, ал оның басқа алломорфтары таңдай алды (*/i/i, u/ü, e*) және ерін дауыстылардың (башқ. *e > ø, y > ø*) үндесуіне негізделген варианттылық, я болмаса олардың кеңеюі (мәселен, әз. *-aš<- iš<\*-uš, -əš<- iš<\*- üš*; башқ. *-laš/-läš*, қаз. *-las/-les (-la/-le+š/-s)*,- кей жағдайларда, айталық, *\*š > s* (қаз., ққалп, ноғ., сал. хак., як. т.б.) *> h* (як. *\*š > тув. z*) тәрізді фонемологиялық дамудың нәтижесі ретінде түсіндіріледі.

Көне және қазіргі түркі тілдерінде *-š* тұлғасы: 1) көптік мағынада; 2) біргелік мәнде (іс-әрекеттің бір-біріне ілесе алатын субъектілер арқылы жүзеге асуы) және ортақтастық мағынада (қатарласа жүрілетін тектес іс-әрекеттердің екі немесе одан көп субъектілер арқылы жүзеге асуы немесе субъектілердің іс-әрекетті жүзеге асыру үшін бір-біріне көмектесуі); 3) деривациялық мақсатта қолданылады. Бұлардың барлығына, түптеп келгенде, етістік арқылы көрініс беретін *-š* тұлғасының көптік мағынасы ұйтқы болғаны сөзсіз. Демек, *-š* тұлғасының біргелік және ортақтықты білдіретін мағынасы көптік мағынаның тарылуын көрсетеді<sup>1</sup>. Демек, түркі тілдерінде етістің *-š* тұлғасы арқылы іс-әрекет, қимыл-қозғалыс етістіктеріне үстемеленетін ортақтық, біргелік және көптік мағыналарда бір-бірімен қиюласу, ұштасу байқалады. Мысалы: көне түрк. *qariš-* «қарсы тұру, қарсыласу», *ökläš-* «соғысу, оқтасу»; орта түрк. *čiqiš-* «біреудің бір жағына шығысу; біреумен бірге сыртқа шығу», *ičiš-* «ішісу», *joriš-* «жарысу»; түркім.

<sup>1</sup> Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология.-М., 1988. – С. 314.

*jašaš-* «бірге өмір сүру, бірге жас жасасу»; қаз. *jügüris-* «жүгірісу», қырғ. *čabuš-* «ат жарысқа қатысу, шабысу», түркім. *giriš-*, өзб., қырғ. *kiriš-*, ққалп., ноғ., қаз. *kiris-* «бір іске біреулермен бірлесе отырып қатысу, кірісу» т.б.

Түркі тілдерінде тектес қимыл-қозғалыстардың қалып-күйін (үдемелі, қайталама, қысқа қайрылған) білдіруде *-š* тұлғасының біргелік, ортақтық мәні жойылып, оларға негіз болған көптік мағына біртіндеп деривациялық дербес мағынаға айналғаны байқалады. Мысалы: көне түрк. *quruš-* «құрысу» > *quru* «құрғақ», орта түрк. *öliš-* «малшыну(су)» > *öli-* «дымдану», башқ. *davlaš-* «дауласу» > *dav* «дау, жанжал» т.б. Дейтұрғанмен *-š* тұлғасының іс-әрекет, қимыл-қозғалыстың қайталануын, жиілігін, ортақтығын білдіретін бастапқы мағынасы чув. *vales-* «үлестіру, бөлісу» < \**vale-s-*, көне түрк., түрікм. *üle-* «бөлу; таратылу; үлестірілу», тат. *olds-* «тарату; үлестіру»; чув. *junes-* «бағасын ақтау, шыққан шығынды ақтау» < \**june+-s* < \**jun-e* (чув. *junel-* «арзандау, бағасы түсу», *junet-* «арзандату, бағасын түсіру», тат., башқ. *jun, jun vales-* «үлестіру, бөлісу» < \**vale-š-*, көне түрк., түркім. *üle-* «бөлу; таратылу; үлестірілу», тат. *öläš-* «тарату; үлестіру»; чув. *jüneš-* «бағасын ақтау, шыққан шығынды ақтау» < \**jüne+-š* < \**jün-e* (чув. *jünel-* «арзандау, бағасы түсу», *jünet-* «арзандату, бағасын түсіру», тат., башқ. *jün, jünä* «арзан») тәрізді етістіктерде сақталғаны айқын сезіледі<sup>1</sup>.

Моңғол және тұңғыс-маньчжур тілдерінде біргелік және ортақ етістің қосымшалары түркілік *-š* тұлғасымен тұрпат меже тұрғысынан дәлме-дәл сәйкеспегенімен, мазмұн меже тұрғысынан алғанда толыққанды типологиялық ортақтықты көрсете алады. Осы орайда, біріншіден: түркі тілдерінде *-š* тұлғасы ғана емес, *-l* тұлғасы да көптіктің көрсеткіші екенін, екеуінде де жинақтау, топтау, көбейту мәні барын және олар бірінің орнына бірі жұмсалатынын (көне түрк. *ükül-* «үлкею, көбею» ~ *üküş* «көп, мол», *teril-* «теру, жинау» ~ *teriš-* «терісу, жинасу»; қаз. *tanił-* «танылу» ~ *taniš-* «танысу»); екіншіден: *-š* > *-l* гипотезасына арқау болған *l* ~ *š* сәйкестігі түркі тілдерінің өз ішінде (көне түрк. *jetil-* ~ қаз. *žetis-* > *žetil-*, башқ. *jeteš-* «жетілу, әбден пісу, толығы»; көне түрк. *uruš-* «соғысу» > *urul-* «ұрыну, соқтығысу» ~ қаз. *urus* «соғыс» > *urul-*

<sup>1</sup> Левитская Л. С. Историческая морфология чувашского языка. - М., 1976. - С. 167.

«ұрылу») және түркі, моңғол тілдері арасында () орын алатынын; үшіншіден: *l* ~ *š* сәйкестігі сөздің аулау шенінде рудиментарлық із қалдырғанын (түрк. *qoş-* «қосу» > *qoş* «қос-қостан» ~ моңғ. *qol-iq* «араластыру» ескерсек, моңғол тіліндегі біргелік етіс (көне моңғ. *-ldu/-ldü-*, халха моңғ. *-ld-*, монғор. *-lde-*: *qarbuldu-* «атысу (садақпен)», *tülkildü-* «итеру (бірін-бірі)», *barild-* «ұстасу, күресу», *būdald-* «атысу (мылтықпен)», *bulilde-* «тартып алу» т.б.) пен ортақ етіс (көне моңғ. *-lčal/-lče-*, халха моңғ. *-lts-*, монғор. *-ldi*: *γaurlča-* «біреумен сыртқа шығу», *kelelče-* «келісу», *sülts-*» біреумен бірге отыру», *orolts-* «кірісу», *kılts-* «істесу» т.б.) қосымшалары мен түркі тілдеріндегі біргелік, ортақ етіс жұрнақтары мағыналық-құрылымдық тұрғысынан ұқсас болып келеді. Басқаша айтқанда, моңғол тіліндегі ортақтық-біргелік мән арқалаған *-lča-*, *ld-* жұрнақтары құрамындағы *-l-* тұлғасын көптіктің көрсеткіші деп санай отыра, *-lča-* қосымшасына тарихи-фонетикалық және семантикалық тұрғыдан түркілік *-š-* жұрнағы сәйкеседі және олардың түптегі көптіктің қосымшасына барып саяды деп білеміз.

Моңғол тілінде ортақ етісті жасайтын *-ča-* тұлғасының біргелік, ортақтық мәнді білдіретін түркілік *-š-* тұлғасымен тарихи тұрғыдан толық сәйкесетінін Г.И.Рамстедт те айтады, әйтседе ол *-lča-* қосымшасы тарихи тұрғыдан *-l-* тұлғасына аяқталған түбір етістікке *-ča-* тұлғасының кірігуі негізінде жасалған деп түсіндіреді<sup>1</sup>.

Маньчжур тілінде ортақ етіс *-nu*, *-čal/-čel/-čo* жұрнағының, біргелік етіс *usqunde* «бір-бірін, екіжақтан бірдей», «қарсы» үстеуімен семантикалық байланыстағы *-ndu* қосымшасының көмегімен жасалады: *-ndu-*: *kindulendu-* «бір-біріне сый-құрмет көрсету», *kimondu-* «бір-бірімен жауласу», *ajsilandu-* «бір-біріне көмектесу», *afandu-* «біріне-бірі қарсы соғыс ашу» т.б.; *-ča-*: *omiča-* «бірге ішу», *gisureče-* «бірге сөйлесу, ақыл қосу», *dendeče-* «бөлісу», *atgača-* «бірге ұйықтау», *икача-* «бірге қашып кету», т.б. Бұл екі етіс тұлғаларының арасына қатаң шек қойылмайтындықтан, маньчжур жазба тілінде олардың кей жағдайда бірінің орнына

<sup>1</sup> Рамстедт Г.И. Введение в алтайское языкознание: Морфология / Пер.с нем. -М., 1957. С. 153.

бірі жұмсалуды<sup>1</sup>, яғни әртүрлі жұрнақтың бір түбір негізден синонимдік тұлға жасауы сирек те болса кездеседі<sup>2</sup>: *te-* «отыру» > *tendu-* / *tenu-* / *teče-* «бәрі бірге отыру», *ša-* «қарау, көру» > *šandu-* / *šanu-* / *šača-* «көрісу», *sa-* «тану, білу» > *sandu-* / *sanu-* «бірін-бірі білу, танысу», *žōla-* «кеудесіне қолын қою» > *žōlandu-* / *žōlača-* «кеудесіне қолын қойып, тағзым ету» т.б.

Ортақ және біргелік етістің қосымшаларында көптік реңкінің бар екенін тұңғыс тілдеріндегі біргелік-ортақтық мәнді етіс жасайтын *-ča-* (*ṅōrča-/mōrča-/nōrča-* «соғысу», ), *-māt/-č-*, *-māt/-č-* (*bāmāt/-č-* «бірін-бірі өлтіру», *bū-māt/-č-* «алыс-беріс жасау»), *-ldi-* (*žava-ldi-* «қол ұстасу, жетектесу», *ulgič ā-ldi-* «келісу») қосымшаларынан да байқауға болады<sup>3</sup>.

Қорыта айтқанда, алтай тілдеріндегі етіс категориясы негізінен сөзжасамдық сипатта болып келеді. Морфологиялық құрылым-құрылысы жағынан өте жақын болып келуіне қарамастан, бұл категория материалдық бірдей көрсеткіштерге келгенде сараңдық танытады. Тек біргелік және ортақ етістің түрк. *\*-š-> -s-*, *-iš-* /- *iš*, *-uš-* /- *úš-*, *-is-* /- *is*, *-las-* /- *les-* (*-la/-le+š/-s*), моңғ. *-ld-*, *-ldu/-ldü-*, *-lde-*, *-lča/-lče-*, *-lts-*, тұңғ. маньч. *-č-*, *-ča-* /- *če-* /- *čo-*, *-ldi-* қосымшаларында іс-әрекетті жүзеге асырушы субъектілерге қатысты болып келетін көптік реңк семантикалық ортақтыққа, ал тіларалық *l ~ š ~ č* дыбыстық сәйкестігі тұрпат межелік ұқсастыққа арқау болады.

## § 11. Етістіктің түрі және әрекет-қимылдың өту амалын білдіретін тұлғалар

Үндіеуропа тілдеріне қатысты компаративистикалық бағыттағы зерттеулерде етістіктің түрі дербес категория ретінде қарастырылатын болса, алтаистикалық бағыттағы зерттеулерде алтай

<sup>1</sup> Пашков Б.К. Маньчжурский язык.-М., 1963. – С.34

<sup>2</sup> Аврорин В.А. Грамматика маньчжурского письменного языка.-Санкт-Петербург, 2000. С.184

<sup>3</sup> Рамстедт Г.Й. Введение в алтайское языкознание: Морфология / Пер.с нем. -М., 1957. – С. 153; Цинциус В.И. Негидальский язык. – Л., 1982. – С.23; Насилов Д.М. О способах выражения видовых значений в алтайских языках // Проблема общности алтайских языков. – Л., 1971. – С. 366-376.



тілдеріндегі етістіктің түрін көрсететін тұлғалар іс – әрекет, қимылдың өту амалдарын танытатын формалар ретінде сипатталып, олардың мағыналары көбіне-көп етістіктің түр-шақтық жүйесі шеңберінде айқындалады<sup>1</sup>.

Түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур тілдік топтарына енетін жекелеген тілдердің сипаттамалы грамматикаларының, сонымен қатар іс-әрекеттің өту амалына қатысты арнайы зерттеулердің барына қарамастан, алтай тілдерінде етістіктің түрін көрсететін тұлғалар мен олардың семантикалық-мазмұндық құрылымын тереңдеп зерттеу күні бүгінге дейін өзекті қалпында қалып отыр деуге болады. Бұл мәселеде, әсіресе, үндіеуропа тілдеріндегі түр категориясына қатысты үлгіні сол қалпында қабылдаудан бас тарту, сөйтіп алтайлық тілдерде іс-әрекеттің басталуын, созылықтың, үдемелілігін, жиілігін, қайталануын, аяқталуын, бітуін т.б. білдіретін формаларды әр тілдің немесе тілдік топтың өзді-өзінің етістік категориясына тән заңдылықтар тұрғысынан зерделеуге назар аудару қажеттігі туындайды.

XX ғасырдың 30-40 жылдарынан зерттеле бастаған түркі тілдеріндегі етістіктің түріне қатысты мәселеде пікір қайшылығы орын алады. Кейбір ғалымдар «түркі тілдерінде орыс тіліндегідей етістіктің түр категориясы бар» десе, енді бірі «түр категориясы түркі тілдеріне тән емес, алайда іс-әрекеттің әртүрлі реңкін көрсететін формалар бар» деп санайды. Қайсы біреулер «түркі тілдерінде түр категориясы бар, бірақ түркі тілдерінің табиғатына байланысты басқа тілдермен, соның ішінде славян тілдерімен салыстырғанда өзгешелеу болып келеді» дейді<sup>2</sup>. Мұндай әртүрлі пікірлердің арасынан «етістіктің түр категориясы түркі тілдеріне тән емес» деген пікір түркологияда үзілді-кесілді орнықты деуге де болады. XX ғасырдың соңы, XXI ғасырдың басында жарық

<sup>1</sup> Насилов Д.М. Формы выражения способов глагольного действия в алтайских языках // Очерки сравнительной морфологии алтайских языков. -Л.,1978. С.88-177;

<sup>2</sup> Серебренников Б.Я. Проблемы глагольного вида в тюркских языках // Вопросы грамматики тюркских языков. – Алма-Ата, 1958. – С. 26- 38; Ганиев Ф.А. Видовая характеристика глаголов татарского языка.-Казань,1963; Юлдашев А.А. Аналитические формы глагола в тюркских языках. -М.,1965; Сайкиев Ж.М. Грамматические категории глагола в русском и казахском языках (к проблеме типологических исследований).- Алма-Ата, 1973; Насилов Д.М. Еще раз о виде в тюркских языках (к истории вопроса) // Тюркология. К.70-летию акал. А.Н.Кононова.- Л. 1976.

көрген жаңа грамматикалардың көбінде түр категориясы мүлдем сөз болмайды, бола қалған күнде де етістікті күрделі конструкциялар мазмұн меже тұрғысынан іс-әрекеттің өту амалына қатысты қарастырылады<sup>1</sup>.

Түркі тілдерінде түр категориясы болмағанымен, оның орнын тарамдала дамыған іс-әрекет амалдарының жүйесі және жетілген шақ жүйесі баса алады<sup>2</sup>. Демек, түр категориясынан бас тарту, сайып келгенде, түркі тілдеріндегі етістіктің түр-шақтық тұлғаларын, іс-әрекеттің жүзеге асу амал-тәсілдерін және олар білдіретін мән-мағыналарды жете зерттеуге мүмкіндік береді. Мәселен, қазақ тілінің морфологиясына қатысты зерттеулерде «түр категориясы қазақ тіліне тән емес» деп көрсетіледі де, есесіне, етістік негізіне үстемеленетін әрқилы грамматикалық формалар арқылы іс-әрекет, қимыл-қозғалыстардың өту процесі дәл, тура сипатталатынына айрықша ден қойылады. Мұнда амалдың (қимылдың) өту сипаты категориясының көрсеткіштері ретінде қарастырылатын арнайы жұрнақтар мен етістіктің аналитикалық форманттары түбір семантикасына іс-әрекет, қимыл-қозғалыстың бағыты мен бағдарын, мезгілі мен мезетін, ыңғайы мен орайын, тыңғылықтылығы мен тиянақтылығын, үстірт немесе шалағай екенін, жедеқабыл мен қарбаластығын, орындалуы мүмкін немесе орындалуы мүмкін еместігін, үздік-создықтығын, асығыстығы мен жайбырақаттылығын, бәсеңдігі мен үдемелілігін т.б. білдіретін реңкі үстемелейтін грамматикалық формалар тұрғысынан сипатталады<sup>3</sup>.

Қазақ тілінде амалдың өту сипаты категориясының арнайы жұрнақтары бар. Мәселен, *-lal/-lel/-dal/-del/-tal/-te* және *-qilal/-kilel/-*

<sup>1</sup> Насилов Д.М. Формы выражения способов глагольного действия в алтайских языках (в связи с проблемой глагольного вида) // Очерки сравнительной морфологии алтайских языков.-Л., 1978. – С.101.

<sup>2</sup> Тихонов А.Н. Существует ли категория вида в тюркских языках // Актуальные вопросы современного языкознания и лингвистическое наследие Е.Д.Поливанова.-Самарканд, 1964. – С. 206.

<sup>3</sup> Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 1974; Әбуханов Ғ. Қазақ тілі. – Алматы, 1982; Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы, 1998; Оралбаева Н. Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттарының құрлысы мен мағынасы.- Алматы, 1979; Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007.

*γīla/-gile* өзі жалғанатын түбір етістіктің немесе етістік негізінің лексикалық мағынасына іс-әрекет, амалдың қайталануын, үсті-үстіне еселенуін, үдеуін білдіретін реңк дарытатын болса (*topele, ijke-le, sabala, atqīla, keskile, šarqīla*), іс-әрекет, қимылдың сирек қайталануын *-malal-melel-balal -belel-palal-pele* (*kötermele, tizbele, qazbala, bastırmala*), жиілеуін *-γišta/ -qışta/-kiştel/-gište* (*barγišta, kelgište, qoryašta*), біртіндеп үдей түсуін *-iñqıral/-iñkirel/-ñqıral/-ñkire* (*bariñqıra, aliñqıra, beriñkire*), толымсыздығын *-ımsıral/-ımsirel/-msıral/-msire* (*külimsire, jilamsıra*) тәрізді құранды қосым-шалар білдіреді<sup>1</sup>.

Амалдың өту сипаты категориясының екінші түрі аналитикалық форматтар арқылы жасалады және олар қазақ тілінде сан жағынан мол әрі саналуан болып келеді. Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттарды арнайы зерттеген Н.Оралбаева оларды құрылысына қарай жалаң және күрделенген, құрам ұқсастығына қарай ортақ қосымшалы аналитикалық форманттар және көмекші етістіктері ортақ аналитикалық форманттар деп топтастырады. Н.Оралбаева: «Жалаң аналитикалық форманттардың құрамы бір морфемадан басталып, үш морфемаға жетеді, бірақ олардың бәрінде көмекші сөз саны бірден аспайды: *кел-е бер, айт-а сал, оқы-п жүр, бар-ып еді* т.б. Негізінен екі морфемалы етістіктің аналитикалық форманттарының бірігуінен тұратындықтан, күрделенген аналитикалық форманттар құрамында екі бірдей көмекші сөз болады: *-п қоя бер, – п жүре бер, -п бара жатыр, -п кеп қал, -са игі еді* т.б.» – дейді. Ортақ қосымшалы аналитикалық форманттардың өзін көсемшелі (*-а бер, -п бер, -а қал, -ғалы отыр* т.б.), есімшелі (*-ған бол, -мақ бол, -атын бол, -р болса, -ушы болма, -мақ еді, -ған еді, -атын еді* т.б.), шартты (*-са болды, -са еді, -се екен* т.б.) деп іштей үш топқа жіктей отыра, Н.Оралбаева қазақ тілінде 70-тей көсемше арқылы жасалған аналитикалық форманттардың бар екенін, яғни аналитикалық форманттарды қалыптастыруда көсемшенің үлес салмағы есімшеге қарағанда ерен екенін, ал шартты аналитикалық форманттар құрамында шартты райдың *-ca/-ce* жұрнақтары өз мағынасын сақтамай, қалау тілек мағынасына көшкенін айтады<sup>2</sup>.

<sup>1</sup> Қазақ тіл білімінің антологиясы: *Ысқақов А.* Қазіргі қазақ тілі.-Павлодар, 2010. – Б.346.

<sup>2</sup> *Оралбаева Н.* Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттарының құрлысы мен мағынасы.- Алматы, 1979. – Б.51-76.

А.Ысқақов қазақ тіліндегі аналитикалық форманттар тарихи тұрғыдан үш түрлі нұсқаға (модель) барып саятынын атап көрсетеді<sup>1</sup>:

1- нұсқа: көсемшенің *-ын(-in,-n)* және *-а(-e,-ü)* жұрнақтары мен толымды көмекші етістіктерден құралатын форманттар: *айт-а жөнелді, айт-а алды, айт-ын бақты, айт-ын шықты, айт-ын берді* т.б.;

2 – нұсқа: идиомаланған тұтас бір күрделі морфема (көрсеткіш) есебінде жұмсалатын *-айын (-ейін, -йын)* және *де-* етістігінің қатысуымен жасалған формант. Бұл формантқа басқа да қосымша формалардың үстемеленуі негізінде амалдың өту сипатының сан алуан реңкі саралана түседі. Мысалы: *жел басыл-айын де-ді; жел басыл- айын де-п келеді; жел басыл-айын де-ді білем; жел басыл-айын де-п еді* т.б.

3 – нұсқа: есімше, көсемше (кейбір түрі), рай жұрнақтары мен *еді, екен* көмекші етістіктерінен құралатын форманттар: *айт-қан еді; айт-ар еді, айт-атын еді; айт-қы-сы кел-ін еді; айт-са еді; айт-қан екен; айт-атын екен; айт-қы-сы кел-ін пе екен* т.б.

Амалдың, іс-әрекет, қимыл-қозғалыстың өту барысы белгілі бір мерзімге қатысты сатылы процесс болатындықтан, оның басталу сәтін көрсетуге көсемшелі негізгі етістіктің *баста, жөнел, бер* тәрізді көмекші етістіктермен тіркесуі (*айта бастады, шаба жөнелді, жылап қоя берді*), өту, жасалу үстінде екенін білдіруге *бар, кел, тұр, отыр, жатыр* сияқты амалдың жай-күйін көрсететін етістіктердің көсемшелі негізгі етістікке тіркесуі (*бар-а жатыр, кет-ін бар-а жатыр, өс-ін келеді, кір-ін кел-е жатыр*), аяқталу кезеңін жасауға көсемшелі негізгі етістік пен *біт, бол, кеш, қал, шық* тәрізді көмекші етістіктердің тіркесуінен жасалатын (*айт-ын шық-ты, піс-ін кетті, жазып болды*) күрделі аналитикалық форманттар қатысады.

Аналитикалық формалар түркі тілдеріне тән сөз формаларының бірі екенін атап айта отыра М.Томанов, олардың грамматикалық мәнді білдірудегі басты ерекшеліктері ретінде<sup>2</sup>:

<sup>1</sup> Қазақ тіл білімінің антологиясы: *Ысқақов А.* Қазіргі қазақ тілі.-Павлодар, 2010. – Б.346; Б. 347-356.

<sup>2</sup> *Томанов М. Т.* Вопросы исторической морфологии казахского языка. Автореф. ... док. филол. наук.-Алма-Ата, 1975. – С.13.

- 1) дерексіз мәннің көмескі тартып, көбінесе деректі әрекетке қосымша мән үстемелеу басым болып отыруын;
- 2) грамматикалық тұрақтылықтың лексикалық тұрақтылықпен ұштасуын;
- 3) тіркестердің екі, үш, кейде одан да көп сөздерден құралуын;
- 4) аналитикалық формалар құрамындағы көмекші қызметтегі етістіктер тек сол контекст құрамында ғана көмекші мәнде жұмсалатынын, әйтпесе олар басқа ыңғайда дербес сөздер ретінде қолданыла алатынын;
- 5) аналитикалық формалардың көпшілігі етістіктердің белгілі бір семантикалық топтары айналасында ғана болып отыруын;
- 6) аналитикалық тіркестердің грамматикализациялануы да біркелкі болып келмейтінін атап көрсетеді.

Көсемше тұлғалы негізгі етістік пен көмекші етістік-модификаторлардың тіркесуінен тұратын етістіктің аналитикалық формалары түркі тілдерінде әрекеттің, қозғалыстың, қимылдың жасалу барысындағы бір күйден екінші бір күйге өтудегі өзгерістерді білдірудің басты және негізгі құралы саналады. Негізгі етістік арқалаған мағынаға іс-әрекет, қимылдың ұзақтығы, бір-біріне ұласуы, аяқталуы, толымдылығы, нәтижелігі т.б. алуан түрлі сипатына қатысты мән үстемелейтін көмекші етістіктердің саны жекелеген түркі тілдерде отыздан асады.

Д.М.Насилов түркі тілдерінде көсемшенің *-р* және *-al/-ul/-i* тұлғалары негізгі етістік пен көмекші етістік-модификатор арасына дәнекер болатынын, мұнда *-р + көмекші етістік-модификатор* моделі орхон-енисей жазба мұралары тілінде *-al/-ul/-i + көмекші етістік-модификатор* үлгісіне қарағанда молырақ кездесетінін айтады. Сондай-ақ ол көптеген көмекші етістік-модификаторлардың аналитикалық орамдарда (конструкцияда) арқалайтын аспектуалдық-модальдық мағыналары түркі тілдерінде негізінен бірдей түсіп жататынына назар аударады<sup>1</sup>. Мысалы:

көне түрк. *al-*, өзб. *ol-*, қарақалп., тат., тува, *al-*, якут. *il* – «алу»:

<sup>1</sup> Насилов Д.М. Формы выражения способов глагольного действия в алтайских языках (в связи с проблемой глагольного вида) // Очерки сравнительной морфологии алтайских языков. -Л., 1978. – С.117-119 және 136-137.

1) әрекет-қимылдың қысқа мерзім ішінде жүзеге асуы; 2) болу мүмкіндігі; 3) субъект үшін нәтижелілігі;

көне түрк. *başla-*, өзб. *boşla-*, қарақалп. *basla-*, тат., түрік, *başla-* «бастау»: әрекет-қимылдың басталуы;

көне түрк. *bar-*, өзб. *bor-*, қарақалп., тат., тува, якут. *bar-* «жүру»: инхоативтілік (әрекеттің қалыпты жағдайының өзгеруі немесе басқа күйге түсуі);

көне түрк. *ber-*, өзб. *ber-*, қарақалп. *ber-*, тат. *bir-*, тува. *ber-*, түрік. *ver-* «беру»: 1) әрекет-қимылдың ұзаққа созылуы; 2) нәтижелілік (объект үшін);

көне түрк. *bil-*, өзб. *bil-*, қарақалп. *bil-*, тат. *bel-*, тува. *bil-*, түрік. *bil-* «білу»: 1) мүмкіндік; 2) субъектінің әрекетті жүзеге асыруға қабілеттілігі);

көне түрк. *bol-*, өзб. *bıl-*, қарақалп. *bol-*, тат. *bel-*, тува. *bol-*, түрік. *ol-*, якут. *buol-* «болу»: 1) әрекеттің толық бітуі; 2) нәтижелі болу; т.с.с.

Аналитикалық конструкция жасау барысында өзі тіркесетін етістік негіздерді таңдайтын нақты көмекші етістік-модификаторлардың (абсолют тіркестер) сыртында, түркі тілдерінде әртүрлі етістіктердің өзара тіркесу мүмкіндігінің арта түсуіне қарап, Д.М.Насилов: «...қимыл-амалдың, қозғалыс-әрекеттің өту сипатын аналитикалық жолмен білдіру түркі тілдерінде ұдайы даму үстіндегі құбылыс» – деп біледі<sup>1</sup>.

Моңғол тілінде етістіктің лексикалық негізі түр тұрғысынан нейтральды болып келеді. Соған қарамастан, тек қана етістіктің формалары ретінде көрініс беретін түрге қатысты екіншілік негіздер орын алады. Демек, етістіктің түріне арқау болатын негіздер – аралық құбылыс: олар кез келген етістіктің негізі ретінде түрленетін барлық тұлғалардың жасалуына тұғыр қызметін атқара алады, бірақ олардың бойында сөзжасамдық қабілет болмайды. Сондықтан олар жаңа сөздерді тудырудың базасы қызметін атқара алмайды. Осыған байланысты моңғол тілінде етістіктің интенсивті, жиілік, қарқынды және бәсең түрлері орын алады десек

<sup>1</sup> Насилов Д.М. Формы выражения способов глагольного действия а алтайских языках (в связи с проблемой глагольного вида) // Очерки сравнительной морфологии алтайских языков. -Л., 1978. – С.115.

те, олардың көрсеткіштері етістіктің лексикалық негізіне нақты түрге қатысты емес, бар болғаны іс-әрекеттің өту сипаттын танытатын қосымша реңкі дарытады. Олай болса интенсивтілік, жиілік, қарқындылық және бәсеңділік етістіктің түрлері емес, етістіктің формалары<sup>1</sup>.

Қазіргі моңғол тілінде интенсивті етістік салт етістіктердің негізіне *-č* немесе сабақты етістіктің негізіне *-čjχ* қосымшаларының жалғануы арқылы (*javčjχ*-« кетіп қалу», *orčjχ*-« кіріп келу», *kijčjχ*-« істеп тастау»), іс-әрекеттің жиілігіне, ұзақ уақыт бойы жалғасуына, бірнеше мәрте немесе көп рет қайталануына, орындаушының көптігіне қатысты етістіктер *-tsgā-/tsgō-/tsgöö-/tsgē*-қосымшасының көмегімен (*būdtsgā*- «атысу шабысу», *unštsgā*-« оқып-тоқу»), іс-әрекеттің, қимыл-қозғалыстың ритмін танытатын етістіктер *-l*- жұрнағы арқылы (*tsoχjl*- «тарсылдау», *tsäχjl*- «жарқылдау») жасалады. Ал іс-әрекеттің, қимыл-қозғалыстың бәсеңсіуін, саябыр табуын көрсететін етістіктер *-d* қосымшасының негізге жалғануы және *ge*- көмекші етістігінің тіркесуі арқылы жасалып, аналитикалық тұлғада көрініс береді (*javd ge*- «тоқтап-тоқтап жүру», *dogold ge*- «ақсаңдау»). Б.Х.Тодаева монғол тілінде басқа моңғол тілдеріне тән етістікті түрлендіретін аздаған суффикстердің өзі жоқтың қасы екенін, бұл тілде негізінен етістіктің аналитикалық формасы кеңінен пайдаланылатынын айтады<sup>2</sup>.

Моңғол тілдерінің көбінде етістіктің аналитикалық формасы арқылы қимыл-қозғалыстың сапалық-сандық сипаты танытылады, кей жағдайда олар модальдылықты да білдіреді. Іс-әрекет, амал-қимыл, қозғалыстың басталуын, бітуін, тұрақтылығын, үздіксіздігін, қарқынын, кеңістіктегі бағытын т.с.с. мағынаны беруде көмекші етістіктер көсемшенің *-ž* (~ *-č*), *-n* тұлғасымен көмкерілген негізгі етістікке тіркеседі<sup>3</sup>. Мәселен, халх.-моңғ. -ж элэх

<sup>1</sup> Санжеев Г.Д. Современный монгольский язык. -М., 1960. – С. 66.

<sup>2</sup> Тодаева Б.Х. Монгорский язык.-М.,1973. – С.93.

<sup>3</sup> Санжеев Г.Д. Сравнительная грамматика монгольских языков. Глагол / Отв. ред. Г.П.Сердюченко; АН СССР. Ин-т народов Азии.- М., 1963; Тодаева Б.Х. Грамматика современного монгольского языка. Фонетика и морфология. -М., 1951; Пагба Т. Вспомогательные или служебные глаголы в современном монгольском языке. -УБ., 1961; Бертагаев Т.А. Бурятский язык//Языки народов СССР. Т.5. – М., 1968; Шевернина З.В. Аналитические глагольные формы в современном монгольском языке // Филология и история монгольских народов.- М., 1958; Понне Н.Н. Грамматика бурят-монгольского

«бастау» моделі әрекеттің басталуын (*уншиж эхлэх «оқи бастау», дуудаж эхлэх «шақыра бастау»*), -ч салах «айырылу, ажырау, бөліну» – әрекеттің толығымен орындалып біткенін (өгч салах «беріп құтылу», авч салах «алып құтылу»), – н алдах «жоғалту» – нақты бір мерзім ішінде қарқынды жүрілген әрекетті және оның кенеттен аяқталуын, я болмаса ол әрекеттің бітуіне аз қалуын (*уйлан алдах «жылауға шақ қалу, жылап жібере жаздау», үхэн алдах «өліп қала жаздау»*), -ж үзэх «көру» – әрекетті жүзеге асыруға тырысуды (*бодож үзэх «ойлап көру», хичээж үзэх «тырмысып көру»*), -ж (-ч), -н явах «жүру» – ұзаққа созылатын әрекетті (*чирч явах «сүйретіп жүру», нисэж явах «ұшып кету», өмсөж явах «киіп жүру»*) білдіреді. Көптеген көмекші етістік-модификаторлардың аспектуалдық-модальдық мағыналары көне моңғол жазба тілінде, сондай-ақ қазіргі моңғол (халха), бурят және қалмақ тілдерінде негізінен бірдей болып келеді (көне моңғ.-жазба аб-, халх.-моңғ. авах, бур. *абаха*, қалм. *авх* «алу»)<sup>1</sup>.

В.И.Цинциус тұңғыс тілдерінде, атап айтқанда, негидаль тілінде етістікке етіс және түр категориялары, сонымен қатар есімнің септік тұлғасын меңгеру қабілеті тән екенін айта келіп, іс-қимылдың, әрекеттің, қозғалыстың орындалу амалына, өту барысына қарай етістікті түрлерге бөледі және әр түрдің төмендегідей арнайы қосымшаларын көрсетеді<sup>2</sup>:

1. Іс-әрекеттің аяқталған және аяқталмағанын білдіру үшін нөлдік көрсеткішті күрделі емес негіз пайдаланылады: *ba-* «өлтіру» және «өлтіріп тастау», *ijče-* «көру» және «көріп болу»;

2. Іс-әрекеттің созылыңқы сипатын білдіру үшін негізге *-t/č-* қосымшасы жалғанады: *teye-* «отыру» – *teye-t/č-* «отырып алу» *ijče-* «көру» *-ijče-t/č-* «қарау» (тесіле қарау, ұзақ қарау), *döldij* «естіп қалу» *-döldij-t/č-* «естіп отыру»;

языка.-М.-Л., 1938; Санжеев Г.Д. Грамматика калмыцкого языка.-М-Л., 1940; Бадмаев Б.Б. Грамматика калмыцкого языка. Морфология. -Элиста, 1958; Тодаева Б.Х. Калмыцкий язык // Языки народов СССР. Т.5.-М., 1968;

<sup>1</sup> Насилов Д.М. Формы выражения способов глагольного действия а алтайских языках (в связи с проблемой глагольного вида) // Очерки сравнительной морфологии алтайских языков. -Л., 1978. – С.158.

<sup>2</sup> Цинциус В.И. Негидальский язык. – Л., 1982. – С.23.



3. Қайталанатын немесе кері әрекетті, қозғалысты білдіруде *-jgij*, *-gij* жұрнағы қолданылады: *ijče-jgij* «қайталап көру, қайтадан көрісу», *eme-jgij* «қайтып келу»;

4. Іс-әрекеттің басталуын *-l* қосымшасының негізді көмкеруі көрсетеді: *soyo-l* «жылап жіберу», *gu-l* «сөз бастау, сөйлей бастау»;

5. Іс-әрекеттің шапшаңдығын *-sijn* қосымшасы көрсетеді: *ijče-sijn* «қарап шығу, көз жүгірту», *toksa-sijn* «зыр жүгіру»,

6. Іс-әрекеттің қайта-қайта, көп рет орындалуын білдіру үшін *-kta*, *-kte* жұрнағы қолданылады: *toksa-kta* «аңда-мыңда жүгіру», *čijxa – kta* «бірнеше заттарды кескілеу»;

7. Іс-әрекеттің ұзақ уақытқа созылуын *-s* (*χoda-s-* «сатып тұру», *čijxa-s* «бірдеңені бірнеше жерден кескілеу»), іс-әрекеттің орындалу мақсатын көздеуді *-nā*, *-nā:* (*ijče-nā:* «көріп келуге кету»), іс-әрекетті орындағысы келуді *-musij* (*ijče-musij* «көргісі келу») немесе ерекше қалауды *-tče* (*žaba-tče* «алғысы келу») қосымшалары білдіреді.

Сонымен, алтай тілдерінде етістіктің түр категориясы іс-әрекет, қимыл-қозғалыстың басталу және аяқталу деңгейіне, қарқынына, ырғағына, орындалу сәті мен орайына, жай-күйіне т.б. қатысты болып келетін арнайы қосымшалар мен аналитикалық форманттар арқылы сипатталады. Бұл форманттар етістіктің лексикалық негізі арқалаған мағынаға іс-әрекет, қимыл-қозғалыстың өту амалына байланысты қосымша реңкі үстемелейтін сөз түрлендіруші формалар болып саналады және олардың әр қайсысының функционалдық ерекшеліктері етістіктің рай, есімше, көсемше, шақ категорияларымен тығыз байланыста болып келеді.

## § 12. Етістік және оның категориялары: рай категориясы

Етістіктің рай категориясының негізінде қимыл-әрекеттің шындыққа қатысы, қимыл мен субъекті арасындағы байланыс ерекшелігінің сөйлеуші (яки айтушы) тарапынан бағалануы және сол байланыстың жүзеге асу, аспауына сөйлеушінің қатысын білдіретін модальдық мән-мағына жатады. Басқаша айтқанда модальдық мән-мағына туғызатын етістік тұлғаларының жүйесі рай категориясын құрайды. Рай категориясының мазмұны:

1) ашық рай формаларының іс-әрекет жайлы хабарды білдіруінен, яғни фактіні констатациялаудан; 2) қалау, шарты рай формалары арқылы істің істелу мүмкіндігінің, орындалу деңгейінің көрсетілуінен; 3) бұйрық, қалау, кейде ашық рай формалары арқылы істің орындалуы немесе орындалмауы жайлы тілек, өтініш, ұйғарым, бұйрық мәндердің берілуінен құралады. Рай формалары модальдық мән-мағынаны мезгіл, шақ, жақ ұғымдарымен ұштастыра отырып білдіреді<sup>1</sup>.

Түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур және корей тілдерінде 2-жақ жекешедегі бұйрық рай етістіктің негізіне алынады. Бұл жақта етістіктер жекеше тұлғада еш қосымшасыз, түбір-негіз қалпында бұйрық мәнді білдіруге бейім тұрады.

Алтай тілдерінде рай категориясының тұлғалық көрсеткіштерінде бірқатар ортақтықтар орын алады. Мәселен, бұйрық пен қалау мәндерді қатар білдіретін рай көрсеткішінің арғыалтайлық форманты ретінде *-su* тұлғасын, ал оның рефлекстері ретінде түркі тілдеріндегі *sun/-sın/-sunı/-sını/-sul/-sı*, моңғол тілдеріндегі *-sul/-sun*, тұңғыс-маньчжур тілдеріндегі *-su*, корей тіліндегі *-sai/-sui>-se/-si* тұлғаларын көрсетуге болады<sup>2</sup>. Мұның сыртында қалау райдың *γaj/-gej~-qaj/-kej* тұлғалары түркі және моңғол тілдерінде ортақ болып келеді.

Түркі тілдерінде бұйрық райдың негізгі түріне II жақ жатқызылады. Бұйрықтың берілу сипатына қарай 1-жақ жекешеді әралуан варианттағы қалау райдың *-qaj/-γaj* тұлғасы және жіктеу есімдігіне барып саятын *-mın~-man* (<мен «мен») қосымшасынан құралған күрделі жұрнақ *\*-qaj-mın (~man)/ \*-γaj-mın (~man)*, ал көпшеде қалау райдың *-qaj/-kej/-γaj/gej* тұлғасы мен көптік мәнді *-liq /-lik* жұрнағынан тұратын құранды *\*-γaj-liq* қосымшалары қолданылады.

1) Жаңғыртылған арғытүркілік *\*-qaj-mın (~man)/ \*-γaj-mın (~man)* және *\*-qaj-liq/\*-γaj-liq* тұлғалары қазіргі түркі тілдерінде сан алуан дыбыстық варианттарда көрініс береді. Мысалы: *\*-γaj-mın>-ri*: – осы шақтың немесе әрекеттің созылыңқылығын;

<sup>1</sup> Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы.-Алматы,1992. - Б.152-153.

<sup>2</sup> Тенишев Э.Р. Алтайские языки// Языки мира: Тюркские языки.-М., 1996. -С.13.

- 2) *-čā* – өткен шақтың немесе әрекеттің аяқталғанын;
- 3) *-vki:* – әдеттегі әрекетті;
- 4) *-nā* – әрекеттің нәтижелілігін;
- 5) *-dianā* – келер шақтың немесе орындалуы мүмкін әрекетті;
- 6) *-mačīn* – әрекеттің болуы міндетті екенін;
- 7) *-vkā* – жақсыз-міндетті әрекетті;
- 8) *-ḡat* – әрекеттің біреуге бағышталуын;
- 9) *-ltak* – әрекеттің жақын арада орындалатынын;
- 10) *-gsa* – әрекеттің сыңайлығын (*devuḡsē ōm* «тамақ жегенсіп отырмын; ас ішіп отырған сыңай танытудамын») білдіретін деп он түрге бөліп көрсетеді<sup>1</sup>.

Маньчжур жазба тілінде осы шақ есімше *-ra/-rel/-ro* және құранды *ndara/-ndere/-ndoro* (<*-na+da+ra*>), *-nere/-noro* (<*-ne+ro*>), *-dere* (<*-de+ro*>), *-tere* (<*-te+ro*>), *-sire* (<*-se+ro*>), – *žara/-žoro* (<*-ža+ra*>), *өткен шақ есімше -ha/-he/-ho, -ka/-ke/-ko* және құранды *-ḡka/-ḡke/-ḡko* (<*-ḡ+ka*>)) тұлғалы болып келеді. Ал болымды тұлғалы есімше мен «жоқ, емес» мағынасындағы *aku* демеулік шылауының тіркесуі арқылы жасалған есімшенің болымсыз түрі маньчжур жазба тілінде бұл екі форманың кірігуі түрінде көрініс береді. Мысалы: *alara aku > alaraku* «сөйлеген жоқ», *žeke aku > žekeku* «жеген жоқ»<sup>2</sup>. Есімшенің болымды және болымсыз түрлеріне кей жағдайларда *-ngge* номинализатор көрсеткіші жалғануы мүмкін. Бұл көрсеткіш есімшелердің сөйлемде атауыштық, баяндауыш немесе толықтауыш қызметте жұмсалуларына негіз болады<sup>3</sup>.

Алтай тілдерінің көсемшелер жүйесінде де генеалогиялық ортақтықтарға жетелейтін материалдық ұқсастықтардан гөрі, типологиялық тұрғыдағы ортақтық басым болып келеді.

Көне түркі тіліндегі көсемшенің: *-p, -ip/-ip, -up/-üp* (*barip, tutup*); 2) *-pan/-pen, -īpan/-ipen, -upan/-üpen* (*baripan, tutupan*); 3) *-matil/-meti* (*tün udimati*); 4) *-matin/-metin* (*sabin almatin*); 5) *-(j)al/-(j)e* (*at jete*); 6) *-(j)il/-(j)i, -(j)ul/-(j)ü* (*körü, enlejü*); 7) *-(j)in/-(j)in* (*bolmajin*); 8) *-yalil/-geli, -qalil/-keli* (*qayan oluryali*); 9) *-sar/-ser* (*ol jolin jorisar*); 10) *-čal/-če*

<sup>1</sup> Цинциус В.И. Эвенкийский язык // Языки мира: Монгольские языки. Тунгусо-маньчжурские языки. Японский язык. Корейский язык. – М., 1997. – С.408.

<sup>2</sup> Аврорин В.А. Грамматика маньчжурского письменного языка. – Санкт-Петербург, 2000. – С.189-190.

<sup>3</sup> Горелова Л.М. Грамматика маньчжурского языка. Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора филологических наук. – М., 2004.

(uluу oylum aүгір jok bolča); 11) *-qunča/-günča* (buzqunča) тәрізді тұлғалары қазіргі түркі тілдерінде толығымен сақталған деуге болады<sup>1</sup>. Мәселен, чуваш және якут тілдерінен басқа қазіргі түркі тілдерінде әрекеттің мезгілге, себепке, мақсатқа, шартқа қатысты сипаттын білдіретін көсемшенің *-p, -ip/-ip, -up/-ür* (мысалы: әз., түрік, түркім., құм., гағ., қар., қырғ., ққалп., алт., қаз. *alip*) тұлғасы күрделі және құранды етістіктерді жасау, сөйлемде етістіктің пысықтауыш қызметін көрсету, жай сөйлем ішінде бірыңғай баяндауыш, ал күрделі сөйлемде құрамдас бөліктердің баяндауыштары болу тәрізді қызметтерде кеңінен жұмсалады. Жалпытүркілік тектілдің ерте кезеңінен жалғасып келе жатқан бұл қосымшаның шығу тегі әлі де айқын емес. Г.Рамстедт түркі тілдеріндегі көсемшенің *-ip* тұлғасын моңғол тіліндегі өткен шақтың *-bai/-bei/-ba/-be* қосымшасымен байланыстырады. Сол сияқты түркілік тектілдің ерте кезеңдеріне жетелейтін көсемше қатарында түркі тілдерінің барлығында дерлік кездесетін *-(j)a/-(j)e* тұлғасын да көрсетуге болады. Бұл тұлға көбіне-көп қатар өтетін немесе себеп-салдарлы қатынастағы екі әрекеттің бір мезгілге қатысын білдіреді. Сондықтан да қазіргі түркі тілдеріндегі көсемшенің *-a/-e* тұлғасы «біріккен», «аяқталмаған», «осы шақ көсемше», «үшінші» деп аталады<sup>2</sup>. Салыс.: алт. *kele* «келе», тув. *bara* «бара», *qila* «қыла», хак. *papa* «бара», *ailana* «айнала», *köre* «көре» және т.б.

Көне түркі тіліндегі көсемше тұлғаларын көне моңғол жазба тіліндегі: 1) дәнекерлік мәнді *-džul/-džü, -čul/-čü* (jabudžu, iredžü); 2) біріктіруші мәнді *-n, -un/-ün* (jabun, garun); 3) бөлуші мәнді *-γad/-ged* (jabuγad, ireged); 4) шарттылық мәнді *-basul/-besü, -γasul/-gesü, -bala/-bele, -qula/-küle* (jabubasu~jabuγasu~jabubala~jabuqula); 5) орын басушы немесе кемітуші мәнді *-baču/-bečü* (jabubaču, irebečü); 6) созылыңқылық мәнді *-γsagar/-gseger* (jabuγsagar, iregseger); 7) бірізділік мәнді *-qulugar/-külüger* (jabuqulugar, irekülüger); 8) алдын алушылық мәнді *-maγçal/-megče* (jabumaγča, iremegče);

<sup>1</sup> Рассадин В. И. Деепричастия в монгольских и тюркских языках // Новые исследования Тувы. - Кызыл, 2012, №4 (электронный журнал [www.tuva.asia](http://www.tuva.asia))

<sup>2</sup> Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология.-М., 1988. – С.473.



кездеседі. Мәселен, *-тауҫа/-тегҫе* көсемшесі түркі тілдерінде кеңінен қолданылатын жалпыалтайлық *-тақ/-тек* және *-ҫа/-ҫе* жұрнақтарынан құралады. Көне түркі тілінің сөздігінде *-тақ/-тек* қосымшасының мағынасы «зат, әрекет құралы»; «атау, әрекет иесінің аты, инфинитив» тұрғысынан түсіндіріледі, ал *-ҫа/-ҫе* жұрнағын А. фон Гавайн түркі тіліндегі салыстырмалы септіктің қосымшасы деп санайды. Мұндай өзге тілдерден енген кірме элементтердің сыртында, моңғол тілдерінің көсемше тұлғалары жүйесіне ішкі диалектілік, ареалдық ерекшеліктерді көрсететін тұлғалар да тән болып келеді» – дейді<sup>1</sup>.

Көне моңғол жазба тілінің көсемше тұлғалары жүйесіндегі түркі элементтері туралы В.И.Рассадин былай дейді<sup>2</sup>: «Лишь о трёх монгольских деепричастиях – предварительном на *-магча*, целевом на *-р-а* и цитатном на *-рун* – можно говорить о их тюркском происхождении. Дело в том, что известно тюркское глагольное имя на *-мак* и тюркский же падеж экватив на *-ча*, а также тюркское причастие настоящего-будущего времени на *-р*, к которому прибавлен тюркский дательный падеж на *-аі-е*, ср. Напр., в татарском языке целевой инфинитив на *-рга* – *булырга* «чтобы быть», *килергә* «чтобы придти». В цитатном деепричастии на *-рун* можно тоже предположить сочетание тюркского причастия на *-р* и тюркского же древнего инструментального падежа на *-ын*. Эти формы могли проникнуть в монгольский старописьменный язык при переводах буддийских сутр с древнеуйгурского языка на старомонгольский и закрепиться в нём».

Көсемше екінші дәрежелі, қосалқы әрекетті білдіретін етістіктің формасы ретінде тұңғыс тілдерінде, соның ішінде әвенкі тілінде әртүрлі тұлғада кездеседі. В.И.Цинциус оларды іштей жаққа қатысты өзгермейтін, яғни жіктелмейтін абсолют көсемшелер және жаққа қатысты өзгертін көсемшелер деп екіге бөледі.

<sup>1</sup> Цыренова Т. Б. Становление системы деепричастных форм в монгольских языках // Дис.канд. филол. наук. -Улан-Удэ, 2000.- С. 35. (РГБ ОД, 61:01-10/211-0).

<sup>2</sup> Рассадина В. И. Деепричастия в монгольских и тюркских языках // Новые исследования Тувы. 2012, №4 (электронный журнал [www.tuva.asia](http://www.tuva.asia)).

Абсолют көсемшелер екінші дәрежелі әрекеттің негізгі әрекетті іске асырушы жаққа тікелей қатысы болған жағдайда қолданылатын болса, жіктелетін көсемшелер екінші дәрежелі әрекет пен негізгі әрекет екі басқа жақтар арқылы жүзеге асырылуына байланысты болатынын айта келіп, абсолют көсемшелерді В.И.Цинциус 5 түрге бөледі: 1) әр басқа әрекеттің бір мезгілде орындалуын білдіретін *-na, -na-l*; 2) әр түрлі әрекеттің әр басқа мезгілде орындалуын білдіретін *-ksa, ksa-l*; 3) әрекеттің шарттылығын білдіретін *-mi*; 4) әрекеттің бірінен кейін бірі іле шала өткендігін білдіретін *-mnen, -mensal, -mner*; 5) бір әрекетке екінші бір әрекеттің ілесе орындалуын білдіретін *-mnak, mnak-il*. В.И.Цинциус жіктелетін көсемшелердің мынадай 9 түрін атап көрсетеді: 1) шартты әрі уақытша әрекеттің *-rak*; 2) бір мезгілде орындалатын немесе параллель әрекеттің *-ηsi*; 3) шектеулі әрекеттің *-nma*; 4) жаңа ғана болып өткен әрекеттің *-ktava*; 5) бұрынырақ болған әрекеттің *-dala*; 6) болып өткен әрекеттің кейінгі сипатының *-čala*; 7) шектеулі әрекеттің *-knan*; 8) мақсатты әрекеттің *-da*; 9) бір нәрсеге арналып атқарылған әрекеттің *-buna* тұлғалары<sup>1</sup>.

Маньчжур жазба тілінде орындалатын әрекеттің әр алуан сипатына сәйкес көсемше тұлғаларының мынадай түрлері кездеседі<sup>2</sup>: 1) әр басқа әрекеттің бір мезгілде орындалуын білдіретін *-te* және құранды *-ndamel/-ndemel/-ndome*; 2) әрекеттің алдын алушы сипатын көрсететін *-fi* және *-mpi*; 3) әрекеттің созылыңқылығын танытатын *-hail/-heil/-hoi, -kail/-keil/-koi* және *-ηkail/-ηkeil/-ηkoi*; 4) әрекеттің шарттылық сипатын білдіретін *-či*; 5) басты, негізгі әрекетті болдыруға тиісті болғанымен, ондай міндетті атқара алмаған екінші дәрежелі әрекетті білдіретін, яғни қарсылықты мәнді *-čibe*; 6) негізгі, басты әрекеттің уақытша аяқталуын өзінің басталуы арқылы көрсететін екінші дәрежелі әрекеттің *-tala/-tele/-tolo*; 7) негізгі, басты әрекеттің енді басталғанын өзінің бітуі, аяқталуы арқылы танытатын екінші дәрежелі әрекеттің, яғни алдын алушы мән арқалаған *ηgala/-ηgele/-ηgolo* тұлғалары.

<sup>1</sup> Цинциус В.И. Эвенкийский язык // Языки мира: Тунгусо-маньчжурские языки. – М., 1997.

<sup>2</sup> Аврорин В.А. Грамматика маньчжурского письменного языка.-Санкт-Петербург, 2000.

Қорыта айтқанда, алтай тілдерінің есімшелер жүйесіндегі көптеген тұлғалардың ішінен тұлғалық және мағыналық-мазмұндық тұрғыдан өткен шақ есімшенің түрк-*gan/-yan/-qan*, моңғ. *-ha/-han*, маньч. *-ha*, тұңғ. *-ha/-han* тұлғалары, ауыспалы келер шақ есімшенің түрк. *-ar/-er/-ir/-irl/-ur/-ür*, тұңғ. *-r* және *-ra, ri*: маньч. *-ra/-re* тұлғалары, ал көсемшелер жүйесінде түрк. *-p* және *-pan/-pen*, моңғ. *-ba-ṣu*, тұңғ. *-маньч. -pil/-pa-ri*, тұлғалары бір-бірімен сәйкеседі деуге болады.

Мұндай сәйкестіктердің табиғаты соңғы кездегі алтаистикалық бағыттағы зерттеулерде арғыалтай, арғытүркі, арғымоңғол, арғытұңғыс-маньчжур және арғыкорей, арғыжапондық тектілік тұлғаларды қайта жаңғыртумен ұштастырыла қарастырылуда. Мәселен, есімшенің түрк. *-ar/-er/-ir/-irl/-ur/-ür*, тұңғ. *-r* және *-ra, ri*: маньч. *-ra/-re* тұлғаларының жаңғыртылған тектілік тұлғалары ретінде арғытүркілік \**r* (түркі тілдерінде етістіктің финиттік формасы және есімше ретінде қолданылатын аорист жұрнағы), арғымоңғолдық \**-ra/-re* (супин), арғытұңғыс-маньчжурлік \**ra* (етістіктердің 1 – тобындағы аорист), корей тіліндегі \**r* (танық осы шақ немесе келер шақ есімше), арғыжапондық \**-ru* (етістік парадигмасындағы жалпыатрибуттық тұлға) формалары, ал олар барып саятын арғыалтайлық тектұлға ретінде \**rV* «аорист немесе танық осы шақ» көрсетіледі. Сол сияқты арғытүркілік \*(*j*) *a*, арғымоңғолдық \**-ya*, арғыкорейлік \**ah*, арғыжапондық \**i* тұлғалары арғыалтайлық \**jV* «есімше жұрнағынан» тарамдалса, арғытүркілік \**p*, арғымоңғолдық \**ba(j)*, арғытұңғыс – маньчжурлік \**-pi*, арғыжапондық \*(*m*)*pa* тұлғалары арғыалтайлық \**pV* тұлғасына барып саятын тұлғалар ретінде көрсетіледі<sup>1</sup>.

Қорыта айтқанда, тарихи тұрғыдан етістіктің финиттік және инфиниттік тұлғаларымен, аористпен, супинмен тығыз байланыста болып келеті назғанатұлғаларды есептемегенде, алтай тілдерінің есімшелер мен көсемшелер жүйесінде материалдық ұқсастықтар жоқтың қасы деуге болады. Демек, түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур және корей, жапон тілдерінің есімшелер мен көсемшелер жүйесі жалпыалтайлық тектіл ыдырағаннан кейінгі

<sup>1</sup> Старостин С.А., Дыбо А.В., Мудрак О.А. (при участии И.Грунтова и В.Глумова). Этимологический словарь алтайских языков. -М., - 2001. - С. 260-261.



кезеңдерде әр тілдік топтың құрылымдық ұстанымдарының өзіндік заңдылықтарына сай қалыптасуы мүмкін. Дейтұрғанмен, типологиялық ортақтасығы дау тудырмайтын алтай тілдеріндегі есімше және көсемше тұлғалары жүйесін етістіктің басқа да грамматикалық категорияларымен сабақтастықта салыстырмалы-тарихи тұрғыдан жете зерттеудің маңызы зор. Өйткені мұндай бағыттағы зерттеулер, біріншіден, әр ірі тілдік топтың, мәселен, түркі тілдерінің, моңғол тілдерінің, тұңғыс тілдерінің өз ішіндегі туыстық қатынас пен тілдік кірмеліктің деңгейін айқындауға; екіншіден, түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур және корей-жапон тілдерінің өзара қарым-қатынасының, әсер-ықпалының дәрежесін айқындауға; үшіншіден, алтай тобы тілдеріндегі етістіктің барлық тұлғаларының біртұтас корпусын құрастыруға, соның негізінде етістік тұлғаларының алтайлық тектілік жүйесін жаңғыртуға мүмкіндік береді.

#### § 14. Етістік және оның категориялары: *шақ категориясы*

Етістіктің шақ категориясы – іс-қимыл, әрекеттің жүзеге асу, орындалу барысының уақытқа, мерзімге қатыстын білдіретін тұлғалар жүйесі. Мұнда есептеудің дерексіз грамматикалық нүктесі саналатын сөйлеу сәті уақыт, мерзімді анықтаудың тұғырына алынады. Әрекеттің сөйлеу сәті кезіндегі, оған дейінгі және онан кейінгі орындалу барысына байланысты шақ тұлғалары осы шақ, өткен шақ, келер шақ болып бөлінеді. Осы шақтың формасы сөйлеу сәтімен сәйкес келетін қимыл, іс-әрекетті білдірсе, өткен шақтың формасы сөйлеу сәтіне дейін болған қимыл, іс-әрекетті, келер шақтың формасы сөйлеу кезінен кейін болатын, яғни келешектеге болуға тиісті іс-әрекетті білдіреді.

Алтай тілдерінде раймен, амалдың өту сипатымен, есімше және көсемше тұлғаларымен тығыз сабақтасып келетін шақ категориясы біршама күрделі жүйе болып саналады. Шақ категориясындағы бір ғана тұлғаның осы шақ пен келер шақта қолданылуы; есімше немесе көсемше тұлғалары мен көмекші етістіктің тіркесуінен жасалатын күрделі етістіктердің шақты,

әрекет-қимылдың өту амалын, модальдылықты қатар білдіруі; бұйрық райда шақ категориясының болмайтыны; үш шақ толықтай ашық райда көрініс беретіні және олардың әрқайсысы бір-бірінен мағынасына қарай шақ тұлғаларына жіктелетіні түркі, моңғол, тұңғыс-маньчжур тілдерінің қай-қайсысында да кездеседі.

Түркі тілдерінде осы шақтың ең кең таралған типтік тұлғасы ретінде *-al/-el/-j* тұлғасын көрсетуге болады. Бұл тұлға көптеген түркі тілдерінде ауыспалы осы шақ және ауыспалы келер шақ мағынада жұмсалады: қаз. қаз. *bar-a-mîn ≠ bar-ma-j-mîn*, тат. *bar-a-m(in) ≠ bar-mî-j-m(in)*, тув. *kör-e-dijr men* «көремін», як. *bar-a-gîn* «барасың», чув. *ijl-e-t-ён* «аламын» т.б. Ал түркі тілдерінің барлығында кездесетін презенс *-r* тұлғасы: 1) нақ осы шақты; 2) ауыспалы осы шақты; 3) ауыспалы келер шақты білдіреді. Мысалы, сөйлеу сәтіндегі әрекетті білдіретін осы шақтың түрік тіліндегі *-(1)yor* (*yazıyor*) тұлғасы әзірбайжан тіліндегі *-ır* (*jazır*), түрікмен тіліндегі *-jar* (*yazjar*) тұлғасымен сәйкеседі. Түрік тілінің *-(1)yor* тұлғасына көптеген түркі тілдерінде осы шақтың күрделі тұлғасы, айталық, қарашай-балқар және қазақ тілдерінде, татар тілінің барабин диалектісінде көсемше мен көмекші етістіктен жасалатын нақ осы шақ тұлғасы сәйкес келеді<sup>1</sup>: қ.балқ. *ijşlej turama* «мен дәл қазір жұмыс істеп жатқан жоқпын», бараб.-тат. *alip turim*, қаз. *alip turmin* «мен дәл қазір алып тұрмын (зат)».

Сөйлеу сәті кезіндегі әрекетті білдіруде Орта Азия және Сібір түркі тілдерінде көсемшенің *-al/-el/-j* және *ip/-ip* көрсеткіштерімен түрленген негізгі түбір етістік пен *jat-*, *tur-*, *otir-*, *jür-* тәрізді көмекші етістіктердің тіркесуінен тұратын нақ осы шақ тұлғасына басымдылық беріледі.

Өткен шақтың претерит *-ti/-di* тұлғасы барлық түркі тілдерінде, перфект *-yan/-gen/-qan/-ken* негізінен қыпшақ тілдерінде, онымен этимологиялық тұрғыдан сабақтас болып келетін *-an* түрікмен, *-ni* чуваш тілінде, перфект *-miş/-miş/-miş/-müş* тұлғасы оғыз тілдерінде, перфект *-bit* якут тілінде кеңінен қолданылады.

<sup>1</sup> Хабишев М.А. Краткий грамматический очерк карачаево-балкарского языка [Текст] / М.А. Хабишев // Карачаево-балкарско-русский словарь: около 30 000 слов / Карачаево-Черкесский н.-и. ин-т ист., филол. и экономики; под ред. Э.Р. Тенишева и Х.И. Суюнчева. – М., 1989. – С. 806-831.

Ең көне ескерткіштерден бастап қазіргі түркі тілдерінің барлығында кездесетін өткен шақтың *-ti/-di* тұлғасы сөйлеу сәтіне дейінгі әрекеттің, істің анық, нақты, айқын өткенін білдіреді. Мәселен, қазақ, түрік, түрікмен, тува тілдерінде *al-* «алу» етістігі 1-жақта жекешеде *al-dī-m*, көпшеде *al-dī-k*; якут тілінде *bis-* «кесу» етістігі 1-жақ жекешеде *bīstim*, көпшеде *bīs-ti-bit*; чуваш тілінде *vula-* «оқу» етістігі 1-жақ *vula-r-ām*, көпшеде *vula-r-āmār* тұлғаларында қолданылады.

Оғыз тілдерінде әрекеттердің сипаты өткен шақта әр түрлі тұлғалармен беріледі. Мәселен, түрік тілінде нақты, анық болып өткен әрекетті және оған сөйлеушінің өзі куә болғанын нақ өткен шақтың *tī/-dī* тұлғасы (*aldım*), ал сөйлеуші куәгер болмаған әрекетті «біреудің сөзі» деген мағыналық реңкі арқалаған танық өткен шақтың – *miş/-miş/-muş/-müş* тұлғасы (*uyumışsun* «сен ұйықтап жатыпсың») білдіреді. Сондай-ақ түрік тілінде болған оқиғаны, өтіп кеткен әрекетті сипаттауда күрделі етістік формалары да кеңінен қолданылады. Мұндай күрделі тұлғаларға айқын және айқын емес имперфектілерді (біріншісі оқиғаның біртіндеп қарқын алуын, екіншісі әрекеттің бір рет болғанын білдіреді), қалыпты (созылыңқы) өткен шақты, біріншісі бір әрекеттің алдында тағы бір әрекеттің болып өткенін (*gordum idi* «көрген едім»), екіншісі толық аяқталған әрекетті (*geçmiştim* «өтіп бара жаттым») білдіретін екі бірдей бұрынғы өткен шақты, сонымен қатар жақын арада болып өтетін әрекетті (*gelmek üzereyim* «келіп қаламын») білдіретін тұлғалар жатады<sup>1</sup>.

Қыпшақ тобы тілдерінде де өткен шақтың әр алуан тұлғалары кездеседі. Айталық, қазақ тілінде өткен шақ категориясын оны жасайтын көрсеткіштердің жалаң және күрделі болуына орай:

1) сөйлеушінің болған я болмаған амал-әрекетті өзі басы-қасында болғандай, өз көзімен көргендей, тыңдаушы (оқушы) әбден қанық боларлықтай, сенерліктей етіп хабарлауды білдіретін анық (айғақты) өткен шақ тұлғалары: *-ды, -ді, -ты, -ті; -ған, -ген, -қан, -кен; -атын, -етін, -йтын, -йтін; -ып еді; -ған еді; -ушы еді; тұр, жүр, отыр, жатыр еді;*

<sup>1</sup> Щека Ю.В. Практическая грамматика турецкого языка [Текст]. – М.: АСТ: Восток-Запад, 2007. – С.205-211.

2) сөйлеушінің болған я болмаған амал-әрекетті өзі басы-қасында болмай, өз көзімен көрмей, тек басқа айғаққа (біреудің айтуынша, хабарлауына) сүйеніп, немесе кейін өзі көріп, оқып, сұрап, естіп... білген мәліметке сүйеніп айтуын білдіретін танық (айғақсыз) өткен шақ тұлғалары: *-ып, -іп, -п; -ған екен; -ады екен;*

3) бұрындары істемек болған, жүзеге асырылмақ болған әрекеттің сөйлеп отырған кезге дейін орындалған-орындалмағанын белгісіз етіп көрсететін неғайбыл (ауыспалы) өткен шақ тұлғасы: *-мақ еді* деп үшке бөлуге болады<sup>1</sup>. Ал қарашай-балқар тілінде өткен шақтың перфективті (*барғанма* «барғанмын»), нәтижелі (*оқыбма* «оқыдым»), бұрынғы (*кыошхан эдим* «қосқан едім»), аяқталмаған (*джаза эдим* «жаза бердім»), нәтижелі-күрделі (*джыйыб эдим* «жиып едім»), қайталанатын (*болуучу эдим* «болушы едім») түрлері орын алады.

Түркі тілдерінің бір қатарында, айталық, өзбек, қарайым, қырым-татары, якут, қарашай-балқар, түрік, түрікмен, гагауыз, әзірбайжан тілдерінде кездесетін қалыпты (созылыңқы) өткен шақ *-ar/-ir/-r* есімшесімен түрленген түбір етістік пен жедел өткен шақ тұлғасындағы *e-* көмекші етістігінің тіркесінен жасалады. Мысалы: өзб. *barar edim*, як. *ahar edim* «ашар едім», қар., қтат. *alir edim*; Түрік, түрікмен, гагауыз, әзірбайжан тәрізді оғыз тобы тілдерінде мұндай тіркес құрамындағы көмекші етістік өзінің алдындағы есімше тұлғалы негізгі етістікке кірігеді. Мысалы: түрік., түрікм., гаг., өз. *yazardim*, түрікм., гаг., өз. *alardim* және т.б.

Келер шақ чуваш тілінен өзге түркі тілдерінде есімшенің *--ar/-ir/-r* тұлғасы арқылы жасалады. Ауыспалы келер шақта *-ar/-ir/-r* көрсеткіші орындалуы болжалған, шамаланған немесе болуы әбден мүмкін әрекетті меңзейді.

Бірқатар түркі тілдерінде нақ келер шақтың арнайы *--aşaq/aşaq/-aşaq/-adzaq* көрсеткіші орын алады. Тіл-тілдің дыбыстық сипатына қарай *-aşaq* тұлғасы өзбек, құмық тілдерінде, *-aşaq* тұлғасы татар тілінде, *-adzaq* тұлғасы түрік, әзірбайжан тілдерінде қолданылады. Ал ноғай тіліндегі *-ajaq* (*j>ʒ>š*), якут тіліндегі *-iax* тұлғаларын жалпытүркілік *-aşaq* тұлғасының тарихи варианттары деуге болады<sup>2</sup>.

<sup>1</sup> Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1991. – Б. 328-329.

<sup>2</sup> Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы, 1992. – Б. 1977.

Оғыз және қыпшақ тілдерінде шартты райдың негізі әр түрлі шақ формаларына арқау бола алады. Мәселен, шартты рай түрік тілінде осы шақты (*gelseniz* «келсеңіз») және келер шақты (*seçseydiniz* «таңдаған болсаңыз»), қарашай-балқар тілінде ауыспалы келер шақты (*tabsam*) және өткен шақты (*tabsam edi*) жасауға қатысады. Ал қалау рай шеңберінде осы шақтың (түрік. *birakayım* «қалдырайын», қбалқ. *ачайым* «ашайын»), өткен шақтың (түрік. *yazaydım* «сол кезде жазатын едім», қбалқ. *джазғын* «жазғын») формалары, кейбір түркі тілдерінде ғана кездесетін міндеттілік мәнді рай негізінде осы шақ тұлғасы жасалады (түрік. *atmalıyım* «тастауым керек») <sup>1</sup>.

И.В.Кормушин рай және шақ тұлғалары жаққа қатысты барлық моңғол тілдерінде жіктеле бермейтіндігін моңғол тілдерінің шақ категориясының басты ерекшелігі санайды. Ол бурят, қалмақ және дағур тілдерінде ғана ашық райдың шақ тұлғалары жіктік жалғауымен көмкерілетінін, бір-біріне қарам-қарсы қоюға болатын презенс (осы шақ), претерит (дағдылы өткен шақ) және екі түрлі тұлғадағы перфект (толық аяқталған әрекетті білдіретін өткен шақ) көне моңғол және қазіргі моңғол тілдерінің шақ жүйесінің (ашық райда көрініс беретін) негізін құрайтынын, ал футурумды (келер шақ) көне моңғол тілінде де, қазіргі моңғол тілдерінде де -x тұлғалы есімше алмастыратынын айтады <sup>2</sup>.

Халха, бурят, қалмақ, дунсян, дағур және баоань тілдерінде осы шақ (өзекті) көсемше тұлғалы негізгі етістік пен презентегі көмекші етістіктен тұратын аналитикалық конструкциялар арқылы жасалады. Көне моңғол жазба тілінде осы шақтың *туй*, *-нат*, *-ји* тәрізді үш түрлі тұлғасы қолданылады.

XIII-XIV ғ. ескерткіштерінде кездесетін *-ји* тұлғасын Г.И.Рамстедт жалпымоңғолдық *\*-ји* көрсеткішінен таратады, бұл көрсеткішті Б.Я.Владимирцов примарлық *-і* тұлғасындағы «осы шақтың есімшесі» деп таниды. Б.Я.Владимирцов примарлық *-і* тұлғасы осы шақтағы *bui* (*\*bi-i*) жалғаулық етістігінің құрамында

<sup>1</sup>Крайнюченко Е.В. Сравнительно-сопоставительная характеристика категорий глагола в тюркских языках Северного Кавказа // [http://www.pglu.ru/lib/publications/University\\_Reading/2009/\\_VI/uch\\_2009\\_VI\\_00025.pdf](http://www.pglu.ru/lib/publications/University_Reading/2009/_VI/uch_2009_VI_00025.pdf).

<sup>2</sup>Кормушин И.В. Каузативные формы глагола в алтайских языках // Очерки сравнительной морфологии алтайских языков. -Л., 1978. – Б. 89.

сақталып қалған деп біледі. Халха, бурят, қалмақ, дунсян, дагур, шарұйғыр тілдерінде презенстің бір ғана *-на* тұлғасы, монғор және баоань тілдерінде *-на* және *-т* тұлғалары, қазіргі моңғол тілінде *-нат* (<\*-*на*+\**-т*) тұлғасы қолданылады<sup>1</sup>.

Қазіргі моңғол, қалмақ, дагур тілдерінде және шарұйғыр тілдерінде бір ғана форма осы шақта да, келер шақта да қолданылатын болса, бұлардан өзге моңғол тілдерінде осы шақ пен келер шақтың өзді-өздеріне тән көрсеткіштері болады.

Моңғол тілдерінде өткен шақтың Г.И.Рамстедт «перфективтік-презенс» деп атаған халх. *-lā*, қалм. *-la*, бурят *-lai*, жазба моңғ. *-liya/-liyai/-laya* тұлғалары сөйлеу сәтінің алдында ғана болып өткен әрекетті білдіретін болса, «имперфективтік претрит» деп атаған халх-*жа*, қалм. *-ž*, бурят. *-žai*, баоан. *-žä*, моғол. *-žē* монғор. *-ži/žan*, жазба-моңғ. *-žiqi* тұлғалары әрекеттің баяғыда болғанын (бұрынғы өткен шақ) немесе әрекеттің ұзаққа созылғанын (қалыпты өткен шақ) білдіреді. Ал дагур тілінен өзге моңғол тілдерінің барлығында кездесетін претерит *-ba* тіл-тілдің дыбыстық жүйесінің өзіндік заңдылықтарына сай әртүрлі дыбыстық вариантта қолданылады: халх., қалм. *-w*, бурят. *-ba*, дунс. *-we*, баоан. *-wo/-o*, монғор. *-bal-wa*, моғол. *-bal/-fal/-pa* және т.б.

Моңғол тілдерінің көбінде (монғор, дунсян, және дагур) өткен шақтың екі түрі, ал қазіргі моңғол және моғол тілдерінде үш түрі кездеседі. Дейтұрғанмен өткен шақтың түрлері арасындағы айырмашылық әлі де жете зерттеле қойған жоқ деуге болады. Мысалы: *Бат ир-эв* «Бат келді», *Бат ир-лээ* «Бат келді», *Бат ир-жээ* «Бат келіпті». Сондай-ақ моңғол тілдерінде есімше немесе көсемше тұлғалы түбір етістік пен көмекші етістіктің тіркесуінен жасалып, шақ, әрекеттің түрі, модальдылық және т.б. мағыналарды қатар білдіретін күрделі етістік формалары да көптеп кездеседі<sup>2</sup>: қалм. *ав-ч ир-в* «алып жетіп келді», *хэрул-ж йовлаа* «бағып жүрді (көптен бері)», *һар-дг болв* «шығатын болды». Претерит *-ba* тұлғасының *-bel-bei*, *-wel-wei* тәрізді алломорфтары дагур тілінде келер шақты білдіреді. Шақ тұлғасының функционалдық тұрғы-

<sup>1</sup> Кормушин И.В. Системы времен глагола в алтайских языках.-М., 1984. – С.60.

<sup>2</sup> Яхонтова Н.С. Монгольские языки // Языки мира. Монгольские языки. Тунгусо-маньчжурские языки. Японский язык. Корейский язык. – М., 1997. – С. 10-18.

дан бұлайша жаңару жолдарын зерттеушілер әртүрлі көрсетеді. Мәселен, Г.Д.Санжеев: «өткен шақ тұлғалардың келер шақта қолданылуы процесінде осы шақ «аралық көпір» қызметін атқарады (претерит – презенс – футурум)» деп санаса<sup>1</sup>, И.В.Кормушин дағур тілінде *-bei* тұлғасының келер шақта жұмсалыуында претериттен футурумға бірден көшу (претерит – футурум) орын алатынын айтады.

Маньчжур жазба тілінде ашық райда осы шақ және өткен шақ, ал келер шақ мағынасында осы шақ немесе оптатив *-ki* тұлғасы қолданылады. Басқаша айтқанда, осы және келер шақта *-te* көсемшесі қатысатын аналитикалық формалар, өткен шақта есімшенің *-hal/-hel/-ho*, *-kal/-kel/-ko*, *-ngkal/-ngkell/-ngko*, *-habi/hebif/-hobi* және *-ngkabif/-ngkebif/-ngkobi* (< *-hal/-hel/-ho*, *-ngkal/-ngkell/-ngko* + *bi*) тұлғалары, аналитикалық *tV-hal/-hel/-ho bihe* немесе *-ngkal/-ngkell/-ngko bihe* (*bihe* < *bi-* = «быть»), *-mbihe* (< *-me* + *bihe*), *-mbihebi* (< *-mbihe* + *bi*) тұлғалары қолданылады. Келер шақ мағынасын *-ral/-rel/-ro* немесе *-te* тұлғасы, я болмаса *-ki* тұлғалы оптатив білдіреді<sup>2</sup>.

Сонымен, этимологиялық тұрғыдан арғыалтайлық ортақтыққа қарай жетелейтін ашық рай тұлғалары ретінде мынадай қосымшаларды көрсетуге болады<sup>3</sup>:

1) ауыспалы осы шақ пен ауыспалы келер шақтың *\*-al/-e* тұлғасы түрк. *-al/-el/-jal/-je*, моңғ. *-al/-e/ai/-ei*, тұңғ.-маньч. *-al/-e*, корей. *-al/-e* түрінде көрініс береді;

2) ауыспалы осы шақ пен ауыспалы келер шақтың *\*-r* тұлғасы түрк. *-r/-ur/-ar*, моңғ. *-ral/-ural/-run/-urun*, тұңғ.-маньч. *-r/-ra*, корей. *-l/-il/-al* (*r>l*) түрінде көрініс береді;

3) келер шақтың қалау мәнді *\*-gai/-ga* тұлғасы түрк. *-γaj/-qaj*, моңғ. *-gai/-qai* (ертегілерде) және *-tuγai* (әдеби тілде), тұңғ.-маньч. *-ga/-ka*, корей. *-kai* түрінде көрініс береді;

4) нақ өткен шақтың *\*-te* тұлғасы түрк. *-t-*, моңғ. *-žul/-čul/-ži/-či* (ауызекі), корей. *-tal/-ti/-te* түрінде көрініс береді;

<sup>1</sup> Санжеев Г.Д. Сравнительная грамматика монгольских языков. Глагол. -М.,1963. – С.193.

<sup>2</sup> Горелова Л.М. Грамматика маньчжурского языка. Автореф. дис.доктора филол. наук.- Москва, 2004.

<sup>3</sup> Тенишев Э.Р. Алтайские языки // Языки мира: Тюркские языки.-М., 1996. - С.13.

5) нәтижелі өткен шақтың \*-*gan* тұлғасы түрк. -*yan/ -qan/ -jan/ -an*, моңғ. -*gan* (сирек), солт.тұңғ. -*gen* (сирек), оңт. тұңғ. -*ha/ -han*, маньч. -*ha* түрінде көрініс береді;

6) мезгілдік реңк арқалайтын \*-*diq* тұлғасы түрк. -*diq / -duq*, моңғ. -*dag*, тұңғ.- маньчж. -*dig* түрінде көрініс береді.

Арғыалтайлық тектілдік \**tV* (*V*-дауысты) тұлғасына барып саятын ортақ «өткен шақ қосымшалары қатарында арғытүркілік \**t* «өткен шақ жұрнағы (перфект)», корей тілінің *t* жұрнағы (регрессив)», арғыжапондық \**t* «өткен шақ жұрнағы» жаңғыртылады<sup>1</sup>.

## § 15. Сөзжасам жүйесіндегі алтай тілдеріне ортақ қосымшалар

Алтай тілдері арасындағы грамматикалық сәйкестіктердің бір-қатары сөзжасамның жалпы жүйесіне және ондағы тұрақты сөзтудырушы қосымшаларға қатысты болып келеді. Г.И.Рамстедт, Н.Поппе, Б.Я.Владимирцов сияқты ортодоксалдық алтаистердің ізімен туыстықты анықтаудың өлшемдеріне қатысты айтқан С.А.Старостиннің: «Екі немесе одан да көп тілдердің туыстығын анықтау үшін: 1) салыстырылушы тілдер арасында тұрақты дыбыстық сәйкестіктер жүйесінің орын алуы; 2) саны жағынан біршама ауқымды базистік лексиканың болуы және олардың тұрақты дыбыстық сәйкестіктермен көмкерілуі; 3) бір-бірімен сәйкес түсіп жататын грамматикалық тұлғалардың мол болуы және олардың да тұрақты дыбыстық сәйкестіктермен көмкерілуі қажет»<sup>2</sup> деген пікіріне сүйенсек, түркі және моңғол тілдерінің есім сөзжасамы жүйесінде үшжақты сәйкестік түзетін, яғни бір-бірімен дыбыстық, тұлғалық және мағыналық тұрғыдан сәйкес түсіп жататын ортақ қосымшалар көптеп кездеседі.

Алтай тілдерінің есім сөзжасамы жүйесіндегі көптеген қосымшалардың арасынан есім тудыратын ортақ қосымшалар ретінде алтаистика, түркітану, моңғолтану, тұңғыстану және маньчжур-

<sup>1</sup> Старостин С.А., Дыбо А.В., Мудрак О.А. (при участии И.Грунтова и В.Глумова). Этимологический словарь алтайских языков. -М.,2001. - С. 260-261.

<sup>2</sup> Старостин С.А. Алтайская проблема и происхождение японского языка.- М.,1991. - С.2.



тану бағыттарындағы зерттеулерде көбінесе төмендегі жұрнақтар көрсетіледі:

-*čy/-čī* жұрнағының қатысуымен алтай тілдерінде әлеуметтік-қоғамдық ортаның сипатына қарай қандай да бір кәсіп, атақ-дәреже, дағдылы іс-әрекет, қылық-қимыл, әдет иесін, кей жағдайда адамның мекен-жайын білдіретін сөздер жасалады. Бұл қосымша негізінен есімнен есім сөз жасайтын қосымша болғандықтан, нақты іс-әрекет иесін білдіруде етістіктің негізіне тура емес, іс-әрекет атауына, яғни қимыл есімге жалғанады.

Түркі тілдерінде бұл қосымша -*čy/-čī/-čū/-ču/-šy/-ši/-sul/-sy/-si/-žy/-žul/-zi* т.б. дыбыстық варианттарда кездеседі: көне түрк. *bitigčī* «бітігші», тат. *jazūčy*, түрік. *jazyžy* «жазушы», көне түрк. *satyčy*, тат. *satyčy*, түрік. *satyžy*, чув. *sudužə* «сатушы, саудагер», *baliqčī* «балықшы», әзер. *oγučy* «жоқтаушы», алт. *d* *ylkyčy* «жылқышы», башқ. *balyksy* «балықшы», гаг. *jol žu* «жолаушы», карайм. *byrүčy* «бұрғышы», ққалп. *etikši* «етікші», кбалқ. *qojču* «қойшы», ноғ. *anšy* «аңшы», қаз. *balyqšy* «балықшы», тат. *kūmerče* «көмірші», сал. *malčy* «малшы», тоф. *išši* «із кесуші», өзб. *balikčī* «балықшы», ұйғ. *ötük čī* «етікші», қаз. *ötirikši* «суайт, өтірікті көп айтатын адам» (с.е.), *etikši* «аяқ киім тігетін адам» (з.е.), түрік. *demirčī* «ұста», тув. *kizilčī* «Қызыл тұрғыны», кбалқ. *byllymčy* «Былым тұрғыны» т.б.

Моңғол тілдерінде -*č/-čīn/-šal/-šan/-šuul/-šuud* түрінде кездеседі: көне моңғ. жазба. *emčī* «емші», қазіргі моңғ. *emč* «емші», көне моңғ. жазба. *bičigečī* «көшірін жазушы», қазіргі моңғ. *bičēč* «теруші (машинастка)», көне моңғ. жазба. *temegečīn*, бур. *temēmši*, қалм. *tememši*, қазіргі моңғ. *temēčīn*, хорчи. *temēč* «түйеші», *qon* «*čīn* «қойшы», *gutalčīn* «етікші», бур. *adūši*, қалм. *adūtši*, қазіргі моңғ. *adūšin* «жылқышы», *bajašūud* «байлар», бур. *bajašūul* «бай-манаптар», т.б.

Генетикалық тұрғыдан -*čy/-čī* жұрнағымен байланыстырылатын моңғол тілдеріндегі -*šan/-šuul/-šuud*, түркі тілдеріндегі

<sup>1</sup> Рамстедт Г.Й. Введение в алтайское языкознание: Морфология / Пер. с нем.-М., 1957.- С. 209-215; Баскаков Н.А. Алтайская семья языков и ее изучение. М., 1981. - С.83-85; Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология.-М., 1988. С.138-146; Аврорин В.А. Грамматика маньчжурского письменного языка. - Санкт-Петербург, 2000. - С. 50-73.; Тодаева Б.Х. Грамматика современного монгольского языка. Фонетика и морфология. М, 1951.- С. 53-56. т.б.

-čin/-čil/-syt/-sīt/-sut аффикстері құрамындағы *-n*, *-l*, *-d*, *-t* қосымшаларын түркітанушы және моңғолтанушы ғалымдар көптіктің көрсеткіштері ретінде қарастырады<sup>1</sup>.

Тұңғыс-маньчжур тілдерінде *-č/-či* қосымшасы етістік және есім негізді сөздерге жалғанады: маньч. *morijči* «атшы» <*morin*» ат», *sežeči* «арба жасайтын адам» <*sežen*» арба», *aduči* «жылқышы» <*adun*» жылқы», *tergeči* «арбакеш» т.б. Эвенкі тілінде *-č/-či* қосымшасы есімшенің *-na-* көрсеткішінен кейін жалғанады: *hulnač* «қонақ» (< *\*pul-na-či*), *kolnač* «ішкіш, ішетін адам» (< лам. *kol-*). Г.Й.Растедт корей тілінде тілінде *-ža* (*kananža* «жүргінші») түрінде кездесетін *-či* қосымшасы Вей династиясы кезіндегі сарай тілінде *-č» in(-č» en)* тұлғасында қолданылғанын айта келіп, бұл аффикстің шығу тегін корей-қытайша *čja* «адам, кісі, тұлға сөзімен байланыстырады<sup>2</sup>.

Түркі, моңғол, тұңғыс, маньчжур тілдеріне ортақ *-l*, *-d*, *-t* тәрізді көптіктің көрсеткіштерімен *-l̥y/-l̥iq/-lik ~ -l̥l/-li* және *-t/t̥ü/-tu* қосымшалары этимологиялық байланыста болып келеді.

Алтай тілдерінде *-l̥y/-l̥iq/-lik ~ -l̥l/-li* белгілі бір заттың (нәрсенің, құбылыстың) бойындағы нақты қасиетке (деректі, дерексіз) немесе сапаға, атқарылатын қызметке қатысты өзі жалғанатын негіздің мағынасына жиынтық, көптік, молдық, толымдылық, сыйымдылық, дерексіздік мән дарытады. Алтайст және түркітанушы ғалымдардың дені *-liq/-lik* қосымшасын көптіктің *-l* көрсеткішінен және қосарлау мәніндегі *-iq/-ik* жұрнақтарынан тұратын құранды қосымша (*-liq/-lik > (\*-l+\*iq) / -lik (\*-l+ \*ik)*) деп санайды және оның «бір нәрсенің жинақталуын, мол екенін, көп шоғырлануын» білдіретін мағынасын біріншілік, ал онан басқа да мағыналарын семантикалық дамудың нәтижесінде пайда болған екіншілік мағыналар ретінде қарастырады.

Түркі тілдерінде *-l̥y/-l̥iq/-lik* (дыбыстық варианттарымен) ертеден келе жатқан өнімді есім тудырушы аффикс: көне түрк. *atliḡ* «атты», *qanliḡ* «ханды», *evlik* «үйлі», *kučlik* «күшті», орта

<sup>1</sup> *Bohtlingk O.* Über die sprache der Jakuten: Grammatik: Text und Worterbuch. СПб., 1851. P. 103; *Серебренников Б. А., Гаджиева Н.З.* Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков.-Баку, 1979. - С.89-94.

<sup>2</sup> *Рамстедт Г.Й.* Введение в алтайское языкознание: Морфология / Пер. с нем.-М., 1957. - С. 209.

түрк. *otluq* «малға жем-шөп салатын астау», *čečtklik* «гүл салғыш», *jaɣačliq* «ағашты (жер)», *ıǵǵırlıq* «тарықап, тары сақтайтын орын», өз. *küplik* «көптік», *dašlik* «жазық», құм. *budajliq* «астық алабы», *arivolik* «сұлулық», қар. *almalix* «алма ағашы», ноғ. *jamanliq* «жамандық, жауыздық», башқ. *qomloq* «құмды», тат. *sukirlik* «соқырлық», *kajenlik* «қайың ағашы», әзер. *üzümlük* «жүзімдік», *başyalıy* «өзгешелік», қаз. *dostıq* «достық», *kisilik* «кісілік», қырғ. *žaqsılıq* «жақсылық», *burunluk* «мұрынтық», ұйғ. *balalik* «балалық», сал. *ašlix* «астық», чув. *čullāx* «тастақ», як. *qıstıq* «қыстақ» т.б.

Н.А.Баскаков *-li/-li~ -luu/-lüü* қосымшаларын *-liy/-liq/-lik* жұрнағының тұлғалық көрінісі деп санайды және оларды мағыналық және тұрпаттық тұрғыдан *-liy/-liq/-lik* қосымшасынан бөле жарып, бөлек қарастыруға болмайтынын айтады<sup>1</sup>.

Түркі тілдерінде *-liq~-li* (дыбыстық варианттарымен) қосымшаларының көмегімен негізінен қатыстық сын есімдер жасалады. Дегенмен бұлардың кейбіреуі тек сын есім ғана емес, зат есімдерді, тіптен есімге қатысты әртүрлі синтаксистік тұлғаларды тудыруға да қатысады<sup>2</sup>. Мысалы: түрікм. *bagliq* «бау-бақшалы» (с.е.), *bašlik* «өте жақсы» (баға), *aqilli* «ақылды» (с.е.), *šagali* «баламен» (з.е., біріккен сеп.), қаз. *salt attı* «ат мінген бір адам» (з.е.), *ajli* «жарық» (с.е.) т.б.

Қазіргі қазақ тілінде *-li/-li/-di/-dil/-ti/-ti* тұлғалары «біреудің, бір нәрсенің тегін, сондай-ақ бір нәрсенің молдығын, көптігін көрсетіп, туынды тұлғалы есімдер жасауда айрықша белсенділік танытады<sup>3</sup>: қаз. *tekti* «атақты, белгілі адамдардың ұрпағы, шыққан жері жақсы», *buıılı*, «бұғы көп кездесетін жер», *tauli-tastı* «тауы өлке», *ojli-qırlı* «жазық та, қырқа-қырат та кездесетін жер, ойы мен қыры аралас өлке», *altındı* «алтын кені бар жер».

*-liy/- liq/-lik ~ -li/-li* (дыбыстық варианттарымен) қосымшаларының «бір нәрсенің жиын жерін, мол екенін» білдіретін мағы-

<sup>1</sup> Баскаков Н.А. Алтайская семья языков и ее изучение. М., 1981. - С.84; Баскаков Н.А. Причастие на -ды/-ты в тюркских языках//Труды Московского ин-та востоковедения, 1951. Вып.6. - С.216.

<sup>2</sup> Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология.-М., 1988. - С. 156.

<sup>3</sup> Джанузаков Т. Основные проблемы ономастики казахского языка. Автореф. дисс. докт. филол. наук. -Алма-Ата, 1976. - С.64.

насы түркілік географиялық ареалда көптеген топонимдердің жасалуына арқау етіледі және көне түркі тілінің топонимикалық жүйесінен қазірге дейін жалғасып келе жатқан арнайы топоаффикстер саналады<sup>1</sup>. Мысалы: *Baliqliq, Almaliq, Šijeli, Baγanali, Baltali, Juali, Josati* т.б.

*-liγ/-liq* монғол тілдерінде *-liγ/-liq/-lik/-lag/-leg/-log/-lōg* тұлғаларында кездеседі және дерексіз зат есімдермен қатар, «қандай да бір заттың немесе құбылыстың белгілі бір сындық, сапалық қасиетке ие» екенін де білдіріп, қатыстық сын есімдерді жасауға қатысады<sup>2</sup>. Мысалы: көне моңғ. - жазба., орта-моңғ. *muliq* «ақмақ» < *ти* «жаман», *sainliq* «сұлу» < *sain* «жақсы», *andaliγ* «жолдастық» < *anda* «дос, жора», қазіргі моңғ. *bajanlag* «байлық», *modlog* «ағашты», *tsōllōg* «шөлейт», *tōmirliq* «темір», *sūrleg* «сұсты», *tsetsekleg* «гүлденген» т.б.

*-liγ/-liq* тұңғыс-маньчжур тілдерінде *--ruq/-luk* тұлғасында көрініс беріп, өзі жалғанатын негізге «бір нәрсені сыйғызатын орын (ыдыс, қорап, қапшық т.б.)» мағынасын үстемелейді<sup>3</sup>. Мысалы: лам. *turukaruk* «тұзсауыт», *inmeruk* «ине, жіп-су, түйме салатын ыдыс», эвенк. *murluk* «атқора», *seleruk* «әр түрлі заттар салуға арналған темір қорап», *bunuruk* «бейіт, қорған» т.б.

Түркі тілдеріндегі *-liγ/-liq/-lik* қосымшасымен тығыз байланысты болып келетін *-li/-li/-dī/-dī/-tī/-tī* аффикстері білдіретін жинақтық, сапалық (тектік, түрлік), яғни бір нәрсенің қандай да бір қасиетке ие болушы мағыналарын моңғол тілдерінде *-t* (көне формасы *-tū/-tu*) және *-tai/-tei/-toi* қосымшалары да білдіреді (*модлог = модтой* «ағашты», *төмөрлөг = төмөртэй*).

Түркі тілдеріндегі *-li/-li/-dī/-dī/-tī/-tī* мен моңғол тілдеріндегі *-t* (көне формасы *-tū/-tu*) қосымшаларының сын есімнің сөзжасам элементі ретінде белгілі бір сапаға ие болуды білдіретін мағыналары бір-бірімен толықтай сәйкеседі. Мысалы: көне түрк. *qutluq*, орта түрк. *qutti*, қаз. *qutti*, көне моңғ. *qutuqtu*, қазіргі моңғ. *qutuqt*

<sup>1</sup> Махпиров В.У. Древнетюркская ономастика. Автореф. дисс. докт. филол. наук. - Алматы, 1998. - С.46.

<sup>2</sup> Болд Л. Орчин цагийн монгол хэлний дагавар. - УБ., 1986. - С.24-25.

<sup>3</sup> Рамстведт Г.Й. Введение в алтайское языкознание: Морфология / Пер. с нем. - М., 1957. - С.203; Константинова О.А. Эвенкийский язык. - М. - Л., 1964. - С.89.

«құтты»; көне түрк. *biligti* «білікті, дана», алт. *bilikti*, хак. *pīlīgti* «білімді; ақылды», моңғ.- жазба. *biligtū* «білікті, білімді», орта-моңғ. *biliktū* «ақылды, данагөй», қалм. *bilg-erlmt* «өнерлі», қазіргі моңғ. *biligtei* «талантты, дарынды» т.б.

Түркі және моңғол тілдерінде *-t (-tū/-tu)* қосымшасының «бір нәрсенің белгілі бір жерде бар екенін, мол кездесетінін» білдіретін жинақтық мағынасы географиялық атаулардың, этнонимдердің жасалуына ұйтқы болады<sup>1</sup>. Мәселен, Монголиядағы жерсу атаулары: *Чулуут* «тасты», *Галуут* «үйректі», *Мөст* «мұзды», *Бугат* «бұғылы», *Хуримт* «қорымды»; Қазақстан территориясында кездесетін топонимдер: *Almati*, *Čiderti*, *Sögeti* т.б.

*-t (-tū/-tu)* қосымшасы түбір негіз білдіретін заттың, құбылыстың бойында «қандай да бір нәрсенің, қасиеттің бар екенін, мол кездесетінін» білдіретін моңғол тіліндегі *ЧайЧей* аффиксімен семантикалық байланыста болып келеді. *ЧайЧей* қосымшасының этимологиясына қатысты монғолтанушылар арасында пікір қайшылығы орын алады. Мәселен, Г.И.Рамстедт пікірі бойынша *-tail/-tei* түркі және моңғол тілдеріне ортақ *-tu* және *-ai* қосымшаларының кірігуінен тұратын (*-tu+ai*) қосымшалар<sup>2</sup>. Т.А.Бертагаев: «сөз тудырушы *-tail/-tei/-toi* және *-t (-tū~tu)* жұрнақтарын екі басқа жеке дара қосымшалар» деп<sup>3</sup>, Ш. Лувсанвандан: *tail/-tei* жұрнағы *-tu/-tū* қосымшасының бір түрі (варианты)<sup>4</sup> деп санайды. «Моңғол тіліндегі *-tail/-tei* және *-tu/-tū* көпшеде *-tan/-ten* қосымшасымен алмастырылады. Бұл қосымшаны түркі тілдеріндегі *-lan*, *-tan*, *-dan*, *-nan* қосымшаларымен салғастырсақ, *-tan/-ten* моңғол тілінде арнайы семантикалық реңкіге ие болғаны байқалады. Демек, моңғол тіліндегі «бірдеңеге ие болушы» мағынасындағы *-tail/-tei*, *-tu/-tū* және *-tan/-ten* қосымшаларының үшеуі де түркі тілдеріндегі *-liγ/-lig* жұрнағымен тығыз байланыстағы түркі текті элементтер» – дейді В.Котвич<sup>5</sup>

Моңғол тілінде *-tail/-tei* өнімді топонимикалық формант ретінде көп құрамды географиялық атаулар құрамында көптеп

<sup>1</sup> Өнөрбаян Х. Орчин цагийн моңғол хэлний нэр үгийн аймгаас жинхэнэ нэр бүтэх ту-хай. УБДС-ийн эрдэм шинжилгээ заах аргын бичиг №1. (XI). -УБ. 1975.

<sup>2</sup> Рамстедт Г.И. Введение в алтайское языкознание. -М., 1957. -С.192,205.

<sup>3</sup> Бертагаев Т.А. Лексика современных монгольских литературных языков. -М., 1974. -С.154-155.

<sup>4</sup> Лувсанвандан Ш. Орчин цагийн монгол хэл. -Бээжин, 1962. -С.232.

<sup>5</sup> Котвич В. Исследование по алтайским языкам. -М., 1962. - С.131.

кездеседі. Осы қосымшаның топоформант ретіндегі таралу ареалын зерттей келе О.Т.Молчанова: «Топонимдік зерттеудің ареалдық методын пайдаланудың нәтижесі *-tai* топоформанты Тува, Таулы-Алтай өлкесі, Солтүстік және Орталық Қазақстан, Орта Азияның Қытаймен шекаралас аймақтарында, яғни қазіргі түркілік ареалда, географиялық атаулар құрамында шынжыр тәріздене таралған да, ал Иркутск, Чита, Бурятия, Моңғолия жерлерінде өте тығыз, шоқ-шоғырымен кездесетінін көрсетеді. Түркі тілдері тұрғысынан түсіндіруге келмейтін бұл қосымша моңғол тілінде өзі тіркескен апеллятивке «бір нәрсе бар және өте мол» деген мән үстемелейді. Бұл аффикстің таралу аймағына қарап, оның негізгі шыққан жері Моңғолия және онымен шекаралас моңғолтілдес халықтар мекендейтін өңірлер екендігін тануға болады»<sup>1F</sup> - деген тұжырымға келеді.

«Белгілі бір сапаға ие болуды білдіретін» білдіретін мағына тұрғысынан түркі және моңғол тілдеріне ортақ *-t* (*-tü/-tu*) қосымшасы тұңғыс тіліндегі *-ti, -či* аффиксімен сәйкестік түзеді. Мысалы: тұңғ. *turiči* «атты», *turičil* «жылқылы», *etu adergačil* «құлынды бие», *abdu* «жеке меншік», *abduči* «жеке меншікті, біршама бай», *abdučil* «байлар», *irgi* «құйрық», *irgiči* «қасқыр» т.б.<sup>1F</sup>

Алтай тілдеріне ортақ *-qai/-kei* аффикстері туралы Б.Я.Владимирцов: «бұл қосымшалар түрік, моңғол, маньчжур, тұңғыс тілдеріне ортақ алтайлық дәуірден келе жатқан қосымшалар» - деген пікір айтса<sup>1</sup> Г.И.Рамстедт түркі және моңғол тілдері фактілерін салыстыра келіп, «түркі және тұңғыс тілдерінде кездесетін *-gai/-gei, -qai/-qei* қосымшалары моңғол тілінің осы тілдерге тигізген әсерінің айқын көрінісі» - дейді<sup>2</sup>

Көне моңғол жазба тілінен қазіргі моңғол әдеби тіліне дейін жалғасып келе жатқан *solu* «сол жақ» + *γai*; *degükei* «әйелбауыр» < *degü* «жасы кіші» + *-kei* < *\*gei*; *keltegei* «тегіс емес, көлбеу келген жер» < *kelte* «келте» + *\*gei* тәрізді сөздердің құрамында өлі түбірге жалғанған қосымша ретінде танылатын *γai/-gei/ qai /-kei*

<sup>1</sup> Владимирцов Б.Я. Турецкие элементы в монгольском языке // «Записки Восточного отделения Императорского археологического общества», 1911, XX, Спб.- С.184.

<sup>2</sup> Рамстедт Г.И. Введение в алтайское языкознание. -М., 1957. - С.185.

қосымшасы<sup>1</sup> «Моңғолдың құпия шежіресінде» - «*ai*(< \**γai*)~ - «*ei*(< \**gei*) түрінде көрініс береді<sup>2</sup>. Моңғол тілінің орта ғасырлық жазба ескерткіштерінде есім сөздерге жалғанып келген *-gail-gei*, *-qail-qei* қосымшасы қазіргі моңғол тілінде есім тудырушы қосымша ретінде актив қолданылады. *-gail-gei* іс-әрекетке, нәрсеге пайдаланылатын заттың атын (гэргий < гэр «үй» + гий → «әйел», амгай < ам «ауыз» + -гай → «ауыздық», фитонимдерді ( харгай «қарагай», яргай < яр «көлденең біткен ағаштың бұтағының түбірі» + -гай → яргай «жартаста жалпая өсетін өсімдік»), зоонимдерді (хандгай «бұлан» ), дерексіз ұғымды білдіретін есімдерді (андгай < анд «жолдас, дос-жора» ), нәрсенің формасын, түрін бейнелейтін сөздерді (гонзгой «тым ұзын» , хэвтгий «тегіс емес» , гулзгай «бір жағына қарай еңіс» , туранхай «арық» ) жасайды<sup>3</sup>. Сонымен қатар *-qail-keil-yail-gei* моңғол тілдерінде сын есімге конверцияланатын есімшенің оқшауланған түрінде кездеседі: монғ.-жазба. *hazai*- «қисаю» , *haza-yai* «қисық» , *tasura* - «үзілу» , *tasur-qai* «үзік»<sup>4</sup>.

Түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде *-qail-keil-gail-gei* қосымшасы антропонимдер (Күткей, Қаныкей), фитонимдер (қалақай, қарагай) құрамында көне аффикстер ретінде кездеседі. Сондай-ақ *-qail-keil-gail-gei* орын-мекен (төскей, күнгей, теріскей, шалгай), сын-сапа (оңқай, солақай, мешкей), түр-бейне (жадагай, шалагай, ыржақай, шошақай т.б.), еркелету-кішірейту (балақай) мағыналарында қолданылады.

Түркі тілдеріндегі «бір нәрсенің (заттың, өңнің, түстің, сапаның, қозғалыстың т.б.) жоқ екенін» білдіретін *-siz/-siz* аффиксі мен орта моңғол тіліндегі *ser* ~ - *sar* қосымшасы мағыналық-түрпаттық тұрғыдан сәйкеседі. Түркі тілдерінде *-siz/-siz* қатыстық және сапалық сын есім жасауға белсенді қатысатын өнімді қосымша болып табылады: көне түрк. *aṅsiz* «аңсыз», алт. *arγiṁaqsiz* «арғымақсыз», тув. *aziṽsiz* «азу тіссіз», қырғ. *emsiz* «емі жоқ», қаз. гаг. *sütsüz* «сүтсіз», *bensiz* «менсіз», қаз. *ajsiz* «қараңғы», *atsiz* «жаяу, көліксіз», *jersiz* «белгілі жері, тұрағы жоқ» т.б.

<sup>1</sup> Бямбасан П. Орчин цагийн монгол хэлний үгийн, нэр үгсийн аймаг. -УБ., 1975. - С.62.

<sup>2</sup> Котвич В. Исследование по алтайским языкам. -М., 1962.- С.119.

<sup>3</sup> Болд Л. Орчин цагийн монгол ХЭЛНИИ дагавар. -УБ., 1986.- С.23.

<sup>4</sup> Поппе Н.Н. Грамматика письменного монгольского языка. - М. - Л. 1937.- С.102.

Орта моңғол тілінде, атап айтқанда «Моңғолдың құпия шежіресі» тілінде кездесетін *ölúmsúmser/ölúsúmser* «аштыққа ұшырамаған», *kejisúmser* «жел ұшырып әкетпеген» сөздері құрамында кездесетін *-ser* аффиксін Г.Рамстедт, Ж.Дени, В.Котвич сияқты алтаистер түркілік *-siz/-siz* қосымшасымен параллель түзетін морфологиялық форманттардың бірі ретінде қарастырады. Г.Рамстедт «*ölúsúmúser* және *kejisúmúser* сөздерінің түбір негізін *ölúsú-*, *kejisú-* деп көрсете отырып, *-múser* қосымшасын тұтастай бөліп алады және оның құрамын ауыспалы осы шақтың *-mú~múi* көрсеткіші мен түркі тілдеріндегі *-siz/-siz* қосымшасына ұқсас *-ser* аффиксіне ажыратады<sup>1</sup>. Ж.Дени және В.Котвичтер чуваш тілінде кездесетін *mazár/-mezër* (*vilëmezër* «мәңгі өшпес») тұлғасын ескеріп, *-msar/-mser* қосымшасы түркілік *-m* инфинитиві мен моңғолдық *-sar/-ser* есім привативінен құралған деп көреді<sup>2</sup>.

М.Левицкий түркілік *-msiz* және моңғолдық *-msar* қосымшаларының тегін жалпытүркі-моңғол тектіліндегі *\*-msir* архетипінен өрбітетін болса<sup>3</sup>. А.М.Щербак XIII-XIV ғ. моңғол мәтіндерінде кездесетін *-ser* аффиксін түркілік морфологиялық элемент деп санайды<sup>4</sup>.

Қазіргі моңғол тілдерінде *-sar/-ser* х.-моңғ. *sanamsarлах*, қалм. *sanmsr* «байқау, ескеру, аңғару», х.-моңғ. *uxımsar*, қалм. *uxamsr* «ақыл, ой, сана; ұғым түсінік», *uxımsarlaq* «ақылға салу; түсіну; ұғу; саналы болу», *uxımsargúj* «ақылсыз, ойсыз, санасыз; түсінігі таяз; ой-өрісі тар, сана-сезімі оянбаған», *uxımsartaj* «ақылды, саналы; түсінігі мол; ой-өрісі кең» сияқты бірлі жарым сөздер құрамында кездесетін өлі қосымша болып табылады. Ал «заттың, нәрсенің жоқтығын» есім сөзге тіркесетін *úgúj/-gúj* (көне тұлғасы – *úgej*) «жоқ» тұлғасы білдіреді: көне моңғ.-жазба. *toyono úgej*, х.-моңғ. *tõnõ úgúj* «шаңырағы жоқ, шаңырақсыз», көне моңғ.-жаз-

<sup>1</sup> Рамстедт Г.И. Über die Konjugation des Khalka- Mongolischen. - MSFOu, 1902. XIX, - S. 77.

<sup>2</sup> Deny J. Grammaire de la langue turque (dialecte osmanli).-Paris, 1921. - P. 943; Kotwicz W. Stadia nad jezykami altajskimi.-RO (1950), 1953, XVI. - S.109.

<sup>3</sup> Lewicki M. Turcicaet Mongolica, 6. Mongol -msar~-msar, turc -msiz~-msiz. // RO (1939-1949),1949, XV. -S.266.

<sup>4</sup> Щербак А.М. Ранние тюркско-монгольские языковые связи (VIII-XIV).-Санкт-Петербург, 1977. - С.215.



ба., ордос. *časun úgej*, х-моңғ. *tsasgúj*, қалм. *tsasn úgúj* «қар жоқ, қарсыз» т.б.

Алтай тілдерінің есім сөзжасамы жүйесінде орын алатын түркі және моңғол тілдеріне ортақ қосымшалар қатарына түрк. --*da- yi /-de-gi* ~ *da-qí /-de-ki* ~-*ta-yí /-te-gi* (қбалқ. *arbadayi* «арбадағы», қаз. *mendegi*) // моңғ. -*da-χi/-de-χi/ -te-ki* (моңғ.-жазба. *gerteki* «үйдегі», бур. *endexi* «мұндағы»); түрк. -*qan/- yan* (тат. *qarlıyan* «қарақат», қаз. *qarayan, búldirgen*) // моңғ. -*γana/-gene* (көне моңғ.-жазба. *qarayana* «қараған», бур. *sedergene* «шырмауық»); түрк. -*qan/- yan* (қаз. *botaqan, qoşaqan*) // моңғ. -*γan/-gen* (көне моңғ.-жазба. *baγaγan* «кішкентай», х.-моңғ. *öcüken* «кіп-кішкене, құттай», х.-моңғ. *qojorqöñ* «екеу-ақ», дағ. *dulākan* «жылырақ» т.б.); түрк. -*turuq/-türük/-duruq/-dürük* (қаз. *közildirik, ömilditik*) // моңғ. -*duryal/-dürge~-dürüg/-drüg* (орта моңғ. *kümüldürüg*, көне моңғ.-жазба. *kümüldürge* «өмілдірік»); түрк. -*saq/- säk* (қаз. *qajinsağ* «қайын жұртына үйір», қырғ. *qatınzağ* «қатынжанды, әйел затын жақсы көретін») // моңғ. -*say/-seg* (бур. *maxasağ* «етжанды, етті жақсы көретін», х.-моңғ. *nókörseg* «досшыл»); түрк. -*çaq/-ček* (қаз. *qulinşaq*, алт. *oroçoq* «шұқанақ») // моңғ. -*çaq/- çay* (бур. *oronsog* «күркешік»), етістіктен есім тудыратын түрк. -*q/-k* ~ -*γ/-g* (көне түрк. *bitik* «жазу», қаз. *bölik*, түрік. *qap-u(q)* «қақпа») // моңғ. -*q/-k* ~ -*γ/-g* (бур. *beşeg* «жазу», х.-моңғ. *keseg* «бөлік»); түрк. -*m/-im/-im* (қаз. *tilim, jutim, adim, er toqim*) // моңғ. -*m* (орта-моңғ. *jarim* «жарты», х.-моңғ. *zarim* «жарым-жартысы», кейбіреуі), *alχam* «адым», *toχom* «тоқым», бур. *kerçem* «тілім»), түрк. -*iş/-iş, -ş* ~ -*is/-is, -s* (қаз. *ajtis* «фольклор жанры, өнер түрі», *alis – beris, auis- tújis* «бірдеңені өзара алмасу, өте тығыз араласу», ққалп. *atıs* «оқ ату») // моңғ. -*s* ~ -*ts* (көне моңғ. -жазба. *aldas* «бірдеңені жоғалту», *barits* «құрбандық») немесе -*l* (*temtsel* «күрес», *bodol* «ой», *sanal* «сана; сағыныш») т.б. морфологиялық көрсеткіштер жатады. Бұлардың біразы түркі тілдерінен моңғол тілдеріне, немесе керісінше, нақты сөзбен бірге енген ауыстүйістер болатын болса, енді бірқатары жалпытүркі-моңғол тектілінің есім сөзжасам жүйесіне барып саятын «жұрыншақтар», архитұлғалар, яғни қазіргі түркі және моңғол тілдерінде сақталып қалған көне жұрнақтар болуы мүмкін.

Жоғарыдағы жұрнақтардың қайсыбірінің түркі, моңғол тілдерінен басқа да алтай тілдерінде, айталық, тұңғыс-маньчжур және корей тілдерінде параллельдері кездеседі. Мысалы: түркі және моңғол тілдерінде «орын, мекен-жай» аффиксі саналатын *--da-γil-da-qī* қосымшасы тұңғыс тілінде *-du-ki ~ -du-к ~ dukki* түрінде көрініс берсе, іс-әрекеттің нәтижесін атауға қатысатын *--m/-im/-im* қосымшасы корей тіліндегі *kam* «жүріс», *čugim* «өлім», *saram* «өлім» *-m /-im* жұрнағымен сәйкеседі<sup>1</sup>. Кішірейту-еркелету және шектеу мәніндегі түркі және моңғол тілдеріне ортақ *-qan/-ken/-γan/-gen* қосымшалары мен тұңғыс тілдеріндегі кішірейткіштің *-xān(-kān)/-xkān(-kkān)* суффиксі арасында тұлғалық және мағыналық сәйкестік орын алады. Мысалы: нег. *det* «батпақ» – *detkān* «балшық», *beja* «өзен» – *bejaxkān* «кішірек өзен; қайнар, бұлақ», *amut* «көл» – *amutkān* «көлшік» т.б.<sup>2</sup>

Есімнен етістік тудыратын арғыалтайлық – *-la-* қосымшасы түрк. *\*-la-* қосымшасы түрк. *-la-/da-*, моңғ. *-l-/da-/ra-*, тұңғ. *-le-* түрінде көрініс береді<sup>3</sup>. Мысалы: түрк. *-la-/le-/da-/de-/ta-/te: baš-la-* «бастау», *tiš-le-* «тістеу»; моңғ. *-l-/la-/le-, -da-/de- ~ -ra-/re: hawa-l-* «жұмыс істеу», *öte-l-* «қартаюу», *dagu-la-* «әндету», *žad-la-* «шаншу (найза)», *ir-le-* «қайрау», *xürz-de-* «қазу», *xöx-rö-* «көгеру»; тұңғ. *-le: mi-le-* «кешу (суды)», *daw-la-* «әндету», *buse-le-* «буыну (белбеу)» т.б.<sup>4</sup>

Қорыта айтқанда, алтай тілдерінің сөзжасам жүйесіндегі ортақ қосымшалар арғытүркі, арғымоңғол, арғытұңғыс, жалпытүркі-моңғол, арғыалтай сияқты тектілдік деңгейлердегі сөзжасам жүйесінің тарихи даму барысын, типтік ерекшелігін айқындауға, сондай-ақ заттың, құбылыстың, сапасынның, қимыл-әрекеттің, дерексіз ұғым-түсініктердің атаулары бойындағы замана тезінен өткен дыбыстық, тұлға-тұрпаттық, мағыналық өзгерістерді анықтауға жетелейтін тіл фактілері болғандықтан арнайы қарастыруды, тереңдеп зерттеуді қажет етеді.

<sup>1</sup> Рамстедт Г.Й. Введение в алтайское языкознание: Морфология / Пер.с нем. -М., 1957. - С. 216.

<sup>2</sup> Цинциус В.И. Негидальский язык. -Л., 1982.- С.21.

<sup>3</sup> Тенишев Э.Р. Алтайские языки // Языки мира: Тюркские языки.-М., 1996. С.14.

<sup>4</sup> Баскаков Н.А. Алтайская семья языков и ее изучение.-М.: «Наука». 1981. - С. 86.

## ТІЛДЕР МЕН ДИАЛЕКТИЛЕР БОЙЫНША ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР:

алт. - алтай  
арғыалт. - арғыалтай  
арм.-қыпш. - армян-қыпшақ  
әз. - әзірбайжан  
балқ. - балқар  
баоань. - баоань  
бараб. - барабин  
башқ. - башқұрт  
бур. - бурят  
гаг. - гагауыз  
дағ. - дағур  
дунс. - дунсян  
көне түрк. - көне түркі  
көне моңғ. - көне моңғол  
көне ұйғ. - көне ұйғыр  
қаз. - қазақ  
қалм. - қалмақ  
қар. - қарайым  
ққалп. - қарақалпақ  
қарах.ұйғ. - қараханид-ұйғыр  
қарл. - қарлұқ  
қбалқ. - қарашай-балқар  
қойб. - қойбал  
құм. - құмық  
қырғ. - қырғыз  
қыпш. - қыпшақ  
лам. - ламут  
лобн. - лобнор  
мам. қыпш. - мамлүк-қыпшақ  
маньчж. - маньчжур  
моғ. - моғол  
монғ. - монғор

моңғ. - моңғол  
моңғ.-жазба - моңғол классикалық жазба тілі  
нан. - нанай  
негид. - негидаль  
ноғ. - ноғай  
ойр. - ойрат  
орок. - орок  
ороч. - ороч  
орта моңғ. - ортағасыр моңғол тілі  
орта түрк. - ортағасыр түркі тілі  
орта кор. - ортағасыр корей тілі  
өзб. - өзбек  
сал. - салар  
сол. - солон  
сарығ-ұйғ. - сарығ-ұйғыр  
тат. - татар  
тоф. - тофалар  
тув. - тува  
түрік. - түрік  
түрікм. - түрікмен  
түрк. - түркі  
удэг. - удэгей  
ульч. - ульч  
ұйғ. - ұйғыр  
хал. - халадж  
хак. - хакас  
халх.-моңғ. - халха-моңғол  
чув. - чуваш  
чул. - чулым  
шор. - шор  
шағат. - шағатай  
эвен. - эвен  
эвенк. - эвенкі  
як. - якут

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

*Аврорин В.А.* Грамматика нанайского языка. I т. - Москва-Ленинград, 1959.

*Аврорин В.А.* Грамматика маньчжурского письменного языка. - Санкт Петербург, 2000.

*Азербает Э.Г.* Вопросы тюрко-японских языковых связей (Фонетико-лексическое исследование). Автореф. дисс. ... канд. филол. наук. - Алма-Ата, 1975.

*Азербает Э.Г.* Некоторые вопросы японско-тюркских языковых связей // Изв. АН Каз ССр. Серия филол., 1974. - №4.

*Азербает Э.Г.* О фонемном составе древнеяпонского, чувашского языков и языка тюркских рунических памятников // Советская тюркология. - Баку, 1983. - №1.

Актуальные вопросы тюркского сравнительного языкознания. - Ленинград, 1989.

*Алексеев В.П.* Этногенез. - Москва, 1986.

*Аханов К.* Грамматика теориясының негіздері. - Алматы, 1996.

*Ахманова О.С.* Словарь лингвистических терминов. - Москва, 1966.

*Әбуханов F* Қазақ тілі. - Алматы, 1982.

*Бадмаев Б.Б.* Грамматика калмыцкого языка. Морфология. - Элиста, 1958.

*Базылхан Б.* Алтай төркіндес тілдердің ортақтығы туралы мәселе // ҚР ҒМ-ҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. № 2 (96). - Алматы, 1996.

*Базылхан Б.* Аффиксальные морфемы в монгольском и казахском языках // *Stadia Mongolica*. Том X. (18)7 - Ulan-Baator, 1986.

*Базылхан Б.* Краткая сравнительно-историческая грамматика монгольского и казахского языков. Автореф. дисс. ... канд. филол. наук. - Алма-Ата, 1974.

Базылхан Б. Эртний түрк бичээсний хэлний үгийн бүтэц. - Улаанбаатар, 1984.

Базылхан Б. Монгол-казах толь. - Улаанбаатар - Өлгий, 1984.

Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. - Алматы, 1992.

Баскаков Н.А. Каракалпакский язык. Фонетика и морфология. Ч.2. - Москва, 1952.

Баскаков Н.А. Алтайская семья языков и ее изучение. - Москва, 1981.

Баскаков Н.А. Ареальная консолидация древнейших наречий и генетическое родство алтайских языков // Вопросы языкознания. - Москва, 1970. - №4.

Баскаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков. - Москва, 1969.

Баскаков Н.А. Причастие на -ды/-ты в тюркских языках//Труды Московского ин-та востоковедения. - Москва, 1951. Вып.6.

Бертагаев Т.А. Внутренняя реконструкция и этимология слов в алтайских языках // Проблема общности алтайских языков. - Москва, 1974.

Бертагаев Т.А. Лексика современных монгольских литературных языков(на мат. монгольского и бурятского языков). - Москва, 1974.

Бертагаев Т.А. Бурятский язык.//Языки народов СССР. Т.5. - Москва,1968.

Бетлинг О.Н. Словарь санскритского языка. - СПб., 1853.

Богородский В.А. Введение татарское языкознание в связи с другими тюркскими языками. - Казань, 1953.

Болдл. Орчин цагийн монгол хэлний дагавар. - Улаанбаатар, 1986.

Будаев Ц.Б. Лексика бурятских диалектов в сравнительно-историческом освещении. - Новосибирск, 1978.

Булатова Н.Я. Язык сахалинских эвенков. - СПб., 1999.

Булич Н.Н. Очерки по истории русской литературы и просвещения с начала XIX века. Т. I и II. - СПб., 1902-1905. 190-3-232, 365-520.

Бураев И.Д. Становление звукового строя бурятского языка. - Новосибирск, 1987.

Бурыкин А.А. Роль монгольских языков для алтаистических исследований // История развития монгольских языков. - Улан-Удэ, 1999.

Бурыкин А.А. Идеи С.А. Старостина и дальнейшие перспективы алтаистики // Аспекты компаративистики. 4 (Orientalia et Classica: Труды Института восточных культур и античности. Вып. XXVIII). - Москва, 2009.

Бямбасан П. Орчин цагийн монгол хэлний үгийн, нэр үгсийн аймаг. - Улаанбаатар, 1975.

Владимирцов Б.Я. Об отношении монгольского языка к индо-иранским языкам средней Азии // Записки коллегии востоковедов при Азиатском музее Российской Академии наук. Т.1. - Ленинград, 1925.

Владимирцов Б.Я. Заметки к древнетюркским и старомонгольским текстам // Доклады АН СССР. - Ленинград, 1929. - № 16.

Владимирцов Б.Я. Арабские слова в монгольском / Б. Я. Владимирцов // Записки» коллегии востоковедов при Азиатском музее АН СССР. Л.: Изд-во АН СССР, 1930. HV.

Владимирцов Б.Я. Сравнительная грамматика монгольского письменного языка и халхасского наречия. 2-ое изд. - Москва, 1989.

Владимирцов Б.Я. Турецкие элементы в монгольском языке // ЗВО ИРАО, 1911, XX, 2 - 3.

Гаджиева Н.З. Актуальные вопросы тюркского сравнительно-исторического языкознания // Актуальные вопросы тюркского сравнительного языкознания. - Ленинград, 1989.

Гаджиева Н.З., Серебренников Б.А. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков: Синтаксис / Под ред. Э.Р.Тенишева. - Москва, 1986.

Ганиев Ф.А. Видовая характеристика глаголов татарского языка. - Казань, 1963.

Горелова Л. М. Грамматика маньчжурского языка. Автореферат дисс. ... докт. филол. наук. - Москва, 2004.

Грамматика калмыцкого языка. Фонетика и морфология. - Элиста, 1983.

Джанузаков Т. Основные проблемы ономастики казахского языка. Авто- реф. дисс. ... докт. филол. наук. - Алма-Ата, 1976.

Дмитриева Л.В. Барабинских татар язык // Языки мира: Тюркские языки. - Москва, 1996.

Долгопольский А.Б. Гипотеза древнейшего родства языковых семей Северной Евразии с вероятностной точки зрения // Вопросы языкознания, 1964. № 2.

Дыбо А.В. Лингвистические контакты ранних тюрков. Лексический фонд. Пратюркский период. - Москва, 2007.

Дыбо А.В. Семантическая реконструкция в алтайской этимологии. Соматические термины (плечевой пояс). - Москва, 1996.

Дыбо В.А., Пейрос И.И. Проблемы изучения отдаленного родства языков // Вестник Российской Академии Наук. - Москва, 1985. № 2.

Егоров В.Г. Этимологический словарь чувашского языка. - Чебоксары, 1964.

Егоров Н.И. Проблемы генетической и хронотопологической стратификации лексики чувашского языка и теория о булгаро-чувашской этноязыковой преемственности. - Алма-Ата, 1992.

Егоров Н.И. Проблемы хронотопологической стратификации чувашско-монгольских лексических параллелей и их историческая интерпретация // Чувашский гуманитарный вестник. - Чебоксары, 2006. - №1.

Егоров Н.И. Узловые проблемы ранних этапов огуρο-булгаро-чувашского этноглоптогенеза и современные проблемы алтаистики // Сб. мат. междунар. научной конференции «Чувашский язык и современные проблемы алтаистики». - Чебоксары, 2009. Ч.1.

Егоров Н.И., Егоров Э.Н. Древнейшие индоевропейские (индоиранские и восточноиранские) лексические заимствования в пратюркском и проблема ранних этапов этнолингвогенеза огуоров (протобулгар) // Известия Национальной академии наук и искусств Чувашской Республики. - Чебоксары, 2000 - 2001. - №3/1.

Журавлев В.К., Нерозник В.П. Проблемы реконструкции праязыкового состояния // Slavica XVIII. - Debrecen, 1981.

Захаров И.И. Грамматика маньчжурского языка. - СПб, 1879.

Звегинцев В.А. История языкознания XIX XX веков в очерках и извлечениях. - Москва, 1964. Ч. 1.

Иллич - Свитыч В.М. Алтайские дентальные: t, d, 5. // Вопросы языкознания, 1963. - №6.

Иллич - Свитыч В.М. Алтайские гуттуральные \*ki, \*k, \*g // Этимология. 1964. - Москва, 1965.

Иллич - Свитыч В.М. Соответствия смычных в нострических языках, «Этимология. 1966». - Москва, 1968.

Иллич - Свитыч В.М. Опыт сравнения ностратических языков: (Семитохамитский, картвельский, индоевропейский, уральский, дравидийский, алтайский): Введение. Сравнительный словарь. - Москва, 1971; Изд-е 2-е, испр. - Москва, 2003.



Иллич - Свитыч В.М. Опыт сравнения ностратических языков: Сравнительный словарь (р - q) (по карточкам автора). - Москва, 1984.

Ильминский Н.И. Самоучитель русской грамоты для киргизов. - Казань, 1861.

Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. - Алматы, 1998.

Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков / под ред. Н.К.Дмитриева. - Москва, 1955 - 1962. ТТ. 1 - 4.

Кайдаров А.Т. Уйгурско-монгольские языковые связи в области фонетики // Исследования по уйгурскому языку. Кн.2. - Алма-Ата, 1970.

Кара Д. Книги монгольских кочевников. - Москва, 1972.

Кастрен М.А. Путешествие по Лапландии, Северной России и Сибири: 1838 - 1844, 1845 - 1849. Текст. - Москва, 1860.

Кенесбаев С.К. К вопросу тюрко-монгольской языковой общности (на материале некоторых грамматических явлений казахского языка) // Проблема общности алтайских языков. - Ленинград, 1971.

Киекбаев Дж. Введение в Урало-Алтайское языкознание. - Уфа, 1972.

Киекбаев Дж. К вопросу о родстве урало-алтайских языков // Некоторые вопросы урало-алтайского языкознания. - Уфа, 1970.

Климов Г.А. Введение в кавказское языкознание. - Москва, 1986.

Климов Г.А. Основы лингвистической компаративистики. - Москва, 1990.

Клоусон Дж. Лексикостатистическая оценка алтайской теории // Вопросы языкознания. - Москва, 1969. - № 5.

Кляшторный С.Г. Из древнетюркской ономастики: царский род «голубых тюрков» // Уч. зап. Санкт-Петербургского ун-та. № 430. Серия востоковедческих наук. Вып. 35. Востоковедение, 19: Филологические исследования. - Москва, 1997.

Козин С.А. Сокровенное сказание: Монгольская хроника 1240 г. Под названием *Mongyol-un niyusa tobciyan*. Т.1. Введение в изучение памятника, пер., текст., глоссарий. - Москва-Ленинград, 1941.

Козин С.А. К вопросу о показателях множественности в монгольском языке // Уч.зап. ЛГУ - №69. - Ленинград, 1949.

Колесникова В.Д. К характеристике названий частей тела человека в тунгусо-маньчжурских языках // Очерки сравнительной лексикологии алтайских языков. - Ленинград, 1972.

Кононов А.Н. Грамматика тюркских рунических памятников VII-IX вв. - Ленинград, 1980.

Кононов А.Н. История изучения тюркских языков в России: Дооктябрьский период. - Ленинград, 1972.

Кононов А.Н. Показатели собирательности-множественности в тюркских языках. - Ленинград, 1969.

Кононов А.Н. Тюркская филология в СССР (1917-1967). - Москва, 1968.

Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. - Москва-Ленинград, 1956.

Константинова О.А. Эвенкийский язык. - Москва-Ленинград, 1964.

Концевич Л.Р. Корейский язык в алтаистических исследованиях: некоторые итоги и перспективы // Тезисы и доклады XXIX сессии ПМАК (PIAC). - Москва, 1986.

Кормушин И.В. Каузативные формы глагола в алтайских языках // Очерки сравнительной морфологии алтайских языков. - Ленинград, 1978.

Кормушин И.В. Системы времен глагола в алтайских языках. - Москва, 1984.

Корш Ф.Е. Классификация турецких племен по языкам // Этнографическое обозрение, 1910. Кн. 84-85. №1-2.

Котвич В.Л. Исследования по алтайским языкам. - Москва, 1962.

Крайнюченко Е.В. Сравнительно-сопоставительная характеристика категорий глагола в тюркских языках Северного Кавказа // [http://www.pglu.ru/lib/publications/University\\_Reading/2009/\\_VI/uch\\_2009\\_VI\\_00025.pdf](http://www.pglu.ru/lib/publications/University_Reading/2009/_VI/uch_2009_VI_00025.pdf).

Кумахов М.А. Сравнительно-историческая фонетика адыгейских (черкесских) языков. - Москва, 1981.

Кызласов И.Л. Археологический взгляд на проблему первоначального единства алтайских народов // Еуразияшылдык идеясы контексіндегі Қазақстан түркітануы: мәселелері мен болашағы. Халықаралық ғылыми-теориялық конф. мат. - Астана, 2009.

Қазақ грамматикасы. - Астана, 2002.

Қайдар Ә.Т. Қазақ тілінің тарихи лексикологиясы: проблемалары мен міндеттері //Қазақ тілінің өзекті мәселелері. - Алматы, 1998.

Қалиев F Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. - Алматы, 2005.

Лингвистическая реконструкция и древнейшая история Востока. - Москва, 1984.

Левитская Л.С. Историческая морфология чувашского языка. - Москва, 1976.

Лигети Л. Алтайская теория и лексикостатистика // Вопросы языкознания. - Москва, 1971. - №3.

Лигети Л. Табгачский язык – диалект сяньбийского // Народы Азии и Африки. - Москва, 1969. - №1.

Лувсанвандан Ш. Орчин цагийн монгол хэл. - Бээжин, 1962.

Макаев Э.А. Общая теория сравнительного языкознания. - Москва, 1977.

Малов Е. Древние и новые тюркские языки // Изв. АН СССР, ОЛЯ. - Москва, 1952.

Марузо Ж. Словарь лингвистических терминов. - Москва, 1960.

Махпиров В.У. Древнетюркская ономастика. Автореф. дисс. ... докт.фи- лол.наук. - Алматы, 1998.

Мельничук А.С. Проблематика реконструкции в сравнительно-историческом языкознании // Актуальные вопросы сравнительного языкознания. - Ленинград, 1989.

Молчанова О.Т. Элемент - тай в топонимии Средней Азии и смежных территорий // Ономастика Средней Азии. - Москва, 1978.

Мудрак О.А. Развитие сочетаний с \*1 в праалтайском языке // Доклады конференции памяти С. А. Старостина. Российский государственный гуманитарный университет. - Москва, 2006.

Насилов Д.М. Из истории алтаистики // Советская тюркология. - Баку, 1977. - № 3.

Насилов Д.М. Алтаистика XIX в. // Тюркологический сборник, 1977 - Москва, 1981.

Насилов Д.М. Еще раз о виде в тюркских языках (к истории вопроса) // Тюркология. К 70 - летию акад. А.Н.Кононова. - Ленинград, 1976.

Насилов Д.М. О способах выражения видовых значений в алтайских языках // Проблема общности алтайских языков. - Ленинград, 1971.

Насилов Д.М. Формы выражения способов глагольного действия в алтайских языках (в связи с проблемой глагольного вида) // Очерки сравнительной морфологии алтайских языков. Ленинград, 1978.

Немет Ю. Специальные проблемы тюркского языкознания в Венгрии // Вопросы языкознания. - Москва, 1963. - № 6.

Нерознак В.П. Праязык: реконструкт или реальность? // Сравнительно-историческое изучение языков разных семей. Теория лингвистической реконструкции. - Москва, 1988. С. 26 - 43.

Нерознак В.П. Метод сравнения в синхронном языкознании: К основаниям лингвистической компаративистики // Изв. АН СССР. Сер. лит. и яз. Т. 45. № 5. - Москва, 1986.

Новгородова Э.А. Древняя Монголия. - Москва, 1989.

Новикова К.А. Названия домашних животных в тунгусо-маньчжурских языках // Исследования в области этимологии алтайских языков. - Ленинград, 1979.

Новикова К.М. Эвенский язык // Языки народов СССР. - Москва, 1968.

Новлянская М.Г. Филипп Иоганн Страленберг: Его работы по исследованию Сибири. - Москва-Ленинград, 1966.

Оралбаева Н. Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттарының құрлысы мен мағынасы. - Алматы, 1979.

Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. - Алматы, 2007.

Орлов А.М. Грамматика маньчжурского языка. - СПб, 1873.

Орловская М.Н. Имена существительные и прилагательные в современном монгольском языке. - Москва, 1961.

Охотина Н.В. Языки банту // Сравнительно-историческое изучение языков разных семей: Задачи и перспективы. - Москва, 1982.

Өнөрбаян Х. Орчин цагийн моңғол хэлний нэр үгийн аймгаас жинхэнэ нэр бүтэх тухай. УБДС - ийн эрдэм шинжилгээ заах аргын бичиг №1. (XI). - Улаанбаатар, 1975.

Пагба Т. Вспомогательные или служебные глаголы в современном монгольском языке. - Улаанбаатар, 1961.

Пашков Б.К. Маньчжурский язык. - Москва, 1963.

Поливанов Е.Д. К вопросу о долгих гласных в общетурецком праязыке // Доклады АН СССР. - Сер. В. - Москва-Ленинград, 1927. - № 7.

Поливанов Е.Д. К вопросу о родственных отношениях корейского и «алтайских» языков // Известия АН ССР - Москва, 1927 - Сер. VI. - № 15 - 17.

Поливанов Е.Д. К вопросу общетурецкой долготы гласных // Бюллетень 1-го Средне - Азиатского гос.ун-та. - Ташкент, 1924. - № 6.

Поливанов Е.Д. Введение в языкознание для востоковедческих вузов. - Ленинград, 1928.

Поливанов Е.Д. К вопросу о родственных отношениях корейского и «алтайских» языков // Статьи по общему языкознанию. - Москва, 1968.

Поппе Н.Н. Монгольские числительные // Языковедные проблемы по числительным. - Ленинград, 1927. Т.1.

Поппе Н.Н. О частях речи в монгольском языке // Советское востоковедение. - Москва-Ленинград, 1940.

Поппе Н.Н. Монгольские этимологии // Доклады АН СССР. Сер. Востоковедения. - Ленинград, 1925.

Поппе Н.Н. Урало - алтайская теория в свете советского языкознания // Известия АН СССР - Москва, 1940. - № 3.

Поппе Н.Н. Грамматика бурят - монгольского языка. - Москва-Ленинград, 1938.

Поппе Н.Н. К консонантизму алтайских языков // Доклады РАН. - Москва, 1924.

Поппе Н.Н. О родственных отношениях чувашского и тюрко-татарских языков. - Чебоксары, 1925.

Поппе Н.Н. Система глухих смычных в алтайских языках // Доклады РАН. - Москва, 1925

Поппе Н.Н. Грамматика письменно-монгольского языка. - Москва- Ленинград, 1937.

Поппе Н.Н. Материалы по солонскому языку. - Ленинград, 1931.

Порхомовский В.Я. Афразийские языки. Чадские языки // Сравнительно-историческое изучение языков разных семей: Задачи и перспективы. - Москва, 1982.

Пратюркский язык, Картина мира пратюрков / Под ред. Э.Р.Тенишева/. -Москва, 2004.

Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий // СПб., 1893 – 1911.

Рамstedт Г.И. Введение в алтайское языкознание. Морфология. /Пер. с нем. Л. С. Слоним/. – Москва, 1957.

Рамstedт Г.И. Грамматика корейского языка. /Пер. А.А.Холодовича/. – Москва, 1995.

Рамstedт Г.И. Сравнительная фонетика монгольского письменного языка и халхасско – ургинского говора. – Санкт-Петербург, 1908.

Рамstedт Г.И. Этимология имени ойрат. // Сборник в честь семидесятилетия Г.И.Потанина. – Санкт-Петербург, 1909.

Рассадин В.И. Деепричастия в монгольских и тюркских языках // Новые исследования Тувы, 2012. – №4 (электронный журнал [www.tuva.asia](http://www.tuva.asia)).

Рассадин В.И. Морфология тофаларского языка в сравнительном освещении. – Москва, 1978.

Региональные реконструкции/ Под ред. Э.Р.Тенишева. – Москва, 2001.

Рона – таш А. Общее наследие или заимствование? (К проблеме родства алтайских языков) // Вопросы языкознания. – Москва, 1974. – №2.

Рясянен М. Материалы по исторической фонетике тюркских языков. / Пер. с нем. А. А. Юлдашева./ – Москва, 1955.

Рясянен М., Об урало-алтайском языковом родстве // Вопросы языкознания. – Москва, 1968. – № 1.

Сагидолда Г. Поэтикалық фразеологизмдердің этномәдени мазмұны (қазақ және моңғол тілдері материалдары бойынша). – Алматы, 2004.

Сагидолда Г Түркі (қазақ) және моңғол халықтарының тарихи-мәдени байланыстарының топонимияда бейнеленуі. – Алматы, 2000.

Сайкиев Ж.М. Грамматические категории глагола в русском и казахском языках (к проблеме типологических исследований). – Алма-Ата, 1973.

Самойлович А.Н. Некоторые дополнения к классификации турецких языков. – Петербург, 1922.

Санжеев Г.Д. Современный монгольский язык. – Москва, 1960.

Санжеев Г.Д. Старописьменный монгольский язык. – Москва, 1964.

Санжеев Г.Д. Заметки по тюрко – монгольскому вокализму // Studies in general and oriental linguistics. – Tokyo, 1970.

Санжеев Г.Д. К проблеме частей речи в алтайских языках // Вопросы языкознания. – Москва, 1952.

Санжеев Г.Д. О тюрко-монгольских лингвистических параллелях // Сов. тюркология. – Баку, 1973. – №6.

Санжеев Г.Д. К тюрко-монгольской лингвистической проблеме // Труды Московского института востоковедения. – Москва, 1947. – № 4.

Санжеев Г.Д. Сравнительно-исторические и типологические исследования в алтаистике // Лингвистическая типология и восточные языки. – Москва, 1965.

Санжеев Г.Д. Б.Я.Владимирцов – исследователь монгольских языков // Филология и история монгольских народов. – Москва, 1958.

Санжеев Г.Д. В.Л.Котвич – пионер нового направления в алтаистике // Проблемы алтаистики и монголоведения. – Москва, 1975. Вып.2.

Санжеев Г.Д. Грамматика калмыцкого языка. – Москва-Ленинград, 1940.

Санжеев Г.Д. Маньчжуро-монгольские языковые параллели // Изв. АН СССР Отд. гум.наук. Сер.7 – Ленинград, 1930. – № 8 – 9.

Санжеев Г.Д. Монгольские языки // Сравнительно-историческое изучение языков разных семей: Современное состояние и проблемы. – Москва, 1981.

Санжеев Г.Д. Сравнительная грамматика монгольских языков. Глагол / Отв. ред. Г.П.Сердюченко/. – Москва, 1963.

Санжеев Г.Д. Сравнительная грамматика монгольских языков. I. – Москва-Ленинград, 1953.

Сарыбаев Ш.Ш. К вопросу о монгольско – казахских языковых связях // Вопросы истории и диалектологии казахского языка. Вып.2. – Алма-Ата, 1960.

Сарыбаев Ш.Ш. Монгольско-казахские лексические параллели // Проблема общности алтайских языков. – Ленинград, 1971.

Севортян Э.В., Левитская Л.С. Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на буквы «Ж», «Ж», «Й». – Москва, 1989.

Севортян Э.В. К проблеме частей речи в тюркских языках // Вопросы грамматического строя. – Москва, 1955.

Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на гласные / АН СССР. Институт языкознания. – Москва, 1974.

Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на букву «Б» / АН СССР. Ин-т языкознания. – Москва, 1978.

Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на букву «В», «Г» и «Д» / Ред. Н.З.Гаджиева/. – Москва, 1980.

Серебрянников Б.А. К проблеме классификации тюркских языков. // Вопросы языкознания. – Москва, 1951. – №4.

Серебрянников Б.А. О лингвистических универсалиях // Вопросы языкознания. – Москва, 1972. – №2.

Серебрянников Б.А. Проблема достаточности основания в гипотезах, касающихся генетического родства языков. // Теоретические основы классификации языков мира. Проблемы родства. – Москва, 1982.

Серебрянников Б.Я. Проблемы глагольного видов тюркских языках // Вопросы грамматики тюркских языков. – Алма-Ата, 1958.

Серебрянников Б.А., Гаджиева Н.З. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. – Баку, 1979.

Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков: Лексика / Под ред. Э.Р.Тенишева/. – Москва, 2001.

Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков: Морфология / Под ред. Э.Р.Тенишева/. – Москва, 1988.

Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков: Фонетика / Под ред. Э.Р.Тенишева/. – Москва, 1984.

Сравнительно-историческое изучение языков разных семей: современное состояние и проблемы. – Москва, 1981.

Сравнительный словарь тунгусо-маньчжурских языков: Материалы к этимологическому словарю. – Ленинград, 1977.

Старостин С.А. Алтайская проблема и происхождение японского языка. – Москва, 1991.

Старостин С.А. Праенисейская реконструкция и внешние связи енисейских языков // Кетский сборник: Антропология. Этнография. Мифология. Лингвистика. – Ленинград, 1982.



Старостин С.А., Дыбо А.В., Мудрак О.А. (при участии И.Грунтова и В.Глумова). Этимологический словарь алтайских языков. Введение. – Москва, 2001.

Суник О.П. Глагол в тунгусо-маньчжурских языках. – Москва-Ленинград, 1962.

Суник О.П. К актуальным проблемам алтаистики // Вопросы языкознания. – Москва, 1976. – № 1.

Суник О.П. Проблема общности алтайских языков // Проблема общности алтайских языков. – Ленинград, 1971.

Сыромятников Н.А. О лексике общей у японского с индонезийском и тагальскими языками // Вопросы японской филологии. Вып. 1. – Москва, 1970.

Сыромятников Н.А. Об урало-алтайском слое древнеяпонского языка // Народы Азии и Африки, № 2. – Москва, 1967.

Тенишев Э.В. Алтайские языки // Языки мира: Тюркские языки. – Москва, 1996.

Тенишев Э.Р. О методах и источниках сравнительно-исторических исследований тюркских языков // Избранные труды. Книга первая. – Уфа, 2006.

Тихонов А.Н. Существует ли категория вида в тюркских языках // Актуальные вопросы современного языкознания и лингвистическое наследие Е.Д.Поливанова. – Самарканд, 1964.

Тодаева Б.Х. Грамматика современного монгольского языка. Фонетика и морфология. – Москва, 1951.

Тодаева Б.Х. Калмыцкий язык // Языки народов СССР. Т.5. – Москва, 1968.

Тодаева Б.Х. Монгорский язык. – Москва, 1973.

Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы, 1988.

Томанов М.Т. Вопросы исторической морфологии казахского языка. Автореф. ... док. филол. наук. – Алма-Ата, 1975.

Томанов М.Т. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы, 1992.

Төлеуов Ә. Сөз таптары. – Алматы, 1982.

Тронский И.М. К вопросу о сравнительно-историческом методе в языкознании // Уч. зап. ЛГУ. – Ленинград, 1952. – №. 156.

Трубецкой Н.С. Вавилонская башня и смешение языков // Евразийский временник. Кн. 3. – Берлин, 1923.

Түймебаев Ж.К. История тюрко-казахско-монгольских этноязыковых взаимоотношений. – Астана, 2008.

Түймебаев Ж.К. Казахско-монгольские лексические параллели: Материалы к этимологическому словарю казахского языка. – Москва, 2005.

Түймебаев Ж.К. Проблема анлаутных губных согласных в алтайских языках (Ревизия фонетического закона Рамстедта – Пеллио). – Москва, 2005.

Түймебаев Ж.К. История тюрко-казахско-монгольских этноязыковых взаимоотношений. – Астана, 2008.

Түймебаев Ж.К. Становление и развитие алтайской теории и алтаистики. – Туркестен, 2006.

Түймебаев Ж.К. Теоретические принципы и критерии историко-генетического разграничения тюркско-монгольских лексических параллелей. Автореф. ... докт. филол. наук. – Астана, 2008.

Түймебаев Ж.К., Егоров Н.И., Чеченов А.А. Актуальные проблемы исследования языков Центральной Азии. Туранский языковой союз. – Кокшетау, 2009.

Федотов М.Р. Этимологический словарь чувашского языка. – Изд. 2 – е., испр. и доп. – Чебоксары, 2002.

Хабичев М.А. Краткий грамматический очерк карачаево-балкарского языка [Текст] // Карачаево-балкарско-русский словарь: около 30 000 слов / Карачаево-Черкесский н.-и. ин-т ист., филол. и экономики /Под ред. Э.Р. Тенишева и Х.И. Суюнчева/. – Москва, 1989.

Хайду П. Уральские языки и народы. – Москва, 1985.

Харитонов Л.Н. Современный якутский язык. Фонетика и морфология. -Якутск, 1947.

Хасенова А. Етістіктің лексика – грамматикалық сипаты. – Алматы, 1972.

Хелимский Е.А. Происхождение древнетюркского чередования г ~ з и дилемма «ротацизма/зетацизма». – Москва, 1985.

Цинциус В.И. Сравнительная фонетика тунгусо-маньчжурских языков. – Ленинград, 1949.

Цинциус В.И. Эвенкийский язык // Языки мира: Монгольские языки. Тунгусо-маньчжурские языки. Японский язык. Корейский язык. – Москва, 1997.

Цинциус В.И. К этимологии алтайских терминов родства // Очерки сравнительной лексикологии алтайских языков. – Ленинград, 1972.

Цинциус В.И. Множественное число имени в тунгусо-маньчжурских языках // Уч. зап. ЛГУ. Сер. филол. наук. Вып.10. – Ленинград, 1946.

Цинциус В.И. Монголизмы – дублеты в маньчжурском языке // Исследования по восточной филологии (К семидесятилетию профессора Г.Д.Санжеева) – Москва, 1974. С. 297-305.

Цинциус В.И. Негидальский язык. – Ленинград, 1982.

Цинциус В.И. Этимология алтайских лексем с анлаутными придыхательными смычными губно-губным \*р» и заднеязычным \*к// Алтайские этимологии. – Ленинград, 1984.

Цыбиктаров А.Д. Центральная Азия в эпоху бронзы и раннего железа (проблемы этнокультурной истории Монголии и Южного Забайкалья середины II – первой половины I тыс. До н.э.) // Археология, этнография и антропология Евразии. – Новосибирск, 2003.

Цыренова Т.Б. Становление системы деепричастных форм в монгольских языках//Дис. ... канд. филол. наук. – Улан-Удэ, 2000.

Шеввернина З.В. Аналитические глагольные формы в современном монгольском языке // Филология и история монгольских народов. – Москва, 1958.

Шлейхер А. Компендий сравнительной грамматики индоевропейских языков // Звегинцев В.А. История языкознания XIX-XX веков в очерках и извлечениях. – Москва, 1964. Ч.1.

Щека Ю.В. Практическая грамматика турецкого языка [Текст]. – Москва, 2007.

Щербак А.М. О некоторых спорных вопросах реконструкции фонологической системы тюркского праязыка//Тюркологические исследования. – Москва, 1976.

Щербак А.М. Рец. на книгу: Doerfer G. Mongolo-Tungusica. Wiesbaden, 1989. – 307s. // Вопросы языкознания. – Москва, 1989. – № 6.

Щербак А.М. О причинах структурно-фонетических расхождений в тюрко-монгольских лексических параллелях // Исследование по восточной филологии: К 75 – летию проф. Г.Д.Санжеева. – Москва, 1974.

Щербак А.М. Тюркско-монгольские языковые связи (К проблеме взаимодействия и смешения языков) // Вопросы языкознания. – Москва, 1986. – №2.

Щербак А.М. О характере лексических взаимосвязей тюркских, монгольских и тунгусо-маньчжурских языков // Вопросы языкознания. – Москва, 1966. – №3.

Щербак А.М. Грамматический очерк языка тюркских текстов X-XIII вв. из Восточного Туркестана. – Москва-Ленинград, 1961.

Щербак А.М. О методике исследования языковых параллелей (в связи с алтайской гипотезой) // Труды XXV Международного конгресса востоковедов. – Москва, 1963. Т. III.

Щербак А.М. О ностратических исследованиях с позиции тюрколога // Вопросы языкознания. – Москва, 1984. – № 6.

Щербак А.М. О тюрко-монгольско-тунгусских связях в морфологии // Народы Азии и Африки. – Москва, 1968. – №1;

Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков (Имя). – Ленинград, 1977.

Щербак А.М. Ранние тюркско – монгольские языковые связи (VIII-XIV). – Санкт-Петербург, 1977.

Щербак А.М. Сравнительная фонетика тюркских языков. – Ленинград, 1970.

Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 1974.

Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1991.

Этимологический словарь тюркских языков. Общетюркские и межтюркские основы на буквы «Л», «М», «Н», «П», «С». – Москва, 2003.

Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на букву «Қ» / Авт. сл. статей Л. С. Левитская, А. В. Дыбо, В. И. Рассадин/. – Москва, 2000.

Этимологический словарь тюркских языков: Общетюркские и межтюркские основы на буквы «К», «Қ» /Авт. сл. статей Л. С. Левитская, А. В. Дыбо, В. И. Рассадин. – Москва, 1997.

Юлдашев А.А. Аналитические формы глагола в тюркских языках. – Москва, 1965.

Языки мира: Тюркские языки. – Москва, 1996.

Якобсон Р. Типологические исследования и их вклад в сравнительно-историческое языкознание // Новое в лингвистике. Вып. III. – Москва, 1963.

Яхонтова Н. С. Монгольские языки // Языки мира. – Москва, 1997

Abel – Remusat Recherches sur les langues tartares, ou Memoires sur differents point de la grammaire et la des Mandchous, des Mongols, des Ouigoures et des Tibetains. – Paris, 1820. T. I – LI.

Aksoy O.A. Atasozleri ve Deyimler Sozlugu. – Ankara: TDK Yayinlari, 1971.

Anderson N.J. Wandlungen der anlautenden denta. Ien Spirans im Ostjakischen. – St. Peterbs. 1893.

*Aston, W.C.*, A Comparative study of the Japanese and Korean Languages, JIRAS n.s. 11 (1879).

*Bazin L.* Recherches sur les Parlers T» o-pa, TP 2 ser. 39 (1950).

*Benzing J.* Die tungusischen Sprachen. Versuche einer vergleichenden Grammatik. – Wiesbaden, 1955.

*Benzing J.* Remarques sur les langues toungouses et leurs relations avec les autres langues dites “altaïques” // Ural – Altaische Jahrbucher. – Wiesbaden, 1953. – Vol. XXV. – N 1 – 2.

*Benzing J., Menges K.N.* Classification of the Turkic Languages // Philologiae Turcicae Fundamenta. – Wiesbaden, 1959. T.I. – S. 1 – 10. 1952;

*Blanar V* Lexicalno – semanticka rekonstrukcia. – Bratislava 1984.

*Bohtlingk O.* Über die sprache der Jakuten: Grammatik: Text und Worterbuch. – СПб., 1851.

*Boodberg P.* The language of the T\» o-pa Wei // Harvard Journal of Asiatic Studies, 2. 1936.

*Caldwell R.* A Comparative grammar of the Dravidian or South – Indian family of languages. – 3-rd ed. – London, 1913.

*Castren M.* A Nordische Reisen und Forschugen. – SPb, 1845 – 1849. – Bd. I – V.

*Castren M.A.* De affixes personalibus Linqvarum Altaicarum. – Helsingfors, 1858.

*Castren M.A.* Reiseberichte und briefe aus den Jahren 1845 – 49. – St. Petersburg, 1856.

*Castren M.A.* Über die Personalaffixe in den Altaïschen Sprachen, Kleinere Schriften. – St. Petersburg, 1862

*Castren M.A.*, Reiseberichte und briefe aus den Jahren 1845 – 49. – St. Petersburg, 1856.

*Clark L.V.* Mongol elements in Old Turkic? // Jornal de la Societe Finno – Ougrienne. – Helsinki, 1977. – Vol. 75.

*Clauson G.* An Etymological Dictionary of Pre – Thirteenth Century Turkish. – Oxford, 1972.

*Clauson G.* A note on Qopdan // Journal of the Royal Asiatic Society. – London, 1956.

*Clauson G.* An Etymological Dictionary of Pre – Thirteenth Century Turkish. – Oxford, 1972.

*Clouson G.* The earliest Turkish loan words in Mongolian. – CAJ. 1959. IV, 3.

*Collinder B.* Pro Hypothesi Uralo-Altaica // Altaica (Proceedings of PIAC. – Helsinki, 1977.

*Collinder B.* Zur indo – uralischen Frage // Sprakvetenskapliga sällskapetets I Uppsala forhandlingar. Uppsala Universitets Arsskrift. – Uppsala, 1954.

*Decsy Gy.* Einführung in die finnisch-ugrische Sprachwissenschaft. – Wiesbaden, 1965.

*Deny J.* Grammaire de la langue turque (dialecte osmanli). – Paris, 1921. *Deny J.* Langues turques, langues mongols et langues tongouses // Les langues du monde. Par un group de linguists sous la direction de A. Meller et M. Cohen. – Paris, 1952.

*Doerfer G.* Halaj materials. – Bloomington: Indiana Universiti Publications, 1971. *Doerfer G.* Mongolo – Tungusica. – Wiesbaden, 1985.

*Doerfer G.* Turkisch and Mongolian studies. – London, 1963.

*Doerfer G.* Turkische und mongolische Elemente im Neupersischen. Wiesbaden – Bd I – 1963, Bd II – 1965, Bd III – 1967.

*Doerfer G.* Zur ural-altaischen Sprachwissenschaft, 2 // Ural-altaische Jahrbucher. – Wiesbaden, 1965. Bd. 36. – Hf. 1 – 2.

*Doerfer G.* Zur Verwandtschaft der altaischen Sprachen // Zeitschrift zur Indogermanische und allgemeine Sprachwissenschaft. – Berlin, 1966. – Bd. 71. – Hf. 1 – 2.

*Dumezi G.* Remarques sur les six premiers noms de nombres du turc // Studia Linguistica. – 1954. – Vol. VIII. – № 1. – P. 1 – 15.

*Eberhard W.* Das Toba – Reich Nord Chinas. – Leiden, 1949.

*Ergin M.* Turk Dil Bilgisi. – istanbul: Bayrak Basim, 1999.

*Felden F.* Ursprung der nichtgemein-indogermanischen Bestandteile der germanischen Sprachen // Anthropos. – 1919 – 1920. – Bd. 14 – 15.

*Gabain A.* Alttürkische Grammatik. – Leipzig, 1950.

*Gombocz Z.* Zur Lautgeschichte der altaischen Sprachen // Keleti Szemle. – Budapest, 1912 – 1913. – Bd. XIII. – Hf. 1 – 2.

*Gombocz Z.* Az altaji nyelvek hangtortenetéhez // Nyelvtudományi Közlemények. – Budapest, 1905. – 35 kot. – 241 – 284 l.

*Gombocz Z.* Zur Lautgeschichte der altaischen Sprachen // Keleti Szemle. – Budapest, 1912 – 1913. – Bd. XIII. – Hf. 1 – 2.

*Gombocz Z.* Die bulgarisch-türkischen Lehnwörter in der ungarischen Sprache. – Helsinki, 1912. – VIII – 254 S. (MSFOu 30)

*Great S.* Altaic languages // <http://Community.Livejournal.com/terra-linguarum>. 2005. – 03.08.

*Gronbech V.* Forstudier til tyrkisk lydhistorie. – København, 1902.

*Hambis L.* Grammaire de la langue mongole écrite. – Paris, 1945. – Part. 1. 1945.

*Hattori Sh.* The Length of Vowels in Proto – Mongol, SM 1: 12 (1959).

*Hoeningwald H.M.* The principal step in comparative grammar // Language, 1950, vol. 26, N 3.

*Hommel F.* Ethnologie und Geographie des alten Orients (Handbuch der ... III – Munchen, 1926.

*Itabashi Yo.* A Comparative Study of the Old Japanese and Korean Nominative Case Suffixes *i* with the Altaic Third Person Singular Pronouns.» Central Asiatic Journal 37:1 – 2 (1993): 87 – 119;

*Itabashi Yo.* The Origins of the Japanese Genitive Case Suffix *n/no/na/nga* and the Old Korean Genitive Case Suffix \**i* in Comparison with Manchu – Tungus, Mongolian, and Old Turkic. // Central Asiatic Journal 35:3 – 4 (1991): 231 – 278.

*Kaluzynski St.* Mongolische elemente in der jakutischen sprache. – Warshawa, 1961.

*Kanazawa S.* The common origin of the Japanese and Korean Languages. – Tokyo, 1910.

*Kellgren H.* Die Grundzuge der finnischen Sprache mit Rucksicht auf den ural – altaischen Sprachstamm. – Berlin, 1847

*Kho Song – moo.* On the Contacts between Korean and the Turkic Languages I. // Memoires de la Societe Finno – Ougrienne 158 (1977): 139 – 142

*Kim Bang – han.* «The Relationship between the Korean and Japanese Languages.» – Hangul 173 – 174 (1981:12).

*Klaproth J.* Asia Polyglotta. – Paris, 1823; 1831 + Sprachatlas.

*Korkmaz Z.* Turkiye Turkgesi Grameri. – Ankara: TDK Yayinlari, 2003. *Kotwicz W.* Contributions aux etudes altaiques. I: (Notice preminare); II: (Les noms de nombres); III: (Les noms de couleurs) // Rocznik Orientalistyczny. – Lwow; Krakow, 1931. – Vol. 7. – P. 130 – 234. Odb. Lwow, 1930.

*Kotwicz W.* Contributions aux etudes altai» ques. A: Les terms cncernant le service des lelais postaux. B: Les titres priciers: turc. bag, mo. begi, ma. beile. – Wilno, 1932. – 54 p. (CO, № 2).

*Kotwicz W.* Kilka uwag o turecko – mongolskich analogiach jezykowych // VII Zjazd Orientalistow Polskich. – Krakow, 1938.

*Kotwicz W.* Les elements turcs dans la langue mandchoue.// RO (1938),1939, XIV. *Kotwicz W.* Stadia nad jezykami altajskimi. – RO (1950), 1953, XVI.

*Kotwicz W.* Z badan nad jezykami altajskimi // VI Zjazd Orientalistow Polskich. – Wilno, 1937.

*Lessing F.D.* Mongolian – Englisch dictionary. – Berkeley; Los Angeles, 1960.

*Lewicki M.* Turcicaet Mongolica, 6. Mongol -msar~ -msar, turc -msiz~ -msiz. – RO (1939 – 1949), 1949, XV.

*Ligeti L.* A ppropos des elements «altaiques» de la langue hongroise// Acta Linguistica Akademiae Scientiarum Hungaricae. – Budapest, 1961.

*Martin S.E.* Lexical Evidence Relating Korean to Japanese// Language, № 2. 1966. *Menges K.H.* Zwei altmesopotamische Lehrwörter im Altaischen // Ural- Altaische Jahrbucher. – Weisbaden, 1953. – Bd. XXV. – S. 299 – 304.

*Menges K.H.* Qaraqalpaq Grammar, Part one: Phonology. – New York, 1947. *Menges K.H.* Altaic elements in the Proto-Bulgarian inscriptions // Byzantion. – Bruxelles, 1951.

*Menges K.H.* Turkic Languages and Peoples: An Introduction to Turkic Studies. – Wiesbaden, 1968.

*Muller M., Essays I.* The languages of the Seat of War in the East, With a Survey of three families of languages, Semitic, Arian and Turanian. – London – Edinburgh – Leipzig, 1855.

*Munkacsi B.* Seelenglaube und Totenkult der Wogulen// Keleti Szemle. – Budapest, 1905. Bd. VI.

*Munkacsi B.* Vogul nepkoltesi gyutemeny. II/2, 3. Istenek hosi enekei, regei es idezo igei. – Budapest, 1910 – 1921. 1904.

*Nemeth J.* Azuralies a toroknyelvek osi kapcsolata// Nyelvtudományi Közlemenyek. – Budapest, 1928 – 1930. – 47 kot. – Sz. 1.

*Nemeth J.* Die turkisch-mongolische Hypothese. // Zeitschrift der Deutschen Morgenlandischen Gesellschaft. – Berlin, 1912, LXVI.

*Nemeth J.* Egy tOrok-mongol hangtorveny. – Budapest, 1912. – 41 – kot.

*Nomura M.* Materials for the historial phonology of the Mongol Language // Memoires Research departent of the Toyo Bunko (the Oriental library). – Tokyo, 1959.

*Pelliot P.* Les mots a h – initiale, aujourd» hui amuie dans le mongol des XIIIe et XIVE siecles // Journal Asiatique. – Paris, 1925. – Vol. 206. – №. 1 – 2. – P. 193 – 263.

*Pelliot P.* Sur yam ou jam «relais postal» // T» oung Pao. – Leiden, 1930. – Vol. 27. – № 2 – 3.

*Poppe N.* Einige Lautgesetze ind ihre Bedeutung zun Frage der mongolisch- turkischen Sprachbeziehungen // UAJb. 1958, Bd 30, H. 1 – 2.



*Poppe N.* Introduction to Altaic Linguistics. – Wiesbaden, 1965. – Vol.XIV. – XIII+212p. (UAB,14),

*Poppe N.* On some Altaic Loan Words in Hungaraian // American Studies in Uralic Linguistics. Uralic and Altaic Series, 1. – Bloomington, 1960. – P. 139 – 147.;

*Poppe N.* The Primary Long Vowels in Mongolian // JSFOu 63: 2 (1962).

*Poppe N.* Vergleichende Grammatik der altaischen Sprachen. Teil I: Vergleichende Lautlehre. – Wiesbaden, 1960.

*Poppe N.* A Fragment of the Bodhicaryavatara from Olon Sume // HJAS, 17, № 3-4, 1954.

*Poppe N.* Jakutische Etymologien // UAJ, 33, 1961.

*Poppe N.* Khalkha-mongolische Grammatik, mit Bibliographie, Sprachproben und Glossar. – Wiesbaden, 1951.

*Poppe N.* Introduction to Mongolian Comparative Studies. – Helsinki, 1955.

*Poppe N.* The Turkic loanwords in Middle Mongolian // Central Asiatic Journal, 1955. – №1.

*Poppe N.* Vergleichende Grammatik der altaischen Sprachen. – Wiesbaden, 1960.

*Pritsak O.* Der «Rhotazismus» und «Lambdaizmus» // UAJb, 35, «D». – Wiesbaden, 1964.

*Pritsak O.* Stammesnamen und Titulaturen der Altaischen Volker // UAJb, 24, 1952. – №1/2;

*Radloff W.* Phonetik der nordlichen Turksprachen. – Leipzig, 1882.

*Ramstedt G.J.* Einführung in die altaische Sprachwissenschaft. I: Lautlehre. – Helsinki, 1957.

*Ramstedt G.J.* Kalmukisches Wörterbuch. – Helsinki, 1935. (LSFU, 3).

*Ramstedt G.J.* Studies in Korean Etymology // MSFOu. – Helsinki, 1949. – Vol. 95.

*Ramstedt G.J.* Über die Konjugation des Khalka – Mongolischen // MSFOu, XIX, 1902.

*Ramstedt G.J.* Über den Ursprung der turkischen Sprache // Sitzungsberichte der Finnischen Akademie der Wissenschaften. – Helsinki, 1935.

*Ramstedt G.J.* Über die Konjugation des Khalkha-Mongolischen // Suomalais-Ugrilainen Seura. – Helsinki: 1903.

*Ramstedt G.J.* Über die Stellung des Koreanischen 1939 // Suomalais-Ugrilainen Seuran Aikakauskirja 55, 1951.

*Ramstedt G.J.* Über die Struktur der altaischen Sprachen 1945 // Suomalais-Ugrilaisen Seuran Aikakauskirja 55, 1951.

*Ramstedt G.J.* Über mongolische pronomina // JSFOu. XXIII. – Helsingfors, 1906.

*Ramstedt G.J.* Über die Zahlwörter der altaischen Sprachen // JSFOu., T.24. 1907.

*Ramstedt G.J.* Über die Kasusformen des Objekts im Tungusischen (1943) // Suomalais-Ugrilaisen Seuran Aikakauskirja 55, 1951.

*Ramstedt G.J.* Ein anlautender stimmloser Labial in der mongolisch-türkischen Ursprache // Journal de la Societe Finno-Ougrienne. – Helsingfors, 1916 – 1920. – Bd. 32. – Hf. 2.

*Ramstedt G.J.* Korean Grammar. – Helsinki, 1939.

*Ramstedt G.J.* Kleine altaistische Beiträge (1931) // Suomalais-Ugrilaisen Seuran Aikakauskirja 55, 1951.

*Ramstedt G.J.* The nominal postpositions in Korean // Memoires de la Societe Finno – Ougrienne. – Helsinki, 1933, – Vol. 67; 1949; 1951; 1954.

*Ramstedt G.J.* Zur Frage nach der Stellung des Tschuwassischen // Journal de la Societe Finno-Ougrienne», 1922 – 23.

*Ramstedt G.J.* Zur Verbstammbildungslehre der mongolisch-türkischen Sprachen // JSFOu., 1912. T. 28.

*Ramstedt G.J.* A comparison of the Altaic languages with Japanese (1924) // Suomalais – Ugrilaisen Seuran Aikakauskirja 55, 1951.

*Ramstedt G.J.* Alte türkische und mongolische Titel 1939 // Suomalais-Ugrilaisen Seuran Aikakauskirja 55, 1951.

*Ramstedt G.J.* Frage nach der Stellung des Tschuwassischen // JSFOu XXXVIII, 1922 – 1923.

*Ramstedt G.J.* Mogholica. Beiträge zur Kenntnis der Moghol-sprache in Afghanistan // MSFOu XXIII, 1906.

*Ramstedt G.J.* Turkin kielen alkuperästä // Suomalainen Tiedeakatemia Esitemat ja poytakirjat. – Helsinki, 1935.

*Ramstedt G.J.* Two words of Korean Japanese (1926) // Suomalais – Ugrilaisen Seuran Aikakauskirja 55, 1951.

*Ramstedt G.J.* Reste des Nestorianismus unter den Mongolen (1934) // Suomalais – Ugrilaisen Seuran Aikakauskirja 55, 1951.

*Ramstedt G.J.* Introduction to Altaic Linguistics, 2 volumes // Suomalais-Ugrilainen Seura. – Helsinki: 1952 – 1957.

*Rasanen M.* Versuch eines etymologischen Wörterbuchs der Turksprachen. – Helsinki, 1969; 1971.

*Rasanen M.* Materialien zur Morphologie der türkischen Sprachen // StO. 1957. Bd.21.

*Rasanen M.* Turkische anlautendes h-als Überbleibsel des alten \*p – // Ural – Altaische Jahrbucher. – Wiesbaden, 1962.

*Rasanen M.* Uralaltaische Forschungen, I: Die uralaltaische Urheimat im Lichte der Wortforschung und der Archaologie // Ural – Altaische Jahrbucher. – Wiesbaden, 1953. – Bd. XXV. – Hf. 1 – 2.

*Rasanen M.* Uralaltaische Wortforschungen. – Helsinki, 1955.

*Rasanen M.* Materialien zur Lautgeschichte der turkischen Sprachen. – Helsinki, 1949. (SO, XV).

*Rask R.K.* Den skitiske Sproget. – Kopenhagen, 1834.

*Rona – Tas A.* The Altaic theory and the history of a middle Mongolian loan word in Chuvash // Researches in Altaic languages. – Budapest, 1975.

*Rona – Tas A.* An introduction to turkology. – Szeged, 1991.

*Rona – Tas A.* Az altaji nyelvrokonsag vizsgalatának alapjai (A nyelvrokonsag elmelete es a csuvai-mongol nyelvviszony). – Budapest, 1970.

*Rona – Tas A.* Boz in the Altaic word // Altorientalische Forschungen. – Berlin, 1975. – Bd. III.

*Rona – Tas A.* Language and History: Contribution and Comparative Altaistics. – Szeged, 1986.

*Rona – Tas A.* Studies in Chuvash etymology. – Szeged, 1982. – Vol. 1.

*Sauvageot A.* Recherches sur le vocabulaire des langues ouralo-altaïques. XLII. – Paris, 1930.

*Schmidt P.* Der Lautwandel in mandschu und mongolischen // Peking Oriental Society Journal. – Peking, 1898. – Bd. 14.

*Schott W.* Altaische Studien oder Untersuchungen auf dem Gebiete der Altai – Sprachen. – Berlin, 1860.

*Schott W.* Über das Altaische oder Finnisch-Tatarische Sprachgeschlecht / Preussische Akademie der Wissenschaften. Philologisch-historische Abhandlungen 1847. – Berlin, 1847.

*Schott W.* Versuch über die Tatarischen Sprachen. – Berlin, 1836

*Sinor D.* Altaica und Uralica // Studies in Finno – Ugric Linguistics in Honour of Alo Raun. – Bloomington, 1977

*Sinor D.* Ouralo-altaïque-indo-europeen // T» oung Pao. – Leiden, 1943. – Vol. 37. – Livr. 5. 228.

*Sinor D.* Introduction à l» etude de l» Eurasie Centrale. – Wiesbaden, 1963.

*Sinor D.* Le problem de la parente ouralo-altaïques // Revue de Geographie Humaine et d» Ethnographie. – Paris, 1948. – Vol. 1. – № 1.

*Sinor D.* On some Ural-Altai plural suffixes // Asia Major. New Series. – London, 1952. – Vol. II.

*Skold H.* Ein sumerisches Wandwort in Asien // JF. – 1926. – Bd. 43.

*Starostin S., Dybo A., Mudrak O.* Etymological Dictionary of the Altaic Languages. – Leiden; Boston: Brill, 2003. – Vol. 1. – P. 858. (A – K); Vol. 2. – P. 859 – 1556. (L – Z); Vol. 3. – P. 1557 – 2096. (Indices).

*Strahlenberg F.* Der Nord und Ostlich Theil von Europa und Asia, von Philipp von Strahlenberg. – Stockholm, 1730.

*Sumiyabaatar B.* The history of relationship between Mongolia and Korea in the middle age. – Seoul, 1992.

*Sumiyabaatar B.* The unique monument of the protomongolian language and script (co-creation). – Ulaanbaatar, 1987.

*Swadesh M.* Perspectives and problems of American comparative linguistics. – Word, 1954. – № 10.

*Thomsen K.* Bemerkungen über das mongolische Vokalsystem der zweiten Silbe // Sonderdruck Acta Orientalia, 1959. – Bd. 24. – Hf. 1 – 4.

*Thomsen K.* Zwei turkisch-mongolische Korrespondenzreihen // Aspects of Altaic Civilization. – Bloomington, 1963. – Bd. 167 (UAS, XXVI).

*Vovin A.* Pre-Hankul Materials, Koreo-Japonic and Altaic // Korean Studies (V.24), 2000.

*Wicander S.* Maya and Altaic. Is the Maya group of a language related to the Altaic family? I // Ethnos, 1967. – Vol. 32. – P. 141 – 148.

*Winkler H.* Das Ural-altaische und seine Gruppen. – Berlin, 1886.

*Winkler H.* Der ural-altaische Sprachenstamm, das Japanische. – Berlin, 1909.

*Winkler H.* Das Ural-altaische und seine Gruppen. – Berlin, 1885.

*Winkler H.* Die altaische Sprachen. – Berlin, 1924.

ТУЙМЕБАЕВ Жансеит  
САГИДОЛДА Гульгайша

## ИСТОРИКО-ЛИНГВИСТИЧЕСКАЯ ОСНОВА АЛТАИСТИКИ

В настоящем издании «Историко-лингвистическая основа алтаистики» дан обзор истории формирования и развития алтаистики как самостоятельной отрасли историко-сравнительного языкознания, проведена научная экспертиза на обширном материале фактологического и исследовательского характера по языкам и языковым группам, составляющим алтайскую языковую семью. Систематизируются научные взгляды и позиции, теоретические выводы ученых-алтаистов по тем или иным проблемам алтайской языковой общности, в частности, о соответствиях и различиях, об общих и отличительных признаках, выявленных в грамматическом строе тюркских, монгольских, тунгусо-маньчжурских, а также корейского и японского языков. С целью формирования единого корпуса лингвистического учения о грамматическом строе алтайских языков проведен сравнительно-описательный анализ морфологии тюркских, монгольских, тунгусо-маньчжурских, а также корейского и японского языков как цельной структурно-содержательной системы.

Книга состоит из предисловия и 4-х глав, в конце дается перечень условных сокращений и использованной литературы.

В предисловии рассматривается вопрос о необходимости проведения лингвистической экспертизы по научно-мировоззренческой системе, сформированной при исследовании актуальных проблем алтайской языковой общности, а также создания единого корпуса лингвистического учения по алтаистике, в целом, грамматического строя алтайских языков, в частности.

Первая глава – «Предметное основание алтаистики». В ней уточняются концептуально-понятийный аппарат, методы исследования, приемы и способы лингвистических анализов,

применяемых в алтаистике, описываются научные принципы и важные научно-теоретические вопросы, в совокупности определяющие предметную основу алтаистики.

Вторая глава – «Формирование и развитие алтаистики как самостоятельной отрасли историко-сравнительного языкознания». В этой главе речь идет об «Алтайской гипотезе» и ее значении в формировании и развитии алтаистики, рассматриваются научные взгляды ученых-алтаистов о природе алтайской языковой общности как научно-мировоззренческая система, в которой перекрещиваются генеалогическая интерпретация с языковым родством, языковое родство с взаимовлиянием языков; кризис ортодоксальной алтаистики и возникновение антиалтаистического и неоалтаистического направлений; актуальность и целенаправленность изучения «Туранского языкового союза» и субстратно-адстратно-суперстратных этнолингвокультурных взаимосвязей в Центральной Азии; необходимость продолжения алтаистических изысканий в настоящее время.

В третьей главе – «Общие сведения о фонологической системе алтайского праязыка» систематизируются научно-теоретические концепции ученых-алтаистов на реконструкцию вокализма и консонантизма праалтайского языка, на природу соответствия  $r \sim z$  и  $l \sim s$  («ротацизм» и «ламбдаизм»), на фонетический закон Рамстедта-Пеллио, закон сингармонизма, фузии и интонации и т.д., на этой основе сделана попытка обобщения научных позиций по фонологической системе общеалтайского праязыка.

В четвертой главе – «Общие сведения о морфологической структуре алтайских языков» проводится системно-описательный анализ в сравнительно-синхронном аспекте морфологии тюркских, монгольских и тунгусо-маньчжурских языков, которые составляют континентальную часть алтайской семьи.

## МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ.....	3
---------------	---

### Бірінші тарау АЛТАИСТИКАНЫҢ ПӘНДІК НЕГІЗДЕМЕСІ

§1. Алтайстиканың ғылыми пәндік негіздемесі және тарихилық принципі.....	11
§ 2. Алтайстиканың концептуалдық – ұғымдық аппараты: «тектіл» ұғымы және алтайлық тектілдің глоттохронологиялық мерзімі мәселесі. ....	17
§ 3. Алтайстиканың концептуалдық-ұғымдық аппараты: «глоттогенез», «этногенез», «этногенетикалық туыстық», «этногенетикалық шоғыр», «тілдік атажұрт» ұғымдары.....	27
§ 4. Алтайстиканың концептуалдық-ұғымдық аппараты: «тілдік одақ» ұғымы және тілдераралық қарым-қатынас мәселесі.....	31
§ 5. Салыстырмалы-тарихи алтай тіл білімінде қолданылатын басты әдіс-тәсілдер.....	36
§ 6. Реконструкция тәсілі – салыстырмалы-тарихи әдістің құрамдас бөлігі .....	45
§ 7. Алтай тілдерінің салыстырмалы – тарихи тұрғыдан зерттелуінің ғылыми-теориялық маңызы.....	56
Моңғол тілдерінің салыстырмалы-тарихи бағытта зерттелуі.....	62

### Екінші тарау АЛТАИСТИКАНЫҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ-ТАРИХИ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ДЕРБЕС САЛАСЫ РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ

§1. «Алтай гипотезасы» және алтай тілдерін топтастыру мәселесі.....	77
§ 2. Алтай тілдерінің генеалогиялық туыстастығы мәселесіне қатысты ғылыми көзқарастар жүйесі.....	84
§ 3. Алтайстиканың қалыптасу, даму кезеңдері: эмпирикалық материалдардың жинақталу кезеңі(XVII- XVIII ғғ.) .....	90
§ 4. Алтайстиканың қалыптасу, даму кезеңдері: орал-алтай тіл бірлестігі мәселесі.....	98
§ 5. Алтайстиканың қалыптасу, даму кезеңдері: XX ғ. бірінші жартысындағы дәстүрлі (ортодоксалдық) алтаистикалық кезең.....	117
§6. Алтайстиканың қалыптасу, даму кезеңдері: XXғ. екінші жартысындағы дәстүрлі алтаистикалық бағыттағы зерттеулер.....	143
§7. Алтайстиканың қалыптасу, даму кезеңдері: дәстүрлі алтаистикадағы дағдарыс және антиалтаистикалық бағыттың қалыптасуы.....	152
§8. Алтай тілдерін этнолингвоконтактологиялық тұрғыдан зерттеудегі кірмелік теориясының маңызы және неоалтаистика.....	175

§9. Түркі-моңғол этнотілдік байланысының тарихи алғы-шарттары.....	183
§ 10. Неоалтаистер зерттеулерінде «Тұран тілдік одағы» мәселесінің өзектелуі .....	193

### Үшінші тарау АЛТАЙЛЫҚ ТЕКТІЛДІҢ ФОНОЛОГИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІ

§ 1. Алтайлық тектілдің (арғыалтай тілі) дауыссыздар жүйесін реконструкциялау мәселесі.....	201
§ 2. «Ротацизм» және «ламбдацизм» құбылысы.....	231
§ 3. Арғыалтайлық анлаут *р->*ф- дыбысы және «Рамстедт – Пеллио заңы» .....	234
§ 4. Алтайлық тектілдің (арғыалтай тілі) дауысты дыбыстар жүйесін реконструкциялау мәселесі .....	244
§ 5. Үндестік заңы, фузия, екпін және сарын.....	254

### Төртінші тарау АЛТАЙ ТІЛДЕРІНІҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

§ 1. Сөз және оның құрамы, дыбыстық құрылымы.....	261
§ 2. Зат есім және оның түрлену жүйесі: жақ және тәуелдік категорияларын сипаттайтын қосымшалардағы ортақтық.....	266
§ 3. Көптік категориясы: көптік жалғаулары және олардың көне реликт тұлғалары.....	272
§4. Алтай тілдерінің септеу жүйесі: арғыалтайлық формативтердің қазіргі алтай тілдеріндегі көрінісі .....	278
§ 5. Сын есім және сын-сапалық көрсеткіштер жүйесі.....	288
§ 6. Сан есім және оның түрлері: есептік, реттік, жинақтық сан есімдердің этимологиялық негіздері.....	294
§ 7. Есімдік және оның түрлері: жіктеу, сілтеу, сұрау есімдіктерінің тарихи дамуы мәселесі .....	299
§ 9. Етістік және оның түбір-негізі .....	319
§ 10. Етістік және оның категориялары: етіс категориясы .....	332
§ 11. Етістіктің түрі және әрекет-қимылдың өту амалын білдіретін тұлғалар .....	343
§ 12. Етістік және оның категориялары: рай категориясы .....	352
§ 14. Етістік және оның категориялары: шақ категориясы .....	360
§ 15. Сөзжасам жүйесіндегі алтай тілдеріне ортақ қосымшалар .....	367
Тілдер мен диалектілер бойынша шартты қысқартулар:.....	378
Пайдаланылған әдебиеттер .....	380
Туймебаев Жансеит, Сагидолда Гульгайша Историко-лингвистическая основа Алтаистики .....	404



«Қазығұрт» баспасы ЖШС-нің президенті –  
**Темірғали Мұратбекұлы Көпбаев**

**ТҮЙМЕБАЕВ Ж., САҒИДОЛДА Г.**

**АЛТАИСТИКАНЫҢ ТАРИХИ-  
ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ НЕГІЗІ**  
**Фонетика. Морфология**

**Редакторы Сәлима Қалқабаева**  
**Суретшісі Ермек Мейірбеков**  
**Беттеген Әлтайыр Қабланбек**

Басуға 25.09.2015 ж. қол қойылды.  
Қалыбы 66x96 1/16. Офсеттік басылым.  
Қаріп түрі «Palatino Linotype».  
Көлемі 25,5 б.т. Таралымы 1000 дана.  
Тапсырыс №2876.

«Қазығұрт» баспасының компьютер орталығында теріліп, беттелді.  
«Қазығұрт» баспасы, 480009, Алматы қаласы,  
Абай даңғылы, 143-үй, 405 офис.  
Телефон (факс): 8 (727) 394-42-86  
e-mail: kazygurt@list.ru

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы  
«Полиграфкомбинат» ЖШС-нде басылды.  
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.